

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында фольклортанушы ғалым,  
филология ғылымдарының докторы, профессор**

**Абат Шамұлы Пангереевтің**

**60 жасқа толуына арналған**

**«Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»**

**атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**25 қаңтар 2019 жыл**

### **МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции**

**«Литературно-духовное наследие: в контексте межкультурной  
коммуникации», посвящённой 60-летию ученого фольклориста,**

**доктора филологических наук, профессора**

**Пангереева Абата Шамовича**

**в рамках программы «Рухани жаңғыру»**

**25 января 2019 года**

### **COLLECTION**

**of international scientific-practical conference materials**

**«Literary-cultural heritage: in the context of intercultural communication»,  
devoted to the 60<sup>th</sup> year anniversary of folk-lore scientist, the doctor of**

**philological sciences, professor Pangereev Abat Shamovich**

**in the framework of the program «Rukhani zhangyru»**

**January 25, 2019**

ӘОЖ 821.0  
ҚБЖ 83.3  
Ә 22

**Редакция алқасының төрағасы:**

*Ердембеков Б.А.*, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

**Редакция алқасы:**

*Бекназаров Р.А.* – Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор; *Балтымова М.Р.* – Бас ғылыми хатшы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; *Иісбек Б.* – ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаментінің директоры, педагогика магистрі; *Садирова К.Қ.* – филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор; *Кушкимбаева А.С.* – қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор, *Ұлықпанова Ә.Ж.* – «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының меңгерушісі, гуманитарлық ғылымдар магистрі; *Жаналықызы А.* (жауапты хатшы) – қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі; *Умирбаев А.С.* – қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**Пікір жазғандар:**

*Бораиш Б.Т.* – филология ғылымдарының докторы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры;

*Асанов Ж.А.* – филология ғылымдарының докторы, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің профессоры;

**Ә 22 «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»:** фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ш.Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. – 274 б.

**ISBN 978-601-7959-61-6**

Бұл жинаққа «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда талқыланған ұлттық фольклор мен филологияның өзекті мәселелері және профессор А.Ш.Пангереевтің зерттеулері туралы баяндамалар енгізілген.

Жинақ филолог, тарихшы ғалымдарға, докторанттар, магистранттар, студенттерге, сондай-ақ гуманитарлық сала мамандарына арналған.

ӘОЖ 821.0  
ҚБЖ 83.3  
Ә 22

**ISBN 978-601-7959-61-6**

Ұжымдық еңбек, 2019  
«Жұбанов университеті» баспасы, 2019

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

### ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТ

Сейіт Қасқабасов

ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі  
Астана қ., Қазақстан

Қазақ халқы әр уақытта да өрнекті сөзді жаны сүйіп, жоғары бағаланған. Бұрын-соңды жасаған көптеген ғалымдар қазақтың кестелі өлеңге, сазды әуенге құмар екенін тіпті әрбір қазақтың бірнеше шумақ өлең шығаруға құдіреті мен қабілеті толық жететінін атап көрсеткен. «Қазақтың поэзиясы мен музыкасы бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді, – дейді қазақ ауыз әдебиетін зерттеген белгілі орыс ғалымы Г.Н.Потанин. – Қазақ ақындары – әрі әнші, әрі композитор. Ол өз шығармасына әуендік мотив те, ырғақ та шығарады. Жалпы, қазақ даласы ақынға толы». Ал, осыдан 60 жыл бұрын ғана қаймағы бұзылмаған, жүздеген жылдар бойы қазақ халқының негізгі рухани азығы болып келген ауыз әдебиетінің қазіргі тағдыры, жай-жапсары қандай? Бұл сұрақ бүкіл халық творчествосын, оның ішінде ауыз әдебиетін сүйетін және зерттейтін барша қауымды толғандыруда. Бұл заңды да. Өйткені кеңестік жарты ғасырдың ішінде экономикамызбен бірге мәдениетміздің, оның ішінде профессионалды жазба әдебиетіміздің дамығандығы соншалық, тіпті қазіргі кезде фольклор бар ма, жоқ па?» – деген сұрақ туып, соңғы жылдары халық поэзиясына скептикалық көзқарас пайда болып жүр.

Қазақ фольклоры – жанр жағынан да, түр жағынан да бай мұра. Оның ғасырлар бойғы тарихы бар. Ол сонау алғашқы қауымның ыдырау кезеңінде туып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келді. Көне заманнан бері ол жай ғана өмір сүрмей, әрбір қоғамдық құрылыста өмір шындығына сәйкестеніп, өзгеріп отырады. Кейбір жанрлар өмірден біржола жоғалып, оның орнына жаңа жанрлар пайда болды. Біз қазір бір нәрсені анықтап алуымыз керек: көне фольклордан халық нені сақтап жүр. Не нәрсе ел арасында жақсы сақталған, нені халық жиі айтады, орындайды? Ал, қай нәрсе ұмтылып барады, яки болмаса тек халық жадында сақталып, күнделікті тіршілікте, жыр-тойда орындалмайды, тіпті еске алынбайды?

Қазіргі кезеңде дәстүрлі жанрлардың тағдыры әр түрлі. Кейбірінің өмірі мүлдем өшті. Кейбір жанрлар жана түрге бөленіп, жана сипатқа ие болды. Енді біреулері жаңа нұсқа туғызып, әрі қарай дамымаса да халықтың сүйікті әдеби мұрасына айналып, ел арасында әлі де өмір сүруде. Көне заман өмірінің ескерткіші ретінде біздің дәуірімізге дейін жеткен «шопан-ата», «зеңгі-баба», «ойсыл-қара», жылқышы-ата», не болмаса төменгі сананың жемісі «бақсы сарыны» «бәдік», «жарапазан» өлеңдері немесе патриархалдық болмыстың туындысы «сынсу» сияқты жанрлар жаңа заманға қажетсіз болып, өмірден ғайып болды.

Ескі жанрлардың ендігі бір тобы – ертегілер, шежірелер, аңыздар ел арасында әлі күнге дейін айтылады. Олардың да жаңа нұсқалары жоқ. Демек, бұл жанрлар әрі қарай дамымайды деген сөз. Дәстүрлі жанрлардың басқа бір тобы кеңес өкіметі тұсында үлкен өзгерістерге ұшырап, жаңа мазмұн мен тақырыпқа ие болды. Олар – эпос, айтыс, толғау, арнау, мақал-мәтелдер, жұмбақтар және үйлену салтының кейбір өлеңдері. Бұлар осы күнгі өскелең өмірге сәйкес өзгеріп, қазіргі мәдени майданда қызмет атқарып отыр. Ғасырлар бойы жырланып келген батырлық эпоспен қатар эпикалық дастандар, айтыстар, толғаулар өмірге келуде.

Эпос пен айтыстың мазмұны мен тақырыбы ғана өзгеріп қойған жоқ, тіпті жанрлық табиғаты да, атқаратын қызметі де өзгерді. Сонымен, қазіргі кезде дәстүрлі фольклордың жай-күйі қандай? Көптеген байқаулардан шығатын қорытынды мынадай. Қазіргі ауыл-селоларда ескі, көне фольклордың біразы күнделікті орындалудан кетіп, адамдар жадында пассивті түрде сақталуда. Оларды бір сәтке еске түсіру үшін әдетте бір себеппен айтса керек. Айталық, экспедицияға шыққан фольклористердің сұрағы мен өтініші, немесе бір жиын-тойда уақыт өткізу үшін айту т.с.с. Тіпті кейбір жанрлар мүлдем ұмытылған, оларды енді есту мүмкін емес.

Біздің ғылымымыз үшін аса бір маңызды әрі актуальды мәселелердің бірі – дәстүрлі фольклорлық мұраның (жалпы мәдениеттің) қазіргі халық өміріндегі орны, оның перспективасы мен келешек тағдыры, қазіргі жай-күйі, өміріндегі өзгерістері. Және осы күні бүкіл совет фольклористикасында дау туғызып жүрген мәселе: жаңа фольклор бар ма, жоқ па, және көне халық поэзиясы осы күнгі халық творчествосына сына жата ма, жоқ па? Міне, осы осы сұрақтардың бәрі шешуді қажет етеді. Әрине, ол бір-ақ күнде немесе бір ғылыми зерттеуде шешілмейді.

Қазақстан жағдайында Октябрь революциясы әкелген жаңа заманға сәйкес халық поэзиясы да жаңа түрге бөленді. Оның бір ерекшелігі – дәстүрлі фольклордан бірден қол үзген жоқ. Керісінше, оны творчестволықпен пайдалана біліп, жаңа жанрлар туғыза алды. Халық ауыз әдебиетінің өмірі – үлкен де, күрделі процесс. Бұл процеске халық поэзиясының шеберлері де, жинаушылары да, зерттеушілері де қатысады. Ауыз әдебиеті шеберлерінің негізгісі, әрине, ақындар. Олардың жеке творчестволары, дәстүрге қатынасы мен жаңашылдықтары туралы көптеген еңбек жазылады. Сонымен қатар, ақындардан басқа да сөз майталмандары бар. Олар – өлеңші, әңгімеші-шежіреші, ертекіші сияқты ел арасында, той-жиындарда, күнделікті тұрмыста әр түрлі қызық әңгіме, өлең-терме, шежіре айтып, көпшілікті сүйсіндіретін сөз зергерлері. Халық поэзиясына бұлардың да қосқан үлесі бар. Олай болса, ауыз әдебиетін жан-жақты зерттеу үшін фольклорист-ғалымдарымыз

ақын-жазушылармен бірге өлеңшілер, әңгімешілер, шежірешілер, ертекішілер тағы да басқа білгірлердің репертуарын, орындау мәнерін, тіпті бүкіл творчествосын ескеріп зерттеуі керек.

Халықтың эстетикалық қажетіне жарайтын өміршең фольклорлық салт пен дәстүрлерді барынша қолдау керек. Халық поэзиясының шеберлеріне деген қамқорлық, олардың шеберлігін уағыздау, сөз майталмандарын қазіргі көркем өмірдің қоғамдық түріне, әсіресе, көркем өнерпаздар үйірмесіне тарту, олардың творчестволық тәжірибесін зерттеп, тарату – міне, мұның бәрі жалғыз фольклористердің ғана емес, сондай-ақ мәдени-ағарту мекемелерінің, халық творчествосы үйлерінің тікелей борышы, міндеті.

Фольклорлық дәстүрлерді дамытып, таратудың бір жолы – оны кең, қоғамдық сфераға шығару. Ол үшін мүмкіндігі бар жердің бәрінде халықтық ансамбльдер мен хорлар, театрлар ұйымдастыру қажет. Шын мәніндегі фольклор көркем өнерпаздар үйірмесінен мықтап орын алуы керек. Сонымен қатар халық творчествосының қоғамдық мәні мен мазмұнын жер-жердегі атақ ақын-жазушылармен бірге басқа да сөз зергерлері толық түсінуге тиіс. Сол үшін күресу керек. Тегінде фольклорлық мұра тұрмыспен, шаруашылықтың түрімен, үй тіршілігімен тығыз байланысты. Бұрынғы қазақтың көшпенді өмірі, мал шаруашылығы өзінің ғасырлар бойы мызғымай келуімен фольклорлық көптеген дәстүрлерді өзгертпей сақтап келді. Ал, советтік дәуірде болған түбірлі өзгерістер көптеген фольклорлық дәстүрлердің заңды түрде өмірден ғайып болуын жеделдетті. Тіпті қазіргі кезеңдегі ауыл мен қала тұрмысының жақындасуы да ауыз әдебиеті тағдырына әсер етуде.

Фольклор тағдырына әсер ететін факторлардың ішінде мәдени өмірдің дәрежесі мен сипаты да ерекше орын алады. Бұрынғы дәуірлерде фольклор халықтың рухани мәдениетінің негізі болып өнердің барлық саласын қамтыды. Ол заманнан бері талай уақыт өтті, өмір түбірімен өзгерді. Елдің мәдени тіршілігінде негізгі орынды кітап, театр, кино, радио, телевидение алды. Алып қана қойған жоқ, халық творчествосын ығыстыра бастады. Адамдардың өнер саласындағы творчестволыққа деген ынтасы көркем өнерпаздар үйірмесіне ауысты.

Халық поэзиясын зерттеу ісінде жинаушының да еңбегі үлкен рөл атқарады. Осы ретте, мына жайға көңіл аударғымыз келеді. Қай шығарма болса да айтушының аузынан сөзбе-сөз жазылып алынуы керек. Ешбір сөз өзгертілмеуге тиіс. Әрбір жазылып алынған шығарманың толық паспорты болуы керек, яғни орындаушының өмірбаянын, білетін басқа шығармаларын, оларды кімнен, қашан және қай жерде үйренгенін анықтау керек. Сондай-ақ орындаушының жырлау және әңгімелеу мәнерін де бақылап, хатқа толық түсіру қажет.

Қазіргі кезеңде республика фольклористерінің алдында тұрған үлкен мақсаттардың бірі – дәстүрлі қазақ фольклорының кеңестік дәуірдегі жай-жағдайын, тағдырын ашып, тереңінен зерттеу. Ол үшін әуелі Қазақстанның фольклорлық картасын жасау керек. Фольклортану ғылымының зерттеу әдістері әдебиеттанудан гөрі өзгешелеу. Оның негізгісі – жинақ жұмысы. Республикалық кітапханалардың архивтік және қолжазба қорларында көптеген материалдар жинаулы. Алайда, ауыз әдебиетінің әр кезеңдердегі өмірін терең зерттеу үшін бұл жеткіліксіз. Атап айту керек: ғалымдардың қолында кеңес фольклорының соңғы кезде жазылып алынған үлгілері өте аз, тіпті жоқ десе де болғандай. Сондықтан облыстар мен аудандарға жоспарлы түрде комплексті ғылыми экспедиция жіберіп тұру қажет. Ауыз әдебиетінің халық тұрмысымен және халық творчествосының көптеген түрлерімен байланысы фольклористиканы этнография және өнертану ғылымдарымен жақындастырады. Демек, кешенді ғылыми экспедиция фольклорист, этнограф және өнер зерттеуші ғалымдардан құрылуы керек. Сөйтіп барып, республикамыздың фольклорлық картасы жасалмақ. Мұның өзі ауыз әдебиеті үлгілерінің бәрін хатқа түсіруге мүмкіндік береді және зерттеу ісін көп жеңілдетеді. Екіншіден, архивтік және қолжазба қорларындағы көл-көсір болып жатқан ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін жарыққа шығару қажет. Бұл тұрғыдан алғанда М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты біраз жұмыстар істеді. Мысал ретінде, эпостың ғылыми түрде жарық көрген кітаптарын атауға болады. Олардың ұтымды жақтары: текст қазақша да орысша да берілген; кітапқа өте көлемді, ғылыми терең, монографиялық зерттеу мақала да енген; жырды орындаушылар мен жинаушылар туралы да мағлұмат көрсетілген, ғылыми түсініктеме мен музыкалық нота да берілен. Эпостан басқа да жанрлар осындай ғылыми жарыққа шығуын күтуде.

Ендігі бір көңіл аударатын және зерттеп, шешімін табатын мәселе – дәстүрлі фольклорды қазіргі халық творчествосының бір бөлігі деп қарау керек пе, жоқ, әлде одан тыс, жеке тұруы дұрыс па? Бұл сұраққа бірден жауап бере қою қиын екені түсінікті. Біздің ойымызша, дәстүрлі фольклорды рухани мұра ретінде қазіргі жалпы халық мәдениетінің бір саласы деп санаған абзал. Көне қазақ фольклорының қазіргі заманда өмір сүруі оның өңделуіне, немесе жөнделуіне байланысты емес. Ең алдымен, ол – өмір сүріп отырған тірі, өміршең мұра. Мұра дейтініміз – халық оны бұрынғы өткен дәуірлерден қабылдап алды, оны өткеннің ескерткіші деп бағалады, әрі ол арқылы өзінің тарихи және мәдени салт-дәстүрлерін сақтады. Өміршең болатыны – ол мұражайда сақтаулы тұрған жоқ, халық өмірінің қайнаған ортасында жасап жүр; тіпті сол өмірдің бір бөлшегі, сол себепті оның заңы мен әсеріне бағыныңқы. Өміршең болатындығы – ол тірілерге керек, себебі халықтың көптеген идеялық және эстетикалық қадесіне жарап жүр. Фольклорлық мұра, егер кең мағынада қолдансақ, халық поэтикалық творчествосының бұрынғы замандардан сақталып қалған көптеген құбылыстарын қамтиды. Біздің дәуірімізде «фольклорлық мұра» деп халық творчествосының ХІ ғасырға дейін жасалған барлық рухани дүниесін айтады.

Қазіргі уақытта халқымыздың ғасырлар бойы сақтап келген мұрасын нағыз ғылыми түрде жан-жақты зерттеуге және оның барлық күрделілігі мен қайшылықтарын ашып алуға толық мүмкіндік бар. Әңгіме тек зерттеу туралы ғана емес. Одан да гөрі маңыздырақ мәселелер жайлы: осы күнге дейін халқымыздың арасында сақталып, тіпті дамып, өмір сүріп келе жатқан мұра және оған деген біздердің көзқарасымыз туралы, осы

мұраның қазіргі мәдениетіміздегі орны жайында; қазіргі мәдениетіміздің оны меңгеру мен өңдеу жолдары мен түрлері хақында.

Фольклорлық мұра екі түрде сақталады. Бірі – шығармаларды ауызша сақтап, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жеткізіп отыратын халық жады. Екіншісі, қолжазба мен кітап және осы күнгі жазып алып, содан соң қайта тарататын әр түрлі техникалық құралдар. Қазіргі кезде дәстүрлі ауыз әдебиетінің көптеген шығармалары жазба бойынша немесе баспа бойынша белгілі. Фольклорлық жазбалардың маңызы ең алдымен ұмытылған яки ұмыт бола бастаған халық поэзиясын мәңгілік сақтауында. Тек осы жазбалар мен бастырудың арқасында ғана қай халықтың фольклоры болса да, «өзіндікпен» шектелмей, бүкіл халықтық мәдениеттің бір бөлігіне айналады, ал ең жақсы үлгілері дүниежүзі мәдениетінің қазынасына енеді. Тек фольклорды жүйелі және ғылыми түрде жинау менен бастыру жұмысы ғана фольклорлық мұраны өнердің біртұтас және өзіндік құбылысы екенін танытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жинау мен бастыру бұл мұраны түгелдей қамтуға, бүкіл қауымға түсінікті әрі мағыналы етуге жағдай туғызады; қазіргі әдебиет пен өнердің құнды қайнары ретінде оқытуға және жасөспірімді тәрбиелеу жұмысында пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан да, мұраны сақтап қалу тұрғысында қазіргі уақытта фольклорды жинау жұмысын үлкен мәдени мәнді, маңызды іс деп қарау керек. Біздің республика аумағында бұл өте көп шаруаны керек қылады, үлкен ұйымдастырушылықты және осы күнгі ғылыми методика мен техникалық құралдарды пайдалануды қажет етеді. Біздің дәуірде жинаушылар осы уақытқа дейін белгісіз болып келген шығармаларды кездестіре алмады. Кездестірсе де өте сирек. Бірақ, бұл жағдай бізді шошытпауға тиіс. Себебі бұрыннан белгілі үлгілерді жазып алудың өзінің құнды жақтары бар: белгілі сюжеттің жаңадан жазылып алынған үлгісі бұрынғы варианттардан артық болуы мүмкін; немесе жаңа версияларда қажетті анықтамалар, детальдар яки болмаса жергілікті ерекшеліктер ұшырасуы ықтимал. Оның үстіне жаңа жазылып алынған үлгілер бойынша әр облысқа, белгілі бір аймаққа тән фольклорлық жанр мен дәстүрді жекелеген сөз зергерлерін анықтауға болады.

Фольклорды жинау жұмысы, жер-жердегі жинаушы корреспонденттердің қызметі халық творчествосына бүкіл қауымның назарын аударып, оны құрметтеуде, ел арасына таратуда (демек, фольклордың өмір сүруіне) үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ рухани байлықты жинау қаншалықты маңызды болса, оны сақтау да – соншалықты мәнді, мәдени және ғылыми іс. Жалпы, жиналған материалдарды сақтауды профессионалды архив жұмысының дәрежесіне көтеру қажет. Қазіргі уақытта барлық фольклорлық дүниенің (бұрын жиналғандарының да осы күні жиналып жатқандарының да) архивтік құндылығын түсініп, бағалайтын кез келді. Әрине, жиналған қазынаның бәрі «өлі дүние» ретінде архивте жата бермеуі керек. Оны түгелімен бір жүйеге келтіріп, ғылыми сипаттамаларын жасау қажет. Рухани қордың құрдан-құр қарап жатпауының басты себепшісі – дұрыс жасалған картотекалар, көрсеткіштер және каталогтар. Олар көпшілікке белгілі және әр түрлі мақсатпен пайдалануға ыңғайлы болу керек: бұл тек маман зерттеушілердің ғана емес, жалпы біздің мәдениетіміздің тілегі. Өйткені қазіргі біздің мәдениет бұрынғыдай емес, ол көне мұраның қалай сақталатынына немқұрайды қарай алмайды.

Айта кету керек, қазақ фольклористикасы осы уақытқа дейін өте бір маңызды жұмысты баянды етті: қазақ фольклорлық мұрасының негізгі қорын жинады, біршама жүйеледі және біразын жарыққа шығарды.

## **ОНОМАСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІ**

**Мекемтас Мырзахметұлы**  
**ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология**  
**ғылымдарының докторы, профессор**  
**Алматы қ., Қазақстан**

Бүгінде дәстүр мәселесі – ең өзекті (ядро) мәселе ретінде қоғамдық ойдың бар саласында сөз етіліп, жаңғыра көтерілуде. Өйткені дәстүр, традиция (лат. сөзі tradition – передача) бір халықтың ғасырлар бойы жасаған ғұмырында қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сана, ұлттық дәстүрлерінің сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруында зор мән-мағына бар. Бұл күрделі мәселені біздер Евразия құрлығында өмірге келген алапат тарихи үш иіріммен және ономастикада орын тепкен топонимдердің өзгеру түскен жеті қабатымен тікелей бірлікте алып қараймыз.

Жалпы түрік халықтарының (49 халық) ономастика саласындағы дәстүрлі жер, су, елді мекен атауларының табиғаты не себепті жеті рет өзгерістерге түсіп, осы салада қалыптасқан халықтың тарихи жады есебіндегі ұстанған дәстүрлері өзгере берген. Осы өзгерістердің себебін ғылыми тұрғыдан танып білгенде ғана шындыққа көзіміз жете бастайды. Түрік халықтарының тарихи тағдыры көбінесе өз басынан өткізген Евразия құрлығында үш рет болып өткен алапат тарихи иірімдердің тарту күшіне тікелей байланыста жатыр. Бірінші алапат тарихи иірім б.ж.с. бұрынғы YII ғасырдан б.з. 751 жылы Талас өзенінде болып өткен Қытай, Араб империясы мен Түркеш қағандығы араласқан ұлы шайқасқа дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде Тұран-Иран арсында болып өткен шайқастар да қамтылады. 751 жылғы Таластағы ұлы шайқаста Араб империясы мен Түркеш қағандығы одақтасып, бетпе-бет келген Қытай армиясы тас-талқаны шығып жеңілген соң, бірінші алапат тарихи иірімнің тарту күші әлсіреп күрт тоқталды. 25 ғасырдан астам уақытқа созылған бұл алапат тарихи иірімнің тарту күшінде біздер қытайлар да шыркөбелек айналып, жер үшін талас-тартыстың шеңберінен шыға алмадық. 751 жылы ғана түрік халықтары бұл иірім шеңберінен босанып шыққанда, біз халқымыздың

халықтық жадымызды, барлық салт-сана, әдет-ғұрпымызға, дініміз бен тілімізге де, ділімізге де дақ түсірмей, ұлттық дәстүрімізді бүтіндей сақтап таза шықтық. Елді мекен жер атауларымыз да табиғи болымсын бұзбай шықтық. Бұл – түрік халықтарының ұлы жеңісі еді. Енді түрік халықтарының тарихи тағдыры пайда болған екінші алапат тарихи иірімнің тарту күшіне түсіп, мұсылмандық, араб-парсы әлемінің шеңберіне ауысты. Ислам дінін қабылдап, тұңғыш рет маргиналды санаға ауыстық. Араб басқыншылары заманында алғаш рет халықтық дәстүріміз бен ономастика саласында елеулі өзгерістер бел алды. Ислам идеологиясын үстем ету үшін арабтар ойма жазуды жойып, араб жазуын енгізді. Тұрандағы Бұхара қаласынан басқа елді мекен жер атаулары, халық атаулары түгел өзгертіліп арабшаланды. Антропонидерде кітап (Құран) ашып ат қою дәстүрі орнықты, Тәңірлік наным, сенім, салт-санада да өзгерістер болып жатты. Топоним саласында 4-қабат деп аталатын арабтық қабат жерімізге өз таңбаларын салып жатты. Осы себепті де Абай: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады. Ол уақытта жаңа дінге кірген соң енді бір Бұқарадан басқа шаһарлардың да, жер сулардың да, халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты. Сондықтан да болғанға ұқсайды. Әйтеуір сонан соң қазақ аталыпты» (Абай, 2-том, 2005, «Жазушы» баспасы, 156-бет), – деп босқа айтпаса керек-ті. Топонимдегі 5-қабат – монғолдар, 6-қабат – қалмақтар қазақ елді мекен жер атауларына азды, көпті қанды іздерін қалдырса да, арабтар мен орыстардай тоң мойын арсыздықтарға барған жоқ.

XVIII ғасыр басында Евразия құрлығында Ресей мен Қытай империясы қалмақтармен одақ құрып, түрік халықтарының, әсіресе, қазақ, ноғай жерін жаулап, осы екі халықты жер бетінен жоюға арналған, саналы түрде мақсат қоя отырып іске кіріскен геноцидтік саясатын жүргізе бастады. Саяси мақсатының басты құралы «жабайыларды жабайылардың қолымен қыру» сияқты отаршылдардың ең жауыз, шеттен шыққан тәсілін қолданды. Міне осы кезден бастап тарихи алапат үшінші иірімнің тарту күші дүниеге келді. Бүгін де түрік халықтары мен Ресей халықтары осы тарихи алапат үшінші иірімнің шеңберінде шырқобелек айналып, ғұмыр кешіп келеді. Бірақ бұл үшінші иірімнің 15 одақтас республикалар тәуелсіздік алуына байланысты қарқынды тарту күші әлсіреп, баяулана бастағаны сезілуде. Ресей империясы ұстанған дәстүрлі **басты саясат** – орыстан өзге халықтарды шоқындырып, орыстандыру саясаты Иван Грозный патшалық еткен заманда қолға алынған болатын. Кеңестік қызыл империя дін атаулыға қарсы болып, атеистік жолды ұстануы себепті, Ресей патшалығы қолданған православие дініне шоқындыру талабын алып тастап, 192 халықты түгел орыстандырып, бір саяси организмге айналдыру саясатын ұстанып мұрагер болып шыға келді. Ақыры осы саясат ССРО-ның түбіне жетіп құлатты. Барлық бүгінгі орыс билігі ССРО-ны қайта қалпына келтіру идеясынан бас тартпай отыруы – оны кері кетіретін құбылыс екенін сезінер түрі жоқ. Қазақтарға шоқындыру саясатын Ресей ерте кезден ұстанды. 1865 жылы Александр патша қазақтарды дінге шоқындырып орыстандыру туралы рискриптіге қол қойды. Орыстандыру үшін, әрине, қазақтардың ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптық дәстүрлі ұстанымдарын жойып халықтың тарихи жадын шайып мәңгүрттенген тобырға айналдыруды мақсат тұтты.

Қытай идеологтары көшпелі түрік халықтарын жаулап алуға болады, бірақ оларды дәстүрлі әдет-ғұрпынан тайдыру мүмкін емес десе, орыс миссионерлері оларды шоқындырып орыстандыруға болады деп карап, осы жолға мемлекет қаржысын аянбай жұмсаудан тартынбады. Ал кеңестік билік қазақ халқының көшпенділік болмысында қалыптасқан ұлттық дәстүрін, ұстанған әдет-ғұрпын феодалдық-байшылдық, артта қалған құбылыс деп, жастарды одан безіндіруге күш салды. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы қыз ұзату, келін түсіру, ұлттық киім үлгісінде жастарды суреттеуін ескілікті идеялизациялау деп сынға алды. Қазақ тілінде жердің, елді мекеннің табиғатқа үйлестіре қойылатын атаулардың дәстүрін бұзып, оларды адам атына қойылатын византиялық дәстүрді зорлықпен ендіре бастады. Өйткені қазақ дәстүрінде макротопонимдерге адам аты қойылмайтын, ілуде бір микротопонимдерге ғана кісі атына қойылатын ұлттық дәстүр отаршылдық топонимдермен алмастыра басталды. Осы жат дәстүр бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның ономастикадағы үйреншікті дәстүріне айналып кетуіне еліміз үйреніп кеткендей. Мысалы, ірі аудандық, қалалық макротопонимдерге ұлттық дәстүрді бұзып, аудан орталығы мен облыстық қалалардың өзіне де адам атын қойып жатырмыз. Мысалы, Жамбыл облысы, Байғанин ауданы, Төле би ауданы, Байзақ датқа ауданы деп бастырмалап жатырмыз. Бұл – топонимдік ұлттық дәстүрді белден басу емес пе? Мұндай кателік антропонимдік атауларда да үдеп барады. Арабтар алғаш рет дәстүрлі қазақша кісі аттарын кітап атын қою арқылы кісі аттарын арабтандырған болса, бүгінде балаға, қыздарға ат қойғанда орысша, европаша, тіпті үндіше қойып, ұлттық антропонимдерді былықтырып жатуы – ономастикадағы сауатсыздық дер едік. Мен бір оқыс мысал келтірейін, ойланып көріңдерші. Өмірде, әрине, Қазақстанда жасайтын европалықтардың біреуі де қазақ атын қоймауының сыры неде? Немесе Европа, Ресейді былай қояйық, қазақтың әндерін бір европалықтың айтқанын естісем құлағым керек болсын. Керсінше, біздер олардың әндері мен арияларын өздерінен асырып айтып жатамыз. Мұның сыры неде деп білесіздер?

Аты-жөнімізді де даяр тұрған ұлттық стандарттық қалыпқа түсіре алмай келеміз. Қазақтың 90%-ынан астамы әлі де «ов, ова, ин, инадан» шыға алмай шырмалып келеміз. Яғни санадағы сең бұзылмай жатыр. Өйткені ұлттық санамыз оянбай, жайбасарлық қалпымыз бұзылмай, әлі де ұйқылы-ою жүріп жатырмыз. Бұлай болудың себебі қазақ елінің екі рет маргиналдық санаға ұшырауымен (араб, орыс билігі тұсында) қатар, миссионерлік саясаттың тұзағына түсіп мәңгүрттенуімізде жатыр. Мұның бастамасы қазақ отбасының, әсіресе, ауылдық тәрбиелік дәстүрдің (ядросы – өзегі) үзілуінде жатты. Отаршылдық саясат осы дәстүрдің үзілуіне күш салды. Яғни, дарынды ойшыл ғалым Құлмат Өмірәлиевтің: «Алдыңғы ұрпақ жасаған рухани мәдениетті оған жалғасып келген екінші ұрпақтың берік иеленіп, мұраланып отыруы – табиғи заңдылық. Ал бұл мұралардың зерттелуі, насихатталуы, өз жағдайына жетілдіре, дамыта отырып пайдалануы – екінші ұрпақтың келер ұрпақ

алдындағы міндетті борышын өтеуі. Бұл болмаған жерде-ақ, ол ұрпақ алдыңғылар жасаған мәдениетті өзінен кейінгі келесі ұрпаққа **асырып салушы** түріндегі дәнекерлік қызметін тоқтатады. Дәл осы жерде халықтың мәдениеті дәстүрлерінің үзілуі – ұлттық мәдениеттің кедейленуіне бастап әкеледі», – деген сыншыл, шыншыл ойының басымыздан өткеніне өкінуіміз. Мұны елді мекен жер атаулары туралы дәстүрдің жалғаспай қалған, жат саясаттың қақпанына түскен қалпымыздан анық көріп, сезініп отырмыз. Мұндай келеңсіз жағдайға ұшырауымыздың басты себебі жазу таңбамыздың үш рет (1924, 1930, 1940 ж.) өзгеріп, халықтық тарихи жадымыздың мүлде шайылып кетуінде жатыр. Бұған қоса бір халықтың үш түрлі (араб, латын, орыс) жазу таңбасына таңылып, бірін бірі оқи алмауы, тілі жағынан шала қазақ, ада қазақ, таза қазақ болып үшке бөлінуі, діні жағынан да ыдырап бөлінуі – біртұтас ұлттық ділімізді де бүлдіру үстінде. Руханият әлеміндегі мұндай келеңсіз құбылыстар ономастика саласындағы ұлттық дәстүріміздің үзілуіне, басқа жат арнаға түсуіне алып келді. Ресей византия арқылы православиі дінін қабылдауы себебі, ономастикада да елді мекен жер атауларын адам атына қою дәстүрін ұстанды. Антропонимде де орыстың ұлттық атаулары жұтылып, грек аталымдарына бас қойды. Мұндай құбылыс мұсылман дінін қабылдаған қазақ қауымында да осылай басталғаны шындық еді. Бүгінгі ономастикадағы басты мәселе елді мекен жер атаулары мен антропонимдік кісі атауларын ұлттық дәстүр арнасына түсіріп, өткен кеткен қателіктерден арылу мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр.

1. Ұлттық дәстүр талабы бойынша, бүгінде республика территориясында қарқын алып, бой бермей бара жатқан макротопонимдердің кісі атына қойылуына тежеу салу, тіпті, мүлде тоқтатуды қолға алмақ керек. Өйткені өткен замандарда түрік халықтары, әсіресе қазақтар макротопонимдерге адам атын қоюға барған емес. Бүгінде қала, аудан сияқты макротопонимдерге кісі атын қою мысалы Жамбыл, Қ.Сәтбаев, Абай т.б. түрінде өрістеп барады.

2. Шатасып, бұзылып бара жатқан ұлттық антропонимдерді де ұлттық дәстүр арнасына түсіріп, қалыптастыруды жедел қолға алып, бұл жайлы ЗАГС-терге нұсқау хат жіберу арқылы бетін қайтару талабы туындап отыр. Мысалы, Д.Қонаев ескертуі (Максим, Горький) Европалық антропонимдерге ұмтылу – космополиттенуге ұрындырады.

3. Көше, ауыл аттарын қойғанда аты мен фамилиясын қосақтау. Мысалы, Мұхтар Әуезов көшесі – дұрысы Мұхтар көшесі, Бауыржан Момышұлы ауылы – дұрысы Бауыржан ауылы.

4. Салалана бастаған ғылыми аталымдарды жөндеу. Мысалы, Әуезовтану – дұрысы Мұхтартану. Осы үрдіс жүзеге асып келеді. Мысалы, Сәкентану, Сәбиттану, Бауыржантану т.б.

5. Аты жөнімізді бұрын орныққан ұлттық стандартқа түсіру. «ұлы, қызы, келіні» деген бірыңғай қалыпты орнықтыру.

6. Ата заңымыз бойынша біз унитарлы мемлекет болып саналамыз. Олай болса аты-жөніміздің ұлттық дәстүр салтында болуы – заңдылық. Прибалтика, Армян, Грузиндер осылай өмір сүріп келеді ғой.

7. Қазіргі күнде еліміздің көптеген коммунистік бағыттағы топонимдік атауларынан тазаруды қолға алып, Тәшенов тәрізді бірлі-жарымды патриоттарын ғана қалдыру керек.

8. Біздің ұлттық дәстүрден қол үзіп, мұндай қасіретті жағдайға ұшыраудың басты әрі шешуші себебі, екі рет болып өткен ұлттық апатқа (1723, 1932 ж.) ұшырауымызда жатыр. Бұл ішкі емес, сыртқы себепте болуы – жер мәселесіне тікелей байланысты жатуын С.Торайғыров:

Түбінде құруына елден ерек,

Мен айтайын болады **жерің** себеп, –

деп көрсеткен көріпкелдігі шындықты көрсеткен еді. Бірінші апат – екі империяның қалмақтармен уақытша одақтаса отырып, саналы түрдегі геноцидтік саясатты ашық түрде жүргізуінен туындауы (1723 ж.). Қазақтар халқының үштен екі бөлігінен айрылып, барлық жағынан жүдеп, жер таянып қалуы. 1916 жылы қазақтар Ресейге қараған 47 түрік халықтарының бәрін қосып есептегенде, солардың 57% -ын құрауы. Екінші апат – 1932 жылы қолдан ұйымдастырылған ашаршылықта саналы түрдегі геноцидтік саясат болатын-ды. 1916 жылы қазақтар қытай мен монғол жеріндегі қазақтарды есепке қоспағанның өзінде 6.100.000 адамға жетті. 1941 жылғы герман-совет соғысына қазақтар 1.900.000 адам санымен қатысты. Соңғы 25 жыл ішінде 4.100.000 қазақ, яғни бейбіт күннің өзінде халқының үштен екісінен айрылды. Мұның себебі Кеңестік биліктің қазақтарға сескене, қауіптеніп қарауынан туындап жатты.

С.Торайғыров ерекше ескерткен:

Елдігіне, **жеріне** һәм дініне

Құрылды талай тұзақ, талай қақпан, – деген қауіп қатері сейіле қойған жоқ.

## БІР ӨЗІ БІР САЛА, БІР САЛАДА ТАҒЫ ӨЗІ ДАРА

Ергөбек Құлбек Сәрсенұлы  
Қ.Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университеті  
Президентінің кеңесшісі, филология ғылымының докторы,  
профессор, Түркістан қ., Қазақстан

Әдебиеттанушы, фольклорист Абат Пангереев туралы сырды онымен арадағы болған диалогтан бастасам деймін.

– Абатжан өзіміз бірге барып тағзым еткен Абат байтақтың Алтын ордаға қатысы бар ма?

– Е, неге болмасын, ағатай-ау? Ол былай ғой.

Ол Ақтөбе өңірінде бүгінге сақталып жеткен көне жәдігерлік жайлы ойларын Жер-су табиғатына, тарихына қатыстыра сабақтап бастап, су жорғадай тайпалып жөнеледі... Қаншама рет телефонмен қазақ елінің батыс өңіріне қатысты осындай сұраулар беріп, айызым қана әңгімесін тыңдаймын.

...Соңымыздан ерген дарынды азаматты кім деп атарымды білмей дағдарып отырғаным. Әдебиетші ме? Тарихшы ма? Тілші ме? Географ па? Әлде өлкетанушы ма? Мен ғана емес, Абат Пангереевтің еңбектерін оқыған әрбір азамат әдепкіде осылай ойларына шүбәсізбін. Өйткені оның қарастырылары әдеби топонимика, әйтпесе топонимикалық фольклор. Әдебиетті талдаған адам әдебиетші, әрине! Сүйсініп оқысың. Шығарманың бұрын әдебиетшілер назар аудармаған қыры. Сөйтіп отырғанда бүкіл қазақ жерінің тарихи тағдыры алдыңнан шыға келеді. Өзіміз бір кезде сүйсініп оқытын Лев Николаевич Гумилевше сілтейді сабазың. Гумилевті тектен-тек еске алып отырған жоқпын. Туған жер атауларына назар аударып отырып Алтын Ордаға барады. Одан да әрмән жаяу-жалпы жүріп жер-судың тарихи атаулары ізімен ілгері кетіп барады. Бұрын тарихшылар назар аудармаған мәселе. Археологтар еңбегінде кездесетін деректі дәйек ретінде тастап-тастап жіберетінін қайтерсің?! Онымен де шектелмей қазақтың сол дәуірлердегі киген киімі, тұтынған бұйымы жайында ой толғап кетеді. Қолына күрек, шетка алып көр, қорық қазған археологтай. Этнограф па әлде? Әлде хазар ізіне түсетін музейтанушы Артамонов па бұл? Күмәнданып көңіліме күдік ұялаған сайын әрі қарай сұрақ туындай береді. Ономас па? Топонимист пе? Өзіме-өзім сұрақты қоя-қоя жауап таба алмай шатасып кетуге жақындағанда өзімді-өзім алдадым, өзімді-өзім бір сөзбен жұбаттым. Абат Пангереев соның бәрі! Асып айтып асылық жасап отырған жоқпыз ба? Жоқ. Олай болатыны Абат Пангереев көрнекті фольклорист. Фольклористика – синкретті ғылым. Онда қандай ғылымның қоспасы жоқ дейсіз?! Қандай жанр үлгісі қатыспайды десейші оған?! Фольклористика ғылымының арғы-бергі тарихын зер сала қарайтын ол осы ғылымның бүгінгі биігінде ойлап, соны методологиямен білекті сыбанып еңбек етіп келеді. Сонымен қатар фольклористика ғылымынан оңашалана былай шығып топонимика ғылымының ауылына ат басын бұрады. Тарихы әл-әзір егжей-тегжейлі тектелмеген топонимиканың генезисіне барып бірсыпыра байыптап алып өзі осы салада оңаша отау тігеді.

Тақырып пен идеяны әңгімеге арқау еткен аға буын қазақ фольклористикасының бастаушылары, тігінен және көлбей зерттеу үлгілерін әкелген, сөйтіп типологиялық зерттеулер жасаған С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев бертіңгі мектеп. Аталған азаматтардың екіні басылмай тұрып ғылымға кешенді зерттеу үлгісімен келген бір жасақ буынға қызықпай қарау тіпті мүмкін емес-ті. Соның жуан ортасында Абат Пангереев келеді. Абат күні бүгінге дейін «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Әдебиеттануға кіріспе» (2018), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік негіздері» (2018), «Шекті Мөңке бидің ғибраттары» (1998), «Бернияз Күлеев поэтикасы» (2009), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014) «Жер-су атаулары және ұлттық руханияты» (2018) «Қазақтың топонимдік фольклоры» (2018) секілді ұзын-ырғасы жүз баспа табақ көлеміндегі ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектер берді. Бір сыбаға көңіл тоғайтады. Бәрекелді! Ол аз болса, ғылыми мақалалары ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен басылымдарда, сондай-ақ Польша, Чехия, Румыния, Бразилия, Қытай, Ресей басылымдарында, халықаралық РИНЦ ақпараттық базасында және халықаралық Scopus, Thomson Reuters ақпараттық базасындағы басылымдарда жарық көріп келеді екен. Ғанибет! Бұл еңбектерінде табанды ғалым фольклор мен топонимиканың аралығында, тарих пен топонимиканың тоғысында толайым жаңалықты ойлар толғап, гипотезалар айтумен келеді. Қалай сүйсінбессің? Бұрын тіл ғылымында аз-аздап әңгіме арқауына айналған топонимиканы әдебиетке айналдырған, әдебиетте байырқаландырған Абат Пангереев жер-су атауларына байланысты ізденісін прототүрік дүниетанымына дейін ойша сапар шегіп, ойын Орхон-Енисей тас жазуларындағы затты айғақтармен мықтап бекітеді. Тіпті «Орхон-Енисей руна жазулары» табиғатын алғаш ашып, оқыған Томсен, Малов ізімен жүріп те жер-су ұғымының ұлылығына ден қояды. «В.Томсен «Ер-Суб – это конгломерат» «духов земли и воды» деп діни танымдық тұрғыда қараса, С.Малов «Ер-Суб – абстрактные понятия о родине, местожительства», – деп анықтама береді. Көрсетілген бұл пікірлердің қай-қайсысы да дұрыс деп білеміз, өйткені түрік халықтарының жер-суға табынатыны да, исламға дейін жер-судың шамандық культ ретінде есептелетіндігін де жоққа шығаруға болмайды» – дейді ол. Сөйтіп Жер-су атауларының танымдық сипатын ашады. Расында да адам баласы ұлтына, нәсіліне қарамай жарық жалғанға келген бойда айнала дүние, бүкіл ғаламға қатынасын Жер-сумен қарым-қатынаста, соны тану арқылы бастамай ма?! Солай! Солай болатындықтан Абат ғалым топонимиканы фольклормен туыстыра талдап «топонимдік фольклор жанры» ұғымына келеді. Түйгені: «Топонимдік фольклор бұрын өз алдына жеке зерттеу объектісі болған жоқ». Дұрыс айтады. Өйткені бұрын тап солай аталған жанр үлгісі айқындалмаған. Оны айқындаған біздің пайымды зерттеушіміз Пангереев. Ал, бүгін топонимдік фольклор жеке жанр райында отау тікті, сала-салаға жіктеле зерттелді деп айта аламыз. Сүйенеріміз не сонда? Сүйенеріміз – көрнекті ғалым Абат Пангереевтің осы салада ұзақ жылдар жасаған еңбегі. Осыдан кейін Абат Пангереевті әдебиеттану ғылымындағы жаңа саланы қалыптастырушы, негіздеуші десек жөн емес пе? Солай! Абаттың бұл саладағы еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай сүбелі еңбек! Ол бүгін қазақ әдебиеттану ғылымының жетістігінен саналатын бұл биігіне қалай жетті?

Әрине, алдымен ұғымды анықтап, жанр табиғатын қалыптап алу керек. Ғалым солай етті. Ол: арғы-бергі жол-жөнекей айтылған осы бағыттағы ой-пікірлерді «**Жер-су атаулары және ұлттық фольклор**» аталатын үлкен ұғымға жинақтады. Бұл топонимиканы даралау үшін жасалған жинақтау. Одан әрі қарай жинақтауды бас-басына жүлгелеп даралай жөнеледі. «Жер-су атауларының ұлттық фольклормен байланысы» қаралады, Топонимдік фольклор жанрлық табиғаты айқындалады. Оның жеке жанр ретінде қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Қоғамдағы орны, орындалу қызметі, мифтік мотивтері, тарихи негіздері тәптіштеледі. Міне,



енді тырп етіп көріңіз. Абат Пангереев әдеби топонимиканы фольклормен қоңсы қондырып, айырым ерекшеліктерін анықтап, жанрлық мүсінін қалыптап «топонимикалық фольклор» атап, осылай дербес алып шығады. Алдына қойғаны үлкен міндет. Үлкен міндет үлкен өреде өз шешімін тапты. Жаңа жанр қалыптасты. Ғалым жеңісі! Алайда, мәселе мұнымен бітпесі тағы белгілі. Өзі теориялық тұрғыдан қалыптаған жанрдың енді келіп табиғатын (поэтикасын) ашу керек емес пе? Ғалым да бір жиһанкез. Әдеби топонимист ғалым ойша Жер-суға байланысты аңыздарды аралап, Жер-суға байланысты аңыздардың тарихи төркінін іздеп сабылды. Жер-суға байланысты эпсаналарға үңілді. Жер-суға байланысты хикаяттар, әңгімелерді тапты. Сюжеттік құрылымына қарай осындай атауды берген тағы да Абат батыр. Әрине, жанр шартты. Шартты да болса әр тарапты, әр алуан табиғатты белгілі бір жанрға жинақтай талдау керек еді. Абат та сөйтті. Жер-суға байланысты бабалар тудырған әңгіме, тіпті хикаяттарды жүйелей талдады. Бір халықтың дүниетанымы тұрғысынан ғана қарап қоя салмады. Олай ету тараңыту болып шыға келер еді. Олай ету абыройлы іс бастаған азаматтың әп сәтте абыройсыздыққа ұшырауына айналып шыға келер еді. Өз басымыз Алтайды (Таулы Алтай) аралағанда Жер-су атауларының «қазақша» екенін көріп таң-тамаша қалған жайымыз бар. Демек, ол Алтайдың арғы бетіндегі Жер-су атаулары әрі салғанда прототүркілік, бері салғанда бір тамырдан тараған алтай ұлтының атаулары ғой. Мұндай сәт Абаттай азамат зерттеуші басында болмады дейсіз бе? Болады. Олай болса қазақ топонимі атап отырған топонимдік фольклордың ішкі жанрларын «Әлем халықтарының жер-суға байланысты эпсаналары...» – дегендей жалпы түркологиялық аспектіде қарастыруға міндеттісіз. Абат Пангереев солай етті. Оның қаламынан туған бұл саладағы еңбектері бір қазақтың ғана емес, тұтас түріктің түркологиялық табысы!

Топонимика – ғылымның әр саласына кіріге кететін, қай салаға барып кіріксе сол салада өз алдына оқшырайып оқшау отау тігіп тіршілік етіп кете баратын үлкен мүмкіндікке ие. Топонимиканы атауына қарай іздей бастасаң лингвистикаға, аталуына қарай жүйелесең тарих ауылына, орналасу жағдайына ой жүгіртсең географияға тартып жүре береді. Ал, Абат әдебиетші топонимист. Олай болса өзі тарихын қазып анықтап алған Жер-су топонимін әдеби аспектіде қарауға тиісті. Бірсыпыра еңбектерінде ғалым Жер-су атауларының қазақ эпосы, тарихи жыр және тарихи өлеңдерде, қаһармандық эпостарда, шығыстық сюжетке құрылған ғашықтық дастандарда, романдық эпостарда, тарихи жырларда қалай, қандай жағдайда кездесетінін анықтайды. Соншама жанрлық үлгіден соншама топонимді іздеп табу ол да оңай емес. Алайда бірыңғай терімшілік әдебиет пәнінің объектісі емес. Табиғатын үңілмей бірыңғай терімшілік жасау әдебиетші ісі емес. Әдебиет объектісі сол топонимдердің шығарма ажарын ашуға септесетін поэтикалық күш-қуатын анықтауда. «Жер-су атауларының эпос қаһарманының тарихи тұлғасын анықтаудағы қызметі», «Тарихи өлеңдердегі жер-су атауларының шындыққа қатысы», «Жер-су атауларының халық прозасы жанрларында қолданысы» ... міне, әдеби топонимист Абат ойының байтақтанар жері. Міндет түрлі ғылым салаларының топонимикамен байланыс-бірлігін ашу болып табылады – дейді ғалым. Соны ашады. Қалай ашады? «Топонимдік атаулар фольклор сюжеттерінің құрамында танымдық, мағлұматтық, образдық сипатқа барынша ие, себебі олар ежелден қалыптасқан халық танымның, қоршаған ортаға берген бағасының, ой зердесінің, поэтикалық тілінің көрінісі». Міне, осылай ашады! Не үшін ашады? «...фольклор мен топонимика, ұлттық рухани дүниемізді таныту жолында елеулі қызмет етіп, халқымыздың өркениет көшіндегі беделін бүкіл әлем алдында таныта алады». «Сонымен бірге топонимдік фольклор утилитарлық та қызмет атқарады. Оның танымдық мәнімен бірге эстетикалық, мағлұматтық, қоғамдық қызметтері өмірлік қажеттіліктер болып табылады. Сайын далада бағыттан таймай жүріп-тұру үшін де жер-су атауларының ролі қандай екендігі белгілі. Осыдан топонимдік фольклордың қолданбалылық сипаты да көрінеді». «...Фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшелігінен туындайтын құбылыс».

Топонимист ғалымның сұраққа қарай бірсыпыра ой жосығы міне, осындай! Сол үшін де ашады. ...Алған білімі, жасаған ғылымын жоғары бағалап, кісілік болмысына сүйсінумен келе жатқан Абат Пангереев ұдайы іздеп отырар рухани жан туыс інімнің бірі. Батыс өңіріне арнайы келіп Абат байтақ, Қобыланды батыр, Әбілхайыр хан ізімен жүріп қаншама сырға кенелдім. Жылда бір тамыры бір туыс түрік жұртына ғылыми сапар шегерде Абат інімнің әдеби өлкетану, топонимика саласында жасаған, жазған еңбектерін қолтығыма қыса шығамын. Бір қазақ топонимімен шектелмей, қандай тақырыпты да түрік халықтарына ортақ сипатта ой өрбітіп түркологиялық аспектіде жүргізген зерттеулерін оқып жан рахатына бөленемін. Түріктік ортақ тамырларға ойша саяхат жасаймын. Оның кең тынысты зерттеу еңбектерінен шабыт алып өзімнің де жүрген-тұрған бауырлас елдерде тапқанынан жоғалтқаны көп – қазақтың, біріккенінен гөрі ажырап ауа жайылып тіршілік етіп теперіш көріп келе жатқан түрік ұлт, ұлыстарының сан ғасырлық тарих соқпа-соқпасында жоғалтқанын жан ауырта іздеймін.

– Биыл жаз Сарайшық, Бату Сарай, Қажы Тархан асып Алтын Орда Өркениетінен із кессек... Қалай қарайсың, Абатжан?

Телефонда оны ғылыми сапарға шақырамын.

– Екі жыл бұрын Ақтөбе өңірін араладық. Былтыр Орынбор облысын шарладық. Енді, кезек Алтын Ордаға келген-ақ шығар... Мен дайын.

...Ізімізден ілескен іні еңбегіне сүйсінген басым оны алдағы жылы Алтын Орда өркениеті ізімен жүріп өтер ғылыми экспедицияға шақырып отырмын. Бәлкім Сарайшық, Бату Сарай, Қажы Тархан.. Алтын Орда астаналары, бас қалалары! «Жүз он қаласы болған» (Б.Кенжебайұлы), «Мындаған шаһарлары болған» (Массон), «дүниедегі ең өркениетті ел» (Ибн Батута) – Алтын Орда өркениетінің ізін табармыз. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» аталатын рухани кемел еңбектері бізді ғана

емес, баршамызды өлгенімізді тірілту, жоғалтқанымызды табуға міндеттеп отыр емес пе?! Соның баршасы да көрнекті ғалым, қанаттас іні Абат Пангереевтің әдебиетте орнықтырған Жер-су топонимі арқылы ғана жүзеге аспақ. Өйткені, ол бір өзі бір сала, бір салада тағы өзі дара!

## ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОР ЖАНРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІСІ

**Мұсаев Алпысбай**

**Филология ғылымдарының докторы, профессор.**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

Елімізде қоғамдық саяси жаңғыру өз кезегінде рухани қайта түлеу негізінде жалғасын тапқан сәтте, тәуелсіз еліміздегі азаматтардың тарихи санасын қалыптастыра отырып, Ұлы дала тарихының қазыналарын толықтыру және егемен еліміздің жаһандық тарихтағы өзіндік орнын айқындау мемлекеттік саясаттың басым бағытының негізгі көрсеткішіне айналды. Осы тұрғыда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласының жарық көруі аталмыш бағыттағы жұмыстарды бір жүйеге келтіруі тиіс.

Біздің дүние танымымызға, халқымыздың өткені мен бүгінгі және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты, жан-жақты ой елегінен өткізіп терең зерделеуді талап ететін бұл мәселелерді бастау үшін, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын, өткенімізді қайта жаңғырту үшін бірнеше бағыттағы ірі жобаларды қолға алуды тапсырды. Біз үшін осы жобалардың ішінде өз саламызға тікелей қатысты «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» бағдарламасының маңызы ерекше. Топономика ғылымы, әсіресе тіл, әдебиет, тарих, география ғылымдарының ұштасуы арқылы өз нәтижесін бере алады. Атауларда тарихи лингвистикалық, этимологиялық, географиялық, лексика-семантикалық, этнографиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеудің маңызы зор. Табиғи орта өзгерістерін анықтауда топономикалық зерттеулердің маңызы арта бермек. Төл атауларымыз арқылы мағыналық жүктемесі көрініс тапқан топономикалық деректерді әлі де зерттеп, ғылыми түрде айғақтаудың мәні ерекше. Ал фольклор мен топономиканың тығыз байланысы күні бүгінге дейін арнайы зерттеу объектісі болған жоқ. Жекелеген ғалымдардың зерттеу мақалалары болғаны рас. Алайда бұлар санаулы ғана. Осы орайда профессор А.Пангереевтің бұл проблемаға батыл кірісіп топонимдік фольклорды өз алдына жеке зерттеу объектісі етіп алды. Әсіресе, олардың жер-су атауларына қатысты түрлерін дербес алып, зерттеу объектісінің негізгі өзегіне айналдырды. Зерттеуші топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы ретінде қарастырып, оның ішкі жанрлық түрлерін айқындайды. Сонымен қатар топонимдік фольклордың басқа да фольклор жанрларында көрініс беретін ерекшеліктеріне тоқталады. Мұның бәрі мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының бағытымен үндестігі деп те түсінуге болады. Зерттеу барысында алдымен фольклорға да, топономикаға да ортақ келетін мифтік ұғымдарды, оның жер-су атаулары туралы халықтың шығармашылық түрлерінің туындауына қатысы қандай екендігін анықтауға тырысқан. Жер-су атаулары туралы фольклор үлгілерінің туындауына қиялдаудың қатысы қандай дәрежеде екендігіне тоқталып, оның өзекті буындарын ашып көрсете алған. Халықтың жер-суға, өскен ортасына деген перзенттік сезімі, топономикалық атауларды танып білуге деген ыстық ықыласы шығармашылықтың бұндай түрлерін көптеп тудыруға әсер ететіні рас. Мұның өзі жер-су туралы фольклорлық сюжеттерді халықтың өзі таныған объектілеріне қатысты толассыз туындай беруі сөзсіз. Зерттеуші топонимдік фольклордың унитарлық қызметіне де тоқталады. Аспан шырақтарын тану көшпелілер үшін рухани құндылық қана емес, сонымен бірге тұрмыс-тіршіліктік, өмірлік қажеттіліктер екені белгілі. Шетсіз-шексіз далада бағыттан таймай, адаспай жүріп-тұру үшін топономикалық атаулардың қажеттілігі өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Осыдан келіп оның қолданбалық рөлі анық көрінеді.

Топонимдік фольклордың танымдық мәні мен қоғамдық маңызы да келелі мәселелердің бірі. Себебі топонимдік фольклордың сюжеттерінің бәрі қиялдан тұрмайтыны белгілі. Уақыт өте келе адамның болмысты тануы, табиғатты игеруі, одан бергін келе қоғамдық қатынастардың дамуы сияқты негіздер әлеумет өмірінің шындықты тұстарын бейнелеп көрсететін жер-су атауларының тарихының дамуына да әсер етті. Топонимдік фольклордың табиғатының осындай ерекшеліктері, оның қиялға қатысы, тарихи шындықты бейнелеудегі деректілік сипаты, танымдық, эстетикалық қызметі сайып келгенде топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін саралауға, олардың функциясын айқындауға негіз болады. Соған орай профессор А.Пангереев топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін «топонимдік аңыз, топонимдік эпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме» деп төрт түрге бөліп зерттеген. Бұлай жіктеу олардың өзіндік белгілері мен атқаратын қызметтеріне байланысты жүзеге асырылады. Жер-суға байланысты айтылатын аңыздарды дербестей келе олардың аңыз сюжетіне арқау болу ерекшеліктеріне тоқталған. Тарихи аңыздардың топонимдік сипатта болып келетінін, ал топонимдік аңыздардың тарихи негізде келетінін өзгешеліктері бар екендігін анықтаған. Сондай-ақ топонимдік аңыздар іштей бірнеше түрлерге бөлінетіндігін және олардың туындауына себеп болатын факторлардың әр түрлі болып келетіндігін анықтаған. Аңыздың осындай ерекшеліктері болса, ал эпсананың құрылым сәл өзгереді. Автор топонимдік эпсана деп атағанда оның жер-суға байланысты түрлерін бөлектей алып, топонимдік фольклордың ішкі жанрлық түрі ретінде қарастырған. Өйткені эпсана да аңыз секілді жанрлық түрлерге бөліне алатын ерекшеліктерге ие. Топонимдік сипаты жағынан бұлардың айырмашылықтары үлкен. Ол айырмашылық алдымен уақыт пен кеңістікке байланысты көрінеді. Аңызда бейнеленетін оқиғалар өткенді баяндаса, эпсанада

уақытқа шек қойылмайды. Әпсана аңыздағыдай жартылай шындықты әңгімелеп, танымдық функция атқармайды, баяғыда болған бір кереметке толы уақиғаны баяндап, ғибрат беруді көздейді. Осы мәселелерді түйіндей келе зерттеуші жер-суға байланысты тарихи-мекендік және утопиялық сипатта келетін әпсаналарды топонимдік әпсаналарға жатқызса, ал сюжетті діни мағынада келетін, белгілі бір жер-судың, өлкенің атының пайда болу себептерін баяндайтын шығармаларды топонимдік хикаят түрінде қарастырған.

Жалпы өмірде аңыз бен әпсана өңір адамдарына түсінікті болып келсе, топонимдік хикаят барша жұртқа мәлім деуге болады. Себебі оның кейіпкерлері пайғамбарлар, әулиелер, киелі адамдар болып келеді. Олар ислам дінінің орнауына орай ел ішінде белгілі, кең тараған сюжеттер екені рас. Зерттеушінің бөлек алып қарастыру себебі – екеуінің орындалу функциясы, мақсаттары екі бөлек, бірі дінге қатысты, бірі қатыссыз болып келетіндігінде. Сонымен бірге ойдан шығарылмай өмірде болған оқиғаны баян ететін, ол оқиғаны әңгімелеп отырған мекенде, өңірде бар нақты жер-су атына байланысты айтылатын әңгімелерді топонимдік әңгіме санатына енгізген. Топонимдік фольклордың мүмкіндігі аясында эпостық жанрлар, тарихи жырлар, тарихи өлеңдер көріністерін зерделеп, өзекті буындарын ашып көрсетуге күш салған. Нәтижесінде фольклордың осы аталған жанрларында топонимдердің көрініс беруі тек танымдық, ақпараттық мәнде емес, сонымен бірге оқиғаны өрбітуге, байланыстыруға, сюжеттік желі құрауға септігі бар екендігіне баса назар аударып, кейіпкерлердің қимыл әрекеттері осы топонимдік атаулардың жырда қолданыс табуы негізінде анықталып отырған. Ал ғашықтық жырларда қолданылатын топонимдік атаулар, батырлар жыры, тарихи жырлармен салыстырғанда өзгешелеу. Оның өзгешелік сипаты – жырда суреттелетін жер-су атаулары нақты аталса да, кей тұста халықтық этимология бойынша аңыздық сарынға түсіп, әсем сюжеттерге айналып отырады. Бұл жерде ескеретін бір нәрсе – топонимдік жанрларының тарихилық пен эстетикалық категорияларды қоса атқара алатындығы. Сөз болып отырған романдық эпосқа осы қасиет тән болса, тарихи жырлар мен тарихи өлеңдер деректілік мәнге ие. Тарихи жырларда жер-су атаулары әсіресе мол қолданылады. Бұнда топонимдер тарихи оқиғаның қайда өткендігін, оған кімдер қатысқандығын, кейіпкерлердің қайдан аттанып, қайда тоқтағандарын, жалпы оқиғаның, ұрыс қимылдарының өту барысын куәландырып тұрады. Тарихи жырдағы топонимдердің қолданылуындағы тағы бір ерекшелік бұндағы жер-су атаулары көбінесе бас кейіпкермен байланыста алынып отырады.

Топонимдердің халықтың сөз қолданыстарындағы, фольклордың үлгілердегі атқаратын қызметі орасан зор мәнге ие. Осы ерекшеліктерді басты бағдарға ұстана отырып филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереев фольклор мен топонимиканың байланысына негізделіп жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде топонимдік фольклордың жанрлық түрлерінің классификациясын жасап, атқаратын қызметін айқындап шыққан. Алпыстың айбынды асуына абыржымай жеткен ғалым ініміздің жетістіктері мұнымен шектелмек емес. Алатаудай асқарланған мәуелі мәжелерді алқынбай алып биік, биік тұғырларды бағындыратынына сенім мол. Өмір жолындағы, ғылым жолындағы сапарың сәтті болғай.

#### **Әдебиеттер**

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 272 б.
2. Сейдімбеков А. Күй шежіре. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.
3. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. – Алматы: «Санат», 1998. – 368 б.
4. Жанұзақ Т. Қазақ онамастикасы. – Астана, «ІС-Сервис» ЖШС, 2006. – 400 б.
5. Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 351 б.
6. Қоңыратбаев Т. Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 2000. – 268 б.

## **ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫН ТІЛДІК-ЖАНРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ПАНГЕРЕЕВ ПАЙЫМДАРЫ**

**Жантас Жақыпов**

**филология ғылымының докторы, профессор**

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, профессор**

**Астана қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Баяндама «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеу» тақырыбындағы гранттық ғылыми жұба аясында жазылған.

Қазақ лингвофольклортануы пәнаралық ғылыми сала ретінде қалыптасып келеді. Соның бір бағыты – қазақ фольклорлық жанрларының тілдік сипаттарын зерттеу. Ауыз әдебиетін жанрларға жіктеуде фольклордың өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, негізінен, әдебиеттанулық межелеуіштер тірек етіледі. Жанрлардың тілдік ерекшеліктері, атап айтқанда, лексикасы, грамматикасы, стилистикасы, мәтін түзімі бұл мәселеде назардан тыс қалып отыр. Профессор А.Ш.Пангереев зерттеулерінде әдебиеттанулық негіз бағдар болғанмен, тілтанулық айғақтар нысан етіледі. Ғалым топонимдік фольклорды зерттегенде лингвофольклортанулық талдауларды алға тарта отырып, фольклортанулық өріске шығады. Топонимдік материалды мол қамтып пәнаралық түйіндер жасайды.

**Тірек сөздер:** лингвофольклортану, жанр, ішкі жанр, топоним, этимология, халықтық этимология.

**Аннотация.** Доклад подготовлен в рамках грантового научного проекта «Языково-жанровое исследование казахского фольклора».

Казахская лингвофольклористика становится как междисциплинарная научная отрасль. Одним из направлений лингвофольклористики является изучение языковых особенностей казахских фольклорных жанров. При жанровой классификации устного народного творчества, учитывая своеобразные особенности фольклора, в основном, опираются на литературоведческие критерии. При этом языковые особенности жанров, а именно, лексические, грамматические, стилистические, текстообразующие особенности, остаются вне поля зрения. Исследования А.Ш.Пангереева, хотя в

основном ориентируются на литературоведческие основы, объектом анализа является лингвистические факты. При исследовании топонимического фольклора ученый, выдвигая лингвофольклористическую аналитику, выходит в область фольклорных исследований. Охватывая большой объем топонимических материалов, он делает междисциплинарные научные выводы.

**Ключевые слова:** лингвофольклористика, жанр, поджанр, топоним, этимология, народная этимология.

**Abstract.** The report was prepared within the framework of the grant research project “The study of Kazakh folklore from the genre-language position”.

Kazakh linguo-folkloristics becomes as an interdisciplinary scientific branch. One of the areas of linguo-folkloristics is regarded the study of the language features of the Kazakh folklore genres. In the genre classification of oral folk art, taking into account the peculiar features of folklore, they mainly rely on literary criteria. At the same time, the language features of the genres, namely, lexical, grammatical, stylistic, text-forming features remain out of sight. A.Sh. Pangereyev's researches although mainly oriented to the literary basis, but the object of analysis is considered linguistic facts. In the study of toponymic folklore, a scientist, putting forward linguo-folkloric analytics, enters the field of folklore research. Covering a large amount of toponymic materials, interdisciplinary scientific conclusions are made.

**Key words:** linguo-folkloristics, genre, subgenre, toponym, etymology, folk etymology.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ тіл білімі кафедрасы «Қазақ лингвофольклортануы (эпос материалындағы зерттеу)» тақырыбында ғылыми жобаны іске асырды. Осы Жобамен жұмыс істеу барысында фольклорды зерттеудің лингвистикалық ыңғайлары белгіленді. Қазақ лингвофольклортануы жеке ғылыми пән ретінде ғылыми айналымға енгізілді. Қазақ батырлық жырларының негізінде фольклорлық мәтіндердің интралингвистикалық, паралингвистикалық парадигмалары талданды, фольклорлық шығармалар мәтінтану тұрғысынан зерттелді [1]. Алайда бұл зерттеу эпос жанрына ғана негізделді. Ендігі кезекте қазақ лингвофольклортануының бір міндеті қазақ фольклорын тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеу міндеті тұр. Қай ұлттың болсын фольклорлық жанрлары жіктеудің әмбебап межелеуіштерінің белгіленбегені байқалады. Жалпы филологияда жанрды айқындау, негізінен, әдебиеттану тұрғысынан қаралады. Ал фольклорлық жанрлардың тілдік белгілері назардан тыс қалған. Еуропа ғылымының осы ғасырдағы ғылыми әдебиеттерінен іздегенімізде фольклор жанрларының тілге қатысы түгілі, лингвофольклортанулық зерттеуге айрықша назар да аударыла қоймайтынын ғаламтордан іздестіру жолымен байқадық.

Орыс филологиясында жанрды әдеби тектің өмір сүру формасы [2, 26], болмысты бейнелу тәсілі [3, 33-34] ретінде қарау бар. Орыс филологиясындағы тұрғылардың жалпы сипаты мынадай. Фольклордың да көркем туындылар жүйесі екенін ескерсек, әдебиеттануда бұл ұғым поэтикалық жүйенің жиынтығымен анықталады. Мұны фольклор саласына да қолдануға болады. Кең мағынасында алғанда, жанр өзінің поэтикалық жүйесінің ортақтығымен біріккен ескерткіштердің жиынтығы я қатары ретінде белгілене алады. Фольклор сөз өнері туындыларынан тұратындықтан, алдымен шығармашылықтың осы түрінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, оның поэтикасын зерттеу қажет. Ал поэтика деп көркемдік мақсатты эмоциямен және оймен бейнелейтін амалдардың жиынтығын ұғамыз [4, 36]. Мұнан фольклордың өмір сүру формасы, болмысты бейнелу тәсілі, поэтикасы тілдік таңба арқылы жүзеге асатындықтан, оны тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеудің мәні зор деген қорытындыға келуге болады.

Фольклорлық жанрлар жүйесі қазақ филологиясында да елеулі шамада зерттелді (Бұл жерде қазақ әдебиет теориясындағы пайымдарға тоқталу артық болатындықтан, тек фольклортану аясындағы жанр мәселесінің түйінді-түйінді тұстарына тоқталған жөн). А.Байтұрсынұлы ауыз әдебиетін «жұмсалатын орнына» қарай сауықтама және сарындама деп жіктеп (1926 жылы), мұны тарауларға, тарауларды тармақтарға, тармақтарды бұтақтарға бөлгені белгілі [5, 232-261]. Х.Досмұхамедұлы ауыз әдебиетінің түрлерін жіктеуді мақсат еткен «Қазақ халық әдебиеті» (1928 жыл) очеркі қазақ фольклорының жанрларын біршама түгендеген еңбек болды. Кейінгі кезге дейін елеусіз қалып келе жатқан этнографиялық аядағы шағын жанрларды, тіпті, фразеологизмдерді Х.Досмұхамедұлы фольклор жанрларының жүйесіне енгізген [6].

Қазақстанда фольклор жанры дейтін ұғымға теориялық тұрғыдан келген ғалым Б.Уахатов болды. Оның анықтауынша: «Жанр – белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын және соған лайықты мазмұны бар, әбден қалыптасқан көркемдік форма» [7, 75]. Фольклор жанрларының теориясын қазақ филологиясында жүйелеген ғалым С.А.Қасқабасов болды. Ғалымның: «...фольклор жанрларын зеттегенде екі нәрсе қатар ескерілуі қажет. Ол: а) фольклордың сөз өнері ретінде әдебиетпен туыстығы, жақындығы; ә) фольклорды әдебиеттен алшақтататын ерекшеліктер» [8, 23] – деген тұжырымы оны тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеуге әдістанулық ыңғай болуға лайық. Өйткені «фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық функциясы оның жанрларын сипаттап, әдебиеттен ерекшелендіріп тұрады» [8, 25]. Сонда, С.Қасқабасовтың пікірінше: «Жанр дегеніміз – оқиғаны, сюжеттік материалды белгілі бір мақсатпен тұтас мазмұнды, идеялы шығармаға айналдырудың әдісі, жолы, құралы» [8, 28]. Ғалымның осы зерттеуінде жанрлардың мәтініндегі тілдік ерекшеліктерге аз да болса тоқталатын тұстары бар. Алайда, халық прозасын арнайы нысан еткендіктен болар, ол жанр санатына сюжетті тірек ететіні байқалады. Көріп отырғанымыздай жанрларды айқындауда тілдік факторларға тиісінше назар аударылмайды.

Қазақстандық тілтанушылардың осыған байланысты еңбектері де бар. Бұл мәселеге іргелі зерттеу жасаған – профессор Е.Қ.Жұбанов. Оның еңбектерінде эпос тілін зерттеудің интралингвистикалық аспектілері толық қамтылады: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының тілдік ерекшеліктері; эпикалық жырлардың тілдік-көркемдік ерекшеліктері; ауыз әдебиетінің тілі мен қазақ әдеби тілінің қатынасы; ауызша сөздің диалектіден

үстем формалары, «Ауызекі поэзия тілін зерттеудің лингвистикалық аспектілері» қарастырылады, ал паралингвистикалық, экстралингвистикалық аспектілерді қарастыруды, тіл мен жанрдың байланысын ашуды ғалым мақсат етпеген [9]. Көріп отырғанымыздай, бұл еңбектерде фольклор жанрларының бір түрі тілдік айғақтар табылатын мәтін ретінде нысанға алынады да әр ғалым әр түрлі тұрғыда зерттейді.

Профессор А.Ш.Пангереев топонимикалық фольклорды арнайы жанрлық нысан ету үшін топонимика ғылымының лингвистика «белгілеп берген шеңберден шығып, басқа ғылымдармен өрелесе, салаласа дамып, ұлттық дәстүр мен ұлттық эстетикалық ойлау мүмкіндіктерін мейлінше кең таныта алатын поэтикалық жүйеге айналып келе жатқанын» уәж етеді [10, 27]. Алайда, топонимдік фольклорды бұрын анықталған аңыз, әпсана, хикаят, әңгіме сияқты жанрлардың еншісіне енгізеді. Сонымен қоса, қаһармандық эпостағы, романдық эпостағы, тарихи эпос пен өлеңдердегі, мифологиядағы жер-су атауларының қолданысын да топонимдік фольклор аясында, нақтырақ айтқанда, топонимдік фольклордың басқа жанрлармен байланысын ретінде қарастырады. «Қандай да болмасын ғылымда белгілі бір жанрды жіктеп тану, теориялық қисынын жасау, мақсат, міндеттерін белгілеу оңай еместігі, ол үшін ортақ негізді табу керек екендігі белгілі. Біздің зерттеуіміздегі ол негіз – фольклордағы жер-су атаулары» [10, 26]. Демек, ғалымның бұл жанрды тілтанулық негізге сүйене отырып белгілейтіні көрініп тұр.

Профессор А.Ш.Пангереев жер-су атауларының мағынасының фольклорға қатыстылығын мынадай айғақтар арқылы бағамдайды:

1. Жер-су – дүниежүзілік ғаламды (жоғары – тәңір, төмен – ұмай, орта – адам) біріктіруші ұғым.
2. Жер-су жоғары мен төменнің қосындысы, туындысы ретінде табынатын тәңірлік мәнге ие, бірақ тәңір емес, адамзат өмір сүретін әлем, кеңістік бөлігі.
3. Жер-су кіндік кесіп, кір жуған туған жер, атамекен, отан ұғымының байырғы атауы.
4. Жер-су – табиғаттың өзі, яғни географиялық объектілер.
5. Жер-су – ықылым заманнан бергі уақыт пен кеңістік шегінде адамзат қалдырып отырған өмір таңбалары, топонимдер арқылы фольклор сюжеттерінен танылатын тарихи таным куәсі.
6. Жер-су – фольклор шығармаларындағы әлем туралы, кеңістік туралы ойлар мен көзқарастардың таңба, символдық мән түріндегі жиынтық бейнесі.
7. Жер-су – фольклор сюжеттерінде мотив тудырушы дәнекер, немесе кей жағдайда сюжеттік негіз [10, 24].

Бұл пайымдарды парықтау үшін танымдық тіл білімі саласынан кейбір аңдатпалар келтіруге тура келеді.

Қазақ лингвофольклортануында жанрлар бойынша зерттеу жүргізуде қажетті бір әрекет ауыз әдебиетінің мәтіндерінің когнитивтік қырларын анықтау болып отыр. Когнитологияның басты санаты – концептосфера. Бұл терминді айналымға енгізген – орыс академигі Д.С.Лихачев. Оның анықтауынша, бұл – ұлттың концептілерінің жиынтығы, тіл иесінің концептілерінің мүмкіндіктерін түгел қамтиды. Халықтың концептосферасы тілдегі сөздердің мағыналарын беретін семантикалық сферадан кеңірек ауқымды қамтиды. Ұлттың мәдениеті, фольклоры, әдебиеті, ғылымы, өнері, тарихи тәжірибесі, діні неғұрлым бай болса, халықтың концептосферасы да соғұрлым бай болады [11, 5]. Ал З.Д.Попова мен И.А.Стернин: «Концептосфера – бұл халықтың концептілерінің ретке түскен жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы», – деген анықтама береді [12, 26].

Ал концептілер туралы актөбелік ғалым Н.Ә.Сәдуақас жақсы түсіндірген екен. Оның мазмұндауынша: «Адамзат барлық рухани мәдени құндылықтар мен материалдық дүниені білдіретін тілдік модельдерді концепт ретінде таниды деуге болады. Әр ұлт өкілінің өзіндік таным, когнитивті түсінігі, сана-сезімі, бүкіл мәдени болмыс-бітімі, өзіндік менталитеті тіл арқылы танылады. Міне, осы қасиет бірде мәдениеттанудың, бірде когнитивті лингвистиканың санаты (авторда – категория. – Ж.Ж.) ретінде танылып, концепт термині арқылы түсіндіріліп жүр. Концепт ақиқат дүниені когнитивті тұрғыда танып, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Концепт – адамның білімі мен дүниетанымының, ментальділіктің тіл арқылы көрінісі, ұлттық ұғым, ұлттық түсінік, ұлттық дүниетанымның бірлігін қажет ететін, бір бүтін ұғым түрінде кіші ұғымдарға бөлшектене алатын, сол бөлшектердің қайта бірігіп, ірі бүтін ұғымға айналуға қабілетті бірлік.

Скрипт арқылы санадағы бүтін концептіні (мәтінді) модельдеуге болады. Скрипт – мәтінді тануда басқа бір оқиғаларды ой елегінен өткізіп, одан концептінің бір қырын танытатын фрагменттерді автоматты түрде салыстырып, не ұқсатып ойша табуға деген ептілік. Скрипт (ойбейне, ойсурет) – әр ұлт өкілінің әлем шындығын тануы үшін қалыптасқан заттар мен құбылыстар жайлы ұғым, санада бейне, символ, метафора, яғни суреттеу тәсілі арқылы танылатын концепт түрі. Ойсуретті адам санасындағы заттың өзіне тән ерекше бейнесінің табиғи тұрғыдан қабылдағаннан гөрі, ішкі көзқараспен өз үйлесімін тапқан бейненің ізі деп қабылдаған жөн. Егер санада фантазиялау таланты басым болса, ойсурет құрылымын таныту да жоғары болады [13]. Енді бұған қосарымыз – концепт қалыптастырудың қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінен оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін жинақтауға болады. Осыдан келіп сценарийлер, даму мен қозғалыстан тұратын бірнеше оқиғалардың (эпизодтардың) тізбегі, уақыт пен кеңістікте таралатын кезеңдер мен оқиғалар ауысымының көріністері, аса күрделі бөлінбейтін бөлшектер шығады.

Енді профессор А.Пангереевтің топонимдік фольклорға тірек болар жер-су аттарының мәнін санамалап белгілеген тармақтарына оралсақ, бұлардың топонимдік фольклордағы концептосфераның аясындағы концептілер екеніне көз жеткіземіз. Аталмыш белгілерде фрейм де, ой бейне де (скрипт), сценарийлер де бар. Мұны зерттеп отырған монографиямыздан молынан табуға болады (Көлем шектеулігіне байланысты «Мәні әулие» аңызы туралы [10,154-159], «Құланөтпес» туралы [10, 176-179] аңыздар т.б. талданған тұстарға сілтеме

жасаумен қанағаттанамыз). Мұнан шығар қорытынды сол, профессор А.Ш.Пангереев фольклорды когнитивтік тілтану тұрғысынан да пайымдаған.

Профессор Пангереевтің халықтық этимологияға деген көзқарасы [10, 41] лингвофольклортанудың зерттеу межелеуіштеріне сай келіп тұр. Лингвофольклортанудың фольклортанудан басты ерекшелігі сол, фольклортануда әдеби негіз бастау тірек болса, лингвофольклортануда тілдік айғақ бастау тірек етіледі де, фольклорлық мән-мағына, мазмұн айқындалады. Осы тұрғыдан келгенде, А.Пангереевтің пайымдауы топонимдік аңыздың халықтық этимологиямен астасып кететінін байқатады. Ғалым былай деп жазады: «... өткен тарихты тарқатып, танытатын, ... жер-судың қойылқ сырын анықтайтын аңыздар көптеп саналады. ... бұл аңыздардың бәрінде дерлік тарихты баяндаудан гөрі жер-судың атын анықтау басымырақ орын алады» [10, 154].

Қазақ лингвофольклортануының бір тармағы болып саналатын «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеудегі» бір міндет – ауыз әдебиеті шығармаларын көркем мәтін ретінде лингвистикалық талдау. А.Ш.Пангереев пайымдары мен талдауларында мәтіннің денотативтік кеңістігі, ондағы макрожағдаяттар, макрожағдаяттардағы тұрғылар (макропозициялар) төңірегіндегі, көркем-әдеби кеңістіктің, динамикалық кеңістіктің, көркем-әдеби уақыт, мәтіннің эмотивтік (жағымды, жағымсыз) кеңістігі төңірегіндегі сипаттамаларды да молынан табуға болады. Бұл – арнайы тоқталатын тақырып.

Қорыта келгенде мынадай түйіндер жасауға болады:

- қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеуде топонимдік фольклортану материалдарын молынан пайдалануға болады;
- топонимдік фольклорға тірек болатын – жер-су аттары, яғни тілдік айғақтар;
- профессор А.Ш.Пангереев зерттеулерінің көлемді бір бағытын лингвофольклортанулық бағыт деп санауға болады;
- профессор А.Ш.Пангереев фольклор арқылы жер-су аттарын когнитивтік тұрғыдан зерттеуге, концептосферасын бағамдауға жол ашып отыр;
- профессор А.Ш.Пангереев өз зерттеулері арқылы халық этимологиясын ғылыми емес дүние дейтін кінәраттаудан арашалап, оның ғылымдағы орнын айқындады;
- фольклорды зерттеуде тілтанудың алар орны ерекше.

#### **Әдебиеттер**

1. Қазақ лингвофольклортануы. Ұжымдық монография. – Астана: ЕҰУ, 2017.
2. Утехин Н.П. Жанры эпической прозы. – Ленинград: Наука, 1982.
3. Кравцов Н.И., Лазутин С.Г. Русское устное народное творчество. – Москва: «Высшая школа», 1977.
4. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Издательство «Наука», 1976.
5. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. // Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 137-298.
6. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
7. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: «Ғылым», 1974.
8. Қасқабасов С. Шығармалары. Т.1. Жаназық. *Әр жылғы зерттеулер.* – Астана: Фолиант, 2011.
9. Жұбанов Е. Қазақ ауыз әдебиеті және әдеби тіл // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары (Мақалалар жинағы). – Алматы, 1981 –Б. 145-157; Ауызекі поэзия тілін зерттеудің лингвистикалық аспектілері. // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1977, № 4. – Б. 61-68; Эпос тілінің өрнектері. – Алматы, 1978.
10. Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: Типография «NOBEL», 2014.
11. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Изв. РАН - СЛЯ – 1993, № 1.
12. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. Учебное издание. – Москва: АСТ: «Восток-Запад», 2007.
13. Сәдуақас Н.Ә. Когнитологиядағы концепт ұғымы туралы // <https://library.wksu.kz>

## **«ШУКАСАПАТИ» ЖӘНЕ «ТОТЫНАМА»: СЮЖЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Бауыржан Омарұлы**  
**ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,**  
**филология ғылымдарының докторы, профессор**  
**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық**  
**университетінің профессоры**  
**Астана қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Бұл мақалада Үндістанның ежелгі әдеби ескерткіші – әйгілі «Шукасапати» («Тотының жетпіс әңгімесі») мен ескі нұсқаның желісімен қайта жаңартылып, парсы тілінде жазылған «Тотынама» хикаялар жинағының өзіндік ерекшеліктері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары жөнінде жан-жақты талдау жасалған. Бүкіл дүние жүзіне кең тараған классикалық шығармалар сюжеттерінің құрылымы, олардың өзгеріске ұшырауы, кейін өзге әдебиет нұсқаларына өзек болуы туралы ой-тұжырымдар жасалған. Қазақ тіліне «Тотының тоқсан тарауы» деп аударылған «Шукасапати» мен Зияаддин Нахшабидің «Тотынамасының» баяндау тәсілінің ортақтығы мен біркелкілігі, сондай-ақ, бұл таңғажайып туындылардың даралығы мен бірегейлігі жайында ғылыми байыптама берілген.

**Аннотация.** В данной статье осуществлён всесторонний анализ особенностей, общих черт и различий древнего памятника Индии – известного «Шукасапати» («Семьдесят рассказов попугая») и написанного на персидском языке сборника историй «Тотынама». В исследовании сделаны выводы о построении сюжета этих широко распространенных во всем мире классических произведений, о наблюдающемся изменении сюжетной линии этих произведений в образцах

литературы других народов. Дано научное обоснование уникальности этих удивительных произведений – «Шукасаптати», переведённого на казахский язык как «Тотының тоқсан тарауы», и «Тотынама» Зияадин Нахшаби.

#### ملخص

تتضمن هذه المقالة تحليلاً شاملاً للخصائص، وأوجه التشابه والاختلاف في مؤلف "طوطى نامه"، المكتوب باللغة الفارسية، والعمل الأدبي الهندي لقديم – الشهير بـ "شوكاسابتاتي" (سبعون قصة من البيغاء) تستعرض المقالة العديد من التراكيب الكلاسيكية المنتشرة في جميع أنحاء العالم ثم تخرج باستنتاجات حول أساسيات النسخ الأخرى في الأدب، وتحلل المنهجيات المتبعة في "طوطى نامه" التي ألفها زياد الدين نقشبني المأخوذة عن المؤلف السنسكريتي "شوكاسابتاتي"، الذي ترجم إلى الكازاخية باسم "طوطى نين توقسان تاروي"، وقدم تحليلاً علمياً حول هذا العمل والنسخ الأعمال لنفس المؤلف.

**Annotation.** The article under consideration reviews a comprehensive analysis of the original features, similarities and differences between the ancient literary monument of India – the prominent «Shukasaptati» (The Seventy Stories of the Parrot) and the renewed version of the collection, written in the Persian language, «Totynama». The conclusions according to the subjects' structure of the classical compositions that are widely known in all corners of the world, and their convergence that has changed and became the plot to other works of the literature are made. The «Shukasaptati» that was translated into Kazakh as «The Seventy Stories of the Parrot» and «Totynama» by Ziyaaddin Nakhshabi, the both works are scientifically characterized by general methodology of narrating and special uniqueness.

**Тірек сөздер:** ежелгі үнді әдебиеті, парсы тіліндегі шығармалар, тотының әңгімесі, сюжет ортақтығы, ұқсастық пен айырмашылық.

**Ключевые слова:** древняя индийская литература, произведения на персидском языке, рассказы попугая, общность сюжетов, сходство и различия.

**الكلمات المفتاحية:** الأدب الهندي القديم، المصنفات الفارسية، قصص البيغاء، المؤامرات، الهوية، التشابه والاختلاف.

**Key words:** Ancient Indian literature, works in the Persian language, Parrot's Story, unity of the subjects, similarities and differences.

Ежелгі Үндістанның бай мұрасынан бастау алып, әлемге тараған әдеби ескерткіштер – «Шукасаптати» [1] мен «Тотынама» [2] әлі күнге дейін талайды таңғалдырып келеді. Кейін «Тотынамаға» негіз болған «Шукасаптати» (санскр. शुकसप्तति, śukasaptati, «Тотының жетпіс әңгімесі») хикаяларының желісі көптеген халықтардың сөз өнерінде түрлі нұсқада көрініс тапты. Бұл шығарманың ең бірінші нұсқасы, яғни алғашқы редакциясы сақталмаған. М.Ширияевтің санскрит тілінен аудармасымен 1960 жылы орыс тілінде жарық көрген «Шукасаптатидің» алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған В.Кальянов: «Екі редакциялық нұсқада сақталып қалған санскрит мәтіні түпнұсқаға мейлінше жақын: оның біреуі қарапайым, табиғи тілмен жазылған (Textus simplicior), екіншісі барынша әдебиленген, әрленген мәтін (Textus ornatior)» [3, 7], – дейді. Сондай-ақ, ол екі нұсқаны да Ричард Шмидт неміс тіліне аударып, 1893-1899 жылдарда Лейпциг пен Штутгартта бастырып шығарғаны жөнінде мәлімет береді.

«Шукасаптатиде» ежелгі үндінің ең көне аңыздары мен бай әдеби мұрасы кеңінен қамтылады. Күллі шығысқа танымал осынау ғажайып ескерткішті зерттеген ғалымдар оның шыққан мерзімі туралы түрлі пікір айтады. Соның ішінде В.Кальянов бұл шығарма XIII ғасырдан көп уақыт бұрын жазылуы мүмкін емес, бірақ қалай болғанда да XII ғасырдан ерте туындамаған деп қорытынды жасайды. Ол бұл тұжырымына «Тотының әңгімелерінің» Textus simplicior нұсқасындағы Вангал деген елдің (шығыстың сөз қолданысында Бангал, қазіргі Бенгал) аты айтылатыны, ал бұл елдің атауы біздің дәуіріміздің XIII ғасырындағы дерекнамаларда кездесетіні арқау болған [3, 7].

Ал XIV ғасырда үндістандық Зияадин Нахшаби өзіне дейінгі нұсқадағы «Тоты әңгімелерінің» негізінде парсы тілінде «Тотынаманы» жазып шықты. Бұл шығарма кейін Орталық Азияға кеңінен таралды. Осы елдердегі кітаби ақындар «Тотынамадағы» жекелеген сюжеттердің желісімен өз тілдеріндегі дастандар мен балладаларды, мысалдар мен тәмсілдерді әдеби айналымға қосты. Сол тұрғыдан келгенде, академик С.Қасқабасовтың: «Қазақтың мысал ертегілері шығыс фольклорымен тығыз байланысты. Олардың көбісінің қайнар көзі – «Панчатантра», «Хитопедаша», «Шукасаптати» сияқты үнді жинақтары мен Орта Азияға әр түрлі жолмен келген «Калила мен Димна» және «Тотынама» тәрізді кітаптар. Мысал ертегілерінің көбінесе кезінде қазақтардың басқа түркі халықтарымен белсенді байланыс жасаған аймағы Оңтүстік Қазақстан мен Түркістаннан жазылып алынуы тегін болмаса керек» [4, 212], – деген пікірі өте маңызды.

Зияадин Нахшаби «Тотынамасының» дүниеге келген нақты мерзімі бізге белгілі. Кітаптың аяқталар тұсындағы өлеңмен жазылған соңғы сөзде «Хижрадан бері жеті жүз және отыз жыл өтті» [2, 331], – делінген. Парсы тілінен Е.Бертельс аударған «Тотынаманы» баспаға әзірлеп, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған Д.Бертельс шығарманың аяқталған мерзімі жаңа жыл санауымыз бойынша 1330 жыл деп көрсетеді [5, 334].

Нахшабидің «Тотынамасы» «Шукасаптатидің» жалпы желісіне ұқсас болғанымен, ол өзінің шығармасына «Тоты әңгімелерінің» өзге бір нұсқасын арқау етіп алған. «Тотынаманың» кіріспе сөзінде автор өзіне бір ақсүйектің арнайы келіп, елу екі әңгімеден тұратын әлдебір туындыны әрлеп-әдемілеп, өңдеп-жөндеп, артығын қысқартып, кем-кетігін толтырып, тартымды дүние жазып шығуды тапсырғанын айтады. Кейінірек шығыстанушы ғалым О.Акимушкиннің табанды зерттеуінің нәтижесінде мұның қандай шығарма екені белгілі болды. Зерттеуші 1973 жылы Тегеранда Шамсад-Дин Ал-е Ахмаддың XIV ғасырға тиесілі «Тотынама. Жауаһир әл-әсмар» («Тотынама. Түнгі жауһар-сырлар») атты қолжазбаны басып шығарғаны, бұл дүние Имад б. Мухаммед ан-Нааридің қаламынан туғаны, ол өз шығармасын Дели сұлтаны Ал-аддин Мұхаммед Сұлтанға арнағаны, туындының 713-715 / 1313-1316 жылдарда жазылғаны жөнінде мәлімет ұсынады [6, 305-306]. Кейін «Жауаһир әл-әсмар» орыс тілінде басылды (Парсы тілінен М.-Н.Османов аударды) [7].

«Жауаһир әл-әсмардың» елу екі түннің оқиғасын қамтитынына орай О.Акимүшкин мынадай дерек келтіреді: «Иранның халқы мен Үндістанның Оңтүстігін және Батыс жағалауын мекендеушілер арасында жауһар тастың саны 52 немесе 104 болғанда ғана өз иесіне бақыт әкеледі, пәле-жаладан сақтайды деген ежелгі сенім орныққаны белгілі. Бұл түсінік шығармасының атауын дастандардың саны арқылы тұспалдаған авторға да айқын белгілі болған» [8, 6]. Осы «Жауаһир әл-әсмардың» негізінде жазылған Нахшабидің «Тотынамасы» да елу екі түннің оқиғаларынан құралды. Ал «Жауаһир әл-әсмарға» да, «Тотынамаға» да сәл ілгеріде дүниеге келген үндінің теңдесі жоқ әдеби ескерткіші – «Шукасаптати» түпқазық болғаны айдан анық.

«Шукасаптати» мен «Тотынама» – бір тотықұстың жана түскен жас келінге айтатын әсерлі әңгімелерінің жиынтығы. Шаңырақ көтерген соң күйеуі алыс сапарға аттанған келіншек көп ұзамай өзге бір жігітке ғашық болады. Тоты әуейі келіншекті адал жолдан тайдырмау үшін оған әр түн сайын бірінен-бірі қызық хикаяларды баяндайды. Оның майын тамызып айтқан әңгімесіне елтіген мұңлық сыртқа шығуға ынғайланғанда үнемі таң атып кетеді. Тотықұс осылайша түрлі амал-айла қолданып, әсершіл әйелдің сұрапыл сезімін тұсаулап, күйеуі сапардан оралғанша аяғын қия бастырмайды. Бұл желі тек «Шукасаптати» мен «Тотынамаға» ғана емес, «Тотының әңгімелері» өзек болған барлық шығармаларға («Жауаһир әл-әсмар», «Тота Кахани», т.б.) тән. Тек әрқайсысының баяндау желісі, сюжеттердің ішкі даму жүйесі өзгешелеу.

Әлемдік классиканың үздік үлгілеріне айналған осы туындыларда биік моральдық құндылықтар, отбасылық қарым-қатынастар, адами қасиеттер дәріптеледі. Сонымен қатар, келеңсіз құбылыстар мен қолайсыз әдет-дағдылардың бетпердесі ашылады. Осы тақілеттес барлық шығармалардың басты кейіпкері – тотықұс күйеуі жоқта күнә жасамаққа оқталған жас әйелді еркіне жібермеу үшін таңғажайып тәсіл қолданады. Көңіліне алаң кірген келіншектің ниетіне халықтың сан ғасырлық тарихындағы рухани құндылықтарды, даналық пен ақыл-ойдың жоғары жетістіктерін, елді адалдыққа бастайтын әдет-ғұрып нормаларын қарсы қояды. Тіршілікте жаңсақ қадам жасау оңай болғанымен, адамды жат қылықтан арашалап алу өте қиын екендігін санаға сіңіреді. Бұл тұрғыдан алғанда, «Шукасаптатидің» де, «Тотынаманың» да өзегінде «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» қағидасы жатқанын көреміз.

Аталған әдеби ескерткіштердің сюжеттік жүйесі бұл тақырыпқа терең үңіліп, байсалды байыптамалар жасауға міндеттейді. Ежелден тамыр тартатын әңгімелердегі сюжеттердің сабақтастығы әр қырынан зерттеп-зерделеуді қажет етеді. А.Веселовскийдің тұжырымына сүйеніп, «Сюжеттер дегеніміз – образдылығына адам өмірінің белгілі актілері мен психикасы тұрмыстық болмыстың алмасып тұруы түрінде жинақталған күрделі схемалар» [9, 302], – деп бағамдасақ, әлем таныған әйгілі шығармалардың қиыннан қиыстырылған хикаяларының құрылымын салмақтап-саралаудың мейлінше маңызды екенін анық аңғарамыз.

Ежелгі үнді ескерткіштерін зерттеген ғалым П.Гринцер мұндай дүниелердің жанрын «жиіктелген (немесе тиіктелген) повестер (обрамленная повесть)» деп шартты түрде айқындап берген [10, 1]. Шартты делінгеніне қарамастан, бұл атау бүгінде ғылыми айналымға берік еніп, шығыстанушылар арасында қалыптасқан ұғымға айналды. Көп нұсқадағы «Тоты әңгімелерінің» қисапсыз сюжеттері бір-бірінен туындайтын «әңгіме ішіндегі әңгімелердің» тінін құрайды. Нахшабидың «Тотынамасын» зерттеген А.Алимардонов атап көрсеткендей, «Тиіктелген дастанның құрамына енген көптеген дастандардың композициялық құрылымы күрделі, өйткені олардың өзі 2-3 немесе одан да көп әңгімені құрайды. Соның нәтижесінде «Тотынаманың» тиіктелген дастанға кіретін 52 дастаны 119 ірілі-ұсақты шағын әңгімені қамтиды» [11, 22].

Енді осы екі шығарманың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына нақты тоқталайық. «Шукасаптати» тотының жетпіс әңгімесін қамтиды, ал «Тотынама», жоғарыда айтылғандай, елу екі әңгімемен шектеледі. Себебі, Нахшаби негізге алған нұсқаны әбден жетілдіріп, өз дүниесін барынша көркемдеп, ежелгі әдебиеттің інжу-маржандарымен байытып, қайта жазып шыққан. Көп нәрсені ойдан қосқан, сондай-ақ қажетсіз деген тұстарын мейлінше қысқартқан. Осыған орай, Зияаддин Нахшабидің өзі: «Мен елу екі әңгімені жаңаша өңдеп, қайта құрадым, жаңа тәмсілдер мен хикаялар енгіздім. Әңгімелердің үйлесімсіз тұстарын байланыстырдым, оның әрқайсысының басы мен аяғын әрлеп-әсемдедім, алуан түрлі сипат бердім» [2, 19], – деп атап көрсетеді.

«Шукасаптатиде» Харидатта деген көпестің Маданавинода деген ұлы Правхабати деген қызға үйленгені, оның берекетсіз тіршілік кешкені, соған қайғырған әкесін жұбату үшін Тривикрама деген брахманның өз үйінен тотықұс пен сәуегей қарғаны әкеп бергені жөнінде баяндалады. Көп ұзамай Маданавинода (Мадана) алыс сапарға аттанады. Прабхавати күйеуі кеткен соң Гуначандра деген жігітті ұнатып, онымен әуейі болғысы келеді. Тоты қас қарая сыртқа шығуға жиналған әйелді ғашығына жібермеу үшін, алдаусыратып, әңгімесін бастайды. Осы орайда, Зияаддин Нахшаби «Тотынамаға» негіз етіп алған «Жауаһир әл-әсмардың» («Түнгі жауһар-сырлар») оқиғалары хикаяның кейіпкерлері Саид пен Махшакардың төңірегінде өрбитінін еске сала кетейік. Бұл шығармадағы тотықұс сапарға аттанған Саид қайтып оралғанша Махшакардың көңілін аулап, таң қылаң бергенше түрлі әңгіме айтып, адалдықтың ала жібін аттауына кедергі жасап бағады. Ал «Тотынамада» Мүбәрәк деген саудагердің Маймұн деген ұлының Хұжасте деген қызбен бас қосқаны, Маймұнның базарға барып, мың динарға адамша сөйлейтін тотықұсты, оған қоса ұрғашы шарақты (қараторғай) сатып алғаны туралы сипатталады. Маймұн сапарға кеткен соң Хұжасте патша баласына ғашық болып, онымен кездескенше тағат таппайды. Тотықұс оның жолын бөгеу үшін елу екі түн бойы әңгіме айтады. Бұл әңгімелердің қай-қайсысы да – жұртты жалықтыратын жадағай дүниелер емес. Қатпары қалың, тағылымы терең хикаяттар өте тартымды баяндау желісіне бағындырылған. «Кімде-кімге өмір жолы оңынан туса, оның тағдыры сәтті болады. Әрбір адамның өмірі – өзінше бір айбарлы мемлекет. Адамға керегі – уақыт. Садақтың оғы кірістен шығып кетсе, ол қайтып келмейді. Босқа өткен уақыт – қолдан ұшқан құс, бастан тайған бақ. «Адам өмірінің ең



жаманы – қолдан кеткен уақыт» дейді халық мақалы» [12, 19], – деп парасаты пәлсапаның үлгісін сәт сайын аңғартып отыратын Нахшабидің шығармасы адами қасиетті санаға сіңіріп, тәрбие мен тәлімге жетелеп, биік таным тұрғысынан ой салады. Шығыстанудың мәңгілік мәйекті мұрасы ретінде танылған әсерлі әңгімелердің мән-мазмұны, көркемдік кестесі, өсиет-өнегесі әлемдік деңгейде мойындалғаны баршаға белгілі. Өйткені, теңдессіз туындыны қазақшаға аударған Ә.Қоңыратбаев пен Т.Қоңыратбаевтың тұжырымына сүйенсек, «Тотынама» орта ғасырдағы шығыс елдеріне кең тараған әйел мекерлігі мен қараулығын әшкерелейтін көркем шығармалар қатарына жатады. Ондағы хикаяттар бір ғана мысқыл, сатира емес, терең мағыналы ғибратқа толы. Кітап сонысымен де қымбат, көркем, тартымды» [13, 10].

Екі шығарманың да жалпы даму желісі бір болғанымен көркемдік шешімі әр түрлі. «Шукасапатидің» алғашқы әңгімесінде Прабхавати сүйіктісіне жіберуге ыңғай танытпағаны үшін қарғаға тұра ұмтылғанда, ол ұша жөнеліп, аман қалады. Ал «Тотынамадағы» Хұжасте көңілдесіне бару үшін рұқсат сұрағанда, қарсылық көрсеткен ұрғашы шарақты сол бойда ұрып өлтіреді. Шығарманың басындағы осы айырмашылық хикаяның аяғында да лайықты қисынын табады. «Шукасапатидің» соңында сапардан қайтып оралған Мадана келіншегіне кешірім жасайды. Себебі, Прабхавати тотықұстың өзіне жасаған қамқорлығын айтып, «Сен сапарда жүргенде біраз уақытқа дейін жоқтығыңды көп елемей, жалғыздыққа шыдап жүрдім. Бірақ кейін нашар пиғылды әйелдермен көңілдес болдым да, солардың тіліне еріп, басқа бір еркекпен жүргім келді. Мұныма сәуегей қарға риза болмай, мені бөгей беріп еді, мен оны ұрып, өлімші қылдым. Ал мына тоты жылы-жылы сөйлеп, мені жетпіс күн бойы үйден шығармай қойды. Мінеки, сөйтіп, менің іс жүзінде жасаған күнәм жоқ. Тек ойша күнә жасадым» [14, 97-98], – деп ақталып, күйеуінің алдында ағынан жарылады. Тоты да «Прабхаватиді кешірген жөн. Оның күнәсі жоқ. Бәрі ана жеңілтек құрбыларының кесірі» [1, 109], – деп оны жазадан арашалауға ниеттестік танытады. Одан әрі зайыбы екеуі бақытты ғұмыр кешеді. Оның есесіне, «Тотынамадағы» Маймұнның Хұжастеге үкімі қатал болды. Ол қайтып оралған соң, болған жайды баяндап берген тотыға ризашылығын айтып, бостандық беріп, келіншегінің басын шауып тастайды. Сосын өзі дін жолына біржола бет бұрып, оқшауланып, бұдан былай әйелсіз өмір сүреді. Мұны мұсылман дінінің зинақорлыққа ымырасыздығы мен әйел затының жеңілтектігіне қарсылығының көрінісі ретінде түсіндірген жөн болар.

Бір қарағанда оқиғаның өрбуі өте ұқсас көрінгенімен, екі әдеби ескерткіштің әңгіме айтылған түндерге өзек болған сюжеттері әркелкі. Шығарманың кіріспесі мен қорытынды бөлігі біркелкі десек те, ұзақ түндерде айтылатын әңгімелерде бір-бірін айна-қатесіз қайталайтын сюжеттер жоқтың қасы. Үндінің ежелгі ескерткіштеріндегі бірінен-біріне көшіп жүрген сюжеттер мұнда да түрлі нұсқада енгізілген. «Шукасапатидегі» кейбір сюжеттер «Тотынамада» бірнеше сюжетке бөлініп, тарамдалып кетеді.

Жалпы, «Шукасапатидің» әңгімелерінің көлемі өте шағын. Бұлардың бірқатарын таңды таңға ұрып айтатын ұзақ әңгіме деуге келіңкіремейді. Тегінде, шолтаң етіп тез аяқталатын қысқа сюжеттер бір кездегі ұзын-сонар хикаяның үзгі болуы да мүмкін. Бұған керісінше, «Тотынаманың» әңгімелері біршама ұзақ, тыңдаушыны еліктіріп, бірден сырлы әлемге бастап әкетеді. Шығарманың тартымдылығы Хұжастенің хикая қызығына беріліп, сүйіктісіне бара алмай қалатын халге түскеніне қапысыз сендіреді. Екі туындыдағы бір-бірін тура қайталамаса да, өзара төркіндестігі байқалып тұратын кейбір әңгімелер бастапқы тегінің бөтен еместігінен хабар береді. В.Кальянов тұжырымдағандай, «Шукасапатидің» ең ежелгі нұсқасы «Панчатантра» арқылы кірген кейбір әңгімелердің, мәселен, опасыз әйелдер туралы хикаялардың негізгі бастау көзі болуы әбден мүмкін» [3, 7].

Жекелеген сюжеттердің ұқсастығына, атап айтсақ, «Шукасапатидің» мен «Тотынама» оқиғаларының өзектестігіне мынадай мысалдар келтіруге болады.

«Тотынаманың» бесінші түніндегі әңгімеде көршілес қоныс тепкен тотықұстың балапандары мен түлкінің күшіктері бірге ойнайтыны туралы шағын сюжет бар. Олардың тым жақындасып кеткенінен қауіптенген тоты өзінің балапандарына: «Байқандар, қарақтарым, құс пен аң ешқашан дос болған емес. Махаббат, достық деген сезімнің түбі жаман емес, алайда есекке қарға, пілге маса дос емес» [12, 47], – деп ескертеді. Ақыры түлкі балаларының жоғалғанын тотыдан көріп, оның балапандарының мекенін аңшыға көрсетеді. Осыған мазмұны ұқсас сюжетті «Шукасапатидің» алпыс жетінші әңгімесінен табамыз. Мұнда маймыл мен дельфиннің достығы баяндалады. Дельфин әйелінің тіліне еріп, өзіне құрақ ұшып жүрген жазықсыз маймылды құрбандыққа шалғысы келеді. Бұл сюжет «суда жүретін жануарлар құрлықта өмір сүретін хайуанаттармен ешқашан дос бола алмайды» [1, 105] деген тұжырымға табан тірейді.

«Тотынаманың» аталған бесінші түніндегі тоты әңгімесінің кейіпкері – тағы бір тотының маймыл мен адамның достығы маймылдың өлімімен аяқталатыны туралы хикаясы [2, 52-53] да тартымды. Оның алдында маймыл әулетінің үлкендері кішкене маймылға: «Екі аяқты адам баласына үйір болма, ол достықтан сен пайда таппайсың. Бірде болмаса, бірде басыңа ажал сатып аласың» [12, 48], – деп ескертіпті. Ендеше, бұл «әңгіме ішіндегі әңгіменің» түйіні де алдыңғы қорытындылардан алыстамайды: «Тең теңімен, тезек қабымен» жүрсе ғана табиғаттың үйлесімі сақталмақ.

«Шукасапатидің» алпыс алтыншы әңгімесінде бір топ қаз аңшының құрған торына түседі. Үлкен қаздың үйретуі бойынша, қалған қаздар аңшы келген кезде өлген болып серейіп жата қалады. Аңшы оларды «өліп қалған екен деп» тастай салыпты. Қаздар, сөйтіп, құтылып кетеді [1, 103]. Тура осы сюжет «Тотынаманың» бесінші түніндегі әңгімеде кездеседі. Аңшының қолына түскен тотының балапандары тотының ақылы бойынша өлген құс секілді серейіп қатып қалады [2, 55]. Бірақ тек осы құстардың мергеннен айласын асырып кететін жері ғана ұқсас. Әр әңгімесі бір тұтам «Шукасапатиде» сюжет осымен бітеді де, «Тотынамада» әрі қарай жалғасады. Тотының шешен сөзіне, терең біліміне тәнті болған мерген: «Менің құрған тұзағыма

Гипократ пен Сократ бірдей түскен екен» [12, 50], – деп қуанып, оны алапес ауруына шалдыққан Камру патшасын емдетуге алып кетеді.

«Шукасаптати» мен «Тотынама» сюжеттерінің көпшілігі әйелдің қулығы мен айласының шексіздігін көрсетуге арналған. Әрине, мұның бәрі шығарманың басты кейіпкері – ғашығына асыққан әуейі келіншектің көңіл-күйіне ыңғайластырылғаны да белгілі. Әйтседе, шығыс әйелінің талайды таңғалдырған жұмбақ мінезінің қырық қатпарлы құпиясын таныту басты мақсат болған тәрізді. Түрлі нұсқадағы «Тоты әңгімелерінің» әйел кейіпкерлері тығырыққа тірелгенде тосыннан жол тауып, кез келген қиындықтан құтылады. «Шукасаптатидің» жиырма алтыншы әңгімесінде Ратнадеви деген жеңілтек әйелдің өзі тұратын Джалауда деревнясының бастығы Девамен де, оның ұлы Дхаваламен де көңілдес болғаны жөнінде баяндалады. Сол әйел күйеуі Кшемараджа келіп қалғанда, бір-бірімен кездейсоқ жолыққан көңілдерінің екеуін де құтқарып жібереді [1, 58]. Осы «Шукасаптатидің» отыз үшінші әңгімесінде Рамбхика деген әйел үйіне төрт көңілдесін – деревня бастығын, көпестің ұлын, стражникті, әскер басшысын жеке-жеке шақыратыны жөнінде айтылады. Олар бірінен соң бірі келе бастайды. Рамбхика оларды бір-бірінен жасырып, шетінен қамбаның ішіне тығады. Ақыры, төртеуі қараңғыда әлденеден шошынып, күйеуі Шанкара мен оның қонақтарының көзін атыздай етіп, сыртқа қашып шыққанда, Рамбхика тағы да тосын амал ойлап табады [1, 64].

«Тотынаманың» сегізінші түнінде осы сюжетті еске салатын бір әйелдің хикаясы бейнеленген. Сол әйел бояушының өзімен де, оның келбетті шәкіртімен де көңілдес болады. Бояушы үйіне кіріп келгенде, ол баланы жасырып үлгереді. Сол сәтте күйеуі келіп қалады. Әйел аяқ астынан айла тауып, екеуін де құтқарып жібереді [2, 74-75]. Бұдан байқайтынымыз, «Шукасаптати» мен «Тотынамаға» арқау болған сюжеттердің өзектестігі дау тудырмайды. Бұлар ежелгі бастауы, арғы тегі бір тәмсілдердің түрленген нұсқалары болуы мүмкін. Жалпы, әйелге көңілдерінің бірінен соң бірі келіп, соңында күйеуінің үстінен түсуі – үнді хикаяларында үнемі кездесетін дәстүрлі сюжеттердің бірі. Тек негізгі желі ортақ болғанымен, оқиғаның өрбу барысы, кейіпкерлердің құрамы ғана бөлек. Сонымен қатар, бұл әйелдердің көңілдерін құтқару тәсілдері де әр түрлі. «Шукасаптатидің» жиырма алтыншы әңгімесінің кейіпкері – Ратнадеви күйеуі келіп қалған кезде, Деваға ымдап үлгереді. Соны ұққан ол саусағын безеп, сес көрсетіп шығып кетеді. Мұның мәнісін сұраған күйеуіне: «Баласы әкесінен қашып келіп, осы үйге тығылды, әкесі оны іздеп келді, паналатуымның себебі сол», – деп, қайырымды адамның кейпіне ене қояды [1, 58]. Осы шығарманың отыз үшінші әңгімесінің кейіпкері Рамбхика ата-бабаларына арнап ас беріп жатқан күйеуі Шанкараны: «Сен оларға дін жолымен дұрыстап дұға бағыштамадың. Сондықтан бұл аруақтар аштыққа шыдамай безіп бара жатыр», – деп сендіреді [1, 65].

Ал «Тотынаманың» сегізінші түніндегі әңгімеде әйел күйеуі келіп қалғанда жанында абыржып тұрған бояушыға: «Қылышыңды жалаңдатып, біреуді айғайлап балағаттаған болып, үйден шығып кет» деп кеңес береді. Бояушы кеткен соң «Бұл кім өзі?», – деп сұраған күйеуіне былай дейді: «Ол өзі бір жынды адам. Одан құтылғанымыз жақсы болды. Отырсам, бір бала үйге жылап кірді де: «Ойбай, апа, мені бір жерге жасыра көршіз, артымнан бір жын ұрған адам қуып келеді», – деп өтініш айтты. Баланы мен төргі үйге тыға қойдым. Сол кезде қолына қылышын ұстап әлгі жын ұрған адам кіріп келді. Үйге кіріп, баланы іздей бастады. Бірақ оны таба алмады. Мен бұл үйге ешкім келген жоқ деген соң ғана оны балағаттап, үйден шықты да, қайта іздеп кетті» [2, 69].

Бұл – бір әйелдің кесірінен нақақтан күйіп бара жатқан патшаның баласын ажалдан құтқару үшін бірінші уәзірдің айтқан әңгімесінің оқиғасы. Ол «балаға жала жапқан әйелдің қулығына құрық бойламайды, сондықтан сабыр сақтап, әліптің артын бағайық» дегенді меңзеп, жаңағы мысалды көлденең тартады. Тегінде «Тоты әңгімелеріндегі» барлық хикаяттар белгілі бір мақсатты көздейді. Сегізінші түнде әңгімеленетін мысалдардың бәрі әйел затының адам айтқысыз мекерлігін әшкерелеп, оның табиғатын өзгеше қырынан танытады. Біреудің ғұмырын жалмайтын жәдігәйлік пен кесірлікке табандап қарсы тұруға үндейді.

«Шукасаптати» мен «Тотынамада» мынадай бір ұқсас сюжет бар. Алғашқы шығармада Лакшми деген келіншек Пурна деген әйелдің желіктірумен бір жігітпен көңіл қосқысы келеді. Сөйтсе, Пурна оны өзінің күйеуімен кездестіреді. Жолығам деген жігіті құдай қосқан қосағы болып шыққан Лакшми «оны шашынан жұлқылап, «Ой, алдампаз, суайт, сен әрқашан маған: «Менен басқа сүйерім жоқ» деп оттаушы едің. Енді мен сені әдейі сынап, сырынды білдім» деп, өн бойын ашу кернеп, тұлан тұта айқай салыпты» [14, 6]. Ал «Тотынамада» күйеуі алыс сапарға кеткен бір жүргіш әйел армансыз ойнап-күледі. Бір күні сапардан қайтқан күйеуі шаһардың сыртында аялдап, қыз-қырқынмен көңіл көтергісі келеді. Арада жеңгетай болып жүрген кемпір оны өз әйелімен кездестіреді. Сонда сасып қалған әйел дереу есін жинап алып, жұрт көзінше күйеуіне «өзге әйел іздеп жүрсің» деп кінә тағып, шу шығарады [2, 77].

Екі шығармадағы тағы бір ұқсас сюжет – әйелдің өз көңілдесін алдымен жақсылап бір қорқытып, соңынан құтқарып алуы. «Шукасаптатидің» он бірінші әңгімесінде Дабхила деревнясының бастығы Вилочананың әйелі Рамбхика бір жігітті туысым еді деп үйіне ертіп келіп, күйеуімен таныстырады. Өз ыңғайына бірден көне қоймаған жігітті ықтырып алғысы келіп, кенет қатты шыңғырып, айқай салады. Сол сәтте еденге сүтке шыланған тамақты төге салып, «Не боп қалды?» деп жетіп келгендердің алдында: «Мына жігіттің жүрегі қысылып, құсып жіберді, содан қорқып кеттім», – деп ақталады [1, 12]. Ал «Тотынаманың» сегізінші түніндегі төртінші уәзір айтатын әңгімеде әйел затының қулығын қағазға түсіріп жазып жүрген бір жігіттің хикаясы баяндалады. Ол бір әйелге жолығады. Сол әйел жігітпен көңіл қосқаннан кейін жұртты шақырып айқай салады. Келген кісілерге: «Мына жігіт ашқарақ екен, тамағына шашалып қалды. Сендерді соған көмектессін деп шақырдым», – депті. Жұрт кеткен соң «Сенің ана жазып жүрген дәптеріңде осы қулық бар ма? Мұны мен шығардым», – дейді [2, 79]. Екі сюжетте де оңаша отырған сәтте әйел тұтқиылдан айқайлаған соң

жігіттің зәресі ұшып, жаны мұрнының ұшына келеді. Екеуінде де оқиға әйелдің жұртты тыныштандырып, жігітті қасында қалдыруымен аяқталады.

Келесі ортақ сюжет мынау. «Шукасаптатидің» он бесінші әңгімесінде Шриядеви деген жүргіш әйел көңілдесімен ұйықтап жатқанда қайын атасы көріп қалып, келінінің аяғындағы білезігін шешіп алғаны бейнеленеді. Келіні ертеңіне «қасымда күйеуім болып еді» деп қайын атасына жала жабады. Бұл ойын іске асыру үшін талай айла-шарғы жасап бағады. Соңында қайын атасы өзі кінәлі болып қалады [1, 42-43]. «Тотынамадада» осы хикаят біршама қайталанады. Мұндағы әңгімеде қайын атасы бөгде еркектің қасында жатқан келінінің кебісін шешіп алады. Бұл жолы да сұрқия келін атасының сөзін жоққа шығарып, сүттен ақ, судан таза екенін «дәлелдеп» шығады [2, 81]. Екі сюжетте де келіншек аяғындағы дүниенің қолды болғанын біліп, дереу көңілдесін аттандырып, күйеуінің қасына барып жатып алады. Сөйтіп, атасына пәле жауып, өз қосағын куәлікке тартады. Тек дәлелдеу тәсілдерінде ептеген өзгешеліктер бар. Алдыңғы шығармада әйел өзінің «адалдығын» яқши құдайы мүсінінің аяғының арасынан өтуі арқылы танытады. Кейінгісінде қайын атасына күйеуін айдап салып, бет бақтырмайды. «Шукасаптати» мен «Тотынаманың ұқсастықтары мен өзгешеліктері мұнымен шектелмейді. Әдепкі бастаулары ежелгі шығармаларда жатқан сюжеттердің сілемдері сәт сайын кездесіп отырады. Мәселен, «Шукасаптатидегі» әйелдің «мен еркектердің бетіне қарамаймын» деп жүзін бұрып әкеткенде қуырылған балықтардың күлуі «Тотынаманың» жиырма үшінші әңгімесінде қайталама көрініс байқатады. Тек мұнда қуырылған балықтар емес, қуырылған құстар күледі. «Шукасаптатиде» бұл оқиғаның әуре-сарсаңы бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы әңгімелерді қамтиды. Сол секілді шын Вимала мен жалған Вимала («Шукасаптати»), шын Мансұр мен жалған Мансұр («Тотынама») туралы сюжеттер адал әйелді әлекке салу оқиғасындағы өзара ұқсастықтарды көрсетеді.

«Шукасаптати» мен «Тотынамадағы» екі баласын жетектеп орманда келе жатқанда кездескен жолбарысты алдап, ажалдан құтылған әйелдің іс-әрекеттері де өте өзектес. Ұқсастықтары – екі шығармада да күйеуімен ұрысып қалған әйел екі баласымен бірге жолбарыспен бетпе-бет келеді. Тек алғашқысында жолбарыс пен қасқыр, соңғысында жолбарыс пен түлкі әйелден кек қайтару үшін қосақтасып орманға барады. «Шукасаптатиде» жолбарыс пен әйел оқиғасы қырық екінші, қырық үшінші және қырық төртінші әңгімелерді қамтиды. «Тотынамада» отыз бірінші түндегі хикаят аясында ғана баяндалады. Үнді ескерткішіндегі екі баланың анасы Калахаприя жолбарысқа бірден дөң айбат шегіп, қорқытып-үркітеді. Ал Нахшаби шығармасындағы әйел жолбарысты алдап-сулап, сөзбен сылап-сипап, Омар ибн Әбу әл-Әзиз патшаның бір тағылымды бір ісі туралы тәмсіл айтады. Сонымен қатар, министр Пушпахаса («Шукасаптати», он бірінші әңгіме) мен әмір дастархандасының («Тотынама», жиырма үшінші түн) күлген кезде аузынан гүл төгілуі, Мандодари деген әйелдің раджаның тоты құсына жерік болып жеп қоюы («Шукасаптати», жиырма бірінші әңгіме) мен брахман әйелінің патшаның тауыс құсына жерік болып, оның өтін алып, дәріге қосып ішуі («Тотынама», он үшінші түн) төңірегіндегі сюжеттердің сарындастығы да көп ойға жетелейді. Екеуінде де аузынан қағынып, болған істі өзі айтып қойған әйел ұрлығы айқындалып, жағдайы қиындаған кезде «бұл баяндағанымның бәрі көрген түсім еді» деп құтылып кетеді. «Шукасаптатидің» елу екінші әңгімесінде министр Будхисараның қызы Джаяшри төрт жолаушының інжуді қайсысы ұрлағанын тауып бергені және «Тотынаманың» он бірінші түніндегі әңгімеде Бходжа-раджаның қызы меруертті ұрлаған адамды төрт жолаушының ішінен қалай анықтағаны туралы сюжеттер де өзара ұқсастығымен ерекшеленеді.

Жетпіс әңгімеден тұрғанымен «Шукасаптатидің» көлемі тым шағын. Өйткені, онда негізінен өте қысқа тұжырымдалатын шағын әңгімелер топтастырылған. Жалпы, бұл кітап кейде үзіп-жұлынған хикаяттардың жиынтығы секілді әсер қалдырады. Кейбір сюжеттердің өрбуіне қарап отырып, оқиға дамуының логикасын таппай қиналасың. Ал, керісінше, «Тотынама» шығыс пен исламның бүкіл құндылығын бойына сіңірген жауһар дүние екенін сәт сайын дәлелдей түседі. «Әйел мен тотықұстың диалогы «Тотынама» әңгімелерінің негізгі ұйымдастырушылық құралы болып саналады» [15, 270], – деген Х.Миннегуловтің пікірі осы тұрғыдан құнды.

«Тотынаманың» қазақ әдебиетіне ықпал-әсері – өз алдына бір бөлек әңгіме. Шығыс дастандары сөз өнеріміздің сипатын өзгертіп, оны жаңаша мән-мазмұнмен байытты. Тіпті одан әріге зер салсақ, «Қазақ ертегілеріне кезінде ел ішінде «Тотының тоқсан тарауы» болып жайылған «Тотынама» кітабынан бірталай сюжеттер ауысқан» [16, 40]. Демек, әрісі «Шукасаптати», берісі «Тотынама» болып таралған ежелгі ғаламат құндылықтар біздің әдебиетіміздің де маңызды мұрасы ретінде үнемі талданып-таразылана бермек.

#### Әдебиеттер

1. Шукасаптати. Семьдесят рассказов попугая. Москва: Издательство восточной литературы, 1960. – 130 стр.
2. Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути-наме). Москва: Наука, 1979. – 350 стр.
3. Кальянов В. Предисловие // Шукасаптати. Семьдесят рассказов попугая. Москва: Издательство восточной литературы, 1960. – 130 стр.
4. Қасқабасов С. Шығармалары. 1 том. Жаназық. Астана: Фолиант, 2011. – 568 бет.
5. Бертельс Д. Примечания // Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути-наме). Москва: Наука, 1979. – 350 стр.
6. Акимускин. О. «Тути-наме» и предшественник Нахшаби (К вопросу об индо-иранских культурных связях) // Средневековый Иран. Культура, история, филология. Санкт-Петербург: Наука. 2004. – 404 стр.
7. Имад ибн Мухаммад ан-Наари. Жемчужины бесед. Москва: Наука, 1985. – 399 стр.
8. Акимускин О. Забытые «Рассказы попугая» // Имад ибн Мухаммад ан-Наари. Жемчужины бесед. Москва: Наука, 1985. – 399 стр.
9. Веселовский А. Историческая поэтика. Москва: Высшая школа, 1989. – 406 стр.
10. Гринцер П. Санскритская «обрамленная повесть». Автореферат на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Москва, 1962. – 19 стр.

11. Алимардонов А. Зияудин Нахшаби и его «Тути-наме». Автореферат на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Душанбе, 1970. – 35 стр.
12. Зияаддин Нахшаби. Тотынама. Алматы: Жазушы, 1991. – 304 бет.
13. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. «Тотынама» – үнді ертегісі // Зияаддин Нахшаби. Тотынама. Алматы: Жазушы, 1991. – 304 бет.
14. Тотының тоқсан тарауы. Алматы: Жазушы, 1970. – 200 бет.
15. Миннегулов Х. Татарская литература и восточная классика. Казань: Издательство Казанского университета, 1993. – 384 стр.
16. Әбжет. Б. Түркі және иран халықтары ертегілеріндегі мифологиялық кейіпкерлер. Түркістан: Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ, «Тұран» баспаханасы, 2008. – 258 бет.

## **АТАМЕКЕН – ЖЕРМҰРАНЫ ЖОҚТАУШЫ**

**Әлбеков Тоқтар Кесімұлы**  
**М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,**  
**«Қолжазба және текстология» ғылыми-инновациялық**  
**бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты**  
**Алматы қ., Қазақстан**

Кеңестік кезеңде де, одан кейінгі тәуелсіздік жылдарында да еліміздің әдебиеттану ғылымын, әсіресе әдеби құндылықтардың тамырын терең зерделеп, оның ұлттық сипатын, көркемдік табиғатын жан-жақты айқындап, жас ұрпақтың санасына сіңіруге атсалысқан дарынды ғалымдар аз болмады. Халық мұраларының хатқа түсірілуі XIX ғасырдың аяғынан бері ғана бастау алып, біртіндеп қарқын алып, кеңестік дәуірде қалыптасып, ғылыми негізде жинақталып, жүйеге келтіріліп, текстологиялық сараптаулардан өтіп, мүмкіндігінше жарияланып, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясы сияқты бірегей басылымдарымен әлемге танылуы да – әр дәуірде өмір сүріп, ғылымда өзіндік өрнектерін қалдырып, сондарында өнеге-үлгі қалдырып, біртұтас дәстүр қалыптастырып, дамытқан бірнеше буын ғалымдардың еселі еңбегінің нәтижесі. Олардың әрқайсысы өздеріне тиіселі ауыр кезеңдерден өтіп, ғылымның ауыр жүгін көтерді, жастарға сенім артып, бірегей ғылыми орта, дәстүр, ұлттық мектеп қалыптастырды. Бұл үрдістің бастауында А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Х.Досмұхамедұлы сынды ұлт жанашырлары тұрса, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев сияқты тұлғалы ғалымдар араға алтын арқау болды. Ал Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова, Б.Адамбаев, М.Жармұхамедұлы, Ш.Ыбыраев, Б.Абылқасымов т.б. көрнекті фольклортанушылар халық әдебиетін жаңа ХХІ ғасырдың көк жиегіндегі тәуілсіз елдің ұлттық құндылығы ретіндегі маңызын айқындап берді. Қазіргі кезеңде осы мектептен қанаттанған К.Матыжанов, Т.Қоңыратбаев, Б.Рақым, Ш.Керім, С.Сәкенов сынды ондаған ғалымдар кейінгі буын өкілдерінің санынын да, сапасын да толықтырып отыр. Солардың бірі – біз төменде сөз еткелі отырған белгілі фольклортанушы, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереев.

Әдетте, ғылым адамының басты қасиеттері, әсіресе ой-санасы, ішкі өресі, мақсатшылдық ұстанымдары, адами қарым-білігі, дарын-қабілеті ата-ананың қанмен, балаң өмірдің аңсар-арманымен келетін болса, ал мамандық алып, алдына мақсат қойып, ғылымның сүрлеуіне түскен жастың жеке шұғылданып жүрген саласын толық меңгеруіне тек өзіне тән табандылығы, ізденгіштігі, мамандығына деген адалдығы, ең негізгісі, еселі еңбегі қажет болады. Шынайы ғалымға қатысты бұл қасиеттердің бәрі де Абат Шамұлының бір бойынан табылады. Ол ең алдымен, ұлы бабалардың киелі қоныстарының бірі Ойыл өңірінде туып, атақты Әжібай биді, Алтай, Аралбай батырларды, дарабоз-арулар Ботағзды, Байке мен Бикені жаратқан шұрайлы жердің топырағынан нәр алды. Күрескер ақын Шернияз Жарылғасұлы, ақ тарының атасы аталған Шығанақ Берсиев туып-өскен қасиеті өңірдің ауасын жұтып, Нұрсұлу Тапалова, Ишанбай Қарақұлов, Әнуар Дербісәлин, Рабиға Сыздық сынды өрелі өнерпаздар мен көрнекті ғылым қайраткерлерін қанаттандырған қарапайым да қастерлі елдің аялы алақанының жылуын сезіп өсті. Екіншіден, ана сүтімен дарыған еңбекқорлық, жауапкершілік, сергектік, талапқорлық секілді қабілет-қасиеттері оның ғылым жолына бет бұруына, талмай ізденуіне, ұзақ жылдар бойы біліктілігін жетілдіріп, қалыптасып, елімізге танымал фольклортанушы ғалым болуына себептігін тигізді.

Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтап, алғашқы қызметін ұстаздықтан бастағысы келген жас маман 1985 жылы Ақтөбе облыстық мектеп-интернатының есігін ашқан еді. Арада бірер жыл өткенде ұстаздыққа да, өтіп жатқан тынымсыз тіршілікке де көндігіп, ысыла бастаған мұғалім жігіт өзін ғылым саласында сынағысы келді. Сөйтіп, Ақтөбе педагогикалық институтының «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен методикасы» кафедрасына оқытушы қызметке ауысты. Осында жүріп алдымен филология мамандығына, кейін осы сала бойынша факультеттің ашылуына белсене араласып, өзі алғашқы декандардың бірі болды. Бірақ ғылымнан да қол үзбей жүріп атақты профессор М.Мырзахметовтың жетекшілігімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Осы алғашқы жылдардан бастап Абат Шамұлының ой-санасын туған жердің, Алтайдан қарт Каспиге дейін созылып жатқан ұлы даланың әрбір ойы мен жазығы, сай-саласы, тау-қыраты, өзен-көлі, тіпті тасы да қызықтырды. Соның әсерінен студенттермен бірге ел аралады, ғылыми іссапарларға барып, түрлі экспедицияларға қатысып жүріп

мекендік (топонимдік) фольклордың үлгілерін жинады. Оларды ғылыми жүйеге түсіріп, алғашқы еңбектерін жариялап та үлгірген зерттеушіні сырттай бақылып жүрген академик С.Қасқабасов ақыл-кеңесін айтып, бұл тақырыптың іргелі зерттеуге айналуына бағыт-бағдарлар берді. Нәтижесінде «Қазақтың топонимдік фольклоры» атауы таңдалып, ұзақ жылдар бойғы ізденістердің арқасында еңбек 2010 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының диссертациялық кеңесінде сәтті қорғалды.

Мәселен, бір ғана мекендік аңыздар (эпсаналар, хикаяттар, әңгімелер) белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын баяндайтын халық әңгімелері болғанымен, олар қазақтың ауызша тарихында айырықша орын алады. Себебі әрбір тау мен тастың атауы тегін қойылмаған, олардың жеке-жеке деректік аңызы бар. Олардың ұлт тарихын қалыптасырудағы маңызы өте зор. Академик С.Қасқабасов: «Топонимдік деп біліп жүрген аңыздарда да тарихи негіздер, фактілер болады. Ал тарихи деп жүрген аңыздарда топонимикалық мотив кездеседі. Аңыз жанрындағы шығарманың өзі емес, ондағы сарын ғана топонимдік сипатта болуы мүмкін. Сондықтан «топонимдік аңыз» деген атауды шартты түрде ғана алу керек те, оған белгілі бір жерге, мекенге байланысты оқиғаны баяндайтын әңгімелерді жатқызу қажет. Екінінші сөзбен айтқанда, топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау-тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен, немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [1,125], – деп алғаш рет мекендік аңыздардың халық прозасындағы рөлін, ғылыми сипатын ашып берді. Жаңа ХХІ ғасырдың басында ауызша тарихқа айырықша ден қойған профессор А.Сейдімбек топонимдік аңыздардың тарих сілемдеріндегі деректіліктің маңызы, тарихи шынайылығы жөніндегі толғанысын былайша білдіреді: «Туған жер төсіндегі алыс замандардан бері қарай тартылған ұрпақтар сабақтастығы, олардың дүние дидарына қандай талғаммен қарай білгені, табиғат сұлулығының алуан қырын қалай танып сүйсінгендігі географиялық атауларда тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Көне түркі жазуы қашалған Орхон ескерткішіндегі (VIII ғасыр) Ертіс, Селенгі, Қаракұм, Бұқар, Қаракөл, Көміртау сияқты жер-су атаулары бүгінгі күнімізге еш өзгерместен жетіп отыр. Сонау V-VIII ғасырдан жып-шырғасы шықпастан тозбай жеткен дәл осындай «ескеркішті» кезіктіре қою оңай болмас. Міне, топоним атаулының мән-маңызы осы тұрғыда назар аудартады» [2,73-74].

Мекендік аңыздармен терең таныса отырып, олардың кейбір үлгілерінде жер-су атауларының шығу тегі белгілі шынайы оқиғаларға, тарихта танымал болған тұлғаларға орайластыра баяндалатынын аңғару қиын емес. Мысалы, Абат Шамұлы жинаған «Кілемжайған» атты аңызда Кенесары хан әскерлерінің Кіші жүз аумағына шегінгенінде атақты Жанқожаның қарындасына үйленеді. Кейін өзге әйелдерінің күндестігінен әлгі тоқалдың зәбір көріп, ордадан аластатылады. Бұған ашуланған Жанқожаның айбатынан сескеніп, әрі сый-құрмет көрсеткен Кенесары оның алдынан кілем жайып қарсы алғандығынан аталған «Кілемжайған аталып кеткені айтылады [3, 143]. Ақтөбелік М.Әлмұратовтан 1959 жылы жазып алынып, кейін Абат Шамұлының қолына түскен тағы бір аңызда Кенесары мен Наурызбай Орынбор, Челябі өлкелерінің аралығындағы қазақтарды да көтеріліске жұмылдыру мақсатында әскери жорықтар жүргізеді. Алайда, бұл жерлерге қоныстанып алып, жерсініп кеткен шаруа-мұжықтар мен орыс-қазақтар қарулы қарсылық көрсетеді. Қалыптасқан жағдайға байланысты шұғыл іс-қимыл жасауға бейімделген, қарсыласына амал қалдырмайтын әскери әдіс-айла қолдануға машықтанған Кенесары Бреда станицасын мынандай тәсілмен басып алады: «Қазақ үйлерінен мысық жинайды. Түнде ел ұйқыға кеткен мезгілде елу мысықтың құйрығына майға батырған шүберек байлап, оған от тигізіп поселкеге қарай қоя береді. Майға малған шүберек лаулап жанып, жаны түршіккен мысықтар үй-үйдің түкпір-түкпіріне ыршып тығылып, поселкені өрт алады. Ұйқыдағы халық төсегінен жалаңаш-жалпы шыға қашып, поселке азан-қазан болады. Осы кезенді күтіп тұрған Кене ханның әскерлері оларды жусатып қырып салады. Бірлі-жарымдай болмаса, поселке түгел дерлік жанып кетеді... Осы күні сол Кенесары, Наурызбай өртеген Бреда станциясын қазақтар «Күйік» деп атайды [4].

Кенесары туралы келесі аңызда отаршылдардың аса мол, әрі қуатты әскерінің тегеуріне шыдамаған көтерілісшілер шегініп, Ақтөбе жағындағы Толыбай, Жантай өзендерінің сағасына барып бекінеді. Патша әскерлері Қойлыбай деген қарт батырды жолбасшы етіп алып, соңынан түседі. Қуғыншылар қос өзекте жатқан көтерілісшілердің үстінен шығып, кескілескен шайқас болады. Алғашында бірін-бірі ала алмаған қарсыластар екі жаққа шегініп, бекініске көшеді. Тұйықсыздан, шалт қимылдайтын Кенесары әскерлері ел аяғы басылған шақта жауды елеусіз ту сыртынан келіп шабуылдайды. Қауіпсіз жатқан орыстар кәпелімде сасып қалып, тым-тырақай қаша жөнеледі. Қойлыбай биік төбенің басындағы қоста жалғыз қалады. Наурызбай бастаған бір топ сарбаз жетіп келіп, қимылсыз отырған қартты найзаға іліп көтеріп, орыстар кеткен жаққа лақтырады. Іле-шала жеткен Кенесары: «Бала, мұның қате болды. Жасы жеткен зиянсыз шал еді», – деген екен. Кейін әлгі жер «Қойлыбай төбесі», шайқас өткен сай «Қойлыбай қырғыны» аталыпты [5].

Бұл мысалға алынған аңыздар тек қазіргі Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданының аумағында өткен және көрсетілген жер-су атаулары өзгеріске түспей, бүгінге дейін қалпын сақтап қалған. Кенесары хан бастаған көтеріліс 1837-1840 жылдары Орта жүз, 1841-1845 жылдары Кіші жүздің Торғай мен Ырғыз өзендері аумағын, 1846-1847 жылдары Жетісуды, Іле мен Алатау өңірлерін шарпып, бүкіл Қазақстан көлемінде мойындалып, отаршылдыққа қарсы жүргізілген ұлт-азаттық көтеріліс 10 жылға созылған тарихи оқиға болғандығы баршаға мәлім. Жоғарыда көрсетілген жер-су атауларына байланысты аңыздар азатты, әрі азапты жылдардың бір белгісі ретінде жұрт жадында сақталып қалған. Топонимдердің саны – қазақ жерінің көлеміне сай ұшан-теңіз және олар бейберекет қойыла салмаған, әрбір атаудың тарихы, өзіне тән оқиғасы бар. Профессор А.Пангереевтің пікірімен тұжырымдағанда: «Жалпы, топонимдік аңыз ең алдымен, халық санасынан орын тепкен белгілі бір

жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткендігіне жауап іздеуден бастау алады» [6,152].

Қысқаша шолуда Абат Шамұлы өмір бойы жинаған аңыздардың тек Ақтөбе өңіріндегі Кенесары ханға қатысты қойылған жер атауы жөніндегі үш-ақ аңызға көңіл бөлінді. Ал бір ғана Кенесары мен Науырызбайға қатысты Қазақстанда қаншама жер атауы және оған қатысты аңыз-әңгімелер бар екендігін ғалымның қаламынан туындаған еңбектермен тереңірек танысу арқылы танып-білуге болады деп ойлаймыз. Осы ретте ғалымның ұлы даланың жер-суына байланысты жазған еңбектерін, әсіресе «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» монографиялық зерттеуін зерделей отырып, олардың өзектілігіне, ғылыми-теориялық негідеріне қысқаша болса да тоқталып өткенді жөн сияқты. Біріншіден, кейінгі жылдарға дейін халықтың ой-санасында, руханиятында танымдық, тарихи-деректілік, көркем образдық сипатымен сақталып қалған топонимдік фольклордың үлгілері бір ортаға жиналып, ғылыми жүйеленіп, іргелі түрде арнайы зерттелмеді. Сол себептен де бұл мұралардың көпшілігі жалпы оқырмандарға да, ғылыми ортаға да беймәлім болып келді. Тақырып жан-жақты зерттеліп, оған қатысты ондаған ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар басылым көргеннен кейін бұл еңбектер қарапайым өлкетанушылардың, жоғарғы оқу орындары студенттерінің, әдебиеттанушылардың, фольклортанушылар мен тарихшылардың арасында тың жаңалық ретінде қабылданып, тіпті ТМД елдері ғалымдарының тарапынан да оңды пікірлер білдірілді. Екіншіден, іргелі зерттеу барысында халық жадында сақталып қалған топонимдік әңгімелердің жанрлық ерекшеліктері айқындалып, ғылыми сипаты нақтыланды. Әсіресе, оның аңыз, эпсана, хикаят, әңгіме түріндегі үлгілері жеке-жеке қарастырылып, өзге де фольклорлық жанрлармен байланысы, эпостық туындылардағы, әсіресе дастандардағы, тарихи жырлар мен өлеңдердегі қолдану аясы жан-жақты ашылды. Үшіншіден, жер-су атаулары туралы халық шығармаларының ел тарихына қатыстылығы, әр кезеңдерде өмір сүрген хан-сұлтандар, би-шешендер, батыр-бағландар, ақын-жыраулар сынды танымал тұлғаларға, қоғам қайраткерлеріне байланыстылығы терең зерделеніп, олардың ұлттық тарихта алатын орны дәлелденді тұжырымдар негізінде айқындалды. Сөйтіп, ілгергі кезеңдерде бұл тақырып тіл білімінің негізінде, әдебиеттану саласында зерттеліп келген болса, бұл еңбекте ғалым топонимдік мұраларды ұлттық фольклордың құрамдас бөлшегі ретінде қарастырып, ғылыми дәлелдеп, қазақ фольклортануында алғашқылардың бірі болып «топонимдік фольклор» деген ұғымның негізін қалады.

Профессор А.Ш.Пангереевтің кеңестік идеологияның салдарынан ел жадынан шыға бастаған ілгергі-бергі ақын-жыраулардың, жыршылардың, тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына деген қызығушылығы балалық шағынан бастау алды. Кейін студенттік, ұстаздық кезеңдерінде де олардың мұраларын жинау жұмыстары жалғасын тауып, бірте-бірте зерттеу нысанасына айналдырды. Олардың арасында «Ш.Бөкеевтің өмір туралы толғаулары», «Исатай – Махамбет көтерілісіне байланысты туған өлең-жырлар», «Шекті Мөңке бидің ғибраттары», «Алқалаған алты әлім, айтпаған сөзін қате деп...» (Сарышалақ шайырдың туғанына 140 жыл толуы қарсаңында), «Қалың жұрт Шерниязды ұмытты ма?», «Әжібай би мен Арал батыр тұлғасы: аңыз бен ақиқат», «Ақындық тағдыр: үндестік пен жалғастық» (Б.Күлеев пен С.Торайғыров шығармашылығы негізінде), «Мағжан мен Бернияз шығармашылығындағы ұлт тағдыры», «Бернияз және Абай шығармашылығының сабақтастығы», «Б.Күлеев пен Рудаки шығармашылығындағы табиғат лирикасы», «Бернияз Күлеев поэтикасы», «Шернияз шығармашылығы Қ.Жұмалиев зерттеулерінде», «Шернияздың шешендік сөздері», «Шернияз дүниетанымындағы экзистенциалдық сарын», «Шернияз және оның дәуірі» т.б. ондаған зерттеулер кездеседі. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультетінде қызмет атқарған 30 жылдың көлемінде Абат Шамұлының атқарған еңбегі орасан зор. Студенттерге дәріс оқып ұстаз атанды, кафедра меңгерді, декан лауазымын атқарды, қазір де «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі міндетін атқарып келеді. Бірақ ол еш уақытта іргелі ғылымнан қол үзген емес. Ол ұстаздық пен лауазымдық қызметтерді атқара жүріп «Жер-су атауларының поэтикасы», «Шекті Мөңке бидің ғибраттары» (Ж.Асановпен бірге), «Әдебиет және топонимика», «Бернияз Күлеев поэтикасы» (А.Абдуллимамен бірге), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері», «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік негіздері», «Қазақтың топонимдік фольклоры», «Фольклордың ұлттың негіздері», «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» сияқты монографиялық еңбектер мен оқу құралдарын жазды.

Абат Шамұлы – бойына бірнеше қасиеттерді тоғыстыра білген ерекше дарын иесі. Оның жалпақ жұрт біле бермейтін ұстаздық, ғалымдық, қайраткерлік, азаматтық, адами қырлары арнайы айтылуға тиіс. Ал әдеби мұраларды жинаудағы, фольклортану саласындағы, әсіресе атамекен – жер-мұраның жоқшысы ретіндегі қажырлы еңбегі осы мақалада қысқаша болса да аталып өтті деп есептейміз. Ғалым алдағы кездерде фольклортануда да, жас ұрпақты тәрбиелеуде де нәтижелі еңбектер атқара беретініне сеніміміз мол. Басып өткен ғалымдық, ұстаздық жолы Абат Шамұлын бүгінгі қазақ зиялыларының қатарына қосты. Ғылым жолындағы әріптес, қанаттас, әріптес-досыма зор табыстар тілеймін!

#### **Әдебиеттер**

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985.
2. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981.
3. Бабалар сөзі: Жұзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т. 80: Топонимдік аңыздар.
4. ӘӨИ. 339-бума, 4-дәп.
5. Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: «NOBEL», 2014.

## ПРОФЕССОР ПАНГЕРЕЕВТИҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ӘЛЕМІ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БИІГІНДЕ

**Нариман Нұрпейісов**  
**Филология ғылымдарының кандидаты, доцент**  
**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті**  
**кешкі оқыту және дайындық факультетінің деканы**  
**Шымкент қ., Қазақстан**

Абат Шамұлы қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының алғы сапында тұрған белгілі ғалым. Бұл күндері алты белес алпыстың төріне озғалы тұрған ғалымның өнегелі өмірі мен өнер жолы бай әрі тағылымды, жас ұрпаққа үлгі. Ол 1959 жылы 25 қаңтарда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосында дүниеге келген. Ойыл қазақ орта мектебінде білім алған жас өз еңбек жолын 1976 жылы Ойыл балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы болып бастады, одан әрі Германиядағы Кеңес армиясы қарулы күштерінің қатарында (1977-1979) азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін аудандық дене шынықтыру және спорт комитетінің төрағасы болып еңбек жолын жалғастырды.

Білім мен ғылымға деген құштарлық жас талантты Сарыарқа төріндегі көмірлі қала даңқты Қарағандыға алып келді. 1980-1985 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің (қазіргі Е.Букетов атындағы) филология факультетінде оқып жоғары білім алған ол университетті ойдағыдай бітіргеннен кейін Ақтөбе облыстық білім беру басқармасына жолдамамен келіп, облыстық мектеп-интернатта (қазіргі М.Құсайынов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат) тәрбиешілік, ұстаздық қызмет жасаған. Көп уақыт өтпей-ақ Ақтөбе педагогикалық институтына (қазіргі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті) психология және педагогика, бастауыштың оқытудың педагогикасы мен методикасы кафедраларында оқытушылық қызметте еңбек жолын жалғастырды. Жас маман «жыл келгендей жаңалық» әкелді, институтта қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы ашылды, азаттықтың алғашқы қарлығашы келе бастады, көп уақыт өтпей қазақ филологиясы факультеті дүниеге келді. Абат Шамұлы егемендікке ұмтылған елінің, оқу ордасының аманатын алға сүйреді, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор қызметтерін әр жылдары абыроймен атқарды. Жоғары оқу орнының ұстазы болу үшін білім мен ғылымды қос-қабат алып жүру керек екені аян, ендігі ретте ғылымның қия шыңына ұмтылуды биік мақсат, ұлы мұрат етіп алға қойған ол бұл салада да тынбай еңбектеніп, ұдайы алға ұмтылды. Алғашында Алматы қаласындағы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми-зерттеу бағытындағы тағылымдамадан өткен жас ізденуші М.Мырзахметовтың жетекшілігімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация (1997) қорғады, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алып ғылым шыңын бағындырды. Жас ғалым биікке самғады, одан әрі Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың кеңесшілігімен «Қазақтың топонимдік фольклоры» тақырыбында докторлық диссертациясын да (2010) сәтті қорғап шықты.

А.Ш.Пангереев ұстаздық қызметпен қатар қоғамдық жұмыстарда да белсенді. Бірнеше жылдан бері Ақтөбе облысының ономастика комиссиясының мүшесі ретінде қала және облыс аумағындағы елді мекен, көше атауларына ұлттық ұғымға сай атау беру жөнінде тынбай еңбек етуде. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі ретінде ол бұқаралық ақпарат құралдары бетінде танымы, тағылымы мол мақалалар жазып, хабарлар тарату жөнінде де қалтқысыз қызмет жасап, елге еңбек етіп келеді. Ол жас ізденушілерге білім мен ғылымның қия жолында бағыт беретін ғалым, азғана жылдың ішінде А.Ш.Пангереевтің жетекшілігімен 20-ға жуық магистрлік диссертациялар қорғалған. Қазір оның жетекшілік жасауымен 2 докторант PhD докторы академиялық дәрежесін алу мақсатында ғылыми диссертация жазу үстінде. А.Ш.Пангереев жастар тәрбиесіне байланысты қоғамдық қызметтері және кәсіби білікті мамандар даярлаудағы ұзақ жылғы қажырлы еңбегі мен ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс арқалаған азамат, атап айтқанда Облыстық білім беру және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасымен, Ақтөбе қаласы мен облыс әкімінің алғыс хатымен, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» төсбелгісімен, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрметті профессоры» медалімен, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне 50 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен және «Университетті дамытудағы еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған абыройлы ұстаз, білікті ғалым.

Жылдар бойы ғылымның қиын да қия шыңында жүрген ғалым Абат Шамұлы еңбекқор жан, жарық көрген ғылыми кітаптары аз емес. Әдебиеттанушы ғалым А.Ш.Пангереевтің ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен алғанда фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топономастика мәселелеріне арналған. Ғалымның «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Әдебиеттануға кіріспе» (2018), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік негіздері» (2018) атты оқу құралдары, «Шекті Мөңке бидің гибраттары» (1998), «Бернияз Күлеев поэтикасы» (2009) атты әдеби-зерттеу еңбектері, «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014) «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) атты монографиялары «Қазақтың топонимдік фольклоры» (2018) электронды оқу құралын жариялаған. Ғылыми мақалалары отандық басылымдарда, сондай-ақ Польша, Чехия, Румыния, Бразилия, Қытай, Ресей басылымдарында үзбей жарияланып келеді.

Абат Пангереев зерделі ғалым, қаламы жүйрік журналист, аты алтын әріппен жазылатын ұстаз. Біздің бүгінгі мақсатымыз ғалым Пангереевтің әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі, алар орны, осы бағытта жазылған

еңбектерінің кейбіріне хал-қадірімізше ой айтып, пікір сабақтағанды дұрыс деп санадық. Алғашқы пікірді ғалымның ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде дүниеге келген «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) атты монографиялық еңбегі жайында бастадық. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған монография көлемді, 20 б.т. астам, 334 бет көлемінде. Пікір жазғандар республикаға танымал филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Молдаханов пен Ж.Асановтар. Монографиялық еңбек дәстүрлі кіріспе мен қорытындыдан бөлек «Жер-су атаулары және ұлттық фольклор», «Жер-су атауларының халық прозасы жанрларында қолданысы» және «Жер-су атауларының қазақ эпосы, тарихи жыр және тарихи өлеңдердегі атқаратын қызметі» атты үш тарауды қамтыған. Тараулардың өзі одан әрі бірнеше тараушаларға бөлініп, іштей жіктеле түскен. «Жер-су атаулары және ұлттық фольклор» атты алғашқы тарауда жер-су атауларының ұлттық фольклормен байланысы, топонимдік фольклор жанры: қалыптасуы мен дамуы, топонимдік фольклор жанрларының орындалу қызметі т.б. мәселелер кеңінен қамтылған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өткен жылы ғана жарық көрген тарихи еңбегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған аса күрделі мәселелердің бірі «Туған жер» бағдарламасы болғаны аян. Ал енді күні кеше ғана жарияланған «Ұлы даланың жеті қырында» «дала фольклорының антологиясын» жасау мәселесі кеңінен қозғалды. Ұлт Көшбасшысының тарихи мәні зор еңбектеріне айырықша зер салып жатуымыздың себебі әдебиеттанушы ғалым А.Пангереевтің «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» атты монографиялық еңбегінде туған жер тағдыры мен фольклортану әлемінің ұлттық руханияттан алар орны жайында жан-жақты зерделеніп, ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, жаңаша көзқараспен баяндалған. Ғалымның өз пікіріне жүгініп көрелік. Ол былай дейді: «Ұлттық руханият дегенде халықтың телегей теңіз мол рухани мұрасы – фольклорды айтамыз. Халықтың бағзы замандардан бергі қалыптасқан осы рухани қазынасы, тарихи жады, өткен өмір көшіне байланысты таным-түсініктері жер-су ұғымымен байланысты. Өйткені жер-су дегенде тек қана географиялық атаулар емес, сонымен қатар отан, атамекен, кір жуып кіндік кескен туған жер ұғымдары еске түседі». Тұңғыш Президентіміз айтып жатқан аманаттарға дер кезінде үн қосып, ғылыми зерттеулер жазып, жас ұрпақ үшін тарихи сананы жаңғырту жолында аянбай етіп келе жатқан Абат Шамұлының бұл пікірлері рухани жаңғыруды жүзеге асыратын ғылыми тұрғыдан құнды дүниелер. Осы ретте аталған кітап жайында белгілі ғалым, абайтанудың академигі М.Мырзахметов: «Міне, осы топонимикалық қабаттардың отаршылдық қабаттардың отаршылдық зорлыққа негізделіп өзгеріске түскен ғасырларға созылған ұзын ырғасын туған әдебиетімізде өз көрінісін де тауыпты. ...Осы мақсат тұрғысынан келіп қазіргі қазақ әдебиеті саласында талантты ғалым Абат Пангереевтің әдебиет және топонимика тақырыбы бойынша кітабын шығаруы – соны бастама деп білеміз», – деп пікір айтуы да көп жайтты аңғартады.

Ғалымның ұзақ жылдардан бері талмай зерттеу жасап келе жатқан аса күрделі мәселелерінің бірі фольклор мен топонимика байланысы. Үстірт қарағанда байқамауымыз да әбден мүмкін және екі ғылымның арақатынасына терең үңілмей, байланысы жайында жете білмейтініміз де жасырын емес. Фольклор мен топонимика байланысы жайындағы ғалым пікірінің ғылыми қуаты ерекше. Ол былай деп тұжырым жасайды: «Фольклордың осындай көп қырлы сипаты, дүниенің, болмыстың, заттың, яғни айнала қоршаған ортаның мәнін түсіндіріп, мағынасын ашып көрсетудегі қуаты оның жанрлық жүйеде үздіксіз даму тенденциясын дәлелдеп бере алады. Фольклордың осындай мүмкіндіктерінің қатарына оның топонимикамен байланысы, сол байланыс-бірлік арқылы туындайтын топонимдік фольклордың жанрлық түрлері айқындалады. Және де бұл ғылыми пәндердің байланыстылығы өзінен-өзі көрініп тұр деп те айта аламыз. Өйткені фольклор сюжеттерінде сипатталатын жер-су атауларын алып тастар болсақ, не болмаса оларға мән бермей өте шығар болсақ, онда ол сюжеттер жалпылай абстракцияға ұшырап оқиға тарихи тұрғыда баяндалғанымен әйтеуір нақтылы мазмұндалу жағы жетімсіздеу болар еді», – деп бір түйсе, одан әрі: «қазақ фольклорының негізгі ерекшеліктерінің бірі – осы жер-су атаулары арқылы көрінетін халықтық танымға негізделеді. Фольклор ұлттың рухы, тарихи жадының куәсі, ұлт тарихының айнасы деп білсек, онда бұл екеуі ажырамас бірлікте екені аян. Сондықтан фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшелігінен туындайтын құбылыс деп білеміз», – деген ғылыми байлам жасайды.

Зерттеудің «Жер-су атауларының қазақ эпосы, тарихи жыр және тарихи өлеңдердегі атқаратын қызметі» деген тақырыпты қамтитын үшінші тарауының да жүгі ауыр. Бұл ретте ғалымның өзі былай деп ой бөліседі: «фольклордан шындық іздеу» көп ретте дұрыс емес те болар. Алайда ежелгі қытай жазбалары немесе бертіндегі орыс жылнамалары сияқты өткен өмір көштерін танытатын айқын дәлел-дерегі жоқ халықтар атадан балаға мирас болып келген халық ауыз әдебиеті үлгілеріне, шежіре деректеріне кей жағдайларда сүйенбей тұра алмайды. Әсіресе, ел арасында кеңінен тараған эпостық жырлар өткен тарихты сипаттауда фольклордың басқа жанрларына қарағанда нақтырақ сипатта екендігі байқалады». Бұл пікір шындыққа әбден жақын, бабаларымыз өз тарихын шамасы жеткен жерде тасқа қашап жазды, ал басым бөлігі сөз өнерінде, соның ішінде ауыз әдебиеті мұраларымен, фольклормен жазылды. Ғалым «Алпамыс батыр», «Едіге батыр», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырлардағы тарихи жағдайларға терең үңіліп, зерделеп, ел тарихының өткен кезеңіне жаңаша көзқараспен қарайды, ол тарихтан тағылым алуға шақырады, ол жырларда суреттелетін оқиғалардың дені тарихи кезеңнің бір бөлшегі ретінде санайды. Жасырын емес, өткен тарихқа көп жағдайда күмәнмен қарадық, ал енді ауыз әдебиеті мұраларына тіпті мән бермедік, аңыз ретінде ғана қабылдадық. Жаңа дәуір, азат ел тарихының көзқарасы тұрғысынан жазылған зерттеу кітабы жайында: «Тарихи жырларда топонимдердің оқиғаның шындық сипат алуына тигізер әсерін айқындап, оны тарихи жырларды, әсіресе Кенесарыға, Исатай-Махамбет



көтерілісіне арналған шығармаларды талдай отыра көрсеткен. Тарихи өлеңдерде топонимдік атаулардың атқаратын деректілік қызметін де аша білген», – деп академик С.Қасқабасов өте жоғары береді.

Тәуелсіздік дәуірінің азат рухындағы зерттеуші Абат Шамұлы біз аңыз деп, ауыз әдебиеті мұралары деп келген тарихи жырлардың жаңа қырларын танытуға шындап бет бұрған. Жер-су атауларының тарихи сипаты, фольклормен байланысы, т.б. сан алуан мәселелерді тереңінен қозғап, жас ұрпақ санасына сәуле себетін ғалымның тағы бір ерекше мән берген саласы «Жер-су атауларының эпос қаһарманының тарихи тұлғасын анықтаудағы қызметі». Бұл жайында: «Қобыландының өзі тарлан тұлға, ал «Қобыланды батыр» жыры – халқымыздың үлкен мәдени ескерткіштерінің бірі, ұлт рухының күштілігінің айқын айғағы. Қобыландының өмір сүрген тарихи кезеңін анықтау мақсатында жер-су атауларын пайдалана отырып, эпикалық қаһарман мен тарихи тұлға мәселесін де қарастырдық. Өйткені осыған дейінгі зерттеулерде негізінен эпикалық қаһарман, оның эпостағы тұлғасы, эпос бойынша батырлық қимылдары қаралды. Оған сын айтуға да болмас дейміз, себебі заман басқа. Қазіргі егеменді ел болған, ұлттық рухани мұраларымызды түгендеген кезеңдегі жағдай басқа. Сондықтан қазір эпикалық қаһарманның тарихи негізі бар ма деген мәселе көтерудің ғылымға жаттығы жоқ. Бұл жөнінде Қ.Салғариннің пікірі де құлақ асуды қажет етеді: «Қазақтың батырлар жырларының кейіпкерлерін тек әдеби кейіпкер деп қана қарау – қазақ халқының нағыз болмысына бойлай алмаған, салт-дәстүрін білмейтіндердің жаңсақ пікірі. Шын мәнінде батырлар жыры – өз кезеңінде болған батырлардың есімдері арқылы сол кезеңнің бүкіл тарихы жазылған құжат». Олай болса «Қобыланды батыр» жыры да бір кезеңнің тарихының құжаты бола алатын құнды дүние екені даусыз». Ойымыз дәлелді болуы үшін сілтемені толығырақ келтірдік және ғалым Пангереев өзге тарихшылар айтқан дәлелді пікірлерге сүйенеді, өз ойының үндестігін айғақтайды. Қ.Салғарин қазіргі таңдағы алдыңғы қатарлы тарихшы екені мәлім, сол себепті де тарихи жырлардағы кейіпкерлер жайлы тым келте ойлап, бар дүниені бағалай алмай, немесе тарихына терең үңіліп, тарихи шындықты қалпына келтіруге құлқымыз болмады. Ақтаңдақтар айқындалып келеді, Қ.Салғарин, А.Пангереев т.б. ғалымдардың тың бағыттағы зерттеулері бұл пікіріміздің дәлелі.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының алғы сапында тұрған профессор Абат Шамұлының зерттеу объектісі өте бай, әсіресе соңғы уақытқа дейін іздеушісі болмай немесе күні кешегі кеңестік жүйе орнатқан салқын саясаттың зардабынан жапа шеккен тұлғаларды әдебиеттану әлеміне енгізу үшін аянбай еңбек етіп келеді. Осы орайда ең алдымен ғалымның «Бернияз Күлеев поэтикасы» (2009) атты әдеби-зерттеу еңбегін айырықша атап көрсетуге болады. Қысқа ғана ғұмыр кешкен, бірақ соңына өлмес әдеби мұра қалдырған аяулы ақынның шығармашылық өнері, сонымен қатар талантты ақынның хакім Абай, құйрықты жұлдыздай жарқ етіп өмірден өткен ақын С.Торайғыров, қазақ поэзиясының падишасы М.Жұмабаев шығармашылығымен әдеби байланысын, рухани үндестігін жан-жақты зерттейді. «XX ғасыр басындағы әдебиеттің қоғамдық ерекшелігі – халықтың санасын оятып, білім-ғылым алуға шақырды», – деп пікір сабақтаған зерттеуші одан әрі ақын Бернияз Күлеев халықтың зары мен мұңын айтатын ақынның біршама өлеңдеріне талдау жасайды. Мысалы:

Ойласам, жүрегіме түз сепкендей,

Өсірген надандықпен сорлы бойды, – деп, қаумалаған қалың қазақты надақтықтың қара шекпені басып, үнжұрғасын түсіріп жүргенін айтады. Немесе «Қазақ қызы» өлеңінде:

Қалкып жүрмін құлаш ұрып мінекей,

Надандықтың дариясынан шыға алмай.

Өнер-білім бізге де бір қонар ма?

Жемісіне ішім-сыртым толар ма?, – деп, қазақ әлі «надандық дариясынан» шыға алмай, батып бара жатыр, «басқа жұрт аспан-көкке асып жатып, кілтін де өнер-білім ашып жатқанда» (М.Жұмабаев), біздің халық оған қиналмаса керек. Ал Сұлтанмахмұт:

Анау қырда татар тұр.

Басқалармен қатар тұр.

Мынау ойда қазақ тұр,

Қастарында азап тұр, – деп өздерінен татарлардың озып кеткендігін, «ұйқысы көп, ояу аз» халықтың ұйқысын ашпаса басқа ұлттарға мазақ, күлкі болатынын ескерте келе:

Бүгіндегі жастарға оқу міндет,

Тек қана оқуменен өнер білмек.

Үмітпенен жоқ қуған

Талабы алда баламыз.

Басқалар жоғын тапқанда,

Біздер қайтіп қаламыз.

...Ойыңды енді азат қыл,

Қалсын былай балалық, – деп келетін және бұдан да басқа өлеңдерінде бар қазақ жастары бірігіп, қызмет қылып, надандықтан құтылалық:

Болса егер ойларыңда соңғы мақсат

Еш мұндай болмас еді артта қалмақ, – деп, «өнер тұқымын» егуге, жарыққа қарай келуге шақырады.

Пангереев Абат Шамұлының зерттеу кітаптары ондап саналады, сол еңбектердің бір парасы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралдары. Олай болатын себебі ғалым ұзақ жылдар бойы Ақтөбе өңіріндегі бірегей оқу орындарының бірі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде ұстаз-оқытушы болып еңбек етіп келеді. Ғалым оқытушының «Әдебиеттануға кіріспе» атты кітабы да ерекше назар аудартады. Филологиялық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнының студенттеріне арналған оқу

құралы мемлекеттік стандарт талаптарына сай әдеби даму заңдылықтарымен және әдебиеттің теориялық жүйесімен таныстыру, көркем әдебиеттің сыры мен сипатын, мәні мен мағынасын, маңызын танып-білу мәселелерін ерекше қарастырған. «Әдебиеттануға кіріспе» оқу құралының негізге мақсаты – филологтарды әдеби даму заңдылықтарымен, әдебиеттің теориялық жүйесімен таныстыру, әдебиет туралы негізгі эстетикалық категорияларды, әдеби шығарманы талдаудың әдіс-тәсілдерін меңгерту, әдеби-эстетикалық ойдың даму кезеңдеріне талдау жасау, көркем әдебиеттің сыры мен сипатын, мәні мен мағынасын, маңызын танып-білу, өткен классикалық мұра мен бүгінгі әдебиеттің қыр-сырын, дәстүр жалғастығын, қаламгер шеберлігін таныту, көркем шығармаға баға беру, әдеби процесті дұрыс бағалауға үйрету және әдебиеттің өнердің басқа түрлерінен ерекшелігін аңғарту. «Сөз өнері ғылымы», «Көркем шығармашылық тілі», «Әдебиеттің тегі мен түрлері» атты үш тарауды қамтитын теориялық зерттеу еңбегі одан әрі де іштей ондаған тараушаны қамтыған. Сонымен қатар оқу құралының тағы бір ерекшелігі әдістемелік жағынан өте ауқымды, білім алушыларға берер пайдасы зор бағалы еңбек. Әрбір тарау бойынша берілген бақылау сұрақтары, практикалық сабаққа арналған әдістемелік нұсқау, студенттердің өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар, глоссарийлер, блиц-тестер, бақылау-өлшеу материалдары, емтихан сұрақтары, тест тапсырмалары, әр тапсырмалардан кейінгі берілген әдебиеттердің дені ретімен, білім алушы студенттердің сапалы білім алуына септігін тигізетін бағалы оқу құралы. Қорытынды сөзге ден қойсақ. Алты белес, алты асудың биігіне келіп тұрған ғалым Абат Шамұлы шығармашылық өнердің кемел шағында тұр. Бергенінен берері көп дейтін халық даналығы қате айтылмаған. Аты алтын әріппен жазылатын ұстаз, ғылымның қия шыңына самғап шыққан ғалым, профессор Пангереевтің әдебиеттану әлемі – рухани жаңғыру әлемінің биігінде.

## ТЕОЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ТЕОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекжан Әбдуәліұлы,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы  
Астана қ., Қазақстан

**Кілт сөздер:** теоним, теолингвистика, теонимия, теонимика, агнионим, агниоантропоним, агниотопоним, эортоним, экклезионим, иконим, мифоним, поэтоним.

**Аннотация.** Мақалада теолингвистикаға қатысты зерттеулерге талдаулар жасай отырып, бұл бағыттың лингвистикалық жүйесіне назар аударылады. Сонымен қатар мағынасы мен қызметі жағынан қазақ фольклорындағы теонимдердің осы жүйеге сәйкестігіне салыстырулар жасалып, өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Өзара жақын теоним, сакралды ономастика, агнионим және т.б. терминдердің мағынасына түсініктер беріледі.

**Аннотация.** В статье проводится анализ по материалам теолингвистических исследований и обращается внимание на их лингвистическую систему. А так же с точки зрения семантики и функции сравнивается соответствие фольклорных теонимов с этой системой и определяются некоторые особенности. Объясняется значения терминов близкие между собой как: теоним, теонимия, теонимика, сакральная ономастика, агнионим и т.д.

**Ключевые слова:** теоним, теолингвистика, теонимия, теонимика, агнионим, агниоантропоним, агниотопоним, эортоним, экклезионим, иконим, мифоним, поэтоним.

**Abstract.** The abstract analyzes the materials of theolinguistic research and draws attention to their linguistic system. And from the point of view of semantics and function, the correspondence of folklore teonyms with this system is compared and certain features are determined. The meaning of the terms similar to each other is explained as: theonym, theonymy, theonymism, sacred onomastics, agnomim, etc.

**Key words:** theonym, theolinguistics, theonimy, theonimics, the agnomim, the agio anthroponym, the agiotoponym, the eortonym, ecclesioim, iconim, mython, poeton.

Уақыт ағымымен өзгеріп отыратын дүниенің тұрақты тұғыры туралы ой-толғаныстардың көпшілігі Жалғыз Жаратушы Иеге барып ат басын тірейді. Оған әр қырынан көз жібереді. Ғасырлар бойғы ізденістердің негізінде қазір дін адамзат танымы мен мәдениетінің құрамды бөлігіне айналып, сөздік қорынан өзіндік орын иеленді. Сондықтан, тіл білімінде «діни лексика» термині пайда болып, оның материалдары арнайы зерттеу нысанына айналып отыр. Соның бір тарауы фольклормен байланысты, бұл орайда діни дастандар өзіндік орнымен ерекшеленеді. Олардың тілінде ұлттың діни танымы мен мәдениетінің көрінісі қамтылған, сонымен қатар Жаратушы Иенің есімдері де мольнан кездеседі. Лексикалық құрамы жағынан түркі, араб, парсы элементтерінен. Араб, парсы кірме сөздерін жүйелі түрде зерттеп, тұшымды тұжырымдар жасаған ғалым Л.Рүстемов қазақ тіліне ену кезеңдерін: біріншісі – XV ғасырға дейін, екіншісі – XV ғасырдан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін – деп көрсетеді [1, 45-46]. Осы уақыт аралығындағы ұзақ мерзім ішінде діннің таралуы тек территориялық сипатқа ие болып қана қойған жоқ, халықтардың тұрмысы мен дәстүрінен бастап, тілдік санасына дейінгі аралықты да қамтыды. Тіл мен ділге дендей енген діни сенімдер Қазан төңкерісінен кейінгі атеистік кезеңде де ұлттық санадағы өзінің маңызын жойған жоқ. Қазіргі кезде «XX ғасыр аяғындағы қоғамдық өмірде орын алған түбегейлі өзгерістер әртүрлі семантикалық үрдістерді қарқындатты, олардың ішіндегі ең белсендісі – архаизация және деархаизация деп айтуға болады» [2]. Қолдан жасалған осы тілдік өзгерістердің алдыңғысы діни лексиканың қолдану аясын тарлытса, соңғысы қайтадан тынысын ашуға мүмкіндік тудырды. Алайда фольклор тілі ондай ықпалдардан ада, өзінің дүниеге келген дәуіріндегі болмысын

сақтап қала алды, ол сонысымен де бағалы, зерттеу материалы ретінде қызықты. Дін ең бірінші жаратылыстың бастауын іздейді, сондықтан Әуелдің<sup>1</sup> есімі діни лексиканың негізгі бөлімі болып табылады. Қасиеттері мен сипаттарын есімі арқылы тану және есімін атай отырып мінәжат ету, яғни Ұлы Құдіретпен байланысқа түсуі діни сенімі пайда болғаннан бергі ұзақ мерзімі ішінде халқымызбен бірге жасасып келеді, осы аралықта Жаратушымен байланыс тілінің өзіндік жүйесі қалыптасты, алайда бұл бағытта жекелеген ізденістер болмаса, арнайы лингвистикалық жүйелеулерге құрылған теориялық зерттеулер қолға алынбай келеді. Діни сенім өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылған бүгінгі таңда оның өзіндік тарихы мен қазақ халқының тарихындағы орнын анықтау аса маңызды екені рас. Бұл өз кезегінде діни ұғымдар мен атауларды жинақтау және лингвистикалық жүйесін айқындауды талап етеді. Біз орыс тілі арқылы жалғасатын әлемдік теоллингвистика ілімінің принциптері мен жүйесіне қазақ фольклорлық діни лексикасының ықпалдасуы үшін, екіншіден сол кеңістіктегі өзіндік орны мен ерекшеліктерін айқындап алу үшін мақала көлемінде орыс тіліндегі зерттеулерге талдаулар жасаймыз. Діни дастандар тілінде арнайы зерттеу нысанына айналмаған бағыттардың бірі – теонимика. Көп тілдерде бүгінге дейін құдайтану бойынша зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде арнайы терминологиялық аппараты қалыптасқан және өзіндік мәселелері күн тәртібіне қойылған. Ал қазақ тілінде жаңа ғана қолға алынып отырғандықтан, оның терминологиялық ерекшелігін зерделеу – алдымызда тұрған негізгі міндеттердің бірі. Бұл зерттеу барысында ұғымдардың айкындығы мен жүйелілігі және атқарылатын жұмыстың кешенділігі үшін де маңызды.

Көне тарихы бар Құдай ілімі, яғни теология (гр. *Theos* – Құдай және гр. *Logos* – ілім, сөз) әлемнің көп елдері пайдаланатын философияда орныққан термин. Кейінгі уақыттарда дүниеге келген теоллингвистика осы терминнің аясынан шығады. Киынова Ж.К. оның негізін қалаған Н. Б. Мечковская екенін айтады<sup>2</sup> [2]. Қазіргі зерттеулер мазмұнына қарағанда арада өткен жылдардың ішінде бұл терминнің жан-жақты зерттелгенін көреміз. Теоллингвистика дегеніміз Құдайға қатысты лексиканы зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Теоллингвистика – адамзат сөзінің Құдаймен тілдесу қатынасында қалай қолданылатынын, діни жағдаяттарда және тікелей біржақты қатаң стандарттарға сәйкес келмейтін жағдайларда, осыған қарамай екінші жағынан метафора немесе тілдік сөйлеу әрекеті секілді белгілі формалардағы ерекшеліктері кисынға келетін жағдайларда тіл қандай бейнеде қызмет ететінін сипаттауға әрекет жасайтын ғылым [3]. Демек, теоллингвистика Құдайға қатысты жалпы тілдік мәселелерді қарастыратын тіл білімінің саласы. Теоллингвистикамен қатар ономастикада орныққан келесі термин – теоним, яғни грек тілінен аударғанда теос – Құдай, оним – атау. Кез келген пантеондағы Құдай есімдері [4, 124 бет.]. Мағынасы мен қазметі жағынан алғанда теоллингвистика мен теоним терминдерінің өзара айырмашылықтары мен ортақ мәселелері де бар. Айырмашылығы теоллингвистика жалпы мәселелерді зерттесе, теоним жалқы атауларды қарастырады. Кей зерттеушілер бұл орайда мына бір мәселеге назар аударады: «Зат есімдер жалпы есім және жалқы есім болып бөлінетінін еске алайық. Мынандай сұрақ туындайды: Құдайдың жеке есімі болуы мүмкін бе? Жалқы есімдердің негізгі міндеті айналымдағы адамдарды бір-бірінен ажырату екенін ұмытпауымыз керек. Жалқы есімдердің осы маңызды міндеті апеллятивті (латын тілінде *apellare* атау, ат беру, қаратпа сөз) деп аталады. Алайда Құдай жалғыз, сондықтан жалқы есім иелену қажеттілігі болмайды, мұндай жағдайда жалпы есім Құдай сөзі жалқы есімге айналады. Ал көпқұдайшылдық діндердегі мәселе басқаша: егер құдайлар көп болса, оларды бір-бірінен ажырату үшін жалқы есімге деген сұраныс туындайды (мысалы, көне гректерде: Зефс, Афина, Посейдон, Аполлон, Гефест т.б.)<sup>3</sup> [5]. Бұл пікірдің айналасында жалпы теонимдер жалқы есімге жата ма, әлде жалпы есім бе? дейтін сұрақ туындайды. Кей зерттеушілер теонимнің зерттеу нысаны аты айтып тұрғандай, жалқы есімдердің аясында қарастырса, кей ғалымдар тек ономастиканың ғана емес, жеке құрылымдық-семантикалық белгілерімен ерекшеленетін біртұтас лексикалық кеңістіктің нысаны деп біледі [6]. Фольклорлық теонимдердің лингвистикалық сипаттарын зерттегенде алдағы бағыт айқын болуы үшін бұл мәселенің дұрыс шешім табу аса маңызды. Тіл біліміндегі *теонимия* (Құдай атауларының жиынтығы), *теонимика* (теонимдердің шығу, даму, қызмет ету заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы) терминдерінің өзіндік ерекшелігі бар [4, 7]. Бүгінге дейін Құдай есімдерінің жиналмауы және ерекшеліктерінің жан-жақты зерттелмеуі біздің тілімізде бұл терминдерге қатысты ұғымдардың толық мәнінде орнықтағанын көрсетеді. Ислам діні мен Тәңірлік дін арасындағы байланыстар нәтижесінде қалыптасып, халықтың санасында тұрақтаған Құдай туралы ұғым-түсініктердің өзгеге ұқсамайтын табиғаты аталған терминдерге де өзіндік сипат беруі тиіс. Сонымен қатар теоллингвистикамен тікелей байланысты ономастиканың бір саласы – сакралды ономастика. Қызметі жағынан бұл терминнің аясындағы атаулар «агионим» құрамына бірігеді. *Агионим* – сакралдылық категориясын сипаттайтын тұлға немесе нысандарды атауға қызмет ететін атаулар жиынтығы. Агионим разрядының жүйесі күрделі болып келеді, өз ішінде қасиеттілік мағынасына ие ономастикалық алаң құрайтын бірнеше топқа бөлінеді: *теонимдер*, *агиоантропонимдер* (әулиелер есімі), *агиотопонимдер* (агиотопонимдермен немесе экклезионимдермен аталатын қала, ауыл, көше атаулары), *зортонимдер* (шіркеулік мерекелер атаулары), *экллезионимдер* (храмдар мен монастырлер атаулары), *иконимдер* (икон атаулары) [8]. Фольклорлық ономастиканы діни лексика тұрғысынан зерттегенде аталған агионимдік жүйемен Ислам құндылықтары барлық жағынан сәйкесе ме, сәйкеспейтін тұстары қандай? дейтін сұрақтар да өз шешімін күтетіні белгілі.

<sup>1</sup> Фольклор тілінде Әуел сөзі Алланың есімі ретінде қолданылады.

<sup>2</sup> Мечковская Н. Б. Язык и религия: Пособие для студентов гуманитарных вузов. — М.: Агентство «ФАИР», 1998. — 352 с.

<sup>3</sup> Орыс орфографиясында Құдай мен құдайдың айырмашылығы бар. Жаратушы жалғыз Құдайға байланысты қолданылғанда үлкен әріппен жазылады, ал кіші әріппен жазылуы полиатеизм немесе шектен шыққан атеизмді білдіреді.

Жалқы есімдердің жиынтық атауы – ономастиканың құрамында теолингвистикамен байланысы бар *мифоним* (мифтердегі, эпопеялардағы, ертегілердегі, қиссалардағы кез келген ономастикалық кеңістік саласына қатысты атаулар) және *поэтоним* (көркем шығармалардағы кез келген жалқы есімді зерттейтін ономастиканың бөлімі) [4] терминдері қолданылады. Бұлар да жинақтаушылық қызмет атқарады, өйткені мифтік онимдер тек Жаратушы есімдерін ғана емес, жалпы мифтік сипаттағы атаулардың бәрін өз құрамына жинақтайды, сонымен қатар діни дастандар көркем шығарма болғандықтан, ондағы ономастикалық атаулардың барлығы поэтоним терминінің аясына топтасады. Демек теонимдер мифонимдер мен поэтонимдердің құрамды бір бөлігі болып табылады: мифтік атау ретінде – мифоним, көркем шығарма кейіпкері ретінде – поэтоним. Осы тұста мифоним мен теоним ұғымдарының арасында әлі де болса айқындалмаған мәселелердің барын айта кеткен орынды. Мысалы, Мальсагова М.И. мифоним мен теонимдердің шығу тегіндегі ортақтықтарды айта келіп, екеуін бір ағаштың екі бұтағы секілді қарастырады, [7], ал В.И. Алексеев «Теонимдер адам болмысын, этикасын және моральдық бейнесін түсініп, түйсінумен байланысты жаһандық дүниетаным мәселелерімен байланысты», - дейтін Соломоновтың пікіріне сүйене отырып, теонимдердің мифонимдерден айырмашылығы бар екенін айтады [9]. Осы айтылғандарды жинақтай келгенде теолингвистика айналасында терминдер мен ұғымдардың арақатысы бойынша тіл білімінде айқындалмаған көптеген мәселелердің бары байқалады. Бұл өз алдына арнайы зерттеулерді талап етеді, өйткені орыс тіліндегі зерттеулер негізінен хирстиан дінінің ерекшелігімен байланысты жүргізілген. Терминдерге жүктелетін мағына мен ұғымдар да осылардың негізінде қалыптасқан.

Ислам жағдайында Жаратушы есімдерінің өзіндік ерекшелігі бар: біріншіден, мағыналық жағынан еш айырмасы жоқ бірдей дәрежеде, яғни түркілік (Тәңірі), арабтық (Алла), парсылық (Құдай) нұсқалары синоним ретінде қолданылады. Олардың өзіндік шығу, халық тілінен орын алу тарихы бар. Екіншіден, араб тілі арқылы енген Алланың 99 есімі. Бұлардың қалған екеуіне қатысты жоқ секілді, өйткені Құдайдың немесе Тәңірінің 99 есімі деген тіркес кездеспейді. Жаратушы Иенің есімдерін лингвистикалық жүйелегенде осы екі бағыт басшылыққа алынуы тиіс. Үшіншіден, агионимдер құрамына жинақталған онимдер теолингвистиканың өз ішінде түрлі бағыттардан тұратынын көрсетеді. Ислам әлеміндегі теолингвистика жекелеген зерттеулердің ауқымымен ғана шектеліп отыр. Сондықтан діни лексиканы, соның ішінде сакралдық ономастиканы лингвистикалық тұрғыдан жүйелегенде шешімін таппаған кейбір сұрақтар туындайды. Ислам кеңістігіндегі агионимдердің өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Мысалы, фольклорлық шығармаларда біршама агиоантропонимдер кездеседі. Діни дастан кейіпкерлері негізінен тұлғалық қасиеттері жағынан әулиеге де, батырға да, мифтік қаһармандарға да ұқсайды. Сонымен қатар пайғамбарлар есімдерінің орны бір бөлек, өйткені олардың мұсылман ұғымындағы мәртебесі әулиелерден әлдеқайда биік. Сөз мағынасы өзі атап тұрған зат немесе құбылыстың мазмұнымен тікелей байланысты болатынын ескерсек, пайғамбарлар мен әулиелердің және тіршілігінде-ақ Алла Тағаланың шапағатына бөленген шаһаржарлардың болмыс-бітімдері мен адами қасиеттері бір-бірінен алшақ тұрғаны анық. Сондықтан, оларды агионимдер құрамына топтастырғанымызбен, терминді жасаушы тіл мен пайдаланушы тілдердің әрқайсысына тән ерекшеліктерді айқындау міндеттері туындайды. Терминдер өзі жасалған тілдің түрлі заңдылықтары бойынша дүниеге келеді, бейнелі тілмен айтсақ «туған топырағына тартады», сол себепті оларды аудармай тікелей қабылдағанда мағынасы мен қызметіне арнайы назар аударылуы тиіс. Сол секілді теолингвистикалық бағыттағы зерттеулер тереңдеген сайын *агиотопоним*, *эортоним*, *эклезионим* т.б. терминдерге қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері бойынша жаңаша мағына үстелетіні анық немесе қазақша баламалары қолданысқа түседі. Ал иконим терминінің қазақ тілінде баламасы жоқ және икон мен Ислам дінінің символы – жарты айдың қызметі жағынан араларында ешқандай байланыс жоқ, сондықтан бұл термин қабылданбайтыны белгілі. Фольклор тіліндегі діни лексиканың терминологиялық жүйесін орыс тіліндегі зерттеулер бойынша зерделегенде осындай ерекшеліктердің бары байқалады. Ізденіс тереңдеген сайын қазақ тіліндегі терминдер мен ұғымдар да айқындала бермек. Алланы тану әрекеті ең бірінші оның есімдерін зерделеуге мүдделі. Ілгеріде сөз болған және басқа да көптеген зерттеулер теонимдердің теориясына, оларды классификациялауға арналған. Зерттеу жұмысының құрылымына қатысты алғанда қазақ фольклорлық теонимдерінің табиғаты осы үлгілерге қаншалықты сәйкес келетіні қазірге нақты белгілі емес, бұл материалдардың жиналуына байланысты анықталады. Ал құрылымдық жүйенің дұрыстығы өз кезегінде ұғым-түсініктердің айқындығын талап етеді. Қазақ фольклорының тіліндегі діни лексиканы жүйелеу мен ғылыми-зерттеу нысанына айналдыру ең бірінші мәселенің дұрыс қойылуына мүдделі, сондықтан өзге елдерде жарық көрген еңбектердегі тұжырымдарды ескере отырып, негізгі бағыттарды айқындау алдымызда тұрған келелі міндеттердің бірі болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: «Ғылым», 1982. – 160 бет.
2. Кишинова Ж.К. Қазіргі діни стиль және ислам лексикасын орыс тіліне аудару мәселелері. <http://melimde.com/azirgi-dini-stile-jene-islam-leksikasin-oris-tiline-audaru-mes.html>
3. Бугаева И.В. Теолингвистика: теология + лингвистика? // Россия, Российский государственный аграрный университет – МСХА им. К.А.Тимирязева, Москва [www.ejournals.eu/pliki/art/6688/](http://www.ejournals.eu/pliki/art/6688/)
4. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: «Наука», 1988. – 192 бет.
5. Тимофеев К.А. Религиозная лексика русского языка как выражение христианского мировоззрения (Новосибирск, 2001. - 88 с.). <http://www.philology.ru/linguistics2/timofeev-01.htm>
6. Алексеев В. И. Orthodox Church in America 402 Glenmore Ave., Brooklyn New York 11207 USA Сакральный диалог как структурообразующий принцип в ономотологии божественного. [https://nsu.ru/rs/mw/link/Media:/34752/2013-1-\(3\).pdf](https://nsu.ru/rs/mw/link/Media:/34752/2013-1-(3).pdf)

7. Мальсагова М.И. Теонимическая лексика как система (на материале художественных текстов). – Назрань: ООО «Пилигрим», 2011 – 144 с. <http://scicenter.online/leksikografiya-frazeologiya-leksikologiya-scicenter/teonimicheskaya-leksika-kak-sistema-materiale.html>

8. Алексеев В.И. (США, Нью-Йорк). Nomina sacra: Теонимические принципы в методике и теории исследования ономастики Божественного. [www.ejournals.eu/pliki/art/6689/](http://www.ejournals.eu/pliki/art/6689/)

9. Бугаева И.В. Москва Сакральная ономастика в религиозном дискурсе. [http://elar.urfu.ru/bitstream/10995/47665/1/eoe\\_2009\\_017.pdf](http://elar.urfu.ru/bitstream/10995/47665/1/eoe_2009_017.pdf)

## ӘДЕБИЕТ ПЕН ТОПОНИМИКА БАЙЛАНЫСЫН АЛҒАШ ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМ

Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
ҚазҰУ-дың профессор м.а.  
Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада фольклорист-ғалым А.Ш.Пангереевтің фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топономастика мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеулері сөз етіледі. Әдебиет пен топонимиканың байланысын алғаш зерттеген ғалым деп тани келе, фольклорлық топонимиканың дербес жанр ретіндегі қалыптасу, даму ерекшеліктері мен оның жанрлық түрлері жайындағы зерттеулеріне талдау жасалады.

**Тірек сөздер.** Топонимдік фольклор, мифтік фольклор, ғұрыптық фольклор, мифопоэтика, тарихи аңыз, топонимдік аңыз, топонимдік эпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются научно-исследовательские работы учёного-фольклориста А.Ш.Пангереева, посвященные на темы фольклора, мифологии, истории литературы и топономастики. Признавая учёного исследователем, который первый изучил связь литературы и топонимики, анализируются его исследования в формировании фольклорной топонимики как самостоятельный жанр, особенности его развития и жанровые виды.

**Ключевые слова.** Топонимический фольклор, мифологический фольклор, ритуальный фольклор, мифопоэтика, историческая легенда, топонимическая легенда, топонимическая история, топонимическая повесть, топонимический рассказ.

**Annotation.** This article discusses the research work of folklorist scholar A.Sh.Pangereev, devoted to the themes of folklore, mythology, literary history and toponomastiks. Recognizing the scientist as a researcher, who first studied the relationship of literature and toponymy, his researches in the formation of folklore toponymy as an independent genre, especially its development and genre types are analyzed.

**Keywords.** Toponymic folklore, mythological folklore, ritual folklore, mythopoetics, historical legend, toponymic legend, toponymic history, toponymic story, toponymic narrative.

Адамзат өнері мен көркем ойлауының байырғы әдеби үлгілері болып табылатын фольклорлық туындылардың синкреттілігі мен көркемдік дәстүрдің негізі болуы ерекшеліктері әлі күнге дейін зерттеушілер назарын аударып келе жатқаны аян. Бүгінгі таңда ғылымның көптеген салаларымен тығыз байланыстылығын айқындап, халықтың ілкі заманнан бергі дүниетанымы мен наным-сенімін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бойына сактап асыл дүниемізге айналған фольклордың алуан түрлі қырларын зерттеп құнды еңбектер жазған фольклорист-ғалымдарымыздың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ПҒА академигі Пангереев Абат Шамұлы. Фольклортанушы А.Ш.Пангереевтің ғылыми-зерттеулері негізінен фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топономастика мәселелеріне арналады. «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші, әдебиеттану ғылымы мен фольклористиканың маркаға мамандарының кеңес беруімен іргелі зерттеулерді қолға алған А.Ш.Пангереев 1997 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметовтың жетекшілік етуімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация жазып, ғылыми дәреже алды. Одан кейін де топонимиканың көркем әдебиеттегі қызметін зерттей келе, 2010 жылы ҚР ҰҒА академигі С.А.Қасқабасовтың жетекшілігімен «Қазақтың топонимдік фольклоры» атты докторлық диссертация қорғады. Әдебиет пен топонимиканың байланыс-бірлігін деректі дәлелдермен ғылыми негізде тұжырымдап бергендігін ғалымның көптеген зерттеулерінен көре аламыз. Атап айтсақ, «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» (2018), «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) атты монографиялары мен оқу құралдары, сонымен қатар халықаралық және республикалық конференция материалдарында, шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген көптеген ғылыми мақалалары да ғалымның тынымсыз ізденістерінің көрсеткіші. Әдебиет пен ономастика саласында осыншама еңбектердің жазылып, жариялануы ғалымның осы мәселеге аса ден қойып, нәтижелі еңбек еткенін аңғартады. Пангереев Абаттың бірнеше жылдар бойы Ақтөбе облысының ономастика комиссиясының мүшесі болып, қала, облыс аумағындағы елді мекен, көше атауларына ұлттық ұғымға сай атаулар беру ісіне де атсалысып, үлес қосуынан ел азаматы ретінде парызын сезіне білген тұлғалық болмысын танимыз.

А.Ш.Пангереев – ғылымға тың көзқарас, жаңаша ізденіспен келген ғалым. Ономастиканың бір саласы топонимика бұған дейін тіл білімі, география салаларының зерттеу объектісі ретінде ғана қарастырылып келсе, Абат Шамұлы топонимиканы алғаш рет әдебиет пен фольклор тұрғысынан қарастырады. Фольклор мен топонимиканың тығыз байланыстылығын, бір-бірін дамытып, толықтыратындығын айта келе, фольклорлық

топонимиканы дербес жанр ретінде қабылдауға қажетті шарттардың бәрі бар екендігін айқындап береді. «Фольклор ұлттық тарихи жадының куәсі, ұлт тарихының айнасы деп білсек, онда бұл екеуі ажырамас бірлікте екені аян. Сондықтан фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшеліктерінен туындайтын құбылыс», – дейді автор «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты еңбегінде [1,9]. А.Ш.Пангереевтің «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты еңбегі қазақ фольклористикасы мен топонимика ғылымына қосылған іргелі зерттеу. Фольклорға тән басты ерекшелік деп айтуға болатын жер-су атаулары арқылы көрінетін халықтың танымы мен эстетикалық мұраты жайын зерттеуге арналған бұл еңбекте фольклордың топонимикамен байланысы, топонимдік фольклордың жанр ретінде қалыптасу, даму ерекшеліктері, жанрлық түрлері, олардың қоғамдық, ақпараттық, танымдық қызметтері, миф және басқа да ғылым салаларымен байланысы сияқты мәселелер жүйелі зерттеу объектісіне айналған. Әдебиет пен фольклордағы жер-су атауларының баян етілуі халықтың байырғы тарихынан сыр тартып, танымы мен мекен еткен кеңістік аясын танытатын дерек көздері мен ақпараттық мәліметтер болып табылатындығын негізді тұжырымдармен дәлелдейді. Қазақтың фольклорлық туындыларында жер-су атауларының мол кездесуі, олардың сюжет пен кейіпкерге қатысы, поэтикалық және танымдық сипатқа ие болуы сияқты факторлардың топонимдік фольклор жанрының туып қалыптасуына негіз болғандығын айта келе, ғалым топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы деп есептейді. Қазақ фольклорындағы топонимдік сюжеттердің атқаратын қызметтерінің маңыздылығына тоқтала келе, «фольклор сюжеттерінде сипатталатын жер-су атауларын алып тастар болсақ, онда ол сюжеттер жалпылай абстракцияға ұшырап оқиға дәл баяндалғанымен әйтеуір нақтылы мазмұндалу жағы жетімсіздеу болар еді» [1, 9 ], – дейді. Сайып келгенде сюжеттер фольклор мен топонимиканы туыстастыратын негізгі мотив ретінде танылады. Топонимдік сюжеттерді мазмұнына, баяндау, ақпарат беру ерекшеліктеріне қарай топонимдік аңыз, топонимдік хикаят, топонимдік эпсана, топонимдік әңгіме деп бөлуді ұйғарады. Топонимдік фольклор туындыларын жанрлық түрге осылайша классификациялай отырып, оның танымдық қызметін басты орынға шығарады. Халықтық таным сипатында ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген аңыз жанрының ішінде топонимдік аңыздың шоқтығы биік. Өйткені топонимдік эпсана, хикаят сюжеттерінің басым көпшілігі аңыздық сарындардан өрбіп, көркемдік сипаттауларға ие болып, басқа жанрлық формаға ауысады. Тарихи деп жүрген аңыздарда топонимдік мотивтердің кездесіп отыруының өзі жер-су атауының қойылуынан сыр шертетін аңыздарды елді мекендердің шежірелі тарихы деп қарауымызға негіз бола алады. Сол себепті фольклор туындыларында баян етілетін оқиғалардың тарихилық сипатын анықтауда топонимикаға жүгіну маңыздырақ. Мәселен, «Қарауылкелді», «Ақсақ Темір төбесі», «Ақсақ Темір орны», «Башмақ төбе» сияқты топонимдік атаулар белгілі бір оқиғаның туу себебін, болған орны мен мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көздерін танып білуге, деректі етіп баяндауға септігін тигізеді. Зерттеу еңбектерінде осындай байламдар жасайтын фольклорист-ғалым Абат Шамұлының топонимдік эпсана жанрының ерекшеліктері жайлы талдауларынан дара ізденісін көреміз.

Эпсана ұғымына теориялық тұрғыдан жан-жақты түсініктеме бере келе, оны аңыздан айыруда уақыт пен кеңістік принципіне жүгіну керектігін, аңызда өткен оқиға баяндалса, эпсанада уақытқа шек қойылмайтындығын айтады. Эпсананы аңыз бен ертегі аралығындағы қарапайым халық прозасының көркем фольклорға айналған түрі, бұның басты функциясы танымдық, мағлұматтық емес, болған немесе болды деген оқиғаны көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру деп айтқан белгілі фольклортанушы С.Қасқабасовтың пікірін тілге тиек етіп, өзінің де тұжырымдарымен былайша толықтырады: «... егер жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын факті ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың аты көркемделе қиял арқылы баяндалса, не болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты айтылғанда тарихи дерегі болмай, ғибраттық сипаты ғана болса – эпсана болады» [1, 101]. Ал енді ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасқан топонимдік хикаяттың эпсанадан айырмасын – онда діни-кітаби сюжеттердің баяндалатындығы, астарында мифтік белгілердің болуы сияқты өзгешеліктерден байқалатындығымен түсіндіріледі. «Шайтанкөл», «Зәмзәм суының бұлағы», «Қазығұрт тауы» туралы хикаяттарда діни түсінік пен діни бейнелердің болуы осы жанр ерекшелігін түсіндіруге мысал бола алған. Топонимдік фольклор жанрының типологиялық ерекшеліктерін жете білетін А.Ш. Пангереев жер-су атауларының шығу тарихына байланысты туған топонимикалық аңыз, эпсана, хикаяттардың қатарына жаңа түр – топонимикалық әңгіме жанрын қосады. Сюжеті шындыққа құрылған, орындалуы фольклорлық дәстүрге сай келетін бұл туындыны топонимдік әңгіме деп атауды ұйғарады. Топонимдік әңгімеде кеше, жақын арада ғана болған жағдай баяндалады. Әңгіменің бұл түріне шыншылдығымен, жаңашылдығымен ерекшеленетін, өзіне дейінгі даяр модельдердің ізімен баяндалатын, халық ішінде кең тарап, ауызша айналымға түсіп кеткен фольклордың кенже түрі деген сипаттама беріледі. Алдыңғы түрлерге қарағанда өзіндік композициялық құрылымы бар топонимикалық әңгімеде экспозиция мен оқиға шешімінің орны маңызды. Экспозицияда әңгімеші алдымен оқиғаның қай жерде, қай мезгілде, кім туралы, кімнен естіді деген сияқты жайттардан хабардар етсе, оқиғаның шешілуі топонимнің шығу тарихын айқындаумен аяқталады. Тағы бір ерекшелік – оқиғаның дәл, анық баяндалып, кейіпкерлердің нақты бейнеленуі. Теориялық түйіндеріне дәлел ретінде «Қуандық бұлағы», «Байқоңыр», «Айша бұлағы», «Байбике» туралы топонимдік әңгімелер келтіріледі. Қазақ жерінің көптеген аймақтарында айтылатын мұндай әңгімелердің аңыз, хикаяттардан айырмасы ертеде емес, күні кеше болғандай әңгімелене беретіндігінде. Топонимикалық фольклор жанрларының жаңа түрі деп танылып отырған топонимикалық әңгімелер жайында айтылған ғалым мәліметтерін саралар болсақ, тарихилығы мен этникалық ерекшеліктердің басым болуымен қатар, оларға ауызша орындалуы, түсінікті болуы, оқиғалылығы, тәрбиелік мәні, айтып отырған оқиғаның

ойдан шығарылмағандығы, сөйлеу тілінің көркемдігі, топонимдердің нақты географиялық аймаққа сәйкес келуі сияқты белгілер тән екен. Дара жанрлық түр деп тануға боларлық дәлелдерді келтіре отырып, топонимикалық әңгімені халықтың шығармашылық өнерінің дәстүрлі жалғасы ретінде қалыптасуына негіз бар екендігін айтады.

А.Ш.Пангереевтің жоғарыда аталған зерттеу еңбектерінде ұлттық руханияттың негізі саналатын фольклорды этнография, этнология, ұлттық болмыс секілді салалармен байланыста қарастырады. Топонимикалық фольклорды ғылымның бірнеше жанрлық түрлерімен тығыз байланыстылығын тілге тиек ете келе, ежелгі мәдени мұралардың жер-су атаулары арқылы танылатын ерекшелігін де аша түсуді мақсат етеді. Әріден тамыр алып тарамдалып жатқан топонимдік фольклордың мифофольклормен, ғұрыптық фольклормен байланысты тұстары мен ара-жігін аша түсетін жайттарға да түсініктеме беріледі. Топонимдік фольклордың негізгі жанры саналатын топонимикалық аңызға мынадай анықтама береді: «... топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [1, 87]. Ал мифтік сана мен мифопоэтиканың фольклорға сіңісуі нәтижесінде пайда болып дербес жанрлық түр ретінде қалыптасқан мифофольклорды «мифтік-сана мен ойлау жүйесінің, мифтік таным мен сенімнің фольклор нұсқаларында кездесіп, олардың астарында көркемделген форма мен мазмұнды пішінде көрініс табуы» [1,67] деп түсіндіреді. Мифтік фольклордың мифологиядан айырмашылығы көркемдік пішіннің тұрақтылығы мен ұлттық поэтиканың жоғарылығында екендігі айқындалады. Жалпы осы ерекшеліктермен қатар, негізінде наным, философия, дін жатқан мифтің әлі күнге дейін әдебиетімізде тарихи трансформаланған күйінде жалғасын тауып келе жатқанын қазіргі көркем шығармаларда көрініс алып жүрген мифопоэтикалық ағымдар үрдісінен де аңғарамыз. Жалпы миф қалай сақталады? Бұл сұраққа автор ел арасындағы кейбір ғұрыптық, салттық, танымдық, діни қатпарлардың астарында сақталуы мүмкін деген болжамын айтады.

Абат Шамұлының зерттеулерінің бір бағыты топонимдік сюжеттердің эпикалық жанрлардағы қолданысына арналады. Жер-су атауларының эпикалық шығармалардағы атқаратын қызметіне уақыт пен кеңістік категориясы тұрғысынан қарастыруды жөн санайды. Өйткені фольклордағы уақыт пен кеңістік мәселесі жанрлық түрлер арасындағы өзгерістерді айқындай түсіп, идеялық-мазмұндық жаңалықтар әкелетіні мәлім. «Эпостық жырларда кең қолданысқа түсетін топонимдік атаулар шығарма сюжетіне деректілік танытумен бірге кейіпкердің аймағының, туған жерінің келбетін қоса танытады. Сондықтан эпоста көрініс беретін мәселенің бірі – топонимдер арқылы танылатын туған жер идеясы» [1, 124], – деген ойларында жер-су атауын туған жер ұғымының заттанған бейнесі деп қабылдаушылық бар. Осылайша топонимді эпос табиғатының ішінен алып зерттеу арқылы жырдың генезисі мен типологиясының жаңа қырларын тани түсуге мүмкіндіктер ашады. Ұлттық фольклорымыздың қойнауларында жатқан асыл арналар мен құнды деректерден сыр тартып, ұмыт болуға жақын қалған халқымыздың атамекен, жер-су атаулары туралы аңыз-әңгіме, әпсана-хикаяттарын жадымызда қайта жаңғыртып, ұлттық танымды кеңейте түсетін мұндай зерттеулер бүгінгі таңда аса қажет. Ата қоныс, мекен-жайдың тарихын баян ететін топонимикалық фольклордың мән-маңызы ешқашанда жоғалмақ емес. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының аса маңызды бағдары – Ұлттық жаңғыру. Ұлттық жаңғыру ұғымы ұлттық сананың кемелденуін білдірсе, халықтың тарихы мен тағлымы жатқан топонимикалық фольклорды замана сынынан сүрінбей өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастық тауып келе жатқан рухани мұра деп танымыз. Жаңғыру осындай ұлттық-рухани тамырлардан нәр алып, оларды алдағы өркендеудің діні ете отырып қадам басуға тиіс. Мәдени-рухани құндылықтар санатына жататын қазақ фольклорының бір саласы болып табылатын қазақ топонимдік фольклорының қоғамдық, тарихилық, деректілік, ақпараттық, таным мен тағылымдық аспектілерін өзекті мәселе ретінде қарастырып, аса мәнді ғылыми негіздемелер мен жаңаша тұжырымдамалар жасаған фольклорист-ғалым Абат Шамұлы Пангереевтің ғылыми еңбектерін бүгінгі қоғам танымы мен руханият талабына сай ізденістер деп толық айта аламыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Пангереев А. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері. – Алматы: Эверо, 2018. – 216 б.

## **АБАТ ПАНГЕРЕЕВТІҢ «ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ» ЕҢБЕГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ**

**Серікзат Дүйсенғазы**  
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**  
**қазақ әдебиеті кафедрасының доценті,**  
**филология ғылымдарының кандидаты**  
**Астана қ., Қазақстан**

Қазақ фольклортану ғылымы тәуелсіздікке дейін де, тәуелсіздіктен кейін де ұлт руханиятының түгенделуіне үлкен үлес қосқан іргелі сала. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде Ш.Уәлиханов, М.Көпеев, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай т.б. қазақ зиялылары ауызша жеткен мұраларымыздың жиналып, зерттелуіне орасан еңбек сіңірді. Әсіресе, Ш.Уәлихановтың, Ә.Бөкейханның халқымыздың фольклорлық мұраларын зерттеуге жазған алғашқы еңбектері қазақ ұлттық фольклортану ғылымының қалыптасуына кеңінен жол ашты. Ал тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі

бұл саланың тереңдей зерттелуі академик Сейіт Қасқабасовтың ғылыми мектебіне тікелей қатысты деуге болады. С.Қасқабасов пен оның шәкірттері қазақ фольклорын ғылыми тұрғыда жүйелеп, жанрларға бөлу, олардың ұлттық терминдік атауларын қалыптастыруды кезең-кезеңімен жүзеге асырды. Академик-ғалымның тікелей жетекшілігімен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» жүз томдық теңдессіз жобасы жарық көрді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев бір сөзінде: «Академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов басқаратын «Бабалар сөзі» сериясымен шыққан кітаптар да қазақ халқының аса бай ауыз әдебиеті мұрасын жинақтап, ұрпақ қолына табыстауда үлкен рөл атқаратын жоба деп білемін» [1,8], – деп жоғары бағалады. Қазақ фольклорының барлық жанрларын қамтыған «Бабалар сөзі» жұзтомдығының сексенінші томына ел аузындағы топонимдік аңыздар жинақталды. Осы салада филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Пангереевтің еңбегін атап өту ләзім. Ол ғылыми кеңесшісі С.Қасқабасовтың бағыттауымен қазақтың топонимдік фольклорын жүйелеп, жан-жақты зерттеген еліміздегі бірден-бір ғалым.

А.Пангереевтің «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» монографиясы фольклортану мен топонимика сияқты екі іргелі ғылымды байланыстыратын маңызды еңбек. Ғалым бұл еңбегінде жер-су атауларына байланысты ел аузындағы фольклорлық мұраларды жинақтап, зерттеп, теориялық тұрғыда жанрларға жіктеп көрсетеді. Қазақ даласындағы жер-су атауларының шығу тарихына байланысты аңыз әңгімелер жетерлік. Өкінішке орай, отаршылық кезеңде көптеген көне топонимикалық атаулар өзінің тарихи атынан айырылып, саяси науқандар кезінде қазақ жеріне қоныс аударған ұлттардың қойған атауларымен аталды. Әсіресе, солтүстік және орталық өңірлердегі тың игеру жылдарында бұл үдеріс қарқынды жүргізілді. Қоныс аударушы ұлттар өздерінің туған жерлерінің аттарын қазақ даласына бірге ала келді. Макинка, Киевка, Ивановский, Минский, Одесский, Воздвиженка, Александровка, Гусарка т.б. атаулар бұрынғы тарихи топонимдерді ығыстырып шығарды. Сол ығысқан тарихи топонимдік атаулармен бірге қанша фольклорлық мұралар да ұмытылып, халық санасынан өшті. Осы олқылықтарды тәуелсіздік жылдарында біртіндеп қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы ретте, кейбір тарихи атауды қайтару үшін күрес кезінде жергілікті қазақтардың фольклорлық аңыздарға сүйенген деректері де бар. Профессор Абат Пангереев «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» еңбегінде топонимдік фольклорды бірнеше жанрға бөліп көрсетеді. Жер-су атауларына байланысты шыққан фольклорды топонимдік аңыз, топонимдік эпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме деп жіктей отырып, әрқайсының ерекшеліктерін нақты мысалдармен талдайды. Алдымен топонимдік аңыздарға тоқталайық. Бұған дейін бір сала деп қарастырылып келген аңыздарды академик Сейіт Қасқабасов тарихи аңыз және топонимдік аңыз екіге түрге бөлген болатын. Академиктің: «Топонимдік деп бөліп жүрген аңыздарда да тарихи негіздер, фактілер болады. Ал тарихтық деп жүрген аңыздарда топонимикалық мотив кездеседі. Аңыз жанрында шығарманың өзі емес, ондағы сарын ғана топонимикалық сипатта болуы мүмкін. Сондықтан «топонимдік аңыз» деген атауды шартты түрде ғана алу керек те, оған белгілі бір жерге, мекенге байланысты оқиғаны баяндайтын әңгімелерді жатқызу қажет. Екінші сөзбен айтқанда, топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау-тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен, немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі бір қайраткердің атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [2,125], – деп жазған пікірін басшылыққа ала отырып А.Пангереев: «Жалпы, топонимдік аңыз ең алдымен халық санасында орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткеніне жауап іздеуден бастау алады» [3,152], – деген тұжырымды ойын алға тартады.

Қазақтың ұлан-ғайыр даласында халықтың аумалы-төкпелі кезеңдерде басынан кешкен оқиғаларына байланысты аталған жер-су атаулары өте көп. Тіпті, кейбіреулері бұл күнде қалмақ батырларының атымен аталған деп талас та тудырып жүр. Бір ғана Алматы облысындағы Нарынқол мен Кегенді, Қаскелең мен Шонжы т.б. бізге белгілі жерлерді қалмақтың батырлары болған деген әңгімені әр жерден естіп, оқып қалып жүрміз. Қалай дегенмен де, бұл атаулардың барлығы сол жерде өткен тарихи оқиғаны есте қалдыру үшін қойылған топонимдер. Бәлкім, кейін тарихты есте сақтау үшін ата-бабамыз өзгертуді қажет деп таппаған болар. Топонимдік аңыздар жұртшылықтың сол жерге, туып-өскен мекенінің тарихына, атаулардың шығу тегіне құштарлығынан тарихтан ауытқымай, ауыздан ауызға таратып айтқан әңгімелерден туған. Бірқатар фольклортанушы ғалымдардың топонимдік аңыздар тарихи деректердің негізінде болады деп айтуы да сондықтан. Мәселен, С.Қасқабасовтың: «Аңыз болған соң міндетті түрде бір оқиғамен байланысты болады, яғни, тарихи шындыққа негізделеді. Сондықтан топонимикалық аңыз жартылай тарихи болады» [2,144], – деген тұжырымын айтуға болады. Топонимдік аңыздардың жартылай тарихилығын ескере отырып А.Пангереев: 1) Тарихи оқиғаларға байланысты аңыздар; 2) Табиғат құбылыстарына байланысты аңыздар; 3) Наным-сенімдерге байланысты аңыздар; 4) Жер-су атауларының этимологиясына байланысты аңыздар, 5) Заттық белгілерге байланысты аңыздар; 6) Тарихи тұлғаларға байланысты аңыздар [3,188], – деп жіктейді. Ғалым А.Пангереев монографиялық еңбегінде еліміздің әр өңіріндегі жер-су атауларына байланысты туған аңыздарды мысалға келтіре отырып, зерттеуін нақты дәлелдермен түйіндей білген. Енді топонимдік эпсана жанрына келейік. Осы еңбекте А.Пангереев: «Алғашқыда эпсаналарда әулие-әнбиелердің өмірлері, іс-әрекеттері сипатталады. Кейін мұның астарында танымдық негіздегі оқиғалар да түсіндіріле бастады. Ал берірек, қазіргі кезеңдерде белгісіз, ғажайып, алайда шындығында өмірде болған, болды деп саналатын оқиғалар эпсана деп есептеліп келді. Эпсананың мазмұны діни сарынға келеді. Аңыз бен эпсана арасындағы айырмашылықты ғылыми негізде біз ажыратып қарағанымызбен, халық танымы олардың арасына шек қоя алмай келеді» [3,189-190], – деген пікірін алға тартады. Сонымен, топонимдік эпсана дегеніміз не? Академик С.Қасқабасов эпсана жанрын аңыз бен ертегінің арасында халықтық фольклордың көркем жанрға айналған түріне жатқызады. Яғни, эпсана аңызға



қарағанда әдебиетке жақын, көркемдік бояуы мол жанр деуге болады. Онда аңыздың да, мифтің де, хикаяттың да қасиеттері бар, осы үш жанрды да бойына сіңіре отырып, ертегіге жақындағанын айтады. Солай дей келе, С.Қасқабасов эпсананы үшке бөледі: 1) бір кезде тарихта болған адамдар жайында аңыз болып шығып тараған шығармалар; 2) белгілі бір мекен, жер-су жайын қиял түрінде баяндайтын әңгімелер; 3) Інжіл мен Құран, тағы басқа діни кітаптар арқылы тараған сюжеттер [4,150]. А.Пангереев «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» монографиясында топонимдік эпсананың ерекшеліктеріне тоқталып, қазақ халқында ертеден келе жатқан Асан қайғының жер ұйықты іздеуі, Қорқыттың өлімнен қашуы, Нұх пайғамбардың Қазығұрт тауына кемесінің тоқтауы т.б. классикалық эпсаналар мен Ислам дінінің әсерінен туған эпсаналарға ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізіп, аңызбен аражігін анықтап береді. Ғалымның: «Бұл жерде мынадай болжам жасауға болады: егер жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын факты ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың аты көркемделе қиял арқылы баяндалса, не болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты айтылғанда тарихи дерегі болмай, ғибраттық сипаты ғана болса – эпсана болады» [3,191], – деп тұжырымды ойын қорытады. Ал топонимдік хикаят эпсанамен сарындас болғанымен өзіндік ерекшелігі бар жанр. Негізінде, ғылымда эпсана мен хикаятты бір жанр деп қарастырады. Екеуінің айырмашылығы барын алғашқы болып академик С.Қасқабасов Інжіл мен Құран, тағы басқа діни кітаптар арқылы тараған сюжеттер туралы дінге қатыссыз болса эпсаналық, ал мұсылман дініне қатысы болса хикаяттық сипат басым болатынын айтты. Хикаят көлемі шағын болса да, көтеретін тақырыбы кең діни сюжетті баяндайтын шығарма. Осы ретте, ғалым А.Пангереев жер-су атауларына қатысты «Шайтанкөл», «Шайтансай», «Шайтанкөпір» хикаяларын мысалға келтіреді. Хикаяттың түбінде өте ерте заманда өткен оқиға жатуы мүмкін екенін ескеріп, тарихи есімдердің де кездесетінін айтады. Мәселен, кей хикаяттарда Құранда айтылатын Ескендір Зұлқарнайын, Сүлеймен, Лұқпан, Қарун т.б. сюжеттердің кездесуі кейіпкердердің ел үлгі тұтар қасиеттерінің болуында дейді. Қазақ жеріндегі жер-су атауларына қатысты хикаяттар ретінде Қарахан мен Айша бибінің, Қыз әулие, Әулиетас т.б. сюжеттерді мысалға келтіреді. «Біз осы топонимдік хикаят бөлімінде белгілі бір жер-су атауына байланысты хикаяттарды дербес алып, оны халық прозасының бір түрі ретінде мақсат тұттық. Алайда, нәтижесі бұл санаттағы қазақ халқының төл хикаяттарының онша көп еместігіне көз жеткіздік. Оның бұлай болу себебі – хикаят танымның белгісі, сондықтан түбі тереңде жатыр. Оның түрлері байырғы мифтік түсініктерді зерделеп, тереңдей қарастырғанда ғана көптеп табылатыны анық» [3,257], – дейді. Ғалымның пайымына назар аударсақ, бұл сала әлі де індетте зерттеуді талап ететінін аңғарамыз. Бірқатар әдебиеттанушы ғалымдар классикалық әңгіме жанрының бастау көзі халықтық фольклорда жатқандығын айтады. Осы ретте, П.Әуесбаева қазақ фольклорындағы әңгіме жанры бойынша зерттеу жүргізіп, ғылымға «фольклорлық әңгіме» деген жаңа термин енгізгенін айтуымыз керек. Осы фольклорлық әңгімелердің арасында жер-су атауларына байланысты әңгімелер де кездеседі. Ол туралы А.Пангереев: «Топонимдік аңызға да, эпсана, не хикаятқа да жатпайтын, сюжеті шындыққа құрылған, орындалуы фольклорлық дәстүрге сай келетін туындылар бар. Біз оны сапалық белгісіне қарай топонимдік әңгіме деп атауды ұйғарып отырмыз» [3,260], – дейді. Ғалым топонимдік аңызға бұрын болған жәйтті әңгімелеуді жатқызса, топонимдік әңгімеге жақында, кеше ғана болған жағдайды әңгімелеуді жатқызады. Жер-су атауларының шығу тегіне құмарту, оның терең сырына үңілу және оны әңгімелеу дәстүрінің бүгінгі күнге дейін жалғасып, құндылығын жоймай келе жатқанын айтады. Оған мысал ретінде ақын Қуандық Шаңғытбаевтың жетпіс жылдық мерейтойына туған жері Ақтөбеге келген ақын-жазушылар сол жердегі мөлдір бұлақты «Қуандық бұлағы» атандырғанын тілге тиек етеді. Ғалым топонимдік әңгіменің өзіне тән белгілерін ескере отырып, мынадай тұжырымдар жасайды: 1) ауызша орындалуы керек; 2) түсінікті болуы тиіс; 3) оқиғалығы болуы керек; 4) тәрбиелік мәні болуы тиіс; 5) айтып отырған оқиғаның ойдан шығарылмағандығын анықтау керек; 6) сөйлеу тілінің көркемдігі болуы тиіс; 7) топонимдердің нақты географиялық аймаққа сәйкес келуі тиіс [3,285]. Ғалым А.Пангереев арақатынасын қанша анықтап көрсеткенімен де әңгіме мен хикаяттың, аңыз бен эпсананың барлығы фольклорлық жанр болғандықтан ұқсас жақтары өте көп. Тіпті кейбір фольклорлық шығармаларда ортақ сипат басым болғандықтан жанрын ажырату оңайға соқпай жатады. Фольклортанушы-ғалым осы монографиялық еңбегінде топонимдік фольклордың басқа жанрлармен байланысына зерттеу жүргізеді. Мәселен, қаһармандық эпостарда кездесетін топонимдік атаулар, романдық эпостардағы топонимдік мотивтер, тарихи жыр мен тарихи өлеңдердегі жер-су атауларына қатысты ғылыми талдаулары фольклортану саласына қосылған үлкен үлес деп бағалауға болады. Жалпы, А.Пангереевтің «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» атты монографиясын бір мақаланың деңгейінде толық саралап шығу мүмкін емес. Тек бұл кітаптың қазақ фольклортану ғылымына қосылған теориялық маңызды еңбек екенін атап айтқымыз келеді.

#### **Әдебиеттер**

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. 1 том. – Астана: Фолиант, 2014. – 317 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 272 б.
3. Пангереев А. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: Типография «NOBEL», 2014. – 465 б.
4. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

# I. ФОЛЬКЛОРАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ БАҒЫТТАРЫ (МИФОПОЭТИКА, ЛИНГВОФОЛЬКЛОРАНУ, ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОР)

## ЭПИКАЛЫҚ ДӘУІР ЖӘНЕ УАҚЫТ ДӘСТҮРІ

Айтбаева Бақыт Манатқызы  
филология ғылымдарының кандидаты, профессор  
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Серікова Арайлым Ерікқызы  
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан  
Байнақ Айбану Асхатқызы  
Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Эпос туралы үлкенді-кішілі зерттеулерге көз жіберсек, ондағы ізденіске тірек болатын мәселелердің бірі – эпостың тарихилығы. Эпикалық шығармадан шындықтың негізін тану, тарихи ақиқаттың нақтылы қамтылу заңдылығы қандай екенін анықтау эпостанудағы ең күрделі проблемалардың бірі.

**Аннотация.** Одним из главных проблем опирающихся на большие-малые исследования о эпосе является историчность эпоса. Разпознавать основ истины из эпических произведений, определить какова точный охват закономерностей исторической истины является одной из сложных проблем познания эпоса.

**Annotation.** One of the main problems based on large-small studies of the epic, is the historicity of the epic. To recognize the foundations of truth from epic works, to determine what the exact coverage of the regularities of historical truth is one of the difficult problems of knowledge of the epic.

**Тірек сөздері.** Эпикалық дәуір, эпос, фольклортану, көркемдік шежіре, тарихи дәуір, батырлық шығармалар.

**Ключевые слова.** Эпическая эпоха, эпос, фольклороведение, художественная летопись, историческая эпоха, героические произведения.

**Key words.** Epic epoch, epic, folklore leading, artistic chronicle, historical epoch, heroic works.

Эпостағы шындық пен қиялдың, көркемдік шежірелердің жинақталуынан тарихи белгілерді табу сөзсіз тереңдеуді, ғасырлар бедерінен сыр іздеуді зерттеудің басты нысанасы етіп қояды. Бұл бағыт пен бағдар бір кезде М.О.Әуезовтің зерттеулерінде басталған еді. Ертеректе жазылған еңбегінде М.О.Әуезов былай дейді: «Қазақтың батырлар әңгімесі ескі заманнан басталады. Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санауы керек. Бұрынғы түрік, монғол дәуірі жүрген заманда, алтын орда, ақ орданың күндері айтылатын жерлер бар. Ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады. Бұл түрік жұрттарының жік-жікке бөлінбей тұрған күндері. Бірін-бірі жат демей бауыр көріп жүрген кездері» [1, 56]. Эпосты терең тану, ондағы тарихи дәуір сырын терең ұғудың басты бір белгісі осында тұр. Ғұлама ғалымның аңдату тұрғысынан айтылған аталы сөзі ертедегі дәуірдегі түрік тектес халықтар бірлігін, оның елі мен жеріне қатысты істерін, басынан сөз асырмай, жеріне еш дұшпанды беттетеппеген уақытты меңзейтіндігін аңғарамыз. Соның дәлелі мен тарихи негіздерін эпостан іздеуде бізде біршама жетістіктермен қатар, түрік тектес халықтардың рухани мұраларымен сабақтастыра жалғастыра қарау жағынан кемшіліктер де жоқ емес. Қазақ эпосының тарихи мәніне назар аударып, тарихи дәуірлер кезеңімен байланыстыра түсіндірушілердің енді бірі – С.Сейфуллин. Алғаш ноғайлы дәуірі турасында жан-жақты талдап, қазақтың эпостық шығармаларының мол шоғырланған тұсы ноғайлы кезеңі екендігін айтушы С.Сейфуллин екендігі айтылып келеді. Қазақ эпосындағы көбіне батырлық жырларда ноғайлы елінің қорғаушысы болып келетіндігін айтып, оның негізгі себептері бір кездегі біртұтас ел болғандығына қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек халықтарының бір-бірімен жақындығының, бауырластығының дәнекері сол дәуірде жатқандығын С.Сейфуллин дұрыс пайымдаған [2, 297-299]. Ғылымның өріс алып, дамып қалыптасуына осындай бастамалар болмаса, кейінгі дүниелерде жалғастық та болмас еді. Қазақ эпосы мен қырым ноғайлары жырларының бір-бірімен ұқсастықтарын «Орақ - Мамай», «Едіге», «Ер Тарғын» жырлары арқылы дәлелдеп, қандас халықтар мұрасына жақындата қарау концепциясын С.Сейфуллиннен басталғанын мойындаса, осы бір заңдылыққа қатысты бүгінгі таңда қаншама еңбектер жазылды. Демек, іздеу және тереңдеу үнілу мәселесінде де қозғаушы күштер бар екеніне көз жеткізу қиын шаруа емес екен. Біз сөз етіп отырған «Эпикалық дәуір» жөніндегі мағлұмат С.Сейфуллин еңбегінде былайша түйінделеді: «Ескілікті әңгімелердің бірсыпырасы белгілі бір хан мен патша немесе бір белгілі, асқан бидің айналасында жиналған болады. Ескілік әңгімелерін кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп те жиып қояды. Қазақ атаулы елдің ноғайлы дәуірінен қалған әңгіме жырының көбі «Орманбет би» заманының маңына жиналған. Онан соң қазақтың ноғайлыдан бөлініп шығып, қазақ атанып, бөлек хандық құрып жүрген заманынан қалған ескілік әңгімелердің көбі Әз Жәнібек ханның тұсында болады» [2, 344]. Бұдан белгілі батырлық эпостардың көптеген үлгілерін жинақтап, оларды қазақ, ноғай тағы басқа халықтарға ортақ мұра есебінде санауда С.Сейфуллин көптеген жырларды салыстыра түсіп, пікірін нақтылай білдірген деуге әбден болады. Өйткені, аталған халықтардың мұраларымен салыстырғанда, эпикалық аңыздардың ең толық нұсқалары қазақ арасында кездесетініне Сәкен Сейфуллин айрықша көңіл бөлгендігін таныдық.

Қазақ эпосын дәуірлік межелерге жүгіне анықтау мен айқындау мәселелеріне тереңірек көңіл бөлген еңбектердің енді бірі – белгілі ғалымдар Ә.Х.Марғұлан мен Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулері еді. Халқымыздың эпостық мұрасын зерттеуде елеулі еңбегімен көрінген академик Ә.Х.Марғұланның эпостануға қосқан сүбелі үлесі – қазақтың батырлық жырларын дәуірлерге бөлумен ерекшеленуі. Қазақ эпосының пайда болған дәуіріне қарай топтастыруда, ғалым эпостың шығу тегі мен пайда болу кезеңін мынадай бес дәуірге бөліп қараған:

1. Ең көне замандағы эпостық жырлар. Оған «ЕрТөстік», «АқКебек», «Құламерген», «Шолпан мерген» сияқты жыр-аңыздар топтастырылған.

2. Оғыз-қыпшақ заманында пайда болған эпостар (XI-XII ғғ.). Бұл дәуір туындысы делініп «Қорқыт», «Алпамыс», «Қазанбек», «Домбауыл», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» т.б. жырлар жатқызылады.

3. Тарихи дәуірлердегі эпос (XIII-XIV ғғ.). Бұл кезеңнің өзі іштей екі салаға бөлінген: қазақ арасында Жошы ұлысының құрылуы, оның ішкі қақтығыстарын («Қобыланды», «Ер Тарғын») және осы ұлыстың ыдырау кезін бейнелейтін эпостар («Қамбар», «Қазтуған» т.б.). Кейде бұлар Ноғайлы дәуірінің жырлары деп те аталады.

4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті (XVII-XVIII ғғ.) суреттейтін эпос. Бұл тұста «Қабанбай», «Бөгенбай», «Олжабай», «Есімхан» т.б. туралы жырлар ескерілген.

5. Феодалдық қайшылықтарға қарсы күреске байланысты туған эпос [3, 80].

Осылайша топтастырудың өзінен біздің мақсатымызға орай, эпостағы дәуірлік кезеңдерді де жүйелеп алуға болатындай. Бір толассыз ақиқаты сол, жоғарыдағы топтастыру ісінде жанр ескерусіз қалмайды. Қайта жанрлық мәселені игере отырып, осының тарихилық жағы қалай деген сауалға жауап берудің бір түрі дегенді нақтылай түскенді жөн көрдік. Мұны белгілі фольклортанушы ғалым Р.Бердібаев та қостайды: «Академик Ә.Марғұланның эпосты бұлайша жүйелеуінде ой саларлық көп мағына жатыр. Тақырыптық тұрғыдан алып қарағанда мұндай жіктеу шындыққа неғұрлым сай келеді. Сонымен қатар эпостың жанрлық, кезеңдік белгілерін қарастырғанда да бұл еңбектің тигізер қолғабысы аз емес» [4, 30]. Эпостың тарихилығы жөнінде Ә.Марғұланның бұл пікірлері кезінде жарық көрген «Шоқан және Манас» деп аталатын монографиялық еңбегінде де жүзеге асқан.

Қазақ эпосының ішінде батырлық турасындағы осындай топтастыру нәтижесінде, қазақтың эпикалық мұраларын жанрлық түрлері, тақырып аясы, сюжеттік құрамына қарай тереңдеп, ондағы дәуірлік кезеңдер мен жіктеулерде жүзеге асырыла бастады. Соның бір дәлелі қазақ эпосын тегі мен жанры жағынан бөліп көрсеткен Ә.Қоңыратбаевтың еңбегі еді. Мұнда жалпы қазақ эпосы он салаға бөлінген:

1. Ертегілік эпос («Ер Төстік», «Құла мерген», «Таласбай мерген», «Дотан», «Мұңлық – Зарлық»);

2. Түрік қағанаты дәуіріндегі туған жылнамалық эпос («Орхон жазулары», «Күлтегін жайындағы жырлар»);

3. Оғыз эпосы («Қорқыт» жырлары);

4. Тайпалық эпос («Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар»);

5. Ноғайлы эпосы («Ер Тарғын», Мұрын Сенгірбаев жырлайтын «Қырымның қырық батыры» т.б.);

6. Тарихи эпос («Бекет», «Досан батыр», «1916 жыл поэзиясы»);

7. Лиро эпос («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек пен Төлеген», «Айман – Шолпан»);

8. Шығыстық дастандар («Рүстем – Дастан», түрлі кассалар);

9. Авторлық эпос («Еспембет», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Нарқыз»);

10. Совет эпосы («Амангелді», «Мәлік», «Төлеген» жайындағы жырлар) [5, 18].

Бұл топтастырулар мен жүйелеулер көптеген еңбектерде айтылып, бағасы берілгені мәлім. Алайда, біз үшін дәуірлік мәселелерге қатысты қажеті барлығын қайталай кетуге мәжбүрміз. Себебі, талдауға негізделетін батырлық жырлардың шыққан дәуірі, эпикалық шығарманың тарихи негіздері туралы сан сұрақтар алдымыздан шығып, оларды тағы да қайталай берудің жолын алдыңғы тарауда жүйелеп алғанымыз теріс емес екендігін аңғардық. Анығына жүгінсек, жоғарыдағы жүйелеулердің түрлі талас пікірлер туғызатындығына біздің де көзіміз жеткен. Бұл орайда, Ш.Ыбыраевтың төмендегі пікіріне біз де қосыламыз: «Дегенмен жоғарыдағы жүйелеу (Ә.Қоңыратбаевтың жүйелеуіне байланысты айтылып отыр. – Б.А.) принципі кемшіліктерден де құр алақан емес. Атап айтқанда, қазақ эпосын хронологиясы мен жанрлық түрлері бойынша топтастыруда біркелкі жүйе сақталмаған. Мәселен, оғыз эпосы, тайпалық эпос, ноғайлы дегендердің бәрі де жанрлық жағынан батырлық жырлар. Ал, түрік қағанаты дәуіріндегі жылнамалық эпосқа Орхон, Енесей ескерткіштерін жатқыза қою қиын. Бұлардың құрамында эпикалық кейбір көріністері кездескенімен, сюжеттік құрылымында, поэтикасында недәуір өзгешеліктер бар, оның үстіне бұл ескерткіштер қазір түркі жазба әдебиетінің бастау кезі ретінде қарастырылып жүр» [2, 22]. Осындай ескертулерге қосыла отырып, біздің еңбегімізде жалпы батырлық жырларға қатысты дәуірлерге жүгінуде жоғарыдағы жүйелермен сәйкестендіретін тұстардың болатындығын ескертеміз. Себебі, жүйелеуде дәуір мәселесі пәлендей қателікті көрсетіп тұрған жоқ. Көлемді дүниелерден дәуірлер көрсеткішін іздеу – барлық халықтардың фольклортану ғылымында кездесетін ерекшеліктердің бірі. Өйткені, батырлық жырлар ежелгі эпостың көптеген белгілерін бойыма сіңіріп, болған оқиғалардың өзін көне эпостың ықпалы арқылы дамытуда ерекше әсерлеулерге жол берген. Сондықтан одан дәуірге қатысты нақтылы ұғымдар мен түсініктерді тап басып, «тайға таңба басқандай» түсіндіріп шығудың қиындық келтіретіні бар. Тақырыптық жағынан біркелкі болса да, сюжеттік жағынан тексеруде айырмашылық көрінетіндігі зерттеу нәтижелерінен белгілі. Оның нақтылы көрінісі Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев зерттеулерінде жүзеге асқан. Бұл еңбектерде дәуірге қатысты жинақтап, сол бағытта саралаулар орын алған. Дәл осы бағытта батырлық жырлардың тарихқа қарым-қатынасы күн тәртібінен түспегені рас.

Эпосқа қатысты жазылған еңбектер соны дәлелдейді. Дәуірге қатысты жинақтаудың бір көрсеткіші «Қыпшақ эпосына» қатысты айтылады. А.Боровковтың пайымдауына, Орта Азия мен Қазақстанның эпикалық шығармаларының үлкен тобы «Қыпшақ эпосы» болып табылады. Осы эпоста XIII-XV ғасырлардағы тарихи жағдайлар мен оқиғалар суреттелетіні нақтыланған. Шындығына жүгінсек, «Қыпшақ эпосының» алғашқы шығу тегі тым ерте дәуірлерді меңзейтіндігі кейінгі зерттеулерде айтылып келеді. Алысқа бармай-ақ, академик Ә.Марғұланның «Шоқан мен Манас» және Ә.Қоңыратбаевтың «Ежелгі түркі тайпалар поэзиясы және қазақ фольклоры» атты еңбектерінде қазақ эпосының ерте замандардан бастап туғандығы дәйектелген [1, 54]. Қалай қарасақ та әлгіндегі «Қыпшақ эпосы» деп аталатын эпикалық мұралар арнасының шығу тегі әріде десек те, пайда болуы Алтын Орда дәуірін дәріптейтін ноғайлы циклімен байланыстырылады. «Себебі олар Орта Азия жерінде пайда болып, сол Орта Азия, Қазақстан халықтарының (тайпаларының) бастан кешірген өмірін көркемдеп береді» [6, 10-11]. Эпикалық дәуірдің бейнесі ұлттық эпостың тұтас жиынтығынан туындайтын құбылыс. Ол эпикалық дәстүрмен бірлікте жүретін ұғым. Сондықтан эпикалық уақыт дәстүріне қатысты мәселелер жырдың дәуірлік тұрғыдан тұтастану жайларымен бірлікте сараланып, үнемі текстерге сүйене отырып талдауды қажет етеді. Қорыта келгенде, жырдағы дәуір туралы ұғым-түсінік, дәстүрге қатысты көрсеткіштер, жырды айтушы жыршы-жыраулардың шығармашылық қабілеті, олардың әлеуметтік көзқарастарына да байланысты болмақ.

#### **Әдебиеттер**

1. Әуезов М., Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа. Литературный критик. 1940, №1. – с.178.
2. Гацак В.М. Предисловие к книге типология народного эпоса. М., 1975. – с. 4.
3. Марғұлан Ә., Эпос-жыр туғызудағы тарихи мұралар. Халық мұғалімі. 1960. №4. – Б. 64-74.
4. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы, 1975. – 181 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі. 1991. 228 б.
6. Дербісалин Ә., Ыбырай Алтынсарин. – Алматы. 1976. – Б. 148-165.

## **ЖЫР СЮЖЕТІНЕ АРҚАУ БОЛҒАН ТОПОНИМДІК Аңыздар**

**Алпысбаева Қарашаш Бейсенқызы**

**Филология ғылымдарының кандидаты**

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының**

**жетекші ғылыми қызметкері**

**Алматы қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Мақалада жырға арқау болған «Еділ мен Жайық батыр», «Сайрам аңызы» және «Қызқұлаған» атты аңыздар туралы сөз болады. Бірінші жырда бейбіт елді Қара дөуден, қалмақтардан құтқарған батырлардың майданда қаза болуы, батырларын шын сүйген елдің көз жасынан өзен құралғаны және сол өзендердің аттары Еділ, Жайық есімімен аталғаны баяндалса, жоғарыда аталған әлеуметтік-тұрмыстық дастандар. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ өмірінің шындығын көрсететін жырлар. Жырлардың көтеріп отырған мәселесі – адамның бас бостандығы, әйелдің тең құқықтылығы.

**Аннотация.** В статье речь идёт о легендах «Еділ мен Жайық батыр», «Сайрам аңызы» и «Қызқұлаған», ставшие мотивами эпоса. В первом эпосе рассказывается о гибели батыров, спасших мирное население от Чёрного великана, калмыков, о том, как из пролитых народом слёз по погибшим батырам – любимцам народа образовались реки и эти реки были названы в честь батыров «Еділ» и «Жайық», а вышеупомянутые социально-бытовые эпосы – это эпосы, демонстрирующие реалии жизни казахов до Октябрьской революции. Эпосы поднимают такие проблемы, как свобода личности, равноправие женщин.

**Annotation.** The article deals with the legends “Yedil men Zhayik batyr”, “Sairam anizy” and “Kyzkulagan”, which became the motives of the epos. The first epic tells about the death of the batyrs who saved civilians from the Black giant, the Kalmyks, about how rivers were formed of people’s shed tears for the dead batyrs - favorites of the people, and these rivers were named after the batyrs “Edil” and “Zhayik”. The above-mentioned social and everyday epics are epics that demonstrate the realities of the life of the Kazakhs before the October Revolution. Epics raise issues such as personal freedom, women’s equal rights.

**Кілт сөздер:** эпос, аңыз, мәтін, қолжазба, мотив, сюжет.

**Ключевые слова:** эпос, легенда, текст, рукопись, мотив, сюжет.

**Keywords:** epic, legend, text, manuscript, motive, plot.

**Еділ мен Жайық батыр.** Аңыздың ел арасында кеңінен тараған нұсқасын өлеңмен жырлаған – Бәдел Тұрсынбаев. Жыр мәтіні алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 89-томында жарияланды. Түпнұсқасы ОҒК-ның қолжазбалар қорында (744-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Қолжазбаны қорға тапсырған – жыршының өзі. Жырда Еділ мен Жайықтың бейбіт елді жауламақ болған Қара дөуге қарсы күресі, қалмақтармен ұрыстағы ерліктері, ел-жұртын қалмақтардан босатып алғаны, батырлардың майданда қаза болуы, батырларын шын сүйген елдің көз жасынан өзен құралғаны, ол өзендердің аттары екі батырдың есімімен аталғаны баяндалады. Ол көрініс шығармада былайша суреттеледі.

Еділ менен Жайықтың

Жамбасы жерге тигенде,

Жұрт қайғырып, күйгенде,

Жиналған елдің көз жасы

Тамшылап жерге тигенде,

Тамшыға тамшы қосылып,  
Шын сүйген елдің көз жасы  
Өзен болып ағады  
Екі батыр аттары –  
Екі өзеннің аты боп,  
Тарихта солай қалады...

Оқиға Еділ мен Жайықтың бірін-бірі түсінде көріп, бір-бірін іздеп шығуынан басталады. Бұл эпизод – бүкіл жырдың негізгі өзегі болып табылады. Батырлар үйден шығысымен оқиға қоюлана түседі, яғни жыршы қаһармандарды мадақтау үшін олардың алдына қиын бөгеттер қояды. Олар асқар таудан, үлкен шөлден, өзеннен өтіп, жолда жыртқыш аңдармен кездеседі, жезтырнаққа кез болады. Мұндай сюжет «Арық мерген», «Жезтырнақ» атты ертегілерде және «Арық мерген» жыры сияқты т.б. фольклорлық үлгілерде кездеседі. Еділ жезтырнақтарға қарсы соғыс ашқанда, қарапайым халық жәрдемге келеді. Қара дәу сынды дүлей күштермен бірнеше күн қақтығысады. Батырлар осылардың бәрінен аман-есен өтіп отырады. Мысалы, Қара дәудің күштілігі мен қайратына қарамастан оны жеңіп, оның тұтқынында зарыққан Ақтүйғынды босатуы Жайықтың асқан ерлігі ретінде суреттеледі. «Кейіпкердің, міне, осындай алып та күшті дұшпандарын жеңуі – сөзсіз, халықтың бұқара қорғанышы боларлық жан туралы арманының жемісі мен оның жақсылық пен жамандыққа, әділдік пен әділетсіздікке деген көзқарасының сәулесі» [1, 252].

ӘОИ-дің қолжазбалар қорында Еділ, Жайыққа қатысты «Еділ – Жайық» ертегісінің Талдықорған қаласының тұрғыны Қ.Әбішевтен 1960 жылы жазылып алынған нұсқасы (125-бума, 2-дәп.) мен «Еділ – Жайық» жырының Жамбыл облысының ақыны Мұсаның айтуындағы нұсқасы (105-бума, 7,8-дәп.) сақтаулы. Томға еніп отырған жыр мен аталған шығармаларды салыстырып қарағанымызда, ол шығармалардың ертегілік сипаты басым екенін көреміз. Яғни, бұларда екі батырдың бейбіт елді Қара дәу мен да басқа жыртқыш аңдардың зұлымдығынан құтқару жолындағы күрестерін суреттеумен ғана шектеледі. Екі өзеннің аталу тарихы туралы сөз болмайды. Бәдел Тұрсынбаев жырлаған «Еділ мен Жайық» дастанының нұсқасы көркем тілмен өрілген, сүбелі туынды.

**Сайрам аңыз.** Сайрам көліне қатысты аңыз Қытайдағы қазақтардың арасына кеңінен таралған. Аңызды өлеңге айналдырған – шыңжандық ақын Солтан Мәжитұлы. Жырды 1962 жылдың соңында Шыңжаңдағы «Шұғыла» журналының редакциясына тапсырған – сол кездегі Шыңжаң өлкесінің бастығы Ерғали Әбілқайырұлы. Аңыздық жыр алғаш «Шұғыла» журналының 1, 2 сандарында (Шыңжаң, 1963) жарияланып, кейін «Сайрам аңызы» деген атаумен (Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1991.) жеке кітап ретінде басылым көрді [2]. Алғаш осы жыр жөнінде пікір білдірген зерттеуші – ҚХР, ШҰАР Жазушылар, Журналистер одақтарының мүшесі, ақын, сыншы Нұрмұқан Жанұзақұлы. Ол 2012 жылы Іле облысында өткен Солтан Мәжитұлының туғанына 100 жыл толуына арналған конференцияда «Сайрам аңызы» және Солтан Мәжитұлы деген тақырыпта баяндама жасап, Солтан ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы, «Сайрам аңызы» дастанының дүниеге келу тарихы, идеясы, кейіпкерлер образдары т.б. туралы құнды пікірлер білдірді.

Жырдың экспозициясы ертеде Теміртек деген бай мен оның әйелінің байлығын, баласыздығын және олардың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мотив-сипаттамадан басталады. Мысалы, жырдағы Теміртек байдың баласыздық налысын айтып, қайғыратын тұсында мынадай жыр жолдары ұшырайды:

– Ен байлық бәрін бердің, Тәңір, маған,  
Разымын бергеніңе, құлдық саған!  
Телміріп, тепеңдеймін бала тілеп,  
Кетпес, – деп, – жұратты боп ризықты адам.  
Көрем бе бір шыр еткен бұл жалғанда,  
Дем бітіп өлсем бір күн мен арманда.  
Артымда бір мирасқор ұрпағым жоқ,  
Кім ие болады осы дүние-малға?!

Көптеген жырларда жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, дүние жүзін кезуі кездейсоқ емес. Олардың арман-мақсаты – атадан қалған мал-мүлікке ие болатын, ұрпағын жалғастыратын мұрагер, сондай-ақ ел-жұртына қорған болатын батыр іздеу болса, аталған жырда оқиға тек ұрпақ қалдыру мәселесіне қатысты өрбиді. Жырда Теміртек пен әйелінің қоластындағы күндеріне жауыздық жасап, оларды өлтіріп жаңа туған нәрестені өздеріне бала қылып алуы, Бисара атты қыздың ержетіп, өзінің өмірі туралы тарихты естуі, байдың қызын кәрі шалға ұзатпақшы болуы, Бисараның сүйген жігітімен қашып, анасының қабірін паналауы, қуғын боп келген жауды ұру үшін анасының басындағы құлпы тасты жұлып алғанда, астынан су атылып, көлге айналуы баяндалады. Мысалы, көлдің пайда болуы былайша суреттеледі:

Аспанды қарақүйе бұлт басты,  
Шама жоқ қарсыласар бұрып басты.  
Ұрмаққа жеткен жауды жұлып алды,  
Анасының басындағы құлпытасты.  
Астынан алған тастың су атылды,  
Аспанда атылған су шұбатылды.  
Көл болып сол аймақтың бәрін басты,  
Көмілді жаудың дағы үні ақыры...

Жыршы адамгершілік пен мұратқа ұмтылу мәселесіне, яғни үнемі әділдіктің жеңіп, зұлымдықтың әшкереленіп отыратындығына айырықша ден қояды. Шығарманың сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын «түс көру», «түс жору», «бал ашу», «қоштасу» сияқты сарындар көрініс тапқан. Туынды «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 89-томында басылым көрді.

**Қызқұлаған.** «Қызқұлаған» жыры бұрын еш жерде жарияланбаған және зерттелмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (349-бума, 38-дөп.) сақтаулы. Жырды айтушы – Талдықорған облысы, Киров ауданының тұрғыны Әбдіман Имандосов. Ол 1955 жылы туындыны бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде хатқа түсіп, 1957 жылы қорға тапсырған. Жыр сюжетіне арқау болған – «Қызқұлаған» атты аңыз. Аңыздың қысқаша мазмұны: Жұмаш деген бай Жібек атты он төрт жасар сұлу қызын Сәдібек деген байдың басы таз, көзі қитар ұлына ұзатпақшы болып, құда түседі. Жігітті ұнатпаған қыз заңғар жырдан басынан Шажә өзеніне құлап өледі. Содан осы жардың аты «Қызқұлаған» атанып, аңызға айналып ел арасына жайылып кетеді. «Қызқұлаған» – Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ өмірін көрсететін жырдың бірі. Жырда барлық оқиға Жібектің тағдырын баяндауға қатысты өрбиді. Тағы бір ерекшелігі – суреттеу мен баяндаудың мейлінше нақтылығы. Жырда әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, елдің шаруашылық кәсібі және де басқа көріністер жарасымды сипатталған. Әсіресе, жыршы қыздың жеке басын суреттеуге айрықша көңіл аударып, оның сұлулығын былайша бейнелейді:

Қара қас, қара торы, жазық маңдай,  
Қара көз, жіңішке бел тартқан сымдай.  
Жайнаған екі көзі, қыр мұрынды,  
Келбеті жүзі нұрлы таң қалғандай.  
Көзі өткір, асылы бар деп айтады,  
Жарық қып қараңғыны шам жанғандай.  
Сүйегі денесіне біткен түзу,  
Солқылдақ сазға жаңа шыққан талдай...

Жырдың көтеріп отырған мәселесі – сол дәуірдің шындығы, жеке адамдардың бас бостандығы, әйелдің теңдігі.

«Қызқұлаған» жырының тағы бір нұсқасы кездеседі. Ол – XIX және XX ғасырлардың тоғысында өмір сүрген дарынды айтыскер ақын Бақтыбай Жолбарысұлы нұсқасы. Аталған нұсқа ақынның туғанына 170 жыл толуына орай шыққан «Басылып жатқан қазынам...» атты жинақта жарияланған [3, 253-275]. Жырдың екі нұсқасының түп сюжеті мен жер-су атаулары ұқсас болып келгенмен, кейіпкерлер есімінде, олардың іс-әрекетінде, шығарманың дамуы мен мазмұнында біраз айырмашылықтар бар екені байқалады. Олар: Ә.Имандосов нұсқасында бас кейіпкердің есімі – Жібек, ол Жұмаш деген байдың жалғыз қызы, ал Бақтыбай ақынның нұсқасында бас кейіпкер есімі – Дариға. Дариға – Әлімқұл деген кедейдің егіз қызының сыңары. Тағы бір сыңары Күлпашты Әлімқұлдың ағасы Байбек асырап алып, қыз бойжеткенде қалың мал берген шалға сағады. Күлпаш қайтыс болғаннан кейін Дариғаны Күлпаштың күйеуі Қалтайға ұзатпақшы болады. Дариға биік құздан құлап өледі. Мәтін «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 89-томында жарық көрді.

#### **Әдебиеттер**

1. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984.
2. Сайрам аңызы. Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 1991.
3. Қызқұлаған. // Басылып жатқан қазынам... /Құрастырған – О.Исмайылов. – Алматы, 2005.

## **ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАРДЫҢ ЖАРИЯЛАНУ МӘСЕЛЕСІ**

**Әкімова Тоғжан**

**Педагогика ғылымдарының магистрі**

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері**  
**Алматы қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада топонимдік аңыздардың Қолжазба қорында сақталған кейбір нұсқалары, олардың сипаты, жариялануы қарастырылған.

**Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые варианты топонимических преданий хранящиеся в фондах Рукописи, их описание, публикация.

**Annotation.** The article considers some variants of toponymic legends are stored in the collections of the Manuscripts, their description, publish.

**Тірек сөздері.** Фольклор, аңыз, топоним, сюжет, нұсқа, қолжазба.

**Ключевые слова.** Фольклор, предание, топоним, сюжет, вариант, рукопись.

**Key words.** Folklore, legend, place names, the plot, the version of the manuscript.

Қазақтың халық прозасына жататын үлкен жанр – аңыздар. Аңыз жанрының ішінде топонимдік аңыз белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын баяндайтын әңгіме. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап П.П.Семенов-Тяньшанский, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов кейбір өзен, көл мен тау аттарының шығу тарихына арнап мақалалар жазды. XX ғасырдың 30-40 жылдары Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, С.Аманжолов, С.Әлиев, Н.Баяндин баспасөз беттерінде топонимдер жайлы материалдар жариялады. Қазақ фольклорындағы топонимдік аңыздар туралы

С.Қасқабасовтың «Қазақ халық прозасы» еңбегінің маңызы зор. Сондай-ақ, А.Сейдімбековтің, Ш.Ыбыраевтың, Т.Қоңыратбаевтың еңбектерінде топонимдер туралы мәселе қамтылған. А.Пангереевтың филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Қазақтың топонимдік фольклоры» еңбегі топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың жанры ретінде қарастырған алғашқы зерттеу болып табылады. Фольклорист ғалым С.Қасқабасов: «Топонимикалық аңыздар таза тарихи аңыздан гөрі көркемдеу болады, сондықтан онда сөз өнерінің нышаны байқалады. Мұнда көркем қиял шығарма мазмұнының хабарламалық сипатын өзгертіп, оған ғибраттық сипат бере бастайды» деген сипаттама береді [1, 145].

Топонимдік аңыздар әр түрлі жинақтардың ішінде жарияланып жүрді де, 2006 жылы М.Әбдуовтың құрастыруымен алғаш рет «Жер шежіре» кітабы болып шықты. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 80-томы топонимдік аңыздарға арналған. Ел арасынан жер-су атауларына байланысты аңыздарды жинауда фольклортанушы ғалымдар Қ.Саттаров, Б.Рахымов пен А.Пангереевтың еңбектері зор еді. Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан өңірлерінде олардың жетекшілігімен жүргізілген фольклорлық практика барысында жиналған, сонымен қатар томға Қытайдағы қазақ фольклорының аңыздары енді. Әр кезеңдерде, түрлі аймақтардан жинақталған бұл халық туындылары нұсқалық ерекшеліктеріне байланысты текстологиялық тұрғыда сарапталып, керек болған жағдайда бірнеше нұсқасы қатар берілді. Мысалы, «Айғырұшқан», «Ақбота-Сәңкібай», «Ақмола», «Ақшатау», «Ботақара», «Келіншеқтау» т.б. аңыздардың екі нұсқасы, кейбір аңыздардың үш нұсқасы берілді. Жүзтомдыққа жалпы саны 374 аңыз енді. Солардың ішіндегі Келіншеқтау туралы аңыздар халық арасына кең тараған. Қаратаудың теріскей жағында қазіргі Таукен қаласынан жоғары тұстағы шатқалға қарасаңыз, тізбектеліп жатқан тау сілемдерін көресіз. Егер сол тастарға байыппен қарасаңыз, кәдімгі жүк артқан көшке ұқсайды. Көштің алдыңғы жағында атқа мініп, түйе жетектеген келіншек бейнесін аңғарасыз. Аңыз бойынша ертеде аты шыққан бай жалғыз қызының жасауын қырық түйеге артып ұзатады. Бірінші нұсқа бойынша қыз итаяқтың өрік ағашынан жасалғанын көріп: «Әкем сараңдық жасап, итаяғымды күмістен соқтырмапты» деп күйеуін әкесіне қайта жұмсайды. Екінші нұсқасында итаяқтың ағаштан жасалғанына өкпелеген қыз әкесіне алтыннан жасап беруін талап етіп, кісі жіберіпті. Екі нұсқада да қызының сәлемін естіп ашуланған бай «тас бол» деп қарғаған екен. Содан көш те, қыз да тасқа айналыпты. Аңыздағы негізгі мотив – әке қаһары. Бұл туралы ғалым А.Пангереев: «Топонимдік эпсаналарды атаған кезде, олардың белгілі бір наным-сенімге негізделгенін де айта кету керек. Солардың бірі – халық танымындағы «ата-ана қарғысы» [2, 90] деген тұжырым жасаған. Бұл аңыздың бірінші нұсқасы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында (920/139-бума) сақталған. Қ.Саттаровтың басшылығымен жүргізілген фольклорлық экспедиция кезінде Созақ ауданы, Жуантөбе ауылының тұрғыны Жұпар Жүзбаеваның айтуынан жазып алған. Аңыз «Қазақтың мифтік әңгімелерінде» жарияланды. Аңыздың екінші нұсқасы осы қорда (1062-бума) сақтаулы тұр.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданындағы Ақбота-Сәңкібай тауы жайлы ел арасында түрлі аңыздар сақталған. Сәңкібай он жетінші-он сегізінші ғасырларда өмір сүрген батыр. Оның есімі Сағыз, Жем, Ойыл бойына кең жайылған. Оның ішінде кең тараған түрі: «Бірде мамыр айы туа Сәңкібай жылдағы әдет бойынша Әбілқайыр ханға сәлем беріп, амандасып қайтуға жиналған ел жақсыларымен бірге сый-сияпат алып, Ырғыз даласына қарай аттанады. Ол кезде хан қыста Түркістанда қыстап, жазда ежелгі жайлауына келеді екен. Кіші жүздің ішінде тама Есет батыр, табын Бөкенбай, кете Әжібай, беріш Есболай, адай Шотан сияқты адамдары бастаған қазақтардың ер азаматтары Ырғыз даласына қарай ағылғанда, ежелден аңдысып келе жатқан, бірде жеңіп, бірде жеңілуден, итжығыспен өмір кешкен қалмақтар да жансыздары арқылы бас көтерер ерлер жолаушылап кеткен кезінде қазақ ауылдарынан кек алмақ болады. Ол тұста Жемнің төменгі ағысымен Жайықтың Атырауға құяр тұсы әлі де қалмақтар қолында еді. Қалмақтар 1780 жылдары бас көтерместей болып жеңілгенге дейін жыл сайын қазақ еліне тосыннан шабуыл жасап, күн көрсетпей қойғаны тарихи шындық жағдай. XVIII ғасырдың аяғында Еділ мен Жайық өзендерінің арғы бетіне ығыстырылғанша олар Ойыл-Қиыл, Жем-Сағыз, Темір, Елек, Қобда өзендерінің алқабын қоныстанған қазақ ауылдарын жылына екі рет, көктем мен күзде қанжоса етіп отырған. Сәңкібай ауылына тиіскен де Жемнің құйылысын мекен еткен қалмақтар еді. Алайда түгін салып, дабыл қағу арқылы жау келіп қалғанынан дер шақта хабарланып үлгерген ел үдере көше бастайды. Сәңкібай атамның Ақбота атты қызы ауылда қалған тума-туыс, малшы-жалшы жігіттерді іріктеп, еркекше киініп, жауға қарсы шабады. Әбілқайыр ханға бір жылғы есебін беріп оралған Сәңкібай ауылына тиген жаудың жеңілгенін, бірақ Ақботаның жазым болғанын жолшыбай естиді. Көшіп келе жатқан ауылын осы күнгі Ақбота-Сәңкібай дөңінен қарсы алады. Сонда Сәңкібай: «Денесін адам мен мал аяғынан аулақ, сонау ақтау құм басына тапсыралық!» депті. Сол биік құм басында жалғыз мола Ақботаның бейіті!» [3].

Аңыздың бұл нұсқасы бұрынғы Калинин атындағы ұжымшардың төрағасы Төлебаев Қалдыбайдан және «Ақжар» кеңшарының директоры марқұм Айжарықов Жұбанның айтуы бойынша жазылып алынған [3]. Аңыз халық басынан өткен тарихи оқиғалардың куәсі болған сюжетке құрылған. Бұл жайында ғалым А.Пангереев: «Қазақ қыздарының осындай ерлік істерін баян қылатын, аңыздардың жер-су атауларына байланысты сюжет желілері бір-біріне ұқсас келеді. Өйткені, бұл жерде жердің аталуына себеп болатын мотив бір. Ол – қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс» деп түйіндейді [2, 97].

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақталған аңыз нұсқалары Ақтөбе облысының тұрғыны, еңбек ардагері Аманшин Бейсембайдың айтуы бойынша жазылып алынған (1156, 936-бумалар). Бірінші нұсқасында тауды Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының Ақжар совхозына қарасты Қалдашбек ауылына жақын орналасқан дейді. «Ел ішінде бұл туралы көнекөз қариялардың аузынан тараған аңыз бар. Осы күннің өзінде көкке тіп-тік болып шаншылып тұрған аппақ шыңның ұшар басына тек қана жаяу

адам өрмелеп шыға алады. Ел ішінде аңыздағы оқиға 1910-1915 жылдардың аралығында болған» деп көрсетеді. Аңыздың бұл нұсқасында Ақбота байдың сұлу қызы, Сәңкібай жарлы, батыр жігіт болады. Ақботаны айттырып қойған жігітіне беретін күні Сәңкібай қызды алып қашады. Ауылда абыр-сабыр басталып, құдалар жағы: «Қалыңдығымызды тауып бермесендер адайлардың сүйегіне таңба боларлықтай іс істейміз», – деп шіренеді. «Қызы айтқанға көнбеген, бұл не деген бейбастақтық», – деп мұқатады. Қыздың содыр ағалары 20-30 жігітті жинап, іздеуге шығады. Ел төңірегіндегі жыра-жықпалдан ештеңе тастамай тінтілейді. Іздеушілерден бой тасалаған Ақбота мен Сәңкібай осы биіктің басына өрмелеп шығады. Екі жас құшақтары жазылмаған күйде биіктен төмен құлдилаған екен. Елдің шешімі бойынша екі жастың денесі осы биікке арулап қойылған екен деседі.

Ел ішінде екі жастың қосыла алмай, мерт болуы жайлы аңыздар көп. Бірге соққан жүректердің бостандығына кедергі болған, қатыгездіктің қолына түсіп, азап көріп ажырасқаннан мәңгілік бірге болғанды жөн көрген жастар бейнеленген.

ӘӨИ қорында сақталған екінші қолжазбада аңыздың үш нұсқасы жайлы баяндайды: «Сәңкібай – белгілі жылқылы бай. Ақбота оның XVIII ғасырда өмір сүрген әрі сұлу, әрі батыр қызы. Бұл жөнінде аңыз көп. Бірінші вариантына келетін болсақ, қалмақтар жаугершілігі кезінде Сәңкібай аулында ер адамдар болмай қалады. Елді жау шауып, малдарын барымталайды. Ер адамдар жылдағы дәстүр бойынша Әбілхайыр ханға сәлемдесуге кеткен екен. Барымталанған малды, таланған мүлікті Ақбота қыз жаудың соңынан қуып барып қайтарады. Бірақ, шайқаста өзі ерлікпен қаза табады. Суық хабарды естіген Сәңкібай қатты қиналады. Елде жоқ құрмет көрсетемін деп Ақботаны биік ақ бор таудың төбесіне жерлейді. Сонда тау – Ақбота-Сәңкібай атанған.

Екінші нұсқасында: Ақбота Сәңкібайдың тоқалы болған деседі. Сәңкібай Ақботаны қайтыс болғанда сол тауға жерлеген соң, соған байланысты Ақбота-Сәңкібай атанған.

Үшінші нұсқасында: сол таудың басында жатқан бота сияқты мүсін бар. Ол мүсін сыртынан қарағанда «Ақ бота» секілді. Табиғаттың өзі салып берген жер жүзінде жоқ бейне тауға таңқалмайтын адам кемде-кем». Бұл қолжазбада «Ақбота-Сәңкібай» аңызының ел арасында тараған түрлі нұсқалары жайлы мәлімет береді. «Аңыз ауызша айтылып, ауызша өмір сүретіндіктен, оның сюжеті негізгі оқиғаны сақтаса да, уақыт өте келе, сондай-ақ орындаушылар көзқарасы тарапынан аз да болса өзгеріске ұшырап отырады және түрлі варианттары пайда болады» [2, 90]. Демек, халық аңыздың тарихынан ауытқып, өздері қиялдарынан, ойларынан шығарған сюжетке әңгіме құраған. Жаугершілік заманда ерлік көрсеткен ару қыздарының есімі ел есінен кетпеу үшін жер-суға ат беріп, аңызға айналдырған.

«Бабалар сөзі» жүзтомдығының 80-томына ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің әр жылдары ғылыми, әдеби-фольклорлық және этнографиялық экспедициялар кезінде ел арасынан жиналған материалдары, сондай-ақ бұрын-соңды жарық көрген әр түрлі кітаптардағы аңыздар топтастырылды.

#### Әдебиеттер

1. С.Қасқабасов. таңдамалы. Т.1. – Астана: Фолиант, 2014.
2. А.Ш.Пангереев. Қазақтың топонимдік фольклоры. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Ақтөбе, 2010.
3. Н.Балқияұлы, Т.Жолбасқан. Ел есінде – Сәңкібай // «Түркістан» газеті. 8 желтоқсан. 2011.

## ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Балтымова Майра

PhD докторант

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Бұл мақалада қазақ балалар фольклоры және оның бастаулары туралы баяндалады.

**Аннотация.** В статье повествуется о казахском детском фольклоре и об его начинаниях.

**Annotation.** The article tells about the Kazakh children's folklore and his endeavors.

**Тірек сөздері:** қазақ балалар фольклоры, ұрпақ тәрбиесі, поэтика, фольклортану, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аңыз-әңгімелер.

**Ключевые слова:** казахский детский фольклор, воспитание поколений, поэтика, фольклор, пословицы и поговорки, загадки, легендарные истории.

**Key words:** kazakh children's folklore, education of generations, poetics, folklore, proverbs and sayings, riddles, pranks, legendary stories.

Қазақ балалар фольклоры – халық фольклорының бір саласы. Ол ұрпақ тәрбиесімен қатар қалыптасып келе жатқан кең ауқымды шығармалар тобынан тұрады. Тілі оралымды, тәрбиелік мәні жоғары, мазмұны бай, халық даналығымен толықтырылған шығармалар баланың талғамын кеңейтіп, мінез-құлқын қалыптастыратын асыл мұра. Қазақ балалар фольклорының генезисін, типологиясын, поэтикасын анықтауда қазақ фольклортану ғылымының пайда болуы, қалыптасуы мен даму кезеңдеріне шолу жасауымыз қажет. Қазақ ауыз әдебиетін зерттеудің бастау алатын кезеңі XIX ғасырда рухани мұра ретінде ұрпағымызға қалған фольклор үлгілерін жинақтау жұмысы орындалып, халыққа таратылып отырған. Сол кездегі жинақталған материалдар қазіргі уақытта қазақ фольклорының ғылыми негізін жасауға арқау болған. Негізінен қазақ фольклорының дамуы мен



калыптасуының бастауы, тарихы ерте заманнан бастап ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаудан, оларды таратудан басталған. Оған дәлел, көне түркі жазбаларына мифтік сюжеттер, суреттер түрінде беріліп отырған. Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштеріндегі жазбаларда қазақ халық поэзиясына тән поэтикалық өрнектер көрініс тапқан. Одан кейінгі қазақ фольклорының әр түрлі жанрда жазылған нұсқалары орта ғасырлардағы Махмұд Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрік» (1074), Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» (1069), «Кодекс куманикус» (1303) еңбектерінде сюжеттік ертегілер мен өлеңдер, мақал-мәтелдер көп кездеседі. Сол кездегі фольклорлық шығармалар мазмұнының мәнділігі мен құндылығы қанша уақыт өтсе де өзінің өзектілігін жоғалтпай, әлі күнге дейін ұрпақ тәрбиесінде ерекше рөлге ие болып келетіндігін мына пікірден байқауға болады: «Фольклорлық шығармада уақыт ылғи да өткен дәуір болып көрінеді. Бірақ осы өткен дәуір айтушы мен тыңдаушыға өз заманымен тығыз байланысты болып сезіледі, баяндалып отырған оқиғалар осы әңгімеленіп отырған кезде болып жатқандай қабылданады. Бұл қасиетті, әсіресе батырлар жыры мен тарихи жырдан және аңыздан, шежіреден байқауға болады. Демек, фольклорлық шығармадағы қазіргі шақ пен бұрынғы шақтың жігі айтушы мен тыңдаушылар үшін баяндалған оқиғаның өте ерте заманда болғанында емес, сол оқиғаның қаншалықты маңызды екенінде» [1, 31-32]. Мұнан шығатын қорытынды фольклорлық шығармалардың айтушы мен тыңдаушы өмір сүріп отырған кезең уақытпен өлшенбейді. Олардың өзара байланысы айтушы мен тыңдаушы арасындағы санасы мен ойын сәйкестендіріп, айтыған ойдың маңыздылығын, қажеттілігін, сол дәуірге сәйкестігін көрсетеді.

Тарихи сананы жаңғырту, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу мәселесі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында ұдайы айтылып келеді: «Қазақстанның мемлекеттігін нығайту жолында өзінің мемлекетіне деген терең патриоттық сезім де, жалпылық сананы жетілдірудегі қазақ тілінің тірек боларлық рөлі де, бас көтерер азаматтардың айқын мақсатты әрекеттері де, тарихи сананы қалпына келтіру де... бәрі-бәрі барша қазақ ұлтының басын біріктіретін бастаулар болып табылады» [2, 52-53]. Дәл осы пікірдің мазмұнына үңілсек, қазақтың қазақшылығы мен ұлттық сипатын сақтап қалар, өз тілімен қатар, ұлттық тәрбиесі екендігін тағы бір мәрте дәлелдейміз. Өйткені ұлттық тәрбие берудің құралы ретінде ұсынылып отырған фольклорлық шығармалар балаың бойында патриоттық рух пен бірлік, ынтымақты қалыптастыратынын көре аламыз. Оған дәлел, қазақтан шыққан тұңғыш фольклористердің бірі ағартушы, алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің ауыз әдебиеті шығармаларын жинап, жүйелеу, топтастыру арқылы қазақ баласының тұла бойына адамгершілік, тәрбиелік маңызы өте жоғары тұратын рухани құндылықтарды құюда фольклорлық шығармаларды ұсынғандығын баса айтамыз. Өткен мен бүгіннің арасындағы рухани байланыстың ажырамауына бар ынтасы мен жігерін сала отырып, өткен уақыттағы молдалар оқытып жүрген араб, парсы тілдерінің барлығы қазақ баласының бойында кертартпалық пен теріс мінезді қалыптастырады деп, өзінің өлеңдерінде шыншылдық, әділдікті бетке ұстайды. Мысалы, «Ыбырай өлеңдерінің ішінде оқушысын әділдікке, адамгершілікке баулуды мақсат ететін, ұрлық-барымта сияқты феодалдық-патриархалдық әдет-салттардың жексұрындық сырын әшкерелейтін «Араз бол, кедей болсаң ұрлықпен» деген тәртізді шығарма да бар. Ыбырайдың кейбір өлеңінен өз дәуірінің шындығын, әлеуметтік теңсіздігін мүлде айқын көруге болады» [3, 113].

«Фольклор – қазақ өмірінің айнасы» деген түсінік бар. Бұл түсінік фольклор туындыларының қалай таралып, пайда болғанын түсіндіруді мақсат етеді. Осыдан келіп, фольклорды жаратушылар кімдер, фольклорға тән белгілер мен ерекшеліктер қандай деген сұрақ туады. Әдебиеттанушы ғалым Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінде: «Фольклор туындыларының өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен фольклор – синкреттік өнер. Оның бойында халықтың тұрмыс-салты, театр, сөз, би және ән-күй өнері бір-бірінен дараланбай, тұтас күйінде көрінеді. Фольклор шығармаларына тән осы белгіні белгілі орыс фольклорисі А.Н.Веселовский айтқан еді. Өмір тәжірибесімен бірге ой, оның материалдық қабығы – тіл жетіле келіп, сөзден өлең, өлеңнен ән және би бөлініп шығады. Осыған орай халықтың поэзиясын орындаушылардың да қызметі өзгеріп отырған. Оларды біз фольклор шығармаларының қарапайым аноним айтушылары, ертекті, аңыз, жырау, айтыс поэзиясының дарынды иелері – импровизаторлар дейміз» [4, 8], – деп келтірілген. Осыдан келіп, қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын фольклор шығармаларын құрастырушылар да, орындаушылар да отбасы мүшелері, яғни қариялар болғандығын білеміз. Демек, халықтың өзі, сол елдегі көпті көрген, естіген, білген, өз өмірінен түйгендерін түйіндеп, асыл мұра етіп ұрпағына қалдырып отырған халық екендігі даусыз болып тұр. Дуалы ауыздардан шыққан ой-тұжырымдарды жинақтап, біріктіріп, салыстыру арқылы фольклорлық туындылар құрастырылған. Жыраулар мен жыршылар кең көлемдегі эпостық жырларды айтуға дағдыланса, жұмбақтар, жаңылтпаштарды кішігірім ән айтушылар орындап, ел арасына таратып отырған. Бірте-бірте ол халық арасында рухани мұраға айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған көркем сөз өнері – фольклор деп аталған. Қазақта этномәдени тұтастық ретінде танып-түсіну үшін халықтың ауызекі сөзінің құдіреті айрықша мәнді. Әрине, жадау тірліктің жайдақ сөзі емес, бұл жерде әңгіме армансыз сұхбаттан туатын асыл сөз туралы болып отыр. Саликалы сөз «қазақшылықты» құлпытудың кілті болған. Осылайша ғажайып үрдіс қалыптасқан – сан ғасырлар бойы рухани төлтумалықтың Темірқазығы тек зиялылар ғана емес, қара халықтың өзі болып отырған. Мұндай құбылыс әлемдік тарихта мейлінше сирек кездеседі. Бұл шын мәнісінде қазақ дүниетанымының төл қасиетін орнықтыруда түбірлі ықпал еткен, мазмұны мен болмысы демократияшыл құбылыс болатын.

Фольклорды зерттегенде, фольклордың жанрын да қатар қарастырып, негізгі екі нәрсені: фольклордың сөз өнері ретіндегі әдебиетпен туыстығы, жақындығы және фольклордың әдебиеттен ерекшелігін ескеруіміз қажет. Одан шығатын қорытынды фольклорды этнографияны негізге алмай қарастыру мүмкін емес. Өйткені,

этнографиялық материалдар фольклорлық жанрлардың ерте кездегі сипатын береді, алғашқы даму жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Пайда болған сюжеттер мен мотивтер өздерінің әрі қарай өмір сүру ұзақтығы мен сипатын, бейнесін сақтауда тікелей тұрмыспен, болмыспен байланысты жүзеге асады. Фольклор тарихы – өткен күннің ізімен жүріп өту, қиялдау, баяндау тәсілімен жасалған көркем сөздің бір саласы. Фольклор – қазақ өмірінің айнасы, қазақтың өткені мен болашағын байланыстыратын алтын көпір деуімізге әбден болады. Өйткені, ата-бабамыздың өмір сүрген ортасынан бізге сыр шертер, түсіндіріп, айқындайтын тарих, шежіре, көненің көзі болып табылады. Фольклорды игеру нәтижесінде әрбір қазақ баласы өзінің «Менін» нақтылайды, өзінің түп-тамыры мен өмір сүрген ортасын танытады. Халық ауыз әдебиеті мен оның үлгілері – тәрбие құралы. Алғашқыда жекеленген дарындылардың ауыздарынан шыққан, одан соң халықтың қалауы бойынша құрметке лайықталып, жатталған, ұрпақ жадында сақталып, дамып, өркендеп келе жатқан асыл қазынамыз болып саналады. Ұрпақ тәрбиелеу ісінде өзінің күннің сәулесіндей нұрын шашып, бала жанын жандандырып, ақылы мен санасын қалыптастырудағы оның орны жоғары асыл мұра.

Қазақ халқы дамудың қай кезеңінде болмасын балалар шығармаларын дамыту, арнасын кеңейту мен толықтыруда зерттеуден, ізденуден тынған емес. Оған дәлел, қазақ балалар фольклорын өз алдына баланың жас ерекшелік кезеңдеріне қарай бірнеше арнаға бөліп қарастырытынын айтуға болады. Біріншісі, дүниеге келген сәбиді тыныштандыру, бағып-қағуда күнделікті тұрмыста қолданылатын әлпештеу, еркелету, мәпелеу, уату, алдарқату жырлары. Бұл жырды орындаушылар ересектер, яғни әкесі мен анасы, атасы мен әжесі өзінің ұрпағына қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптеу, дүниеге келген сәбиге деген құрметті, сүйіспеншілікті көрсету мақсатында бесік жыры, әлпештеу жырларын орындайды. Екіншісі, балалардың ересектермен қатар орындайтын жырлары наурыз тойы жыры, жарапазан айту, сабантой, арнау жырлар, өтірік өлеңдер, мазақтамалармен ерекшеленетін жеткіншектер жыры. Жеткіншектер жырында да балалар фольклоры өзінің тәрбиелік мазмұнымен сипатталып, осы жастағы балалардың бір-бірімен ұжымдасу, тілдік қарым-қатынасқа түсуге, ой бөлісу т.б. сияқты қазақтың әдет-ғұрыптарын есте сақтауға тәрбиелейді. Үшіншісі, балаларды ойын арқылы ойнай отырып тәрбиелеу ұстанымы бойынша қаламақ, санамақ, балалар айтысы, жұмбақтар, жаңылтпаштарды жаттау, оны ойын кезінде айтуға машықтану баланың ой-өрісін кеңейтіп, әдеби көркем тілді меңгеруге жетелейді. Ойындық фольклордың ерекшелігі барлық шығармада ойындық белгілер, драматизмнің басым болуымен сипатталады. Балалар бірін-бірі ойынға шақыру мақсатында «Ақ серек, көк серек» т.б. ойын өлеңдерін қолданып, бір-бірімен тәжікелесе отырып ойынды жалғастыруға дағдыланады. Өзара жұмбақ айтыстарын жүргізу баланың ой-өрісі мен қиялын, ойлауын дамытып, жұмбақтар мен жаңылтпаштардағы сөздердің мағынасына қарай балалар халық ауыз әдебиетінің үлгілерін игереді. Соңғысы, күнделікті ересектердің аузынан еститін, олардан естіген сөздерін сөздік қорын молайту мақсатында пайдаланатын прозалық фольклордың да орны ерекше. Мысалы, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, батырлар жыры, аңыз әңгімелер батырлық, қайсарлық, шыдамдылық пен ержүректілікке баулып, ұрпақ бойында ізгілік қасиеттерді қалыптастырады. Қоғамдық-әлеуметтік құбылыстар қазақ әдебиеті ғылымының дамуына тікелей әсер етіп, оның өзгеру сипатына да әсерін тигізді. Нәтижесінде, ұрпақтың жас ерекшелігіне байланысты қазақ бөлвлвр әдебиетінің барлық буынынан арналған шығармалар жарыққа шықты. Сөз басында айтып кеткендей, фольклордың сөз өнері ретіндегі ерекшелігі әдебиетпен байланысатынын есепке алсақ, фольклор халық шығармасы, ұлттық шығарма, халықтың ауызша түрдегі туғызған көркем шығармасы. Фольклор дүние жүзі халықтарының барлығында бар. Ерте замандағы фольклорлық шығармалар ру, тайпалардың барлығына ортақ әдеби мұра ретінде танылса, кейін қоғам дамуының қажеттіліктеріне қарай таптық сипатқа ие болады, нәтижесінде белгілі таптың салт-санасына, талғамына сай өңделіп көркем шығармалар түріне айналады да, орындаушысы мен тыңдаушысы бар, тұрақталған фольклорлық шығармаларға ауысқан. Сөйтіп, әуел баста жұрт алдында орындалған көркем шығарма, тыңдаушымен қатар отырып орындалатын шығармашылық бірлікке айналған күрделі фольклорлық жанр екендігін айта аламыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Қасқабасов С. Жаназық: Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра.1999. – 209 б.
3. Дербісәлин Ә. Байтақ пен бәйтерек: Ғылыми еңбектері мен ол туралы әдеби-көркем және ғылыми, деректі материалдар жинағы. – Алматы: «Арда», 2009.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы. Ана тілі, 1991. – 288 б.

### **ПРОФЕССОР А.Ш.ПАНГЕРЕЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОРДЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖІКТЕЛІМІ**

**Балтымова Мира Рашидқызы**  
**Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор**  
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**  
**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Мақалада фольклор, соның ішінде топонимдік фольклор жанрларына профессор А.Ш.Пангереев зерттеулері негізінде талдау жасалады.

**Аннотация.** В статье анализируются жанры фольклора, в том числе жанры топонимического фольклора на основе исследований профессора А.Ш.Пангереева.

**Annotation.** In the article the genres of folklore, including the genres of toponymic folklore based on the research of professor A.Sh.Pangereev are analyzed.

Фольклордың қызметі күрделі әрі кең. Ол халықтың өткен өмірі туралы мәлімет ретінде және өткен заман ойларын қазіргі кезеңнің дүниетанымына ұластыруға көмектеседі. Сонымен қатар фольклор кейіпкерлердің мінездемесін жасауда, оны өзі өмір сүрген дәуірдің қаламымен бейнелеуге қолданылады. Ғалым, жазушы М.Әуезов көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бөгетсіз, сатысыз көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатқанын: «Қазақтың ежелгі ескілігі бұл уақытта ешкімнің де есінде жоқ. Сол себепті алысқа ұзатып кеткен заман туралы қай тарихшы сөйлесе де, нобаймен, долбар сөзбен айтады. Дәлді мағлұматтың болмайтын себебі: қазақ ескілігінің жазу күйінде сақталып қалған белгісі жоқ. Сондықтан, соңғы заманда, қазақ елінің жалпы тарихынан мағлұмат жиып жүрген Еуропа жазушылары мен қазақтың өз тарихшыларын алсақ, барлығы да бұл күнге шейін: қазақ елі кім, қайдан шықты, басынан қандай үлкен дәуірлер кешірді деген мәселелердің маңында жүр», – деп көрсетеді [1, 17].

Әпсаналар мен аңыздар, эпикалық баяндаулар, тарихи әндер мен бәйіттер – бұлар халықтың өмірін қоғамдық арнада мейлінше толық көрсететін халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығының жоғары дамуын көрсететін негізгі фольклорлық жанрлар, бұлар фольклорлық тарихилықтың ерекше түрі болып табылады. Фольклорлық тарихилық – белгілі бір дәуірдің халықтық тарихи санасын халықтың поэтикалық шығармашылығының құралдарымен және мүмкіндіктерімен көркем бейнелеу. Фольклорлық тарихилықтың әрқилы типтері халық санасының әртүрлі жақтары мен деңгейлерін бейнелейді. Тарихи әпсаналар туралы пікірлер көп жағдайда, біріншіден, халықтық әпсаналардың жанрлық ерекшеліктерін түсінумен, екіншіден, аңыздардың, ән-әпсаналардың, ән-аңыздардың, кейде батырлық эпостардың жанрлық ерекшеліктері туралы түсініктермен анықталады. Негізінен бұл жанрлар бір жүйеге жатады, сондықтан жекелеген жанрдың ерекшелігін айқындау үшін осы жүйедегі жанрлардың жалпы қасиетін, түрлерін қарастыру керек, яғни қойылған тақырыпқа, проблемаға сәйкес әпсана жанры мен аңыз жанрының негізгі белгілерін анықтау қажет. Ертегілік емес проза жүйесіндегі ерекшеліктің бірі оның жанрлық мінездемесінің айқындалмауында.

Қазақ тарихын зерттеуші ғалым Е.Бекмаханов: «Тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз тағы басқалар арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан», – дейді [2, 42].

Фольклорлық тарихилықтың бір сипаты топонимдік фольклормен байланысты. А.Ш.Пангереев: «Топонимдік фольклор – жалпы ұлттық фольклордың бір саласы. Оның ұлттық ерекшелігі бірнеше белгілерден байқалады. Алдымен ол фольклордың жанрларымен тығыз байланыста. Атап айтқанда, ежелгі дүниетаным түрінде, немесе көне мәдениет мағынасында көріне алады, оған фольклорда қолданысқа түсетін жер-су алғашында мифтік ұғым бойынша аталып, танылғандығын, әпсана, хикаяттарға арқау болғандығын жатқызуға болады. Ал ертегілерде топонимдік атаулар нақты аталмайды, олар жалпылама тау, су, дария түрінде келеді», – дей келе: «топонимдік фольклор утилитарлық та қызмет атқарады. Оның танымдық мәнімен бірге мағлұматтық, қоғамдық қызметтері өмірлік қажеттіліктер болып табылады. Сайын далада бағыттан таймай жүріп-тұру үшін де топонимдік атаулардың ролі қандай екендігі белгілі. Осыдан топонимдік фольклордың қолданбалылық сипаты да көрінетінін» айтады [3, 4].

Топонимдік фольклордың көркем әдебиеттегі қызметі туралы фольклортанушы-ғалым С.Қасқабасов: «Бір аңызды толық түсіну үшін кейде онда баяндалатын оқиғаны білу аз, сол аңыз пайда болған аймақты да жете білуге тура келеді, онда айтылатын басқа фольклорлық шығармалармен танысу қажет болады», – деп көрсетеді [4, 122]. Бұл ретте А.Ш.Пангереевтің «Қазақтың топонимдік фольклоры» туралы зерттеуінде топонимдік фольклордың ішкі жанрлық түрлерін аңыздық проза аясында қарап, топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме деп бірнеше түрлерге бөліп қарастырады және топонимдік фольклордың басқа да фольклор жанрларында көрініс беретін ерекшелігін анықтайды. Сонымен қатар ғалым топонимдік фольклордың негізін құрайтын жер-су ұғымының мән-маңызын көрсетіп, яғни қазіргі отан ұғымы, немесе атамекен, туған жер, кір жуып кіндік кескен мекен деп жүргеніміз түптеп келгенде байырғы көне түркілік жер-су деген түсініктен шығатындығына тоқталады да: «Жер-су – жоғары мен төменнің қосындысы, туындысы ретінде табынатын тәңірлік мәнге ие, бірақ тәңір емес, адамзат өмір сүретін әлем, кеңістік бөлігі; Жер-су – ықылым заманнан бергі уақыт пен кеңістік шегінде адамзат қалдырып отырған өмір таңбалары, топонимдер арқылы фольклор сюжеттерінен танылатын тарихи таным куәсі; Жер-су – фольклор шығармаларындағы әлем туралы, кеңістік туралы ойлар мен көзқарастардың таңба, символдық мән түріндегі жиынтық бейнесі; Жер-су – фольклор сюжеттерінде мотив тудырушы дәнекер, немесе кей жағдайда сюжеттік негіз», – деп тұжырымдайды [3, 8].

Фольклортанушы А.Ш.Пангереев топонимдік фольклордың жанрлық түрлерінің әрқайсысына анықтама беріп, терең талдайды. Оның пайымдауынша, топонимдік аңыз «ең алдымен, халық санасында орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткендігіне жауап іздеуден бастау алады. Себебі бұл атауларда танымдық мән бар. Онда табиғат құбылысының жергілікті халық тарапынан байқалған ерекшелігі де, болып өткен тарихи оқиғаның себеп-салдары да, жер бедерінің ерекшелік қасиетін, сапасын танытатын ұғым да, әлеумет өмірінен хабар беретін белгі де бар».

Зерттеуші топонимдік атаулардың фольклордағы қолданысын жер-су атауларының жеке тұрғандағы өзіндік мәнін емес, оның басқа жанрлармен қатынасын, белгілі бір оқиғамен байланысын ашу арқылы жүзеге асатынын айтады. «Егер жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын факті ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың аты көркемделе қиял арқылы баяндалса, не болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты айтылғанда тарихи дерегі болмай, ғибраттық сипаты ғана болса – әпсана болады», – деп, топонимдік әпсана ұғымына, ал: «Кітаби және діни сюжетті баяндайтын шығармалардағы хикаяттық сипатқа сәйкес құрылған топонимдердің аталу астарынан мифтік белгілерді байқаймыз», – деп топонимдік хикаят ұғымына түсінік береді. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері туралы тұжырымын қорытындылай келе, ғалым жер-су атауларының шығу тарихына байланысты туған топонимикалық аңыз, әпсана, хикаяттардың қатарына жаңа түр – топонимдік әңгіме жанрын қосады: «Топонимдік әңгіменің өзіне тән белгілері бар және ол басқа жанрлармен аралас өмір сүреді. Оны аңыз бен әпсанадан айыра ерекшелігі – уақыт аралығында, жаңашылдығында, шындықты суреттеп айтуында, яғни әңгіме жанры басқаларына қарағанда әлдеқайда кеш пайда болады» [3, 12-20].

Фольклор және ауыз әдебиеті үлгілерінің ұрпақ санасын қалыптастырудағы қызметі зор, бұл туралы профессор Е.С.Нұрмұратов: «Қазіргі халқымыздың бойынан табылатын жақсы моральдық отансүйгіштік қасиеттердің түп негізі ғасырлар қойнауында қалыптасқан құндылықтар әлемінде. Олар әр түрлі эпостарда, фольклорда, мифтерде, айтыс өнерінде сақталып келеді. Мәселен, қазақтың қонақжайлығы, кеңпейілдігі, кішіпейілдігі, елін, Отанын сүйетіндігі, атамекенге деген құрмет өзге елдерден ерекше болып табылады. Тек сол рухани жетістіктерімізді, құндылықтарымызды қадірлей білсек қана жаңа қалыптасып келе жатқан мемлекетіміздің шаңырағын шайқалтпаймыз», – деп келтіреді [5, 36].

Жер-су атауларын зерттеудің маңызы зор. Топонимдік фольклор аясындағы зерттеулер ел тарихын түгендеуде деректік, танымдық қызмет атқарады.

#### **Әдебиеттер**

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, 1994. – 416 бет.
3. Пангереев А.Ш. Қазақтың топонимдік фольклоры: филол. ғыл. д-ры... автореф.: 10.01.09. – Алматы, 2010. – 38 б.
4. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
5. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (әлеуметтік-философиялық талдау): филол. ғыл. канд. дисс.: 09.00.02. – Алматы, 2000. – 237 б.

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТİNДЕГІ САЛ-СЕРІЛЕР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

**Дауылбаева Салтанат Аманқызы**  
**Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**  
**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Бұл мақалада сал-серілер поэзиясының әдебиетші ғалымдар сөз өнері ретінде қарастырып, оның поэзиямызды дамытудағы орнына тоқталса, музыкатанушы мамандарымыз оның әншілік, композиторлық қырынан зерттейді.

**Аннотация.** В этой статье ученые-литературоведы поэзии сал-Серов рассматривались как искусство слова, о его роли в развитии поэзии, а специалисты-музыковеды изучают его со стороны песенного, композитора.

**Annotation.** In this article, literary scholars of Sal-Serov's poetry were considered as the art of words, about its role in the development of poetry, and musicologists study it from the side of the song composer.

**Тірек сөздер:** сал-серілер, әнші-ақындар, әдебиетші ақындар, Ақан сері.

**Ключевые слова:** сал-сері, певцы-поэты, литературные поэты, Ақан сері.

**Key words:** Sal-Seri, poet -singers, literary poets, akan Seri.

Қазақ әдебиеті тарихында сал-серілер поэзиясы халық ауыз әдебиетінің ауқымды да күрделі саласы болып табылады. Сал, серілердің өнер дәстүрі қазақтың тіршілігінде елеулі орын алды десек те болады. Өйткені сал-серілердің басты ұстанымы – әншілік-ақындық өнер. Ал қазақ қашанда ән мен жырды қастерлеп, дәстүрге айналдырған. Бұл орайда көркем сөздің айтулы шебері К.Паустовский өзінің қазақтар өміріне арналған бір әңгімесінде: «Қазақтардың өлең айтуға құмар болатын бір себебі осынау ұлан даланың әйнектей шыңылтыр ауасы адам дауысын айрықша әуезді етіп күшейтіп жіберетіндігін де шығар. Қазақстан сияқты ту табиғаттың, жұлдызды ашық аспан мен шетсіз-шексіз рухының ән мен өлеңге, даналыққа бейім болуының дәйекті дәлелі» – деп жазады. Иә, қазақтың ән мен жырға құмар болуы, кен дала, сұлу табиғатпен етене жақын болуынан да шығар. Сал-серілер тек әншілік – ақындық өнермен шектеліп қалмаған. Бұл орайда, Е.Бісмайлов: «Сал, серілерде ақындықпен қатар, әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де бар» деп жазса [1, 38-39], қазақ әдебиетінің тарихында «Салдар мен серілер әншілік пен ақындықты, саятшылық пен мергендікті, күлдіргілік пен қуақылықты қатар ұстаған ақын мағынасындағы халық өнерпаздары» деп көрсетіледі [2, 389].

Қазақ поэзиясының ерекше дамыған кезі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Бұл кезеңдегі қазақ поэзиясының басында сал-серілер шығармашылығы тұрды. Сал-серілер поэзиясы — өзіне дейінгі ауызша поэзия мен жазба поэзияның жалғастыратын буын сияқты, өзінің алдында өткендерге қарағанда бір адым ілгері кеткен, жаңалығы, ерекше сипаты бар өнер. Оның қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейткен, тың өрістерге көтерген арна екені дау тудырмайды» – дейді профессор Ш.Керимов [3, 120]. Шындығында да сал-

серілер мұралары – қазақ поэзиясын көкке көтеріп, жұлдызын жарқыратты. Осы кезде қазақ поэзиясы жаңа түрге ие болып, сан алуан бояу-өрнектермен дами түсті.

Сал-серілер – әдебиет тарихында да, музыка өнері тарихында да есімдері алтын әріппен жазылып, халықтың ерекше сүйіспеншілігіне, ықыласына бөленген талант иелері. Сал-серілер сегіз қырлы бір сырлы жандар болғаны бәрімізге мәлім. «Жігітке жеті өнер де аз» деп дана халқымыз тегін айтпаса керек. Сал-серілер сан түрлі өнерді игерген. Олар ақын, әнші, композитор болумен қатар, әрі бишілік, әрі артистік, әрі фокусшілік қасиеттерін бойына жинақтаған жан-жақты талант иелері. Сал-серілердің әнші, композитор ретінде қазақтың өнерін, музыкасын дамытып, жаңа белеске көтергендігін әрі әншілік-сазгерлік шығармашылықтың өзіндік озық үлгі-өрнегін қалыптастырғандығын, поэзия мен музыканың, халықтың ойын-сауық өнерлерін ұштастырып келгендігін, ең бастысы қазақ поэзиясының дамуына зор үлестерін қосқандықтарын әдебиетші, өнертанушы ғалымдар әлі күнге дейін зерттеп жазып келеді. Сал-серілер туралы алғашқы жазба деректер Қазан төңкерісіне дейін де әр түрлі Ресей басылымдарында жарияланған. Бірақ олар негізінен сипаттама түрінде болды.

Сал-серілердің өмірбаяндық деректерін жинап, өлеңдерін жазып алу, нотаға түсіру ісі Қазан төңкерісінен кейін ғана қолға алынды. XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап сал-серілер туралы зерттеулер жариялана бастады. Сал-серілердің өмірбаянын, шығармашылығын, композиторлық, әншілік өнерін жан-жақты зерттеген ғалымдар кімдер деген сұраққа, ең бірінші ауызға алатынымыз – С.Мұқанов, А.Затаевич, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Қ.Жұмалиев, А.Жұбанов, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Ғ.Әбетов, Ғ.Малдыбаев, І.Жақанов т.б. Ең алғаш баспа жүзінде Біржанның атақты сал ақын, әнші ретінде есімі С.Мұқанов, А.Затаевич, С.Сейфуллиннің еңбектерінде аталады. М.Жұмабаевтың «Ақан сері», С.Мұқановтың «Үкілі Ыбырай» деген мақалалары жарияланды. А.Затаевич әнші ақындардың туындыларын нотаға түсірумен қатар, оның авторы, орындаушысы жайлы деректер береді. Мәселен, Біржан әніне жазған түсініктемесінде сал мен серінің айырмашылығы, мінездері туралы айтады. Біржанның өмірі туралы деректі жазған – Сәбит Мұқанов. Онан кейін М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, А.Жұбанов, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов секілді белді-белді ғалымдардың кітаптарында Біржан салдың өмірі мен шығармашылығы сөз болады. Ал Біржан туралы бұрынғы-соңғы деректерді жинап, қорыта отырып, оның поэзиялық шығармалары жөнінде нақты талдау жасаған әдебиетші-ғалым – Ғ.Әбетов. Біржанның ақындығы туралы, айтыстағы өнері туралы пікірлер көптеген әдебиетшілер еңбектерінде кездеседі. Біржанның өмірі мен ата-тегі туралы және бұрын белгісіз өлеңдерін, әндерін жинауда көп еңбек еткен ғалымдар – Б.Г.Ерзакович, Е.Байболов, Қ.Қаңтарбаев, М.Майшекин т. б.

Ақанның серілік өмірінің әсемдігіне, қызықтығына көп адамдар көңіл бөлген. Оның өмірі – «ертегідей әдемі, сұлу өмір» – дейді Мағжан Жұмабаев [4, 312]. Мағжанмен бірге Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров те Ақан өмірінің жұмбақ сырын түсінуге тырысқан. Сері өмірі өзінің замандастары үшін де жұмбақ саналған. Жабылар жүйріктің сырын түсінбеген. Ақан бойын кернеген шабыт тудырған өлмес ғашықтық сезімі, жүйрік ат, алғыр құс, құмай тазыға құмарлығы, соңғы жалғыздық өмірі, бәрін де замандастары түрліше жорыған [5, 54]. Ақан сері туралы тек қана Мағжан, Сәкен, Ілияс қана емес, Ғабит Мүсірепов, Сәкен Жүнісов сияқты жазушыларымыз шығармалар жазып, Ахмет Жұбанов Ақанның әншілік-композиторлық мұрасын зерттеді.

Сал-серілер шығармашылығын зерттеуде Ахмет Жұбановтың еңбегін ерекше атап өткен жөн. Ғалымның 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың халық композиторлары» атты кітабы материалдарының молдығымен құнды. Бұл кітап XIX-XX ғасырларда ғұмыр кешкен музыка қайраткерлеріне тоқталып, жинақтап баға берген алғашқы монография болып саналады. Ғалым осы еңбегін кеңейтіп, толықтырып, жеке екі монографияға айналдырды. Оның алғашқы кітабы күйші композиторларға арналса, әншілерге арналған екінші кітабы «Замана бұлбұлдары» деген атпен жарық көрді. А.Жұбанов осы еңбегінде Ақан сері, Балуан Шолақ, Біржан сал, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай сынды сал-серілеріміз жайлы мәлімет беріп, өзіне көмектескен біраз адамдардың есімін атап өтеді. Ол жөнінде А.Жұбанов былай дейді: «Біржан сал жөнінде біздің бұрынғы деректерімізге әнші жөнінде көп жылдан бері тырнақтап жинап жүрген деректерін алдымызға жайып салған Ғылым Академиясының ғылыми кітапханасының қызметкері Есім Байболов болды. Сонымен қатар, Көкшетау облысына барып қайтқан, Алматының Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының доценті Хабидолла Тастанов пен аспирант Алтын Кетегенованың Біржан жайлы деректер іздеп, әншінің Қалкен атты баласының жұбайын тауып алып, сонымен әңгімелескен және басқа әншінің кездескен адамдары, жүрген жерінде аңыз боп қалған әңгімелерін ол адамдар бізге жеткізіп берді» [6, 243]. Бұлардан басқа А.Жұбанов, Қ.Бабақов, А.Затаевичті де атап өтеді.

Сал-серілер шығармашылығын зерттеу саласында көп еңбек сіңірген танымал әдебиетшілердің бірі – Е.Ысмайылов. Ол өзінің «Ақындар» атты монографиясында бұрын жалпылай ақын аталып келген өнерпаздарды іштей бірнеше топқа жіктеп, «әнші ақындар» деген ұғымды сал-сері сөзімен синонимдес мағынада қолданып, сал-серілер өнерінің сан қырлы, синкретті іледі. Е.Ысмайыловтың сал-серілер поэзиясын зерттеудегі еңбегі ерекше деп біз жоғарыда айтып өттік. Е.Ысмайылов әнші ақындарды даралағанда олардың творчествосына тән ортақ сипаттарын ғылыми дәйектілікпен анықтап қана қоймай, «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерпаздар жайында жеке зерттеулер де жазғанын айта кеткен жөн. Оның Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері туралы мақалалары жаңа деректер, тың ойлар, қызықты пайымдауларымен құнды. Біржан Қожағұлұлы мен Ақан Қорамсаұлы жайында бұрын жазылған зерттеулер болды. Е.Ысмайылов оларды қайталамай әнші ақындардың өмір тарихындағы, творчествосындағы кейбір аз зерттелген кезеңдерге тоқталды. «Біржан — Сара» айтысына қатысты даулы пікірлерді талдап, таратып айтуымен қатар, өзінің ғылыми болжамын ұсынады. Ақан мен Біржанның ақпа ақын, асқақ әнші, асқан сазгер болуымен бірге салдық, серілік қасиетін толығымен

баяндайды. Бұл ерекшеліктер өнер иелерін халықтың қалың бұқарасымен етене жақындастыра түсуге игі ықпалын тигізеді.

Е.Ысмайылов ел аузында Үкілі Ыбырай атанып кеткен әнші ақынды Көкшетаудың күзгі сентябрь жәрмеңкесінде алғаш рет көріп, ақындық, әншілік өнеріне таң қалғанын айтады [6, 250]. Е.Ысмайылов Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырайды көрген қариялармен, олардың шәкірттерімен кездесіп, өте құнды мәліметтер жинайды. Сал-серілер туралы қысқа да болса тұжырымын білдіріп, мақала жариялаған ғалым Ә.Марғұлан. Ол сал-серілерге қатысты ел аузынан жиналған және архивтік деректерге сүйене отырып, Ақан сері, Жаяу Мұса туралы мақалалар жазды. Ғалымның «Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер» атты мақаласында сал-серілік дәстүр сөз болады. Ә.Марғұлан қазақ поэтикалық өнерін жасаушылар туралы мақаласында сал-серіні ақынның өзгеше бір түрі ретінде айқындап дара қасиетіне тоқталады. Ә.Марғұлан осы мақаласында көне жазба жәдігерлерді таяныш ете отырып, оның ертедегі елестерін түркі қағанаты, оғыз дәуірінен іздестіреді. Жеке ақындар шығармашылығы жөнінде тараулар әдебиет тарихының 6 томдығына кірді. Мұндағы Ақан Қорамсаұлы туралы тарауды А.Нұрқатов, Біржан Қожағұлұлы, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса Байжанов хақындағы тарауды Ғ.Әбетов, Әсет Найманбаев туралы тарауды С.Ордалиев жазған. Композитор І.Жақановтың сал-серілер туралы деректі мақаласы жарық көріп, әнші-ақындар хақында «Екі жирен» кітабын жазды. Ақан сері туралы зерттеп, мақала жазған І.Жақанов Ақан шығармашылығының зерттелуі жөнінде былай дейді: «Ақан сері турасында аңыз көп, бірақ ізіне түсіп жалықпай ізденген адамға нақты деректер де табылатынына өз көзім жетті. Менің сері жөнінде әрқилы зерттеулеріме берік негіз болған дерек – әншімен үш атадан туыс боп келетін Қасым қарияның қолжазба дәптері. Бұл дәптер Қасым ақсақалдың ұлы марқұм Ербахрамның қолында көздің қарашығындай сақталған еді. Ол жазбаны мен кезінде бұл кісілермен туыс, Көкшетаудың әйгілі азаматы еңбек ері Ұлтай Нұрпейісов арқылы алып қажетке жараттым. Қолжазба Ақан сері өмірінің бүкіл өзегі десе де боларлықтай. Осыдан шығарып айтарым, жалпы ақын мұрасына әлі де болса ғылыми көзқарас, тыңғылықты талдау жетіспей жатыр» – дейді [7, 184].

Ақан серіні танудағы айрықша құнды еңбекті Мағжан Жұмабаев жасады. Ал көркем дүниелердің ішінде шоктығы биігі, әрине, қазір де ұлттық классикамызға арналған І.Жансүгіров пен Ғ.Мүсірепов туындылары, сондай-ақ Сәкен Жүнісовтың белгілі дилогиясы, Батыс Еуропа әдебиетінде мұндай ірі тұлғалар жөніндегі туындылардың тамаша үлгілері бар. Солардан өнеге алсақ, лақап пен аңыздан гөрі шындыққа көбірек жүгінер едік. Әрине, көркем шығарманы тудырудың сан алуан жолдары бар. Ал бірақ дәл Ақан сері өміріне, бейнесіне, жан дүниесіне реалистік көзқараспен кіретін жазушылық тәсіл бізге оның бай тағдыр-тарихын, шын болмысын анығырақ, толығырақ танытатыны талассыз.

Әдебиеттанушы ғалымдар З.Ахметов, М.Базарбаев, Ә.Дербісәлиннің зерттеу еңбектерінде әнші ақындар поэзиясындағы дәстүрлі өрнектер сөз болады. Халық арасында үкілі Ыбырай жайлы көп аңызға бергісіз әңгімелер бар. Солардың бірінде көл жағасында ұйықтап жатқан Ыбырайға түсінде аруақ аян береді. Көлдің арғы бетінен біреу дауыстайды. Ояна келсе сақалы белуарына түскен ақсақал. Қария бала Ыбырайға домбыра сыйлайды. Сол сөзген Ыбырай жырлап та, шырқап та кете барады. Бұл аңыз – халық ақындары айта беретін: «түс көрдім түсімде аруақ аян берді», «өлең аласың ба, көген аласың ба?» – деді, мен өлеңін қаладым. Содан ақындық қонды», – дейтін әңгімеге саяды. Олар ақын туралы тереңнен зерттеп оның ақындығын, әншілігін зерттеуге ден қойды. Музыка маманы Е.Г.Ерзакович – әнші-ақындардың әндері мен өлеңдерін жазып алу, нотаға түсіру, жарыққа шығаруды, әрі зерттеу жүргізуді қатар ұштастырған ғалым. Ол Мұхит, Кенен, Жаяу Мұса, Біржан әндерінің ноталы текстерін бастырып, олардың шығармаларына тақырыптық, әуендік-ырғақтық құрылымына, теориялық тұрғыдан талдау жасаған [7].

Сонымен сал-серілер поэзиясын әдебиетші ғалымдар сөз өнері ретінде қарастырып, оның поэзиямызды дамытудағы орнына тоқталса, музыкатанушы мамандарымыз оның әншілік, композиторлық қырынан зерттеп келеді. Сал-серілер туралы зерттеулер әлі де жазылу үстінде, болашақта да жазыла бермек.

#### **Әдебиеттер**

1. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. I т. Екінші кітап. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясы, 1964. – 389 б.
3. Керимов Ш. Әнші-ақындар поэзиясындағы дәстүр мен даралық мәселесі. – Алматы, 1991 (канд. дисс.).
4. Жұмабаев М. Ақан сері. // Шығармалары. – А., 1989.
5. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956.
6. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1975.
7. Жақанов І. «Аққулар қонған айдын көл» – Алматы, 1988.

### **«БЕС ҚЫМБАТ» ӨЛЕҢІНДЕГІ МӘДЕНИ КОД (СҒЗ «Ізденіс» үйірмесінің жұмысы бойынша)**

**Елеусинова Г.Е.**

**Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан  
Тенеряднова С.П.**

**Педагогика ғылымдарының кандидаты  
Государственный университет телекоммуникаций им.Бонч-Бруевича  
г. Санкт-Петербург, Россия**

**Андатпа.** Мақала М.Ж.Көпейұлының «Бес қымбат» шығармасын талдау негізінде семиотиканың тірек ұғымдары «код», «мәдени код» ұғымдарына арналған. Семиотика, психоллингвистика, мәтін лингвистикасы гуманитарлық пәндеріндегі код және мәдени кодтар туралы анықтамалар берілген.

**Кілт сөздер:** код, мәдени код, жүрек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, сабыр, шүкір, әдеп.

**Аннотация.** Статья посвящена таким ключевым понятиям семиотики как «код» и «код культуры» на основе анализа произведения М.Ж.Копеева «Бес кымбат». Даются определения кода и кодов культуры в таких гуманитарных дисциплинах как семиотика, психоллингвистика, лингвистика текста.

**Ключевые слова:** код, культурный код, воспитание сердца, воспитание разума, терпение, довольствие, учтивость.

**Annotation.** The article is devoted to the key concept of semiotics as “code” and “code of culture” on the basis of analysis of works of M. Zh.Kopeev “Bes Kymbat”. Definitions of the code and codes of culture in such humanitarian disciplines as semiotics, psycholinguistics, linguistics of the text are given.

**Key words:** code, cultural code, education of the heart, education of the mind, patience, contentment, courtesy.

«Мәдениет – ұлттың генетикалық коды», – деп Елбасы айтқандай, қазіргі заманғы Қазақстанды мәдени дамытудың маңызды бағыттарының бірі мәдени мұраны сақтау, зерделеу және тарату болып табылады. Мәдени мұра – мемлекетіміздің, онда тұратын азаматтардың рухани дамуының сарқылмас көзі. Мемлекеттік мәдени саясат қоғамды рухани, мәдени, ұлттық біріктіруге және адамгершілігі мол, дербес ойлай білетін текті ұрпақты тәрбиелеуге бағытталуда. Сондықтан біздер «Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасының жанында ашылған студенттердің «Ізденіс» ғылыми- зерттеу үйірмесінде жастарды түркі әлеміне ортақ мәдени мұралармен таныстырып, олардың ой-санасында әділдік пен ізгіліктің мәңгілік идеясын қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыс жасаудамыз, атап айтсақ: 2016 жылы аталған үйірме түркі әлеміне ортақ ғұлама Ж.Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы бойынша зертеу жұмысын жүргізіп, Алматы қаласында өткен халықаралық дөңгелек үстелге қатысып, ТҮРКСОЙ халықаралық қорының Алғыс хатымен марапатталды. 2017 жылы ежелгі әдебиетті зерттеуші ғалым-педагог Алма Қыраубайқызының өмірі мен шығармашылығы бойынша «Мыңжылдық жолаушы» еңбегімен танысып, әдеби-мәдени іс-шара өткізілді. 2018-2019 оқу жылында жоспар бойынша, қоғам талабына сай, «Текті ұрпақты тәрбиелеудің мүмкін бағыттары» тақырыбында зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Соңғы уақытта «код», «мәдени код» ұғымдары көптеген гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектісіне айналды. «Код» ұғымы семиотикадан келген. Бұл ғылымда «код» - жүйе, белгілер құрылымы мен оның қызмет көрсету ережелерін біріктіреді [1]. Ғалым В.В.Красных мәдени кодты мәдениеттің айналадағы әлемге тастаған «сеткасына» ұқсатады, ол оны категорияға, құрылымға бөлшектейді және бағалайды [2, 232]. Табиғи тілге қатысты код төмендегідей анықталады:

1) Тіл жүйесі: белгі бірліктерінің жиынтығы және оны қолдану ережесі (И.В.Арнольд, Ф.де Соссюр, У.Эко, Р.О. Якобсон және т.б.

2) В.А.Лазарев, У.Эко, Р.О.Якобсон кодты тілдің бір түрі ретінде түсіндіреді, соған сәйкес «коммуникация» кодтарды бөліп қарастырады – адресант коды және адресат коды, «деңгейлік кодтар – морфологиялық код, грамматикалық код, фонологиялық код.

3) У.Эко жұмыстарында код дегеніміз әртүрлі символдар (сигналдар, белгілер) комбинацияларының көмегімен қалыптасқан хабарламаны анықтайтын ереже.

Тіл – мәдениеттің негізгі элементі және ұлт пен оның бірлігін қалыптастырудың мүлтіксіз шарты болып табылады. Қазақ тілін сақтау және дамыту біздің мемлекетіміздің мәдени саясатының аса маңызды міндетін құрайды. Қазақстан мәдениетінің әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасуы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің үш тұғырлылығын көздейтін мемлекеттік тіл саясаты арқылы қамтамасыз етіледі.

Мақаланың мақсаты – «код», «мәдени код» ұғымдарының ерекшелігін анықтау арқылы М.Ж.Көпейұлының «Бес қымбат» өлеңіндегі мәдени кодты шешу. Текті ұрпақты тәрбиелеудің мүмкін бағыттарының бірі ретінде қолдану. Алынған мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысында *герменевтикалық және теориялық материалдарды жүйелеу әдістері* қолданылды. Зерттеу нәтижесі. Қазақ ақыны, тарихшы, этнограф, шежіреші, аудармашы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1808 жылы Баянауылда дүниеге келген. Бес жасында хат таныған, жеті-тоғыз жасында «Қозы-Көрпеш - Баян сұлу», «Ер Тарғын» жырларын, шығыс қиссаларын жатқа білген, сегіз жастан асқанда есіміне халыққа қамқор болған Мұса Шорманұлы «Мәшһүр» атын қосақтаған **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының** «Бес қымбат» өлеңіне [3, 66] герменевтикалық талдау жасау нәтижесінде түзілген пайымдарымызды ұсынамыз, олар: **иман, ақыл, сабыр, шүкір, әдеп.**

«Ең әуел керек нәрсе иман» – деген,

«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!

«Құдай кешірер!» – дегенмен, іс бітпейді,

«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген.

«Екінші керек нәрсе – ғақыл» деген.

«Ғақылсызда тауық жағы тақыр!» – деген.

«Аз іске ашуланып, дінін бұзар,

Иманын кәпірлікке сатар!» – деген.

«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр!» – деген,

«Сабырлысы мұратын табар» – деген.

«Әр істе сабырсыздың тәубе – зорлық,

Сабырсыздық басқа пәле салар» – деген.

«Төртінші қымбат нәрсе шүкір» – деген.  
«Нығметке шүкірсіздік – күпір!» – деген.  
Жатқан жерден: «Құдай кешір!» – деген –  
корлық,  
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір!» – деген.  
«Бесінші, қымбат нәрсе – әдеп» – деген,  
Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.  
«Кәпірлік әдептіде тұрмағандай,  
Әдеп деген махаббатқа себеп!» – деген.

Ең бірінші мәдени код – **иман**. Бұл категорияны қазіргі ғылым тілімен айтсақ, істің нәтижесін білу, бастағалы тұрған істің не үшін керек екенін алдын-ала болжай білумен пара-пар. Ол арқылы айналаңа рухани пайда келу керек. Не нәрсе бастасаң да иманмен жасау қажет. Қазіргі ғылымда бұл **мотивация** немесе себептеме деп аталуда. Иман-себептеме адамның әрекетіне мағына бере отырып, оны объектіге бағыттайды. Субъект объектімен бірігуі арқылы ақыл көзі ашылады. Сондықтан иман-мотивацияны білу, әрекеттің бағытын алдын-ала сезуге және оны оймен бақылауға мүмкіндік береді. Иманы бар адамдар (ИБА – Г.Е.) жақын мен алысты бірдей байқайды. Объектіні интуитивті сезу қабілеті мен есту қабілеті жоғары. Олай болса, оларда бағалау да жақсы дамыған. Бағалау сөзі латын тілінен аударғанда «жақын отыру» дегенді білдіреді. Объектіге жақын бола білу қабілетімен дараланатын ибалылар көп нәрсенің мағынасын түсінгіш келеді. Иманы аз адамдарда (ИАА – Г.Е.) осы процестер керісінше жүреді. Иманның бағыттаушы күші дегеніміз сол. Мәселен, профессор мен шәкірт Эйнштейннің әңгімесін келтіретін болсақ, профессор: «..Жаратушы барлығын жаратты. Мейірім мен зұлымдықты да. Олай болса, ол-зұлымдық», – дейді. Сонда шәкірті: «зұлымдық – мейірімнің жоқтығы. Жарына махабаты жоқ адамның жүрегі зұлымдыққа толы болады», – деп ұтымды жауап қайырады. Бұл тұста біз шәкірттің жақын мен алысты қатар көру қабілетін байқаймыз. Әр нәрсе өзінің терісімен дәлелденеді. Психология кітабында бәріне таныс сурет бар: жартылай суы бар стакан. Тапсырма бойынша жартылай суы бар стакан деп көргендер оптимист, жартылай бос деп танығандар пессимист деп жатамыз. Бірақ сол стаканды орта ғасыр ғұламалары басқаша көрген екен. Олар ыдыстың жартысында су, жартысында ауа бар депті. Көру қабілетінің жоғары деңгейі деп осыны айтуға болады. Шындығында ауа болмаса тіршілік атаулының барлығы тіршілігін тоқтатар еді. Бір күні студенттерімізге су туралы видеофильмнен үзінді көрсеттім. Сонда бір қыз бала: оның біздің сабағымызға қажеті қанша деп сұрақ қойды. Сусыз қалдырса қажетін түсінген болар еді әрине... Қазақтың «сәби болғым келеді, сәби болғым, сәбиі жоқ ананың құшағында» – деген ән жолының өзінде қаншама философия бар десеңізші! Бардың құны, бағасы жоқпен анықталатын заңдылық! Иман категориясы ұят эмоциясымен тығыз байланысты. Қоғамдық өмірдің жағдайына тез бейімдейтін ұят сезімі тұлғаның өзін-өзі тануын тереңдетеді. Ұят өзін өзге адамның бағалауына деген сензитивтілік пен сезімталдықты арттырады. Олай болмаған жағдайда біз өзге адамның бағалауына мән бермеген болар едік. Адам өз әрекетінің салдарын бағалау қабілетін дамытады. Ұят эмоциясын дамыту даралықты дамытудың алғышарты болып келеді. Дегенмен, ұят танымдық деңгейге өткенде ғана, яғни өзімізден ұятты бөліп, оның табиғатын пән ретінде қарастырсақ, ол біздің құзырымызда болып, бақылауға ыңғайлы, конструктивті сипатқа ие болады. Абай: бойымызда ата-бабамыздың намысқойлық мінезі жоқ болған соң, үйренген өнеріміздің бәрі адамшылыққа ұқсамай, сайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың үлкен бір себебі сол, – дейді данагөй бұл туралы. Екінші мәдени код – **ғақыл**. Бұл категорияны Мәшһүр Жүсіп тауық сөзімен байланыстырады. Ақылды адам қанағатшыл келеді. Қанағаттың екі шарты бар: барға қанағат ету және үнемдей білу. Ақылды адам өзгенің дүниесіне сұқтанбайды, қызғанбайды. Өзінде барды игілігіне жұмсай алады. Мәселен, кейбір жастардың оқуға, өзі оқитын оқу орындарына деген пікірлерін тыңдай отырып, қайран қаласың. Ертедегі аңыз әңгімедегідей, әсіресе Пушкиннің «Алтын балығындағы» кемпірдің керін келтіріп жүрген білім алушылар шынайы білімді басқа жақтан алыстан іздегісі келеді. Берілген білімді көбейту дегеннен хабары шектеулі. Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Тәрбиеге жетекші» деген еңбегінде: «білімдендіру көбіне, екі мақсұт көздейді – білім көбейту, яғни затты мақсұт, ақыл күшейту, яғни қалыпты мақсұт. Осы екі мақсұты қатар көзделу керек». Аймауытов пікіріне негізделген білімді іздестіруі қажет. Ондай шәкіртке жапырақ та ұстаз болады. «Бала бүкіл әлемге, адамдардың хәм өзінің өміріне, білім нұрымен ашылған саналы, ақылды көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсұты осы». Қазіргі ғылымда бұл **бағалау** немесе рефлексия деп аталуда.

Үшінші мәдени код – **сабыр**. Бұл категорияны Мәшһүр Жүсіп мұратпен байланыстырады. Осы тұста қазіргі қазақ халқына адал қызмет етіп жүрген екі тұлғаны айтқым келеді. Оның бірі – Роллан Шәкенұлы Сейсенбаев, қазақтың көрнекті жазушысы, 70 томдық шығармалар жинағының авторы, Лондондағы Абай үйі мен Еуропадағы Қазақстанның көркемөнер орталығын ашуға мұрындық болған ізгі жан әлемдік әдебиет пен қазақтың ұлы ақын-жазушыларының шығармаларын кеңінен таратуды мақсат тұтқан азамат. Роллан Шәкенұлының ерекше жобаларының бірі – Халықаралық «Аманат» журналы. Екіншісі – Санжар Керімбай, қазіргі кезде оқырмандар сүйсініп оқып жүрген «Логотерапия немесе өмірге құштарлық» кітабының авторы, оқытушы, аудармашы. Бұл екі азаматты ұқсастығы – өзінің халқына деген адалдығында, қай істе болсын тек халқым үшін деп соққан жүректерінің лүпілінде. Ал ерекшелігіне келетін болсақ... 2017 жылы «RS» Баспа үйінен шыққан **«Қазақ елі немесе Дербестік пен Даралық үшін Жанталас»** (үрей мен үміт реквиемі) бірінші кітабында Роллан Сейсенбаев: «...қазақ елін бір жылда аралап шығам деген едім, енді қарасам, мен дала кезіп жүргелі екі жыл алты ай өтіпті» [4, 219]. Жай кезу емес, қазақ даласы менен тыныстайды, нені іздейді, нені



күтеді?... т.с.с сансыз сұрақтарға жауап іздеген Роллан ағаның мазасыз жүрегі **ұлттық ритмді** сезе біледі. Оған қоса үн қата алады: Семейдегі Кочегарқада жұмыс жасайтын жас ақындар клубына «ақ көйлек, сұр костюм, сақиналарын тағып баруы, жұмысшы жігіттердің қал-жайын ұғуы, поэзияға құштарлығын бағалауы, кейін Алматыға келген соң ақындар үйірмесінің қорына Жапонияның «Асахи» журналынан түскен гонорарын аударуы – адами қарым-қатынастың керемет сүйсінерлік үлгісі емес пе? Немесе Ақтөбе жерінде Нұрғасыр мешітінің алдында асфальтта тізерлей отырып, Ақтөбе жастарына берген ақ батасы, разьезде түсіп қалып, құдай қонақ ретінде токсандағы ақсақалмен бірге сұхбат құруы, Өсер әулиенің басына барып түнеуі, жүзге келген кейуанадан сұхбат алуы және т.б. толып жатқан әсерлі жүздесулерге біздерді, оқырмандарды «3Д форматта қатыстыра білуін» баға жетпес құндылық деп санаймыз. Ұлтын, жалпы адамзатты сүйетін алып жүректің иесі Ролландай ағаның барын білу біздерге рух береді. Оның бір сұхбатында: «Тәңірім жаманға жалынудан, жақсыға табынудан сақтасын. Тәңір бізді құтты ойлардан айырмасын», – деген. Қазіргі ғылымда бұл **отанды сүю** немесе патриотизм деп аталуда.

Төртінші мәдени код – **шүкір**. Бұл категорияны Мәшһүр Жүсіп нығымет, себеппен байланыстырады. Абсолюттік танымның белгілерін көріп танушылар шүкіршілік етушілер. Ал осы белгілерді көрмейтіндерді көргенде әрине сабыр ету керек. Самал жел, теңіздегі кемелер, олар арқылы ризық табу, жанбыр және т.б. белгілерді көргенде шүкіршілік етерсіңдер деп жазылған Рұм сүресінде. Шүкір етушілер бастарына келгенге босамады да осалдамады. Сондай-ақ именбеді... Табиғаттың заңдылығын түсіну адам тану ілімін меңгерудің алғышарты болса керек. Қазіргі ғылымда бұл **детерминизм** деп аталуда. Детерминизм ұғымы латын тілінен аударғанда анықтаймын деген мағына береді. Тұрмыс құбылыстарының жалпыға ортақ себеп-салдарлы анықтылығы жөніндегі ілім. Детерминизм идеясы ежелгі дүниеде пайда болған. Демокрит барлық нәрсе қажеттіліктен туындайды, осыны себептілік деп есептеді. Аристотель себептіліктің төрт түрін анықтады: ресми, материалдық, қозғалысты, мақсатты. Детерминизмнің екі негізгі түрі бар:

1) Қатаң детерминизм. Еркін іс-әрекеттің болуын жоққа шығарады;

2) Жұмсақ немесе бірлескен детерминизм. Детерминизмді ерік еркіндігімен үйлестіріп қарастыратын көзқарас.

Бесінші мәдени код – **әдеп**. Бұл категорияны Мәшһүр Жүсіп махаббатпен байланыстырады. Әдеп қайдан бастау алады? Әрине жаныңдағы адамның (шәкіртің, әріптесің, ұстазың, балаң, жолдасың, ата-анаң...) ерекшелігін, даралығын танудан, қабылдаудан, оның жетілуіне қолыңнан келетін болса, жағдай жасаудан. Біздің есімізде бала күннен сақталып келген «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала», – деген тамаша мақал бар. Шәкәрім бабамыздың аманат етіп кеткен **Ар ілімі** еске түседі. Қазіргі ғылымда бұл **қабылдау** деп аталуда.

**Қорытынды.** Сонымен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Бес қымбат» өлеңі бойынша Мәдени кодты сақтап қалудағы құндылықтар жүйесі:

1. **Иман-мотивация-жүрек тәрбиесі**

2. **Ақыл-бағалау-сана тәрбиесі**

3. **Сабыр-патриотизм-мінез тәрбиесі**

4. **Шүкір-детерминизм-жан тәрбиесі**

5. **Әдеп-қабылдау-рух тәрбиесі**

**Ұсыныстар:**

1. Әрбір бастаған ісінді не үшін жасайтыныңды анықтап алу адамның ісінің нәтижелі болуына жағдай жасайды.

2. Ең бірінші өзінді адам ретінде бағалай білу, өзгені де бағалауға ұласады.

3. Елінді сүю алып электр жүйесіне қосылып тұрғанмен бір екенін түйсіну.

4. Не нәрсенің де себебі барын ұғыну көптеген түсініспеушіліктердің алдын алуға көмектеседі.

5. Кез-келген жағдаятта өзін қабылдау дағдысы қалыптасқан мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу.

**Әдебиеттер**

1. Семиотика//Энциклопедия Кругосвет. Универсальная научно-популярная онлайн-энциклопедия [Электронный ресурс] – режим доступа: <http://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye-nauki/lingvistika/SEMIOTIKA.htm> page=0,0.- дата доступа: 22.12.2018.

2. Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология. – М.Гнозис.2002 – 283 с.

3. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние. Таңдамалылары Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 416 бет.

4. Сейсенбаев Р.Ш. «Қазақ елі немесе Дербестік пен Даралық үшін Жанталас» (үрей мен үміт реквиемі). Жетпіс томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Алматы: Полиграфкомбинат ЖШС, 2017. – 361 бет.

## ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ТОЛЫМСЫЗ КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СТИЛЬДІК ӘЛЕУЕТІ

Ләззат Әубәкірқызы Еспекова

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана қ., Қазақстан

**Аннотация:** В статье рассматриваются стилистические функции вспомогательных глаголов в исторических песнях, особенности их употребления.

**Abstract:** The article discusses the stylistic functions of auxiliary verbs in historical songs, especially their use.

**Ключевые слова:** фольклор, казахский фольклор, исторические песни, стилистические особенности, вспомогательные глаголы.

**Key words:** folklore, Kazakh folklore, historical songs, stylistic features, auxiliary verbs.

Фольклорлық дәстүрді сақтаған ерекше жанрлардың бірі – тарихи жырлар. Бұл жырлардың зерттелуі 19-ғасырдан басталады. Тарихи жырларға қатысты зерттеулерді Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Ө.Диваев, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, Б.Кенжебаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Х.Сүйіншалиев, Р.Бердібаев, С.Қирабаев, С.Қасқабасов еңбектерінен кездестіруге болады. А.Пангереев «Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңінде қазақ фольклортануында тарихи жыр тақырыбын ғылыми зерттеу еңбегінің өзегі еткен зерттеушілер қатарында З.Сәнік пен Б.Садықанұлын, З.Сейтжанұлын, Б.Ибраһимді, Б.Рахымовты атай аламыз» деп көрсетеді [5, 386]. Тарихи жырлар негізінде тарихи шындық жатыр. Бұл шығармалар халықтың тұтас бір тарихи кезеңімен тығыз байланысты болып келеді. «Бұл жанрдың негізгі өзегі – халық басынан өткеріп, ел есінде қалған белгілі бір тарихи уақиға болып табылады. Сол тарихи оқиғаға белсене қатысқан тарихи тұлғаның айналасында өрбитін көркемдік сюжет әуелгіде ел арасында әр түрлі ақындардың айтуымен үзік-үзік өлең, ал қарапайым жұрттың жеткізуімен аңыз, әңгіме түрінде тарайды. Кейін уақыт өте келе олар белгілі бір цикл құрап тұтастану құбылысын басынан өткізеді» [5, 386].

Тарихи жырлардағы стильдік категориялардың бірі – толымсыз көмекші етістіктер. Бұл толымсыз көмекші етістіктер толық лексикалық мағынасы жоқ сөздер қатарына жатады. Н.Оралбай «Толымсыз көмекші етістіктер деп дербес сөз кезіндегі дыбыстық құрамын сақтамаған, етістіктің түрлі грамматикалық тұлғаларында қалыптасып, қазір сол тұлғада түбір сөз ретінде қолданылатын көмекші етістіктер аталады» деп анықтама береді [4, 223]. А.Ысқақов «...бұл көмекшілер – мазмұны жағнан да, формасы жағынан да шалағай, яғни, толымсыз сөздер» деп атайды [2, 298]. Ы.Маманов бұл етістіктерді мәнсіз көмекші етістіктер деп атай отырып, оларды «тіркескен сөздеріне грамматикалық мағына үстейтін» етістіктер деп қарастырады [3, 51].

Тарихи жырларда толымсыз көмекші етістіктер ерекше стильдік қызмет атқарады. Бұл қолданыстардың стильдік қызметі контекст шеңберінде анықталады. Мәселен: «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырындағы «еді» толымсыз көмекші етістігі бірде етістікпен тіркесіп, бірде жоқ, көп сөздерімен тіркесіп, оқиғаның өту сипатын білдіруге дәнекер болады.

Сауыттан алтын жаға тоғыз берді, Құнымен бір-бір қыздың қатар <i>еді</i> . Бүктелген бір-ақ уыс семсер берді, Деміне шақырымнан тартар <i>еді</i> . Заманынан Әмір Темір бері қарай Бұрышында қазынаның жатыр <i>еді</i> . Он кілем, бір қап күміс тағы берді, Қатарынан бес жүз адам жатар <i>еді</i> . Біреуін өзге жерге апарғанда Пәлен алтын, тілләдан сатар <i>еді</i> . Жететін жеті пұтқа зерлендірді, Баяндап, қайсы бірін айталы енді. Хан Тұрсын қазынаға сондай толық, лақап қылса, Қытаймен қатар <i>еді</i> . Қырғынмен неше сапар таусылады, Қымбат шаһар Қоқан мен Бұхар <i>еді</i> . «Адамның жанынан бөлек табылар» деп, Сол күнде жердің жүзі айтар <i>еді</i> . [1].	Он сегізде хан болып, Қырыққа жасы кеп <i>еді</i> . Осынша хан болғанмен, Бір перзенті жоқ <i>еді</i> . Жері байтақ, елі бай, Алтын-күміс, қазына сай. Иісі қазақ баласы лақап қылып сол күнде «Хандардың ханы» дер <i>еді</i> . Қазақстан жұртының Атырабын болжасаң, Еділ, Жайық, Қапқазбен Бір шеті Жаркент, Құлжамен, Омск пен Томск, Ауған, Бұқар арасы, Есепсіз жұрты көп <i>еді</i> . Зарлаушы <i>еді</i> дәйімі: «Жүз жасадым да, Рәббім, Ақыры ажал келеді. Аяды перзент»,—дегенді. Бір күн айтты зар жылап, Гүлханым деген зайыбы Ханыңыздың бар <i>еді</i> : «Қосылған жастан, алалым...[1].
---	--

Сонымен қатар жырда *еді* толымсыз көмекші етістіктерінің жиі қайталанып қолданылуы мәтін үзінділерін бір микротакырыпқа біріктіріп, белгілі бір ойды дамытуға да негіз болып отыр. А.Ысқақов «Еді көмекшісі тарихи е (ер) етістігінің жедел өткен шақ формасынан (ер-ді) қалыптасқан. Осыған сәйкес, еді формасы қай сөзге тіркесе де, оған өткен шақ мағынасын үстейді...» деп көрсетеді [2, 299]. Контексте *еді* толымсыз көмекші етістігі өткен шақ мағынасымен қатар, амал-әркеттің даму кезеңін айқындай отырып, ойды жинақтаушы, қорытындылаушы қызмет атқаратынын көреміз. Тарихи жырларда *еді* формасымен қатар *екен* көмекші етістігінің де жиі қолданылуы байқалады.

Шымалдан көп ел *екен*,

Шегірткемен тең *екен*,

Есекен барып еңсерді,  
 Көрмеген қырғын ел **екен**,  
 Өліктер қалды төбе боп.  
 («Еңсегей бойлы Ер Есім») [1].  
 Бір отыз күн бәйбішеде тұрады **екен**,  
 Көңілін дүние-малға бұрады **екен**.  
 Тоқалда бір отыз күн және тұрып,  
 Сайран ғып екі арада жүреді **екен**.  
 («Сәтбек батыр») [1].  
 Тоғызы айдалғаннан қашқан **екен**,  
 Талайдың қанын судай шашқан **екен**.  
 Құдайым Сәтбек ерге душар қылып,  
 Басынан арамдығы асқан **екен**.  
 («Сәтбек батыр») [1].

Тілімізде «**Екен** көмекшісі есімшенің өткен шақ формасында (-кен, -ген...) қалыптасқандықтан, әдетте, өзі тіркескен сөзге бұрын өткен амал я әрекет екенін білдірерліктей қосымша мағына үстейді» [2;300]. Тарихи жырлардағы **екен** формасы да оқиғаның өту сипатын айқындай отырып, көркем мәтін композициясында маңызды рөл атқарады. Жырда **екен** формасының қайталанып қолданылуы шақтық мағынамен қатар шумақтағы негізгі ойды дамытуға негіз болып отыр. Сонымен қатар жырда «**e**» түбірінен жасалған толымсыз көмекші етістіктердің «**ем**» формасы да жиі қолданылады.

Адамнан сорлы болып мен шығып **ем**,  
 Қасартты, мендей қылып, Құдай сені.  
 «Таптым ғой бір қылмыстан» деп ойлаушы **ем**,  
 Жануар, себеп қылды саған нені? [1].

Жырларда «**ем**» формасы да оқиғаның дамуына дәнекер бола отырып, жақтық мағынаны береді.

Тарихи жырлардағы ерекше формалардың бірі – **де** толымсыз көмекші етістігі. Бұл етістік жырда бірде **деп**, бірде **деймін**, бірде **деді** формасында қолданылады. Ы.Маманов «Де көмекші етістігі – айт, сөйле етістіктерінің синонимі» деп, мағынасы жағынан айт, сөйле етістігіне жақын екенін айтады. Ғалым бұл етістіктердің айырмашылығы грамматикалық қызметте қолданылуымен байланысты деп көрсетеді [3, 52].

«Ініңе енді, жәке, разы бол», – **деп**,  
 Тас байлап аяқ-қолын, шынжырлапты.  
 «Шынымен бәрің тозып кеттің бе?» – **деп**,  
 Халыққа ата үкіммен хабар айтты.  
 Тау-тасқа шілдей болып тозған халық,  
 Сай, тасқа, пана жерден теріп апты.  
 «Қазағым, бұлай боп ел болмайсың», – **деп..**  
 Артынан Есім ханның ере берсең,  
 Сендерді жұрт қылармын бір сияқты.  
 «Қалмаққа қысас ғазат», – **деп**,  
 Күніге айтып, ерледің,  
 Құлаққа маза бермедің.  
 «Неше сапар қырған», – **деп**,  
 Тыншымастан еңіредің.  
 Қатаған қылды ондай іс,  
 Барып қайтып Қашқарға  
 Арасында келгеннің.  
 «Жұртым үшін тудым» **деп** [1].  
 «Бұған да түсін ер» **деймін**.  
 Үш жүз қазақ баласы,  
 Үш би сайла, ойласып.  
 Таянышымды кім **деймін?**  
 «Аузы бар бақандай,  
 Қайратты болсын ер» **деймін**.  
 «Жасып туған атадан,  
 Басқара алмаса қор» **деймін**,  
 Осалға өкім бермеймін...  
 Елдің шетін електеп,  
 Некен-саяқ деректеп,  
 Рақат ұйқы көрмейін,  
 Шолғыншы болып жүр **деймін** [1].  
 Борай хан сонда сөйледі:  
 – Түсіндім, Есім – сен, – **деді**,  
 Көрмеп едім мен де ілгері.

Ерлігің мен шерлігің  
Көз алдымда тұр, – *dedi*.  
Адамыма кездестім,  
Бір өлім ақыр шын, – *dedi*.  
Келген екен түрің де,  
Тумайды сендей ұл, – *dedi*.  
Аман қайтсақ біреуіміз,  
Дос-дұшпанға сын, – *dedi*.  
Менің жасым ілгері,  
Кезегімді бер, – *dedi* [1].

Мәтінде *den* толымсыз көмекші етістігі оқиға желісінің өту барысын күшейту қызметін атқарса, *dedi* етістігі сөйлеуші мен бөгде адамның сөзін байланыстырушы қызметпен бірге бір ойды бір оймен сабақтастырушы қызмет те атқарады. Мәтінде *деймін* формасының әр жол сайын қайталануы берілген ойды жинақтаушы әрі бір ойдан екінші ойға ауысуға дәнекер екенін көреміз. Яғни толымсыз көмекші етістіктердің қызметі тек шақтық мағынаны білдірумен ғана шектеліп қалмайтындығын көрсетеді. Тарихи жырларда бұл қолданыстар бірде мәтіндегі жаңа оқиға не сюжет басталғандығын көрсетсе, бірде бір оқиғадан екінші оқиғаға ауысуда дәнекер болатынын байқаймыз. Сонымен қатар бұл қолданыстар мәтіндегі оқиғаның шақтық кеңістігін сипаттаумен шектелмейді. Ондағы амал-әрекеттің даму кезеңін сипаттаумен қатар, оқиға желісінің темпін күшейтуге, жеделдетуге, тіпті тежеуге де әсері бар екенін байқауға болады. Толымсыз көмекші етістіктердің бұл қызметі оның көркем мәтін композициясындағы рөлін әрі стильдік әлеуетін айқындай түседі.

#### Әдебиеттер

1. Бабалар сөзі. – Астана, 2014, 56-том.
2. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010. – 458 б.
3. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – 488 б.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.
5. Пангереев А. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе, 2014. – 464 б.

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ МИФТІК ҰҒЫМДАР

Жалғас Айдана

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың өлеңдерінде фольклор мен мифтік ұғымдардың поэтикалық сипат алуы қарастырылады.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается поэтический характер фольклорных и мифических концепций в поэзии казахского поэта Абая Кунанбаева.

**Annotation.** This article discusses the poetic nature of folklore and mythical concepts in the poetry of the Kazakh poet Abai Kunanbayev.

**Тірек сөздері:** ғұрыптық фольклор, миф, тәңір, аспан, ай мен күн.

**Ключевые слова:** ритуальный фольклор, миф, бог, небо, луна и солнце.

**Key words:** ritual folklore, myth, god, sky, moon and sun.

Абай әлемінің бар құдіреті мен болмысын, құпиясы мен сырын жете таныту арқылы қазақ халқының мәдени келбетін, қадір-қасиетін, шыққан биігін, рухани жетістіктерін ұрпақ санасына сіңіре алатынымыз шүбәсіз. Абайтанушы ғалым М.Мырзахметовтың: «Қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік мінез-құлқын, адами қалпын қалыптастыруда Абайтану ілімі іргетасқа айналып отыр. Осы себепті, ең алдымен, Абай мұрасын меңгеру, терең танып білу – бүгінгі күннің аса қажетті мәселесі», – деген ойлары дәлел. Ақынның дүниеге келгеніне біржарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді. Абайдың поэзиясы сан қырлы, халықтың өмірімен, дүниетанымымен біте қайнасқан. Әсіресе халқымыздың қойнауы бай фольклорының сарқыншақтары және мифтік, топонимдік ұғымдардың ақын өлеңдерінде көрініс табуы оның шығармаларына айрықша өң берген. Халықтың жай-күйін, адамның ішкі толғанысын табиғат құбылыстарымен, халықтың ескі танымымен байланыстыра, салыстыра суреттеу арқылы жаңа, соны туындылар алып келген.

Қазақ фольклоры – адамзат тарихының, мәдениетінің, өркениетінің негізгі жемісі десек, бұл жемісті кезең өз арнасына үлкен мәселелерді қамтиды. Фольклордан қазақтың сұлу мәдениетін, эстетикалық талғамын, бағдарлы болмыс-бітімін, мінез-құлық пен жеке қабілеттерін көре аламыз. Фольклордың алдында миф бар дейтін болсақ, ал фольклор сол мифті қорытып, эстетикалық-көркемдік тұрғыда өңдеп, жаңа сипатқа ендіріп, «өмірлік айналымға» айналдыратын құбылыс. Өмірлік айналым деп отырғанымыз да – халықтың тіршілігі, тұрмысы, күнделікті кәсібі, арман-тілегі [1, 20]. Қазақ фольклорының ішінде ғұрыптық фольклор саласы өте кең дамыған. Өйткені бұл фольклор саласы өз арнасына салт-сана, дәстүр-тағылым, әдет-ғұрыптарды жинақтап

қана қоймай, адамның жеке қабілеттерін, топ-қауымның болмыстық нақышын білдіруге бағышталатын философияны жинақтайды.

Абай өлеңдеріндегі ғұрыптық фольклордың көріністері былайша берілген:

Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол,  
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол.  
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,  
Зарланып неге әнге салады ол?

Отбасылық-ғұрыптық фольклордың бір түрі – азалау немесе өлік жөнелту жырлары. Оның басты түрлері – арыздасу, жоқтау, коштасу жырлары, көңіл айту, естірту, дауыс шығару. Қайтыс болған адамды жоқтау әр халықтың ғұрпында кездеседі.

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,  
Әсте өлмесін білгендей қылық қылған.  
Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа,  
Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан.  
Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,  
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.  
Ертең өзің қайдасың, білемісің,  
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

Адам дүниеге келеді, өседі, өнеді. Бірақ бұл тіршіліктің де шегі болады. Абай осынау өмір заңдылығын айна-қатесіз сипаттап беріп отыр. Қазақ нанымında өлген адамның жаны уақыт өте келе аруаққа айналады деген сенім бар. Қазақтарға ислам діні енбес бұрын халық аруақтарға табынып, соларға жалбарынып, көмек сұраған. Ш.Уәлиханов: «Адам өлгенде аруағына арнап, қырқына дейін қырық күнде, әр күн бір шырақтан қырық шырақ жағады немесе әр күнде он шырақтан төрт күн шырақ жағады», – дейді [2, 154]. Шырақ жағудың да себебі – аруақ өз үйінен әлі қол үзбей, бәрін көріп, біліп тұрады деген сенімнен туған.

Бала туса, күзетер шілдеhana,  
Олар да өлең айтар шулап жаңа.  
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.  
Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең.

Адам баласы дүниеге келісімен әлпештеу, аялау, мәпелеу жырлары, яғни бөбек жырлары басталады. Енді осы айтылған бөбек жырларының мифтік арқауын талдап қарар болсақ, оның арна басынан бесік жыры орын алады. Табиғаттың беймәлім сырларына үңілу, оларды білмекке құштарлық қандай да болмасын халықтың тарихи санасына тән нәрсе екендігі белгілі. Халықтың тарихи санасы мен фольклор туындыларын бір-бірінен бөліп алуға келмейді, бұл екеуі сан ғасырлар бойы бірге жасасып, бірігіп кеткен ұғымдар [3;131]. Осынау жер-көктегі тіршіліктің иесі – тәңір. Қазақ ұғымында барлығын жаратушы – көктегі тәңір. Жалпы жақсылық атаулыны тәңір ісімен байланыстыру ежелден келе жатқан қасиет десек те болады. Жас баланы еркелеткенде де «тәңірім жарылқасын», «тәңірім бере салды» деген сөздердің айтылуы да осы себепті. Абай өлеңдерінде де бар жақсылықтың басы, игіліктің нышаны тәңірден басталады.

Адамның кейбір кездері  
Көңілде алаң басылса;  
Тәңірінің берген өнері  
Көк бұлыттан ашылса.  
...Тәңірінің күні жарқырап,  
Ұйқыдан көңіл ашар көз.  
Қуатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар сөз.  
Немесе  
...Бойдағы мінді санасам,  
Тау тасынан аз емес.  
Жүрегімді байқасам,  
Инедейін таза емес.  
Аршып алып тастауға,  
Апандағы саз емес.  
Бәрі болды өзімнен,  
Тәңірім салған наз емес.  
Немесе  
...Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,  
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.

Ежелгі түркілер негізінен қос күшке – Көкке және Жерге сыйынатын болғаны тарихтан жақсы мәлім [4, 30]. Ғарыш әлемінің ең өзегі – аспан дейтін болсақ, аспан ұғымы ежелгі наным бойынша жаратылыстың

бастауы деген мағына берген. Тәңірлік діннің кезінде аспан адамзат баласын, барлық дүниені жарылқаушы, жаратушы есебінде ұғынылып, қастер тұтылды, аспанға қарап бар үмітін, тілегін білдірді, аспанға сыйынды, өйткені Тәңірдің мекені аспан деп ойлады. Аспан да – көк, су да – көк деп түстелген. Бірақ, бір ерекшелігі, зерттеушілердің айтуынша, «қазақ тілінде «тәңір» деп – көкті, «теңіз» деп – суды айтуы тегін емес. Екеуінің түбірі тең, тәң көк, аспан ұғымымен байланысты, демек «тәңір» көктегі су болса, «теңіз» жердегі су». Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелде су деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» деп аталуы содан, ал жердегі су да түсу жағынан аспан, яғни тәңір сияқты көк болғандықтан теңіз аталған [5, 85]. Өмірінің соңғы жылдарын Абай ғылым мен ақиқаттың шыңы – Тәңіріні тануға сарп еткен. Абайдың жақын айналасының бізге жеткізер шындығы осы. Оны көріп-білуге дәрменсіз болсақ, кінә өзімізде. Ұлы ойшыл рухына бұдан артық қиянат бола ма?! деген белгілі абайтанушы А.Омаров [6, 13]. Ғалым С.Қасқабасов «Көне замандағы, түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды – еркек, жерді – әйел деп түсінетін мифтік ұғым қазақтың мифі мен діни нанымдарында ғана сақталып қоймаған. Ол ұлтымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға айналған» дей келіп, Абайдың Жазғытұрым өлеңін мысалға келтіреді [7, 97].

Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,  
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.  
Анамыздай жер иіп емізгенде,  
Бейне әкендей үстіңе аспан төнер.

Абай да халықтық танымымыздан алшақтамай, өлеңге өзгеше өрнек берген. Тәңір жер жүзін құлпыртып, мың түрлендіріп, жан бітірсе, жер ана барлық тіршілік иесіне пана болса, аспан бейне әкедей мейірін төгеді.

Қазақ мифологиясында Күн мен Жер дихотомиялық құбылыс ретінде көрініс табады, яғни күн – күйеу, жер – әйел образында келеді. Ал космологиялық мифология тұрғысында Күн – күйеу, Ай – ару кейпінде сақталған. Сонда Жер – Әйел образында келіп, отбасын, ана мен баланы қорғаушы ретінде сақталса, ал Ай – мәңгілік жастықтың, аспани арулықтың символы. Күн – қай кезде де, қай жерде де тұрақты мәнде келеді, ал Ай оның көктегі серігі, Күннің қосыла алмай кеткен ғашығы ретінде сипатталады [1, 56]. Табиғат құбылыстарының бәрі күн арқылы әрекетке көшетіндігі Абай танымында айқын көрінеді. Күн мен жер, ай мен жұлдыз ұғымдарын Абай былайша қолданады:

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,  
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай,  
Немесе

Күн – күйеуін жер көксеп ала қыстай,  
Біреуіне біреуі қосылыспай

«От – күннің жарықшағы». Күнді рух түрінде танудың бір негізі – оны тіршілік нұры деп қараудан туған наным десек, от – өмір, жарық. Күн – жылылықтың, тіршіліктің символы.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,  
Жан-жануар қуанар тойға елеріп.

Ай мен жұлдыздың сәулесі адамға жарылқаушы нұрдай әсер етеді. Көне замандағы адамдардың дүниетанымынан туындаған мифтік танымдар, ұғымдар Абайдың поэзиясында осылайша көрініс тапқан. Табиғаттағы құбылыстардың адамға тән көңіл-күй, іс-әрекетпен көрінуі мифтік тұрғыдан келгенде, барлық заттар мен құбылыстардың рухы бар деген сенімнен туғаны анық. Әдебиетте жан бітіре суреттеу тәсілі кейіптеу деп аталады. Абай өзінің «Қыс» өлеңінде осықырына соққан боранды, адуынды ашу иесінде суреттейді.

...Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Қыс мезгіліне тән кейіптеулер қатыгез адам мінезіне ұқсатыла суреттеледі. Табиғаттағы құбылыстарды адамға ұқсатып суреттеу олардың жаны бар деген мифтік санаға барып тіреледі.

#### Әдебиеттер

1. Пангереев А.Ш. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері. Ақтөбе: Принт-А, 2014.
2. «Ш.Уәлиханов таңдамалы» Алматы «Жазушы» 1985, 2-бас., 560 б.
3. Сейдімбеков А. Күңгірт-күңгірт күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981. – 240 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: «Ана тілі», 1991. – 264 б.
5. Қасқабасов С. Елзерде. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
6. «Бүгінгі Абайтану». Асан Қайырбекұлы Омаров. Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. – Семей, «Интеллект», 2011. – 262 б.
7. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

## ТАРИХИ ЖЫРЛАРДА ТОПОНИМДЕРДІҢ КӨРІНІС ТАБУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмағалиева Рита Рахманқызы  
Филология магистрі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа:** Бұл мақалада тарихи жырлардағы топонимдер мәселесі сөз болады.

**Аннотация:** В этой статье рассказывается проблема топонимов в исторических эпосах.

**Annotation:** This article describes the problem of toponyms in historical epics.

**Тірек сөздер:** фольклор, тарихи жыр, топоним.

**Ключевые слова:** фольклор, исторический эпос, топоним.

**Keywords:** folklore, historical epic, toponym.

Қазақ фольклорындағы тарихи жырлардың қалыптасу процесі ұзақ уақытты қажет етеді. Бұл жанрдың негізгі өзегі – халық басынан өткеріп, ел есінде қалған белгілі бір тарихи уақиға болып табылады. Сол тарихи оқиғаға белсене қатысқан тарихи тұлғаның айналысында өрбитін көркемдік сюжет әуелгіде ел арасында әр түрлі ақындардың айтуымен үзік-үзік өлең, ал қарапайым жұрттың жеткізуімен аңыз, әңгіме түрінде тарайды. Кейін уақыт өте келе олар белгілі бір цикл құрап тұтастану құбылысын басынан өткізеді.

Тарихи жырлар қазақ фольклорында өз алдына жеке жанрлық статусқа ие болса да, олардың басқа халықтық сөз өнерінің түрлерімен еш байланысы жоқ деп айта алмаймыз. Бұл мәселеде тарихи жырлардың батырлық эпостармен ұқсастығын атап өтетін болсақ, екі көркем туындыда да халық идеясына айналған тұлғаның елге, ұлтқа жасаған жақсылығы баяндалады. Сол жолдағы кедергілер, одан туған қақтығыстар суреттеледі. Бірақ екі жанрды ерекшелендіретін басты белгі – батырлық эпостарда болған оқиғаның уақыты ұмытылған, шығарманың өн-бойында жалпылық сипат басым болып келеді, ал тарихи жырларда керісінше, тарихи уақиға да, оған қатысқан адамдардың аты-жөндері де, тағдырлары да халықтың санасында әлі ізі суымаған қалыпта бейнеленеді.

Академик Қ.Жұмалиев «Бізге мәлім Жәнібек, Қабанбай, Бөгембай батыр, Сырым Датов, Исатай, Махамбет, Есет, Бекет батырлардың аттары, күрестерімен байланысты туған жырлардың бәрі де тарихи жырлар» [1, 221] дейді. Кеңес үкіметі тұсында саяси идеологияның қыспағы әсерінен ғалым қазақ тарихи жырларында суреттелетін тарихи уақиғалар мерзімін «...қалмақ пен қазақтардың ХҮІІІ ғасырдағы тарихи соғыстары мен ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы хан-сұлтанардың қанауына қарсы күрескен шаруалардың көтерілістері» [1, 221] деп көрсетуге тура келгендігін айтады. Академик С.Қасқабасов: «Қолжазбасы сақталған тарихи жырлармен жіті таныса келе оларда суреттелетін оқиға мерзімдеріне қатысты мынадай үш топты көрсетуге болады: ХІҮ-ХҮ, ХҮІІІ, ХІХ-ХХ ғасырлардағы тарихи оқиғаларды бейнелейтін жырлар» дейді [2,19].

Тарихи жырларда баяндалған көріністердің уақыт-мерзімі белгілі болғаннан кейінгі анықталуға тиіс, ғылыми шешімін табуы міндетті үлкен бір мәселе – сол көркем шығармада кестеленген оқиғалардың өткен жері, мекені, аумағы. Тарихи жырлардағы көркем сюжеттердің топонимиялық кеңістігін көрсету дегеніміз халық танымының географиялық картасын сызу деп танымыз. Тарихи оқиға өтті дегенде ең әуелгі қойылатын сұрақ қашан және қайда дейтін болсақ, қайда сауалына халықтың көркемдік көзқарамы қаншалықты деңгейде жауап қатқанына тарихи жырлар арқылы жауап іздейміз. Топонимиялық атаулар – тарихи жырлар сюжетінің бір құрамдас бөлігі болып есептеледі. Фольклордың өзге жанрларында, мәселен, батырлық эпоста оқиғаның өткен жері көп жағдайда нақты көрсетілмейді, жырлаушы өзі баяндап отырған оқиғаны әсерлі, тыңдарманының құмарлығын оята түсу үшін қиялынан жұрттың бәрі білетін, сондай-ақ қазақ халқы үшін өте киелі саналатын жер атауларын енгізіп отырады. Ал тарихи жырларда көп жағдайда оқиғаның болған орны шындыққа жақын, тарихи негізде айтылуға бағытталады. Әрине, тарихи жыр халықтың көркемдік дүниетанымынан туындаған көркем шығарма болғандықтан тарихи оқиға таза сол күйінде суреттеледі деп айтуға болмайды, ерекшелігі тарихи фактілер, мысалы, оқиғаның өткен аймағы көркемделіп, біршама өзгеріске түсетінін ескеру қажет.

«Бабалар сөзінің» 56-томында суреттелетін уақыты ХІҮ-ХҮ ғасырларды қамтитын, жанры тарихи жыр болып келетін «Батыр Жәнібектің өлеңі» атты туынды бар. Басты кейіпкері Жәнібек – тарихи тұлға. Тарихи деректерде Жәнібек хан (ХҮ ғасырдың басы – 1470) – Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі, Орыс ханның ұрпағы, Барақ ханның кіші ұлы. ХҮ ғасырдың 50-ші жылдарына дейінгі өмірі мен қызметі туралы нақты деректер жоқ. 1456-1458 жылдары Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған. Керей ханнан соң 1465-1466 жылдан 1470 жылдардың басына дейін қазақ хандығының екінші ханы болған. Сақталып қалған халық аңыздары мен өлеңдерінде Жәнібек ханды Әз Жәнібек деп те атаған. Нұсқа жағынан келгенде жалқы саналатын бұл тарихи жырдың басты идеясы Жәнібек атты батырдың өз ноғайлы елін сыртқы жаулардан қорғау болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде «Батыр Жәнібектің өлеңі» батырлық эпосқа өте ұқсас болып келеді. Бірақ батырлық эпостарда, айналы «Алпамыс» пен «Қобыландыда» батырлық ерлік асқан ұлғайту тәсілдерімен, зор әсірелеулермен суреттелсе, аталған тарихи жырда да Жәнібектің өз елін қалмақтардан азат етуі зор шабытпен жырланып келеді де, жанр талабына сай кей тұстарда Жәнібектің де өз жауларымен күресуге келгенде бірден бас қойып кетпей әуелі дұшпанды жеңу айдаларын тізбектеп алуы шындыққа бір табан жақындайды. Тағы бір тарихи жырдың белгісін көрсететін тұс – Жәнібектің өскен жұрты, ағайын-туғанының арасындағы бітіспеушілік, алауыздық тарихи факті негізде көрсетілуге бағытталған. «Батыр Жәнібектің өлеңі» тарихи жырының көркемдік сюжетінде мынадай топонимдік атаулар өте жиі ұшырасады: 1) **Қаратау** – батырдың ата-анасы Әлібек пен оның бәйбішесінің бір перзентке зар болып әулие-әмбиелер іздеу жолында табандары тілінген мекен:

Қалманбет шалды басшы қып,

Төрт жүз малды айдатып,

Сәрсенбі күні шығады.

**Қаратауды қыдырып,**

Әулие қоймай сыдырып,

Перзент бер деп сұрады.

Бұл үзіндіден аңғарылатын жайт – батырдың ата-анасының Қаратауды тұтас аралағаны. Жалпы Қаратау – қазақ халқының ежелгі қоныс-мекені, талай тарихи уақиғалардың өткен жері, киелі аймақ. Әйгілі ақтабан шұбырынды алқакөл сұламада дүниеге келген «Елім-ай» жырында қазақ:

**Қаратаудың** басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Қарындастан айырылған қиын екен

Екі көзге мөлтілдеп жас келеді, – деп күңіренген. Халықтық туындылардың көпшілігінде қазақтың мұңы, қайғысы Қаратаумен байланысты, басқаша айтқанда осы мекенге шағылады, осы жерден медет іздейді. Біз қарастырып отырған тарихи жырда да Әлібек жалғыз перзент сұрап Қаратауды кезіп жүр:

**Қаратауды** бөкселеп

Әулие қоймай қыдырды.

Сау тамтық қалмай киімнен

Етегін шеңгел сыдырды.

Жыр поэтикасында Қаратау топонимі әр түрлі тіркесте көрінеді. Жоғарыда келтірілген мысалда «Қаратауды бөкселеп» болса, одан әрі Жәнібек батырдың он төрт жасқа келгенде еліне тыныштық бермеген қалмақ ханына шабуылға аттану үшін сан үйір жылқы ішінен өз тұлпарын табу жолында тағы Қаратауға сапар шегеді:

Шымалдай байдың жылқысы

**Қаратаудың етегі.**

Ақ қылышы белінде,

Мылтығын асып мойнына,

Ендеп жатқан жылқыға

Талма түсте жетеді.

Тарихи жыр сюжетінен назар аударсақ қарағанда аңғаратынымыз Әлібек пен бәйбішесі жалғыз перзенттің зары өтіп Қаратауды «бөкселеп» кезіп кетсе, Жәнібек жүйрік ат таңдау үшін сол мекеннің «етегіне» келеді. Өйткені жылқы малы таудың етегінде жайылып, бұлағынан су ішеді. Жырдан үзінді келтірсек:

Мінбекке батыр ой қылды

Қайтпайтын шын жүректен.

Ішкен суы тұлпардың

**Қаратаудың бұлағы.**

Шақпақ еті бір құшақ,

От орнындай тұяғы.

Тарихи жырдың аталғандай эпизодтарынан халық танымы мен баяндаушының топонимдерді жыр сюжетіне енгізудегі терең талғамы, кемел көрегендігі анық аңғарылып тұрғанына көзіміз жетіп отыр. «Батыр Жәнібектің» өлеңі тарихи жырындағы топонимдердің атқаратын көркемдік ролі мәселесінде айта кететін тағы бір жайт – жыр мазмұнындағы тарихи факті ретінде Жәнібектің балалық шағы өтіп, өскен жері Оңтүстік Қазақстан облысы деп келтіріледі. Соның ішінде **Сыр бойы** – ноғайлылар мекендеген, батырдың туып-өскен жері: «Ел-жөні **Сырдарияның ар жағында**», сондай-ақ жырдың өн-бойында «**Сыр**» топонимі әр түрлі сюжеттік кезеңдерде аталып өтіледі. Мәселен, Жәнібек батырдың қалмақтарды жеңіп еліне қайтып келе жатқан сапарында өз туған мекенімен сағына көріскен сәті былайша бейнеленген:

Осылай қайымдасып ермек қылып,

Жақындап **Сыр бойына** келе берді.

Жақындап **Сыр бойына** жетті дейді,

Ел шетін көріп: «Шүкір!» - депті дейді.

Ел жөні **Сырдарияның** ар жағында,

Дариядан атын жалдап өтті дейді.

«Батыр Жәнібектің өлеңі» тарихи жырындағы топонимдер қолданысына қатысты айта кететін тағы бір жайт жырда Жәнібек айқасатын қалмақтардың мекені Арқа өңірі болып суреттелген:

**Арқадан** оқта-текте келер қалмақ

Шаққалы біздің елді әдейі арнап.

Бес-он жылда бір келіп, шауып кетер,

Біздің ел әлі келмей, жылар зарлап.

Тарихи деректерде Жәнібек хан ХҮ ғасырдың ортасында қазақ хандығының негізін қалаған тұлға саналады. Ал қалмақтардың қазақ даласына шабуылының күшейген уақыты болып ХҮІІІ ғасыр есептеледі. Бұл жерде тарихи жыр қанша жерден тарихи фактіге құрылса да оның фольклорлық көркем туынды екенін естен шығармауымыз қажет. Фольклор таза шындықты жырламайды, сол шындыққа халықтың көзқарасын өзек ете отырып көркем туынды жасайды. Ендеше аталған тарихи жырдың өмірге келген уақытында халықтың басты бір дұшпаны болған. Ол – қалмақтар. Жырды әсерлі ете түсу үшін әуелі халық, кейін автор ата жауы қалмақты батыр Жәнібектің ойсырата жеңгенін қалайды. Ал бұл батырлық эпостың басты мотиві. Бұл тұста тарихи жырдың аралық жанр екені тағы бір мәрте еске түседі.

**Әдебиеттер**

1. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958. – 400 б.
2. Қасқабасов С.А. Елзерде. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.



## ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ – ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОРДЫ ЗЕРДЕЛЕУШІ

Иманғазина Айгүл

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к.  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада проф. А.Ш.Пангереевтің топонимдік фольклор жайындағы ойлары сараланады.

**Аннотация.** В статье анализируются мысли проф. А.Ш.Пангереева о топонимическом фольклоре.

**Annotation.** The article analyzes the views prof. A.Sh.Pangareev on toponymic folklore.

**Тірек сөздер:** топоним, фольклор, аңыз, мифология, халық ауыз әдебиеті.

**Ключевые слова:** топоним, фольклор, легенда, мифология, устная народная литература.

**Key words:** toponym, folklore, legend, mythology, oral folk literature.

Жер-су атауларының халық тарихында, тілдің даму үрдісінде алатын орны ерекше. Мұндай атаулардың мыңдаған жылдық тарихы бар. М.Әуезов атаулар сырына үлкен мән беріп: «Біздің қазақ жер аты, тау атын эманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай да бір өлкеге барсаң да, жер-су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» деген болатын [1]. Жер-су аттары қалай болса солай өзгертуді көтермейді, өйткені оларда халық тілінің, тарихының көрінісі бар. Сондықтан мұндай атаулар мемлекет қамқорлығына алынуға тиіс дейтініміз де содан болса керек. Осындай күрделі де қызықты мәселемен айналысып жүрген ғалымдардың бірегейі – Абат Шамұлы Пангереев. Осы тақырыпқа арналған сүбелі де мазмұнды көлемді еңбегі «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» деп аталады [2]. Ғалым: «Топонимдік аңызда қиял, қоспа болмайды. Оқиға шындық өмірге сай баяндалады. Орындалу мәнерінде презентативті баяндау мен экспозитивті баяндау қатар орын алады деуге болады» деп дәлел ретінде халық арасында қазақ пен қалмақ соғыстарының куәлі жаңғырығындай жер-судың қойылу себебін нұсқай көрсететін аңыздардың бірі – «Құл мен қызды» мысалға келтіреді. Аңыз бойынша қалмаққа тұтқынға түскен қазақ жігіті қалмақ байының қызымен көңіл қосады. Қыздың шешесі бір кездері қолға түсіп, қалмақ байына еріксіз тоқал болған қазақ қызы екен. Ол қызының құл болып жүрген қазақ жігітімен бірге қашуына тілекші болады. Содан бір күні түн жамылған екеу – құл мен қыз – қазақ елі қайдасың деп қашып шығады. Алайда межелі жерге жақындағанда арттарынан қуғыншы келеді. Оны көрген жігіт қызды ілгері оздырып, талайынан көрмек болып, қалмақтармен айқасқа кіреді. Алайда қарасы көп қуғыншыға шамасы келмей сол жерде мерт болады. Құлды өлтіріп, енді өзінің соңынан түскен қалмақтарды көрген қыз жарқабақтан суға секіріп өледі. Сол кезден бастап құл өлген төбе – Құл деп, қыз суға кеткен көлдің биік жағасы – Қыз деп аталыпты [3].

Сонымен қатар ғалым А.Ш.Пангереев аталған зерттеуінде: «Аңызда нақтылы тарихи факты жоқ. Қазақ пен қалмақ арасындағы қақтығыс жалпы фон ғана. Бірақ сенімді баяндалады. Өйткені ондай соғыстардың болғандығын, оның зардаптарын әркім де біледі, сондықтан сеніммен қарайды. Ендеше аңыз оқиғасы жалпы шындыққа сай баяндалады. Жер атының Құл мен Қыз қойылу себебі ешқандай мифтік түсінікті қатыстырмай, ғажайыпты бір жағдай киліктірілмей осы тарихи шындықпен білдіріледі. Аңыздың бастамасы оптимистік сипатта болғанымен жалпы мазмұны қайғылы оқиғаға құрылып, жастардың мерт болуымен аяқталады. Жердің солай аталуына байланысты болғандықтан топонимдік аңыз аталып тұрған бұл фольклор сюжеті танымдық қызмет атқарып тұр. Жалпы топонимдік аңыздарда оқиға сюжетін баяндаудағы тіл эстетикасын айтпаса басқадай эстетикалық қызмет атқаратындай нысан болмайды. Оның негізгі функциясы – танымдық. Бұл қызметпен қоса кейбір аңыз мағлұматтық, тәрбиелік функция да атқарады» деп топонимдік фольклор жанрларының орындалу қызметі деген теориялық мәселе жөнінде өз ойын ортаға салады [3].

Проф. А.Ш.Пангереев өз зерттеулерінде эпсана жанрын іштей тарихи-мекендік эпсана және утопиялық эпсана деп екі топқа бөледі де: «Бөлу себебіміз эпсаналардың бұл екі түрінде топонимдік атаулардың қолданылуы бір сарында болғанымен, олардың атқаратын функциялары әртүрлі: мәселен тарихи-мекендік эпсанада белгілі бір мекеннің, жер-судың шығу себебі, кейде оған елге белгілі тарихи тұлғаның қатысы айтылады. Оның орындалу қызметінде осы шарт міндетті түрде атқарылуы тиіс. Өйтпеген жағдайда ол тарихи-мекендік функция атқара алмас еді» деп тарихи-мекендік эпсананың қызметі жер-суға байланысты туындаған халық прозасының түрін көркемдеп айту, оған ғұбраттық сипат беру екендігіне ерекше тоқталады. Оған дәлел ретінде эпсана-хикаяттық сарында баяндалатын «Кәлкен» деген жер атын алып талдайды. Кезінде «Тұздықөл» деп аталатын көлдің жағасын жайлаған бір байдың Кәлкен атты жалғыз қызы болады. Қыз бой жетіп, көрші рудың бір жігітіне ғашық болады. Екі жас көңіл қосып, үйленбекші болған кезінде қыздың әкесі қарсы болып, қызын үйінде қамап ұстап шығармаған екен. Сондағы себеп – жігіт бір байдың жылқышысы екен. Сүйгеніне қосыла алмаған Кәлкен сұлу көп қайғырып, құсадан қайтыс болады. Ал үш күн өткеннен соң, бай судың жиегіне барса, мөлдіреп жатқан көл қара суға айналыпты. Еш нәрсенің мәнісін түсіне алмаған бай бәйбішесіне айтып, жалшыларына суды батпақтан тазартуды бұйырады. Онысынан түк шықпай байдың өзі де, адамдары да батпақтың арасынан шыға алмай, өледі. Жалғыз қызының көз жасынан қорықпаған бай азаппен жаһаннамға аттанған жерді халық «Кәлкен» деп атап кетеді [4, 74]

Ғалым А.Ш.Пангереев бұл эпсанада тарихи факты байқалмайтынын, тек қана Тұздықөл, Кәлкен деген жердің аттары болмаса, шындықты таяныш етер ештеңе жоқ екенін талдап таныту барысында: «Кәлкен деген атау кісі атынан ауысып қойылғандығы анық, әйтпесе ол жер бедерінің, табиғат белгісінің атауы емес.

Дегенмен бұл жер атының аталу себебі қиял негізінде баяндалады. Тұздықөлді жайлаған бай үйінің трагедиясы махаббатқа қарсы болуға байланысты туындайды. Эпсанада «қызының көз жасынан қорықпаған байдың» батпаққа батып өлуін көрсету арқылы имандылық, ізгіліктік мәселесі көтеріледі» деп эпсана-хикаят жанрының орындалу жай-күйіндегі басты шарттарды атап айтады [3]. Аңыз әр елдің басынан өткен тарихи жағдайларына байланысты туындайды. Эпсана жанрының негізгі функциясы ғибраттық болып келеді. Проф. А.Ш.Пангереев эпсана жанрының екінші түрі – утопиялық эпсаналарды әлеуметтік-қияли эпсаналар деп атайды да: «Қалай атағанда да оның мәні бір – «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманға» жету, «Жиделібайсын», «Жерұйық» секілді абат мекендерде өмір сүру. Қиындықтан шығу, малға құтты, адамға жайлы қоныс іздеу адамзат психологиясына тән нәрсе. Осы негізде топан су эпсанасы, Асанқайғының Жерұйықты іздеуі сияқты эпсаналар туды» деп дәйекті деректер келтіреді [3].

Сонымен қатар, фольклорлық әңгіме мен аңыздың ара-жігін ажыратып береді: «Фольклорлық әңгіме қазіргі уақытта болған жайды да, өткен кезеңде болған, бірақ оқиғасы шындық күйінде алынған, сөйтіп реалистік бағытта суреттелген жайларды да баяндайды. Бұндағы басты белгі, негізгі нысана – жер-су аты. Әңгімеге өзек болатын ондай топонимдік атаулар қазіргі күні жер бетінде бар болуы тиіс. Егер ол атау жер бетінде сақталмай, халық есінде ғана жатталып қалған болып, әңгімеші баяғыда осы жер былай аталған екен деп әңгімесін бастаса, ондай жағдайда ол әңгіме емес, аңыз жанрына айналады. Сондықтан да әңгіме нақты жер атына байланысты өрбиді. Тәлімдік, тағылымдық мақсат көзде айтылады. Міне, жер-суға байланысты әңгімелер жеке адамға емес, жалпыға бірдей рухани құндылықты қозғайды. Оның көркем әдебиеттегі әңгіме жанрынан басты айырмашылығы да осында, яғни көркем әдебиетте әңгіме негізінен кейіпкер басындағы бір оқиғаға байланысты болса, топонимдік әңгімеде ол елде болған жағдайларға байланысты».

Атаулар – халық қазынасы. Оларды ғылыми терең зерттеуге өрелі ой, ұзақ уақыт кетері хақ. Бұл тақырыптың бір қиындығы зерттеуші көптеген ғылымдардан (тарих, география, археология, этнография) хабардар болып, соларды әдебиет тұрғысынан қорыта білу керек. Халық көкірегінде жатталып, жадында сақталған көне тамырлы жер-су атауларының ұлттық болмыс-мазмұнын анықтаған бұл зерттеулерде, сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінен жинақталған ұлт мәдениетін сипаттайтын деректер, тарихи-танымдық талдаулар бар.

Ғалым мен ғылымның тойы астасып жататын мұндай сәттерде айтылар ізгі тілектер көп. Өнегелі еңбегімен, кісілік келбетімен үлкен-кіші арасында аса құрметке бөленген, талай бала-бұлақтың көзін ашып, білім нәрімен сусындатқан Абат ағайды 60 жасымен шын жүректен құттықтаймыз, зор денсаулық, ұзақ та мағыналы өмір, бақыт, ырыс тілейміз. Шығармашылық шабыты тоқырамай, мерейі үстем болып, әдебиет ғылымының шоқтығын биіктете түсетін тың, жаңа еңбектері қазақ жұртын қуанта берсін дейміз!

#### **Әдебиеттер**

1. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962.
2. Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Алматы, 2014.
3. Пангереев А.Ш. Жер-су атаулары туралы эпсана-хикаяттар // Ақиқат, 5 қараша, 2010.
4. Ақтөбе облысының топонимиялық кеңістігі (атаулардың пайда болуы). – Ақтөбе: Nobel, 2007. – 226 б.

## **ҰМАЙ АНА ЖӘНЕ ГРЕК МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ**

**Қобланов Жоламан Таубайұлы**

**Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік  
технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры  
Ақтау қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Антика мәдениеті мен әдебиеті әлемдік, жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуында маңызды орынды алады. Мақалада антикалық мотивтердің түркі тілдес халықтар мифологиясымен сарындас келетіндігі қарастырылады. Осы мәселені шешудегі жас ғалым, мифтанушы Серікбол Қондыбайдың жаңа көзқарастары талданады. Сонымен қатар мақалада мифологияны қалыптастырудағы фольклорлық негіздердің рөлі қарастырылып, халық эпостары мен аңыздарының табиғаты ашылады.

**Аннотация.** Античная культура и литература имеет важное значение в развитии мировой, общечеловеческой культуры. В данной статье рассматривается схожесть античных мотивов с мифологией тюркских народностей. Анализируются новые подходы решения данного вопроса молодым ученым, мифологом Серикболом Кондыбай. В статье также рассматривается роль фольклорных основ в формировании мифологии, определяются природы народных эпосов и легенд.

**Annotation.** Ancient culture and literature is of great importance in the development of a world, universal culture. This article examines the similarity of ancient motifs with the mythology of the Turkic nationalities. New approaches to solving this issue are analyzed by young scientists, the mythologist Serikbol Kondybai. The article also examines the role of folklore foundations in the formation of mythology, determines the nature of folk epics and legends.

**Тірек сөздер.** Фольклор, мұра, миф, вариант, аңыз, бейне, сарын, эпос.

**Ключевые слова.** Фольклор, наследия, миф, вариант, легенда, образ, мотив, эпос.

**Key words.** Folklore, heritage, myth, version, legend, image, motif, epic.

Әдеби жүйедегі мифтік зерттеулер, бір жағынан алғанда, сол халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен терең байланысты болса, екінші жағынан, оның астарында небір сырлардың жасырынып жатқанын, оның жан-жақты зерттеу кезінде ғана ұғынылатынын байқай аламыз. Мифологиялық образдар дегеніміз – мифтік дәуірде өмір

сүріп, мифтік әлемдегі нәрселерді жасаушы, тіршілік атаулының дүниеге келтіруші күш ретінде суреттелген кейіпкерлер. Грек әдебиеті діннің даму сатысының шарықтау шегіндегі мифологияға жақын келеді. Қоғамның кешуілдеген, дамудың бәсеңдеген тұсындағы антроморфтық политеизм (адам келбеті мен мінезіне сай көпдінділік) кезінде шексіз мифтік және құдайлар жөніндегі шығармашылыққа еркіндік берген уақытқа жүгінеді. Табиғатты құрмет тұту түркі халықтары мифтерінде ерекше орын алады. Ш.Вәлиханов шамандық туралы айта келіп, оның дүниеге келуі табиғатқа жалпылай және жекелей сыйынумен байланысты дейді. Ұмай ана – түркілік мифтерде жер-ананың бейнесінде ғана емес, үйдегі отбасы ұйтқысы, ошақ қорғаушысы ретінде де бейнеленеді. Орхон жазбаларына жататын Тоныкөк жазуындағы Ұмай ана ықпалы Тәңірден кем емес дәрежеде көрінгеніне мысал ретінде: Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды. Тәңірі, Ұмай, қасиетті жер – су Жеңіс берген екен, – деген жолдарды алсақ болады. Сол түркілік кезеңде де Ұмайды анадай көруді сипатына, сонымен қатар Тәңір, Ұмай, Жер-судың құдіретті күш болғанына тағы да көзіміз жетеді [1, 52].

Қазақ әдебиетіндегі Ұмай образының антикалық әдебиеттегі Гея, Гера, Деметрамен ұқсас белгілері бар. Оны мына мысалдардан көреміз. Гея – ғаламды жаратуға қатысқан төрт құдіреттің (Хаос, Жер, Тартар, Эрос) бірі. Ол өз-өзінен Уран-Аспанды жаратты, сосын оны өзіне жұбай еткен. Осының өзі – матриархаттың бастапқы кезеңде негізгі рөлді атқарғанының бір көрінісі. Жер-Ана, Гея, Гера Зевске тұрмысқа шыққанында оған мәңгілік жастық беретін алтын алма берген. Бұл – оның аналық сезімін және сәбилердің жебеушісі болатынын білдіреді, аналардың қамқоршысы болғанын көрсетеді. Геяның өнімділік қасиеті кейін бірнеше образдарға таралды. Соның бірі – Деметра. Халық санасы бойынша ол Келейдің баласы Демифонтпен кездесіп, оны мәңгілік жасағысы келген. Бұл жерде Жер-Ана қызметінің ұмытылмағандығын көреміз. Архаикалық түсінікте өнім тек Жерден өнбейді, әйел Жердің кіші ғаламы ретінде қабылдануына байланысты ол да – өнім беруші. Гера сияқты үлкен қаланың жебеушісі болмаса да, Ұмай адамның сәби шағында ғана емес, ержеткен кезінде де қамқорлығына алғаны (Манас, Күлтегін) да оның қызмет ауқымының өскенін танытады.

Ұмай анаға табынған адамның перзентті болатыны М.Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігінде» жазылған. Ал моңғолтекті бурят бақсыларының сарынында «ахын алған Умай» – «алтын жатыр ана» деген тіркестің кездесуі Ұмайдың Құдай қызметінде танылғанын көрсетеді. Фетида ұлы Ахилге, Деметра Демифонтқа мәңгі өлмейтін қасиет дарытқысы келгенін ескергенімізде, Алпамыстың «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, қылыш шапса кеспейтін» қасиетке ие болуы да Ұмай-Ананың қызметі екені даусыз. Сахалардың «айы» ежелгі үндідегі аои сөзіндегі «өмір нәрі» деген ұғымдарымен тамырлас. Ғалымдардың дені «Айы – (от глагола ай – творить что-либо, создавать, устраивать), творение, создание, творчество, творческое начало, доброе начало как необходимый элемент творчества» деген пікірді қолдайды [2, 91]. Олай болса, Ұмай деген атауға осындай семантикалық мағына сіңірілген, бұл оның Жер-Ана қызметін дамытқанын дәлелдейді. Ұмайдың классикалық құдай деңгейіне жеткені телеуіттер фольклорындағы мына жыр жолдарынан көреміз.

Алтын пашту Май-әнем,  
Ақ Үлгеннең тужерде...  
Алтын кайчы тудунганча, ак паканга соонген,  
Тарак нашту Май-әнем!

Серікбол Қондыбай «Арғықазақ мифологиясының» үшінші кітабында: «Ұмай – дей-түркілік мифологиядағы ұлы ана есімдерінің бірі. Кейінгі қазақ, қырғыз тілінде оның есімі «Май-ене» түрінде сақталған. Кейінгі қазақ, қырғыз келтіріміндегі Ұмай (май-ене) жас босанатын келіншектердің, босану процесінің, жалпы алғанда әйелдер мен нәрестелердің қамқоршысы болып есептелген. Сонымен қатар, ол үй (әйел) шаруасының да (әйел колөнерінің де) қамқоршысы болып есептелінген», – деп, Май-ене мен Ұмай ұғымының бір екендігін түсіндіріп өтеді [3, 16]. Н.Келімбетов Ұмай – ананы Тәңіріден, жер-судан кейін түркілер табынатын үшінші күш екендігін ескертеді. Біздіңше, жер-су, от басы осы Ұмай ананың бейнесіне жинақталған. Ұмай ана қазақ халқы үшін маңызды рөл атқарған, ол – өнімділіктің, жер-судың құдайы, әлемдегі береке, бейбітшілікті орнатушы образ ретінде көрінеді [4, 131].

Сонымен қатар түрік халықтарының фольклорындағы Ұмай-Ана образын парсы мифологиясындағы Хұмай құспен генетикалық байланысы барлығы айтылып жүр. Бұл бір жағы, Ұмай сөзінің этимологиясын ашуға, екіншіден – Хұмай құстың көлеңкесі түскен адам бақытты болады деген түсінікпен қатар қабылданған. Жоғарыда айтылған пікірлерді ескерсек Ұмайдың үлкен екі қызметі анықталады. Соңғы кезеңдегі түсінік бойынша Ұмайдың шаңырақ және нәресте жебеушісі ретіндегі қызметі көрінеді. Мысалы, шорларда нәрестелердің жебеушісі – Май, телеуіттерде ол Май-ене деп аталады. Оғыздар Ұмайды әлі жарық дүниеге келмеген, ана құрсағында жатқан баланың да жебеушісі ретінде таныған, сол себепті кім Ұмай-анаға сенсе, сол ұлды болады» деген. Осы тұста Серікбол Қондыбайдың мына пікірлерін келтіргеніміз орынды: «Бүгінгі қазақтағы «Менің қолым емес, Бибапаның (Бибі Фатиманың) қолы» деген сөз бір кездері «Менің қолым емес, Май ененің қолы» деп аталған. «Ұмай» есіміндегі проформа – «ум» < «йум» < «нум» / «нгум». Яғни оның шумерлік «Намму» мен самодилік «Нум» сияқты «ұлы аналық» есімдермен бір тектес екендігі дау туғызбаса керек. Осы проформадан өрбіген «Ұма» сөзі «баланың жолдасы, пердесі» (послед) дегенді білдіреді, біз бұл жерде сөздің «баланы жарататын құрсаққа» – «ана құрсағына» – абақ таңбаға байланысты екендігін көріп отырмыз. Егер нүкте – бала, сәби болса, оның сыртындағы шенбер – баланың пердесі, «жолдасы» болып шығады; шенбердің дәл осы жағдайда «ана құрсағы» болып та есептелетіндігін ескерсек, неліктен «ұма» сөзінің

пердені, «ұмай» сөзінің ұлы ананы білдіріп тұруы таңғалдырмауы тиіс. Ұмай немесе Йум – дей-түркілік дербес болмысты тәңіреше (богиня) болған» [3, 17].

М.Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігінде»: Ұмайға табынса, оғұл болұр – жолдасқа табынса, ұл болар; кім жолдасқа қызмет көрсетсе, ұл көреді», – делінген. Бұл жәдігердің өзінде Ұмайдың қызметінің түркі халықтары үшін маңызды бейне болғанын көреміз. Шығыстанушы Нәпіл Базылханның айтуынша, қазіргі Монғолия жеріндегі Орхон өзені бойындағы Қарақорымнан 35 км жердегі тауды моңғолдар Ұмай деп табынады. Бала таппаған әйелдер сол жерге барып, одан бала сұрайды. Ұмай анаға табынудың қалдықтарының әлі күнге дейін жалғасып келе жатқанын көреміз. Тауға табынуды әлемдік фольклормен байланысты түсіндіруге болады. Грек мифологиясында ұлы Ахиллге мәңгі өлмейтін қасиет дарытқысы келген Фетиданың да әрекеті белгілі. Ол өз баласын Хирон атты дана кентаврға беріп, оны арыстанның, аюдың, қабанның ішкі құрылысымен тамақтандырғанын білу арқылы, түрік фольклорындағы батырдың анасының тотем аңдарға жерік болуы, кейіпкердің арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты болуы батырды мәңгі өлмейтін қасиетте таныту екендігін байқаймыз. Ел қорғаны болған кейіпкердің жыр соңында «мақсат-мұратына жетіп, бақытты ғұмыр кешетіні» айтылады. Бұл батырдың ерекшелігі – оның ешкімнің қолынан өлместей болып жаратылғаны, осы арқылы қасиетті батырдың бойына дарытқан Ана – Құдайдың, яғни Ұмай қызметінің маңызы айқындалады. Тәңір-ана бейнесі туралы Ш.Уәлиханов былай дейді: «Қазақтар отты әулие деп санайды, осы әулие атауымен мұсылман тақуаларын да атайды. Аса жоғары құрметтеудің белгісі ретінде қазақтар моңғолдар сияқты отты – Ана деп атайды» [5, 74]. Қырғыз фольклорында «От-Ана сақтасын» деп отпен аластағаннан кейін ғана баланы бесікке жатқызатын болған. Түркі тектес телеуіттерде де осындай дәстүр сақталған, яғни бесікті аластағанда Ұмай анаға табыну дәстүрін жасайды. Ұмай образын айта келе, Гера образына да түсініктер берудің маңызы зор. Гера – Зевстің әйелі. Гера ерлі-зайыптылардың некесін қорғап, олардың біріне-бірі адал болуын қадағалайтын құдай. Ежелгі грек мифологиясында Гера ізгілікті қорғаушы, оны бұзғандарды қатыгездікпен жазалайтын, әсіресе өзіне бәсекелес әйелдерге, балаларына қырғидай тиетін кекшіл құдай ретінде бейнеленеді. Мәселен, өзінің ері Зевстің сүйіктісі Ио Гераның қаһарына ұшырап, сиырға айналады. Каллистоны аңға айналдырса, Зевс пен Алкменаның ұлы Гераклге өмірінің соңына дейін қастандық жасайды. Гесиодтың «Теогония» деген поэмасында Гера Зевстің жетінші әйелі болып суреттеледі. Поэма ішіндегі бір мифте Гераның қыңыр мінезінен әбден шаршаған Зевс, оны Жер мен Көктің ортасына керіп қойып, найзағаймен үш күн, үш түн дүрелейді [6, 16]. Қорыта айтқанда, осы мысалдар арқылы түркі халықтары фольклорындағы образдардың шығу тегін, қызметін анықтауда әлемдік деңгейдегі ежелгі мифологияның тамырын терең екендігін көреміз. Ежелгі гректер мен римдіктердің әдебиетіне, мифологиясына Шығыстың әсері түбегейлі ықпал жасамаса да, белгілі дәрежеде әсері болған деп санаймыз.

#### Әдебиеттер

1. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. Алматы, Өнер. 2008.
2. Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассический период. Москва, 1976.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 3-кітап. Алматы, «Арыс», 2008.
4. Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы. Алматы, 2002.
5. Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы 1-том. Алматы, 2010.
6. Қобланов Ж. Антикалық әдебиет: Оқу құралы. Ақтау, КМТИУ, 2013.

## МИФОЛОГИЯДАҒЫ СУ ИЕЛЕРІНІҢ БЕЙНЕСІ

**Қобланов Жоламан Таубайұлы**  
**Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік**  
**технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры**  
**Анар Сарбас Қайыржанқызы**  
**Ақтау қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Антика мәдениеті мен әдебиеті әлемдік, жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуында маңызды орынды алады. Мақалада антикалық сарындардың түркі халықтары мифологиясымен ұқсас келетіндігі қарастырылады. Осы мәселені шешудегі жас ғалым, мифтанушы Серікбол Қондыбайдың жаңа көзқарастары талданады. Фольклорлық, антикалық негіздерді анықтау, оларға баға беру, талдау жұмыстары түркі тілдес халықтар мифологиясында да өзекті мәселелердің бірі. Сонымен қатар мақалада мифологияны қалыптастырудағы фольклорлық негіздердің рөлі қарастырылып, халық эпостары мен аңыздарының табиғаты ашылады.

**Аннотация.** Античная культура и литература имеет важное значение в развитии мировой, общечеловеческой культуры. В данной статье рассматривается схожесть античных мотивов с мифологией тюркских народностей. Анализируются новые подходы решения данного вопроса молодым ученым, мифологом Серикболом Кондыбай. Определение фольклорных, античных основ, их оценка, анализ – является актуальной проблемой и в мифологиях тюркоязычных народов. В статье также рассматривается роль фольклорных основ в формировании мифологии, определяются природы народных эпосов и легенд.

**Annotation.** Ancient culture and literature is of great importance in the development of a world, universal culture. This article examines the similarity of ancient motifs with the mythology of the Turkic nationalities. New approaches to solving this issue are analyzed by young scientists, the mythologist Serikbol Kondybai. The definition of folklore, ancient foundations, their evaluation, analysis – is an actual problem in the mythologies of Turkic-speaking peoples. The article also examines the role of folklore foundations in the formation of mythology, determines the nature of folk epics and legends.

**Тірек сөздер.** Фольклор, мұра, миф, вариант, аңыз, бейне, сарын, эпос.

**Ключевые слова.** Фольклор, наследия, миф, вариант, легенда, образ, мотив, эпос.

**Key words.** Folklore, heritage, myth, version, legend, image, motif, epic.

Посейдон – су атаулының иесі. Қалың бұйра сақал-мұрт жіберген, иығына дейін түскен толқынды шаштары бейне бір Зевске ұқсап кетеді. Бірақ одан айырмашылығы қолындағы сұсты үш тармақты ашасы болып табылады. Қолындағы үш тісті ашасы – оның басты атрибуты. Ашасымен теңіз үстіндегі толқындарды қозғалтып, тербесе, бірде баяулатып бір қалыпқа да сол ашасымен түсіреді. Соққан жел де Посейдонның иелігінде. Посейдонның үш тісті ашасының құдіреттілігі орасан. Ашамен жер де сілкінеді, тауды екі айырып, су шапшытады, биік тау жартасқа тисе, сол мезетте тік жарар мұздай таза су да ағады тағы сол сияқты қасиеттерге ие [1, 76]. Посейдонның ерекше сарайы, гректердің түсінігінше, терең теңіз түбінде жатыр. Теңіз иесінен басқа да көптеген екінші қатардағы құдайлар мен тіршілік иелері сол жерде мекен етеді. Ежелгі теңіз құдайы – карт Нерей, нерейдалар (нерейдің қыздары) теңіз нимфалары, белгілісі Посейдонның әйелі Амфитрита және Ахиллдың шешесі Фетида да сол жердің мекендейді. Посейдон өз иелігіндегі теңіз тереңдігімен бірге, аралдар мен жақын жерлердегі шығанақтарды аралап қайту үшін екі дөңгелекті жеңіл арбаға жегілген, аяқтарының орнында балықтың құйрығы бар аттармен серуендейді [2, 54]. Су перісіне қатысты түркі елінің аңыздарын рет-ретімен қарайтын болсақ, мұның өзі дербес жинақ болар еді. Сол афсаналарға ортақ бір жайт: барлығында да Су-Ана кейпінде көрінеді. Тіпті Әмудария, Сырдария да қырық қыздың суға шомылған жағажайы ретінде баяндалады. Өзен-көлді ана орнында бейнелеу Көк тәңірінің үмбетінің ежелгі салты. Ене-сай, Қатын-су, Иле-ана-Лена, тағысын тағы толып жатыр. Ал, су атасы – Сүлейменге келер болсақ, Зайсан-Ертіс балықшылары балық аулар алдында оған тәу ететін болған:

Су ішінде Сүлеймен,

Судан балық тілеймін.

Алабұға, майбас,

Қармағыма жармас.

Қабандай қап, балық,

Қармағымды тарт, балық, – деп А.Тоқтабай «Қазақтардың аңшылыққа, құсбегілікке, балық аулауға байланысты жора-жосындары» деген зерттеу мақаласында дәлелдеп өтеді.

Су иелерінің аңыздарда кездесуі – ел өміріндегі алар орны, олардың күнделікті тіршілігіне байланысты болса, гректің су тәңірісі Посейдонның айналасындағы миф қазақ халқының әдеби мұраларында да жиі көрініс береді. Мәселен, «Балықшы әулие» деп аталатын жер Шымкент облысының Созақ ауданындағы Теріскейден Түркістанға асатын жолда, Суындық деген жерде, басында үлкен бұлағы бар, ішінде толған шүпірлеген балық, суы суық, шипалық қасиеті мәлім. Бұлақ басы тоғай-тал. Балығына ешкім тиіспейді. Әулиеге түнеп, сиынушылар жем тастап, ырым қылады. Балығын ұстаған адам жаманшылыққа кезігеді. Кәсіпшілік негізінен қуасқ, Балықшы әулие Арал-Каспий, Балқаш, Ертіс, Алакөл т.б. өзен-көлдердің маңында болуға тиіс еді. 1959 жылы халқымыздың ұлы жазушысы М.Әуезов әулиеге арнайы келіп, Созақ совхозының басшыларына жөндеткен екен [3, 23].

Қазақ ұғымында «су иесі Сүлеймен», «Сүлеймен он сегіз мың ғаламның тілін білген» деген тіркес те көп. Қазақтың Сүлейменді су иесі, су құдайы дегені – көне көшпенділер үнемі құрлықта өмір сүргендіктен судан қорыққан. Түнде өзенге, теңізге, бұлаққа, тіпті құдыққа барғанда су иесі Сүлеймен тәңірге сиынған. Егер оған құлшылық етпесе, Сүлеймен су түбіне тартып кетеді. Суға түсерде, «Су иесі Сүлеймен, қолдай көр!» деп сиынатын болған [4, 26]. Суға түкірмеген, зәр сындырмаған. Қазақтар көне заманнан бері су иесі Сүлейменге зор құрметпен қараса, көне гректер де Посейдонның қаһарынан қорқып, оған тәу етуді, жалынып-жалбарынуды еш естен шығармаған. Су, теңіз, мұхит басқа да өзен-көлдердің барлығы өзінің қол астында болғандықтан, жоғарыда аталған қазақтағы ырымдарды гректер де бұлжытпай орындаған. Қазақ мифологиясында осы нерейдаларға ұқсас мифтік образдар су перілері мен күлдіргіштер жақын келеді. Бір қарағанда олар адамдарға таза су беретін періштелер саналғанымен, кейде қауіп төндіретін, жайсыз мінездері де бар. Қазақ мифологиясындағы мұраларда су перілері мен сұлу ару Күлдіргіштер далалы жерлердің өзендерінде, көлдер мен қамысты сай-салалардағы тұмаларда, бұлақтар мен кішірек бастауларда өмір сүреді-міс. Су жағасына келіп, шөлін қандырмақ болған адамдарды, шомылып жүрген жас жігіттерді жалаңаш келген су перілері қызықтырып, еліктіріп, қастарына шақырады. Алаңсыз жүрген жас жігіттер су перілеріне қызығып, жақындаған сәтте, ұзын қолдарымен желкелерінен өзіне қарай тартып, ішегі қатқанша қытықтап, күлдіріп (Күлдіргіш аталуы осыдан болса керек), терең су түбіне тартып әкетеді екен [5, 257]. Посейдонның қазақтағы варианты – су перісі, су патшасы, он сегіз мың ғаламның тілін білетін Сүлеймен екені талассыз. Қазақтың тағы бір ұғымындағы суға байланысты мифтік бейне – Қыдыр су құюшы, аяқшы, яғни аңыздардың бірінде Қыдыр жер астына барып, сол жақтағы тірі судың қайнар көзін тауып алғандығы, сол көздің суынан ішіп, мәңгілік өмірге ие болғандығы туралы айтылады.

«Қобыланды батыр» жырында Қыдыр шөлдің аптап ыстығында әбден каталап өлуге таянғанда жолаушыларды шөлден аман сақтап қалушы ретінде көрінеді. Қазақ «Хидр» есімін «Қадір» түрінде біледі. Сопы ғұламаларының пайымына сүйенсек, Хидр, яғни Қыдыр ата – сопылардың қамқоршысы болып та, оларды құпия жетелеуші болып та есептеледі. Қыдыр – «сусын құйып беруші», «аяқшы», «қымызшы». Қыдырдың осы қызметін қазақтан басқа да халықтардың шығармаларынан көруге болады. Ал, Серікбол Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» еңбегінде Темрул-баба мен Домрул туралы айта келіп, оның халық ұғымындағы бейнесін

айқындап береді. Темір-баба тым ерте замандардың тұлғасы, маңғыстаулық қазақтар оны «түрікпен әулиесі» деп есептегенімен, оның тегінің кім екендігі шын мәнінде белгісіз болып қалып отыр. Бүгінгі дәстүрлі қазақы танымға сай түсіндірсек, Темір-баба – Маңғыстаудың исламдану заманының әулие тұлғасы. Яғни ол туралы сипаттама кез келген басқа, мұсылман әулиелері туралы дәстүрлі сопылық-ханифалық сипаттамалардан айнымайды. Бірақ қазіргі мұсылман әулиесі делініп жүрген кейбір тұлғалардың іс жүзінде оларға дейінгі талай ғасырлар бойына осы аймақта белгілі болған ежелгі мифтік тұлғалар екендігін сенімді түрде айтуға болады, – деп оның Маңғыстау жерінің байырғы мифологиялық кейіпкері екенін айтады [6, 457].

Бір аңызда Темір-баба адайдың Бекет-атасымен қасиет салыстырады. Адайдан аруақты пір шығыпты дегенді естіп, «онымен көрісіп, сәлемдесейін, қасиетін көрейін» деген оймен Темір-баба Бекетке келеді. Бекет болса, малсыз, шағын дәулет иесі болатын. Сондықтан ол келген қонағына далада жүрген арқардың қошқарын дұғасының күшімен ұстап алады да, сойып, Темір-бабаны қонақ қылады. Қонақасыдан соң ол әлгі арқардың тіс тигізілмей желінген сүйек-саяғын жинап алып, терісіне салып орайды да, «уфу» дегенде, арқар атып тұрып, ештеңе болмағандай жүре берген екен. Сонда Темір-баба: «Адайдан аруақты пір Бекет шығыпты» деп естіп едім, бұл пір емес, кәдімгі сиқыршы екен ғой», - дейді де, Бекеттің аруағын сыйламай, аққу құсқа айналып ұша жөнеледі. Бекет те артынан аққу құс болып ұшады. Темір-баба Хасарлы теңізі айдынының үстіне кіре берген сайын теңіздің кірген немесе ұшқан тұсы құрлыққа айнала бастайды. Бүгінгі Фетисов пен Жыланды жарқабағының аралығында 20 км-ге созылып жатқан Кендірлі тілшесі (тілше – орыс тілді географиялық терминологияда мұндайды «қоса» дейді) сол кезде, Темір-бабаның ұшуынан пайда болған екен. Соны көрген Бекет-ата оған: «Әй, Темір, кері қайт, мына түріңмен теңізді құрғатып, кәпірге жол-сүрлеу саласың ғой» деп үш рет дауыстайды. Соны естіген Темір-баба кейін қайтады. Осы аңыздан мынадай сюжеттерді көреміз:

- екі тұлғаның қасиет салыстыруы;
- Темір бабаның да, Бекет атаның да құсқа айналып ұшуы;
- Темір бабаның теңізде жүзуі немесе теңіз үстімен ұшуы;
- теңіз үстінде жол салу сюжеті.

Бұл аңыздан Темір бабаның суға қатысы бар екенін, оның «су үстіне көпір салу» қасиетіне ие екенін көрдік. Антикалық Посейдон сияқты су иесінің қазақ халқында болғанын Сүлеймен, Қыдыр бейнесіне байланысты айтсақ, Маңғыстауда да болғанын Темір баба бейнесі арқылы көреміз. Қазақ халқы танымында судың маңызды екені, оның ежелгі заманғы халық танымындағы орны осы мысалдардан-ақ анық байқалады десек қателеспейміз.

#### **Әдебиеттер**

1. Иманғазин М.М. Антика әдебиеті. Оның көне және кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетімен үндестік-байланыстары: оқу құралы. Астана: Фолиант, 2013. – 360 бет.
2. Мифы древнего мира. – Москва, 1977. – 236 б.
3. Жақсымбетов Е. Әзіретті Қаратау әулиенің кені еді. – Шымкент. 2000.
4. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. – Алматы: Ғылым, 1998.
5. Қаскабасов С. Елзерде: әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
6. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008 ж. – 533 б.

## **ТОПОНИМИКА – ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫ**

**Қожықова Айдана Серікбайқызы**  
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**  
**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Бұл мақалада Ақтөбе өңіріне қатысты топонимикалық аңыз әңгімелер туралы зерттеу жұмыстары жинақталаған. Өңір аудандарының аталу тарихы жайлы деректер айтылған.

**Аннотация.** Эта статья содержит топонимические легенды об Актобинской области. Упомянется история районов области.

**Annotation.** This article contains toponymic legends about Aktobe region. The history of the region's districts.

**Тірек сөздер:** топонимика, аңыз, әңгіме.

**Ключевые слова:** топонимика, легенды, рассказы.

**Keywords:** toponymy, legends, stories.

Қай өңірдің болмасын жер-су атауларының өзіндік тарихы болады. Сол тарихи аңыздар жер-су атауларының неліктен олай аталғандығының мағынасын кеңінен аша түседі. Әр атаудың аталу мағынасында бір оқиға, бір аңыз, бір тарих бары белгілі. Жалпы осындай атаулардың шығу тегін зерттейтін топонимика саласының орны ерекше. Ал «**Топонимика**» саласынның басты мақсаты да осы жер-су атауларының шығу тегі, мағынасы, қалыптасуы, өзгеруі және оларды стандарттау бағытын зерттейді. Топонимика (грек. *Торос* – орын, жер және *ономо*. *Онома* – ат, атау) — ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Топонимдер зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне не мөлшеріне қарай макротопонимдерге (тау

жоталары, үлкен ойпаттар, мұхиттар т.б.), мезотопонимдерге (жеке таулар, теңіздер т.б.), микропонимдерге (көл, бұлақ, құдық, қоныс т.б.) бөлінеді. Пайда болуы жағынан эндоним және экзонимдерге жіктеледі.

Қазақстан этнографиялық топонимдерінің қалыптасуы мен дамуына әсер етуші факторларды қатарына халықтың орналасуы, этникалық байланыс және этногенетикалық процестері жатады. Қазақ руларының белгілі бір аймақты иеленуі кейбір географиялық атаулардан да көрініп отырады. Сондықтан, этникалық атаулары белгілі бір жердің география-физикалық объектінің, елді-мекеннің көрінісі ретінде қарау керек. Е.М.Поспелов былай дейді: «Көшпелі мал шаруашылығындағы қысқы, жазғы жайылымдар белгілі бір рудың атына бекітілген уақыт өте келе сол рудың аты кейін сол жерлердің де атына айналды. Сөйтіп, белгілі жерді ғана пайдалануды білдіретін генотопонимдер қалыптасқан». Топонимика саласының бірнеше терминдері бар. Оларды түсініп, ажырата білуіміз жер-су атауларының шығу тарихын зерттеуде бізге үлкен көмек болары сөзсіз. Сондықтан бұл саланың маңызды терминдерін ғана ұсынып отырмыз.

**Топоним ареалы** – белгілі бір топонимикалық фактілердің немесе атаулардың, біртектес жергілікті географиялық терминдердің таралу аймағы. *Мысалы*, аймақтағы белгілі бір тілге жататын топонимдер ареалы немесе белгілі бір жұрнақпен аяқталатын атаулардың ареалы. **Топонимика** – географиялық атауларды, олардың шығу тегі, дамуы, қазіргі жай-күйі, мағынасы, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым.

**Топонимикалық спектр** – белгілі бір аумақтағы әртүрлі тілге жататын географиялық атаулардан тұратын тілдік спектр. **Топонимикалық субстрат** (латынша *substratum* – «төсеніш») – белгілі бір аумақта қазіргі кезде тұрмайтын халықтардың тілдерінде қалыптасқан атаулардың жиынтығы. *Мысалы*, Оңтүстік Қазақстан аумағы үшін топонимикалық субстрат ретінде иран тілді атауларды атауға болады.

**Топонимикалық стратиграфия** – географиялық атаулардың тарихи жағынан әртүрлі кезеңде қалыптасқан және тілдік тұрғыдан алуан түрлі қабаттары. «*Стратиграфия*» (латынша *stratum* – «қабат», грекше *γραφω* – «*тишу*») термині геологиядан алынған. Топонимикада да, геологиядағы сияқты, стратиграфиялық бағана, ондағы төменгі және жоғарғы қабаттар, кіріккен сыналар туралы айтуға болады.

**Топонимикалық фон** – белгілі бір аумақтағы тілдік жағынан біртектес басым болатын географиялық атаулар жиынтығы, бұл фонда өзге тілден енген атаулар кездеседі. *Мысалы*, Қазақстанның шығысы мен орталығында түркі тілдес топонимикалық фонда орысша атаулар кездеседі. **Топонимикалық формант** (*топоформант*) – өз бетінше дербес қолданыста жоқ және географиялық атау түзуге ғана қатынасатын сөз құраушы элемент (жұрнақ, жалғаулар). Субстраттық топонимияда топоформант ретінде жиі қайталанатын, қазіргі тілдер тұрғысында түсіндірілмейтін кез келген элемент қабылданады: *-ты, -ас, -аб* және т.б. Топоформантты алып тастаса, топонегіз қалады.

**Топонимист** – топонимикалық зерттеулермен айналысатын ғалым. **Топонимия** – белгілі бір белгісі бойынша, яғни аумақтық (Қазақстан топонимиясы) немесе тілдік (қазақ топонимиясы), кейде хронологиялық (кеңестік дәуір топонимиясы) ерекшелігі бойынша анықталатын географиялық атаулардың жиынтығы. Осы тәрізді атаулардың өзіндік жиынтық топтары ретінде гидронимия, оронимия, микропонимия жіктеледі.

**Топонегіз** – топонимикалық формантты алып тастағанда қалатын географиялық атаудың бөлігі (Шідерті топонимінде топонегіз – Шідер, Алмалы атауында – Алма). **Топонимнің семантикасы** – географиялық атаудың мазмұндық мағынасы.

**Транстопонимизация** – топонимнің бір түрінің екіншісіне ауысуы. *Мысалы*: Панама қаласы – Панама мемлекеті, Арал теңізі – Арал ауданы, Балқаш көлі – Балқаш қаласы. Жалпы топонимдік аңыз ең алдымен халық санасында орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерде қандай оқиғалар болып өткендігіне жауап іздеуден басталады. Міне, сондықтан да бағзы бір кездерде халықтың өзі туғызып, шығармашылық өнеріне арқау еткен жер-судың мәнін баяндайтын аңыздар кейінгі ұрпақтың ауызында дәмі айнымай, мағынасы өзгермей сақталып келеді. Еліміздің қай өңірінде де осы сипатта баяндалатын бір жағынан өткен тарихты тарқатып, танытатын, бір жағынан жер-судың қойылу сырын анықтайтын аңыздар көптеп саналады. Айта кететін бір жәйт, бұл аңыздардың бәрінде дерлік тарихты баяндаудан гөрі жер-судың атын анықтау басымырақ орын алады. Сондықтан бұл аңыздарды топонимдік аңыздар деп атауды жөн санаймыз [1, 93]. Осындай топонимдік аңыздарға байланысты Қобда ауданының Қызыл ту деген ауылында «Наурызбай тереңі» деп аталатын жер бар. Бұл атаудың аталу себебі мемлекет қайраткері Елеусін Сағындықовтың әкесінің есімімен байланысты деген жорамал бар. 50 жылдардың қиын қыстау кезеңдерінде аядай ауылда тіршілік ету, күн көріс қиын заманда бірнеше отбасы қиындыққа шыдамай, қақаған қыстың аязында тоңып, ішерге ас таба алмаған кездер де болған. Сол кезде сол ауылдағы Наурызбай аға өзеннің ортасына ұзын тастама ағаш тастап, балық аулып шағын ауылын балықпен күнелткен. Арада бірнеше жыл өткеннен соң сол өзен «Наурызбай тереңі» деп аталып кеткен деген ел аузында әңгіме қалған. Ескіден келе жатқан жер-су атаулары – халық жадының, ұлттық, тарихи сананың жарқын көрінісі. Ақтөбе өңірінің топонимикасы әр түрлілігімен ерекшеленеді. Өңірдің топонимикалық жүйесін талдау барысында атаулардың бірнеше түрлерін нақты көрсетуімізге болады.

Ақтөбе өңірінде жер-су атауларының шығу тегіне байланысты топонимикалық аңыз-әңгімелер өте көп. Солардан тағы бір мысал, киелі «Көкжар» жәрмеңкесі десе еске түсетін Ойыл деген ел бар. Сол ауданның аталу тарихының да бірнеше түрі бар. «Ойыл» Радловтың сөздігі бойынша су сіңген құм делінсе, ауыл ақсақалдары ойлы жерде орналасқан ауылды солай деп аталатынын айтады. Бұған да бір дәлелді жерлес ақын Жолдыбай Айтқұловтың:

«Кезінде әсем қала аса мықты,

Тарихы қыш дуалда қашалыпты,  
Қазақтың даласында бір жәрмеңке,  
«Көкжар» деп ел-жұртынан ат алыпты.  
Ойылым менің – ойдағы елім,  
Ғасырын жаңа тойлады елім.  
Ойылым – арнам ағысы қатты,  
Ойылым – арман жайнаған өңір» – деген өлең жолдарынан да байқауға болады [4, 52].

«Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі» деген кітапта 81-бетте былай деп жазылған: Этимологиясы қызықтыратын тағы бір топоним – Қандыағаш атауы, Мұғалжар ауданының орталығы. Атаудың шығу тегі кызықты пікірталасқа негіз бола алады. Е.Қойшыбаев бұл терминді «**өлім-жітім**» мағынасында қолданады. Сонымен бірге бұл атау «**Қандыағаш**» атты ағаш түріне байланысты шыққан деп топшылауға болады. Жер-су, топонимикалық атаулардың қалай пайда болғаны туралы көне көз қарттар мен аңыздар арқылы және тарихи дастандар арқылы зерттеп білдік. Осы ретте Ұлы Отан соғысының еңбек ардагері, көп жыл бойы мектепте ұстаздық қызмет атқарған, әдебиетке есімі жақсы таныс, Сейітқали Жанғалиұлының «**Қандыағаш**» дастанына назар аударайық. Оның дастаны біздің өңірімізбен байланысты. Қазақ халқының басына төнген қара түнек жоңғар шапқыншылығы кезіндегі үлкен оқиғаларды суреттей келіп, сол заманнан бері белгілі мекендермен жер-су атаулары аталады. Олар мысалы, Жұрын, Қандыағаш, Қонжар, Жілік қаққан т.б. Сейітқали Жанғалиұлы мына атауларға жан бітіргісі келіп, Есет батырмен оның төңірегіндегі оқиғаларға орынды қолданған. Сол дастаннан үзінді келтірсек:

Қазақты шапты Қонон қалмақ қырып-жойып  
Қасқырдай қойды қырған қанға тойып,  
Жөңкілтіп қыз-қатынды айдап кетті,  
Жылаған кемпір-шалдың көзін ойып.  
Қазақтың қаны аққан қанды ағашы,  
Төгілген аналардан көзден жасы,  
Ауылда қалған ердің бірен-саран,  
Сол жерде домалаған ғазиз басы.  
Атанған содан бері «қанды ағаш»  
Еске алып аққан қан мен кесілген бас.  
Қалайша қанды ағаш деп аталған,  
Сұрайды жаңа өспірім бұл күнде жас.

Сондықтан да аңыз бен дастандар, Қандыағаш топонимі жоңғар шапқыншылығына байланысты шыққандығын дәлелдейді [3, 47].

Тағы бір дерек, тоғыз жолдың торабы тоғысқан жер құт қонған Қобда ауданының мағынасына тоқталсақ, «Қобда» сөзі «қалың құм», «өзен» деген мағыналармен шектесіп жатыр. Мысалға, Қобда өзенінің бір саласы «**Балақобда**» делінеді. Оны біз қазақтар өз тілімізге сәйкестеп «**Кіші Қобда**» деп есептеп жүрміз. Көнеден келе жатқан эпос «Қобыланды батыр» жырлары осымен байланысты:

«... Бала ойнаған басында,  
Бала Қобда болсын деп,

Бұны да Қобылан қойған жер...» деп атап өтеді. Осы орайда «Қобда» ауданның аталу тарихын өзенмен байланыстырған да жөн [2, 25]. Сонымен қатар Ақтөбе өңіріндегі табиғаты жағынан алда тұрған аудандардың бірі – Ойыл ауданы. Осы ойыл ауданында «Ойыл орман шаруашылығы» деп аталатын жер бар. Яғни бұл жерді Екпетал (Лесхоз) деп те атайды. Бұл ауыл 1951 жылы құрылған. Ауыл атының мағынасын ашып тұрғандай, бұл жердегі орман ағаштарының бәрі қолдан егілген. Алма ағаштары, емен, қарағай, арша, қайың, үйеңкі, теректердің бірнеше түрлерін тағы басқа ағаштарды ауыл адамдары өз қолдарымен отырғызған. Сонымен ауылдың аты маңдай термен, еңбекпен егілген талдармен тікелей байланысты екені сөзсіз. Бүгінгі таңда сол ауылдың еңбек сіңірген қариясы Қисымова Сапура апамен кездескендегі шағын әңгімемізден көп мәлімет алғандай болдым. Ол бала күнінен орман шаруашылығында қызмет етіп, сол жерден зейнетке шыққан. Қазір 80 жастағы еңбек сіңірген зейнеткер осы ауылдың көркейуіне тағыда үлес қосқан Хайролла Қыдырбаев туралы да біраз естеліктер айтты. Қазір ауылда Х.Қыдырбаев атымен аталатын жалғыз көше бар. Міне, осы тұста топонимиканы өткен өмірдің куәгері десек те болады. Қорыта айтқанда, Ақтөбе облысы аумағындағы Жер-су атауларының – қазақ мәдени кеңістігіндегі белгілі бір эталон, киеліліктің (әулиеліктің) метафорасы және символы. Жер-су атауларының тарихы мыңжылдар бойы сақталуының негізгі себебі – «мәңгі ел» Қазақтың мәңгі өшпес рухының жасампаздығында, сансыз ұрпақтардың рухани сабақтастығында. Және алдағы уақытта өңірдегі Жер-су атауларының шығу тарихының лексикалық мағынасын бұрмаламай, фонетикалық құрылысын өзгертпей келер ұрпаққа сол қалпында жеткізілсе деймін. Ақтөбе облысы аумағындағы Жер-су атауларының мәдени философиялық, тарихи-танымдық, дүниетанымдық, діни, идеологиялық және аксиологиялық әулеттері өте жоғары, сол себепті ұлттық санада, қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихында қайталанбас және мәңгі өшпес өз орны бар.

#### Әдебиеттер

1. Пангереев А.Ш. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері. Алматы: Эверо, 2018. – 93 б.
2. Мұхтаров С.С., Пангереев А.Ш. Ақтөбе өңірінің топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе: 2007. – 21-25-59-81 бб.
3. Жанғалиев С. «Қандыағаш» дастаны. Ақтөбе, 1992. – 47 б.



## ФОЛЬКЛОР ТІЛІНДЕГІ АНТОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Миров Мұхтар Орынбасарұлы  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті  
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Адилова Жайнагүл Мұстафақызы  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Антонимдер халық ауыз әдебиетінде, әсіресе мақалдар мен мәтелдерде өте жиі қолданылады. Антонимдерді дұрыс та орынды пайдаланса, оның сөйлемде стильдік айшық үшін мәні зор. Сондықтан да тіл байлығының маржаны болып есептелетін мақал – мәтелдердің көпшілігі антонимдес сөздерден құралған.

**Аннотация.** Антонимы широко используются в фольклоре. Особенно в пословицах и высказываниях. Использование антонимов в устной литературе имеет смысл для речи. Поэтому большинство пословиц и поговорок, которые являются жемчужиной языкового богатства, образованы из антонимических слов.

**Annotation.** Antonyms are often used in oral folk literature, especially in Proverbs and sayings. With proper and reasonable use of antonyms, its importance is for the stylistic muscle in the sentence. Therefore, most Proverbs and sayings, which are the pearl of linguistic wealth, are formed from antonymic words.

**Тірек сөздері.** Мақал-мәтелдер, антоним, шендестіру, лингвофольклор, ауыз әдебиеті.

**Ключевые слова.** Пословицы, антонимы, антитеза, лингвофольклор, устная литература.

**Key words.** Poslovitsa, antonyms, antithesis, linguo folklore, oral literature.

«Тіл ғылымы басқа ғылымдардан өзгешелеу, оның табиғат нәзік, танымдық мәні зор, ол ұлт тағдырына тікелей байланысты. Оның ашқан жаңалығы мен қол жеткен табысын, техникалық ғылымдардай емес, дүниежүзілік стандартпен өлшеуге келмейді. Қазақ тілінің мәні де сәні де тек қазақ топырағында ғана бағаланбақшы», - дейді академик Ә.Қайдаров [1, 7]. Қазақ тілінің болашағы – өткенді білумен құнды болмақ. Өткенді білу дегеніміз – қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде танылатын тілдік бейнелі сөздер. Әр адам ұлт өкілі ретінде өз болмысы мен танымдық, интеллект қасиеттері арқылы дараланып көрінеді, әрі сол ұлт тілін дамытуға, сөздік құрамын байытуға үлесін қосады. Яғни ұлттың рухани мәдениетін қалыптастыруда жеке тұлғаның ықпалы ерекше. Бұл әсіресе ұлт тіршілігінен және ұлттың менталдық өрісінен хабардар ететін мақал-мәтелдерде анық байқалады. Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі. Ол – ғасырлар бойы халқымыздың ұқыптап сақтап келген тәжірибесінің жиынтығы, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айнасы. Ол көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырылып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын, өмірлік өшпес мұрасы. Мақал-мәтелдер көркем бейнелік сөз айшықтарымен әсерлі. Оның айтуға оралымдылығы, тілге үйірле кететіндігі, ойдың өткірлігі, ұшқырлығы, тереңдігі мақал-мәтелдердің сапаларын айқындайды. Мақал-мәтелдер адамды сөз қадірін білуге, айналадағыларға мейірбан, кең пейіл болуға, сезімтал болуға, халық шығармашылығының інжу-маржанын бағалай білуге баулиды.

Қазіргі кезеңде лингвистикада антиномикалық көзқарас маңызды орын алады. Қазақ тіл білімінде антонимдердің қалыптасу, даму тарихына зерттеу жасаған Ж.Мусин «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» еңбегінде қазақ тіліндегі антонимдерді топтастыру жайында белгілі бір логикалық қатардағы қарама-қарсылықты білдіретін жұптар деп топтап, нақты тілдік деректер бойынша талдау жасап, тың пікірлер айтқан болатын [2, 19]. Антонимия құбылысы лингвистиканың зерттеле түсуді қажет ететін саласы ретінде соңғы жылдары қарала бастады. Антонимдер (гректің – *anti* «қарсы» және *опута* – «ат, атау» деген сөздерінен жасалған) – тілдің мағына жағынан өзара бір – біріне қарама-қарсы келетін атауыш бірліктұлғалары. Мысалы: *Алыстан арбаланаңша, жақыннан дорбала. От – арық, су – семіз* т.б. Антонимдер халық ауыз әдебиетінде, әсіресе мақалдар мен мәтелдерде өте жиі қолданылады. Антонимдерді ауыз әдебиетінде қолдану сөйлеуді мағыналы етеді. Антонимдер ойды әсерлі, бейнелі түрде жеткізудің ең оңтайлы құралы. Мәселен, ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың құрамында антонимдер жарыса қолданылады. Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады. Антонимдерді дұрыс та орынды пайдаланса, оның сөйлемде стильдік айшық үшін мәні зор. Сондықтан да тіл байлығының маржаны болып есептелетін мақал – мәтелдердің көпшілігі антонимдес сөздерден құралған. Осы бір қасиетіне байланысты болса керек, антонимдер әсіресе мақал-мәтелдерде жиі қолданылады. Енді сол мақалдардың бірнешеуіне тоқтала кетсек:

1. *Жақсы* болар жігіттің  
Жұмыссыз жүрген күні жоқ.  
*Жаман* болар жігіттің  
Еш жұмысқа қыры жоқ.
2. *Көз - қорқақ*, *қол – батыр*,
3. *Өтірік* – қаңбақ, *шын* – салмақ,
4. *Қорлық өмірден* ерлік *өлім* артық.
5. *Көп ақымақтың* ағасы болғанша,  
*Бір ақылдының* інісі бол.

6. *Ащы* менен *тұщыны* татқан білер,  
*Алыс* пенен *жақынды* жортқан білер.
7. *Аларманға* алтау аз, *берерменге* бесеу көп.
8. Есектің еті *арам*, күші *адал*.
9. *Ерте* шықсаң, алдыңнан *күн* шығады.  
*Кеш* шықсаң, алдыңнан *түн* шығады.
10. Қылышты *қорқақты*  
Сойылды *батыр* соғып алады.
11. *Бүгін* бітер істі *ертеңге* қалдырма.
12. *Адал* еңбек елге жеткізер,  
*Арам* қылық елден кеткізер.
13. Адам аласы *іште*,  
Мал аласы *сыртта* т.б [3, 173-175].

Мұндағы қорқақ – батыр, өтірік – шын, өмір – өлім, ақымақ – ақылды, ащы – тұщы, алыс – жақын, аларман – берермен, арам – адал, ерте – кеш, күн – түн, арам – адал, іште – сыртта, т.б сөздердің мағыналары бір – біріне қарама-қарсы мағынада қолданылып антоним болып тұр. Қазақ тіл білімінде антонимияны зерттеудегі аз қарастырылған аспектілердің бірі – контекстуалды антонимдер болып табылады. Антоним болмайтын сөздер мәтінде қарама-қарсы қойылып, стилистикалық антонимдер деп аталады. Кейде бір зат пен екінші затты қарсы қойып салыстыру үшін мағыналарында қайшы мін жоқ сөздер де қолданылады. Ондай сөздер сол контексте ғана қарсы мағынады қолданылатын контекстік антонимдер деп аталады [4, 138]. Контекстуалды антонимдердің құрамында қарама-қарсылықтың нысаны сақталады. Мысалы: *Түйе* ұрлаған да да ұры, *түйме* ұрлаған да ұры (мақал). Осы мақалдағы *түйе* – *түйме* – контекстуалды антонимдер, яғни олар жеке тұрғанда антоним бола алмағанмен мағына қарама-қарсылығы көбінесе контексте телулі болады. Контекстік антонимдердің қолданысы жөнінде И.А.Стернин: «Көп жағдайда контекстік антонимдерді жасаушы фактор, көп жағдайда жалпы көнерген мағынаның бар болуы мен қарама-қарсы бірлік, мағынаның қарама-қарсы дифференциал және потенциал негізінде пайда болады» – деп жазса [5, 23], белгілі зерттеуші-ғалым А.Жұмабекова: «қазақ тіл білімінде антонимияны зерттеудегі аз қарастырылған аспектілердің бірі – контекстуалды антонимдер болып табылады. Антоним болмайтын сөздер мәтінде қарама-қарсы қойылып, олар стилистикалық антонимдер деп аталады», – дейді [6, 24].

Сөздердің бір немесе одан да көп мағыналары мен мағыналық ренгтері әдеби мысалдар негізінде ашылады. Антонимдер көбінесе халық ауыз әдебиеті нұсқаларынан, Абай шығармаларынан, жазба көркем әдебиет, сондай-ақ, көсемсөздерде де көптеп кездеседі. Поэзияда антонимдер шендестірудің (антитеза) бір тәсілі ретінде қолданылады. Антитеза - шендестірудің мүлде қарама-қарсы ұғымдарды, жағдайларды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге ұмтылатын стильдік, эстетикалық бейнелеу құралының көркемдік әдісінің бірі болып табылады. Шендестіру антоним сөздерді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы жасалады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық – айқын, мейлінше мәнерлі болып бейнеленеді. Тұрақты лексикалық антоним емес, өзара мәндес сөздердің өзі де көркем шығармаларда бір-біріне қарама-қарсы қойылып айтыла беруі мүмкін. Жан-жақты дамып, кемелденген тілде белгілі бір ойды әр түрлі мақсат-мүддеге қарай неше саққа жүгіртіп, сан алуан тәсілмен қолдануға болады. Қорытындылай келе, мақал-мәтелдердің қазіргі заманғы адамның рухани-адамгершілік мәдениетін дамытудағы маңызы ерекше деп атап өтуге болады. Фольклор тіліндегі антонимдердің қолданылуы адамгершілік қағидаттары жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда да орны ерекше. Осы тұрғыдан қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер тілдің жүйесін зерттеуде де, сондай-ақ мәдени және моральдық құндылықтарға тәрбиелеуде де үлкен ғылыми құндылығы бар. Тіліміз мақал-мәтелдерге қаншалықты бай болса, сол мақал-мәтелдерде кездесетін антонимге де оншалықты тапшы емес екендігін байқаймыз.

#### Әдебиеттер

1. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы. Ғылым, 1998.
2. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 1984.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 2002.
4. Жұмабекова А. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Сөздік – словарь. Алматы, 2000.
5. Стернин И.А. Лексическое значение слова в речи. – Воронеж, 1985.
6. Жумабекова А.К. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языка: дис.... докт. филол. наук. – Алматы, 1995. – 161.

## ҚАЗАҚТЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЖОҚТАУ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің докторанты  
Ақтөбе қ., Қазақстан

Қай халық, қандай ел болмасын жалпы адамзат қауымына ортақ құбылыстардың бірі – өлім. Өлім баршаға ортақ, жалпы құбылыс. Өлім туралы түсінік ортақ. Сондықтан да өлген адамды о дүниеге аттандыру,

оның артын күтуге байланысты қалыптасқан жөн-жосық барлық халықтың дәстүрінде бар. Мәселен, өлген адамға қайғыру, аза тұтып жоқтау. Жоқтау – Африкадағы зәңгілердің де, Европадағы немістер мен француздардың да, болгарлар мен сербтердің де, чехтар мен гректердің де, литвалықтар мен адыгдардың да өмірінде бар. Бұл түркі тілдес – қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, татар, алтай, қарашай халықтарының да ескі көне өмірінен өшпей келе жатқан жанды дәстүрі [1, 70]. Жоқтау жанры қай елдің фольклорында да жоқтауды айтушы адамға байланысты бірнеше топтарға бөлінеді. Олар: өлген ұлын ананың жоқтауы, күйеуінен жесір қалған жарының жоқтауы, қыздың әкесін я анасын жоқтауы т.с.с. болып жалғаса береді. Жоқтауды қырғыздар қошок, тәжік, өзбектер мәрсия, ұйғырлар мәрсийәгә дейді. Ал қарақалпақтар жоқлау, жылау, алтай халықтары сығыт деп атайды. Абхаз халқының халық өлеңдерін зерттеуші М.М.Хашба жоқтау өлеңін арнайы жоқтағыш адамдар емес, қайтыс болған адамның жанашыр туыстары ғана орындайтынын айтады. Мұндай дауыс шығаруды екіге бөледі. Біріншісі жылау, яғни адам қайтыс болған бойда құр айқайлаумен шектеледі, оны «ахәжәара» деп атайды, ал екіншісі «амытқума» деп аталады. Мұнда қайтыс болған адамның мінезі, қоғамдағы орны сипатталады.

Х.Досмұхамедұлы да жоқтауды осындай екі жанрлық түрге бөледі. Осы пікірді дамыта келіп К.Матыжанов былай дейді: «Жоқтауды мұндай асқақ дәрежеге көтерушілер – ақын-жыраулар. Яғни, ел арысын бұрынғыдай отбасындағы әйелдер мен қыз-келіншектер емес, халықтың сөзін ұстаған ақын, жыраулар жоқтайтын болды... Жоқтаудың түп негізінде «жылау» жатыр. Ал дәстүрлі рәсім бойынша «жылауды», негізінен, әйел адамдар айтатын болған» [2, 199]. Демек жоқтаудың барлық халықтың дәстүрінде болуы табиғи құбылыс. Өйткені жоқтаудың арғы тегі рәсімдік жылаудан бастау алады. Яғни, ежелгі түсінік бойынша өлген адам бәрін естіп-біліп жатады деген байырғы түсінікте жатыр. Сондай-ақ «ортаңғы әлемнен» «арғы әлемге» аттанған адамға деген қимастық сезімнен туындайды. Мұндай өлген адамға қайғыру, қимау сияқты жалпыға ортақ ішкі сезімдер барша адамзат баласына тән. Десек те жоқтау айту дәстүрінің әр халықтың тұрмысында орындалу, қолданылу сипатына қарай өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, қазақтар қаралы хабарды естісімен жоқтау айтып, дауыс қылса, қарақалпақтар өлік жерленген соң, сүйекшілер қайтып келіп асын ішкеннен кейін айтады екен. Жас адам қайтса ертеңіне я екі-үш күн өткеннен кейін барып айтады.

Қазақ халқының жоқтау айтуда көп халықтарға ұқсамайтын бір ерекшелігі бар. Ол ішкі қайғысын жаттанды өлеңдерге сүйенбей сол бойда суырып салып айтатын шынайылығында. Бұны жете аңғарған М.Әуезов былай дейді: «Ерте заманнан бері келе жатқан түр екені даусыз. Жоқтау жалғыз қазақта емес, орыс ескілігінде де бар болған. Бұрынғы заманда өлген жақынын орыстар жоқтайтын. Бірақ оның қазақтікінен айырмасы: жоқтау өлең жаттама болатын. Ертеде шыққан бір өлеңді, кім өлсе де, өзгертпестен айта беретін. Айтушылары да қазақтікіндей қайғылы үйдің өз ішінен шыққан адам емес, әдейі кім өлсе, соны жоқтап жүретін жоқтағыш (плакальщица) қатындар болған. Соларды жалдап әкеліп жылатып, өлгендерін жоқтатып алатын. Жылағыш қатындарға жоқтау айту арнаулы кәсіп болған» [3, 25]. Мұндай кәсіпқой жоқтаушылардың қарақалпақ дәстүрінде де болғандығын Қ.Айымбетов айтады [4, 19]. Дегенмен де жоқтаудың бәріне ортақ сипат өлген адамның мінез-құлқын, жасаған жақсы істерін, өмірдегі орнын айту немесе дүниенің баянсыздығын, артындағы жақындарын тастап кеткендігін, өлімнің қаталдығына наразылық білдіру болып келеді. Міне, адам баласының дүниеге келу, ер жетіп үйлену, дүние салу секілді өтпелі кезеңдерінің қай халыққа болса да ортақ заңдылық екенін ескерсек, сол заңдылықтар негізінде туған халықтық әдет-ғұрыптардың, жол-жора, өлең-жырлардың арасында да өзара ұқсас, ортақ сипаттардың да болуы заңды екендігін мойындауға тура келеді. Алайда әр халықтың отбасылық ғұрып фольклорынан өзіндік тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық мінез-құлқына сай даралық сипатын танытатын жалқылық белгілері де жоқ емес. Оны ажыратып, нақтырақ танудың бір жолы туыстас халықтардың отбасылық ғұрып фольклорын салыстыру. Белгілі фольклортанушы ғалым Р.Бердібаев былай деп жазады: «Фольклор шығармаларының өзіне тән өзгешеліктері мен ұқсастықтарын анықтаудың қызғылықты да жемісті жолдарының бірі – түрлі елдер мен халықтардың ескерткіштерін бір-бірімен салыстыру, олардың ортақ желісін, орайлас үндестігін тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастыру болып табылады» [5, 190]. Осы орайда біз де тілі бір, тағдыры бір, дәстүрі ортақ түркі тектес туыс халықтардың отбасылық ғұрып фольклорындағы типологиялық ұқсастықтар мен ұлттық ерекшелікті салыстырып зерттеуді мақсат еттік.

Ислам дінінің қағидалары бойынша, өлген адамның артынан көп жылауға болмайды. Себебі, Ислам қағидалары бойынша «Өлім» алланың бұйрығы, алланың ісі саналған. «Әл-Ғимран» сүресінің 185-ші аятында «Барлық жанды нәрсе өлімнің дәмін татады» деп жазылған. Демек, мұсылмандық таным бойынша өлген адамның артынан жылау алланың бұйрығына қарсы шығумен бірдей. Осы түсінік жоқтауларда ерекше көрініс тапқан: «Алладан бұйрық келген соң; Бұ дүниені қиғаны», «Биссимила сөздің өрнегі; Фәндөнің рас өлмегі», Бұ дүнияде тұру жоқ; Ажалға адам көнбегі», «Есік алды ырғайлы; Өлмей адам тұрмайды» [6, 196, 163,169]. Дегенмен де халық дәстүрінде жоқтау өміршеңдігін жоймай келе жатқан жанрлардың бірі. Жоқтаудың ескі нұсқалары сонау ежелгі Орхон-Енисей жазбаларынан бастап, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл жазба ескерткіштердегі жазулардың жалпы түркі тектес халықтардың фольклорының бастау бұлағы екендігі кезінде ғылымда дәлелденген. Ә.Марғұланның жоқтау – ауыз әдебиетінің ең ескі түрі. Мұндай өлең үй ішінде, қауым ортасында ардақты болған игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған. Жоқтау – Орхон жазуларының түбегейлі жалғасы. Оның бір жарқын түрін біз Күлтегін жазуынан көреміз [7, 123] деуі де сондықтан. Жырдың мазмұны мынадай:

Інім Күлтегін қаза болды,  
Өзім қайғырдым.

Көер көзім көрместей,  
Білгір ақылым білместей болды.  
Өзім қайғырдым,  
Тағдырды тәңірі жасар,  
Адам баласы бәрі өлгелі туған.  
Қайғырғаным сонша,  
Көзге ыстық жас келер,  
Көңілге ауыр шер келер,  
Тағы да ойландым,  
Қатты қайғырдым... [7, 24-25].

Мұндағы «Адам баласы бәрі өлгелі туған» деген көне түсініктің ізін біз «пендеге өлім – парыз», «өлім – бұйрық», «өлім – хақ» дейтін кейінгі ислам идеясынан да аңғарамыз. Қалай дегенмен де исламдық көзқарастары қазақ дәстүріндегі жоқтау салтын мүлде ығыстыра алған жоқ. Қазақ салтында ана дүниеге сапар шеккен адамды ешуақытта жоқтаусыз аттандырмаған. Дәстүрлі дүниетанымда ол өлген адамның ата-анасына, артында қалған бала-шағасына, туған-туыстарына, жалпы отбасына үлкен сын болған. Осы түсінік жоқтауларда былай баяндалады:

Ағузы деп бастайын,  
Асығыс айтып баспайын.  
Шариғаттың жолына  
Жалған сөзді қоспайын.  
Иманды болғыр атамды  
Жоқтаусыз қайтып тастайын?! [9, 213].

Ежелгі ғұрып бойынша адамды жоқтаусыз көмудің үш түрлі себебі болған: Біріншісі, дүниеге жаңа келген жас саби өлгенде. Себебі, ежелгі дүние-таным бойынша саби «төменгі әлемнің» мүшесі. Оған «ортаңғы әлемге» жол ашатын жол-жоралғылар, рәсімдер жасалған жоқ. Мәселен, бала қырқынан шығарылып, тұсауы кесілген жоқ. Аталған рәсімдер орындалмайынша дүниеге келген бала «ортаңғы әлем» мүшесі бола алмайды. Себебі, ол ежелгі түсінік бойынша бұл дүниеге әлі кіріп үлгерген жоқ. Екіншісі, дүниеден өткен қарт адамға жылауға тиым салынған. Мұның мәнісі: қарт адамды бұл дүниеден гөрі о дүниенің адамы деп санаған түсінікте жатыр. Халықтың осы дүниетанымының түп төркінін түсіну үшін этнографиялық деректерге сүйенуге тура келеді. Соның ішінде Оңтүстік Сібір халықтарының материалдарының берер мәліметі мол. Мәселен, шаман дінін ұстанған Сібір халықтарында жетпістен асқан қарт адамды тірілей далаға ит-құсқа жемтік қылып тастау дәстүрі сақталған. Олардың түсінігінше жетпіс жастан қарт асқан адам «арғы әлемнің» өкілі саналған. Ал бұдан бұрын келген ажал жауыз рухтардың қаһарынан болды деп санаған [10, 61]. Сондықтан да қарт адамның өлігін жоқтауға тиым салып, қайта «үлкен той» деп қуанған. Қарт адамдардың «Төрімнен көрім жақын», немесе «Бір аяғым төрде, бір аяғым көрде» деп мақалдауы осы түсінікпен сабақтас болса керек. Үшіншісі, адам өзіне-өзі қол салып, арам өліммен өлген жағдайда. Ертеде мұндай өлімді халық кешірмейтін болған. Оның ар жағында Тәңір берген жанын өзі алуы керек, оған адамның үкімі жүрмейді деген түсінік жатса керек. Ондай өлімге жоқтау да айтылмай, ас та берілмей аттандыратын болған [2, 212]. Халық аузында «көп жыласаң, өлген адам көздің жасына малтығып, қиналады» деген сөз бар. Мұның мәнісі де халықтың ежелгі дүниетанымымен сабақтас. Дәстүрлі дүниетанымда өлілер әлемі су астында, көз жасы – судың бір бөлмесі саналған. Ал көз жасынан – «су пайда болу мотиві» ғылымда дәлелденген [11, 45]. Орта ғасырлардағы жоқтаулардың болмыс-бітімін М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» еңбегінде кездесетін өлең үлгілерінің сипатынан көруге болады. Мұндағы көне жоқтаудың шағын үлгілері қазақ жоқтауларының мазмұнымен сабақтастықта көрінеді. Мысалы, ондағы Алып Ер Тоңғаны жоқтау жыры мен қазақ жоқтауларын салыстырып көрейік,

–Алып Ер тоңа өлді ме?  
Жаман дүние қалды ма?  
Заман өшін алды ма?  
Енді жүрек жыртылар [12, 70]!

Қазақ жоқтаулары: «Басқа түскен көп қайғы; Жүректі барып қысайды» [6, 160]. «Көкірекке толған қасірет; Жүректі кетті талдырып» [6, 160]. «Қайғыменен тілініп; Жүрек бауыр тұздалды» [6, 156] «Адастым жалғыз теректен, Қайғысы кетпес жүректен» [6, 159], «Кез болса дерт өшпейтін; Жүрекке от боп жабысқан» [6, 165], «Боғастың бойын өрт алды; Жүректің басын дерт алды» [6, 193], «Жүрегіме дақ түсіп, Жасық пышақтай майырылды» [6, 222], «Өкпемді баспай өксітіп; Қабынтып кетті жүректі» [6, 214]. Көріп отырғанымыздай екі үлгідегі жоқтауларда да қайғының салмағы жүректің азасына түсіп, жүрек – қайғының басты атрибутына айналады. Адамның ішкі сезімі, жан тебіренісі, қайғы-мұңы жүрекке салмақ түсіреді. Сондықтан да жоқтауларда жүрек бейнесі ерекше көрінеді. Қанша уақыт өтсе де жоқтаулардың негізгі мазмұны сақталып, жоқтау айтушылар дәстүрлі жоқтау өрнектеріне сүйенеді. Дей тұрсақ та, оның мазмұнынан ислам дінінің әсері ерекше байқалды. Жоқтау айтушылар ислам дініне бой ұсына отырып, «бисмилладан» бастап, шариғат қағидаларын қоса жырлайды. Сонымен қатар жаратушы Алла, оның расул-елшісі Мұхаммед пайғамбардан, саһабалардан бастап, ислам тарихында орын алған ұғымдар мен терминдер, адам аттары, белгілі оқиғалар естелігі – бәрі де тиісінше орын алып отырады. Олар: Дәуіт, Сүлеймен, Мұса пайғамбарлар, Әбубәкір, Омар, Осман, Лұхман әкім, Қыдыр, Арафат, Сират, Хауат Кәусар, Хамза, Ғарасат, 18 мың ғалам, шариғат, иман, намаз, мәңкүр-нәңкүр, ұжмақ, шапағат, қиямет, машқар, мінажат медет, хазірет, екі дүние, жаннат, құран,

ақырет, күпір, әнбие, машайық, зұлпықар, Қасен, Құсейін, Шаһадат, Зәбур, Нәмруд, Ибраһим, Жәлил, Хабиб, Махшар, Нәби, Періште, тақыт Сүлеймен, жүз жиырма төрт мың пайғамбар, отыз үш мың саһаба, пейіш – мұның бәрі мұсылман әлеміне таралған атаулар мен мағыналар [13, 375; 17, 119-120]. Жоқтаулардағы осындай мұсылмандық түсініктің көрініс табуы Р.Бердібаев, Д.Жақанның еңбектерінде нақты мысалдар арқылы жан-жақты баяндалғанын атап өтуіміз қажет [13, 375; 14, 113, 115, 125-129].

#### **Әдебиеттер**

1. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.
2. Матыжанов К.І. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры. Монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 240 б.
4. Айымбетов Қ. Халық даналығы. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1988. – 492 б.
5. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 335 б.
6. Тал бесіктен жер бесікке дейін (Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары). Құраст., алғы сөзі мен түсініктерін жазған К. Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
7. Ежелгі дәуір әдебиеті (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А.Қыраубаева). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
8. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар. – Алматы, 1985. – 368 б.
9. Боздағым: Қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 б.
10. Алексеев Н.А. Ранние формы религий тюрко-язычных народов Сибири. – Новосибирск: Наука, 1980. – 317 с.
11. Тойшанұлы А. Түрік-монғол мифологиясы: Монография. – Алматы: Баспалар Үйі, 2009. – 192 б.
12. Қашқари М. Түркі тілінің сөздігі (Диуани лұғат ат-түрік): Үш томдық шығармалар жинағы. (Қазақ тіліне аударған алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай). – Алматы: Хант, 1997. – 590 б.
13. Бердібаев Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Кәусар бұлақ. – Т. 2. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 472 б.
14. Жақан Д. Жерлеу ғұрпының фольклоры // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Т.1. Фольклорлық кезеңі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – Б. 105-125.

### **ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ЖІГІТ**

**Ниязова Ғ.М., ф.ғ.к., доцент**  
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**  
**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Анатпа.** Мақалада ф.ғ.д А.Пангереевтің білім беру саласындағы, ғылымдағы табандылығы, қол жеткізген биіктері, қазақ әдебиеттануына қосқан үлесі сөз етіледі.

Бүгінгі күні ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топономастика мәселелеріне арналған көлемі жүз баспа табақ құрайтын ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектедің авторы, «Әдебиет және топонимика», «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік негіздері», «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері», «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» атты іргелі еңбектерін жазып, қазақ әдебиеттануына сүбелі үлес қосып отырған ф.ғ.д., профессор Абат Шамұлы Пангереев мырзамен сонау 80-ші жылдардан бері қарай әріптес әрі апалы-інілі сыйлас, замандас, қызметтес болғалы қырық жылдай уақыт болған екен. Қарағанды мемлекеттік университетін тәмамдап, туған жеріне қарай ат басын бұрған жас маман Ақтөбе облыстық білім беру басқармасына жолдамамен келеді. Бүтін бір облыстың төрт құбыласынан оқу іздеп келген қазақ балаларын тәрбиелеп, сапалы біліммен сусындатып отырған қара шаңырақ, ол кезде облыстық мектеп-интернатына (қазір М.Құсайынов атындағы дарынды балалар мектеп-интернаты) екпіндеп келіп, еңбек жолын ұстаздық-тәрбиешілік қызметтерді ұштастыра бастаған еді. Ұстаз – адам баласының ұлы тәрбиешісі, әрбір өскелең ұрпақтың өн бойына адалдықтың, парасаттылық пен ізгіліктің дәнін егіп, нәрін себуші жан. Ұстаз алдынан білім, тәлім-тәрбие алып, қара танып, қатарға қосылған әрбір шәкірт үшін бұл киелі мамандық иесі әрқашан қадірлі, әрқашан күдіретті тұлға. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары үшін мұғалімнің орны, мәртебесі бір мәрте болса, ал интернат тәрбиеленушісі үшін екі мәрте жоғары, бұл мектепте ұстаз болудың табиғаты мүлдем бөлек. Себебі, жанында ата-ана жоқ, отбасынан жырақ кетіп, жабырқап жүрген, жасөспірімдер үшін сен мейірімді ата-анасың, тәлім беретін тәрбиешісің әрі ұстазсың!

Жоғары оқу орнын бітіріп келген жас күшке зәру оқу ордасына келіп, еңбек жолын бастаған Абат Шамұлы қиындығы да қызығы, әсіресе, сауабы мол іске кірісіп кетеді. Жұқалтақ бітімді, ширақ, сұлу мұртты, қу тілді әңгімешіл-әзілкеш, ойнақы да жайнақы, өзіне нық сенімді жас әріптесіміз интернатөмірінің қиыры мен шиыры мол, жауапкершілігі зор іске бірден араласып, интернат тәрбиеленушілерін таң қараңғысында келіп оятып, түн қараңғысында жатқызып, күн ұзағына уақытпен санаспай есепсіз еңбек етеді. Әрі қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ бере жүріп, кітапхана қызметін де қоса атқарады. Бірде жаңа оқу жылы қарсаңындағы дәстүрлі педагогикалық кеңесте жүктеме бөлу мәселесін талқылау басталып, сағаттың тапшылығынан жас маманға сағат аздау бөлінді ме, Абатжан ініме қамқор болғым келгені сондай, мектеп директоры М.Құсайыновқа: «Менің сағатымнан алып беріңіз», – депін ғой. Сонда, білікті маман: «Ниязова үйіңізден алып келген сағатыңыз жоқ» – дегені әлі күнге дейін жадыма қалыпты. Ұстаз ретінде де, интернат тәрбиешісі ретінде де аз уақыт ішінде тәлімді тәжірибе жинақтайды. Іскер басшы, ақылды аға, тәрбиеші-ұстаз, қазақ балаларына әкедей қамқор болып, интернаттың отымен кіріп, суымен шығып жүрген Мақсат Құсайынов сынды қызметіне адал ұлы жүректі азамат-ұстаздың үлгісімен уақытпен есептеспей, жауапкершілікті сезініп, оқушылардың тауқыметін бірге көтерісіп, шәкірттер жүрегінен орын тауып, өзі де ширығып шықты деуге

болады. Абат Шамұлының мектеп-интернатта малтығып жүре бермейтіні о бастан белгілі болды ғой, көп ұзамай жоғарылап кетті. Абат Шамұлының Ақтөбе педагогикалық институтына қызметке ауысқан жылдары желтоқсаннан кейін жылымық байқалып, кеңестік биліктің орыстандыру саясаты нәтижесінде жабылып қалған, жылдар бойы шешімін таппай келген толғақты мәселе қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы ашылатын күн де туады. Мұндай қуанышты күнді жақындатқан ақтөбеліктер үшін аты да, абройы да асқақ дарынды ғалым, жігерлі басшы, ғажайып ұлтжанды азамат, институт ректоры Мұхтар Арынның еселі еңбегі еді. Ол институт ректоры қызметімен шектелген адам емес.

Ақтөбе өңірінің рухани, ұлттық, мәдени өміріне тікелей араласып, іс-қағаздар, жер-су аттарының тарихи атауын қайтару, тарихи тұлғаларды тірілту, тіл қозғалысы, тарихи зерде қозғалысы сынды толғақты мәселелерге мұрындық болған адам. Факультет ашылу қарсаңында өзі ел аралап жүріп, қазақтілі мен әдебиетін сүйетін, көкірегінде оты бар, оқуға ынталы қазақ балаларын, яғни алғашқы қарлығаштарды іріктеп жинауы таңғаларлық. Осындай қауырт шаруа, ұлы істердің басы қасында Мұхтар Ғалиұлының жанына жалау болып, қазақ филологиясы факультетінің деканы Абат Шамұлы да жүреді. «Факультет ашыларда облыс мектептерін аралауға шыққан сапарына мені де ертіп алды. Сапар үстінде Мұхаң: «Абат, саған тапсырма – биылғы мектеп бітіретін түлектермен сөйлесесің. Ақындық өнері бар, өлең оқып, ән сала білетұғын, әрі-беріден соң тіпті ойын дұрыс жеткізе, жатық сөйлей білетін балаларды таңда. Сенің бірінші наборың өте күшті болуы керек», – деп қадап айтты. Айтса айтқандай, сол алғашқы түлектер сүйсінуге тұрарлық болды [1, 161] – дейді А.Пангереев Мұхтар Арын туралы естеліктерінің бірінде. Сол түлектердің кейбіреулері университет қабырғасында күні бүгінге дейін өзімен бірге қызмет етіп келеді. Педагог-ұстаз, іскер басшы ретіндегі қалыптасу кезеңінде ғибраты мол ғұмыр иесі Мұхтар аға Арынның азаматтық та ағалық та тағылымды тұлғасының, тәрбиелік мектебінің Абат Шамұлы үшін орны орасан болғаны рас.

Факультетті басқара жүріп, жоғары мектепте дәріс оқу, ұстаздық өнерді меңгеріп, білікті маман даярлау, саналы ұрпақ тәрбиелеу ісіне қоса, ғылыми-зерттеу мәселесін де қатар алып жүрді. Филолог-ғалым Есет Жұбановтың университетке шақырылуы, «Жұбанов зертханасының» ашылуы ғылыми кадрларды дайындауда үлкен рөл атқарды, соған байланысты кафедраның жас мамандары ғылымға бет бұрып, А.Шамұлы «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» деген тақырыптағы ғылыми жұмыспен айналыса бастайды. Зертхана меңгерушісі, зерделі ғалым Есет Құдайбергенұлы Жұбанов – ғылыми кадрларды дайындауда мектеп қалыптастырған ұстаз. Ғалым алдын көрген жас ізденушілердің еңбектерінде Е.Құдайбергенұлы ғылыми стилі қолтаңбасының іздері сайрап жатыр. «Жер-су атауларының поэтикасы» – әдебиет зерттеушісі ғылымға бойлаудың алғашқы сатыларында жүрген балаң кезеңінде, «Жұбановтану зертханасының еңбектерінде» әзірленген көмекші оқу құралы. Қос бірдей ғалым Е.Жұбанов, М.Мырзахметов алғысөзін жазған еңбекте: «Әрбір елдің өзіндік тарихы, қона жайлаған этникалық территориясы, өмірге, қоршаған ортаға қажетті өзіндік ұғым-түсінігі, оған деген бағам, байламы, толғамы бар. Қандай бір халық болмасын өзінің тіршілік көзі – жер екенін ұққан. Сондықтан ұлы дала төсіндегі ақаоныс, туған жер үшін болған сан қилы ірілі-уақты қақтығыс, соғыс, қантөгістер ерте кезеңдерде қазақ елінің басынан өткен кәрі тарихты қозғайды. Ондай тарихи оқиғаларды әдетте халық ауыз әдебиетінен, шежіре қарттардың әңгімелерінен, тарихи құжаттардан танып білетінбіз» [2, 6] – дей келіп автор мұндай деректермен қатар топонимикалық атаулар да белгілі дәрежеде қазақ өмірінің қатпар-қалтарыстарын ашуда тарихи айғақкөз бола алатындығын айтады. Сондықтан, топонимикалық атаулардың поэтик тілдегі көрінісін ашу, оның тарихи, саяси-әлеуметтік астарына үңілу – көптеген жасырулы тылсымдарды халықтың санасында қайта жаңғыртуы сөзсіз екендігіне ден қойған жас зерттеушінің күні бүгінге дейін тынымсыз зерттеп келе жатқан маңызды да мағыналы ғылыми бағыты. Н.Ә.Назарбеқтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» [3, 6] – дегені білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізудің қажеттілігін меңзейді. «Туған жердің әрбір сайы мен қыркасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс» [3, 7]. Осы тұрғыдан алып қарағанда, А.Шамұлының қазақ даласының жер-су аталарын, оның поэзиядағы көрінісін зерттеуді бұдан ширек ғасыр бұрын қолға алып, жер атауларының шығу төркініне байланысты небір аңыз, әпсаналарды зерттеп, ел аузынан жазып алып, кейінгі ұрпақтың жадына егуі – үлкен ізденістің, шынайы патриотизмнің жарқын көрінісі деуге болады. Қазақ әдебиеті кафедрасы әдебиеттанудың аймақтық мәселелерін, өлкеміздің көркем тарихын әр қырынан ғылыми тұрғыда зерттеумен түбегейлі айналысып келеді, қол жеткен табыстар да аз емес. Соның ішінде профессор Пангереевтің кең байтақ қазақ жерінің батыс бөлігіне кіретін Ақтөбе өңірі мәдени-рухани байлығын, жергілікті фольклорлық үлгілер, жер-су атауларына байланысты талай аңыз, әпсаналар төркінінің індете іздеген ғылыми ізденістері, өңірімізден шыққан ел есінде сақталған тарихи тұлғалар туралы зерттеулері аймақтық әдебиетке қосылған ұлан-ғайыр үлес, қымбат қазына. Бұл бағытта жасалған қыруар зерттеулер өз нәтижесін беріп, бүгінгі күні кейіпкеріміз – ф.ғ.д, профессор М.Мырзахметовтің жетекшілігімен кандидаттық диссертация, ҚР ҰҒА академигі Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың жетекшілігімен докторлық диссертация қорғаған профессор, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері, Қазақстан ПҒА академигі.

Абзалы Абат – жолы болғыш жігіт. Білім-ғылым саласының біртуар, әрқайсысы ағарту саласының нар тау, асқар шыңдары М.Құсайынов, М.Арынов, Е.Жұбанов, М.Мырзахметов, С.Қасқабасов сияқты әдебиеттану ғылымының көш басында жүрген, қазақтың қадау-қадау тұлғалары жолы болғыш жігіттің өмір жолында кездесіп, кейіпкеріміздің өрлеу үстінде келе жатқаны сол ғылыми-тәрбие мектебінің жемісі дегенді айтқымыз

келіп еді. Бұдан Абат Шамұлының ғылымдағы жолы даңғыл болды десек, иә, бәсе демеске шара жоқ. Жақсыдан шарапат деген осы шығар дейік. А.Пангереев ұстаздық етіп, аудитория алдында дәріс оқумен қатар, студенттерді ғылыми жұмыстарға баулитын, ізденуші-зерттеушілікке бейімдеу өнерінің де шебері екендігін атап айтқым келеді. Университет табылдырығын жаңа аттаған студенттерге жүргізілетін «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінен дәріс оқитын Абат Шамұлы алғашқы күндердің өзінде-ақ әр студенттің қарым-қабілетін жіті байқап, осы қалай дегендерін бірден тап басып танып, тандап, өзіне икемдеп, тапсырмалар беріп тастайтын. Ғылымға бейімдеп, жүйелі түрде баули отырып, курстық, дипломдық жұмыс жасауға төселдіріп, кейін жоспарлы түрде магистратурада оқуға дейін жеткізіп, диссертация қорғатудың да майталманы.

Мамандық таңдауда да, жар таңдауда да Абат ешбір қателескен жоқ. Ойылда туып, Ойылда бірге өскен аяулы жары Несібелі – студент кезінен жанына жалау болып жүрген жайсаң жан. Әріптесіміздің ұл өсіріп, келін түсірген, қыз ұзатып, құда болған, немере сүйген отбасының отағалық рөлін нық ұстап, Несібелідей жарымен бақытты да баянды ғұмыр кешіп келе жатқандығының да куәсіміз. Қаншалықты жұмысбасты болып, басшылық қызметтерден мігір таппай жүрсе де, қызметін отбасынан жоғары қойған емес. Отбасы – Абат үшін №1 орында. Оны өзі айтпаса да, біз оны сеземіз. Балалары десе, ішкен асын жерге қоятын асыл әке, отбасы үшін жанын отқа да сала алатын азамат-әке! Құдай қосқан жары Несібелі бірер жыл науқастанып қалғанда, тәні сау болса да, жан жарасына мойымай, тағдыр тәлкегіне төтеп беріп, жұбайының жанынан табылды, жар құлағы жастыққа тимей, жетектеп жүріп, бармаған жері, баспаған тауы қалмады. Емдетті, үмітін үзбеді. Несібелінің айығып, қатарға кіруі Абат сынды адал жарының аялап күтуі, қас қабағына қарап дем беруі ақ тілегінің арқасы деп білеміз. Бүгінгі күні асқаралы алпысын тойлап отырған мерейтой иесіне деніне саулық, отбасылық бақыт, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шалқар шабыт, творчестволық табыс тілейміз.

#### **Әдебиеттер**

1. Нар қазақ. Профессор Мұхтар Арын туралы естеліктер. – Алматы: Арыс, 1996. – 272 б.
2. Пангереев А. Жер-су атауларының поэтикасы. – Ақтөбе, 1996. – 114 б.
3. Қазақ әдебиеті газеті. 2017, сәуір.

## **ҚАЗАҚ ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Рахимов Б.С.,  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды  
мемлекеттік университетінің профессоры  
Шахина С.Ж., доцент  
Қарағанды қ., Қазақстан**

Қазақ фольклорының жиналуы, жариялануы, зерттелуі жайының әр кез, әр шақта қалыптасуы жүргізіліп келгендігін «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты «Бабалар сөзі: Жүзтомдық» еңбектен де көруге болады. Рухани құндылықтарды жинау, жариялау мәселелері уақыт межесінде талапқа сай жүріп, арнайы жинақтар болып шығып жатыр екен [1]. Көптеген көл-көсір дүниелердің жарыққа шығуына тыйым салған Кеңес дәуірінің кедергілері еді. Бұған бәз біреулер қарсылық айтуы да мүмкін. Онда мыналарды еске салайық: тарихи өлең, тарихи жыр, өтірік өлең, аңыздар, мифтер, әпсана, хикаят, мысал, қаһармандық, ғашықтық, діни дастандар мен лирикалық фольклордың үлгілері толықтай жарық көрмегендігіне кінәні кімнен іздейміз. Бір көңілге медеу болатыны мамандардың дайындалып, ғалымдар ілегінің қалыптасқандығы еді. Қазақ фольклортану ғылымының өзінің пайда болып, дамуы да түрлі қиын сәттерді бастан өткерді. «Халық жауы», «ұлтшыл» деген нақақ жаладан жапа шеккен тарихи тұлғаларымыздың тағдырын көріп, үрейленіп қалған елдің ішінен рухани мұраны зерттейтін қайраткерлердің өзі де көп емес еді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ғана аздаған кеңшілік жасалып, артынан қайта әпербақандыққа басқан Кеңес дәуірінің саясаты ұлт мәселесін майшаммен шешіп отырды. Қазақ фольклортану ғылымында тектер мен түрлер толықтай тексеріліп, ғылыми тұрғыдан зерттеліп бітті дегенді ешкім айта алмайды. Соның бірі ретінде жалпы ұлттық фольклордың бір саласы ретінде топонимдік фольклорды атауға болады. Анығында топонимдік фольклор үлгілері жүйелі ғылыми тұрғыдан тұтастай түсіндірілмеді. Жиырмасыншы ғасырдың қыркыншы жылдарынан кейін айтқан М.Әуезовтің «Жағрафиялық атаулардан халықтардың, қалалардың, өзен, сулардың, таулардың тарихи жағрафия арқылы ашылатын деректерін табу керек. Жалпы жер-су атауларының (топонимиканың) және халықтар аттарының (этнонимика), рулар аттарының (этнонимика) – дәл, дұрыс, ғылымдық талдауы берілуі қажет» [2, 11] – деген пікіріне білек сыбана кірісіп, ғылыми терең тексерулер жүргізген ғалымдардың жолы болмады. Осы пікірге байланысты фольклортанушы ғалым Т.Қоңыратбай: «Өкінішке орай сонау қыркыншы жылдары-ақ ғылымның күн тәртібіне қойылған қомақты мәселе күні бүгінге дейін таным тасасында қалып, мүжілмеген қалпы ХХ ғасыр табалдырығын аттап тұр» [3, 190], – деуі орынды айтылған.

Бір анығы топонимдік фольклор жалпы ұлттық фольклордың бір саласы десек те, күні кешегі Кеңес дәуірі жер-су атаулары тарихына пысықып та қарамай, өгей атаулармен қазақ жеріне өз дегендерін жүргізе бастады. Соның салдарынан бүгінде бұзылған заңдылықты қайтадан толықтай тексеру арқылы өз ұлттық атауларымызды қайтарып жатырмыз. Осы тұрғыдан келгенде қазақтың топонимикалық аңыздарын жинау, жариялау, зерттеу мәселелері әр аймақта қолға алынып, ізгілікті істер жүріп жатыр. Еліміз егемендігін алып, құндылықтар туралы көптеген қазыналарымызды қайта қарағанда, ең алдымен

аталған тақырыптардың бірі – қазақ топонимдері болатын. Осы мәселені ұлттық фольклордың бір саласы ретінде қарап, зерделі зерттеулер жүргізу ісі Абат Шамұлы Пангереевтің үлесіне тиді. Өзіне дейін арнайы тақырып ретінде алынбаса да, тұтастай халық прозасы, халық поэзиясына қатысты көлемді монографияларында академик С.Қасқабасов [4], филология ғылымдарының докторлары А.Сейдімбек [5], эпостанушы ғалым Ш.Ыбыраев [6] пен Т.Қоңыратбай [7] еңбектерінде топонимиканың фольклордағы көрінісі сөз болған еді. Аталған ғалымдар тарапынан фольклордың белгілі бір түрі тұрғысынан топонимдік аңыздарды тексеріп, оны келешекте жер-су атауларының тарихын білуге аса қажеттілігі айтылды. Қазақтың дербес ел болу жолындағы өзгерістеріне бұл мәселе алдымен қажет, сондықтан кешіктірмей бұл тұрғыдан арнайы зерттеулердің керектігі ескертілді. Қазақтың топонимикалық мұраларын жарыққа шығару керектігіне мән берілді. Осы істе Абат Пангереев өз зерттеуін фольклор мен топонимиканың өзара байланысынан бастап, топонимдік фольклордың теориялық аспектілеріне дейін тереңдей тексере алды.

Жалпы сөз өнерінде кез келген тек пен түр кездейсоқ пайда болмайды. Мифтен бастап, ғажайып ертегілерге дейін өнердің өзіндік өлшемі бар. Топонимдік фольклордан да бұл көрінеді. Кеңістік бар жерде тіршілік бар. Сол тіршіліктегі ақыл-ой иесі адамзаттың кеңістікке қатысты қиялсыз, сезім мен ойсыз ғұмыры өтпегендігі жер-суларға қатысты атаулардан танылады. Топонимдердің табиғатын тану сөзсіз оның болмысынан мифтік сарындарды, эпсанат-хикаят, аңыз бен ақиқаттың сырына үңілуге жетелейтіні аян. Сөзсіз бұл тексеріс нәтижесі жанрды анықтауға, тек пен түрді ажыратуға ықпал етеді. Жанр – тарихи категория десек, екінші мәселе дәстүрге қатысты толықтай түсініктер қалыптастыру керек. Сөйтіп, зерттеуші өзінің ғылыми еңбегінде «топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» аталатын тарау енгізіп, топонимдік фольклор жанрларына «Топонимдік аңыз», «Топонимдік эпсана», «Топонимдік хикаят», «Топонимдік әңгіме» деп жіктейді [7, 12-22]. Бұлардың әрқайсына мысалдар келтіре отырып, өзінің түйінді тұжырымдарын жасаған. Осыншалық топонимдік фольклор жанрларының ауқымына қарай жүйелеу, талдаулар жүргізу де оңай іс емес. Бұл мәселеде топонимдік фольклордың қызметіне қатысты ерекшеліктер де қалыс қалмаған. Ең бір байыпты зерделеу топонимдік фольклордың айтушысы, орындаушысы туралы зерттеуші тамаша тұжырымға келген. Ол былай дейді: «Айта кететін тағы бір ерекшелік – топонимдік фольклор жанрларының орындалу қызметінің бірдей еместігі. Яғни, айтушы (орындаушы) адам бір жанрлық түрдің өзін де екі түрлі әдіспен пайдалана алады. Яғни, бірде оқиғаны өз атынан тарқатып айтса, бірде өзін ол оқиғаға қатыссыз қылып, екінші жақтан әңгімелейді» [7, 11], – деп жазады. Айтылу барысында өңделіп, көркемделу нәтижесінде жанрлық алмасулар да болып отыратыны да белгілі. Рухани құндылықтарымызды жеткізуші, ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдерінің өз ұстанымы, әдіс-тәсілдеріне қатысты академик С.Қасқабасов пікірлеріне орынды жүгінгенін байқадық [8, 33-34].

Бұдан әрі зерттеуші топонимдік фольклордың эпостық мұраларымыздағы кездесу себептерін, ондағы атқарып тұрған қызметтеріне қатысты зерттеулер жүргізген. Классикалық эпостарымыз болып табылатын «Қобыланды батыр» жыры, «Алпамыс батыр» жыры, «Қамбар батыр» жыры, «Ер Тарғын» жырларындағы жер-су атауларының эпостың поэтикасына әсеріне қатысты ғылыми мәнді және мағыналы пайымдаулар жасаған. Профессор Абат Шамұлының: «Топонимдердің жырда атқаратын қызметі – мекендік, ақпараттық қана емес, сонымен бірге эпоста баяндалатын оқиғаны одан әрі өрбітіп, шиеленістіре түсу үшін, ең алдымен композициялық желі, сосын барып идеялық мән туғызу үшін қажет. Егер эпостық жырларда топонимдік атаулар кездеспесе, онда ол жырдың әсері, оқиғаның болғандығы, болуы мүмкін екендігіне оқушыны сендіруі, жалпы сюжеттік байланысы ойдағыдай болмас еді. Кейіпкер де мекен тұрағы, жер суы белгісіз, аттанған жауы, шабар дұшпаны қай жерде екені, оған қай жолдармен, қандай жерлерден өтіп баратындығы беймағұлым болып сайын далада адасып жүргендей күйде болар еді. Сондықтан топонимдік атаулардың эпос поэтикасында алар орны бөлек» [7, 22-23], – деген пікірі қисынды айтылған. Эпостағы жер-су атауларының жырдың болмысын ашып, атамекенге, Отанға деген ұғымды танытудағы эстетикалық күш-қуаты осы тұжырымға сай келетіні шындық.

Жалпы батырлық жырлардағы жер-су атауларына қатысты уақыт пен кеңістік тұрғысында ғылыми пікір айтып, теориялық жағынан зерттеудің тың бастамаларын көрсеткен белгілі ғалым Ш.Ыбыраев болатын [10, 124]. Ал топонимдік фольклор аясынан қараған А.Пангереев сол айтылған мәселелерді ерекшеліктері отырып, батырлық жырлардағы тау-тас, өзен-су, сай-сала, орман-тоғай және т.б. топонимдік аңыздардың эпостағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, аңыздардың фольклорға тән бірнеше нұсқалары барлығына қатысты тиянақты тексерулер жүргізген. Жұмыста халқымыздың інжу-маржандары саналатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» және шығыс сюжетіне құрылған қазақтың ғашықтық жырлары «Жүсіп – Зылиха», «Ләйлі – Мәжнүн», «Тахир – Зухра», «Сейфүлмәлік» және тағы басқа да ғашықтық тақырыбындағы мұраларымыз талданған. Мұндағы жер-су атауларының кездесу себептерін ізденуші батырлық жырлармен салыстырып, олардың жырлану ерекшеліктерін түсіндірген. Сонымен қатар қазақтың ғашықтық жырларындағы кеңістік атауларына байланысты аңыз, эпсаналар талданса, шығыстан келген қисса-дастандардағы иранбақтар, әйгілі шаһарлар көбірек айтылатынын дәлелдеген. Олай болуына қатысты зерттеуші пікірлері дәлелді шыққанын аңғардық.

Ұлттық фольклортану ғылымының бір саласы – топонимдік фольклор екені аян. Ал бұл топонимдік фольклордың қалыптасу, даму заңдылықтарына байланысты ғылыми ізденіс басында тұрғандардың бірі – Абат Шамұлы Пангереев екендігі талассыз. Бұл мәселені ғылыми тұрғыдан тереңдей тексеріп, тарих таразысына салуда әлі де атқарылар ұланғайыр істер жеткілікті. Оған да ешкім таласа алмайды. Топонимикалық фольклорға қатысты құнды монографиялық еңбектер, оқулықтар мен



әдістемелік еңбектер бүгінгі таңда аса қажет екендігін уақыт дәлелдеп отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласы мен соның жалғасы ретіндегі «Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбектері де бұл істің қажет екендігін көрсетіп тұр [11]. Дархан даланың өткенін танып, бүгінгіне көз жүгіртуде де топонимдік фольклорды жаңаша зерделеулер қажет екені анық. Ұрпақ үшін ұлағат етерлік ерен істер болмақ. Біз бұл істің тәуелсіз ел атанғанымызда бастамашысы болып, елеулі ісімен танылған Абат Шамұлы Пангереевтің тарапынан тамаша жалғастығын табарына сенімдіміз. Солай және солай бола берсін дейік...

#### **Әдебиеттер**

1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. – 2014.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. 1т. – Алматы: Ғылым, 1998. – 439 б.
3. Қоңыратбай Т.Ә. Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. Монография. – Алматы: Ғылым, 2000. – 268 б.
4. Қасқабасов С. Елзерде. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
5. Сейдімбеков А. Күй шежіре. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.
6. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақ батырлық жырларының поэтикасы. Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
7. Пангереев А.Ш. «Қазақ топонимдік фольклоры» филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2010. – 44 б.
8. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 272 б.
9. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
10. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. 2018 ж. 21 қараша.

### **ИЗУЧЕНИЕ ТОПОНИМИЧЕСКОГО ФОЛЬКЛОРА КАЗАХСКОГО НАРОДА В НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ А.Ш.ПАНГЕРЕЕВА**

**Рысмаганбетова Г.Д.**

**кандидат филологических наук, доцент**

**Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова  
г. Актобе, Казахстан**

**Аннотация.** В статье рассматриваются основные проблемы изучения топонимического фольклора, изложенные в научных трудах А.Ш.Пангереева.

**Аңдатпа.** Мақалада А.Ш.Пангереевтің ғылыми еңбектерінде зерттелетін топонимдік фольклордың негізгі мәселелері қарастырылады.

**Annotation.** The article discusses the main problems of studying toponymic folklore, contained in scientific scientific works of A.Sh.Pangereev.

**Тірек сөздер:** топоним, фольклор, аңыз, мифология, халық ауыз әдебиеті.

**Ключевые слова:** топоним, фольклор, легенда, мифология, устная народная литература.

**Key words:** toponym, folklore, legend, mythology, oral folk literature.

Казахская фольклористика в наши дни достигла значительных успехов в деле сбора, изучения и публикации образов устного народного творчества. Вместе с тем, несмотря на большой объем работы, проделанной отечественными учеными, по мнению С.А. Каскабасова, «имеется ряд малоизученных вопросов как общеметодологического характера, так и относящихся к конкретным жанрам, которые необходимо исследовать и сделать достоянием филологической научной мысли» [1, 205] Перед фольклористами Казахстана стоят новые задачи и требующие своего решения проблемы, связанные с изучением казахского фольклора в контексте мировой литературы и культуры. В числе таких задач, поставленных перед фольклористикой, ученый называл необходимость выработки научных принципов жанровой классификации казахской устной прозы, установление как общих, так и особенных признаков каждого жанра, выяснение путей эволюции, трансформации и синтеза сказочных жанров [там же, 206].

Такой малоизученной проблеме выявления связи фольклора, в частности, жанров казахской сказочной прозы, с топонимикой посвящает свои исследования А.Ш.Пангереев. Топонимика, как раздел ономастики, изучающий географические названия, их происхождение, смысловое значение, развитие, современное состояние, написание и произношение, является интегральной научной дисциплиной, которая находится на стыке наук и широко используется в различных областях знаний. Вместе с тем, следует отметить, что казахский топонимический фольклор ранее не был объектом специального изучения и впервые был рассмотрен в монографическом исследовании А.Ш.Пангереева [2]. Как полагает ученый, топонимические названия часто встречаются в фольклорных произведениях, и поэтому вопросы их влияния на сюжет, особенности их функционирования в фольклорном тексте, их отношение к фольклорным героям привлекают внимание исследователей и требуют специального изучения. Важно то, что наименования природных объектов (рек, озер, гор, земель), встречающиеся в образцах фольклора и сами являющиеся продуктом народного творчества, стали основой для создания и формирования жанров топонимического фольклора.

Хотя фольклор и топонимика в теоретическом плане являются разными направлениями науки, тем не менее, они имеют равноценно важное значение для практического изучения этнокультуры нашего народа. Во многих фольклорных сюжетах упоминаются географические названия, и даже если эти произведения имеют иное, не связанное с ними содержание, многие вопросы, связанные с сюжетом (место событий, время, регион),

могут быть выявлены с помощью этих топонимов. Как считает А.Ш.Пангереев, если исключить из фольклорных сюжетов географические названия, или не придавать им значения, описываемые в этих сюжетах исторические события станут абстрактными, их фактическое содержание оказалось бы неполным. А также не могли бы выявиться народное миропонимание и эстетические идеалы, с давних времен находившие отражение в фольклорных текстах. Потому что одна из главных особенностей казахского фольклора – опора на народное миропонимание, средством передачи которого являются топонимы.

Связь фольклора и топонимики, которую можно увидеть при изучении образцов отдельных фольклорных жанров, – общее явление для казахского и ряда тюркских народов, который вели кочевой образ жизни на огромных степных просторах. Поэтому нет необходимости искать сходные образцы и модели в фольклоре других народов, потому что их там нет. Это особенность казахского фольклора, связанная с его образом жизни. Тесная взаимосвязь фольклора и топонимики – это явление, родившееся из казахской народной культуры, кочевого образа жизни, поэтического сознания, эстетических идеалов и национальных особенностей в целом, считает ученый.

Отношение казахского народа к окружающей среде, его эстетические взгляды, миропонимание, национальное бытие проявились в названиях, данных им географическим объектам на родной земле. Наши современные понятия – родина, земля отцов, родная земля, место рождения – ведут начало от древнетюркского понятия «жер-су», то есть «земля-вода». Первоначальные представления человечества об окружающих его объектах природы, то есть представления о земле-воде, рассматриваются современной наукой как мифы. В философском значении миф – это миропонимание. Но здесь нельзя разграничивать понятия мир (природа) и родная земля, в большинстве случаев эти понятия имеют одно значение.

Как отмечает С.Каскабасов: «С точки зрения казахского фольклора мифы – это прозаические произведения, по своим типологическим характеристикам находящиеся в одном ряду с мировой мифологией, объясняющие явления и объекты бытия, природы, повествующие о сотворении неба, земли и первых людей, о происхождении животных и птиц, их повадках и особенностях» [3, 64-65]. То есть, для фольклористов мифология – особый жанр устной литературы в прозаической форме, объясняющий объекты и явления природы, человеческой жизни в религиозном и иррациональном значении. Это значит, что в основе фольклора лежит миф. Поэтому в произведениях фольклора о «земле-воде» присутствуют все вышеназванные особенности. Неразрывное единство фольклора и мифологии заключается не только в их генетической связи, но и в изображении жизнедеятельности человека в рамках его бытия, времени и пространства.

Мифы сохранились в народной памяти не потому только, что являются особым, выдающимся явлением, но и потому, что отразили многочисленные народные верования и представления о мире. Знаки мифа, проявляясь в фольклоре и его персонажах чудесного происхождения, совершающих необыкновенные действия, конкретизируют и материализуют их, подчиняют своим целям, символически воплотившись в названиях-топонимах. По мере отдаления определенного явления от мифа, его прежнее изначальное значение блекнет, стирается, а его первоначальное значение сохраняется только в фольклорных текстах и приобретает символический облик. Таким образом, топонимические названия в фольклорных текстах приобретают символические значения, становятся основой для достоверного, правдивого изображения явлений и событий, происходивших в стародавние времена.

В целом разграничение жанров напрямую связано с их сюжетами. Выявление жанровых разновидностей топонимического фольклора тесно связано с функциями этих сюжетов, считает А.Ш.Пангереев. В своих исследованиях он предлагает свою классификацию жанров топонимического фольклора. Так, топонимические сюжеты фольклорных произведений по своему содержанию, особенностям повествования делятся на несколько видов. Если сюжет, связанный с географическими названиями, основан на исторических или полуисторических событиях – это топонимическое предание (аңыз); если в нем объясняются причины, по которым названо определенное географическое место, в нем участвуют мифологические персонажи и оно основано на религии – это топонимический хикаят; если повествование о давних событиях, связанных с каким-либо местом, содержит много вымысла и носит чудесный, фантастический характер, его можно назвать топонимической легендой. В своих трудах ученый подробно останавливается на классификации этих жанров, здесь же указаны лишь самые общие черты, позволяющие отнести их к жанрам топонимического фольклора.

Топонимические названия являются плодами народного творчества, связаны с укладом жизни народа и находят широкое отражение в составе его фольклора. Они имеют не только познавательную и эстетическую ценность, но и свой поэтический облик. В жизни народа, который вел кочевой образ жизни, зимой и летом кочевал на огромных территориях великой степи, названия географических мест занимали очень важное место. Поскольку основным средством существования народа был скот, наши предки всегда были в поисках сочных пастбищ, поэтому находились в тесной связи с природой, считали ее кормилицей и, постоянно кочуя, давали название каждой местности, где ступала их нога, в соответствии с особенностями ее рельефа. Наши предки, являясь автохтонным народом, давали собственное название каждой горе и камню, ложбине и рукаву реки, оврагу и ущелью. То есть, каждое место, где люди и скот останавливались, имело свое название. И каждое такое название имеет свою тайну, почему именно так его назвали.

Связь топонимики и фольклора бесспорна, однако в качестве источника самостоятельных фольклорных жанров наукой прежде она не рассматривалась. Топонимический фольклор, предложенный А.Ш. Пангереевым, в качестве самостоятельного жанра, отвечает всем требованиям, необходимым для признания его жанром. Сюда можно отнести и то, что он является продуктом народного творчества, и его социально-бытовые

функции, и наличие нескольких вариантов, связанных с топонимами, и устный характер распространения. Это те особенности, которые связывают его с фольклором, а с топонимикой его связывают расположенность в пространстве, адресные и информативные функции. Топонимика и фольклор, взаимно развивая, дополняя друг друга, увлекая слушателей, вдохновляя исполнителей, тем самым давая импульс расширению народного творчества, послужили источником, первопричиной для создания и формирования жанров топонимического фольклора.

В своих работах А.Ш.Пангереев утверждает тесную взаимосвязь фольклора и топонимики. Общей основой, объединяющей их, являются фольклорные сюжеты. Ученый определил предпосылки формирования самостоятельных жанров топонимического фольклора, выделил и систематизировал его жанровые разновидности, функции и особенности их исполнения, тем самым внося значительный вклад в теорию жанров казахского фольклора.

#### **Литературы**

1. Каскабасов С.А. Казахская сказочная проза. – Алматы, 1990.
2. Пангереев А.Ш. Жер-су атаулары және ұлттық руханият. Ақтөбе, 2018. – 314 б.
3. Қаскабасов С. Елзерде. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.

## **МИФОПОЭТИЧЕСКИЕ И МИФОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ БАШКИРСКИХ СВАДЕБНЫХ БЛАГОЖЕЛАНИЙ**

**Султангареева Р.А.**

**доктор филологических наук, профессор  
Институт истории, языка и литературы**

**Уфимского научного центра Российской академии наук, г. Уфа**

**Аннотация.** В статье освещаются идейно-функциональные особенности башкирских свадебных благопожеланий и образов, художественных мотиваций, истоками связанных с магией доброго слова. Прослеживается специфика вербализации философских понятий, бытовых картин, также духовно-нравственных традиций. Раскрыта семантика древних обрядов, запретов, в течение времени трансформированных в нормы этикета, правил поведения женщины (невестки).

**Ключевые слова:** обряд, свадебный, благопожелания, миф, трансформация, магия слова, повторы, этикет, традиции.

Благопожелания (у башкир «теләк», «батаһуз», «алғыш») – основной жанр обрядового фольклора переходного значения. Слова пожеланий произносятся как в решающие, поворотные периоды жизни, выступая как маркеры-гаранты счастливого будущего, также акцентируют важность бытовых событий: их произносят перед трапезой и после нее, во время праздничных торжеств и для примирения супругов, благословляя на учебу детей и т.д. Во всех случаях теляк-благопожелания усиливают возблагодарения. Всевышнего за его дары, активируют эффекты позитивного и оптимистического. Доминантные мотивы добродетели, основанные на магии положительного Слова, обусловили особую ценность, важность их роли в бытовой жизни, духовной культуре народов и обязательность отправления на обрядовом уровне. Эмоционально-экспрессивный строй, стиль и поэтические формы благопожеланий граничат с заговорами, заклинаниями, т.к. идейные истоки связаны с верой в магию слова и воздействия на волю объекта. Благожелательное слово кодирует желаемое, отгоняет зло, преграждает путь беды, т.е. оно сродни с самым архаичным способом гармонизации событий – жертвоприношением. На этом фоне свадебные благопожелания – самые популярные и обнаруживающие особую устойчивость в памяти народа культурные тексты.

Традиционные формулы «будь!», «пусть будет!», опорно действующие в текстах, являют собой словесные, стилиобразующие средства, собирающие основной замысел в идейно-функциональное целое. Они свойственны и заклинаниям, и свадебным благопожеланиям:

Тәүфиклы бул,	Благочестивой будь!
Бәхетле бул,	Счастливой будь,
Минен кеүек тирак бул!	Как я, опрятной, чистой будь
Минен кеүек сирак бул!	Как я, крученой будь!

(Записано в 2002 г. от Кадыргуловой У. в г. Сибее РБ).

Метафора «сирак бул!» («крученой будь») означает крепость, устойчивость, подразумевая не только крученую, нервущуюся веревку, но и неподдающуюся никаким испытаниям силу характера. Тексты примечательны поэтизацией знакомых и близких новобрачной бытовых картин жизни. На этой основе достигается несколько целей: 1) обеспечивается наибольший эффект влияния положительной символики Слова; 2) облегчается психо-эмоциональное состояние уходящей из дома отца невесты. 3) закладываются основы благополучной будущности. В силу особой концентрации в них жизнетворного кода тексты назиданий, нравоучений являют обязательный комплекс в посвяжительных эпизодах (опоясывания, ряжения, проводы жениха к невесте, первая брачная ночь, проводы невесты в дом мужа). В эпизодах посвящений пожелания соединяются с значением и содержанием предмета, придавая им нужный замысел. Известно, что ранее пояс (билбау) связывали с достоинством, честью, силой духа и воли. Отсюда опоясывание означало, видимо, и сохранение женской чести. У русских распоясать человека означало обесчестить его [Лебедева, 1989, с. 231]. В

башкирском эпосе «Урал-батыр» один из сыновей героя изъявляет готовность служить делам отца, говоря, что пришел к нему с клятвой во имя сохранения дружбы и чести, «опоясав себя пятью слоями пояса».

Произнесение благопожеланий обозначает границу между прошлым и будущим невесты, отсюда в текстах соединяются мотивы и клятвоприношений, и вечного прощания «Мужа честь береги, род не срами! Куда уходишь замуж-там и останься!». Опоясывание невесты в ее доме перед проводами с последующим развязыванием пояса в «чужом» пространстве (в доме жениха) проявляет семантические параллели с погребальным саваном – опоясыванием (дома) и снятием с покойника савана-билбау после опущения его в могилу. В обоих случаях акцентируется идея нового «оживления» для «жизни» на другой стороне. Ряжения, облачения в новые одежды – это обязательные атрибуты переходных обрядов, а благопожелания вербализируют эти моменты.

Основанное на магии доброго, положительного слова благопожелание – один из главных жанров тюркского народного творчества, «существует у киргизов, карачаевцев, татар, уйгуров, алтайцев, азербайджан и называется «алгыш» [Ухатов, 1981, с. 3], идентифицируется как термин с жанром благопожеланий (аналогичны «бата соз» (у казахов), «телэк» у башкир) Культ доброго слова у алтайцев до сих пор устойчиво соблюдается, потому на свадьбе «каждый из присутствующих произносил по одному алкышу» [Тадина, 1995, с. 129]. В цикле брачных празднеств алгыш являет основу вербальной магии в силу активации доброго, продуцирующего начал, потому действует как способ достижения цели перед переходом в другой статус. Благопожелания (поэтические) – это установленные на магии доброго слова темпоритмически четко выстроенные обрядовые тексты, в которых поэтико-художественно обобщаются идеалы народа о добром и желаемое кодируется как действительное. Слова благопожелания произносили во всех обрядах посвящений, имянаречений, проводов в путь, в армию и т.д., что обусловило их устойчивость в фольклорной памяти народа. Культ благопожеланий по сей день обнаруживает свои традиции в обязательных напутствиях, пожеланиях, произносимых в решающие моменты жизни.

В обрядах, проводимых только женщинами, маркируется культовая семантика материнства. Так, на второй день свадьбы в доме жениха проводят обряды «бит асыу» (открывание лица) или «килен һөйөү» (доел: ласкание невестки), во время которых свекровь угощает невестку медовухой и произносит алгыш. Привлекаемые для слов пожеланий образы (перепелка, масло, текучая река,) связаны с продуцирующей магией и идеей духовной чистоты, плодородия:

Түлле, түлле, түлле бул,	Будь плодovитой, детородной,
Бүзэнә кеүек түлле бул,	Как перепелка, плодovитой,
Тулгатканың ул булһын,	Схватки на рождение сына будут пусть,
Тумырғаның май булһын!	То, что берешь, пусть масло будет!
Ағын һыузан ак бул!	Будь чище воды текучей!

Открывание лица (бит асыу) и развязывание пояса (бил сисеу) невесты – обряды, символизирующие начало жизни на стороне мужа. В первый или во второй день после приезда в дом мужа проводился обряд развязывания пояса невестки. Развязавшая пояс золовка становилась невестке подругой (серзэш) (Оренбургская обл.); невестка дарила золовке пояс, получив клятву дружбы (Мелеузовский район РБ), хранила ее дары в сундуке как память и оберег (Хайбуллинский, Абзелиловский районыРБ) [Бикбулатов, Фатыхова, 1991, с. 76–77]. У башкир Челябинской области, в Учалинском, Абзелиловском районах бытует обряд курнис – күренес (досл «появление на людях»), посвященный возвращению пояса невестки и одариванию ее. Сестра мужа, снявшая пояс, становится «каныш» – советчицей, подругой невестки. Снятие с себя и передача компонента одежды проводит идеи магии общения-приобщения. Слово, произносимое в этих эпизодах, несет функции санкций принятия нового члена рода, который должен чтить законы рода («Дорожи честью рода. Прошлую жизнь забудь!»).

Открывание лица невесты – функционально, идейно-тематически сходное обрядовое действие для всех свадеб тюркоязычных народов. Узбекский обряд «юз очди» до сих пор активно бытует на современных свадьбах [Тулцева, 1984, с. 21]. Снятием покрывала и пояса обозначается граница приобщения женщины к чужому роду для его продолжения. В генетических истоках покрывало соотносится с маской как с «изображением мертвого», «предка», «смерти» [Еремина, 1987, с. 24-25]. Отсюда закрывание лица в своем доме и обрядовое открывание в чужом пространстве акцентирует идею «оживления» невесты для другого рода. В пожеланиях, произносимых в момент развязывания пояса, отличительны аллегорические формулы чадородности: «Алғы итәгенде бала баһын, Арткы итәгенде мал баһын!» («Чтобы передний подол был полон детьми, а задний подол полон скота»). Метафоры «переднего и заднего подолов» вбирают понятия пространства и окружения невестки, которые должны быть заполнены и детьми, и скотом, и добром. Идея плодородия традиционно акцентируется во взаимосвязи: человек – домашнее животное. В своей фразеологической точности этот мотив наличествует и в алтайском фольклоре:

Алдын эдегине бала бассын,  
Кийин эдегине мал бассын!  
Пусть на передний подол  
Дети наступают!

Обряд снятия покрывала «бөркәнсек» с лица новобрачной совершал родной браг невесты (дядя жениха или свекор), называя невестке подарок из живности. У азербайджанцев проводят «сбрасывание вуали» по прибытии невестки в дом мужа. Обряд снятия вуали «с тонкой скалкой в руке и развешивание ее на ветке

плодоносного дерева» [Абдуллаев, 1990 с. 149] обнаруживает интересную аналогию с башкирским обрядом снятия кнутом покрывала и возложения его на корову или овечку. В обоих случаях прослеживается идея ответственности, приносимой в жертву во имя плодородия рода, будущего материнского счастья. Продуцирующая магия маркируется в функциональном использовании дерева (у азербайджан), коровы, овечки (у башкир). У балкаро-карачаевцев совершивший снятие покрывала становится родственником новобрачных – аталыком [Малкондуев, 1985, с. 111]. «Ата» – отец. Это значит, что открывший, т.е. «принявший» в этот род нового члена, становится кровно близким невесте, как и у башкир, человеком. Он действует как покровитель, доносящий духовный отец чужеродки. Словоформы «ата-анда-анта» («отец» – «там» – «на той стороне») транслируют образы потустороннего мира. Отсюда слово с лексемой «ата» (атай – отец) в контексте «предок» вбирает понятие благословения предков. Иногда этот обряд открытия лица совершала свекровь и называла подарок невестке.

Структурное построение пожеланий традиционно имеет цикличную форму: имеется зачин, обозначающий цель обряда: «Битең асам, бисмилла!» («Открываю лицо с благословением»); основная часть, в которой повествуется о необходимых нормах и правилах поведения невестки; концовка, содержащая благословения и утверждения перехода в новый статус.

Бойорок мән килең был йортка, С благословением иди в этот дом,  
Өйзәге уйындан кайт, килең. Забудь о доме родном, сноха.

Доминанта вербальной магии традиционно обеспечивается повелительной формулой «булһын» (пусть будет).

Яркой образностью отличаются ориентиры женской красоты и жизнестойкости. Для передачи облика невестки поэтизируются положительные качества птиц, животных, растений. Традиционный этот прием художественного изображения человека отличает каноничность фраз;

Карлуғастан матур бул,  
Ыласын коштан өлгөр бул,  
Алабайзан ялбыр бул!  
Красивее ласточки будь,  
Быстрее сокола ты будь,  
Ловчее собаки ты будь!

Мотивы волевого воздействия, повелительности, повторы опорно-смысловых слов дают сходства алгыш с заклинаниями. Заклинательного стиля благопожелания представляют собой замечательные образцы фольклорной дидактики. Назидательное слово в них эффективно, действенно тем, что изображает реальные, знакомые невестке картины быта, указывает на правила поведения в хозяйстве. В стиле перечисления бытовых жизненных явлений, норм запретов, предписаний и событий с положительной символикой воссоздается идеальный облик новой хозяйки и ее место в гармоничной картине мира. В текстах даются лаконичные кодексы чести и морали башкирки-хозяйки:

Казаныңды таштырма,  
Кеше һүзен бастырма,  
Салғы-итәгең йыя алмай,  
В котле суп не убежит пусть,  
Слово люда не прерывай .  
Подолами небрежно тряся ,  
Еңең ут каптырма.  
Кураң тулы мал булһын,  
Умартаң тулы бал булһын,  
Төбөрләтеп һыйыр һауһаң-  
Күнәгең һөткә тулһын.  
Өйөр-өйөр малдарың,  
Ялан-типһән тултырһын.  
Ырыу-ырыу балаларың  
Ауыл-ауыл ултырһын!  
Рукава огнем не подпали.  
Двор живностью полным будет ,  
Улы медом полны пусть будут  
Коль доить корову станешь-  
Ведерко полным будет пусть,  
Стада большие будут пусть  
И поля заполнят пусть.  
Детей будет так много,  
Что деревнями, родами живут пусть

Многогранность жизни воссоздается последовательным описанием, перечислением эпизодов с положительной смысловой символикой. Пожелания закрепляются преподнесением даров невесте – это шаршау (занавесь), также серебряные монеты, каури (кортбаш), считающиеся могучими оберегам

(Султангареева, 2015. с. 177). Нравоучения получают эффективное звучание в силу того, что фольклоризуются знакомые и видимые всем хозяйственно-бытовые реалии.

Особенность поэтики благопожеланий заключается в понятийности образов, высказываний. Преподнесение опыта, мудрости предков в поэтическом стиле имеет сильный посыл эмоци-онально-психологического воздействия в силу того, что за бытовой зарисовкой лежит глубоко философский подтекст. Древние знания, народные верования и опыт жизни облекаются в понятийные образы («в котле суп пусть не убежит» имеет подтекст «будь осмотрительной и опрятной» и т.д.). Даже в стиле прямолинейных указаний содержится иносказательная понятийность («коль доить корову станешь – ведро полное будет пусть!», т.е. «пусть корова всегда будет молочной»). Все формы пожеланий имеют положительный посыл на изобилие, плодородие.

В свадебных благопожеланиях поэтизирован своеобразный свод традиций, этикета и древнего быта башкир. По этой причине в жанре устойчиво сохранились этнографические свидетельства о жизни народа, в первую очередь, женщины. В текстах воссоздается и поэтизируется облик невесты, умеющей вести хозяйство, почитающей старших; опеваётся благочестивая женщина, которая в отсутствие мужа обязательно на ночь позовет в гости подружку: «Ирең өйзә юғында кыззар алып ятыр бул!», а также знающая свой статус и место хозяйки, которая при присутствии старших не позволит себе выйти в почетную половину дома: «Инәйем өйзә юк икән тип, Түргә сыкма, киленсәк» и т.д. Фольклорный образ всегда соответствует своему времени, пространству. Потому текст благопожеланий представляет объективный свод сведений об образе жизни, облике женщины старинного общества башкир. Образы обобщенного Зла даются как предостережения невесты от бед, напастей, призывая быть волевой и стойкой в жизни: «Кабағандан каптырма, тибәгәндөн типтермә» («Кусачему не дай себя кусать, лягающему не дай себя лягать!»). Исследователь не совсем верно, на наш взгляд, замечает в этих формулах отголоски магических ритуалов умилостивления «хозяев» чужого рода [Кирәй Мәргән, 1978, с. 55]. «Кусающий» и «лягающий» – обобщенные образы вредоносных или противостоящих сил, от которых должна оберегаться невеста. Отсюда текст – как заговор-оберег, действует как отвращение злых сил, нежели умилостивление.

Благопожелания остаются традиционными жанрами и в современных свадьбах. Изменены лишь стиль, образы и мотивы пожеланий, свойственные сознанию современного человека. Зачастую действуют прямые, неиносказательные обращения, переложения традиционных знаний в стихотворные формы: «Ак юл һезгә булһын!» (Белых дорог вам!), «Озон ғүмер бирһен!» (Долгой жизни вам), «Хәйерле көндөр һезгә» (Хороших дней вам!). В таковых пожеланиях нет фольклорной понятийности, иносказательности, а зачастую наличествует литературность. Отсюда справедливо мнение о том, что «каково историческое пространство, таков и фольклор» [Каргин, 1997, с. 25].

Формула «пусть будет» как реди́ф во всех благопожеланиях играет роль «доминанты вербальной магии» [Малкондурев, 1985, с. 111]. Эти слова – показатели традиционного поэтического приема в тюркском народном стихе [Словарь, 1974, с. 319]. Повторы обеспечивают крепость слова, усиливают веру в исполнение целей; они – так же как «прием организации фольклорного текста, как принцип мифопоэтического мышления» [Невская, 1993, с. 53]. Слова с «будь», «пусть будет», повторы смысловых фраз организуют поэтическую стилистику, композицию народного стиха. Формульность характеризует вообще природу поэзии обрядового фольклора, она позволяет емкость эмоций, мыслей и информации при кратких лаконичных изложениях идей. В таковой специфике народного творчества обнаруживаются особенности «мышления устного поэта» [Абылкасимов, 1980, с.63].

Фольклорная образность зачастую заключается в иносказательной, ассоциативной передаче мысли через явления жизни. В текстах нет формул «невестка, ты должна быть ловкой», «невестка, ты не должна быть ленивой». В пожеланиях «чтобы котел не убежал», «чтобы рукава огонь не запалил» обобщены идеи о ловкой, сноровистой невестке. Действует тонкое краснословие, которое имеет присущую народной поэзии функцию фольклорной эстетизации быта. Поэтизируется не столько речь, язык, а сколько мысль, идея. Поэтизируются уроки жизни и манеры правильного обращения со старшими, с мужем.

Кәйнәң менән татыу бул,	Со свекровью в дружбе будь,
Кейәүең менән куштан бул,	С мужем ласковой будь,
Дошманыңдан һак бул!	Врага остерегайся!

[БХИ, 1995, с. 472].

Выразительны метафоричные формулы терпимости, сдержанности женского нрава. Характер, мир страданий и чувств невесты локализуются за ее одеждой как за своеобразной ширмой. Даются жесткие правила терпимости и самообладания невесты, которой запрещается выносить «сор из избы»

Башың ярылһа – яулык әсендә,	Если голова разбилась – это под платком,
Кабырғаң һынһа – еләң әсендә,	Если ребро сломалось – это под зияном,
Кулың һынһа – ең әсендә.	Если рука сломалась – это в рукавах.

[Там же, с. 472].

В других текстах воссоздается образ смелой, сильной, достойной женщины:

Сәсәндәрзән алдырма,	От сәсэнов ты не отставай,
Үз әшендә калдырма!	Свое дело не оставляй!

[Там же, с. 472].

Материнская родная сторона обобщается в понятии «у матери», а чужая, мужняя сторона называется «у свекрови». Переход этот фиксируется назиданиями:

Килен, килен, киленсәк,	Сноха, сноха, сношенька,
Әсәндә һин колонсак	У матери – жеребеночек,
Кәйнәндә һин уйынсак!	У свекрови – игрушкой будешь!

[БХИ, 1995, с. 477].

«Игрушка» – иносказательный образ «трудяги», покладистой, всем услужливой невестки, а также имеются другие ориентиры. Сравнение невесты с крылатым конем – тулпаром – предзнаменует раскрытие потенциалов, новых возможностей молодой в доме свекрови. Культивируется не покорность, а достоинство. Представления о долгой и счастливой жизни передаются лаконичным упоминанием о деревне и жизни в ней будущих детей невестки.

Толпар аттай юшаған	Как у крылатого тулпара,
Канаттарың йәйелһен.	Пусть раскроются крылья твои.
Ауылыңдың эсендә	В деревне этой вместе
Ырыуың бергә булһын!	Пусть род твой живет.

[БХИ, 1995, с. 480].

В причитаниях, песнях, а также в благопожеланиях невесте устойчиво удерживается акцент о статусе достойной женщины, ставящей ценность рода мужа превыше всего. Невеста становится «Кеше кешеһе» (досл.: человек, принадлежащий человеку) и тем ответственнее ее поведение в чужом роду.

Примечательна в благопожеланиях фраза «ырыу йөзөгө бул» (будь кольцом рода). В традиционной формуле поэтизирован миф и кольцо Сулеймана с.г.с., благодаря которому пророк мог стать и неуловимым, и всесильным и добивающимся добродетели. Таким образом, для понимания и оценки образности, художественности фольклорного текста необходима реконструкция семантики древних верований, а также знаний о быте, правилах жизневедения. Благопожелания являют собой архетипический фонд идеалов женщины, невестки, обязанной чтить родовые традиции, этикет и честь. Фольклорное творчество представляется не только как хранитель специфики этнической мысли, образного языка, но и социальных норм, материальной культуры, исторических реалий.

#### Литературы

1. Абдуллаев Б.А. Азербайджанский обрядовый фольклор и его поэтика. – Баку: Элм, 1990, 294 с.
2. Абылкасимов Б.Ш. Некоторые наблюдения над эпитетами жанра толгау // Изв.АН КазССР, Сер. филол., 1980, №3, с. 59-67.
3. Башкорт халык ижады. Йола фольклоры.Төз., башһүз, коммент. ав-ры Ә.М.Сөләймәнов, Р.Ә.Солтангәрәева. – Өфө: «Китап»,1995, 556 б.
4. Бикбулатов Н.В., Фатыхова Ф.Ф. Семейный быт башкир XIX-XX вв. М., 1991,188 с.
5. Еремина В.И. К вопросу об исторической общности представлений свадебной и погребальной обрядности (невеста в «черном») // Русский фольклор. Л.,1987, с. 21-32.
6. Каргин А.С. О фольклоре и фольклористике // Живая старина, 1997. №4 с. 24-26.
7. Кирәй Мәргән, Мәнгелек шишмә. – Өфө, 1978, 189 б.
8. Лебедева А.А. Значение пояса и полотенца в русских семейно-бытовых обычаях и обрядах XIX-XX вв. // Русские: семейный и общественный быт. М.,1989, с 229-245.
9. Малкондуев Х.Х. Балкары и карачаевцы // Семейно-обрядовая поэзия народов Северного Кавказа . – Махачкала, 1985, с. 96-120.
10. Невская Л.Г. Повтор как особенность поэтики ритуального текста. // История культуры и поэтика. – М., 1993, с. 53-61.
11. Словарь литературоведческих терминов. – М., 1974.
12. Султангареева Р.А. Йола-система и нормы жизневедения башкир. – Уфа: Гилем, 2015, 215 с.
13. Тадина Н.А. Алтайская свадебная обрядность XIX-XX вв. –Горно-Алтайск,1995, 207 с.
14. Тульцева Л.А. О некоторых социально-этнических аспектах развития обрядово-праздничной культуры в Узбекистане. //Советская этнография 1984, №5, с.15-24.
15. Уахатов Б. Казактын турмыс салт жырлары. – // Казак фольклорынын типологиясы. – Алматы, 1981.

## МИФ ЖӘНЕ ФАНТАСТИКА

Тілеуова А.З.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

«Миф» деген грек сөзінің өзі – болжау, аңыз деген мағынаны білдіреді. Мифтерде көбінесе құдайлар, эруактар, құдайға айналған немесе құдаймен байланысы бар батырлар туралы, әлемді, оның табиғи және мәдени элементтерін құрастыруға қатысқан алғашқы адамдар туралы оқиғалар сипатталады. Мифологияны құдайлар, батырлар жайлы оқиғалардың жиынтығы, әлем туралы фантастикалық қиялдардың жүйесі деуге де болады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде миф әлемді танып-түсінудің басты құралы болған, демек ол өзінің пайда болуы тұсындағы әлемді қабылдау, өмірді түсіну тенденцияларын да көрсетеді. Адамның мифтік санасында табиғатты, оның құбылыстарын адамға айналдыру байқалады. Олар табиғат объектілеріне жан

бітіріп, саналы етіп, адам бойындағы сезімдерді т.б. қасиеттерді оларға дарытады, ал ата-баба рухын, керісінше, көбінесе аң-құстар бейнесіндегі символдарға айналдырып отырған. Жанды, нақты кейіпкерлер бойына космостық деңгейдегі тылсым күштердің берілуі мифологиялық фантастиканы туындатады. Кез-келген мифтік сюжетте фантастикалық элементтің болуы тегін емес, өйткені қазіргі дәуірде қарқынды дамып келе жатқан фантастиканың архетипі мифтерде екендігіне дәлелдемелер өте көп. Мифтерде әлемді, табиғатты, жеті қат жер астын, алты қат аспанды білуге деген құлшыныс арада мыңдаған жылдар бойғы тарихи кезеңдерді артқа тастап, біздің дәуірдегі ғарышты, аспан әлемін, жұлдыздарды ғылыми тұрғыда игеруге ұмтылдыртып отыр. Кешегі мифтік санадағы қол жетпес қияли элементтер бүгінде нақты ғылыми жетістікке айналып, күнделікті тұрмысқа белсенді еніп те жатыр.

А.Байтұрсыновтың «Адам анайы шағында(ежелгі дәуірде)... ақыл жағы күшеймей, қиял жағы күшейіп, анайы заманның адамының ақылы нашар, қиялы күшті болған. Адамның анайы шағындағы шығармалары орасан қияли, орасан керемет көп, расы аз түрде болған» – [1, 148] деген пікірі қиялдау арқылы жаңалықтарға ұмтылу б.з.д. ғасырларда-ақ пайда болып, сол кездегі мифтер мен аңыздардағы қиял қазіргі заманның шындығына айналып отырғандығын аңғартса керек. Мәселен, антикалық дәуірлерден бастап адамдардың күнделікті тіршілік үшін аспан әлемін зерттей бастауы астрономия ғылымының қалыптасып, дамуына түрткі болды. Адамдар ежелгі кезеңдерде-ақ мифтік сюжеттер мен аңыз-эпсаналарында, ертегілерде, одан кейін фантастикалық шығармаларында аспан әлемін игеру, ондағы планеталарға сапар шегу армандарын бейнелеп отырған. Қазақ ертегілеріндегі кейіпкерлер алып самұрық құсқа, қанатты арғымақ аттарға мініп ұшса, орыс ертегілеріндегі мыстан кемпірдің сыпырғышпен ұшуы аспан әлемін бағындырудағы әр халықтың өзіне тән дүниетанымын айқындайды. Көшпелі ғұмыр кешіп, табиғатпен үйлесімділікте өмір сүрген қазақтардың ұшу құралы ретінде ғажайып құсты немесе қанатты атты таңдауы адам мен табиғатты ажыратпайтын, оларды біртұтас ұғым деп қарастыратын танымын білдіреді, ал отырықшы ғұмыр кешкен орыс елі үшін күнделікті тұрмыс құралы – сыпырғыш етене жақын зат. Жалпы мифтердің өзі белгілі бір ұлтты жан-жағынан танып білуге мүмкіндік беретін құрал болып та табылады.

Айзек Азимов: «Кез-келген мифтегі Құдай араласатын жерлерді ғылыми болжаммен алмастырып, фантастикалық әңгімеге айналдыруға болады» [2, 12] – деп жазады. Кезінде миф, аңыз, ертегіде суреттелген идеялар, ғаламат қияли образдар, фантастикалық көріністер бүгінде ғылым мен техниканың нақты жетістіктері арқылы шындыққа айналып жатыр. Олай болса, біздің заманымыздағы кез-келген ғылыми-техникалық жетістік ежелгі адамдардың табиғатқа еліктеп, соған ұқсас нәрселер ойлап табуға тырысқан қиялының жемісінен туындағанын мойындамасқа болмайды. Яғни, адамзат ең алдымен өзіне аса қажет, қол жетпес нәрсені қиялдайды, сөйтіп адам санасына осы нәрсені жүзеге асыру туралы алғашқы ой ұрығы себіледі. Ал ұрыққа қолайлы жағдайлар туындаған кезде (жүзеге асыруға қажет ғылыми-техникалық білім-ғылым толысқан шақта) ол өсіп, өніп өз жемісін береді, яғни адамзат арманын қанағаттандыратын жетістік дүниеге келеді. Тау көтеретін Толағай немесе «Ер Төстік» ертегісіндегі тауды тауға қақпақылдап ойнайтын Таусоғар қазіргі көтергіш крандарды бейнелесе, Желаяқ адам уақытын үнемдеп, барар жеріне жеткізе қояр көлік құрылымдары мен зымырандарды дүниеге әкелді, Саққұлақтың бойындағы дарынға еліктеген адамзат тез хабар алғызатын телефон, радионы ойлап тапса, Көрегеніміз қазіргі теледидар, ғаламтор екендігіне дау жоқ. Сонымен қатар, шығыс ертегілерінде көп кездесетін адамның барлық тілегін орындайтын сиқырлы таяқшамыздың бүгінгі өмірдегі моделі ретінде теледидарды, машиналарды басқаратын дистанциялық пультті атауға болады. Адам басқарғыш пульттің белгілі бір түймешесін басса болғаны, қалаған функция өздігінен орындалады, мұның өзі – бүгінгі техникалық ойдың жетістігі. Қазіргі кездегі белгілі бір техникалық жетістікті айтып мақтанар болсақ, олардың қай-қайсысының да фольклорлық туындылардан бастау алып, әдебиеттің даму жолында алдын-ала болжанып, әдеби моделі жасалғандығын ескеруіміз керек. Өйткені әдебиет өз тарихында қоғамдық өзгерістердің бірде-біреуінен тысқары қалып көрген емес. Прогрессивті даму туралы ойлағанда, алдымен, фантастикаға жүгінуіміздің себебін оның осындай прогностикалық қырынан көреміз. Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани: «Тегінде ғылым мен фантазияның қоян-қолтық жүретін кездері көп. Кесек ғылыми жаңалықтарды терең қиял тудырады. Ғылым шарықтағанда, қиял да шарықтаған және керісінше, қиял шарықтағанда, ғылым да шарықтаған. Бұл екеуі де сабағы бір, түбірі бір, бір ағаштың екі бұтағы сияқты десек асырып айтқандық болмайды» [3, 6] деген болатын. Ендеше, көне мифтердегі фантастикалық идеялардың бүгінгі өмірде жүзеге асып, қолданысқа енуі де осыны айғақтай түседі.

Мифологияның басты шарты адамның өзін табиғи ортадан бөліп қарастырмайтындығында екендігін жоғарыда атап өттік. Мифтік санада табиғатты, оның құбылыстарын антропоморфтау байқалады. Д.Нагишкин: «Ешбір халық дүниедегі көзге көрінетін, көзден таса құбылыстарды түгелімен адам кейпіне келтіру арқылы түсіндіру дәуіріне соқпай өткен емес» [4, 243] деп жазады.

Жалпы дүниенің, оның ішінде, аспан мен жердің жаратылысы туралы айтылатын мифтер – космогониялық миф деп аталады. Аспан денелерін адам бейнесінде бейнелейтін мифтер желісіне ай бетінде отырған қыз туралы космогониялық мифті алуға болады. Қоршаған дүниенің қалай жаратылғанын, ондағы ерекшеліктердің мәнін өз түсінік-пайымдарына орай ұғындырғысы келген ежелгі дәуір адамдары жігіт бейнесіндегі Айға жердегі жетім қыздың ғашық болғанын баяндайды. Өгей шешесі қызды түнде су әкелуге жұмсайды. Қыз суға барып, ғажайып бір сұлу жігітті көреді, сөйтсе, ол су бетіне шағылысқан Айдың бейнесі екен. Қыз айға жалынып, өзін алып кетуін өтінеді. Сөйтіп, Айға барып қосылған, қолына шелек ұстап тұрған қыздың бейнесін айдың бетінен көруге болады. Мұндағы фантастикалық элемент айдың жігіт бейнесіне енуімен бірге, қыздың айға баруы, адамның алғашқы планетааралық саяхаты, яғни айға сапар шегуіне



негізделген. Осындай космогониялық мифтер дүниеге келген заманда адамзат танымында қыздың ай бетінде «аман-есен» отыруы сол уақыт үшін айға барудың мүмкін екендігін «дәлелдеуші» фактор ретінде қабылданған.

Алайда, қазақ мифтерінде жердің, басқа да аспан денелерінің пайда болуы туралы мифтердің аз екені байқалады. Белгілі фольклортанушы А.Х.Мархабаев оның негізгі себебін ислам дінімен ұштастырады: «Қазақ мифтерінің арасында аспан мен жердің, күн мен айдың, жұлдыздар мен планеталардың қалай пайда болғандығы, олардың қалай жаратылғаны туралы мифтер аз сақталған. Оның себебін ислам дінінің ықпалынан деп айтуымызға болады. Барлығын да жаратқан бір Алла деп есептегендіктен, оған басқа бір күшті қосарлаудың қисыны шамалы болған. Тағы бір себебі – қазақ мифтері күні бүгінге дейін мардымды түрде жиналмай, ұмыт қалғандығынан» [5, 6].

Қазақ мифтерінің бір ең байырғы түрлерінің бірі – жануарлардың қалай пайда болуы туралы айтылатын этиологиялық мифтер. Мұндай мифтерде көбіне жан-жануарлар, құстар белгілі бір елдің, тайпаның, рудың ата-бабалары болған деген тотемдік түсініктермен байланыстырылады. Көк бөріні тәңіріміз деп қабылдаған түркі елі өздерін қасқырдан тарағанбыз деп есептеген. Мұндай түсініктің іздері қазақтың «Ақ қасқыр» деген ертегісінен де аңғарылады. Бұл ертегіде адам мен қасқырдың үйленуі, қасқырдың адамға айналуы, жалпы қасқырлар елін адамдардың қоғам дәрежесінде түсінуі сияқты мифтік ұғымдар баяндалады. Жалпы тотемдік мәні бар мифтерде де фантастикалық элементердің көп кездесетіні аңғарылады. Бірақ белгілі бір аңның адамға айналуы немесе адамның аңға айналуы қазіргі заманғы генетикалық зерттеулер нәтижесінде, шындығында да, орындалуы ықтимал мүмкіндік. Жоғарыда келтіріп өткендей, Г.Уэллстің «Доктор Моро аралы» фантастикалық шығармасында аңдардан скальпельдің көмегімен адам жасап шығаратын ғалым туралы сөз етіледі. Әдеби фантастика мен ежелгі дәуір мифтеріндегі аң-құстардың адамға айналуы немесе керісінше адамның аң-құсқа айналуы мотивтерінде ортақтық бар. Фантаст-жазушылар идеясының негізі мифтен алынған, бұдан біз фантастика мен мифтің туыстығын, арасындағы үзілмес сабақтастықты көреміз.

Қазақ ертегілерінің ішінде шиеленіскен күрделі сюжеттері арқылы оқырмандарын қызықтыратын ертегі – «Ер Төстік». Ертегідегі жерасты патшалығы туралы ой-таным ежелгі грек мифпен сарындас келеді. Ер Төстік сюжетінде де өмір біреу емес, әлденешеу деген ой жатыр. Халық түсінігі бойынша адам жерастына түссе де өмір сүре бермек. Осы ретте Ер Төстік пен Шалқұйрықтың жер астындағы Бапыхан, Темір хан, Кеше хандармен күресінің өзі адамзат қиялының көрегендігін, ұшқырлығын көрсетеді. Кейінгі кезде жазылып жүрген жерасты тақырыбындағы фантастикалық туындылардың негізі осындай мифтер мен ертегілерде жатса керек. Мәселен, А.Машанидің «Жер астына саяхат» фантастикалық шығармасын атауға болады.

Адамзат баласын заманауи жетістіктерге жетелеп келе жатқан шығармашылық қиялдың ауыз әдебиетіндегі аңыз, мифтерден туғандығына көз жеткізе түсеміз. Мифтік сюжеттердегі мұндай заңдылық туралы С.Қасқабасов былай дейді: «Шағын эпикалық шығармалар әдебиет тарихының әр кезеңінде әр сипатта болған. Мәселен, ежелгі көне дүниедегі бұл тектес көркем туынды – миф, одан кейінгі әр тұстардағы аңыз, ертегі ... т.б. Миф – табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейтін фантастикалық бояу. Миф – адам баласының сәбилігі туралы шежіре, ендеше, оның біздер үшін танымдық мәні зор де үлкен» [6, 127].

Демек, шығармашылық қиял, мифтің түп-төркіні біздің тарихымызда өте көне дәуірлерде пайда бола бастаған. Қазақтың мифтік аңыздарының ішінде басқаларынан шоқтығы биік тұратын Қорқыт пен Асан қайғы туралы мифтер екендігі белгілі. Қорқыт ата туралы іргелі зерттеулер жүргізген ғалымдың бірі – Әлкей Марғұлан болатын. Қорқыт бабамыздың өз заманында болашақты болжайтын сәуегей кісі болғандығы жөнінде Әлкей Марғұлан: «Қорқыттың өмір бойы арманы – мәңгілік өмір іздеу, сол үшін күресіп, өлімге қарсы тұру... Қорқыттың бұл фәлсафасы дүние тарихында өте сирек кездесетін, адам баласы туғызған ойдың ең жарқын бейнесінің бірі болып суреттеледі - дей келіп, аты аңызға айналған Қорқыт баба тұлғасына әлем әдебиетінен ұқсас аналогтар қарастырады. Мұны тек Прометей мен Харта туралы айтылатын дүниежүзілік әдебиет мұрасына теңеуге болатындығын баяндайды. Қазақ аңыздары бойынша Қорқыт бар өмірін тағдырмен алысу үстінде өткізеді, өлмейтін өмірді көкसेп, тағдырға, өлімге қарсы тұрады. Жас Қорқыттың іздегені – адам баласының өлмей, уайымсыз еркін өмір сүруі. Қорқыт философиясы бойынша өлім оның көзіне зұлымдықтың басы болып көрінеді. Өліммен күресу, адам баласына өлмейтін өмір іздеу жолында Қорқыт – халықтың қорғаушысы, оған дем беруді өзіне мұра еткен кемеңгер бейнесінде суреттеледі». [7, 8] Ғалым пікіріндегі Қорқыттың өлімді зұлымдықтың басы деп түйсінуі, ал тірішіліктегі өмірді керісінше – теңдесі жоқ керемет, ғажап дүние деп ұғынғандығын аңғарамыз. Өлімнен қашқан Қорқыт қайғысының астарында өмірдің қадірін білу, оны мақсатты, мәнді, мазмұнды етіп өткізу идеясы көрініс береді.

Ә.Марғұлан халық ауыз әдебиетінен бізге жеткен «Қорқыт және ажал» деген дастаннан мынадай үзінділер келтіреді:

Қорқыт қашты ажалдан,  
Аңыратты қобызын.  
Қобызында көп арман,  
Тоқсан толғақ әдемі үн.  
Желмаясын желдіріп,  
Ілгері басып келеді.  
Күй сарыны - сел тасқын,  
Күңіренгіп келеді.  
Тасы құлап жартастың

Жаңғыртты даланы  
Құйын боп та ұйытқыды.  
Ну орманды шулатып,  
Дауыл болып жүйткіді.  
Көл- өзенді тулатып,  
Қас қаққанша кенеттен  
Баурап бәрін биледі.  
Боздағандай «беу-беулеп»,

Жас төгеді күй легі, – [7, 8] деп басталатын аңыз сөзінде Қорқыттың зарлы да сазды, әдемі үні бар қобызы оны арманына жеткізетін арқа сүйер рухани күш ретінде сипатталады. Ол туралы А.Х.Мархабаев: «Қорқыттың қобызы белгілі бір деңгейде уақыт машинасы да болған тәрізді» [5, 8] – деген пікір білдіреді.

Мәңгілік, өлмейтін ғұмыр туралы күрделі ізденістер, іргелі зерттеулер жүргізіп жатқан бүгінгі таңдағы геронтология ғылымының басты проблемасын сонау алыс ғасырларда-ақ Қорқыт туралы аңызда көтерген. Аңыздағы Қорқыт ата образы – шын мәнінде әлеуметтік фантастиканың тұңғышы. Академик Қ.Жұмалиев: «Қорқыт аңызының мәні терең. Өлімнің сөзсіз нәрсе екенін, адам үйде болсын, түзде болсын, қай күні болсын өлуі хақ нәрсе екендігін біле тұра, бірақ соған қарсы шара іздейді. Адам баласы өзінің даму жолында өлімге де қарсы шаралар қарастырып, одан құтылу әрекетін жасаса, өлімді қашырса, адамға ажал кәрі жоламайтын болса деген аңсаудан келіп «Қорқыт» деген аңыз туды. Су бетіне кілем жайып, Қорқыттың бірнеше уақыттар ажалды жолатпауы жай айтыла салған нәрсе емес, күндердің күнінде өлімді кідіретін шараның болатынына сенушілік, соны аңсаушылық», - [8, 164] деп ой қорытады.

Халықтың осы арманын жүзеге асыру жолында қазірде медицина ғылымы жан-жақты, жемісті зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Медициналық геронтология ғылымы қазір қарқынды дамып келеді. Геронтология – адам жасын ұзарту мәселесімен айналысатын ғылым. Бүгінгі ғалымдар адамның өмір жасын ұзарту үшін құрғақ теориядан тура тәжірибе жасауға көшіп отыр. Олай болса, нақты ғылымға сүйене отырып, ғалымдар адамның өмір жасын ұлғайтатын бір жаңалық табуы да ықтимал.

«Қорқыттан жеті ғасыр кейін өмір сүрген атақты Асан Сәбитұлы – ХҮ ғасырда қазақ ұлысын біріктіру мәселесін қолына алған даланың ойшыл данасы» – (Ш.Уәлиханов). «Әбілқайырмен бірге Сыр бойында, Аркада отыра алмай, Асан ата Орда(бұл жерде еліне жайлы мекен) болар жер іздейді. Осы араның жерін, елін, көруге Асан да Қорқыт сияқты Желмаяға отырып, елге қоныс болатын өзі байтақ, орманды, көк шалғынды, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын ұйық жер іздейді!» - деп жазған-ды Ә.Марғұлан [7, 7].

Байқап қарасақ, аңыз, мифтер арқылы фантастика жанрының шымылдығын ашқан Қорқыт ата мен Асан Қайғының жырлаған тақырыптары да өзектес екендігін көреміз. Сол кезеңдегі арман, қиялдың басты проблемасы – көшпелі тұрмыс кешкен халыққа ең керекті, мұқтаж нәрсе – ойларынан дәл шығатын қоныс қарастыру. Ол қоныс фантастика тілімен айтсақ, «өз планетасын» немесе өз континентін іздеу. Жалпы, Асан Қайғының Жерұйығын утопия деп атауға толық негіз бар. Ол іздеген «Жерұйық» – шұрайлы қоныс қана емес, қоғамның үлгісі. Жыраудың «Жерұйықты» іздеуі атақты Томас Мор «Утопиясы» (1516) мен Томаззо Кампанелланың «Күн қаласы» (1602) шығармасындағы қиял-армандармен ұштасып жатады. Утопия дегеннің өзі ешқандай кемшілігі жоқ, ең жақсы қоғам құру идеясы болып табылады.

Қорыта келе, бүгінгі фантастика – кешегі фольклордың жалғасы деуге болады. «Бүгінгіміз бен ертеңгіміз туралы сөз қозғасақ, кешегімізді ұмытпайық» деп, ғұламалар баяғыда-ақ айтып кеткен. Адамзаттың түсініксіз, жұмбақ әлемді өзіне жақындату, оны тануға ұмтылған мифтерінде фантастикалық элементтердің мол кездесуі – фантастиканың архетипі мифтер болғандығын дәйектейді. Мифтік санадағы фантастикалық модельдердің қазіргі заманда жүзеге асуы, яғни өркениетті дамуытуға үлес қосуының өзі бүгінгі өркениеттің өзі кешегі арман-қиялдан туғандығын көрсетеді. Осы орайда, миф пен фантастиканың өзара тамырластығы мен айырмашылықтарын саралап өткен абзал. Фантастика мен мифтердің ұқсастығы:

- Миф те, фантастика да ұшқыр қиялдың жемістері. Қиял тізгінін тартпай, оны шарықтату нәтижесінде мифтік, фантастикалық сюжеттер пайда болады.

- Бағзы дәуірлердегі мифтер адамзаттың өздерін қоршаған табиғаттың тылсым күштерін, құпияларын ашпаған кезде, соларды өз түсінік-пайымдарына орай танып білу ниетінен туындаса, қазіргі фантастикада да осы мифтік ұмтылыс бар деуге болады. Бүгінгі адамзат үшін ғалам, өзге планеталар, жұлдыздар әлемінің құпия сырлары әлі толық ашылған жоқ, сондықтан олардың белгісіз космос әлемін тануға ұмтылған ұшқыр қиялы фантастикалық шығармалардың жазылуына себеп болуда.

- Мифтерде бүгінгі заманда жүзеге асып жатқан ғылыми-техникалық жетістіктің әдеби модельдері жасалған болса, фантастикада болашақта жүзеге асуы мүмкін келешек әлем туралы алуан түрлі әдеби модельдер жинақталған.

Мифтік желілер мен фантастикалық сюжеттердің айырмашылығына тоқталар болсақ, мифтердегі қияли идеялар болашақты алдын-ала жоспарлау сияқты белгілі әдеби міндет негізінде туындаған жоқ, адам баласы мифтер арқылы тек қиял, арманын бейнеледі, ал фантастикалық туындылар болашақты болжау міндетінен туындап жатады. Фантастикалық идеялар бүгінде ғылыми жетістіктерге сүйене отырылып жасалады және оларды ойша дамыту арқылы ғылыми-техникалық өркениеттің жаңа, тың модельдері жасалады. Кешегі мифтер адамзаттың бүгінгі өркениетке жетуіне себепші болуымен қатар, қазіргі фантастиканың дамуына негіз болды.

**Әдебиеттер**

1. Байтұрсынов А. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Азимов А. Мой выбор. // Иностранная литература. 1967, №1.
3. Машанов А. Қиял мен шындық. // Лениншіл жас, 1958 ж., 6 июнь.
4. Нагишкин Д. Сказка и жизнь. -М.: Советский писатель, 1968.
5. Мархабаев А. Х. Қорқыттан Айбергеновке дейін. // Түркістан, 12 мамыр, 2005 жыл, 8 б.
6. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 270 б.
7. Марғұлан Ә. Қорқыттың өліммен күресі. // Қазақ әдебиеті. – 1968,8 тамыз.
8. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихы мәселелері. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1958 ж. – 164 б.

## ШЫҒЫСТЫҚ СЮЖЕТКЕ ҚҰРЫЛҒАН ҚАЗАҚ ҒАШЫҚТЫҚ ДАСТАНДАРЫ

Умирбаев А.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Бұл мақалада шығыстық сюжетке құрылған қазақ ғашықтық дастандарындағы екі жастың шынайы махаббаты, адал махабатты аңсайтын қос ғашықтың сезімін, ойын, мұңын баяндап, ғашықтардың өз бақыты үшін қалай күресетіні мен кедергілерді қалай жеңетіндерін суреттеу көрсетілген.

**Аннотация.** В этой статье рассказывается об истинной любви двух молодых людей к казахским эпическим стихам, созданным на восточном сюжете, описываются чувства двух влюбленных, преданная любовь, игра, боль, то, как влюбленные будут бороться за свое счастье и преодолеть препятствия.

**Annotation.** This article outlines the true love of two young people in the Kazakh epic poems created on the eastern plot, describing the feelings of the two lovers of loyal love, the game, the pain, how the lovers will fight for their happiness and overcome obstacles.

**Тірек сөздері.** Фольклор, эпос, өлең, роман.

**Ключевые слова.** Фольклор, эпос, поэма, роман.

**Key words.** Folklore, epos, poem, novel.

Ғашықтық жыр да, батырлық жыр да эпос жанрына жататындықтан олардың жалпы поэтикалық сипаты ұқсас. Айталық, сюжеттік құрылымдардың бір типті болып келуі, образдар жүйесіндегі біркелкілік, яғни кейіпкерлердің тек біржақты суреттелуі, өлең құрылысы мен бейнелеуіш құралдардың біртектілігі секілді белгілер эпостың екі түрінде де кездеседі. Бұлар эпос жанрының табиғатынан туындаған ұқсастық. Дей тұрғанмен, романдық эпостың өзіндік белгілері де көп. Ең алдымен, оның басты тақырыбы – жаугершілік соғыс емес, бейбіт өмірдегі екі жастың махаббаты. Екіншіден, махаббат жолында күреске түскен қыз бен жігіттің бүкіл әрекеті арқылы елдің тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы түгелдей көрсетіледі. Сондай-ақ оқиға шым-шытырман емес, баяу, күнделікті өмірдің ағымына сай өрбіп отырады. Ғашықтық жырларға тән тағы бір ерекшелік – шығарманың трагедиямен аяқталуы. Сонымен қатар, ерлік эпостарға тән модель – болашақ батырдың ғажайып туысы мен ерлік істерінің бала шағынан-ақ көріне бастауы болса, романдық эпоста кейіпкерлер қалыпты жағдайда ер жетеді, мұнда қаһарман өсе келе бар өнерін, ерлігін, ақылдылығы мен тапқырлығын өз сүйіктісінің алдында жайып салады. Ол тек қара күштің иесі қажырлы, жігерлі емес, алдымен, өнерлі, білімді жан ретінде бейнеленеді.

Бұл тұжырым эпостанушы Р.Бердібайдың да пайымдауымен сәйкес келеді. Ол: романдық эпос адамдар арасындағы байланыстардың, достық пен өшпенділіктің алуан жайларына бара алады. Өмірлік дерегі мен мінездің қырларын көрсету жағынан ол көне жырдан гөрі анағұрлым ауқымды. Ғашықтық эпос тіршіліктің көкейкесті сауалдарына, бітіспес қайшылықтардың түбірін ашып көрсетуге жақындайды. Бірақ ол жазба әдебиеттегі романның кеңдігі мен мінезді даралап көрсетудегі жан-жақты мүмкіндігін таба алмайды. Романдық эпоста өмір қайшылықтарының шығар көзі, себебі нұсқалса да, оған әлеуметтік талдау жасалмайды. Ал болмыстың объективтік ағысы мен мінез ерекшелігі үйлестірілмеген жерде оның орнын қиял-ғажайып, ертегілік, мифтік аңыздар басатыны мәлім. Қоғамның жаңа қажеттері туғызған ірі әлеуметтік мәселелердің күн тәртібіне қоя білгенінің өзі бұл жанрдың сонылығы [1, 97], – деп, ғашықтық жырдың әлеуметтік маңызын ерекше атап көрсетеді.

Жалпы ғашықтық жыр көркем жанр түрінде қазақ хандығы құрылған кезеңде қалыптасқанға ұқсайды, алайда оның кейбір сюжеттері мен жекелеген сарындары өте ерте заманда-ақ пайда болған сияқты. Олай дейтін себебіміз, бұл жырлардағы сюжеттер сонау рулық қауымның ұғым-түсініктеріне, алғашқы мемлекеттер мен Түркі қағанаты дәуіріндегі наным-сенімдерге негізделген. Бұл ғашықтық жырлардың көркем түрге дейінгі даму жолы өте ұзақ болғанын аңғартады. Р.Бердібай халқымыздың ғасырлар бойы жаратқан эпикалық мұрасының бұл саласын романдық, немесе ғашықтық дастан деп атай келе: «Егер көне, архаикалық жырларда адам баласының дүниені білуі мен тануының бұлдыр, балаң кездері, сол шақтағы түсінігі мифтік, қиялдық түрде көрініс берсе, классикалық қаһармандық эпоста алғашқы қауым ыдырағаннан кейінгі ру, тайпа мүдделері үшін күрестің тәжірибесі әсіреленіп, биіктетіліп, тұтас бейнеленеді. Ал романдық эпоста ерлік, Отан қорғау емес, адамның жеке басының мүддесі, махаббат еркіндігі мәселесі алғы кезекке шығады», – деген келелі пікір айтады [1, 304].

Қ.Жұмалиевтің айтуынша: «Қазақ ауыз әдебиетінде эпостық поэмалармен қатар, сүйіспендік, махаббат тақырыбына арналған поэма, жырлар да аз емес. Бұлар да талай ғасырлар бойы ел аузында сақталып, атадан балаға мұра ретінде қалып келген. Лиро-эпостардың (ғашықтық жырлардың) өзара жақындығы – тақырыбы; негізгі мәселе, бір-бірін қалтқысыз сүйіп, қосылуды аңсап, мұратқа талпынған жастарға, ескі феодалдық салт-сана, шатқалаңы мол асудай кесе көлденең тұрады да, оларды дегеніне жеткізбей мерт қылады. Баласынан малын артық көретін катал жүрек, тасбауыр әке Қарабайдың кесепаты Қозы мен Баянды, мен-мендік иесі, ірі феодал Базарбайдың безбүйректігі Төлегенді апатқа ұшыратады [2, 132]. Осы махаббат еркіндігі, ғашық болу сайып келгенде өзі аттас ғашықтық жыр терминін дүниеге әкелді десе де болатындай.

Жыр дейміз, эпос дейміз бұлардың бәрі де халықтың шығармашылық өнерінің түрлері. Бұл терминдік атаулармен қоса қисса, дастан деп аталатын жанрлық жіктеу де бар. Қисса (араб сөзі, әңгіме, ертегі, мысал деген мағынаны береді) – қазақ әдебиетінде кітабы ақындардың Шығыс әдебиетінің сюжетіне шығарған дастандарын, өлеңмен жазылған ертегі-хикаяны осылай атаған [3, 211]. Ал, енді дастанға келетін болсақ дастан (парсы сөзі – тарихи әңгіме, ертегі, батырлар жыры) Таяу және Орта Шығыстың, Азияның оңтүстік-шығыстың әдебиеті мен фольклорындағы эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма. Көбінесе бұрыннан белгілі ертегі сюжеттерінің, аңыз, хикаялардың әдеби өңделген түрі болып келеді. Дастанда кейде өлең мен қарасөз араласып келе береді. Түркі тіліндегі классикалық поэзияда кездесетін романтикалық поэмалар «Лейлі – Мәжнүн», «Хұсырау – Шырын», «Ескендір-нама» немесе Фирдоуси «Шахнамасының» өлеңмен айтылатын жеке поэмаға айналған кесек тараулары дастанға жатады. Шынтуайына келгенде бұлардың мазмұны бір. Тек терминдік атауы әр тарихи кезеңде әр түрлі аталған. Мәдениеттер тоғысы негізінде бір елден екінші елге ауысып жүретін терминдік атаулар да бар. Мәселен қисса жанрлық атауы жөнінде мынаны айтады: «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілер әлеуметтік бағыты, мазмұны, идеялық көркемдік құндылығы жағынан қиссаларды үшке жіктейді. Біріншісі – негізінен дінді уағыздайтын, исламның қағидаларын, діни ұғым-нағымдарды насихаттауға бағытталған шығармалар. Екіншісі – көршілес елдер мен басқа шығыс халықтарының ежелгі аңыз-әңгімелері, халық романдары мен поэмалары және классикалық әдебиет өкілдерінің дастандары, араб, үнді елінің ертегілері, шығыс жұлдыздарының шығармалары. Үшіншісі – шығыс сюжетіне құрылған, бірақ қазақ әдебиетіне сіңісті болып, қазақ фольклорының дәстүрлерімен ұштасып, төл шығарма сипаттас болып кеткен шығармалар» [4, 71].

«Қазақ халқына кең тараған, төл туындысындай етене жақын болып кеткен ғашықтық (романдық) эпос – «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсрау-Шырын», «Таһир-Зухра», «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік» сынды іңкәрлік жырларын қазақ эпосының дәстүрі мен тарихынан айырып қарауға болмайды. Бұлардың даңқы мен әсері халықтың байырғы жырынан кем түспеген. Оқиғаның өрбу, шиеленісу, шешілу жүйесіндегі негізгі сарын ғашықтық аңсары, бас бостандығы, айнымас тұрақты махаббат болуы – ғашықтық эпостың негізгі белгісі. Сыртқы жауға аттанған, ел қорғаған ерлердің іс-әрекетін суреттеу мен өмірдің, көңілдің, тұрмыстың хикаясын қозғау екі түрлі көркемдік тәсілді керек етеді» [5, 304]. Шығыстан келген шығармалардың ішінде қазақ үшін «Мұңлық-Зарлықтың» орны ерекше. Өйткені Мұңлық-Зарлық дастаны – Шығыс сюжетіне құрылған, оқиғасы қызықты, композициясы ширақ, тілі жатық, көркем туынды. Бұл дастан Шығыс сюжетіне құрылған шығармалардың ішінде қазақ әдебиетіне ең жақыны, мейлінше сіңісіп кеткені, қазақ фольклорының дәстүрімен үндесіп жатқаны, төл туынды сипаттас деуге болады» [6, 220].

«Мұңлық-Зарлықтың» ерекшелігі бөліп алып тұрғанымыз дастанда сюжеттік дамуға әсер ететін жер-су атауларының орын алу себептері, пайдалану жолдары қазақтың төл ұғымдарына ұқсас, мәндес келетіндіктен деп білген жөн болатындай. Дастандағы оқиға желісі аңыз сюжетіне өте жақын. Дастанның өне бойында кездесіп отыратын көркем сөздің бейнелеуіш құралдары қазақтың эпикалық жырларын еске түсіріп отырады.

«Мұңлық-Зарлық» – ноғай елін билеген Шаншар деген ханның алпыс қатыны болса да, бір перзент көре алмай, қайғыдан құса болған халін әңгімелеуден басталады. Жасы алпысқа келген Шаншар хан орнымды басар балам жоқ деп, ел кезіп тентіреп кетеді. Айдалада көзінің жасын көл қылып ұйықтап кеткен кезінде түс көріп, түсінде ақ сақалды кісі «бір ұл, бір қызың болады» деп аян береді. Еліне қайта оралған Шаншар хан тағы бір әйел алса да, он жылға дейін тағы да бір перзентке зар болады. Жасы жетпіске тақаған шағында түсімде аян берген ақсақалдың сөзі құр болмас, не болса да бір перзент сүйермін деп халқына жар салғызады: «Бір ұл, бір қыз табатын өзіне қыз іздейді». Ақыры, Жаудыр деген шалдың Қаншайым деген қызын алып, Қаншайым жүкті болып, күні жақындағанда, Шаншар хан перзент даусын естігенде жүрегім жарылып кетер деген қорқыныш білдіреді. Сол уақытта Барын деген уәзірі: «Шөгірлінің тауына барып қырық жігітпен аң аулап жаталық. Бала туғанда біреу сүйінші деп келеді, сонда ат қойып барсақ жүректің қуанышы басылып қалады дейді [7, 263]. Осы арада Шаншар хан барып қоныстанған жердің аты «Шөгірлі» деп аталатындығы мәлім болып отыр.

Қаншайым бір ұл, бір қызды өмірге әкеледі, алайда, қызғанған күндес қатындар мыстан кемпірге бұл балаларды жоғалтыңыз деп сәлем салады. Осы тұста дастаннан «Казар» деген дарияның бар екендігін көреміз. «Енді кемпір екі баланы екі қолтығына қысып алып бір дария бар еді Казар деген, сол дарияға алып келіп тастамақ болып тұрып, балаларды көзі қимай, тастамайын десе ділдәні қимай...» [7, 264] тұрады.

Шөгірлі деген жер атауы дастанның өне-бойында бірнеше мәрте айтылады. Шаншардың ұл мен қызын мыстан кемпір дарияға атып ұрғанда, Ғайып ерен қырық шілтен суға түсірмей қағып алып, бейкүнә балаларды «Шөгірлінің тауына» [7, 266] алып барып бағады.

Өмірге келер ұлы мен қызының хабарын күтіп, көңілі өрепкіген Шаншар хан хабаршының қарасы көрінісімен қырық жігітпен бірге атқа мініп шабады:

... Шөгірлі таудың беті еді,

*Бір сағат болмай қырық жігіт,  
Мыстанға келіп жетеді* [7, 267].

Ханшайым ұл мен қыз емес, екі күшік тапты деген қаралы хабарды естіген Шаншар хан жер бауырлап жатып қалады, өзінің ел бетін көрмейтіндігін, ал Қаншайымды дарға асындар деген сөзін айтады. Уәзірі Барын қырық жігітке өтініп, Қаншайымды қорғап қалмақ болады, бірақ жігіттер бұл уағдалы сөзге құлақ асар болмайды. Дар түбіне Қаншайымды әкелгендегі қайғылы хал дастанда мынадай жолдармен суреттеледі:

*«... Шапса балта өтпейді,*

*Шағырлаудың тасына.*

*Ақ ісін қара қылыпты,*

*Қаншайымның басына»* [7, 269].

Қаншайымды қанша жерден дарға аспақ болса да, Ғайып ерен қырық шілтеннің құдіретті күшінің арқасында дардың жібі үш мәрте үзіледі, Қаншайым өлер болмайды. Шаншар хан:

Бәлен жерде жеті қабат арал бар. Ішінде жолбарыс, бөрі, қабылан көп, соған тастандар» [7, 271] деген бұйрық береді. Әрине, бұл арада нақты бір жердің, белгілі бір өлкенің аты аталып тұрған жоқ. Дегенмен де назар аударуға тиісті – жеті қабат арал. Әрине әңгіме алыс бір өлке туралы болып отырғандығы белгілі. «Енді күндерде бір күн Шаншар хан жігіттерімен бірде аң аулап Шөгірлінің тауына шықты. Тау басында жалтырап жатқан нәрсе көрінеді» [7, 271]. Шаншар хан жылтыраған нәрсенің жайын білмек болып, барып қараса, алтын айдарлы ұл баланың жатқанын көреді. Бала ханды өзіне жақындатпайды, жақын тартып бауырына қысуға Шаншардың күші де, құдіреті де жетпейді. Басына тағы бір қайғы түсіп, жатып қалады. Мыстан кемпір келіп, бұл қайғының Қаншайымнан туған баламен байланысты екенін сезіп, алпыс қатынға айтады. Алпыс қатын баланы тауып алып, өлтірмекке бұйырады. Мыстан кемпір тағы да Шөгірлі тауына жол тартады [7, 273].

Мыстан кемпір тау басында Мұңлықты кездестіріп, амал-айласына басады. Аған Күлмес ханның еліне барып, саған киім-кешек әкелсін, киіндірсін деп қыздың басын айналдырады, қыз Мұңлық ағасы Зарлықты ақыры көндіреді. Сөйтіп, Зарлық «Барса келместің» жолына [7, 276] аттанбақшы болады. Қазақ ұғымында «Барса келмес» жері – көз жеткізбейтін, алыс бір аймақ деген мағынаны береді. Қазақтың көптеген ертегі, аңыздарында «Барса келмес» жерінің атауы осы мағынада айтылады. Табанынан таусылып, арып-ашып біраз жол жүрген Зарлық күндердің бір күнінде «Аралшөл» аталатын құмды өлкеге келіп жетеді:

*Әуелі жетіп болдым да,*

*Ғаріп боп келдім мұнда.*

*Өлер болдым Аралшөл,*

*Жанған шоқтай құмыңда* [7, 277].

Зарлық құдайдан медет тілеп, Шөгірлі тауында қалған қарындасы Мұңлықты қимай, жаны қиналып жатқан уақытында Қызыр пайғамбар түсіне еніп, қуат алады. Жанына дем енгендей қайтадан жолға шығады. Отыз күндей жол жүріп, Күлмес ханның еліне жете алмай тағы да қиналған шағында өзіне үнемі қуат беріп жүретін Ғайып шілтен жолығып, дйттеген жеріне келіп жетеді. Бұл жер – «Қысырау» деген көл екен. Дастанда бұл топоним:

*Күлмес хандай патшаның*

*Аңын аулап жүретін*

*Қысырау деген көл екен* [7, 279], –

*түрінде айтылады.*

Зарлық Күлмес ханның елінде айлап жатады. Адам арасында өмір сүріп көрмеген жас бала сахар арасын өз жеріндей еркін аралап, алаңсыз дүкен біткенді жағалап, киім-кешек кимекке ұмтылады. Айнаға қарап, «Қанша киім кисем де, Жараспайды екен-ау, Сендей бір күйген қараға» [7, 284] деп толқын соққан көл жағасында аунап-қунап тәнін ағартпақшы боп жата береді. Жан біткенді жолатпай, денесіне бір соққы дарытпай, елді әлек қылады. Елін ойран етпесін деп Күлмес хан жалғыз қызы Құралайды бермекші болып, Зарлыққа уәзірлерін жұмсайды. Сонымен қоса, «Мұзылұс» шаһарын да сыйламақшы болады. Бірақ жасынан ғашық болған Қарадәу деген бір алып Құралайды алып қашады. Зарлық Гүлсары атты ерттеп мініп, қызды алып кеткен Қарадәудің соңынан шабады. Ұзақ-ұзақ жол жүрген Зарлық «Өлінебұл» деген дарияның жағалауына тоқтайды:

*Қарсы алдынан кез болды,*

*Өлінебұлдың дариясы.*

*Бұл дарияны көрген соң,*

*Аға берді көз жасы* [7, 293]

Әрине, «Мұңлық-Зарлық» оқиғасының қалай аяқталатыны баршамызға аян. Қазақтың ертегі, аңыз, жыр-дастандарына тән белгілер бұл дастанның бойынан да табылады. Ата-анасына туғаннан қауыша алмай, арманда болған ағалы-қарындасты Мұңлық пен Зарлық та айнала туғандарымен аман-есен көріседі, барша-мұраттарына жетеді.

Жалпы қазақтың ғашықтық дастандары іштей үш топқа жіктеледі. Олар : 1) шығыстық сюжетке құрылған дастандар («Сейпілмәлік», «Дандан», «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зуһра», «Баһрам», «Жүсіп-Зылиха», т.б.); 2) аймақтық фольклорлық сюжеттерге негізделген дастандар («Бозжігіт», «Қисса Бозаман», «Жаскелең», «Назымбек-Күлше», т.б.); 3) өмірде болған оқиға, шындық ізімен жырланған дастандар («Мақпал-Сегіз», «Қалқаман-Мамыр», «еңлік-Кебек», «Ақбөпе-Сауытбек», «Сырым-Шынар», «Талайлы мен Айым қыз» т.б. Бұлар кейде әлеуметтік-сүйіспеншілік деп тежіктеледі). Бұл шығармалардың басты тақырыбы – екі жастың

шынайы махаббаты, ал негізгі мазмұны-адал махабатты аңсайтын қос ғашықтың сезімін, ойын, мұңын баяндап, ғашықтардың өз бақыты үшін қалай күресетіні мен кедергілерді қалай жеңетіндерін суреттеу.

Шығыстық және дәстүрлі фольклорлық сюжеттерге негізделген дастандарда махаббат тақырыбы ертегілік – таңғажайыптық мәнде сипатталды. Ең маңыздысы, мұнда құда түсу, көбіне әлі туылмаған балаларды атастыру, яғни ата-ана еркімен некелесу-сырттай ғашық болу мотивімен алмастырылады. Бұл мотивтің бірнеше түрлері белгілі. Кейіпкер сұлу қыздың суретін, шашын көріп, я қызды түсінде не айнадан көрсе, кейде ауызша суреттелген қызға ғашық болады да, сұлуды іздеп алыс, қатерлі сапарға шығады.

Демек, бұл шығармаларда да эпос, ертегідегі сияқты ғашығын іздеп шығу мен оны табуды кейіпкер өзінің парызы деп біледі, ал сырттай ғашық болу осы сапарға шығудың негізгі себебі ретінде алынады. Өйткені түсінде портретін көрген, я біреуден естіген қызға жігіт шын жүрегімен ғашық болады да махаббат құштарлығы артады. Ал жігіт ғашық болған сұлу жаны мен тәні елден ерек, ғажайып сипатта суреттеледі. Бұл жерде, жоғарыда айтылғандай, ата-ананың шешімі, яғни тағдырына жазылғандығы емес, «керемет сұлулық» пен «елден асқан ерекшелік» басты мәнге ие. Қалыңмалға негізделген құдалық салты мен «жазмыш» мотиві ығыстырылып, естен таңдырған махаббат сезімінің оянуына түрткі болған сұлулық образы алдыңғы кезекке шығады.

#### **Әдебиеттер**

1. Бердібай Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: ҚМКӨБ, 1958. – 400 б.
3. Күмісбаев Ө. Қисса// Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
4. Қисса дастандар. Құрастырып, алғы сөзін жазған Ү.Сұханбердина. - Алматы: Жазушы, 1986. – 336 б.
5. Әзібаева Б. Қазақ дастандары. - Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 288 б.
6. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр.
7. Ғашық-наме. – Алматы: Жазушы, 1976. – 472 б.

### **ПРОФЕССОР А.Ш.ПАНГЕРЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОРДЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТАБИҒАТЫ**

**Ұлықпанова Әлия Жолдасқалиқызы**

**Магистр, аға оқытушы, «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Мақалада көрнекті ғалым Абат Шамұлы Пангерев зерттеулеріндегі топонимдік фольклордың жанрлық ерекшеліктері туралы сөз болады.

**Аннотация.** В этой статье рассматривается жанровые особенности фольклора в исследованиях выдающегося ученого Абата Шамовича Пангереева.

**Annotation.** This article discusses the genre features of folklore in the studies of the outstanding scholar A.Sh.Panganeyev.

**Тірек сөздері.** Фольклор, синкреттілік, топоним, топонимика, аңыздар.

**Ключевые слова.** Фольклор, синкретизм, топоним, топонимика, легенда.

**Key words.** Folklore, syncretism, toponym, toponymy, legend.

Фольклор – ата-бабамыздың өнегелі даналыққа құрылған өрелі сөзі, ананың әлдіі арқылы жас ұрпақтың құлағына жетіп, сан ғасыр бойы ауыздан-ауызға көшкен халық мұрасы. Фольклорлық жанрдың болмысы мен табиғатын тануда күні бүгінге дейін зерделенген ғылыми еңбектер аз емес. Ел әдебиеті сонау бағзы заманнан бастап, ғасырлық белестерді басып өтіп, рухани асыл қазына ретінде қалыптасты. Егер адамзат баласынан «Ежелгі дәуірлерден сақталып, еліңіздің өркениеттік сипатын танытатын қандай мәдени белгілеріңіз бар?», - деген сауал қойылса, әлемнің түкпір-түкпірінен үн қатқан түрлі ұлт-ұлыстың өкілдері сан тарау өнер түрлерімен бедерленген бұйымдары мен зәулім ғимараттарын, қамыс қағазға жазылып, сақталып қалған шежірелерін, т.б. алға тартары сөзсіз. Ал біздің қазақ халқының өркениеттілік белгісін танытатын бірден-бір белгісі – асыл сөзі, ауыз әдебиеті дер едім.

Сөз өнеріне жетік қазақ халқы үшін әдеби әлемнің үш тұғыры бар. Ол тұғыр – біріншіден, сан ғасыр бойы ауыздан-ауызға жетіп, «халық даналығы» деген үлкен бір ұғымға сыйған жалпы фольклорлық мұрамыз; екіншіден, қарапайымнан көркемдік деңгейіне көтерілген ауыз әдебиеті; үшіншіден, авторлық белгісі негізделіп, әдеби тілімізді қалыптастырған жазба әдебиет.

Әдеби арнаның тұмасы болған ауыз әдебиеті – ескірмес ел қазынасы болып табылатын басты белгісінен ажыраған жоқ. Ескірмейтін деуіміздің басты себебі бар. Қарыштап алға басқан жаңа заманда қазақ халқы – өзінің төл мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрыпын жадынан шығарып жатқан жоқ.

Сан тарау салт-дәстүрмен әдіптеліп, күні бүгінге дейін сақталып келген фольклорлық мұрамыздың болашаққа да батыл қадам баса беретіні, сөзсіз. Синкреттілік сипатқа ие ауыз әдебиетінің көп қырлы жанрлық бітімі – бөбегін бөлеген ананың әлді жырында, тәй-тәй басқан бүлдіршінге бар тілеген арнаған тұсаукесер жырларында, шаңырақ құрған жастарға арналған үйлену жырларында, өмірден өткен жақынын жоқтаған жанның азалы жырларында, жеті атадан таратып шежіресін білмекке ұмтылған жас ұрпақтың жадында, алты алашты ауызына қаратқан айтыс ақындарының отты сөздерінен көрініс тауып отыр.

Фольклорлық мұрамыздың ендігі бір асыл шоғыры – мекен еткен өлкесі мен туған жерінің әрбір тау-тасы, өзен-көлінің атауымен сақталған топонимдік аңыздарында жатыр. Фольклортану ғылымында

«топонимдік аңыз» деп аталатын жанр түрі тарихилық сипатқа ие. Жоғарыда айтып өткеніміздей, топонимдік немесе мекендік аңыздарда белгілі бір елді мекеннің аталу сыры аңызбен әдіптеліп, көркем тілмен бедерленеді. Топонимдік аңыздарды зерттеудің өзі – еліміздің түпкі тарихын танумен бірдей жүретін процесс десек те қателеспейміз.

«Болашаққа батыл қадам басу үшін – өткен тарихынды түгел таны» деген қасиетті қағида бар ғой. Жалпы жұрттың ұғымына сай келсін-келмесін, ұнасын-ұнамасын, өткен күн – біздің тарихымыз. Ал тарихтың парақтарын адамзат жадынан мүлдем сызып тастау мүмкін емес. Өткен күнде жіберген қателіктің себеп-салдарын анықтап, кемшілік күнді болдырмауға тырысып, жақсылыққа ұмтылған халық – нағыз халық. Сондықтан да, өз тарихымызды білгеніміз абзал. Ал топонимдік аңыздар – сол өткен күннің белгісін таңбалайтын әдеби мұра болып табылады. Топонимдік сипат – бір ғана ертегіден тыс аңыздық прозаның бойында ғана емес, ауыз әдебиетінің басым бөлігін құрайтын эпостық жырлары мен тарихи өлеңдерінен де көрініс табады. Топонимді тану – тарихты тану ұғымымен пара-пар дедік. Осы орайда, белгілі фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереевтің пікіріне сүйенсек, «топонимдік фольклордың танымдық мәні мен қатар қоғамдық маңызы» [1, 444] қатар жүретін «келелі мәселе» ретінде өзектілігін жоймайды.

Жалпы, ауыз әдебиеті жанрларынан, оның ішінде топонимдік аңыздардан тарихилық белгіні іздеудің өзі – шартты ұғым. Бірақ тарихилық бедері жоқ деп мүлдем үзілді-кесілді шешім шығаруға тағы болмайды. Аңызда баяндалатын сюжет – халықтың бір кезеңдерде басынан өткерген оқиғасы екендігіне дау жоқ. Әйтсе де, ауыз әдебиетінің өзге де түрлері секілді, фольклорға тән көп нұсқалылық, көп қабаттылық сипат – әрине, аңыз, әпсана, хикаят, миф атаулыға да тән.

Есте жоқ ескі замандардан бүгінге жеткен ертегіден тыс аңыздық проза атаулының қай-қайсысы да, түп баста ел басынан өткен ақиқатты оқиғаға негізделгенімен, ғасырлар бойы қалыптасқан ауызша баяндалу белгілерінен іргесін аулақ салып әкете алмайды. Бұл арада, оқиғаның шындықтан алыстап, көркемдік бояуы қалыңдап, әдеби сипатты иелену процесі жүреді.

Аңызда баяндалатын оқиға желісін жеткізуші адамның да сол оқиғаға қатысты өзіндік көзқарасы мен тұжырымына сай өзгеріске ұшырайтындығын да ескерген жөн. Сондықтан да, аңыз-әңгіменің түп-тамырында халықтың тарихы жатса да, фольклорлық жанр белгілерін бойына түгелдей сіңіретіндігін ескеруіміз қажет. Осы орайда, фольклортанушы А.Ш.Пангереевтің еңбектеріне сүйенетін болсақ, «топонимдік фольклор – өз алдына дербес бір жанр» [1, 52]. Яғни, зерттеушінің айтуынша, аңыз әңгімеге өзе болған «сюжет баяндалуы жағынан – фольклорлық, бейнеленуі жағынан – топонимикалық болып келеді» [1, 52].

Қазіргі фольклортану ғылымынан ойып тұрып орын алар еңбек – А.Ш.Пангереевтің «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» деп аталады. Академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов аса жоғары бағалаған бұл іргелі зерттеуде автор, Абат Шамұлы Пангереев топонимдік фольклордың жалпы сипаты мен теориялық аспектілерін, топонимдік фольклордың жанрлық жігін ажыратып, осы аталған саланың фольклордың өзге де түрлерімен байланысын жіліктей шағып талдап шығады. Қазақ елінің барлық өңіріне қатысты топонимдік аңыздарды, оның ішінде өзіміздің Ақтөбе өңіріне қатысты мекендік аңыздарды да ел ішінен жазып алып, алдымен ғылыми айналымға енгізіп, соңынан толыққанды зерттеу нысанасына айналдырған бұл еңбектің – аймақтық әдебиеттануда да алатын орны аса зор. Егер, топонимдік аңыздарды – туған жеріміздің әдеби тұрғыда бедерленген картасы, сызбасы деп білсек, аталған ізденістің ғылыми құндылығы арта түседі.

Зерттеуші Ақтөбе облысы, Ойыл ауданындағы «Атансауған» деген жердің аталу тарихына көз жүгіртеді. Ойылдың ел ауызында сақталған «Көкжар» деген тағы бір атауы бар. «Кіші Жібек жолы» деп аталған Көкжардың бойында кент болған, жәрмеңке өткендігі тарихтан белгілі. Сауда-саттық қайнап жатқан жатқан бұл ортаға жан-жақтан жиылғандардың аты болдырып, аяқ суытар жер іздегенде жол бойында орналасқан азғана үйлі ауылға тоқтап, сол елдегі жалғыз атанды лауға алады екен. Әрине, атанды лауға беріп, орнына күнкөріске қажетті бұйымдарын алып отыратын осы ауылдың адамдарын атансауғандар деп атап кеткен, жердің атының «Атансауған» аталуы да осыған байланысты қойылса керек деп атап көрсетеді. Осы арада айта кеткен жөн, жалпы көшпелі өмір сүру салтына негізделген қазақ халқының тарихында жолжүрген жандарға жергілікті халықтың көмек беру отыруы – заңды құбылыс болған. Осы аңыздан мәлім болғандай, атанды лауға беру дәстүрі – «сауын беру», «көлік майын беру» секілді игі дәстүрлермен қатар аталады. Қазақ еліндегі сот жүйесінің тарихы туралы бірқатар еңбектер жазған белгілі қаламгер Қанапия Омарханов: «Қазақтар жылдың төрт маусымында жиі-жиі көшіп жүретін болғандықтан, маусым сайынғы көші-қонда көлік жетпеген жағдайда ағайын-туыс, жекжат адамдар, көрші-қоландар тамыр-таныстарынан үнемі көлік майы көмегін алып отырған» [2, 64], - дейді. Лау беру ұғымы да «көлік майы» дәстүрімен сабақтас жатыр.

Осылайша, өткен күннің тарихи тамырын жер атауымен байланыстыра талдаған зерттеуші А.Ш.Пангереев «Атансауған» деген жердің атын топонимдік аңыз санатында, болмаса халық прозасының ертегіден басқа түрлерінің құрамында қарауымыз керек екен деп ойласақ, бір қарағанда солай көрінгенімен негізінде олай еместігі байқалады. Өйткені бұл оқиға өміде расымен болған, оған қатысты адамдардың (ұрпақтары – Ә.Ұ.) бірқатары әлі бар. Демек, оқиға топонимдік аңыздағыдай жартылай тарихи оқиғаны қамтып отырған жоқ, түгелімен ақпараттық сипатта. Тарихи аңыздағыдай оқиғалар мен фактілерді көркем түрде жинақтау, оқиғаның тарихи адам төңірегінде құру жағдайлары жоқ, оқиға болған күйде боямсыз баяндалады, оқиғаға нақты бір адамның қатысы айтылмайды, жалпы ауыл адамдары аталады. Әпсана-хикаяттағыдай жер-су, елді мекеннің қалай пайда болып, оның атының қайдан, неге байланысты шыққандығын түсіндіріп тұрған жоқ,

ол жер (Атансауған) қажеттіліктен, мұқтаждықтан болған жайды баяндап тұр» [1, 33], - деген тұжырымға тоқталады.

Расында да, автордың өте нақты тұжырым жасағанындай, бұл аңызда оқиға желісі де тым әсіреленіп, тілдік сипаты да шектен тыс көркемдік нәліні қоюлатып тұрған жоқ. Елдің аталу тарихы да – қарапайым халықтың күнкөріс жайынан айқын да анық хабар етеді. Міне, топонимдік аңыздардың тарихилық бедерінің бір белгісі де осындай ерекшелігімен белгілі болып отыр.

Ғаламтор бетін парақтау барысында «Орал өңірі» газетінің сайтына көзіміз түсті. Аталған басылымда осы «Атансауған» атауын мысалға келтіре отырып, біздің Ақтөбе өңіріндегі ономастикалық атаулардың этимологиялық сөздігін өздеріне үлгі ететіндіктерін де жасырмапты. Бұл – біз үшін аса қуанышты да жайт болды. Бір жағынан ең бастысы, оралдықтар «бір кездері «Атансауған» жерінің аталу тарихына байланысты дау туып, баз біреулер «атан сауылмайды» деп өзеуреп, жергілікті жердің атын теріске шығармаққа тырысқан екен» дей келе, «бірақ бұл өңірдің «атансауған» аталуында бұрыстық жоқ. Керуен жолында көлігі болдырғандер жергілікті халықтан атан сұрапты, яғни атанның күшін сауған екен» [3, 10], - деп пікір қосады.

Академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың «Әдетте, фольклортану ғылымында аңызды тарихи және мекендік (топонимикалық) деп екіге бөледі. Рас, бұлай болудың біршама шартты екенін ескеру керек. Топонимикалық деп бөліп жүрген аңыздарда да тарихи негіздер, фактілер болады. Ал, тарихи деп жүрген аңыздарда топонимикалық та мотив кездеседі, алайда, мұнда шығарманың өзі емес, ондағы сарын ғана топонимикалық сипатта болуы мүмкін» [4, 380], - деп атап көрсеткеніндей, топонимдік аңыздарда – елді-мекен, жер-су, тау-тастың аталуы сыры аңызбен өрілгеннен кейін, елдің тарихы міндетті түрде қоса-қабат айтылады.

Аңыз атаулыда көркемдік ерекшеліктер басты орында тұрмағанымен де, әдеби ерекшеліктері – баяндалу желісінен байқалатындығы да сөзсіз. Бұл жағын да жоққа шығаруға болмайды. Өйткені, ауыз әдебиетінің жазба әдебиетпен салыстырғандағы басты ерекшелігі де – ауызша айтуға, жаттауға, кейінгіге жеткізуге лайықты болатындығымен байланысты. Бұл орайда, профессор Қ.Жұбанов атап өткендей, ауызша әдебиет – мағынаның тым ауыр, қоюлығын да көтермейді [5, 266], ал енді бір жағынан, халық әдебиеті – елді жалықтыратын тым жадағай тілге де құрылмайды. М.Әуезовше айтқанда «ел әдебиеті», Қ.Жұбановша өрсек «халық поэзиясы» – еленіп-екшеліп, сан ғасырлық сұрыптаудан өткен бағалы қазынамыз.

Зерттеуші ғалым Абат Пангереевтің «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» атты монографиясында топонимдік әңгіме мен фольклорлық әңгіменің жанрлық ерекшеліктері айқындалады. Автордың айтуынша: «Фольклорлық әңгімеде бір адамның немесе қауымның басындағы бір ерекше жағдай баяндалса, ал топонимдік әңгімеде нақты бір өңірдің, жер-судың тарихы тыңдаушының көзін жеткізе таратыла баяндалады» [1, 95]. Топонимдік әңгімені тудыратын мотивтіліктің даму сипатына «көшпелі сюжеттердің» де аса зор әсер ететіндігі зерттеуде дәлелденген.

Өз өңірінің тау-тасының аталу тарихына, этимологиялық негізіне ерекше мән берген зерттеуші топонимдік әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін зерделеу барысында, өзінің туған жері Ойыл ауданына қарасты Шығанақ Берсиев ауылы маңындағы «Байбике» жері туралы тамаша бір аңызды келтірген. Аңыздың айтылуында, қалмақпен қырқысқан қиын замандарда ауыл жігіттері «ел шетіне жау келді» деген лақаппен тараған жел сөзге аңғырттықпен сеніп, дұшпанға қарсы аттанып кетеді. Ауылда шайқасқа жарамайтын бала-шаға, қатын-қалаш, кейуана-қариялар ғана қалса керек. Осы бір тұсты пайдаланып, жаудың қолы мыңғырған малы бар бай ауылды шауып алуға ұмтылса керек. Әлгі байдың байлығынан бөлек, елдің көркіне айналған ақылы мен парасаты асып туған Байке мен Бике есімді егіз қыздары бар екен. Амалдары қалмаған қос қарлығаш – егіз қыздар қалмақ әскеріне қарсы шабады. Ер жігіттің ерлігіне пара-пар әрекет көрсеткен Байке мен Бике қанды шайқаста қаза тауып, ел арулап көмген екен. Бұл өңір содан «Байбике» аталады. Отты, елге жұғысты жердің игілігін ел әлі көріп отыр. Міне, туған жердің тарихы – осылайша аңыз болып өріліп, ел жадында сақталған. Әрине, фольклорға тән көп нұсқалылық (варианттылық) белгі қай шығармаға да тән болатындығы сөзсіз. Өйткені, ел аузында баяндалатын «Байбике» туралы аңыздың ендігі бір нұсқасында Байке мен Бикенің ерлігі Ойыл бойында салынған қаланы қорғау барысында қаза тапқандығымен көрінеді. Бұл арада, басты ой қазығы – ерліктің қандай жағдайда көрінгендігімен емес, елді қорғау мәселесі бірінші орында тұрғандығымен құнды.

Ф.ғ.д., профессор Абат Шамұлы Пангереевтің топонимдер табиғатын зерттеген іргелі еңбегінде топонимдік әңгіме түрлері ғана емес, топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаяттың да жанрлық ерекшеліктері, сонымен қатар, қаһармандық эпос, романдық эпос, тарихи эпос пен тарихи өлендердегі жер-су аталары түбегейлі қарастырылып, толыққанды тұжырым жасалынған.

Белгілі тұлға, Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан: «...Жерсіз Отан жоқ. Жерсіз адам жоқ. Жерсіз мемлекет болмайды. Оның әрбір түйір тасы – әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы тиіс» деген екен. Туған қазақ елінің тау-тасы, өзен-көлі, кең сахара даласының тарихын аңыз әңгіме желісі арқылы тануға ұмтылып, еліне қызмет қылған ұстаз-ғалым Абат Шамұлы Пангереевтің зерттеулері – ғылыми ой-өрістің айшықты қазынасындай деп бағалаймыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Пангереев Абат. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. Ақтөбе: «NOBEL», 2014 ж. – 465 б.
2. Қанапия Омарханов. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. Астана: Елорда, 2004. – 280 б.
3. Нұрлыбек Рахманов. 59 елдімекен мен 184 көшеге лайықты атау керек // «Орал өңірі» газеті, 29 қыркүйек, 2016 ж.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезеңі. 1-том., «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. Алматы, 2007.
5. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: «Ғылым», 1999 ж. – 581 б.



## II. ТҮРКІ ДҮНИЕСІНЕ ОРТАҚ РУХАНИ МҰРАЛАР

### ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ СИПАТТАР (Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілі негізінде)

Алдашев Н.М.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа:** Мақалада Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі тілдік ерекшеліктердің түркі тілдес халықтарына ортақ мұра екендігі мен оларға тән ортақ сипаттар сөз болады.

**Аннотация:** В статье рассматриваются языковые особенности и характеристика общего наследия тюркских народов – Орхон-Енисейских памятников.

**Тірек сөздер:** Орхон-Енисей ескерткіштері, изафет, аффиксация, руникалық ескерткіштер.

**Ключевые слова:** Орхон-Енисейские памятники, изафет, аффиксация, рунические памятники.

Орхон-Енисей мұралары – байлығы мен барлығы, құпиялылығы мен беймәлімділігі мол әлем. Н.К.Витсен Сібір жерінде саяхатта болып, тас бетіндегі ғажайып суреттермен қоса беймәлім жазуларды және Сібір бетіндегі халықтары, оның тілі, дәстүріне байланысты құнды құжаттарды жинап жария етті. Н.К.Витсен Верхотурье маңында жартас бетіне жазылған суреттер мен беймәлім құпия жазулар табады. Верхотурье – Орта Оралдың Шығыс сілемі, «Сібір қақпасы» атанған Тур өзенінің басына жақын орналасқан елді мекен. Бұл жерге Витсеннен кейін 1698 жылы Верхотурье қалашығының іргетасы қаланған. Голландиялық Н.К.Витсеннің сапары тұсында орыстың белгілі географы, этнографы С.У.Ремезовтың Сібірден жинаған әртүрлі мәліметтердің негізінде «Сібірдің сызба кітабы» 1693-1703 жылдар аралығында жасалды. С.У.Ремезовтың картасында «Орхон тасы» туралы мәлімет бар. Бұлардан кейін Константинополь мен Падуде білім алып, Германия мен Швецияда өмір сүрген, өзін грекпін деп атаған молдавандық білімді отбасында туып өскен Николай Гаврилович Спафарий (Милеску) 1671 жылы Мәскеуге келеді. 1675 жылдың басында Қытайдағы орыс елшілігін басқарып, «Сібір хандығының Тобыл қаласынан Қытай шекарасына дейін жасаған саяхаты туралы кітап» деген еңбек жазды. Еңбекті жазу барысында Енисейден Ангар шатқалы арқылы жүріп өтеді. Аталмыш кітабында: «Үлкен белді асып түскенде, Енисей шатқалына тап боласыз. Осы шатқалдың жартас бетіне қашалып жазылған беймәлім жазулар бар. Жазулардың арасына крест бейнесі салынған. Онымен қатар қолдарына найза ұстаған адамдардың суреті қашалған. Бұларды қай заманда кім жазғанын ешкім де білмейді», - деп мәлімет қалдырған осылайша, ол көне түркі руникасы туралы деректерді батысқа жеткізушілердің бірі болды. Лингвистикалық зерттеулерге сүйеніп қарайтын болсақ, Орталық Азиямен оған жалғас жатқан аймақтардағы табылған көне жазбаескерткіштердің тілі, оның ерекшеліктері осы аймақты мекендеген халықтардың тілдік дамуын қалыптастыруда белгілі бір роль атқарғандығы туралы айтылады.

Түркі тілдес халықтардың әліппесіне көз жүгіртсек, бұл халықтардың ең көне әліппесі руникалық, яғни Орхон – Енисей әліппесінен басталатындығын көрсетеді. Белгілі ғалым Вильгельм Томсен: «...Орхон-Енисейское письмо по происхождению родственно аршакидской (среднеперсидской) письменности», - деп көрсетеді. Бұл пікірді түрколог ғалым В.В.Бартольд те қостайды: «Алфавит древнейших согдийских документов принадлежит к числу алфавитов семитического. Точнее арамейского происхождения, постепенно распространившихся из Передней Азии через Персию на восток, от иранских народностей это письмо перешло к тюрком» П.М.Мелоранский және Н.Аристов Орхон-Енисей жазулары түркі халықтарының таңбаларының /тамга/ негізінде шыққан болуы керек деген ой айтады [1, 2] Қалай болғанда да Орхон-Енисей жазуларының қайдан және қалай шыққандығы туралы ғылыми жорамалдар бар. Бұл мақалада Орхон-Енисей жазуларының айтылмай жүрген, айтылғанымен кейбір синтаксистік сөз тіркестерінің байланысу жолдары туралы ой қозғамақпыз. Қай тілде болмасын сәйлемдегі сөздердің байланысу жолдары синтаксистік орын тәртібі немесе морфологиялық /сөздің мағынасын, формасын өзгерту/ арқылы болатындығы белгілі. Түркі тілдеріндегі синтаксистік байланыстың негізгі түрлері қиысу, меңгеру және қабысу болып келеді. Орхон-Енисей жазуларындағы сөз тіркестерінің синтаксистік байланысу тәсілдері туралы профессор В.М.Насилев: «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде сөз тіркестерінің байланысу түрлерінен үш түрі тұрақты қалыптасқандығын көреміз. Олар көптеген түркі тілдерінің тарихи даму барысында бір жүйеге түсіп қалыптасқан.

- Сөз тіркестерінің бұл байланысу түрі ешқандай қосымшасыз, түбір күйінде байланысуы арқылы грамматикалық мағыналарды беру;

- Меңгеру – сөз тіркесіндегі басынқы сөздің әсерінен қалған сөздің белгілі бір септікте тұрып байланысуы;

- Қиысу сөз тіркестерінің жақ жағынан қиыса байланысуы.

Сонымен қатар түркі тілдерінде изафеттік тіркестік байланысу жолы бар. «Изафеттік тәсілмен байланысқан сөз тіркестері реалистік және посесивтік арқылы компоненттерінің байланысы мешіктік мағынаны білдіреді», - атап көрсетеді. Түркі тілдерінде сөз тіркестерінің қабысу түрі предикативтік және анықтауыштық қатынастары арқылы жақ пен шақ қатыстығын білдіріп отырған. Жоғарыда айтып отырған жазба

ескерткіштердің тіліндегі сөз тіркестерінің қиысу түрі жиі кездеседі, ал бастауыш пен баяндауыш, анықтауыш пен өздік есімдік, зат есім формасындағы етістік сөздердің кездесуі сирек. Мысалы, Інім Күлтегін кәргәк болты, өзім сақынтым. (Менің інім Күлтеген қайтты, мен қайғыландым). Руникалық ескерткіштерде сөз тіркестерінің қиысу түрі придиаттық және анықтауыштық байланысты яғни анықтауыш өздік есімдікпен келгенде немесе зат есім меншіктік қатынасты білдіргенде көбіне кездеспейді. Мысалы: Экі бың эртіміз, бің екі су болты, (біз екі мың жауынгер, екі әскер болдық). Тағы да бір – атап өтетін жағдай, түрколог ғалымдар бірінші және екінші жақты қиысу түрінің кездеспеуі, көбіне өздік есімдік арқылы беріліп отырған деген тұжырымға келіп отыр. Мысалы: өзүм-мен өзім, өзүң-сен өзің; Қабысу түрі көне жазбаларда жиі кездеседі. Жазба ескерткіштердің тілінде, сөз тіркестерінің қабысу түрі анықтауыштық және пысықтауыштық қатынастар зат есіммен және зат есімнен жасалған етістікті тіркестер арқылы кездеседі. Жазба ескерткіштеріндегі қабысудың мұндай түріне тән негізгі белгілері: Сөйлем құрамындағы барлық сөз тіркеспейді синтаксистік қабысу түрі арқылы берілген, яғни бағыңқы сыңары әр қашанда басыңқы сыңарына тәуелді болады, кейде араларына екі-үш сөз салып байланысады. Мысалы, ол анты аның йок түрк қаған, өтүкән олурсар, ілтә бұң йок, (Егер өткен қағанның бойында Түрік тайпаларының одағына қауіп жоқ). Егер осы сөйлемді талдап қарасақ анықтауыштық байланыс = ол қалған, = түрк қаған, пысықтауыштық байланыс: йыш олурсар – ол орман – тоғайда отырса, предикативтік байланыс- бұң йок – қайғы жоқ., қаған олурсар-қаған отыр.

Түрколог ғалым В.В.Радловтың пайымдауынша көне түркі тілдеріндегі сөз тіркестерінің қабысу түрі қазіргі түркі тілдеріне қарағанда ерекше мол болған. Тарихи қалыптасу тұрғысынан алып қарағанда меңгеру түрі табыс септігінің жалғауымен тура толықтауыштық қатынасты білдірген. Сонымен сөз тіркестерінің бір-бірімен байланысуында тек қана толықтауыштық қатынаста ғана емес мекендік, мезгілдік, себеп, қимыл-сынын білдіру арқылы пысықтауыштық қатынаста да болған. Септік жалғаулары арқылы келіп, меңгере байланысып тұрған сөз тіркесіне етістіктің көсемше, есімше, қимылдық атауы, және т.б. меңгеруге әсер ететіні байқалады. Құрылысы жағынан көне түркі жазбаларындағы етістік формасымен келген сөз тіркестері түбір етістікке және сөз тудырушы. Сөз тудырушы және түрлендіруші етістік формасы екі түрлі жолмен жасалған:

- Морфологиялық – аффиксация тәсілімен
- Синтаксистік - сөздерді тіркестіру тәсілімен.

Мысалы, Тоныкок Кәлүртім ок Түрік бодуне Өмүкән ізркә. (Қалай мен түркі халқын өткен жеріне әкелдім.) немесе Ол кунтә иәгті Түрк болун Тәмір қапығқа... Сол күндері түркі халықтары Темір қақпаға жетті. Қорыта айтқанда, жазба мәдениетінің ірге тасы – оның әліппесі, яғни алфавиті. Әлемде трихқа төл әліппесімен енген халықтар санаулы. Түркі халқы тәңірге және Жер анаға табынғаны да шындық. Иоллығ тегінің пайымдауынша түріктер көк тәңірі мен жердің арасында жаралған Көк Тәңірінің перзенті. Сондықтан түркілерге қара жер қуат берсе, Көк Тәңірі рухтандырған. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін зерттеуде әлі де беті ашылмаған тарихи жолдары бар. Кезінде белгілі ақын Олжас Сүлейменов қарашаның 25-ші жұлдызын түркі мәдениетінің мейрам күні деп атауды ұсынып еді. Қалай болғанда да даланың кеңдігін сақтай отырып, биік тауларымызды аласартпайық.

#### Әдебиеттер

1. В.В. Бартольд. История культурной жизни Туркестана .Л, 1927, стр.12.
2. В.В. Бартольд. К вопросу о языках согдейском и тохарском. Сб. «Иран» Л., 1926.
3. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности. А-А., 1972.
4. Алексеев М.П. Сибирь в известиях западноевропейских путешественников и писателей. Введение, тексты и комментарии. Т.1, ч.2. Иркутск, 1936, с. 59-58.
5. Сарткожаұлы Қ. Байырға түркі дүниетанымы және түркі алфавиті, (С.Аманжоловтың ғылыми мұрасы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселелері. Өскемен. 2003. Астана 2003, 164-165 б.
6. Қаржаубай С. Орхон мұралары. 1 кітап. Астана. 2003.
7. Айдаров Г. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі Алматы, «Рауан», 1991 ж.
8. Айдаров Г. Язык Орхонского памятника Бильге-Кагана. А-А. Наука, 1966 г.
9. Құрышжанов Ә, Томанов М., Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. Алматы 1965.
10. Сауранбаев Н.Т. Құрышжанов Ә. Ескі түркі тілдерінің кейбір жазу нұсқалары туралы деректер – «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1958, № 7, 30-39 беттер.
11. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы А., 1980 ж.

## А.БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

Алдашев Н., Ж.Ақылжанова  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Анатпа:** Мақалада ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай мен қазақ жазуын қалыптастырудағы А.Байтұрсынұовтың ролі туралы айтылады.

**Аннотация:** В статье рассматривается вопрос роль А.Байтұрсынова в становлении казахский письменности и общественно-политическое положение в начале XX века в Казахстане.

**Кілт сөздері:** усул джадид, аналтикалық сөзжасам тәсілі, араб жазуы, қазақ жазуы, «Қазақ» газеті.

**Ключевые слова:** усул джадид, аналитическое словообразование, арабский писменность, казахский писменность, газета «Қазақ» газеті

XX ғасырдың басы Қазақстан тарихында да елеулі кезең – төңкеріс жылдары болғаны, мәдениеттің басқа салаларындай, тіл мен әдебиетте де жаңа бетбұрыс, соны бағыт-бағдар байқалды. XX ғасырдың басында туған шытырман заманның түрлі қоғамдық-саяси оқиғаларына қазақтың көзі ашық, ұлтжанды, зиялы тобы өкілдерінің де бейтарап қарап отыра алмағаны, олардың қоғамдық дамудың алғы шарттарының бірін халыққа білім беру деп танып, бұны, алдымен, оқыту жүйесіне реформа жасаудан бастау керек деп есептеді. Оқу жүйесіндегі реформа өндірістік қатынастардың талабына сай жүргізілді және татар ғалымы И.Гаспринскийдің өткен ғасырдың аяғынан бастап ескі араб алфавитін түркі халықтары тіліне лайықтап, дыбыстардың естілу ерекшеліктеріне сәйкес бір ізге түскен жазу ісіне «усули-жәдидке» көшуді ұсынды, сауат ашатын әліппе, оқу құралдарын жасады, егер бұрын ескі хадим бойынша балалар он шақты жыл оқып, сауатын жөнді аша алмай, дұрыс хат жаза алмаса, жаңа әдіспен бір-екі жылда хат танитын болды.

«XX ғасырдың I жартысындағы саяси-әлеуметтік жағдай және қазақ әдеби тілі мен қазақ жазуы» ең алдымен сөздердің енуі мен игерілінің негізгі бағыттарының бірі - әдеби тіліміздің дамуын көрсете отырып, тіліміздің тарихын зерделеуге мүмкіндік береді. Осы мақсатқа байланысты қазақ әдеби тілі мен қазақ жазуы мен әдеби тіл деген ұғымдарға тигізген әсері айрықша болды. Қазақ әдеби тілі мен қазақ жазуы оның игерілуі тілдің функционалдық стильдерінің даму тарихына да өз әсерін тигізді. Себебі зерттеліп отырған кезеңдегі қазақ тіліндегі қазақ әдеби тілі мен қазақ жазуының қалыптасуына және әдеби тілдің стильдік жүйесі мен нормасының қалыптасуын игі әсер етті. Соны мен бірге қазақ әдеби тілі мен қазақ жазуының қалыптасуына, ұлттық баспасөздер мен басылымдардың қазақ тілінде шығуына, қазақ терминологияның негізін салып, оның қалыптасуына, дамуына елеулі себепші болды. Оның ішінде қазақ әдеби тілі мен қазақ жазуының да ролі баршылық және қазақ тілінің функционалдық стильдердің дамып, жетілуіне әсер етті. Ұлттық жазу жүйесін жетілдірудегі, араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімдеудегі, қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы А.Байтұрсынұвтың ролі ерекше болды. Қазақ тіл білімінің ірге тасын қалаушы Ахмет Байтұрсынұвтың тілдік мұрасын зерттеу баршамыздың ісіміз болып табылады. 1926 жылы Баку қаласында өткен «Түркологтардың бүкілодақтық I съезінде» жасалған терминология туралы баяндамасында Ахаң «Пән сөздері» «терминдер» жағынан қазақ тілі басқа түркі тілдері сияқты араб, парсы тілдерінен енген сөздермен шұбарланса ғана тілі, мәдениеті, бай болады деген пікірмен келіспей қазақ тіліне термин сөз болатын және ғылым тілі мен кірме сөздердің қолдану аясына қатысты айта келіп ондай сөздерді көп ала бергендіктен ол тілдер «жұтылу» алдында тұр деп айтады. Сондықтан қазақ тілі жат сөздерге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінің үлгісімен, тіл мәнері. бар сөздермен жасауға тырысты. А.Байтұрсынұвтың замандасы әрі серіктес жолдасы Халел Досмұхамедұлы да жат сөздерге байланысты пікір білдіргенде Ахаңмен үндесіп жатады. Х.Досмұхамедұлының көрсетуінше: «Тілге кірген жат сөздерде сіңу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі қажет. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді» - , деп жазады [7, 9] А.Байтұрсынұлы және оның пікірлес сол кездегі қазақ зиялыларының термин жасауға деген көзқарасы негізінен термин жасауға себепші болды деп есептейді [9].

1924 жылы маусым айында өткен Орынбор қаласында «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезінде» қабылданған принциптер төмендегідей болды. - пән сөзі ретінде ең алдымен тиісті ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзін алу; - қазақ тілінде ондай сөздер болмаған жағдайда туыстас тілдерден сәйкес келетін сөздер алу; - әлемдік /халықаралық/ пән сөздерін қазақ тілінің табиғатына сай сәйкестендіріп өзгертіп қолдану; - Қазақ тіліндегі сөздерден басқа тілдер сөздерінің бәрін қазақ тілінде айтылуына /дыбыстық жүйесіне/ сәйкес өзгертіп алу [1]. Бұл айтылған принциптердің ғылыми негізі – қазақ терминологиясының жасалуына негіз болды. Қазақ тілінде термин жасау ісінде – Ахаң осы принциптерді, атап айтқанда, « пән сөзі ретінде ең алдымен тиісті ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзін алу» принципін басшылыққа алады. Себебі А.Байтұрсынұвтың шығармаларында бар төрт жүзден астам терминдердің көпшілігі қазақ тілінен алынған. Мысалы, ноқат, нүкте, пайымдау, қағида, наху, әріп, харіф, емле, пән, әуезе, сарф, әліп би және т.б. қазақ тілінде бар сөздер. Тек араб - парсы тілдерінен енген наху, сарф деген сөздер болмаса қалғандарының барлығы да қазақ тіліне жаттығы жоқ таза қазақ тіліне тән сөздер болып келеді [1].

Қазақ тілінде термин жасауда өз еңбегін сіңірген ғалым , академик Ө.Айтбайұлы: «Тілдің бар қатпар-қыртысын сақа пайдалана білуде А.Байтұрсынұв үлгісі таптырмайтын өнеге», - деп атап көрсетеді [4]. Ахаңның ұсынған принциптері негізінде сол замандағы ғалым атамыздың тұстастары, қазақтың сол кездегі зиялы өкілдері арасында толық қолдау тауып, олар сол термин сөздердің айналымға енуіне өз үлестерін қосты. Себебі, XX ғасырдың алғашқы жылдары мен 20-30 –шы жылдарында жарық көрген ғылыми еңбектер мен көпшілікке арналған оқулықтар , сол кездегі жарық көріп тұрған бұқаралық – ақпарат құралдарында А.Байтұрсынұлы ұсынған принциптер өз қырынан айқын көрінді. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің терминін жасауда қазақ тілінің сөз жасам жүйесіндегі барлық тәсілдерді сарқа пайдаланған адам. Қазақ тілінің сөзжасам тәсіліне жататын синтетикалық /морфологиялық / және аналитикалық / ситаксистік/ тәсілдер мольнан қолданылған. Мысалы, есімдерден зат есім тудыратын -ша, -ше жұрнағы + көсем – ше, есім – ше, сызық – ша, қосым-ша;- ші, шы – жұрнағы + дәйек –ші, буын – шы; -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, тік жұрнақтары + етістік, жалғаулық, есімдік сияқты термин сөздер жасаған. Ал, етістіктен зат есім тудыратын бастама, әліптеме, зауықтырма, сарындама, ұсынба, қорытпа, ермектеме, мазмұндама, марқай+ыс, сұқтан+ыс, азаптан+ыс, күл+іс, әлектен+іс, әурелен+іс сияқты термин сөздер жасаған. Сол сияқты кимыл есімге – ыш, -іш жұрнақтарын жалғау арқылы анықтау+ыш, толықтау+ыш, пысықтау+ыш сияқты термин сөздер жасалған. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан сөзжасам жүйесінде морфологиялық тәсілдің жаңа сөз жасауға бейім әрі мүмкіндігі

өте мол болып келеді. Ұлы Ахаң осы үлгіні кеңінен пайдаланған. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдердің бірі -аналитикалық тәсіл деп жоғарыда айтып өттік. Ахмет Байтұрсынұлы да осы аналитикалық тәсілді молынан пайдаланады. Мысалы Ахаңның еңбектерінде кездесетін зат есім, сан есім, сын есім, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, құрмалас сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, қаратпа сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, мақсат пысықтауыш, себеп пысықтауыш, сын пысықтауыш, сұрау белгісі, леп белгісі, қос нүкте, жай шырай сияқты қазақ тіліндегі тілтанымдық терминдерді осы аталмыш тәсіл арқылы жасаған. А.Байтұрсынұлы жасаған осындай термин сөздердің тағы бір ерекшелігі ретінде – қазақ тілінде бұл сөздер алғаш рет калька тәсілімен жасалғандығы дер едік. Ал, калька әдісі бұрыннан тілтаным ғылымында бар әдіс болып есептелінеді.қазақ әдеби тілінің және қазақ жазуының дамуы қазақ әдеби тілінің және қазақ жазуының дамуы туралы белгілі ғалым Рәбиға Сыздықова «...жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айта кету керек», - деп жазады [1].

Ал академик Ә.Т.Қайдаров былай деп жазады: «...қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық. Ең басты себеп - замана үрдісі,тіл саясаты,мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп,- «еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы.Үшіншіден, терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналды да қалған жүздеген тілдердің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келді. Төртінші себеп - ғасырлар бойы өз дәстүрлерімен еркін дамып келген тілдері ғылыми – техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан бірден лап берген терминология тасқынына төтеп бере алмады. Бесінші себеп – ана тілінің мүмкіндігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тәрпынан кезінде жойылған болатын.», - деп атап көрсетті [10].

Қазақстанда «жаңа әдіспен» оқыту ісі ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығында өріс ала бастады. Діни сабақтармен бірге білімнің өр саласынан хабар беретін арифметика, география, тарих, жаратылыстану, тіл пәндері жүргізілді. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, О.Қарашев, М.Сералин т.б. ағартушылар, ақын-жазушылар, алғыр ой иелері ескі оқу жүйесіне реформа жүргізу мәселесін бірден қолдап «Айқап» пен «Қазақ» беттерінде мәселені кеңінен насихаттауға кірісті. Ахмет Байтұрсынов қазақ (араб) алфавитін жаңа жүйеге келтіруге, ежелесіз оқу мен төте оқуды қалыптастыруға жол салды. Бұрынғы әліппе бойынша, ескі араб өрпімен (хадимше), түсініксіз сөздерді жаттаудың орнына, тура өз тілімізде оқып-жазатын жаңа өдіс ұлт мәдениетінің тарихында орасан зор маңызды оқиға болды [11]. Қазақ әдеби тілін дамытудағы әлеуметтік маңызды мәселенің бірі -А.Байтұрсыновтың араб графикасын реформалауы болды. А.Байтұрсынов өзі реформалап, ықшамдаған араб графикасымен «Қазақ» газетін шығарды, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты еңбектерін жазды. Бұлар тіл білімі, әдебиеттану ғылымы саласындағы тұңғыш еңбектер еді. А. Байтұрсыновтың ұсынған өліпбиін орыс ғалымдары «Байтурсуновский алфавит» деп атап, ал профессор Е.Д.Поливанов оған жоғары баға берді [1]. Бұл тәжірибені өзге түркі халықтарыныңкейбірі (өзбек, татар) қолдап, өз жазуларына өзгерістер енгізе бастайды.

М.Жүсіповтің тұжырымдауынша, А.Байтұрсыновтың әліпбиі сингармонизм фонологиясын жасаудың теориялық негізін тұңғыш қалаған еңбек [9]. Қазан төңкерісінен кейін халықты жедел және жаппай сауаттандыру қазақ тілін араб жазуын тастап өзге әліппеге көшу керек деген сылтаумен, Москвадағы « Жаңа түркі алфавиті» комитетінің нұсқауымен алғаш латын, кейіннен орыс графикасында қабылдады. Егер 20-30-шы жылдары қазақ жазуына қай алфавит қолайлы деген мәселенің төңірегінде айтыстар болса, 1937-38 жылдары зиялыларымыздың көрнекті өкілдері қуғын-сүргінге ұшырап, көбі атылып, жер аударылып кеткеннен кейін, кириллицаға көшуге жол ашылды. Айналырған жиырма жылдың ішінде алфавиттің 3 рет өзгеруі әдеби тіліміздің дамуын тежегені сөзсіз. Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ жазуы туралы жан - жақты толық және терең жазылған зерттеу жұмыстары бар. Бұл тізімдегі Н.Оралбаеваның кандидаттық диссертациясы, І.Кенесбаевтің, Р.Сыздықованың еңбектері көпшілікке таныс. Қазан төңкерісінен кейін қазақ әдеби тілінің қоғамдық қызметі өсіп, қолданылу аясы кеңіді. Тіл жөнінде тұңғыш декрет жарияланды. Бұл декрет бойынша қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекет тілі болып жарияланды. Қазақ тілі күнделікті тұрмыс тілінен саяси, үгіт-насихат жұмыстарында, мәдени, ғылыми, оқу-ағарту ісінде қолданылатын болды. Қазақ тілі іс қағаздарын жүргізу жұмысының, мерзімді баспасөздің тілі дәрежесіне көтерілді.

#### Әдебиеттер

1. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013 ж.
2. Ш.Сарыбаев Қазақ тілі білімі мәселелері. «Арыс», Алматы, 2000.
3. Н.Уәлиев, А.Алдашева. Қазақ орфографиясында кездесетін қиындықтар. Алматы, 1988.
4. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері. – Алматы, Рауан. 1997.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ тілі лексиканың терминдеуінің үрдістері: филол.ғыл.док...автореф. Алматы, 1999.
6. Қазақ грамматикасы. Алматы, Ғылым, 2002.
7. Х.Досмұхамедұлы.Қазақ – қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. Алматы, 1992.
8. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Алматы, «Ана тілі», 1987. (құраст. А.Алдашева, Н.Уәлиев және т.б./ Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, «Ғылым», 1989.
9. Жүсіпұлы М. А.Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. Алматы, 1998 ж.
10. Қайдаров Ә.Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. А., 1993, 9-10 беттер.

11. Б.Әбілқасымов, А.Мектеп-тегі. Ахмет Байтұрсынұлы һәм «Қазақ» газеті.//қазақ тілі мен әдебиеті журналы, №7-8, 1997 ж.
12. Нұрғалиев Р. Альш бәйтерек // А. Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы: Рауан, 1991.

## АЛДАР КӨСЕ ЕРТЕГІСІ АУДАРМАСЫНДА ОРЫН АЛҒАН ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР

Әбдіғалиева Ж.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, аға оқытушы  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада көркем аударма проблемалары, соның ішінде Алдар Көсе ертегі аудармасында орын алған лексикалық проблемалар қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы художественного перевода, в том числе лексические проблемы, возникающие в переводе сказки Алдар Косе.

**Annotation.** The article deals with the problems of literary translation, including lexical problems arising in the translation of the fairy tale Aldar Kose.

**Тірек сөздер:** Аударма, қиындық, лексикалық трансформациялар, нақтыландыру, жалпыландыру, транслитерация.

**Ключевые слова:** Перевод, проблема, лексические трансформаций, конкретизация, генерализация, транслитерация.

**Key words:** translation, problem, lexical transformations, concretization, generalization, transliteration.

Көркем аударма принципіне келгенде, түпнұсқаның сөйлемдерін мүмкін болғанша бұзбай, сөзіне сөз баламасын келтіріп аудару, автордың үн-ырғағын, жалпы интонациясын жеткізу үшін ой қисыны мен тыныс паузасын, яғни бүкіл музыкасын ескеру талабы жайдан-жай туған нәрсе емес. Бұл - жалпы советтік, тіпті, дүние жүзілік аударманың тәжірибесі мен теориясына сүйене отырып қойылған талап. Бұл қазіргі біздің мәдениетіміз бен әдебиетіміздің және әдеби тіліміздің даму бағдарындағы қажеттіліктен туып отыр [1, 27]. Көркем шығарманың әр алуан қырлары мен сырлары болады : табиғат көріністері суреттеледі, адамның ішкі сырлары (монолог) шертіледі, көңіл күйі, сезім дүниесі баяндалады, философиялық толғаныстар мен психологиялық тебіреністер ашылады, тағысын тағылар. Бұлар кейде суреттеу түрінде, кейде баяндау түрінде берілсе, кейде асқақ пафоспен, кейде ұтымды афоризммен беріліп отырады. Аудармада осылардың бәрін өз қырымен, өз сырымен, өз бояуымен жеткізу керек. Шығарманың сырын тек сөзден ғана іздеу жеткіліксіз. Оның көркемдік - эстетикалық ләззаты, ең алдымен, мағыналық және қисындық тұтастығында, тек өзіне ғана тән ырғақ-үнінде, толық-лебінде. Мұның бәрін жоғарыда айтылғандай автордың стилін бұзбай аударып, әрі қазақша жатық шығарғанда ғана жеткізуге болады. Кейбіреулер айтып жүргеніндей, бұлардың біріне - бірі түрлі әдіс, екіншісіне басқаша әдіс қолданып аударуға болмайды. Яғни, «философиялық толғаныстар мен психологиялық тебіреністер де түпнұсқаның үлгісін бұзбай аударып, лирикалық шегіністерге келгенде еркін сілтеу керек» деушілердікі дұрыс емес. Дәлдік барлық жерде керек.

Аудармашының ешқашан адастырмайтын темірказық жұлдыздай айнымас бағдары – автордың стилі. Осы бағытты дұрыс ұстаса, ол әр қашан көркемдік дүниесіне жол тауып шығады. «Стиль дегеніміз мазмұн мен түрдің белгілі бір жарасымды тұтастығы, ой мен оның образдық бейнесінің әлдеқандай бір баламасы, ақырында, ол - ой мен сезімді бейнеленудің белгілі бір манері, салты, әдіс-тәсілі, ал көркем шығарманың стилі, меніңше, суреткердің жүрегіндегі үздіксіз үн беріп тұратын «қылдың» бұралуына байланысты. Шығарманың мазмұнынан барып оның түрі туады. Мазмұн мен түрдің арасында әрқашан әлдеқандай бір диалектикалық біртұтастық жатуға тиіс» [2, 6]. Сонымен, шығарманың мазмұнын неғұрлым дұрыс және дәл беремін дейтін болсақ, оның түріне елеусіз қарай алмаймыз. «Так как форма всегда соответствует идее, то размер отнюдь не есть случайное дело и изменить его в переводе, значить поступить произвольно» [3, 8]. Әсіресе көркем прозаның аудармасында мазмұн дәлдігіне оның түрін сақтау арқылы барады.

Аудармадағы басты мақсат – адекваттылыққа жету. Адекваттық немесе эквиваленттік аударма - аударма тілдің нормаларын сақтай отырып аударылған қажетті деңгейдегі аударма. А.В.Федоровтың айтуынша түпнұсқаның мазмұнын дәл жеткізе білу және функционалды-стилистикалық сәйкестікті толық жеткізе білуді адекваттық деп айтамыз. [4,3] Адекваттыққа жетуде аудармашы міндеті әртүрлі аудармалық трансформацияларды аударма мәтіні барлық ақпаратты барынша дәл жеткізе алатындай етіп аударма тілдің нормасын сақтай білу. «Трансформация – аударма тәсілдерінің көпшілігінің негізі. Түпнұсқа мәтінінің формалды және семантикалық компоненттерін аударылуға тиіс ақпаратты сақтай отырып өзгертумен түсіндіріледі. Я.И.Рецкер трансформацияларға «сөздік бойынша мағынасы сәйкес келе бермейтін шет тілі сөзіне орыс тілінде сәйкестігін табуда көмектесетін логикалық ойлаудың тәсілдері» деп анықтама береді. [5, 38]

Шетел сөзінің мағынасын ашуда және аударма тілде сәйкестікті табудағы логикалық ойлау тәсілдерін лексикалық трансформация деп атаймыз. Трансформацияны қолдану дегеніміз аударылғалы отырған тілдің лексикалық бірлігіне аударма тілде сәйкес сөз не сөз тіркестерін табу. Қазіргі аудармалық тәжірибеде транслитерацияның кейбір элементтерін сақтайтын транскрипция алдыңғы қатарда болып табылады. Тілдердің фонетикалық және графикалық жүйелері әртүрлі: absurdist – абсурдист, skateboarding – скейтбординг. Әрбір тіл жұбы үшін арнайы түпнұсқа тілдің дыбыстық құрамының жеткізілу ережесі жасалады, транслитерация

элементтерін сақтаудың және ережеден дәстүрлі бастартудың жағдайлары көрсетіледі. Ал шығарма аудармасына келетін болсақ:

*Өгіздер, обалдары не керек, қамшы салдырмай, ырғақтарынан жаңылмай түп-түзу тартып отырады. Соқа жүріп өткен жазықта дымқыл қара топырақ аунап түсіп, атыз жасайды. Бәрі жақсы, бірақ мұндай жұмыспен өмір бойы шұғылданып көрмеген безбүйрек байдың самайынан тер сорғалап, көзі қарауытады. Сондай көзі бір қарауытып, басы айналған кезде жанына жақын келіп: [6, 4]*

*-Ассалаумағалайкум! – деген **Алдар Көсені Жартыбай** байқамай да қалды.*

*Oxen were slogging obediently along the furrow, moving steadily, with measured steps, untiringly. A long furrow stretched behind the plough.*

*Blue-grey steam was whirling above heavy, moist slices of land. Everything was good! But a stingy and stubborn **bai** was not used to such work. He had never acted as a ploughman before. Sweat was running down his face. Now and then everything went dark before his eyes. Out of strain he grew crimson all over.*

*“Hello!” **Aldar-Kose’s** voice said into his ear.*

***Zhartybai** ( it was the greedy bai’s name) gave a start in surprise. [6, 5]*

Бұл үзіндіден «бай» сөзінің ағылшын тіліне транслитерация арқылы «*bai*» деп, ал «Алдар-Көсенің» - «*Aldar-Kose*», ал «Жартыбай» - «*Zhartybai*» деп транслитерация жолымен жеткізіліп тұрғанын көруге болады.

*Жастар қарқылдап, кәрілер миықтарынан күліп, бүкіл ауыл мәз болады да қалады.*

*The young burst into laughter, the old chuckled. The whole **aul** laughed at the boastful bai. [6, 30]*

Мұндағы **ауыл** сөзі ағылшын тіліне **aul** деп аударылған. Себебі ол орыс тілі арқылы ағылшын тіліне жеткен, яғни **ауыл** – **аул** – **aul**.

*Сіздер кімсіздер өзі?! – деп сұрайды олардан.*

*- Біз **Құлан** мен **Түлен** деген ағайынды сайтандармыз. Біз сені ұрлыққа үйретеміз. Не ішіп, не жеймін дейтін болмайсыңдар! [6, 116]*

*“Hey, who are you?” Aldar – Kose feigned surprise. “We are brothers – devils, **Kulan and Tulen**. We will teach you to steal and will divide what we get among us.” [6, 115]*

Мұнда сайтандардың аттары **Құлан** және **Түлен** - **Kulan and Tulen** деп транслитерацияланып тұр, яғни «*қ*» әрпі де «*у*» әрпі де шет тіліне «*и*» боп жеткізілген. Себебі орыс тілінде де «Кулан», «Тулен», әрі ағылшын тілінде қазақтың «*қ*» және «*у*» дыбыстары жоқ.

*Калькалау жаңа сөз бен сөз тіркесін түзеді және түпнұсқа бірлігінің көшірмесін береді. Мысалы:*

*Біраз көз шырымын алған **Жартыбай** ояна сала қалғып отырған **Алдар Көсені** көреді. *Періштесі* түрткендей, сол сәтте ол да атып тұрып:*

*- Сіздің мына өгіздер бұрыннан да осындай ма еді?!*

*Soon Zhartybai woke up and found out that the oxen were not there where **Aldar-Kose** was dozing peacefully beside the plough. But all of a sudden the **Beardless Deceiver** jumped up and came down on the bai:*

*“What habits do those oxen of yours have?” [6, 9]*

Бұл үзіндіде көріп отырғанымыздай Алдар Көсе есімі екі жолмен ағылшын тіліне жеткізілген, яғни *Алдар Көсе* – *Aldar – Kose*, *Алдар Көсе* - *Beardless Deceiver*, бірінші жағдайда транслитерация арқылы, ал екінші жағдайда калька арқылы аударылған.

*One day the boastful bai went into the steppe riding his light-legged camel. There he run into a stranger. The stranger seemed to be looking for something. He was walking and walking around, now to the right, now to the left.*

Бұл жоғарыда келтірілген үзінді аудармасынан аудармашының «желмаяны» - **light-legged camel** деп, яғни шап-шаң жүгіретін түйе деп нақтылап берген. Ал **біпесе- әрі**, **біпесе** – **бепі** дегенді түсінікті болу үшін **to the right, now to the left**, яғни **оңға сосын солға** деп нақтылап береді.

Конкретизация немесе нақтыландыру дегеніміз түпнұсқа тілдегі кең мағыналы сөздің аударма тілде тар мағыналы сөздер не сөз тіркестерімен ауыстырылуы болып табылады.

*- Егер өлген болса, тірілтіп алайық!*

*- Сөйтсек, сөйтейік! Бірақ қалай тірілтеміз?!*

*- Байқаймын, бұл өзі **сирағы шыққан сорлы** қазақ!*

*“After all, we can raise him from the dead”*

*“Oh, that’s true! But how can we do it?”*

*“Quite easily. As far as I can see, the poor fellow had never eaten his fill in his life.” Түпнұсқадағы **сирағы шыққан сорлы** – the poor fellow had never eaten his fill in his life аудармада өмірінде қарны тойып тамақ жемеген деп, ал сорлы сөзі the poor fellow- байғұс бала деп аударылған.*

*Жалтыландыру нақтыландыру тәсіліне қарама-қарсы тәсіл, яғни түпнұсқа тілдегі тар мағыналы сөзді аударма тілде кең мағыналы сөзбен ауыстыру.*

*-Әй, не **оттап тұрсың** сен?! Тау шайқалмай, жер сілкінбей, олар қара жердің астына қалай сіңіп кетеді?! – деп **Жартыбайқұйрықтарға қарап бет бұрғанда** Алдар Көсе шырылдап қоя береді. [6, 10]*

*- What are you **talking about**, you fool?! Has anybody ever seen oxen go into the ground for no reason at all? [6, 11]*

Мұндағы түпнұсқа тілдегі «*оттау*» деген сөз мағынасына үңілсек, аузына келген сөзді айта салу немесе қайдағы бір жағымсыз сөзді айту деген мағынаны береді, ал аударма тілде «**talk about**» деп, яғни жай ғана «айту» деген сөзбен жалпылап бере салған.

*-Қаққанда қанымды ағызып, соққанда жанымды шығарған тасбауыр тірліктен құтылдым ба әйтеуір деп қатты қуанып едім. Қай оңбаған тірілті екен мені?! –деп, Алдар Көсе қтіріктен-өтірік өкіріп кеп жылайды. – Қорлықтың қамытын қайта кигенше өзенге қарғып өлейін деп, жарқабаққа қарай жүргізген кезде иығында отырған екі сайтан жалбарына бастайды. Бұл сұға батса, бірге кетеміз деп қорқады. [6, 114]*

*Aldar-Kose burst out crying.*

*“Oh, dear! Who has brought me back to life? At long last my soul had found peace, I thought I had left behind all my misfortunes and grieves. And what now? Some rogues have revived me! Oh dear! Why should I go on suffering in this world? I’d better go drown myself” [6, 115]*

Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай **Қаққанда қанымды ағызып, соққанда жанымды шығарған тасбауыр тірліктен құтылдым ба әйтеуір деп қатты қуанып едім** деген түпнұсқа айтылымы - *I thought I had left behind all my misfortunes and grieves* – деп аударылған. Мұндағы әбден титығына тиген, ауыр тірлікті бейнелейтін «қанымды ағызатын» және «жанымды шығаратын» деген айтылым аудармада жәй ғана «misfortunes and grieves», яғни « бақытсыздық және мұн» деп берілген. Сондай-ақ **қай оңбаған** деген ашу-ызаға толы сөзі аудармада жәй **Who** – кім деп берілген.

Түпнұсқаның шеңберінен шықпай отырып-ақ сөз тіркестерінің ішкі сырларын аша білу, олардың ұғымдық және образдық мәндерін қазақ тілінің жүйесімен дұрыс қиыстырып шығару аудармашы тарапынан үлкен зейінділікті, шеберлікті тілейді. Ол өзін өзі өнебойы қадағалап отырмаса, түпнұсқаның ықпалына түсіп кеткенін білмей де қалады.

Қазір біздегі көркем аударманың белгілі дәрежеде қалыптасқан дәстүрі, не бір тамаша үлгілері бар. Аударма мәдениеті барған сайын өсіп, шеберлігі артып келеді. Біз оны бұдан былай да жетілдіре беруге тиістіміз. Олар үшін аударма тәжірибесінің өткендегісін таразылап, болашағын бағдарлап отыруымыз керек.

#### **Әдебиеттер**

1. Алдашева А. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Алматы, 1999. – 47 б.

2. Рецкер Я.И. «Учебное пособие по переводу с английского языка на русский», Москва -1981. – 84 б.

3. Латышев Л.К. Курс перевода: эквивалентность перевода и способы ее достижения. М., 1981.

4. Федоров А.В. «Основы общей теории перевода». М, «Высшая школа», 1983. – 320 б.

5. Швейцер А.Д. «Перевод и лингвистика» – М., 1973.

6. «Алдар Көсе», «Алматы кітап баспасы» - 2009 (үш тілде).

## **РФ ОРЫНБОР ОБЛЫСТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНДЕГІ ОРЫНБОР ВЕДОМСТВОСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ**

**Әбенова Б.С., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
Бақбергенова Гүлнұр Темірханқызы  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

XIX ғасырдың басына қарай патша үкіметі өлкені саяси-әкімшілік басқаруды жүзеге асырудың жаңа органдарын құрып жатты. Ресейді жаңа 34 әкімшілік губернияға бөлу жөніндегі 1796 жылдың 31 желтоқсанындағы Жарлықтың негізінде Орынбор губерниясы қалпына келтірілді. Губернияны басқару үшін *азаматтық және әскери губернатор* қызметтері енгізілді. Әскери губернатор генерал-губернатордың құқықтарын иеленді және әскери істермен қоса, шекаралық істерді де атқаруы тиіс болды. Осы жылдан бастап, қазақтарға қатысты істерді жүргізетін бас билеушінің, яғни әскери губернатордың қызмет орны Орынбор қаласына көшірілді. **Өлкенің бірінші әскери губернаторы қызметіне барон О.А.Игельстром тағайындалды.**

1797 жылдың 26 ақпанында Шетел істері Коллегиясының жанынан «азиялық халықтарға қатысты істерді жүргізетін» айрықша Департамент құрылды. Әрине, аталған мекеме бірінші кезекте қазақтармен байланысты мәселелерді реттеумен айналысты.

1799 жылдың 25 қаңтарында Орынбор әскери губернаторы Н.Н.Бахметев Павел I-ге өлкедегі шекаралық мекемелер туралы өзінің пікірлерін жолдады. Хатта әскери губернатор Шекаралық сот «... тек қана оған бөлінген қазынаның пайдасыз шығындарына бола емес, ол қолданылған ... ол шешуге тиісті мәселелер үшін де мүлдем қажеті жоқ» дей келе, өзінің мақсатын орындамаған мекеме ретінде Шекаралық сотты жою жөнінде өтініш білдірді.

1799 жылы Шекаралық сот пен Шекаралық экспедиция жойылды, олардың орнына Шекаралық істер Коллегиясы (болашақтағы – *Орынбор Шекара комиссиясы*) құрылды. Коллегияға комендант басшылық жасады, мүшелері ретінде: орыстардан – 2 ассессор (әрқайсысына 450 рубль жалақы), қазақтардан – 1 сұлтан (300 рубль жалақы), 2 старшын (әрқайсысына 200 рубль жалақы), 1 қазынашы, 1 хатшы, 1 хаттамашы, 1 архивариус, 1 тіркеуші және 3 аудармашы қызмет етті. Шекара Комиссиясына жалпы 4120 рубль, ал ханға, сұлтандарға, старшындарға жалақыға және сый-сияпаттарға 7500 рубль қаржы бөлінетін болды. Әскери губернатордың жанында шекаралық істерді жүргізетін хатшы тағайындалды, оған жылына 350 рубль жалақы белгіленді.

Осылайша, қазақ жерлерін бақылау коменданттардың қолына берілді. Сонымен қатар, коменданттардың қазақтарды тізгіндеп ұстау мен басқару жолдары жөніндегі пікірлері ерекше ескеріліп, қазақ даласына ішкері ене түсудің түрлі айла-тәсілдері ойластырылды.

1804 жылдың маусымында Орынбор өлкесінде расправалар жойылды.

Орынбор Шекара комиссиясының басты қадамы қазақтарға тиесілі территорияның нақты бейнесін анықтау әрекетінен басталды. Өйткені, территорияларды жетік меңгеру және батыл саяси қадамдар жасау үшін мекендер жөнінде жетік ақпарат қажет еді. Орынбор коменданты Тарарыкин әскери губернатор Г.С.Волконскийдің атына жазған өзінің ұсынысында әскери және басқа да шаралардың жүзеге асырылуы үшін Орынбор және Сібір шептерімен шектесіп жатқан даланың жаңа картасы қажеттігін атап көрсетті. Соған орай, аталған картаның сызбасының жергілікті инженерлер тарапынан жасалып, Орынбор Шекара Комиссиясына жеткізілуіне әскери губернатордың ат салысуын өтінді. Яғни, коменданттар үкіметтің қазақ даласындағы қырағы көзіне айналды. Бұдан патша үкіметінің қазақ елінің саяси билігін тұтастай өз қолына алуды көздеген астарлы ойы байқалды. 1811 жылы Елек форпостының негізінде Новоилецк шебінің құрылуымен шекараны бақылау деңгейі одан әрі беки түссе, кейінгі Жаңа шеп құрылысы оның ықпал ету аймағының кеңеюіне жағдай жасады.

Орталық үкімет халықты тізгіндеп басқару принципін қолдануға ұмтылды. Қазақ жайылымдарын бірте-бірте шеп территориясының есебіне енгізгенімен қоймай, империялық саясат жергілікті халықтың байырғы жайылымын жайлау мүмкіндігін шектей бастады. Кіші жүз рулары шеп меншігіне айналдырылған иеліктерде жайылған әр мал үшін ақы төлеп, өз жерін өзі жалдаушыға айналды. Амалы қалмаған жергілікті тұрғындар казак станицаларын торуылдап, малдарын барымталап отырды. Ал далаға шыққан казак отрядтары ойларына келген ойранды салды. Мысалы, «Тама руының қырғыздарын ұстауға ... жіберілген полк хорунжиі Беляков, ұрыларды таба алмағандықтан, олардың туысы Байбарак Тоқмамбетовты айдап әкелді», оны босату үшін ұрылардың берілуін талап етті.

Орал әскерінің атаманы Бородин 1811 жылдың 14 қыркүйегінде әскери губернатор Волконскийге «Харкинк форпостының шолушы казактары Жайық өзенімен қырғыз даласына өтіп бара жатқан қырғыздарды ұры деп танып, 14 жылқыны қолға түсіргенін» мәлімдеді. Бірақ, тексерулер қорытындысы малдың қазаққа тиесілі екендігін анықтайды. Осылайша, нақты кінәліге қолы жетпеген әскерлер жазықсыз жандарға тиісіп немесе барымтаға еш қатысы жоқ ауылдарға ауыр зиян келтіріп отырды. Өзара қақтығыстардың шиеленіскендігі соншалық, тіпті әр түрлі себептермен далаға жіберілген әскер отрядтарының тек кінәлілерге ғана емес, сонымен қатар, бейбіт тұрғындарға қатысты да қиянат жасау, ойрандау және тонаушылықты үдетуі салдарынан, Азиялық комитет 1814 жылғы 21 қыркүйектегі Жарлығымен далаға қарулы отряд жіберуге тыйым салуға мәжбүр болды.

Енді тараптар шиеленісінің одан әрі ұлғаюына жол бермеу үшін, 1817 жылдың 26 наурызында әскери губернатор П.К.Эссен Орынбор корпусына «біздің жақтан арнайы рұқсатсыз ешкім, қандай да болмасын себептермен далаға бір қадам да жасамасын...» деп бұйрық берді. Әрине, әкімшілік шенеуніктері жағдайды шекара шебінде қазақтар тарапынан үдей түскен шапқыншылықтарға қарсы жауап ретіндегі шара деп ақтамақшы болды. Шын мәнінде, бұл шабуылдар қазақтардың орталық үкіметтің жергілікті халықпен санаспайтын менменшіл империялық саясатына қарсы әрекеті екендігі анық. Өйткені, бұдан кейінгі жылдарда да патша үкіметі өлкедегі әлеуметтік-саяси ахуалды реттеу үшін дүркін-дүркін жазалаушы отрядтар жіберіп, күш қолданып отырғаны мәлім.

Кіші жүз халқына қатысты әскери қысым ауылдарды күшпен бағындыруға әрекеттенгенімен, шептегі билік қазақ даласына батыл бойлап ене алмады. Өлкеде ресейлік билікті жүзеге асыруға қол жеткізу үшін патша үкіметі тығырықтың жолын жаңа әкімшілік-әскери шаралардан таппақшы болды.

1818 жылы Орынбор Шекара комиссиясы жаңа штаттармен күшейтілді. Комиссияға дербес төраға қызметі енгізілді. Комиссия құрамы 2 кеңесшімен және «саяси байланыстарды жүзеге асыратын айрықша шенеунік» қызметімен толықтырылды. Орталық үкімет Орынбор әкімшілігін тек қазақтарды билеу ісінде ғана емес, сонымен қатар, Орта Азия мемлекеттерімен қатынастарды қалыптастыруда да пайдалануды көздеді.

Ресей өкіметі 1819 жылы қазақтармен және азиялық басқа халықтармен байланыстарды реттейтін орталық мемлекеттік мекемелерді қайта құрды. Шетел істері министрлігі жанынан қазақ жерлеріне қатысты істермен және Ресейдің азиялық халықтармен қарым-қатынасы мәселелерімен айналысатын Азиялық департамент құрылды. Сонымен қатар, Орынбор өлкесіне және Азиямен сауда істеріне қатысты айрықша Азиялық комитет ашылды. Бұл арнайы мекемелердің алдына орталық үкімет қазақтармен қатынас деңгейін зерттеу және оны дамыту болашағын талдау міндетін қойды. Осы міндеттерге сай, 1822 жылы Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссен «Орынбор қырғыздары туралы Жарғының» жобасын жасақтады. Жобада Орынбор әкімшілігінің карамағындағы Кіші жүз даласын алдымен жоғарғы буын арқылы заңдастырып, содан соң шепте тәртіп орнату негізінде, далаға ішкерілеп бойлай түсу көзделді. Осылайша, патша үкіметі ғасырлар бойы қазақ жерінде сақталып келген қауымдық рулық жерді пайдалану мен басқаруды ресейлік билеу жүйесімен заңды түрде өзгертуге кірісті.

Ресей өкіметі XIX ғасырдың басында қазақтармен және азиялық басқа халықтармен байланыстарды реттеу мақсатында құрылған Азиялық департамент пен айрықша Азиялық комитеттің алдына Орынбор өлкесі қазақтарымен қатынас деңгейін зерттеу және оны дамыту болашағын талдау міндетін қойды. Өйткені, Ресей өзінің азиялық аймақтағы экономикалық және саяси мүдделері осы кезеңде оның Орынбор өлкесіндегі билігін күшейтуді қажет ететінін түсінді. Сондықтан да, орталық үкімет ресейлік басқару жүйесін тек өлке қазақтарын



билеу ісінде ғана емес, сонымен қатар, Орта Азия мемлекеттерімен қатынастарды қалыптастыруда да пайдалануды көздеді. Сонымен, Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссен 1822 жылы Кіші жүз өлкесіндегі басқарудың ресейлік жүйесінің негізін қалайтын «Орынбор қырғыздары туралы Жарғының» жобасын жасақтады. Жоба Азиялық комитетте қабылданып, патша мақұлдағаннан кейін ғана, 1824 жылдың 31 қаңтарындағы «Орынбор өлкесін басқаруды қайта өзгертуге қатысты Азиялық істер Комитетінің бекітілген пікірі» атауымен жарияланды. Аталған құжатта Ресей үкіметі Орынбор ведомствосындағы казак жерлерін басқарудың жаңа тәртібін бекітті, сол арқылы Кіші жүзде хандық билікті жоюға шешім қабылдады.

«Пікірде» тек шекаралық басқару жүйесі өзгертілетіні атап көрсетілді. Шекаралық басқару үш буынға: жоғары, шептік және далалық буындарға бөлінді. Шекаралық комиссия басқарудың жоғарғы буыны болып табылды және құжатта «Орынбор азиялық басқармасы» деп аталды. Комиссия бұрынғы құрамда (1818 жылғы) бекітілді, тек шеп бойында сауда жүргізетін бұхаралық және хиуалық көпестерден 2 өкіл қосылды. Шекаралық комиссияға өлкедегі тәртіптің сақталуын бақылау, жергілікті казак шенеуніктерін қадағалау, салықтар жинау, сот істері, дәрігерлік бөлімді басқару міндеттері жүктелді. Осылайша, Шекаралық комиссия Ресейдің ішкі губерниялық басқармаларының функцияларын орындайтын болды.

«Шеп» әкімшілік-территориялық бірлігі дербес басқару буыны ретінде қарастырылды және олардың жанынан айрықша басқармалар құрылды. «Пікірге» сай, Орынбор жоғарғы шебін - Нижнеурал, Звериноголов, Троицк, Верхнеурал, Кизил, Ор, Орынбор дистанциялары; төменгі шебін – Елек қалашығы, Рубежинск, Кожехаров, Калмыков, Бақсай дистанциялары құрады. Әр дистанцияны басқаруға «шептік дистанция командирі» қызметі бекітілді. Бекініс коменданты дистанция командиріне бағындырылды. Яғни - дистанциялар бойынша және бекіністер бойынша - екі жақты әкімшілік басқару енгізілді. Шептік басқару буынына шеп күзетін жасақтау, полиция ісі, басшылықтың айрықша тапсырмаларын орындау міндеттері жүктелді. Орталық үкімет тарапынан заңдық тұрғыда бекітілген бұл функциялар шептік басқару мекемесінің әскери полицейлік орган екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, әлдеқашаннан орыс шаруалары мен казак тұрғындары мекендейтін Верхнеурал, Троицк, Орынбор дистанцияларынан басқа дистанцияларға да орыс тұрғындарын қоныстандыру белгіленді.

Далалық басқару буыны Жайықтың сол жақ жағалауы жерлерін, яғни казак даласын басқаруға қатысты буын болып табылды. Оң жағалауды орыс үкіметі «ішкі» жерлер санатына жатқызды. Патша үкіметінің XVIII ғасыр бойы қабылдаған заңдық актілері және Орал, Орынбор казак әскерлерінің көмегімен жүзеге асырған шектеу, тыйым салу шаралары казактардың бірте-бірте Жайықтың оң жағалауына көшу мүмкіндігінен айырылуына алып келген болатын. Әкімшілік құжаттарда казактар «Жайықтың арғы беті халқы» деген атауға ие болды. Енді «Кіші орда» ұғымы «Жайықтың арғы бетіндегі орда» ұғымымен ауыстырыла бастады. Міне, осы Жайықтың арғы беті казактарына қатысты енгізілген арнайы басқару тәртібі «далалық басқару» деп аталды. «Пікірге» сай, казактар мекендейтін территория үш бөлікке: Батыс, Орта, Шығыс бөліктерге бөлінді. Әр бөлік жергілікті басқарудың үш буынын қамтыды: *а) ауылдық басқару; ә) ауылдық бірліктерден құралатын тайпалық басқару; б) ауылдық және тайпалық басқаруды қамтитын ордалық басқару.* Орданың бөліктерін сұлтандар, тайпалықты жеке басқарушы, ауылдарды старшындар басқаратын болды. Аға сұлтандарды Орынбор әскери губернаторы, қалған казак «шенеуніктерді» Шекара комиссиясы тағайындады.

Аға сұлтандар алғашқы кезде көмекшілерін сұлтандардан белгіледі. Олар аға сұлтандардың және шекара басшылығының тапсырмаларын орындады, сонымен қатар, бөліктерде «тыныштықтың» болуын бақылауы, «қаскүнемдерді» ұсақ даулы істер бойынша жақын шеп бастығына, ал қылмыстық істер бойынша - Шекара комиссиясына жеткізуі тиіс болды.

Ережелердің негізінде Бөкей ордасына «ішкі» округ мәртебесі берілді. Орынбор казактары мекендейтін территорияны Батыс, Шығыс, Орта бөліктерге бөлу жағдайында Сібір казактарының шекаралық бөлінісі шарттық шама ретінде алынды.

**Шығыс бөлікке:** Сібір казактары облысы шекараларынан бастап, яғни Звериноголов станицасынан кейінгі Сырдария шебіне дейінгі жерлер; оңтүстігінде – кейінгі Сырдария шебі; батысында - Степная станицасынан Ой өзеніне дейін; Марийск станицасы, Үлкен Қобда өзенінің және оның сол ағыстарының жоғарғы жағалаулары, Ойыл өзені, Шалқар теңізі арқылы Сырдария өзеніндегі №2 фортқа дейінгі жерлер кірді.

**Орта бөлік:** Батыс бөліктің шығыс шекарасы бойындағы жерлерді; батысында – Үлкен Қобда өзенінің құйылысынан бастап, оның сол тармақтарының жоғарғы жағалауларды, Ойыл өзені арқылы Жем өзенінің бойымен Ембі бекінісіне, одан әрі Арал теңізіне дейінгі жерлерді; оңтүстігінде – Қаратабан шатқалынан Арал теңізі жағалауы бойын; солтүстігінде – Үлкен Қобда өзені құйылысынан Елек, Бердеңке өзендерінің бойымен Орсқ бағытында Верхнеурал бекінісі мен Степная станицасына дейінгі жерлерді қамтыды.

**Батыс бөлікке:** шығысында – Орта бөліктің батыс шекарасы бойындағы жерлер; солтүстігінде – Елек, Жайық өзендері жағалауынан Орал қалашығына дейінгі жерлер; батысында – Жайық өзенінің ағысымен, Орал әскері жерлері бойымен Гурьевтен Каспий теңізіне дейінгі жерлер; оңтүстігінде – Каспий және Арал теңіздерін бөлетін мойнақ енді.

Орынбор өлкесінің Батыс, Орта, Шығыс бөліктерге бөлінуі Кіші жүзде хандық биліктің іс жүзінде жойылуына алып келді. Орынборға алдырылған Шерғазы хан Шекара комиссиясының бірінші қатысушысы ретінде тағайындалды. Бөліктерде аға сұлтандар ретінде Әбілқайыр ханның және Қайып ханның ұрпақтары билік етті. Бөліктер Кіші жүз руларының орналасуына және аға сұлтандардың ықпалына қарай межеленді. Мысалы, Шығыс бөлік халқының негізін Әлімұлы ұрпақтары және шөмекей, қыпшақ рулары құрады; Орта

бөлік Жетірудан және Әлімұлының кейбір бөліктерінен тұрды; Батыс бөліктің құрамына Байұлы енді. Жалпы, бөліктер территориясы бойынша да, халқының саны жағынан да біркелкі болмады.

Аға сұлтандардың ставкалары казак станицалары мен бекіністерде орналасты. *Батыс бөліктің орталығы* ретінде - *Затонный форпосты*, *Орта бөліктің орталығы* ретінде - *Изобильная станицасы*, *Шығыс бөліктің орталығы* ретінде *Усть-Ой станицасы* белгіленді. Аға сұлтандардың жанына 100-200 адамдық әскери отрядтар берілді. Аға сұлтандар Орынбор Шекара комиссиясының нақты шенеунігі болып табылды. Отарлық әкімшілік казак даласында аға сұлтандар билігін күшейту арқылы мемлекеттік қызмет атқармайтын сұлтандардың маңызын төмендетіп, казак қоғамында казак ақсүйектерінің билігін бірте-бірте әлсіретуге тырысты. Дегенмен, орыс билігін жүзеге асыруға ынтыққан аға сұлтандар казак қоғамындағы билігін нығайта алмады, өйткені, олардың казак арасында әлеуметтік-саяси тірегі болмады. Ресей үкіметінің қызметкерлеріне және орыс билігін жүзеге асыру құралына айналған аға сұлтандар казак қоғамының әлеуметтік-саяси табиғатын талқандай бастады. Отарлық үкіметке керегі де сол еді!

Ережелер басқару құрылымының жалпы принциптерімен шектелді және далалық басқарудың барлық буынының міндеттері мен құзырлықтарын көрсетпеді. «Ауыл старшындары» мен «тайпа» басқарушыларының функциялары, «тайпалық басқару» дегеннің құрылымы, оны ұйымдастыру принциптері, оның билік ауқымы анықталмады. Кіші жүзді бөліктерге бөлу барысында жайылым жерлерді дәстүрлі көшпелі-қауымдық бөлу принципі ескерілмеді.

Орыс тұрғындарының Орынбор өлкесіне қоныстануының одан әрі жалғасуы, олардың қазақтармен арақатынасы, 1824 жылғы ережеде шептік басқару мәселелерінің де толық жасақталмауы, басқарудың бұл буынының далалық басқару жағдайларынан өзгешелігі - өлке әкімшілігіне қазақтарды басқарудың басқа органдары мен жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіруге жол ашты.

1830 жылы Орынбор әскери губернаторы қызметіне тағайындалған П.П.Сухтелен казак өлкесін басқару істерімен таныса келе, Азиялық департамент директорына өзін мазалаған ойлар жөнінде хат жолдады. Хатта әскери губернатор Орынбор өлкесінде И.Неплюев кезеңінен бері қазақтар тарапынан заң бұзушылықтарға қарсы тек қорғану тактикасының ғана қолданылып келгенін атап көрсетті. Сухтелен казак даласында «Ресейдің ықпалы тек бекіністерден әрі қарай 25 шақырымға ғана таралып отырғанын» айта келе, Ресей позицияларын нығайту үшін қатаң шаралар қолданатын уақыт келгені жөнінде пікір білдірді. Николай I-нің рұқсатын алған соң, әскери губернатор өлкеде қайта құрулар жүргізе бастады.

Орынбор шекара комиссиясының төрағасы генерал-майор Г.Ф. фон Генстің ұсынысының негізінде, әскери губернатор Сухтелен 1831 жылы «... ордалықтар арасында көбірек тәртіп орнату үшін, даладағы барлық жағдайлар жөніндегі мәліметтерді тезірек жеткізу үшін және басшылықтың өкімдерін, әсіресе, оның шеп бойы қырғыздары (қазақтары – А.Б.) мен шеп тұрғындарының шағымдарына қатысты ұйғарымдарын, жылдамырақ орындау үшін...» шекаралық шепке жақын жерлерді мекендейтін қазақтар арасында «дистанциялық» деп аталатын басқару жүйесін енгізді.

Дистанциялар алдымен шептер бойында пайда болды. Орыс үкіметі далалық ортада мұндай әкімшілік пункттер құру ертерек деп есептеді. Сухтеленнің өкімімен шекаралық шеп бойымен Гурьевтен Звериноголов бекінісіне дейін 22 дистанция құрылды. Дистанцияларға ру ақсүйектерінен тағайындалған бастықтар басшылық етті. Дистанция бастықтары ретінде «сенімді» адамдарды тағайындау арқылы Орынбор әкімшілігі казак даласын толығымен бақылауға және басқаруға бірте-бірте қол жеткізуді жоспарлады. Дистанциялар ішінде әр форпостқа немесе әр отрядқа қарсы әкімшілік басқарудың ұсақ бірліктері – старшындықтар (ауылдар) құрылды, оларды қазақтардан тағайындалған «жергілікті бастықтар» басқарды.

Дистанциялық және жергілікті бастықтардың қызметіне басшылық ету үшін 1831 жылы Шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генс «Аға сұлтандардың көмекшілері мен ауыл бастықтарына арналған ережелер» және «Дистанция бастықтарына арналған ұйғарымдар» жасақтады. Ережелер бойынша дистанция бастықтары шептік дистанция командиріне, аға сұлтанға, Шекара комиссиясына және әскери губернаторға бағынды. Оларға өздеріне сеніп тапсырылған дистанция қазақтарын қатаң бақылау міндеті жүктелді. Қазақтар тарапынан «жаман ниет» белгілері байқалған жағдайда, дистанциялар бастықтары олар жөнінде шеп басшылығына немесе Шекара комиссиясына хабарлауы тиіс болды.

Жергілікті бастықтар дистанция бастығына бағынды және шеп командирімен байланыса алды. Жергілікті бастықтарға: олардың билігіне бағынғысы келмейтін адамдарды өздерінің билігі таралатын жерлерден қуып жіберу (2-пункт); сенімсіздік тудыратын адамдар жөнінде жоғарғы басшылыққа хабар жеткізу (10-п.); шептік билік орындарына «қаскүнемдерді» ұстауға көмектесу (12-п.); шеп тұрғындарына қарсы қылмыс жасаған қазақтарды Шекара комиссиясына ұстап беру (13-п.); қазақтар арасындағы ауыр қылмыс жағдайларында, оларды «татуластыруға тырысу», олай болмаған жағдайда, кінәлілерді дистанция бастығына беру (14-п.); айыппұлдар жинауға және мүліктік жазаларға қатысты Шекара комиссиясының сот қаулыларын орындау (15-п.); қазақтарды шеп бойы және ішкі жерлер тұрғындарына қарсы келеңсіз қылықтар жасаудан аулақ болуға көндіру (25-п.) құқықтары берілді /7/. Жалпы, шеп бойы қазақтары арасында дистанциялық-жергілікті басқарудың мұндай өзіндік жүйесін енгізу аймақ халқын Орынбор әскери губернаторына, Шекара комиссиясына және шептік әскери билік органдарына бағындыру мақсатын көздеген шара болды.

30-шы жылдардың соңына қарай, Орынбор әскери губернаторы Кіші жүздің далалық бөлігінде дистанциялар құруды бастады. 1838 жылы Жаңа шеп бойын мекендейтін қазақтарға дистанциялық басқару енгізілді, 40-шы жылдардың басында дистанциялар Ново-Александров бекінісі аймағында құрылды.

Дистанцияларды құруда қазақ руларының қыстауларда дәстүрлі орналасу тәртібі ескеріліп, ұйымдастырылды. Шеп бойы дистанцияларында бірнеше ру бөліктерінің араласып кеткенін атап айтқымыз келеді.

Егер өлкеде алғашқы он жыл ішінде 31 дистанция құрылса, тек 1841 жылдың сәуірінде, Орынбор жерлеріне Сібір ведомствосынан көшіп келген 30 мың түтін арғындардың есебінен, тағы 10 дистанция (32-41-ші дистанциялар) жасақталды.

1845 жылға қарай өлкеде барлығы 51 дистанция болды: олардың 22-сі – бұрынғы шеп бойында және 5-і - Жаңа шеп бойында, 24-і - далалық аймақта құрылған дистанциялар. 1847 жылы 1210 түтінді біріктірген 40-шы дистанциядан арғындардың 510 түтіні бөлініп шығып, тағы 4 дистанция қайта құрылды.

1848 жылдың ақпанында Қарабұтақ бекінісінің аймағында Ор, Талдық, Қайраққұм, Ащыбұлақ, Мәндібай, Түлкібас өзендерінде 1031 жағалбайлылар түтінінен 56-шы дистанция пайда болды.

1850 жылдың желтоқсанында Үлкен және Кіші Қобда өзендерінің бойын мекендейтін 1334 түтіннен 57-ші дистанция жасақталды.

Осылайша, 1857 жылға қарай, Батыс, Орта, Шығыс бөліктерді 57 дистанция, 231 ауыл, 25 ру, 80 ру бөліктері құрады. 1-32-ші дистанциялар шеп маңындағы дистанциялар болып табылды, олардың ішінде 19-22-ші, 26-шы, 27-ші дистанцияларды – Шығыс бөлік, 9-18-ші, 23-25-ші дистанцияларды – Орта бөлік, 1-8-ші дистанцияларды Батыс бөлік қамтыды. 33-57-ші дистанциялар далалық дистанциялар деп есептелді. Жалпы, Шығыс бөлікте - 21 дистанция, Орта бөлікте – 5, Батыс бөлікте – 2 дистанция болды.

Көріп отырғанымыздай, дистанциялар нөмірленді, дистанция бастықтары өзі басқарып отырған дистанцияның нөмірі бойынша анықталды. Дистанция бастықтары дистанцияның территориялық ауқымына қарай үш разрядқа бөлінді және соған сәйкес мемлекеттен жалақы алды. Бірінші разрядтағы дистанциялар бастықтарына жылына - 75 рубль, іс-қағаз жүргізушісіне - 30 рубль; екінші разрядтағы дистанциялар бастықтарына жылына - 50 рубль, іс-қағаз жүргізушісіне - 25 рубль; үшінші разрядтағы дистанциялар бастықтарына жылына - 30 рубль, іс-қағаз жүргізушісіне - 20 рубль жалақы бөлінді. Тек Орал және Орынбор бекіністері жанындағы 53-54-ші дистанциялар бастықтарына, дистанциялар территориясының үлкендігі, соған орай, міндеттерінің күрделілігі ескеріліп, 125 рубль жалақы және іс-қағаз жүргізуші жалдау үшін 50 рубль қосымша қаржы белгіленді. Оған қоса, оларға 324 ширек ұн бөлу ұйғарылды.

Шекара комиссиясының төрағасы генерал М.В.Ладыженский өзінің 1846 жылғы жазбасында Орынбор өлкесінде дистанцияларды құру себептеріне тоқтала келе, дистанция бастығы қызметі уақытша енгізілген қызмет екенін атап көрсетті. Орынбор өлкесінде дистанциялық жүйе 1831-1868 жылдар аралығында қолданылды. Бұл уақыт мерзімінде дистанциялардың саны, олардың ауқымы, олардағы рулардың орналасуы, адам саны өзгеріп отырды. Дегенмен, бұл шара уақытша болса да, Орынбор әкімшілігіне қазақ даласындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайды қатаң бақылауға және түтін салығының жиналуын жіті қадағалауға мүмкіндік берді. Сонымен, Орынбор өлкесін басқаруға қатысты Азиялық комитеттің бекітілген пікірі аяқталмаған, нақты жасақталмаған құжат болды. Осы құжат арқылы орталық үкімет Орынбор әскери губернаторы Эссеннің қазақ жерлерінде әкімшілік-территориялық бірліктер құру және қазақ халқының белгілі бір топтарын басқарудың бастапқы аппаратын жасақтау жөніндегі ұсынысын жүзеге асыруға жағдай жасады. Орынбор әкімшілігінің қызметінде тиянақсыздық, ойланбай әрекет етушілік басым болды, ол жағдайлар кейіннен Ресейдің аймақтағы саяси бағытының тұрақсыздануына алып келді. Сондықтан, орталық үкімет өлкеге ресейлік әкімшілік тәртіптерді тезірек енгізуге мүдделі болды. Орынбор өлкесіндегі әкімшілік саясаттың жүйелі заңдық негізін жасақтауға Ресей үкіметі 1844 жылы кірісті.

#### **Әдебиеттер**

1. Материалы по введению русской политической системы управления в Казахстане /Сост.: С.К.Жақыпбек, А.А.Бельбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 257 с. –С.46-52.
2. Кривошеков А. На Оренбургской пограничной линии //Вестник Оренбургского учебного округа. – 1914. - №3. – С.160.
3. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (ОрОМА), 6-к., 10-т., 394-іс, 12-п.
4. Материалы по истории политического строя Казахстана. Том 1. – Алма-ата: Изд-во АН КазССР, 1960. – 441 с. – С.210-215.
5. Национальные окраины Российской империи: становление и развитие системы управления. – М., 1997. – С.328.
6. ПСЗРИ. – Т.VI. - №4870.
7. Зайончковский П.А. Правительственный аппарат самодержавной России в XIX в. – М., 1978. – С.24.
8. ПСЗРИ. – Т.XX. - №14392.
9. ПСЗРИ. – Т.XIX. Штаты и табели к - №17988.

## **ДЕТСКИЕ СЛОВЕСНЫЕ ИГРЫ В КАРАКАЛПАКСКОЙ ПОЭЗИИ ПЕСТОВАНИЯ (на примере жанра «тауламаш»)**

**Амирлан С.Е.**

**старший научный сотрудник**

**Каракалпакский научно-исследовательский институт  
гуманитарных наук Каракалпакского отделения АН РУз  
г. Нукус, Каракалпакстан**

**Андатпа.** Мақалада каракалпак халқының әлпештеу поэзиясының бір жанрлық түрі болған **сұрамақтар** қарастырылған. Соған орай сұрамақтардың өзге жанрлардан ажыралып тұратын өзіндік белгілері мен ерекшеліктеріне назар аударылған. Сондай-ақ, сұрамақ жанрының балалардың сөйлеу дағдыларының қалыптасуындағы, тапқырлық пен шешендікті дамытудағы орны анықталған. Нәтижеде, сұрау-жауаптарға құрылған сұрамақтардың түркі халықтарының ерте замандардан бастау алған байырғы да дәстүрлі жанры екендігі жөніндегі тоқтамға келінген.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается один из видов поэзии пестования каракалпакского народа – перевертыши. Раскрываются причины возникновения перевертыши, жанровое своеобразие и отличия от других жанров. И на этой основе определяется значение перевертыши в формировании речевых навыков детей, развитии смекалки, экспромта, красноречия. Имеющие вопросно-ответную основу, перевертыши (или прибаутки) относятся к древнейшим традиционным жанрам тюркских народов.

**Annotation.** It is said in this article about a kind of foster poetry of Karakalpak nation as facetious sayings. The reasons of facetious sayings are opened as a genre of originality and difference from other genres. On the basis of it we determine the importance of sayings in the formation of children's speech, improving mother wit, extemporization, eloquence. Sayings are based on the question-answer foundation is considered to be Turkish nations ancient traditional genre.

**Тірек сөздер:** каракалпак, балалар фольклоры, әлпештеу поэзиясы, сөз ойындары, сұрамақтар.

**Ключевые слова:** каракалпак, детский фольклор, поэзия пестования, словесные игры, перевертыши.

**Key words:** karakalpak, children's folklore, facetious saying, verbal games, nursery rhyme.

Каракалпакская поэзия пестования богата разнообразными жанрами детского творчества. Среди них особое место занимает жанр «тауламаш» (*«таўламаш»*), который играет значительную роль в развитии мышления, обогащении словарного запаса детей, и их психологической подготовки в процессе восприятия ими объективной реальности.

По своему содержанию и форме он соответствует русским «прибауткам» или «перевертышам» [2, 304, 306], узбекскому «ағдармачок» или «қайтармачоклар» [12, 16; 13, 179-181; 18], по казахскому «сұрамақтар» [10; 17: 76-78].

Жанр «тауламаш» возник в каракалпакском детском фольклоре в форме песенно-игровой деятельности между взрослыми и детьми, и является неотъемлемой частью национальной традиции каракалпаков в воспитании детей. Известный исследователь каракалпакского фольклора Н.Давкараев рассматривает образцы данного жанра в составе «детской поэзии» [5: 137]. Основатель теоретического исследования каракалпакского фольклора К.Аимбетов относит его к детским играм [1: 49]. Другой исследователь, отдельно изучивший специфику каракалпакской детской литературы И.Курбанбаев, внося дополнения существующей классификации, включает данный жанр в группу «детского песенно-игрового фольклора» [9: 14]. По мнению исследователя, жанр объединяет в себе обе формы детской фольклорной деятельности.

Самым популярным среди образцов жанра «тауламаш», является «Тұлкичек» (*«Тұлқишек»*). Среди каракалпаков до сих пор существует устойчивое словосочетание «Мен саған тұлқишек айтып отырман ба?» или «Мен саған таўламаш айтып отырман ба?», который в переводе означает «Что, я тебе прибаутки рассказываю?» [11: 68-69]. Человека, склонного говорить, преувеличенно называют и «таўламашы», то есть «перевертышник» [16: 209]. Слово «таўламаш» по своему лексическому значению синонимично со словами «таўлау», «бурау» и «шыйратыу» и обозначает «крутить, придавать форму» [7: 288].

«Тауламаш» это не просто общение взрослых и детей, в его эстетическую функцию входят: развитие образного мышления, познание окружающего мира, речи, которые занимают важное место во взрослой жизни каждого ребенка.

В качестве примера можно привести бытующий до сих пор среди каракалпаков один из образцов данного жанра, известный под названием «Бала, бала – балпақ», русский аналог: «Малыш, малыш – ходунок». Почти все варианты данного образца начинаются свыше указанного традиционного и устойчивого зачина, который мы выбрали в качестве названия образца.

– Бала, бала – балпақ,

Басың неге жалпақ?

– Темир қалпақ көп кийдим,

Басқан шығар қалпақ... [4: 475].

– Малыш, малыш – ходунок,

Почему голова твоя плоская?

– Долго носил железный шлем,

Видимо шлем, её придавил.

Как видно из композиции образца, как и все остальные, он построен по традиционной схеме «вопрос-ответ». Особенно большой интерес вызывает содержание текста образца, которое выявляет в свет многие существенные факты из исторического прошлого каракалпаков. Как известно из существующих различных источников, как другие кочевые и полукочевые народы Средней Азии, каракалпаки вплоть до полной консолидации каракалпаков как нации, были вынуждены, жить в боевой готовности. Чему способствовали неустойчивые политические отношения и междоусобицы с соседствующими народами. «Темир қалпақ» (*«дуўлыға»*), то есть «военный шлем» как военный атрибут, упомянутый в образце, достаточно ясно характеризует картину событий тех времён.

Другой вариант образца уже свидетельствует о скитальческой жизни каракалпаков после военных поражений или вражеских набегов.

– Бала, бала – балпақ,  
Көзиң неге бадырақ?  
– Елди қарап көп жүрдим,  
Ашылған шығар азырақ... [3: 9].

– Малыш, малыш – ходунок,  
Почему у тебя глаза большие?  
– Много скитался в поиске своего народа,  
Поэтому они немного шире стали.

Все вопросы задаваемые взрослыми детям в песенной форме, предельно просты по содержанию и взяты из бытовой жизни, из окружающей их среды. Например, в группе «тауламаш» с традиционным зачином «Бала, бала – балпақ» («Малыш, малыш – ходунок») имеются различные вопросы, касающиеся физиологической особенности детей. Часто они встречаются в форме «Почему ты курносый?», или «Почему у тебя зубы редкие» или «Почему ты смуглый?» и т.д. Подобным образом взрослыми проверяется умственное развитие растущего маленького человека. Если малыш еще не готов к подобному «испытанию», то взрослые помогают ему и объясняют смысл ответа, подготовленный старшими. Таким образом, расширяется кругозор малыша.

Чем старше становится ребёнок, расширяется и тематический круг жанра, то есть вопросы, задаваемые ему, приобретают более сложный вид. К процессу расширения тематического круга жанра способствует и свойственный детям интерес к познанию окружающего мира. Как известно, удовлетворение их интересов обычно осуществляется в форме вопросов, задаваемых старшим. Видимо, на этой почве многие «вопросы-ответы» оформились в образцы жанра «тауламаш». Наиболее популярным из них среди детей является следующий образец:

– Қалың-қалың қат темир,  
Қаңылтыр еткен ким екен?  
– Қалың-қалың қат темир,  
Қаңылтыр еткен темирши.

– Қатар-қатар қара нар,  
Қара нар жеккен ким екен?  
– Қатар-қатар қара нар,  
Қара нар жеккен көмирши... [14: 8].

– Толстое-толстое железо,  
Кто его сделал тонким?  
– Толстое-толстое железо,  
Тонким его сделал кузнец.

– Ряды-ряды мощных верблюдов,  
Кто их в упряжку соединил?  
– Ряды-ряды мощных верблюдов,  
Их в упряжку соединил угольщик.

Из содержания вышеприведенного текста можно определить возраст ребёнка, который должен отвечать на вопрос. Здесь идёт речь о двух наиболее редких профессиях среди каракалпаков. Задаваемый вопрос, как видно, требует от ответчика наблюдательности и зоркости. В аналогичных по тематике образцах в поэтической форме задаются вопросы о многих профессиях и отраслях хозяйства тогдашних каракалпаков. Подобным способом в народной педагогике предки современных каракалпаков формировали в сознании юного поколения положительное отношение к труду, прививали способность кормить свою семью и самое главное – познанию окружающей среды. Параллельно процесс исполнения текстов способствовал развитию речи детей, умению выразить свои мысли.

Некоторые вид жанра «тауламаш» имеют несколько развернутую форму. Среди них распространенным является, так называемый вид «Сонар, сонар – қансонар». Словом «сонар» каракалпаки называют древние традиционные виды охот [7: 214] Этот вид охоты осуществлялся обычно в период выпадения толстого слоя снега, когда дичь оставляла заметные следы в снежном покрове. Сонар был самым распространенным видом охоты, и все обитатели аулов выходили на сонар. По свидетельству информаторов принимать участие в подобном зрелище было самым любимым занятием каракалпакских детей. Узнав о месте и времени проведения охоты от взрослых, они собирались в группы и отправлялись в места проведения сонара. Как один из интересных для детей зрелищ, сонар оставил свой след в их устном поэтическом творчестве, чему доказательство многовариантные образцы жанра «тауламаш», связанные с сонар.

– Сонар, сонар – қансонар,  
«Қансонар» деп ким айтар?  
– Аң аўлаған аңшы айтар,  
– «Аңшы айтар» деп ким айтар?  
– Мал қайтарған малышы айтар,

- *«Малишы айтар» деп ким айтар?*
- *Жар шақырған жаршы айтар... [4: 477]*

- *Сонар, сонар – кансонар,*  
*Кто кричит «кансонар»?*
- *О нём сообщает охотник.*
- *Кто говорит «сообщает охотник»?*
- *Об этом говорит скотник,*
- *Кто говорит «сказал скотник»?*
- *Об этом говорит глашатай.*

Текст образца развертывается за счет добавления в него названия того или иного вида хозяйства, которыми каракалпаки занимались в течение многих веков. Вид, связанный с сонаром в каракалпакском детском фольклоре, отличается от остальных видов и своей многовариантностью. По нашему мнению, это связано с его развертывающим характером. Самым совершенным по содержанию и форме в сравнении с остальными видами жанра «тауламаш» является тематический цикл, условно называемый «общение с природой». Основным художественным приёмом оформления поэтического текста служило олицетворение. Основными персонажами творения служат в основном природные явления, живности из окружающей среды. Олицетворённые детской фантазией, они вступают в диалог между собой. Самым распространённым образом среди каракалпаков является следующий текст:

- *Муз айдын, муз айдын, сен неден күшли болдың?*
  - *Мен күшли болсам, жауын тәнимди урмас еди.*
  - *Жауын айым, жауын айым, сен неден күшли болдың?*
  - *Мен күшли болсам, жер тәнимди сормас еди.*
  - *Жер ана, жер ана, сен неден күшли болдың?*
  - *Мен күшли болсам, көк бауырымды жармас еди.*
  - *Көк өлең, көк өлең, сен неден күшли болдың?*
  - *Мен күшли болсам, қой мойнымды жулмас еди.*
  - *Қойеке, қойеке, сен неден күшли болдың?*
  - *Мен күшли болсам, қасқыр жанымды алмас еди.*
  - *Қасеке, қасеке, сен неден күшли болдың?*
  - *Мен күшли болсам, адам теримди сылмас еди.*
  - *Адамзат, адамзат, сен неден күшли болдың?*
  - *Мен күшли болсам, құмырсқа жемтик қылмас еди.*
  - *Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшли болдың?*
  - *Мен күшли болмай не, енелериң болсын ба?*
- Алпыс батпан тарыны арқалаған күшлимен,  
Жетпис батпан тарыны желкелеген күшлимен,  
Күшлимен, күшлимен – жекен<sup>4</sup> күшлимен! [3: 10-11].*

- *Лёд, ледышка, от чего ты стал сильным?*
  - *Если бы я был сильным, дождь не бил меня.*
  - *Дождь, дождишка, от чего ты стал сильным?*
  - *Если бы я был сильным, земля не сосала бы меня.*
  - *Мать земля, мать земля, от чего ты стала сильной?*
  - *Если бы я была сильна, зелень не прорвала бы моё тело.*
  - *Зелень, зеленушка, от чего ты стала сильной?*
  - *Если бы я была сильна, овцы не срывали бы меня.*
  - *Овца, овца, от чего ты стала сильной?*
  - *Если бы я был сильна, меня не съел бы волк.*
  - *Волк, волк, от чего ты стал сильным?*
  - *Если бы я был сильным, человек не снял бы мою шкуру.*
  - *Человек, человек, от чего ты стал сильным?*
  - *Если бы я был сильным, не сделал бы меня добычей муравей.*
  - *Муравей, муравей, от чего ты стал сильным?*
  - *Кто может быть меня сильнее?*
- Шестьдесят батманов проса на спине ношу,  
Семьдесят батманов на плече ношу,  
Вот какой я сильный, я особенный силач!*

Как видно из текста каждая, логически взаимосвязанная строка текста, требует от исполнителя особой закалки в запоминании текста, особенной находчивости и достаточно высокий уровень логического мышления для подрастающего поколения. В ряде веков для предков современных каракалпаков аналогичные поэтические

<sup>4</sup> **жекен** –здесь: особый, уникальный.

творения служили основными средствами народного воспитания. С их помощью они с раннего детства своих детей учили к познанию жизни, окружающей их среды.

Классическим образцом жанра «тауламаш» безусловно, является «Тулькичек» («Тұлқишек»). Он до сих пор имеет особую популярность среди современных каракалпакских детей и служит особым украшением их игр. По мнению каракалпакских фольклористов, он вначале возник как песенный жанр. Позже к нему прибавилась игровая функция, и он стал сопровождающим текстом одноименной детской игры. По этой причине Н.Давкараев рассматривал его в ряду детских песен, а К.Аимбетов включает в ряд детских игр [5: 137; 1: 49-52]. Все исследователи каракалпакского фольклора оформления образца как жанр, связывают с историческими событиями XVIII века, которые оставили глубокий след в истории каракалпаков [6: 65-67; 11: 68-69]. Заметные следы эти события оставили и в каракалпакском детском фольклоре. Язык классического образца «Тулькичек» достаточно упрощенный и легко для запоминания. Видимо, это послужило причиной его особенной популярности у каракалпакских детей. Все варианты «Тулькичек» обычно начинаются со следующего традиционного для всех его вариантов зачина:

– *Ға, Тұлқишек, Тұлқишек,  
Түнде қайда барасаң?  
– Мамамның үйіне бараман.  
– Мамаң саған не берер?  
– Ешки сауып сүт берер.  
– Ешкисинің сүті жоқ,  
Блағының пұты жоқ...* [8: 112].

– *Эй, Тулькичек, Тулькичек,  
Куда ты собрался на ночь глядя?  
– Иду я домой к бабушке.  
– Чем тебя угостит бабушка?  
– Козьим молоком она покормит.  
– Нет молока у козы,  
Нет ножечки у козленка.*

Каждый вариант после традиционного зачина обновляется за счет новых текстов в форме «вопроса-ответа». В круг вопросов и ответов включается новая информация из бытовой жизни, отголоски исторических событий прошлого и т.д.

Традиционные образцы «Тулькичек» имеются в казахском и узбекском детском фольклоре [10; 12: 75-78]. Все имеющиеся данные о жанре «тауламаш», свидетельствует о наличии данного жанра в фольклоре почти у многих тюркоязычных народов. Но со временем он предавался забвению и переставал функционировать. Оформление его виде «Тулькичек», способствовало возрождению новых образцов. Доказательством тому служит, то что все виды и образцы жанра «тауламаш» в народе принято называть «Тулькичек».

В течение многих веков «тауламаш» играл важную роль в эстетическом воспитании каракалпакских детей, и он, безусловно, является одним из ярких памятников каракалпакского национального детского фольклора. Всестороннее исследование жанра способствует выявлению многих существенных фактов из истории, этнографии и фольклора каракалпакского народа.

#### Литературы

1. Айымбетов К. Каракалпак фольклоры. – Нөкис: Каракалпакстан, 1977. – 224 б.
2. Аникин В.П., Круглов Ю.Г. Русское народное поэтическое творчество. – Ленинград: Просвещение, 1983. – 416 с.
3. Аялау баязасы // Архив журнала «Каракалпакстан». – Нукус, 2002. Тетрадь: -№2. – 12 с.
4. Аялау поэзиясы (поэзия пестования) / Каракалпакский фольклор (многоотомник). 99<sup>бил</sup> том. – Нукус: Илим, 2015. – 544 с.
5. Давкараев Н. Полное собрание сочинений. Т. 2. Очерки истории каракалпакской литературы (историко-литературное исследование). Часть первая. – Нукус: Каракалпакстан, 1977. – 356 с.
6. Есбергенов Х., Хошниязов Ж. Этнографические мотивы в фольклоре каракалпаков. – Ташкент: Фан, 1988. – 156 с.
7. Толковый словарь каракалпакского языка. В четырех томах. Т. IV. О – Я. – Нукус: Каракалпакстан, 1992. – 636 с.
8. Каракалпак халық қосықлары / Подготовил к печати Аденбай Таджимуратов. – Нукус: Каракалпакия, 1965. – 400.
9. Қурбанбаев И. Каракалпак балалар әдебиятының очерки. – Нөкис: Каракалпакстан, 1974. – 276 б.
10. Матыжанов К. Казахская детская фольклорная поэзия. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1990. – 26 с.
11. Пахратдинов Ә. Мәңгилі гәплер хәм халық әпсаналары. – Нөкис: Каракалпакстан, 1989. – 100 б.
12. Сафаров О. Ўзбек балалар поэтик фольклори. – Тошкент: Ўқитувчи, 1985. – 250 б.
13. Сафаров О. Қайтармачоқлар ва уларнинг этнопедагогик моҳияти // «Ўқитишнинг педагогик-психологик асослари: муаммо ва исикикболлар» мавзусидаги республика илмий-амалий конференцияси материаллари. – Бухоро, 2002. – 222 б.
14. Таўламашлар (прибаутки или перевертыши) // Рукописный фонд Фундаментальной библиотека ККО АН РУз. Р-1333, Инв. -№184164. – 12 с.
15. Tülki, tülki – tülkishek... // Qarlıgash. – Nökis, 2011. -№4. – 16 б.
16. Убайдуллаев Ж. Мурынтаў каракалпақлары тилинен этюдлер // Международная научно-теоритическая конференция – Цивилизация Средней Азии: прошлое и будущее. Сб. материалов. – Нукус, 2012. – 234 с.
17. Исләмжанұлы К. Рухани уыз (қазақ балалар фольклоры). – Алматы: Ана тілі, 1995. – 144 б.
18. Эл.-ресурсы – <http://uz.denemetr.com/docs/768/index-96091-1.html?page=3>

## ӘДЕБИЕТТЕГІ СКИФ-САҚ ІЗДЕРІ

Бораш Баян Тәліпұлы  
Филология ғылымдарының докторы, АӨМУ профессоры  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

**Андатпа.** Мақалада біздің заманымыздан бұрынғы ежелгі грек әдебиеті мен тарихында біздің арғы бабаларымыз кемерліктердің тіршілігінен, мәдениеті мен әдебиетінен мәліметтер бары, соның бір ұшы гректер мифіндегі «әлдебір терістік беттегі» (түркілер жеріндегі) арғықазақ мифологиясында меңзелетін гипербореялықтар өркениетімен үндесуі сөз болады.

**Аннотация.** В статье речь идет о сведениях в древнегреческой истории и литературе, о быте, истории, литературе предков тюрков – киммерийцев и о созвучии одной из ветвей греческих мифов «о некоей северной стороне», где была развитая цивилизация с гипотезой С.Кондыбайұлы о цивилизации гиперборейцев на юго-западном берегу Каспия (Балкантау).

**Annotation.** The article deals with information in ancient Greek history and literature, about the life history, literature of the ancestors of the Cimmerian Turks, and about consonance to one of the branches of Greek myths “about certain northern side”, where there was a developed civilization of S.Kondybaiuly’s hypothesis with the Hyperborean civilization on the southwestern shore of the Caspian

**Тірек сөздері:** арғықазақ мифологиясы, Гиперборей өркениеті, Гомер, Геродот, аңыз, скиф-казак, сабақтастық.

**Ключевые слова:** протоказахская мифология, цивилизация Гиперборея, Гомер, Геродот, легенда, духовная связь, преемственность.

**Key words:** protokazakh mythology, Hyperborean civilization, Homer, Herodotus, legend, spiritual connection, continuity.

Қазақ әдебиеті, мәдениеті үшін әлемдік рухани сабақтастықтардың теңдей мағынасы бар екі үлкен саласының бар екендігі кіріспе бөлімінде айтылды. Оның бір саласы – қазақ-Батыс немесе қазақ-Еуропа әдеби байланыстары. Қазақ халқы өз тарихында Батыс Еуропа халықтарының рухани байлықтарынан хабардар болған, ұлт дамуының қажет-мұқтаждарына сәйкес өзіндік қарым-қатынас, байланыс жасап отырған. Еуропа елдеріне қазақ елі туралы әр сипатты дерек-мағлұматтар ертеден-ақ белгілі болған. Дегенмен де, еліміздің тарихи даму кезеңдеріндегі қазақ-Еуропа байланыстарын белгілі бір жүйеде зерттеп біле беру қажеттілігі бүгінгі күннің өзекті мәселерінің бірі деп есептейміз.

Байырғы түркілердің арғы тегі болып келетін сақтар жыл санауымыздан бұрынғы Х ғасырдың басында шығысы Сарыөзен (Хуанхэ), батысы Борисфен (Днепр) аралығын мекен еткен тайпалардың ортақ атауы. Гректер оларды скиф деп атап, ежелгі отандары Туран әлемінің тұрғындарын «Сақа скифтері» деп жазғандарына қарағанда, тарихтың ұзын сонарында Орта Азия, Қазақстан, Батыс, Орта, Шығыс Сібір аумағын Сақстан, Сақ елі атағанын байқаймыз [1, 6].

Жыл санауымыздың I ғасырында жасаған грек оқымыстысы Гай Плиний Секундтың мына пікіріне назар аударған дұрыс: «Ол өзеннің (Ақсарт-Сырдария) ар жағында скиф халықтары тұрады. Парсылар оларға ортақ есім «сақ» деген атау берді, ертедегілер оларды арамейліктер деп атады».

Парсы жазбаларындағы сақтар туралы қысқа ғана деректі грек тарихнамасы әжептәуір кеңейтеді. Сақ дәуірінің әлде бастапқы кезінде, болмаса оданда арғы заманда Сібір аймағында абарлардың жасағанына Геродот деректері куә бола алады. Тарихшы абарды гиперборей деп түсінеді де, өзінен бұрынғы Гесиод пен Гомердің (б.д.д. VIII ғ.) оларды білгенінен хабар береді [2, 57].

Өмірден ерте кеткен ерекше талантты жас ғалым **Серікбол Қондыбайұлы** бірнеше кітаптан тұратын «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінің кіріспесі ретіндегі 2003 жылы жарық көрген «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі» атты кітабында мифтік Гиперборея дегеніміз – «әлдебір терістік беттегі, әлдебір таудың арғы бетінде өмір сүретін бақытты ел-жұрттың атауы» деп түсіндіреді. Қалай болғанда да ежелгі гректің мифі мен квазитарихы осындай ел туралы түсінік қалыптастырған. Геродоттың және басқа да ежелгі грек авторларының мәліметтерін пайдаланған тарихшылар реалды Гипербореяны Еуразия құрлығының солтүстік белдеуінің әрбір жерінен іздеген еді. Ежелгі өркениетті гректер «өздеріне ғылым мен өнерді үйреткен гиперборейліктер» деп таныған. Яғни, өздерінен басқаның барлығын «тағы», «варвар» деуді дағдыға айналдырған гректердің тек гиперборейліктерді ғана өздерінен жоғары санап, оларды өздерінің ұстаздары деп есептеуі ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы Еуропа тарихшыларын осындай беделге ие болған гиперборейліктер қоныстанған жерлерді өз елдерінің территориясынан іздеуге итермелеген болатын. Швед, дат, ағылшын, орыс ғұламалары Гипербореяны біресе Скандинавиядан, біресе Ресейден, біресе Британия мен Ирландиядан іздеген болатын. Өйткені білімдар эллинге өнер-білім үйреткен гиперборейліктерді өз елінен шығарудың өзі де швед, дат, орыс тарихшысы үшін бір дәреже еді. Бірақ мифтің реалды тарихқа айналуы көп жағдайда еш нәтиже бермейтіні де белгілі, классицизм заманындағы Гипербореяны іздеу де еш нәтиже берген жоқ. Миф сол мифтік күйде қала берді.

Жас ғалым С.Қондыбайұлы біліктілік пен білімділіктің арқасында, жоғары деңгейдегі интуицияға сүйене отырып, Гиперборея – шамамен б.з.д. 6 мыңжылдықта Оңтүстік Кавказ аймағының бір пұшпағында өмір сүрген неолиттік (жаңа тас ғасырының) мәдениеттің таралу аралы екенін дәлелдеп шықты. Осы тұста б.з.д. 6-5 мыңжылдықта алғашқы гиперборейліктер жан-жаққа тарап, кейінгі тарихтан белгілі болған халықтарды қалыптастыруға қатысқан гиперборейліктердің алғашқы толқынының бірі (Д-гиперборейліктер) Каспий теңізінен Баку-Красноводск бағытында кесіп өтіп, бүгінгі түркменстандық Небитдаг – Балқан тауының етегінен бір-ақ шықты, бұлар кейіннен «кельтеминар неолиттік мәдениеті» б.з.д. 5-3 мыңжылдық деген атпен белгілі болды.



Енді бірі (С-гиперборейліктер) алысқа ұзамай, Оңтүстік Кавказдың оңтүстік аймақтарында қалып қояды да кейінірек үшке бөлінеді.

Осының үшінші тобы (С-3- гиперборейліктер) шартты түрде «Жылан-баба ұрпақтары» деп атауға болады, олар Кавказдан Иран бағытына жылжып, кейін үш тармаққа бөлінді, олар: протоэламдықтар, протодравидтер, прототүркітер. Міне, түріктер (прототүркітер) осы гиперборейліктердің «С-3», «С-1» (афанасьев) және «Д» тармағының ұрпақтары болып табылады. Олар б.з.д. 5-2 мыңжылдықтарда Кавказ аймағынан Сібірдің Саян-Алтай аймағына дейін күрделі маршрутпен сапар шеккен болып шығады.

«Арғықазақ мифологиясының» иесі Гиперборея туралы ақпараттың бүгінгі түрк халықтарының жадында қалмаса да, тілі мен фольклорында сақтағанын дәлелдеу арқылы, Гипербореяның түрікше атауы Балқантау деген қорытындыға келеді [3, 43].

Автор бүгінгі күні әлем ғалымдарының басы қатып, іздеп жүрген Атлантидасы, ол Хасаралы (Каспий) Атлантидасы, яғни Апшерон Кура ареалында қалыптасқан Гиперборея өркениеті деген тосын тұжырым жасап, осы болжамын тиянақты түрде дәлелдейді. Болжамын нақтылай түсу үшін бүгінгі күні гиперборейліктердің ұрпағы деп отырған шумерлердің, гректердің және түріктердің мифологиясы мен квазитарихи материалдарын қолданады.

Мысалы, шумер-түрік ұқсастықтар жөнінде мәселені алғашқы болып 1970 жылдары О.Сүлейменов көтерген еді («Шумер-наме»), осы ұқсастықтан туындаған ең басты принципті идея – прототүркітердің Оңтүстік-Батыс Азиядан, яғни, «шумерлерге» жақын Ирак, Иран, Оңтүстік Кавказ территорияларының бір тұсынан шығуы туралы еді. Содан бері осы мәселе қазақтың тарихшы-академиктерінің қаламына ілікпесе де, тарихпен әуестенген жазушы, журналистердің назарынан тыс қалған емес. Жаңа ұқсастықтар да табылды. Бірақ осыншама ұқсастықтар жиынтығы біртұтас ғылыми идеяға айнала алмай, орнықсыз, нақтыланбаған күйінде қалып қойған еді. Өйткені түркітердің Сібірден емес, Шумер жақтан шығуына бүгінгі қалыптасқан тарих пен археология, тіл тану қағидалары қарсы еді, мұндай жағдайда ғылыми догмаларды жоя алатын дәйек пен қисындарға негізделген қуатты әдістеме болмайынша, қарсы пікір айту мүмкін емес еді. Сол идеяны С.Қондыбай жоғарыдағы аталған кітабында ұсынып отыр.

Ежелгі Грекияның аты аңызға айналған ақыны Гомер (б.з.б. IX-ҮІІІ ғғ.) өзінің “*Одиссея*” деп аталатын эпопеясында Қара теңіз жағалау кемерін мекен еткен, негізінен Қара теңіз бен Азау (Азов) теңізі аралығында көшіп-қонып жүріп, мал бағумен айналысқан кемерліктерді (орысша “киммерийцы”) жырға қосып, олар туралы мынадай мәлімет береді:

Біз ақыры терең мұхитқа жеттік,

Қалың тұмандар арасынан өттік.

Жағалауда кемерліктер тұрады,

Күн шұғылалы Гелиосқа қарайық.

Гомер “*Одиссея*” (II жыр, 14-19 бб.) [3, 434]

Гомер “*Илиада*” эпостық дастанында да (XII жыр, 1-7) [3, 209-210] кемерліктер туралы мәліметтерін жалғастыра түседі.

Атақты грек ақыны Эсхил де өз поэмаларының бірінде “ірімшік жеп, қымыз ішетін, әділдікте алдына жан салмайтын ержүрек кемерліктерді” мадақтайды.

Геродоттың «*Тарихында*» скиф-сақтың көсемі Тарғытай (Ер Тарғын) және оның үш ұлы (Липоксаис, Арпоксаис, Колаксаис) туралы аңыз бар. Бірде Скиф жеріне көктен алтын балта, шөміш, түрен, мойынтұрық түріндегі төрт зат түседі. Мұны ағайынды үш жігіттің үлкені көріп, иеленбекші болып жақындағанда, олардан жалын шашылып жолатпайды. Ортаншысы жақындағанда да солай болады. Ал ағайындылардың кішісі Колаксаис жақындағанда алтын заттар сол қалпында қалады. Кіші інісі көктен түскен заттарды үйіне алып келеді. Мұны көрген екі ағасы Колаксаистың қаған болуына келісімдерін беріпті [4, 188]. Осы аңыздың астарына көптеген ғалым зерттеушілер (Б.А.Рыбаков, Д.С.Раевский, А.Хазанов т.б.) үңіліп, скифтердің наным-сенімдерімен, дүниетанымдық көзқарастарымен, шаруашылық жағдайларымен, әлеуметтік өмірлерімен байланыстырған ойларын ортаға салды. Бірақ осынау көктен түскен төрт заттың астрономиялық таныммен байланысының барына зер салған, осыған қатынасты қисынды ой-пікір білдірген ғалымдар бола қойған жоқ.

Жезқазған олысындағы Ұлытау төңірегіннің тұрғыны Тай Тілегенов ақсақалдың айтуында мынадай бір байырғы жұмбақ жазылып алынды. Оның қазақ арасындағы жұмбақ түріндегі белгісі А.Сейдімбектің “Қазақ әлемі” кітабында беріледі:

«Жапанда жайнап тұрған бір бәйтерек,

Заты бар бұтақ сайын жанға керек.

Балта, шөміш, түрен мен мойынтұрық,

Төртеуін таңдап алдым ерекше елеп» [5, 216-217].

Бұл жұмбақтың шешуі – жапан дегені – түнгі аспан, жайнап тұрған бәйтерегі – аспан жұлдыздары, балта дегені – Таразы, Үш арқар немесе Шідер деп аталатын жұлдыздар (созвездие Ориона), шөміш деп отырғаны – Жетіқарақшы жұлдыздары (Большая Медведица), түрен дегені – Ақбозат, Көкбозат, Арқан жұлдыздарының шоғыры (Малая Медведица), мойынтұрық дегені – Қарақұрт (Кассиопея) жұлдыздары.

Яғни, аспан денелерін көшпелілер өзінің өмір салтында тұтынатын заттардың образды бейнесімен елестетеді. Елестете отырып жұмбақ шығарған.

Бір ғажабы осынау заттанған аспан денелерінің байырғы түркі атауларына және олардың мән мағынасына зер салсақ, Геродот келтіріп отырған аңыздың сыр-себебі одан әрі ашыла түседі. Мәселен, қазақ

тілінде күні бүгінге дейін Жетіқарақшы жұлдызы кейде Шөміш деп те аталады. Ресейдің оңтүстік шығыс өңіріндегі тұрғындары да Жетіқарақшы жұлдызын Большая Медведица деп атаумен бірге «Ковш» (Шөміш, ожау) деп те атайды. Ал солтүстіктің великорустері болса, Жетіқарақшы жұлдызын «Телега», «Возница» дейді. Яғни түркі тілдес көшпелілер мен Ресейдің оңтүстік шығысындағы тұрғындар арасында Жетіқарақшы жұлдызы туралы таным-түсініктің өзара жұғыстығы болғаны күмән туғызбайды. Шөміш сөзі қазақ тілінде ғана емес, балқар тілінде де Жетіқарақшы жұлдызын білдіреді. Қазақ тіліндегі «балта», «айбалта» сөздері балқар тілінде «Ғида» деп аталады. Қазақ тіліндегі «кидалау», «кидаласу», «кида-кида болу» деп келетін тіркестер де балталасудан болатын әрекет-қимылдан туған сөздер екенін байқау қиын емес. Дәл осы сияқты қазақ тіліндегі «таразы» сөзінің бір мағынасы аспандағы жұлдызды білдірсе, балқар тілінде бұл жылдызды «Боюнсала» яғни «мойынсалма», «мойынағаш» (мойынтұрық) дейді. Сондай-ақ қазақ тіліндегі Ақбозат, Көкбозат, Арқан деп аталатын жұлдыздар шоғыры (Малая Медведица) халық арасында Мыртық немесе Түрен деп аталса, балқар тілінде түренді «мырытла» деп атайды.

Геродот еңбегіндегі сақтардың ата-тегі туралы жазып қалдырған аңыз-әңгімесіндегі жартылай жылан, жартылай адам қыздың Гераклдан туған Агафирс, Гелон және Скиф атты үш ұлдың ер жеткенде тек Скиф қана Гераклдың шешесіне айтып кеткен шартын орындап, Гилей деген ғажайып елде патша болыпты. Барлық скифтер (сақтар) Гераклдың ұрпағы екен [3, 189].

Скифтер тайқазан жасап, оған жылқының етін асып, аталарына ас берген. Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде тұрған тайқазан – скиф дәуірінен бері үзілмей келе жатқан дәстүріміздің белгісі іспетті. Тайқазанды көзімен көрген Геродоттың оның көлемі жөніндегі суреттемесі сақталған. Ерте замандағы грек авторларының сақтардың тұрмыс-тіршілігі жайындағы жазбаларының қазақ өмірімен ұқсастықтары.

Көне заман ғұламалары, ақындары, саяхатшылары сақтар туралы қызықты дерктер жазып қалдырған. Солардың бірі ежелгі грек саяхатшысы Страбон өзінің Еуропа мен Азияда көргендерін «*География*» деп аталатын 17 томдық кітабының жетінші кітабында сақтардың мал шаруашылығымен айналысып, жейтін тағамдарының сол кәсіп өнімдері екенін, тұратын киіз-палаткаларының қыста таулы жерлерде, жазда жайлауларда көшіп-қонуға жайлылығын жазады.

Көне заман ғұламасының бірі Эфор «*Тарих*» деп аталатын көптомдық еңбегінде сақтардың жаны таза, адал, ешкімге қиянаты жоқ, өздерінің байырғы әдет-ғұрпын қатал ұстап, ұдайы көшіп-қонып жүретін жауынгер халық екенін ескертеді.

Осынау бірер ғана түркі тілдес халықтар тілінде сақталған аспан денелері атауларындағы заттық мағыналар байырғы скиф аңызының мән-мағынасын болжауға себеп болып қана қоймайды, сол аңыздың сырын ашатын айғақ-қисындардың түйіні бүгінгі түркі тілдес халықтардың тілінде, фольклорында сақталып отырғанына назар аударады. Мұның өзі скиф әлемі мен түркі тілдес халықтар арасындағы, дәлірек атсақ, скиф – қазақ арасындағы мың сан сабақтастықтың бір ғана қызықты айғағы болса керек.

#### **Әдебиеттер**

1. Сәтбаева Ш.Қ. Әдеби байланыстар. Алматы, «Жазушы», 1974, 216 бет.
2. Сарай Ә. Қадым заман хикаялары. Сақтар. // Көнеліктер. Алматы «Санат», 2008, – 448 бет.
3. Қондыбай С. Арғызақ мифологиясы. Гиперборея: түс көрген заман шежіресі. Бірінші кітап. Алматы. Даик-Пресс. 2004. – 512 б.
4. Гомер. Одиссея. Песнь вторая. Изд. «Художественная литература» Мос., 1967. С – 434.
5. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. Алматы, «Санат», 1997, – 464 бет.
6. Иманғазин М. Антика әдебиеті мен ежелгі қазақ поэзиясындағы үндестіктер. «Ақиқат». № 02, 2006.

## **АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ – ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕ**

**Досыбаева Айткүл**

**Қ.Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университетінің  
доценті, филология ғылымының кандидаты  
Түркістан қ., Қазақстан**

Қазақстанның мәдени мұрасын түгендеу мемлекеттік маңызы бар іске айналды. Елбасымыз: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [1,106]. деп атап көрсетті. Қазіргі таңда бүкіл ТМД кеңістігінде тарихшылар мен әдебиетшілер орта ғасырлық кезеңге, мемлекеттіліктің қалыптасуы мен этногенез үрдістері өткен ерте заманға аса зор мән беріп жатыр. Кезінде тарихымызды замана талабына қарай құбылтып жазып отырғаны да белгілі. Мәселен, орыс патшасы Петр I-ден бастап, одан кейін билікке келген Романовтар әулеті де Ресей тарихын орыс патриотизмі рухында, шовинистік көзқараста жазылуына мүдделі болды. Ресейдің тарихы мен тарихнамасы басқа Европа елдеріне қарағанда кеш дамыған. XIX-ғасырдың басында С.Соловьев, И.Ключевский, Н.Карамзиндер бастаған тарихшылар осы сарындағы «Ерте дәуірден басталған орыс тарихын» қалыптастырып үлгерді. Біздің төл тарихымыз – «Қазақ ССР тарихы» кеңестік идеология көзқарасы тұрғысында жарыққа шыққан. Сол себепті «Қазақстан тарихындағы» орта ғасырлық дәуір, татар-моңғол шапқыншылығы, Шыңғыс хан негізін салған алып империя мен Алтын Орда жайындағы деректер барынша бұрмаланып берілді. Ал, Кенесары хан мен Алаш қозғалысы мен оның белді қайраткерлері туралы деректер жабулы тақырып күйінде қалды. Осындай тарихты саясатқа ыңғайлап, өзгертіп жазу кеңінен үрдіс алған шақта

тарихымызды толық тануға мүмкіндік болмады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген тұстан бастап аталмыш олқылықтардың орнын толтырып жүрген тарихшы, әдебиетші, зерттеуші-ғалымдардың тарихи оқиғаларға бұрынғыдай кеңестік қағидалармен емес, жаңаша тұрғыда қарай бастауы қуантады. Тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына терендеу, мың құбылған замана суреттері мен шытырман қайшылықтарына парасаттылықпен ден қою, ертедегі бабалар дүниетанымына, әдет-ғұрпына, шаруа-кәсібіне, озық тәжірибесіне, көзқарасына, сана-зердесіне ой көзімен үңілу көкейкесті мәселе. Соның ішінде қалалық мәдениет пен көшпенділер өркениетінің қарым-қатынасын танытатын Алтын Орда тарихына теренірек үңілу аса жауапты іс.

Тарихын тасқа қашап қалдырған түркілердің дүбірге толы дәуірі мен тағдырын тануда жазба ескерткіштер мен алуан түрлі дерккөздердің, жылнамалардың тарихи деректанулық маңызы ерекше. Ерте замандардан бері көптеген тұлғалар, жылнамашылар мен саяхатшылар, шежірешілер өз таным-түсінігі мен көзқарасы деңгейіне қарай түрлі жазбалар қалдырып отырған. Оларда аймақтар мен адамдар, ел билеу ісі, хандар мен бектер, көшпенді елдің тұрмыс-салты, тіршіліктері сөз болады. Бұл еңбектерде Ұлы даланы ғасырлар бойы мекендеп, тіршілік еткен халықтар, олардың түрлі тайпаларға бөлінуі, солардың қатарында кейіннен қазақ атанған халықты құрған ру-тайпалардың пайда болуы мен даму тарихы, салт-дәстүрлері мен атажұрты бір-бірлерімен байланыста өріледі. Бұл жазбаларға сүйене отырып көшпенділердің империясын құрған Шыңғыс хан мен оның ғасырлар бойы билік құрған ұрпақтарының өмірбаяндары, олармен замандас, қанаттас өмір сүрген елдердегі елеулі оқиғалар да кең қамтылып беріледі.

Орта ғасырдағы Алтын Орда дәуіріндегі қазақтан бөлек қаншама халықтың тарихи тағдыр-талайын танып білуіміз үшін - монғол, араб, парсы қытай және Европа, орыс деректерінің маңызы жоғары. Араб деректері - В.В. Тизенгаузеннің «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағына» кіретін араб авторларының шығармалары, (Ибн аль – Асир, аль – Омари, Ибн Халдун Ибн Арабшах және т.б.) Парсы деректері - Рашид ад – Дин «Жами ат - тауарих» (Жылнамалар жинағы). В.В. Тизенгаузеннің «Алтын Орда» тарихына қатысты материалдар жинағының II томына кіретін парсы тіліндегі деректер, Еуропа тіліндегі деректер - Батыс еуропалық саяхатшылар Йоан Плато Карпини, Марко Поло, Вильгельм де Рубрук шығармалары, Түркі және қазақ деректері «Темірланның өмірбаяны», Захир ад дин Мұхамед Бабырдың «Бабырнамасы», Шайбанид бағытындағы деректері, Өтеміс қажының «Шыңғыснамасы», Әбілғазының «Түркі халқының таралуы» және қазақ деректері - Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди», Қосымұлы Қадырғалидің «Жылнамалар жинағы», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Шежіресі», Қазақстан тарихы жайлы орыс деректері - Строгонов жылнамасы (XVII ғасырдың ортасы) С. Есиповтың «Сібір жылнамасы», «Ремзов жылнамасы» (XVIII ғасыр басы) – өткенімізге көз жіберіп, бүгінгімізді тануымызға мол мүмкіндіктер беретін құнды еңбектер.

Бүкіл әлем тарихында – **Шыңғыс хан есімі ғасырлардан ғасырларға жетіп, әлемге ең кең тараған есім. Оның ұлы империя құрған даңқты қолбасшы болғандығын дүниежүзі мойындайды.** XIII-XIV ғасырларда Шыңғыс хан негізін қалаған алып империя адамзат өркениетіндегі ірі құбылыс. Төрткүл дүниенің ұлан-байтақ территориясын алып жатқан мемлекет құрған Алтын Орда қалай қалыптасты деген мәселе төңірегінде ой өрбітсек, тарихи дереккөздер мен жылнамашылар еңбектерінде бұл сауалдарға жауаптар молынан көрініс табады. Олардың тарихи маңызы мен құндылығы әрқилы. Көбінде сол кезеңде өмір сүрген тарихи оқиғаларды көзімен көріп, басынан кешірген жылнамашы баяндауларынан Орта ғасырларда өмір сүрген қоғам мен қоғамдық құрылым, Жошы Ұлысының даму үдерісі тарихи шындыққа негізделгеніне көз жеткізуге болады. Жошы әулеті билеген мемлекет зерттеу деректерінде Алтын Орда атымен белгілі болып келді. Бұл атау Алтын Орда мемлекеті әбден ыдырап біткеннен кейін — XVI ғасырдың екінші жартысында орыс әдебиетінде пайда болған. Осының өзінде орыс нұсқаларындағы «Алтын Орда» атауы Жошы хандығының орталық және батыс өңірін ғана білдіріп қоймай, хан ордасы деген ұғымды қоса атқарған. Біртұтас Жошы ұлысының аты ретінде «Алтын Орда» ұғымы тарихи еңбектер беттерінде тек XIX ғасырда ғана біржолата орныққан.

Жалпы, Шыңғыс хан мен оның империясы жайындағы мәліметтердің аса құпия жағдайда сақталып келгендігі зерттеушілер үшін елеулі қиындық тудырып келді. Шыңғыс хан дүниеден өткеннен кейін оның жақындарының бірі әлем билеушісінің жеке өмірі жайында жазып, оны құпия түрде сақталғандығы жөнінде қытай, парсы ғалымдары кезінде көп жазған. Ғалымдардың пікіріне зер салсақ, Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін жүз жылдан соң парсы тарихшысы Рашид-эл-Они моңғол әрпімен көне моңғол тілінде жазылып сақталған деректі шежіре бар деп мәлімдеген. Американдық профессор Жак Уэтерфорд өзінің «Қазіргі әлемнің негізін салушы ұлы император Шыңғыс хан» атты еңбегінде кәріс, жапон, қытай, парсыдан бастап, армян ғалымдарына дейін Шыңғыс ханның өмірін тым әсірелеп аңызға айналдырып жіберген деген қорытынды жасайды. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары туралы қытай дереккөздеріне назар аударсақ, ежелгі Қытайда қалыптасқан сарай дәстүрі бойынша ел билеген әулеттердің барлығының да өзіндік толық тарихы жасалып отырған. Осындай жазба деректермен қатар әр императордың шежіресі хатқа түсіріліп отырған. Юань дәуірінде ең алдымен өткен әулеттер тарихы түгенделген. Бұл дәстүр жаңа Юань әулетін жариялаған Құбылай хан тұсында қалыпты жалғасын тауып, одан соң да үзілмей сақталыпты. Қытай мемлекетінің аумағын негіз еткен «Юань» патшалығын құрған Құбылай дәуірінің Шыңғыс хан тұсынан көп өзгешелігі бар. Көшпенділіктен гөрі қалалық басқаруға бейім болған Юань дәуірінде хат-қағазға түскен дерекнамалық маңызы жоғары тарихи жазбалардың мол болуы осы себептен. Солардың бірі – «Юань ши». («Юань тарихы») Шыңғыс хан ұрпақтары билеген Қытайдағы Юань атанған әулеттің жинақталып, 1368–1369 жылдары бір жүйеге түсіріліп жазылған ресми тарихы. Мұнда Моңғол империясын құрған Шыңғыс хан заманынан бастап бүкіл Юань дәуірін әйгілеген

ресми тарих үлкен төрт бөлімнен құралады. Бірінші бөлім – «Бэнь-ци» – «Негізгі тауарих» – Әулеттің түп атасы Шыңғыс ханнан тартып, ең соңғы император Тоған-Темірге дейінгі барлық патшалардың ғұмырнамасы, атқарған қызметі, сол замандағы елеулі оқиғалар баяндалған. Екінші бөлім – «Чжэ» – «Сипаттама» – 58 бумадан тұрады. Мұнда патшалықтың қоғамдық саяси құрылымдары, жоғары мансап дәрежелері, географиялық әкімшілік бөліктер, әлеуметтік қатынастар, аспан мен жер жөнінде айтылған аңыздар және нақтылы қоғамдық өмірде болған ірі оқиғалар мен құбылыстар баяндалған; империяның жер бедері, өзен-суы, әр жылдардағы ауа райынан бастап, әкімшілік бөлініс, мемлекеттік құрылым, сарай рәсімдері, қаражат, заң жүйесі, әскер ісіне дейін – бір сөзбен айтқанда, елдің Юань дәуіріндегі бүкіл болмыс-бітімін суреттейді. Үшінші бөлім – «Бяо» – «Ата-тек кестесі» – 8 бумадан тұрады. Онда императорлар мен ханзадалардың шежірелері, әскери шонжарлардың, ұлы оқымыстылардың, уәзірлердің және жоғары дәрежелі билік басында болғандардың әулетінің шығу тегі, арғы бабалары, кейінгі ұрпағы, туыс, жұрағаттарының мән-жайы мен мансап лауазымдары мен шендері, қазына, қаржы жағдайы кесте арқылы көрсетілген. Төртінші бөлім – «Ле-чжуань» – «Ғұмырнамалар» – Бұл бөлімде патша ханшайымдарының, ақсүйектердің, патшаға адал қызмет еткен азаматтардың, қайырымды ұл-қыздардың, өнерпаздардың, арулардың өмірбаяндары жазылған және жат елдердің тарихы мен қоғамдық жалпы жағдайы, олардың Қытаймен қарым-қатынастары баяндалған.

Қытай тарихшыларының айтуынша, Құбылай ханның қазасынан кейін Юань империясы үлкен кризис кезеңін басынан кешіреді. Конфуцийлік Чжан Янь-хао ол кезеңді былайша сипаттайды: **«Құбылай ханның тұсында шенеуніктерді қарым-қабілетіне қарай қызметке қоятын, одан кейінгі кезеңде мұндай шеншекпенді заңсыз жолмен жүзеге асырып отырды»**.

**Құбылай ханның тұсында ханға қарсы көзқарас білдіргендер жазаланбаған. Ал одан кейінгі кезеңде себебін тексерместен өлім жазасына кескен. Құбылай ханның тұсында қағаз ақшалар белгіленген мөлшерде ғана шығарылды, кейінгілер кез-келген уақытта және қалаған мөлшерде шығарып жатты. Құбылай ханның тұсында алым-салықтар белгіленген тәртіппен тіркеуге алынып отыратын, кейінгі кезеңдерде кез-келген уақытта салық төлеушілерден тартып алынып отырды»** деп жазады. [2, 72 б]. Құбылай ханның ізбасарлары мемлекет қазынасын оңды-солды шашып, жеңіл өмір сүрді. Бұл күрделі мәселеге айналғандығына назар аударады.

«Юань Ши» жылнамасында «Ле-чжуань» – «Ғұмырнамалар» аталған төртінші бөлімінде Жошы ұлысы туралы мынадай баяндауларды кездестіреміз: (Цзюань 117) «Жошы жайында айтар болсақ, ол Шыңғыс ханның үлкен ұлы. Мемлекет құрылуы тұсында Жошыға Солтүстік-батыс иелігі бөлініп берілді. Оған берілген жердің ұзақтығы сонша астанаға (Ханбалық) жету үшін атты адам 200 күн дегенде атпен әрең жетер еді. Сондықтан да ол жерлер мен қалаларда мекен еткен тайпалар мен ұлыстардың тұрмыс-тіршілігін біліп болмайтын» [3,226] деп жазады. Қазақстан аумағы үш моңғол ұлысының құрамына енді: үлкен бөлігін Жошы ұлысы Ертістен батысқа қарайғы ұлан-ғайыр жерді, Жетісудың солтүстік бөлігі мен бүкіл Дешті-Қыпшақты, Еділдің төменгі бойын қоса алып жатты. Шағатай ұлысы жоғарыда аталған жерге қоса, Шығыс Түркістан мен Мауараннахрды қамтыды. Мемлекет Жошы хан әулетінің меншігі болып саналды. Маңызды мемлекеттік істі шешу үшін билік басындағы әулет мүшелері бастаған ақсүйектер жиналысы - құрылтай шақырылды.

Әскерді және өзге мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды беклербек басқарды. Қаржы, алым-салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін жүргізетін орталық атқарушы орган - диуанның басында уәзір тұрды. Қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салық, сыбаға жинау міндетін атқаратын даругтер, басқақтар тағайындалды. Хан отбасының мүшелері маңызды қызметтер атқарды. Ірі нояндар, бектер, әмірлер, баһадүрлер түмендерді, мыңдық, жүздіктерді басқаратын әскербасылары болып сайланды. Екінші бөлігі Шағатай ұлысына Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі қарады. Үгедей Батыс Моңғолияны, Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатайды биледі. Шыңғыс ұлдары өз ұлыстарын тәуелсіз иеліктерге айналдыруға тырысты. Шыңғыс хан өлгеннен кейін бұл ұмтылыс күшейе түсіп, империя бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге ыдырап кетті. «Жошы ханның қайтыс болуымен билік оның екінші ұлы Батудың қолына өтті. Батудан кейін оның тағына кіші інісі Сартақ мұрагерлік етті. Сартақтан соң оның інісі Мөңке Темір, одан кейін кезеңде інісі Тоқта - Мөңке таққа иелік етті. Тоқта – Мөңке өлген соң інісі Бұқа хан тағына отырады, Бұқадан қалған таққа оның інісі Өзбек хан отырды». [3, 23 б]. деп жазыпты қытай жылнамашылары. Расында, Жошының қазасынан соң орнына ұлы Бату отырады. Ол Батыс Дешті-Қыпшақ даласына, Еділ бұлғарлары жеріне, одан әрі батысқа шапқыншылық жорықтар ұйымдастырады. Ірі орыс князьдіктері талқандалады, Польша, Венгрия, Чехия және басқа көптеген елдер тонауға ұшырайды. Жеті жылға созылған жорықтарынан кейін Батудың қол астына Қырымды қоса, Еділден Дунайға дейінгі жер, Солтүстік Кавказ, Батыс қыпшақ даласы қосылады. Осыдан кейін Бату Еділдің төменгі аясында Алтын Орда атты жаңа моңғол мемлекетін құрады. Оған Жошы ұлысының жері — Шығыс Дешті-Қыпшақ, Хорезм мен Батыс Сібірдің бір бөлігі және батыстағы жаңадан жаулап алынған жерлер қарайды. Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жағынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен ұлыстар кірді. Көшпенділер негізінен түркі халықтары — ең көбі қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т.б. болды. Отырықшылардан болгарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т. б. кірді. Мұнда моңғолдар азшылық болды. XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырда моңғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданың халқы «татарлар» деген атау алды. Бату әскерінен жеңілген орыс князьдіктері бағынышты тәуелділікте болды. Орыс князьдері Алтын Ордаға тәуелділіктерін мойындап, ұлы ханның қолынан князь атағын алып, алым-салық төлеп тұрды. Бату құрған мемлекет шығыс деректерінде Жошы ұлысы деп, сондай-ақ Жошы ұрпақтары— хандардың атымен аталды. Алтын Орданың тұңғыш

астанасы – Сарай Бату. Бату хан негізін қалаған. Астрахань қаласының солтүстігінде жүз қырық шақырымдай жерде. Қазіргі «Селитренное» қаласының орны. 1395 жылы Ақсақ Темір қиратқан. Екінші бас қала – Сарай Берке. Бұл Волгоград қаласының күнгей бетінде 70 шақырым жерде яғни «Царев» елді мекені. Үшінші астанасы – Сарайшық. Ұлысты билеуге өкімет басындағы әулет мүшелерінің барлығы құқылы болды. Ал моңғол ақсүйектеріне үлесті жер ханға сіңірген еңбегіне қарай бөлініп берілді. Біртіндеп ақсүйектер құқығы арта түсіп, олар қарамағындағы жерді ұрпағына мұра етіп қалдыра алатын дәрежеге шейін жеткен. Екінші жағынан Алтын Ордада көшпелілердің ру-тайпалық ұйымдары да сақталды. Алғашында Алтын Орда Монғолияның ханына тәуелді болды. Алайда 1260 жылы моңғол империясы бірнеше тәуелсіз ұлыстарға ыдырап кетті. Алтын Орда Батудың інісі Берке ханның (1256 — 1266 ж.ж.), («Юань Ши» жазбасында Батудан кейін таққа отырған Берке емес, Сартақ деп көрсетіліпті – А.Д) тұсында-ақ тәуелсіздікке қол жеткізген. Одан кейінгі Мөңке хан (1266 — 1280 ж.ж.) өз атынан теңге шығара бастады. 1312 жылы Өзбек хан исламды Алтын Ордадағы мемлекеттік дін деп жариялады. Оның тұсында Еділ бойы және Орта Азия тұтасымен мұсылмандық исламды қабылдай бастайды. **«Цзюань 35. 2-ші жылдың үшінші айы. Чжи-шунь. (7 мамыр мен 8 сәуір. 1331 ж) Гвардия әскерлерінің арасындағы қыпшақтар саны жағынан өсіп кеткендіктен оң және сол қанатты гвардия әскерлері болып екіге бөлінді»** [3,216] - дейді Юань Ши. Байқағанымыздай, Алтын Ордада жаулап алынған жер мен халықтарды басқару үшін ұлыс жүйесі енгізілді. Бату хан тұсында Жошы ұлысында екіге — оң және сол қанатқа, негізінен екі мемлекетке бөліну процесі жүргізілді. Оң қанат басында Бату ханның өзі мен ізбасарлары тұрды. Ал сол қанатты Жошының үлкен ұлы Орда Ежен биледі. Қазақстан жерінің көп бөлігі сол қанат құрамына кірді. Бату мен Орда Еженнің ұлыстары өз ішінде тағы да кіші ұлыстарға бөлініп, олардың басында Жошының өзге ұлдары отырған. Жинақтап келгенде, «Юань Ши», яғни, Юань тарихы - ауқымы кең, дерегі мол тұтас екі ғасыр шежіресі. Кейінгі Қытай тарихын айтпағанда, Шыңғыс ханға, оның заманына қатысты қаншама соны мағлұмат бар. Үгедей, Күйік, Мөңке хандарға жеке тараулар арналған. Шыңғыс ханның ұлдары мен әйгілі немерелерінің өмірбаяны, тарихтағы Сүбітай, Мұқалы сынды атақты қолбасшылар, Елюй Чуцай, Шыңхай сияқты саясаткерлер, Шыңғыс ханның жаулас дұшпандары мен жақын серіктері арнайы, жеке-жеке сөз болады. Бір сөзбен айтқанда, Ұлы Даланы жайлаған көшпенді жұрттың Шыңғыс хан заманына дейінгі мың жарым жылдық ғұмыры қамтылады. Әлемнің ұйтқысы санаған хан жұртының таным-қозғарасы этноцентристік сипатта беріліп отырған. Империя аймағынан тыс қауым жайындағы азды-көпті мағлұматтарды тек қытай мақсат-мүддесі, ішкі-сыртқы саясаты тұрғысынан сұрыптап там-тұмдап жариялап отырған. Соның өзінде «Юань Шида» аса құнды байырғы тарихи деректі материалдар мол сақталған. Әсіресе, Моңғол үстіртіндегі түркі ру-тайпаларының Шыңғысханның мемлекет құру қарсаңындағы қоғамдық жағдайы мен әлеуметтік әрекеттері жөнінде жазылған деректер. Сондай-ақ, Орталық Азия мен Моңғол- Юань империясы арасындағы қарым-қатынастарға қатысты жазбалардың да деректік құндылығы өте жоғары. Айта кетер жайт, Юань Шида көптеген тарихи құнды деректердің пайдаланылмағаны, жазу барысында бір адамға екі өмірбаян жазу сияқты ағаттықтардың жіберілгені жайында ғалым - зерттеушілер пікірі айтылып, жазылып жүр. Ғалымдардың айтуынша, «Юань ши» мол мүмкіндік орайындағы биік өресіне жете алмапты. Асығыс жасалған жұмыстың кемістік жақтары сол кездің өзінде назарға түскен. Қорда бар, қажетті мәліметтердің біразы ескерусіз қалған, көптеген тұстар толымды емес, бардың өзінде қате, қайшы деректер ұшырасады. Соған қарамастан Юань Ши өзінің тарихи құнды деректерді сақтауымен ерекшеленеді. Көшпенділердің тұрмыс-тіршілігіне қатысты құнды дерек қалдырғандардың бірі – Венеция саяхатшысы Марко Поло (1254-1324). Марконьң әкесі Николо мен немере ағасы Маффеомен бірге жастайынан сауда – саттықпен айналысады. Орта Азия мен Қырым, Сарай жерлеріне келеді. Қытайға дейін жеткен Марко Құбылай ханның қол астында қызмет етеді. Түркі-моңғол билеушілері жат жұрттың өкілін Қытай шенеуніктерінің үстінен бақылайтын қызметке қою дәстүрі бойынша Құбылай хан Марко Полоны елші еткен, губернатор еткен, салық жинатқызып отырған. 1266 жылы Құбылайдың жолдауын өз қолымен Рим папасына тапсырады. Құбылай ханға Рим Папасының сәлемін жеткізеді. Христос табытының жанындағы шырақтың майын әкеліп береді. Марко Полоны түрлі елдерге сапарлатып императорлар мен корольдер, князьдер мен барондар жөнінде, олар өздерінің иеліктерін қалай басқаратындықтары жайында, сот ісі, соғысқа бару хақында толық мағлұматтармен қанығады. Бұл жөнінде М.Поло кітабының алғашқы тарауында былай беріледі: **«Никола мен Маффео Ұлы ханға келеді, хан оларды құрметпен, той жасап қарсы алады, олардың келгеніне мәз болып, қатты қуанады. Көптеген нәрселер туралы: ең алдымен, императорлар туралы, олардың өз иеліктерін қалай басқаратындары туралы, өз елдеріндегі соттың қандай екендігін, олардың соғысқа қалай аттанатыны туралы және барлық істер туралы сұрай бастады; сосын ол корольдер, нояндар және басқа барондар туралы да сұрап білді»** . [4,58]. Марко Поло хан ордасында он жеті жыл қызмет жасаған. Оның баяндауында Құбылай хан өз тағдырын және династиясының тағдырын Қытаймен байланыстырған. Ол үш ғасыр бойы бірікпеген Қытайды біртұтас елге айналдырды. Құбылай хан Тибет, Солтүстік Корея, Бирма, тіпті Жапония мен Яваны бағынышты ету ойына мықтап орныққан. Қағаз ақша шығарған, қант өндіру техникасын дамытқан Құбылай 1269 жыл моңғол жазуын қолдануды міндеттеген. Жеті өнерді (риторика, логика, геометрия, арифметика, грамматика, астрономия, музыка) меңгерген жүз ақылды адамдарды алып келуін сұраған. 1237-1317 жылдарда шенмен дәреже алу құқығын шектеген. Бірақ, Құбылайдан кейінгі тұста бұл дәстүрдің сақталмағанын жоғарыда қытай жазбасында сөз еттік. Марко Поло Құбылай ханның қызметінде жүріп моңғол, парсы тілдерін меңгереді. Юань еліндегі сапарларының бірінде 1297 жылы Венеция мен Генуя арасындағы сауда бәсекелестік теңіз соғысында тұтқынға түседі. Сол жерде бірге отырған пизалық жазушы Рустичано оның әңгімелерін түгел хатқа түсіреді. Бұл әңгімелері «Әлемнің

ғажайыптары» аталып жарияланады. Кітапта әр түрлі Азия аймақтары, аудандары, қалалары сипатталады, тұрғындарының мінездері мен тұрмыс-тіршілігі, қытайдың Юань әулеті: императоры Құбылай және басқадай ұлы монғол ханының сарайлары туралы қызықты мәліметтер берілген. Марко Поло «Кітабының» негізгі бөлімі монғолдардың, сондай-ақ Орта Азияның өзге халықтарының тарихына көпшіліктің орасан зор қызығушылығын тудырды. Бұл олардың тұрмыс экономикасын, әскери өнерін, діни көзқарастарын сипаттау үшін өте маңызды материал болып табылады. М.Полоның келтірген көптеген мәліметтерін сол кездегі қытай мен парсы қайнар көздері растады. «Әлемнің ғажайыптары» деп аталатын кітаптың алғы сөзі: **«Хандар мен императорлар, корольдер, герцогтар және маркиздер, графтар, серілер мен азаматтар және әр түрлі халықтар туралы, әлем елдерінің әр түрлілігі жайлы білгісі келетіндер, осы кітапты алыңыздар да оқып шығыңыздар, мұннан сіз ерекше таңғажайыптар мен Ұлы Армения туралы, Парсы елі туралы, татарлар туралы, Үндістан жайлы және басқа елдер жайлы әр түрлі әңгімелерді табасыз. Мұның барлығын біздің кітабымыз сіздерге Венецианың білгір де игі ниетті азаматы Марко Полоның өз көзімен көргендері туралы, және өзі көрмеген, бірақ өтірік сөйлемейтін, сенімді адамдардан естігені туралы тура өзі айтып отырғандай, рет-ретімен баяндап береді. Ал біздің кітабымыз шын, ақиқат, ешбір қоспасыз болуы үшін, онда көргендер туралы көрген сияқты, ал естіген әңгімелерді естіген сияқты айтады, бұл кітапты кімде-кім оқыса, не тындаса, оған шын көңілмен сенеді, себебі мұндағының бәрі ақиқат. Тағы да айта кететін жайт — ол әлемнің әр түкпірінен мәліметтерді жиырма алты жыл бойы жинастырған, 1298 ж. Генуяда абақтыда болғанда осының бәрін өзімен бірге қамауда отырған Рустикан (Рустичано) Пизанский дегенге жазғызады». [4, 58]. - деп басталады. Оның айтуынша, Алтын Орда көп ұлтты мемлекет болған. Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жағынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен халықтар кірді. Көшпелілер негізінен түркі халықтары — ең көбі қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т.б. болды. Отырықшылардан болгарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т. б. кірді. Мұнда монғолдар азшылық болды. XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында монғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданы мекендеген барша халық «татарлар» деген бір атауға ие болды. Марко Поло: **«Татарлар қыста шөбі мол жайылымдарда малын жайып, жазда салқын жайылымды суы мен шөбі шалғын тау бөктерлерінде өмір сүреді. Ағаштан жасалған дөңгелек үйлерін өздерімен бірге алып жүреді. Қамшымен өрілген үйлері өте жеңіл әрі ыңғайлылығы сонша кез келген жерге аузын оңтүстікке қаратып орната салады. Арбаларын қара киізбен жауып қойғанда күнібойы жауған жаңбырдың бірде-бір тамшысы өтпейді. Арбаны түйелер мен қодастарға жегіп бала-шаға, әйелдерін тасиды»,** деп көрсетеді. Сонымен қатар, **«...далалықтардың әр үйінде бір-бірден бүркіт бар. Олар онымен аң аулайды, саятшылық жасайды, бой сергітеді»** . [3, 337 б]. - деп жазады. Саяхатшының жазбасын негізге алсақ, біздің ата-бабаларымыздың осыдан сегіз ғасыр бұрын-ақ қыран баптап, құс салғанын аңғарамыз. Мәселен, ханның аңға шығып, аң, құстарды қалай аулайтыны жайлы да баяндалады: **«Сол қалада желтоқсан, қаңтар және ақпан үш ай бойы тұрғаннан соң ұлы хан наурыз айында оңтүстікке, екі күнді жолға, теңіз-мұхитқа (Сары теңіз) қарай аттанады. Ол өзімен бірге он мың құсбегі, бес жүз лашын, сұңқар, сүр сұңқарларды, тағы да су құстарын аулау үшін қаршығалар алды. Оларды бір жерде ұстамай, әр жерге орналастырып, аңшылық құрады, ал ұстап алынған құстардың көп бөлігін ұлы ханның қанжығасына байлайды...»**[3, 336 б]. Марко Поло көшпенді халықтардың жауынгерлік қырына көбірек тоқталған. Олардың өжет әрі қаһарман халық екеніне саяхатшының көзі жеткен. Мысалы, **«...Олар (қазақтар немесе көшпелілер) бие сүтін ақ шарап тәрізді ішеді, кемиус деп атайды, өте дәмді. ... Әйелдері сауда-саттықпен айналысады, ерлеріне керектің бәрін сатып алады, үй шаруасын атқарады. Ерлері ештеңеге араласпайды. Соғысқа барады әрі аң мен құсқа қырандарын салып аңшылық құрады... Олар бие сүтін ақ шарап тәрізді ішеді, кемиус деп атайды, өте дәмді. Қарулары садақ, семсер және шоқпар. Садақ арудың нағыз шебері... Ұрыста беттесе, батыл соғысады. Өздерінің билеушілеріне әбден берілген... Еңбекке және таршылыққа, басқаларға қарағанда, өте төзімді, жер мен патшалықты жаулап алуға қабілетті халық. Қажет болса айшылық жолға ешқандай азықсыз шығады ...Қажет болса қару-жарағымен түнді ат үстінде өткізуге бар. Қиындық пен мұқтаждыққа кімнен де болса төзімді»** [3, 336 б]. деп жазады. Осылайша, атақты жиһангез көшпелі қазақтың әскери өнерді жоғары деңгейде меңгергеніне таңданыс білдірген. Марко Поло кең даланы мекендеген халықтардың ұлттық ойындары жайлы да көп дерек келтірді. Ол Жетісу бойындағы көшпенді ауылдарының тойларына қатысқанын, ойын-сауықтарын көріп, ұлттық ойындарын тамашалағанын тайға таңба басқандай жазып қалдырды. Тіпті саяхатшының жергілікті халықтың төбеттері туралы жазған жазбасы да сақталған. Онда Марко Поло: **«Ежелгі көшпенділер жері мен Тибетте үлкендігі есектей ит бар екен, Шағатай ұлысының патша сарайында он мыңдай ит ұсталады, оларды аң аулауға, күзетуге, жүк тарттыруға қолданады»** [4, 59 б] деп келтірген. Саяхатшының дала төбетіне қызыққаны сондай, еліне қайтарында төбеттің бір күшігін олжалап ала кеткені айтылады. Марко Поло Азиядағы талай мәдени құндылықтың Еуропаға жетуіне атсалысты. Соның бірі – Азиядан қайтқан 1290 жылдары саяхатшы қытайлық фарфорды Еуропаға апарған. **«1187 жылы татарлар өздеріне патша сайлайды, өз тілдерінде оны Шыңғыс хан деп атайды. Шыңғыс хан батыл, ақылды және ержүрек адам болған; оны хан етіп сайлағанда, басқа елге бытырап шашылып кеткен татарлар жер жүзінен жиналып келіп, оны өздерінің билеушісі деп мойындады. Шыңғыс хан бұл елді жақсы басқарады. Тағы да сіздерге не айтсам екен? Таңқаларлығы, мұнда көп татар жиналған. Шыңғыс хан өзінде көп халық бар екендігін көрген соң, оларды садақпен және басқа да қарулармен жарақтандырып, басқа елдерді жаулап алуға аттанады. Олар сегіз аймақты өздеріне бағындырады, бірақ халыққа жамандық істемеді, олардың ештеңесін****

тартып алмады, тек оларды өздерімен бірге басқа елдерді жаулап алуға алып кетеді. Сіздер естігендей, олар көптеген халықты жаулап алады. Ал халық басқарудың жақсы екенін, патшаның қайырымды екенін көреді де, өз еріктерімен онымен бірге жүреді. Осылай Шыңғыс хан көп халықты жинап алады да, бұдан да көп жерді басып алуға шешім қабылдайды»[4.58]. Марко Полоның Еуропаға жеткізген осындай жазбалары мен жәдігерлерінің арқасында, еуропалықтардың Шыңғыс хан мен ол орнатқан мемлекет, ондағы халықтар туралы ойы өзгерді. Сөйтіп, олардың азиялықтар жайлы бұрынғы қараңғы түсініктері сап тиылды. Керісінше, Азияға деген аңсары ауа бастады. Марко Поло: «Құбылай ханның тұлғасы да келісті, бейнебір құрыштан құйылғандай. Орта бойлы, ірі де емес, бәкене де емес, аққұба, албыраған бидай өнді, мейірлі жарқын қара көзді, мұрыны сүйкімді» [3, 336 б]. деп көрсетеді. Ол хандық құрған мемлекеттің халқы татарлар деп аталғанын айтады. Оның жазбаларында бірде-бір моңғол атауы кездеспейді. Алтын Орда мемлекетінің әскерлеріне дейін татарлар деп көрсеткен. Марко Полоның «Саяхатында» түркі-моңғол жұрттарының дүниетанымы, әдет-ғұрпы, шаруа-кәсібі, дәстүрі біршама әңгімеленген. Марко Поло Шыңғыс хан заманы мен қазақ мемлекетінің бастауын тарихи-мәдени деректермен хаттап қалдырды. М.Поло «Әлемнің ғажайыптары» еңбегі — әлем әдебиетінің «Алтын қорына» енгізілген, сирек кездесетін ортағасырлық шығарма Көне тарихымыздың ақтаңдақ беттерін аша түсетін бағалы еңбек. Құнды еңбек тарихымызды түгендеуге, жадының жаңғырып, ұлттық кодымызды түйсінуге, сол арқылы халқымыздың рухани жаңғыруына қызмет ететініне күмән жоқ.

**Түйіндеі айтқанда,** Ұлы Даланы мекендеген көшпелілер құрған алып мемлекеттер әлемдік тарихты ілгері жылжытып, адамзат өркениетін айқындаушы бетбұрыстар жасағаны белгілі. Бұл ретте, түрлі кезеңдер мен алмағайып дәуірлердегі қоғамдық болмыстың нақтылы кескін-келбетін, этномәдени құбылыстарды, рутайпалық құрылымдарды, саяси экономикалық жүйе мен сыртқы қарым-қатынастарды тануға ортағасырлық жазба деректері мен жылнамалардың орны айрықша бағалы. Біздің байтақ елімізге арысы қытай, араб, парсы, француз, моңғол, армяннан бастап, берісі Ресейдің талай танымал ғалымдарының табаны тиген. Қазақстан жайында жазылған осындай саяхатшы-ғалымдардың баға жетпес зерттеулері біздің тарихымыздың бірден-бір бұлақ көзіне айналды. Осы жағынан алып қарағанда, олардың қазақ даласына жасаған сапары біздер үшін баға жетпес олжаға айналып отыр.

#### **Әдебиеттер**

1. Н.Назарбаев. Тарих толқынында. Атамұра. - 1999 ж.
2. «Юань-ши» (История Юань), серия Соинь-бонабэнь, эр-ши-сы-ши (24 династийные истории), Пекин-Шанхай, - 1958 г.
3. Становление и расцвет Золотой Орды. Казань. Татарское книжное издательство. - 2011 г.
4. Марко Поло. Путешествие. Ленинград, «Художественная литература», - 1940.

## **АБАЙ МҰРАЛАРЫН ИГЕРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Ербай Талғат Мәдәліұлы**

**Филология ғылымдарының кандидаты, доцент**

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**Шымкент қ., Қазақстан**

Тарихтың тереңінде жасырынған төл әдебиетіміздің тұма бастауларымен арадағы алтын көпір – түркілік жазу үлгісіндегі әдебиет нұсқалары. Кезінде төрткүл дүние оқымыстыларын таң қалдырған сол мәдени мұра түркілік өркениеттіліктің таңбасы болып қала бермек. Алғашында сонау шығыс беттен тасқа қашалып жазылған таңбалы тастарды тауып алып, ондағы жазуды ғылыми айналымға ендірген еуропалықтар екендігі белгілі.

Сол көне жазудың сырын ашуға тарихшысы бар, тілшісі бар, әдебиетшісі бар әйтеуір еуропа ғалымдарының белсене кіріскені де белгілі. Алғашында солардың барлығы да бұл көне мұраның еуропа мәдениетіне тиесілі екендігіне нық сенімді болатын. Өйткені олардың көзқарасында ең даланы кезіп өмір сүретін «түземдіктер» өркениет атаулыдан жұрдай деген түсінік қалыптасып қалған. Бірақ, сол қатып қалған қасаң түсініктің тігісін қақырата сөккен жаңалық тап осы таңбалы тастар сырының ашылуымен байланысты болды. Әлем зиялыларын алаңдатқан жазба мұраның тап сол еуропалықтардың «түземдіктер» деп мұрын шүйіре қарап келген түркі жұртына тиесілі екендігін жазу мәтініндегі төл тарихымызға қатысты контекстің өзі-ақ жария етті. Осылайша біздің жазба мәдениетіміздің тамыры тарихтың терең қойнауларымен тамырласып жатқандығы әлемге әйгіленді. Соған қарамастан «социалистік сананың» құрсауына жегілген ұрпақтар буыны жазба әдебиетіміздің тым беріден, дәлірек айтқанда, Абай дәуірінен бастау алатындығын санамызға сіңіріп келдік. Ең өкініштісі сол бір келмекке кеткен заманның жасап кеткен «жасанды түсінігінің» әлі күнге жалғасын тауып, жас ұрпақтың ой санасын улауында.

Расында Абай ұлттық әдебиетімізді өзінің асқаралы ақындық шеберлігімен, кемеңгер ойшылдығымен көркейттіп, жаңа бағыт, тың сапада өрістеткен креативті шығармашылық иесі. Бірақ ол біздің айтып келе жатқанымыздай «жазба әдебиеттің» негізін салушы емес. Ал біздің бұл таптаурын болған теріс түсініктен арыла алмауымыз төл әдебиетіміздің жазба түрінде қалыптасып, даму тарихының сонау көне түркілік кезеңнен жалғасып келе жатқандығын теріске шығарғанмен бірдей. Сондықтан да жазба әдебиетіміздің тарихи бастауы

Абай тұсынан емес, одан тым әріде жатқан түркілік кезеңдермен тығыз сабақтасып жатқандығын ашық айтатын кезіміз келіп жетті.

Ал Абай өзінің өнерпаздық жолдағы дара болмысы, бірегей дарыны арқылы жазба әдебиетімізді жаңа сапаға көтерді дегеніміз шындыққа дөп келеді. Әрі бұлай деуіміздің келешек ұрпақты патриоттыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеудегі маңызы да орасан. Ал енді Абайдың өзіне дейінгі қалыптасып, дамып келген әдеби дәстүрді жаңғырта дамытушы екендігіне дәлел болатын жайтқа назар аударайық. Оның әлем мәдениетімен терең сусындаған алып дүниетанымынан туындаған «Толық адам» идеясы қазақ халқының ұлттық ойлау жүйесіндегі бұрын соңды болмаған жаңалық. Ақынның өлең үлгісінде өргізген сол бірегей идеяның б.з.д 620 жылдар шамасынан бері қарата жалғасып келе жатқан түркілік өркениеттіліктің дәстүрлі жалғастығы екендігі белгілі абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы еңбектерінде барынша дәлелденді. Ғалымның жуырда ғана Жамбыл облыстық «Арай» газетінің кезекті бір санында жарияланған «Толық адам» ілімі жайлы толғанис» атты мақаласында Абай дүниетанымының түркілік құндылықтармен сабақтастығы ғылыми тұрғыдан дәлелденіп көрсетілген.

Ғасырлар қойнауының қалың қатпарлары жасырған «Ақи ілімі», «Жауанмәрттілік ілімі», Ясауидің «Хәл ілімі» мен Абайдың «Толық адам» ілімі арасындағы идеялық сабақтастықты өндіре талдап түсіндірген ғалым олардың арасындағы өзектестіктің түркілік дүниетанымда айрықша мән берілетін «кісілік кемелділікке» негізделумен ерекшеленетіндігін ашып көрсетті. Міне осылардың барлығы да жазба әдебиет үлгілері арылы сабақтасып отырды.

Өзінің алдындағы дәстүрлі танымды өрістетудегі ойшыл-ақынның ерекшелігі түркілік дүниетанымның өрісін кеңінен жайлаған сол мораль философиясын ғылыми жүйедегі ой-толғамдарға құрылған өлең үлгісімен толғауында. Сол арқылы *халқымыздың ежелден жасап келе жатқан ұлттық сипаттағы жазба әдебиеті* жаңа қырынан таныла бастады. Өлең өнеріне асқан талғампаздықпен мән беріп, аса жоғары бағалай білген Абай әлемнің барлық ғұламаларын толғандырған жантану бағытында талмай ізденді. Сол бағыттағы ізерлі ізденістерден туған ой-тұжырымдарын

Әуелі аят, хадис сөздің басы

Қосарлы бәйітмысал келді арасы.

Қисынымен қызықты болмаса сөз.

Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы

– деп, астарлы ұғым, әсерлі сөзбен әдіптелген «Құран кәрім» және пайғамбар хадистерінің қалыбындағы өлең үлгісімен өргізді. Адам баласының өмірдегі ең басты мұраты тікелей Аллатану, ақиқаттану мәселесіне құрылатындығын терең сезіне білген Абай ғұлама, оған жетелеп апаратын ұзақ жолдың табалдырығы адамтанудан басталатындығын анық білді. Сөйтіп адам танудың, оның өмірлік мұрат-мақсаты айқын тұлға ретінде қалыптасуының ғылыми концепциясы мәніндегі «Толық адам» ілімін жасап шығарды. Бұл қазақ халқының ойшылдық әлеміндегі, ұлттық әдебиетіндегі Абайдың қосқан жаңалығы.

Абайдың айтуынша әуел басында Алла тағаланың жарату заңдылығына сай «жан құмарлығының» басымдығымен дүниеге келетін адам баласы есейіп, әрнәрсенің сырын танып, ақыл құзырына бой ұра келе «тән құмарлығының» құзырына бағынышты болып қалады екен. Бұл туралы Абай өзінің жетінші қара сөзінде кеңінен баяндаған. Ес жиып, өсе келе «тән құмарлығының» адам бойын билеп кетуінің себебі де сол жетінші қара сөзде: «Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық, жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу айтса да ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім - өзіме», «кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз» деп баяндалған.

«Толық адам» ілімінің ішкі жүйесін құрайтын қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің арақатынасындағы ішкі даму заңдылықтарының жайын осы жетінші қара сөзінде жеріне жеткізе түсіндіретін Абай бұл тұрғыдағы ойын өлең түрінде де жазды. Мәселен «Әсемпаз болма әрнеге», «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек», «Тоты құс түсті көбелек», «Ғылым таппай мақтанба» т.б поэзиялық шығармаларының поэтикалық жүйесі осы «Толық адам» іліміне негізделіп құрылуымен ерекшеленеді.

Бір өкініштісі осы аталған шығармаларды талдап тану, жас ұрпаққа насихаттауға келгенде әлі де сырттай желе жортып қана өте шығып жүргеніміз жасырын емес. Басқасын айтпағанның өзінде мектеп бағдарламалары бойынша бұрыннан қарастырылып келе жатқан, әрі көпшілікке кеңінен танымал «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің өзі лайықты деңгейінде ашып түсіндірілмейді. Ал шындағында ол өлеңнің мазмұндық желісі тұтасымен «Толық адам» идеясына негізделген. Оның дәлелі:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шафхат кімде бар,

Сол жарасар туғанға

- деп келетін өлеңнің екінші шумағында қайрат, ақыл және «әділет пен шафхат» деген бейнелеуіш сөз образы арқылы беріліп тұрған жүрек үшеуінің жайы сөз болатындығында. Ал енді осы мәселенің, өз жөнімен толыққанды түрде жүзеге асырылмай:



Алдыңғы екеу, соңғысыз

Біте қалса қазаққа

деп баяндалатын жарым деңгейде қалып қою жағдайы орын алғанда, ақырының қалай аяқталмағы:

Алдың-жалын, артың – мұз,

-деп, түсіндіріледі. Мұндағы «жалын» деген сөз образы арқылы - тозақ оты деген түсінік бейнеленген.

Ал арттағы «мұз» - Абайдың ойшылдық танымы өрісінде тұжырымдалған «жарым адам» деңгейіндегі ақыл иесінің, яғни «суық ақылдың» нәтижесінде жүзеге асырылатын амал-әрекеттер.

Осылайша «Толық адам» деңгейіне көтеріле алмаудың қорытындысы әр адамның өз тағдырына өзінің ерік-қалауымен жасалатын қиянатпен аяқталатындығы айқындалып көрсетіледі. Осыған қарап адам баласына ерік беру арқылы Алла тағала әркімге өз тағдырын өзі жасау мүмкіндігін бергендігін ұғынуымызға болады.

Ал шығармадағы басты идеяға байланысты туындайтын проблеманың жайы адам баласының тікелей «өнерпаздыққа» емес, «асемпаздыққа» қарай бой ұрып кетуінен туындайтындығымен түсіндіріледі. Оның себебі жоғарыда айтылған жетінші қара сөздегі «адамның жас шағында, кісісін тауып, орнын тауып «жан құмарлығының» дұрыс жолға қарай бағытталмауынан.

Бұл өлеңдегі ойдың ішкі мазмұндық жүйесін бұдан әрі қарата да тереңдете талдай беруімізге болады. Бірақ қарастырып отырған өлең мазмұнын әрі қарата талдауды осымен доғарып, бұл тақырыпты қозғаудағы басты тұжырымымызды түйіндемеңіз.

Басты айтпағымыз ұлы ақын поэзиясын талдап тану барысында шығарманың ішкі құрылымдық контекстіндегі ойдың логикалық жүйесіне назар аудармауымызға байланысты. Әдетте біздің Абай шығармаларын танып білуіміз жекелеген өлеңдерін жаттаумен, болмаса өлеңнің мазмұны туралы түсінігімізді жалпылама түрде сыдыртып айтып шығумен шектеледі. Ал әрбір сөз саптауы аса күрделі ой иірімдерінің логикалық жүйесін құруға негізделіп жататын ұлы ақын мұрасының терең қатпарларына үңіле қарауға жете мән бермейміз. Содан барып ұлы дүниенің байыбына барып, асыл мазмұнын өз қалыбында, барынша кеңінен ашып, жүйелі түрде талдап танудан жаңылып келеміз.

Ең бастысы жұмбағы қиын Абай мұрасын жете танып біліп, оның тағылымдық өрісі арқылы таным шеңберімізді тереңдету үшін ең алдымен абайтанушы-ғалым Мекемтас Мырзахметұлының айтқанындай «ең алдымен ұлы ақын өмір сүрген заман сырына қанық болуымыз қажет». Содан кейін өлең талдау әдісіндегі жүйелілік пен герменевтикалық тәсілдерді тиімділікпен қолдана отырып ойшылдық әлемнің құпияларын тап басып табатындығымызға күмән жоқ.

#### **Әдебиеттер**

1. Әуезов, М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1967 ж.
2. Мырзахметұлы, М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994 ж.
3. Кәкішов, Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, – 1982 ж.
4. Қирабаев, С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995 ж.
5. Мырзахметұлы, М. М.Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982 ж.
6. Әуезов, М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988 ж.
7. Мұқанов, С. Жарқын жұлдыздар. – Алматы: Мектеп, 1964 ж.
8. Кәкішов, Т. Абай және Сәбит // Ақиқат. – 1994. – №3.
9. Бейсенбаев, М. Абай және оның заманы. – Алматы: Жазушы, 1988 ж.
10. Жұртбаев, Т. Қайғы шығар ілімнен // Ақиқат. – 1994. – №1. – 57-62 бб.
11. Байғалиев, Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001 ж.

## **ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Ерболат Толқын Сағымбайқызы  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі мақал-мәтелдердің тілдік-стильдік, көркемдік ерекшеліктері, тілде қолданылуы, этнолингвистикалық танымдық мәні айтылады. Мақал-мәтелдер – ұлт тілінің қалыптасуында өзіндік орны бар, мыңдаған жылдар бұрынғы орта ғасыр жазба ескерткіштерінде айшықты ой орамдарымен қолданысқа түсіп, қазіргі қазақ тілінде кеңінен көрініс тапқан асыл мұра. Сондықтан мақалада орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі мақал-мәтел құрылымының көркемдік образдылығы, бейнелік көріністері, құрамы мен құрылымы, мағынасы және тілде қалыптасып, пайда болуы кеңінен талданып зерделенді.

**Аннотация.** В статье рассматриваются языковые стили, художественные особенности, использование языка, этнолингвистическое когнитивное значение пословиц и поговорок в средневековой письменности. Пословицы- это наследие, которое имеет свое место в формировании национального языка, широко отраженного в современном казахском языке, который вошел в многовековые памятники средневековья. Поэтому в статье анализируется художественный образ, образ, композиция, структура, значение и происхождение структуры прозы в средневековых записях.

**Annotation.** The article discusses language styles, artistic features, the use of language, the ethno-linguistic cognitive significance of proverbs and sayings in medieval writing. Proverbs are a legacy that has its place in the formation of the national language, widely reflected in the modern Kazakh language, which entered centuries-old monuments of the Middle Ages. Therefore, the article analyzes the artistic image, image, composition, structure, meaning and origin of the structure of prose in medieval recordings.

**Тірек сөздері:** мақал-мәтелдер, орта ғасыр жазба ескерткіштері, тілдік ерекшеліктер, көркемдік бейне, нақыл сөз, паремология, фразеологизм.

**Ключевые слова:** пословицы и поговорки, письменные памятники средневековья, языковые особенности, художественное образ, пословицы, паремология, фразеологизм.

**Key words:** Proverbs and sayings, written monuments of the middle ages, language features, artistic image, Proverbs, paremiology, phraseology.

Халықтардың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық мәдениетінің жетістіктері мен ұлт өркениетіне қатысты ақиқат белгілерін таңбалайтын тұрақты тілдік бірліктерді зерттеу - лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеудің теориялық негізі болады. Тіл білімінде «қазіргі лингвистиканың құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасының антропоцентристік қағида негізінде – сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, оның (тілдің) функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық үрдіспен байланыстыра қарайтын зерттеулердің нәтижесі болып табылар соңғы он жыл көлемінде тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы пайда болды», – деп айтуға толық негіз бар. Мақал-мәтелдерді лингвомәдени бағытта қарастырудың кешенді сипаты мен ғылымиаралық сабақтастығын атап өткен жөн. Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді зерттеу барысында этнография, тарих, мәдениет, салт-дәстүр, өнер, космономия т.б. ғылымдарының деректері де тиімді пайдаланылады.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының ажырамас белгісі. Ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, сіңісіп кеткен дүние. Сол себепті жұртшылық жадына сақтап, күнделікті өмірде қолданып, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» бере білді. Қазақ – мақал мен мәтелге бай халық. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегін бағдарлай отыра бағамдаған А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын халықтың салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [1,112], – деп көрсеткен болатын. Ғалымның көрсеткеніндей мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасқан, шешен тілмен айтылатын сөз маңызы болса, ал мәтелде ой тіке берілмей астарлай айтылады. Қай тілде болмасын өзіндік алатын орны зор, түп-тамыры тереңде жатқан тілдің бедерлі айшығы болып саналатын мақал-мәтелдердің қазақ халқы үшін алатын орны ерекше. Мақал-мәтелдер – ұлт тілінің қалыптасуында өзіндік орны бар, мыңдаған жылдар бұрынғы орта ғасыр жазба ескерткіштерінде айшықты ой орамдарымен қолданысқа түсіп, қазіргі қазақ тілінде кеңінен көрініс тапқан асыл мұра. Халықтың тұрмыс-тіршілігі пен қоғамдық өмірінің тәжірибесі ауыз әдебиетінің осы бір саласында кеңінен көрініс тапқан. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ауыздан-ауызға жеткен мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің үлгісі, халық шығармашылығының жетістігі. «Сөздің көркі – мақал» деген халық мақалының маңыздылығы да осында. Ал халық даналығын бізге жеткізуші ауыз әдебиетін мақал-мәтелдер, қанатты, нақыл сөздердің, тұрақты тіркестердің бастау бұлағы деп танымыз. Сонымен қатар, бұл көркем сөз кестелері бізге көне түркі дәуірінен жеткен. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілінде кездесетін кестелі сөз өрнектері соның айғағы. Қазіргі қазақ тілінде де, орта ғасыр жазба ескерткіштерінде де мақал-мәтелдер әдебиет саласында көбірек көрініс береді. М.Қашқари өз еңбегінде «Игі істің басы – тіл» деп халық өмірінде тіл өнеріне аса зор мән берілетіндігіне назар аударған. «Поговорка и пословица – самое живое выражение поэтического слова народа. Они из всех жанров фольклора тесные всего связаны с обиходной разговорной речью и больше всего живут, отражая в себе все духовное богатство, нравы и обычаи народа», – деген Мырза Мұқәддәстың пікірі [2] мақал-мәтелдерді зерттеудің маңыздылығын арттыра түседі.

Қазақ мақал-мәтелдері сонау YII ғасырдағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алып, XIY ғасыр жазба ескерткіштер тілінде жалғасын тапқан. Орхон жазбаларындағы: «*Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген*» («Күлтегін» жырынан), «*Өлімнен ұят күшті*» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдері қазақи таным-түсініктен алыс емес. Ал Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігіндегі: «*Ұлық болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол*», ал «*Құдатғу біліктегі*»: «*Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жоюр*» деп келетін мақал-мәтелдерінен адамгершілікті ту еткен халыққа тән сөз өрнектерін аңғаруға болады. Келтірілген деректерді негізге ала отырып, қазақ мақал-мәтелдерінің сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз. Орта ғасырлық жазба ескерткіштердегі фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдерді зерттеу барысында бірқатар көне сөздердің дыбыстық, грамматикалық, лексикалық өзгерістерге ұшырағандығын байқадық. Мысалы, *көрар болса фаріштә иолдан азғай* деген мақал қазіргі уақытта *періште алтын көрсе жолдан таяды* деп қолданылады. Көріп тұрғандарыңыздай уақыт өте келе мақалға *періште* сөзі қосылған. Осы тәрізді *кузага не қойсаң аны ичәсэн* мақалдың түпкі мағынасы сақталып морфологиялық өзгеріске ұшыраған. Қазіргі қазақ тілінде бұл мақал *не ексең, соны орасың* деп қолданылады. *Қатындардың чачі узун, ақылы қысқа – әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа, ыхлас білә йығласа сукыр куздан йаш чықар – шындап жыласа соқыр көзден де жас шығады* деген мақалдар ғасырлар бойы ешқандай өзгеріске ұшырамай, өз қалпында біздің заманымызға дейін жеткен.

Мақал-мәтелдер негізінен халық аузында ауызша сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып отырғандықтан ауыз әдебиетінің еншісінде қарастырылады. XVIII ғасырдың II жартысынан бастап қазақ мақал-мәтелдері жүйелі түрде зерттеліп, қағаз бетіне түсіріліп, баспасөз беттерінде жариялана бастады. Мақал – нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын,

алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеленіп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде кейде қара сөзбен де айтылады. Ұйқасқа («Қайраңы жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без»), аллитерацияға («Етігін шешпей ер шыңаймас»), ассонансқа («Қатты жерге қақ тұрар, Қайратты елге бақ тұрар») құрылады. Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді («Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар»), («Брысқа қарап ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер»), («Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны»), («Ер жігіт үш ақ тігеді, үш қара үй тігеді»). Мәтел –өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңар тармақты, ауыспалы, астарлы мағыналы болып келеді. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мысалы, «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке» - мәтел. «Қаңбақтан қашсаң –дөңбекке жолығасың» - мақал.

Мақал-мәтелдерді сөз еткенде паремиология саласына тоқталудың маңызы зор. Паремиология – мақал-мәтелдер мен әр алуан қанатты-нақыл сөздерді жан-жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те жаңа салаларының бірі. Сондықтан мақал-мәтелдердің шығу тарихын, дамуын, басқа тілдермен сәйкестігін зерттеу ісі – паремиология саласының еншісінде. Негізінен паремиология ғылымы мақал-мәтелдерді тілдік ерекшеліктері тұрғысынан зерттейді. Ал, мақал-мәтелдер бойындағы қасиеттерді бір ғана көркем сөз тәсілімен беру мүмкін емес. Мақал-мәтелдердің шығу тарихы мен пайда болу жолдары, тілі жақын туыстас халықтар үшін ортақтығы, логикалық сәйкестік, образдылық т.б. мәселелер паремиологияның зерттеу объектісі. Тіл дамиды, соған сәйкес мақал-мәтелдер де өзгерістерге ұшырап отырады. Мақал-мәтел сөздері қазақ тіліне араб тілінен ауысқан. Араб тілінде *magal* – орынды айтылған сөз мағынасын береді. В.В. Катаринский 1899 жылы жариялаған «Сборник киргизских пословиц» деген кітабында бір жарым мың қазақ мақал мәтелдерін кіргізген. Қазақ мақал-мәтелдерін жинауда В.В. Радлов, Ә. Диваев тәрізді ғалымдар мол үлес қосты. Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалар» деп аталатын еңбегінде көрініс берген мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Осы кезеңнен бастап қазақ мақал-мәтелдері түрлі жинақтарда, хрестоматияларда жазылып, жариялана бастады. Ш.Ахметовтың құрастыруымен шыққан «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясында» әр түрлі тақырыптағы мақал-мәтелдер берілген. Қазақ мақал-мәтелдерін жинап, жариялауда Ш. Ибрагимов, М. Терентьев, Ы. Алтынсарин, Ә.Ә. Диваев, Я. Лютшь, Ф. Плотников, И. Гродеков, В.В. Катаринский, А. Васильев, П.М. Мелиоранский, Н.Ф. Катанов, Н.Н. Пантусов, Ө. Тұрманжанов, М. Әлімбаев, Ә. Нұршайықов, Н. Төрекұлов т.б. отандық және орыс зерттеуші ғалымдарын атап көрсетуге болады. Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиетте 1879 жылы Орынборда шыққан, 1906 жылы толықтырылып қайта басылған Ы. Алтынсариннің хрестоматиясына қазақ халық ауыз әдебиетінің нұсқалары енгізілді. Хрестоматияда берілген мақал-мәтелдер бірнеше тақырыптарға бөлініп, жүйелі жинақталған. Аталған ғалымдардың халық ауыз әдебиеті жайындағы зерттеу еңбектерінде қазақ мақал-мәтелдері туралы шолу жасалып, алғы сөздерде азын-шоғын айтылғаны болмаса, қырқыншы жылдарға дейін арнайы сөз болып, тиянақты түрде зерттелген емес. Аталған кезеңдерде М. Әуезов 1927 жылғы «Әдебиет тарихында», С. Сейфуллин «Таңдамалы шығармалар» жинағында мақал-мәтелдерді қазақ халық ауыз әдебиетінің аясында зерттеп, мысалдар келтірілген. Сәкен Сейфуллин мақал-мәтелдерді шешендік сөздердің бір саласы ретінде қарастырған.

1940 жылдардың басында жарияланған М. Әуезовтің «Қазақ халқының эпосы және фольклоры» атты зерттеуінде қазақ мақал-мәтелдеріне тән екі ерекшелік атап көрсетілді: біріншісі, мақал-мәтелдердің тұлғасы өлең түрінде жасалатындығы болса, екіншісі, олардың мазмұны халықтың негізгі кәсібі малшылықпен байланысты екендігі. Қазақ мақал-мәтелдері «Қазақ әдебиетінің тарихында» басылған Б. Шалабаевтың «Мақал-мәтел» атты ғылыми очеркінде (Алматы, 1948) өз мәнінде зерттелген. Кеңес дәуіріндегі мақал-мәтелдерді жинау, жариялау жұмысы қарқынды дамыды, әсіресе 50-жылдары қанат жая бастады. Осы кезеңге дейін республикалық газеттер бетінде ғана жарияланып келген қазақ мақал-мәтелдері, енді «Қызыл ту», «Оңтүстік Қазақстан», «Ленин жолы», «Есіл правдасы», «Коммунизм жолы» сияқты облыстық газеттерде де жариялана бастады. Қазақ мақал-мәтелдерін бір жүйеге түсіріп зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – Мәлік Ғабдуллин. Ғалым «Қазақ халық ауыз әдебиеті» атты еңбегінде қазақ мақал-мәтелдерін жинап, бастырушыларды атай кетіп, оның жанрлық табиғатын, әдеби-әлеуметтік мәнін анықтайды. Сонымен қатар Н. Төрекұловтың 1957 жылы шыққан «Қанатты сөздер» атты жинағына да біршама мақал-мәтелдер енгізілген. Кейінгі уақытта қазақ мақал-мәтелдері балаларға арналған жинақтарға да енгізіліп жүр. Мысал ретінде М. Жаманбаевтың, Қ. Баянбайдың, Е. Елубаевтың, С. Қалиевтің, Е. Ерботинның, Б. Кірісбаевтың т.б. ақын-жазушылардың жинақтарын атап көрсетуге болады. Халық мұрасы болған мақал-мәтелдер ұлы Абай шығармаларында да кездеседі. Ауыз әдебиетінен сусындаған ақын шығармашылығын мақал-мәтелсіз елестету мүмкін емес. Мысалы: «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім» өлеңінде «не күн туды басына», «сабыр түбі – сары алтын», «ауру да емес, сау да емес», «ағын судай екпіндеп» деген сөз орамдары кездеседі. Ақынның қара сөздері де саналы ой мен ғибратты сөздерге толы. «Отыз тоғызыншы» қара сөзінен: «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» сияқты мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Ал, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққан туралы» атты еңбегінде 10 мақал талданған.

Қазақ халқының тарихында мақал-мәтелдердің бала тәрбиесінде алатын рөлі зор. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп келетін аталы ой «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» деген мақал-мәтелдермен жалғасады. Тағы бір мысал айта кетсек, “Ғұн тарихының жылнамасы” атты

басылымда (Түркістан, 2004) Ғұнның құзырына үйсін, қаңлы тайпаларының кіші хандықтары қарайтыны сөз болады. Демек, сол бірлестік құзырында жасайтын ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, қазақ тайпаларының өзара бір-бірімен жіті араласып, ортақ дүниелерді тілдеріне тиек ететін жағдай болғандығын аңғартады. Осы тұстарда қазақ халқында:

*Көкте күн жалғыз,*

*Жерде ғұн жалғыз,* - деген мақал қалыптасты. Бұл мақалдың беретін мағынасы: Бүкіл Еуразиялық жазықтықта Ғұн империясы аспандағы Күн сияқты сонша елді жалғыз бір өзі билеп-төстеген еді. Көненің көзіндей болған сөз жауһарларын зерттеудің маңызы зор.

Мақал-мәтелдер сыртқы тұлғасы мен қолдану ерекшеліктері жағынан фразеологизмдерге ұқсас. Мақал-мәтелдерді фразеологизмдердің аясында қарастыру мәселесі әлі күнге дейін шешімін таппаған, ғалымдар тарапынан әртүрлі көзқарасқа ие болған даулы мәселе. Атап айтқанда І. Кеңесбаев, Ә. Болғанбаев, Ғ. Мұсабаев, М. Копыленколар мақал-мәтелдерді тұрақты тіркестер құрамында қарастырмау туралы пікір айтқан. Мақал-мәтелдердің сөйлеу кезінде даяр қалпында жұмсалуды тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиеттердің бірі. Бұл жайында зерттеуші И.А. Оссовяцкий былай дейді: «По условию своего битования в языке пословицы и поговорки не похожи на фольклор, они никогда не «исполняются», а существуют в языке и функционируют в нем так же, как и другие фразеологические обороты. Думается, что изучение пословиц и поговорок должно входить составной частью в изучении лексики и фразеологии язык в целом» [3,135]. Сол себепті біз жазба жәдігерліктер тіліндегі мақал-мәтелдерді де зерттеу нысаны етіп алып отырмыз. Мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің фразеологияға қатысы, бұлардың тұрақтылығы мен эвфониялық құбылыста қолдану сипатына байланысты. Осы сипаттар арқылы бұларды фразеологиялық единицалар тобына қосып қарастырамыз, - деген пікірді қолдаймыз. «С одной стороны, пословицы и поговорки – явление языка, устойчивые сочетания, во многом сходные с фразеологическим оборотами. С другой – это определенные логические единицы, выражающие то или иное суждение. С третьей – это художественные миниатюры, в яркой чеканной форме обобщающие (а точнее моделирующие) факты самой действительности», - деген белгілі паремнолог Г.А. Пермяковтің пікіріне сай жазба ескерткіштер тіліндегі тұрақты сөз тіркестері де тек тілдің байлығын сипаттап қана қоймайды, сонымен қатар халық дүниетанымының тереңдігінің дәлелі [4,10]. Ғалыммақал-мәтелдерді жіктеп-жүйелеудің әлемдік тәжірибеде орын алған түрлерін атап көрсетеді: 1. Әліпби бойынша жүйелеу. Мұнда мақал-мәтелдер әріп бойынша әліпбилік ретпен түзіледі. Жүйелеудің бұл түрінде мақал-мәтелдің мазмұндық-тақырыптық мәні ескерілмейді. 2. Мақал-мәтелдерді тірек сөздер бойынша жіктеу. Мұндай жағдайда мән-маңызы жағынан бір-бірімен тең түсетін бірнеше тірек сөз болуы мүмкін. 3. Монографиялық тұрғыдан жүйелеу. Мұнда мақал-мәтелдердің жиналған жері мен жазылған уақыты басшылыққа алынады. 4. Генетикалық тұрғыдан жіктеу. Белгілі бір этнотілдік ортада туындаған мақал-мәтелдерді анықтау мақсатында жүргізіледі. 5. Тақырыптық жүйелеу. Мұндай жүйелеу арқылы мақал-мәтелдер мағыналық тұрғыдан топтастырылады.

Қорыта айтқанда, жазба мұралар тіліндегі мақал-мәтелдердің құрылымы қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдермен ұқсас. Көне қыпшақ тілінде кездесетін мақал-мәтелдердің басым көпшілігі ерте заманда әртүрлі құбылыстардан пайда болып, бірнеше ғасырлар бойы дамып, жаңарып отырған. Көптеген мақал-мәтелдердің құрылымы мен мазмұнынан ұлттық дүниетанымға тән қасиеттерді байқауға болады.

#### **Әдебиеттер**

1. А. Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
2. М. Мұқаддас. «Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремнологиялық жүйесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы. – 2007 ж.
3. И.А. Оссовяцкий. Лексика современных русских народных говоров. -Москва, 1982 – 286 стр.
4. Г.А. Пермяков. Пословицы и поговорки народов Востока. Систематизированное собрание изречений двухсот народов. - Москва, 1979 – 10 стр.

## **ИСТОРИЧЕСКИЕ ТРАДИЦИИ ИСКУССТВА КАРАКАЛПАКСКИХ ЖЫРАУ**

**Ережепов Артыкбай Абыллаевич  
Соискатель**

**Нукуского Государственного педагогического института имени Ажинияза  
г. Нукус, Каракалпакстан**

**Андатпа.** Мақалада Қарақалпақ жыраушылық көркем-өнері тарихы дәстүрі туралы сөз етіледі.

**Ключевые слова:** Жырау, музыка аспабы қобыз, көркем-өнер тарихы.

**Аннотация.** В статье рассказывается об огромном месте и значении музыкальных исторических традиций искусства Каракалпакских жырау в развитии музыкальной культуры.

**Ключевые слова:** Жырау, музыкальный инструмент Қобыз, Искусство, Музыкальная культура.

**Annotation.** The history of art Jiraw development and its place in teaching young people in Karakalpak.

**Key words:** Jiraw, musical instruments, art, musical culture.

История развития искусства каракалпакских жырау столь же сложна и многогранна, как и история самого народа. Пройдя трудный, богатый событиями исторический путь, каракалпаки создали самобытную художественную культуру, неотъемлемую часть которой составляет традиционная музыка. Каракалпакская традиционная музыка представлена различными видами-как фольклорными формами, так и жанрами

профессиональной музыки устной традиции. В последней центральное место занимает эпическое творчество (дастаны, толгау, терме и др.) В современной национальной культуре каракалпаков существуют 3-вида сказателей-исполнителей дастанов: жырау, баксы и кыссаханы. Их творчество отличается друг от друга как музыкального-поэтическим репертуаром, манерой исполнения, так и используемым музыкальным инструментарием. Среди традиций эпического творчества-искусство жырау более древнее. Каракалпакские жырау ведут свою мифологическую генеалогию также от Коркыта Ата. До сих пор одно его имя и образ может внушать нам, его потомкам, пиетический (почтительный) страх и уважение в силу загадочности своей жизнедеятельности. В народе он великий прорицатель, мудрец, стратег, в то же время музыкант и изобретатель сакрального инструмента кобыза. Среди каракалпаков также бытуют ставшие популярными легенды об изобретении им кобызы и его борьба со смертью. Сюжет последней легенды, на наш взгляд, является кочующим в огромном ареале проживания тюркоязычных народов. Свидетельством этого служит наличие нескольких могил Коркыта на территориях государств от Казахстана до Турции, народы которых почитают его по сей день. Могила Коркыт Ата имеется и на территории Тахтакупырского района Каракалпакстана. Подчеркнем, что полифункциональность его личности отражена не только в устных легендах, но и в письменных средневековых источниках.

Так, великий узбекский поэт и мыслитель Хазрат Алишер Навои (1441-1501) в своей книге «Насоимул мухаббат» упоминает о нем следующим образом: «... известно, что он (т.е. Коркыт Ата-К.К) говорил о том, что случилось несколько лет до него, и о том, что случится несколько лет после него»[6;155]. Сильным стратегом и главным советником огузского хана Иналяви предстаёт он в «Шажарайи тарокима» (Родословная туркмен) (около 1660г.) хорезмшаха и историка Абулгази Бахадирхана. «Архаический тип эпического певца, одновременно ...знахаря, советника хана и почитаемого старейшины племени»[4;642] представляет собой другой жырау-Соппаслы Сыпыра (XIVв.). Его имя « в вариантах Сувра, Супра-жырау, Сафар-дау упоминает во всех разновидностях этого жыра (имеется ввиду-«Едиге») у родственных тюркоязычных народов»[5;4]. Во всех каракалпакских вариантах дастана «Едиге» его называют «шурегей-жырау», по всей видимости, отмечая тем самым, его особый исполнительский дар. Весьма досадно, что в очень малом количестве сохранились образцы его творчества и «в письменных источниках отсутствуют какие-либо достоверные данные о нем»[3;4]. Общеизвестно лишь, что, являясь близким советником хана Тохтамышы, Сыпра жырау исполнял многие эпические произведения золотоордынского периода. А «в каракалпакской литературе Сыпыра известен как основатель самой большой школы эпических певцов»[5;4].

Как известно, распад Золотой Орды (1480) привел к образованию на ее территории нескольких независимых владений, в том числе, Ногайского ханства. Последнее объединило в своем составе тюркские кочевые племена в западной части «кыпчакских степей», что способствовало созданию героического эпоса, связанного с историей Ногайской Орды.

Блестящим памятником данного периода истории каракалпаков, дошедшим до наших дней, является «Толгау Орманбет бия» Блестящим памятником данного периода истории каракалпаков, дошедшим до наших дней, является «Толгау Орманбет бия» (Орманбет бийдин толгауы) из репертуара Жумабая Базарова (1927-г.р.). Самое слово «ногаец» в употреблении среднеазиатских народов приобретает как бы расширенное значение, особенно в применении к героям эпических сказаний прошлого»[4;75]. Известный каракалпакский жырау-импровизатор Кыяс Кайратдинов (1903-1974) в своем терме пел;

Ноғайлы дейди екен халқымды сонда  
Туп бабамды Көзин көрген кобызым.  
В дословном переводе;  
«Ногайцем» звали тогда мой народ  
Предков моих видел ты кобыз.

Поэтому имена великих поэтов-мыслителей XV-XVI вв. -Асан кайгы, Жийренше шешен, Казтууган жырау, Доспанбет жырау в равной мере рапорсранилось среди ногайцев казахов, каркалпаков и башкир, их творческое наследие является всеобщим достоянием этих народов. В каракалпакской фольклористике их творчеству отведено огромное значение. «К концу XVI века в рамках Ногайского союза завершился сложный процесс этногенеза каракалпаков. С XVIII в.основная часть каракалпаков населяла территорию по среднему и нижнему течению Сырдарьи. Они жили в тесном соседстве с казахами Младшего жуза»[7;57]. « По народному преданию, в те времена всех каракалпаков, живших на Сырдарье, называли туркестанскими: весь Сырдарьинский район для каракалпаков назывался «землей отцов-Туркестан» «Ата журты-Туркистан». В культурной жизни каракалпаков этого периода важную роль сыграло творчество Муйтен жырау (примерно 1570-1650 гг.). Яростный борец за справедливость, красноречивый оратор и смелый защитник угнетенного народа-таким он сохранился в памяти каракалпаков. К сожалению, очень мало сохранилось образцов его творческого наследия. Можно предположить, что многие сочинения жырау растворились среди народа как безымянные. Центром расселения каракалпаков во второй половине XVIII в. Стал Жанадарьинский оазис. К этому периоду истории народа относится жизнедеятельность великого каракалпакского жырау Жийен Аманлык улы (1710-1784) -родоначальника каракалпакской классической поэзии, продолжателя традиций жырау «ногайлинского» периода.

Жийен-жырау был очевидцем тех трагических для каракалпакского народа событий, заставивших мигрировать их содного места на другое. Он посвятил этим событиям свои бессмертные толгау- «Уллы тау» (букв.-Великая гора) и «Поскан ел» (Разоренный народ). Яркое исполнение им героических дастанов «Кырык

кыз”, «Алпамыс», «Едиге» и других, сыграло большую роль в объединении народа против иноземных захватчиков.

Начиная с деятельности Жийен жырау, еще более отчетливо вырисовывается генеалогическое древо (шежире) кракалпакских жырау в силу большей сохранности информации. Напомним, что кракалпакские жырау в конце дастана обычно ссылаются на своих поэтических предшественников-учителей (устазов), – «чтобы засвидетельствовать достоверность и древность эпического сказания. Так поступал, например, Курбанбай жырау... Согласно его утверждению первым исполнителем эпоса «Алпамыс» (вероятнее всего, каракалпакской версии, известной певцу) был Жийен-жырау (XVIII в.), передавший его Айтуар жырау. Последний в свою очередь обучил Сарсенбай жырау, ученик которого Кабыл жырау передал эпос Халмурату жырау. Курбанбай жырау был учеником Халмурата жырау, а позднее - Нурабылла жырау». Из этого перечня Нурабылла Каражан улы (1862-1927) признан самым крупным и плодотворным жырау начала XX в. Он создал большую школу сказителей, ставшую крупным очагом эпического искусства современного Каракалпакстана. «24 учеников выпустил в своей жизни Нурабылла жырау – свидетельствует о нем фольклорист-литературовед. К.Айымбетов[1;90].

Из них Абдурасул, Куламет, Курбанбай, Есемурат и др. впоследствии сыграли важную роль в культурной жизни народа. Представителем этой школы является наш современник Жумабай Базаров (1927), ученик Есемурата жырау. Примерно с первой половины XX века намечается медленный процесс заката искусства каракалпакских жырау. Об этом красноречиво свидетельствуют рукописные материалы и полевые записи из фонда Каракалпакского отделения АН РУз, (экспедиции 1960-80 гг.), личные полевые записи автора, которые содержат высказывания самих жырау и почитателей этого искусства. Они единогласно утверждают об угасании интереса слушательской аудитории к их творчеству, о переориентации их внимания к искусству баксы, особенно среди молодежи. На это также сетовал в начале 1940-х гг. известный жырау-импровизатор Курбанбай Тажибаев (1876-1958) в своем дастане «Кырык кыз».

С начала XX в. начинается расцвет искусства каракалпакских баксы -лирического в своей основе вида творчества, который составил следующую, высшую ступень развития устно-профессионального творчества. На наш взгляд, через этот естественный историко-культурный процесс прошли многие народы. Ведь «эпос не может быть создан искусственно: он предполагает эпическое состояние мира, героическую ступень его развития, большие коллизии народов, народные войны, храбрость как настоящую эпическую добродетель»[2;20]. Как известно, более поздней ступенью развития среднеазиатского героического эпоса являются дастаны из цикла Гороглы (XVI-XVIII вв). Здесь героические подвиги персонажей тесно сплетаются с любовной и сказочной романтикой «Народного романа».

В современном искусстве Огузов-туркмен также не сохранилось «никаких отражений сказания об Алпамыше-Бейреке ни в эпической, ни в сказочной форме. Оно оказалось вытесненным, как и другие эпические сказания цикла Коркута, новым эпосом о национальном герое Кёроглы и пышным расцветом эпоса романтического «народного романа».

Еще в середине XIX в. Казахский ученый Ч.Валиханов сообщает, что в последнее время его пребывания в степи «джир» почитались уже устаревшей формой поэзии. Форма джиров, как и самый кобыз, осталась теперь только достоянием баксы. Они только сохраняют эту форму стихов, употребляя ее при заклинании джинов. Можно утвердительно сказать, что форма джира и употребление кобыза вышли из моды со смертью знаменитого певца-импровизатора Джапака... Балалайка (т.е., домбра- К.К.) и новейшие песни выжили теперь совершенно джир и кобыз»[3;226]. На примере каракалпаков отметим, что развитие традиций жырау, носителей героического эпоса, продолжалось до конца XX века. А циклы поэм о Гороглы у каракалпаков нашли воплощение в творчестве другого вида сказателей-баксы, исполнителей-творцов романтического эпоса. Процессу угасания искусства жырау способствовали также идейно-политические тенденции бывшего СССР, когда имел место неофициальный запрет исполнения дастанов «Едиге», «Алпамыс», «Ер Шора» и др. Памятны случаи репрессирования ярких интерпретаторов этих дастанов (ерполат жырау-1861-1938 гг.), попытки инкриминирования им уголовных дел (Отенияз жырау-1883-1979, г Есемурат жырау-1893-1980 и др.). Жумабай Базаров (1927 г.), пожалуй, последний каракалпакский жырау в традиционном значении этого слова. Как творческая личность, на сегодняшний день, к сожалению, он исчерпал себя. Он не подготовил ни одного ученика, который бы продолжил его дело. Ныне он не в самом хорошем состоянии здоровья, и его уход с музыкальной арены республики означает, позволю себе сказать, практически полное вымирание данного искусства среди каракалпаков. Со второй четверти XX в. -параллельно с фольклорной и профессиональной музыкой устной традиции - началось формирование национальной композиторской школы, которое означало переход к новой, третьей стадии развития музыкального искусства каракалпаков. Талантливые народные музыканты первоначально при содействии музыкальных деятелей из других республик бывшего Советского Союза, а потом и самостоятельно начали осваивать технику, формы и жанры многоголосной музыки. Этот процесс-тема для отдельного выступления, в которую мы не будем углубляться. Остается надеяться, что в дальнейшем эпическое искусство, наряду с письменной литературой, станет большим подспорьем для национального композиторского творчества в создании высоких художественных образов, в целом определяя идейное содержание их творчества, став сюжетной основой крупных и малых произведений различных жанров.

#### **Литературы**

1. Айымбетов. К. Халык даналыгы. Нокис, “Каракалпакстан”, 1968, с. 90.
2. Соллертинский И. Исторические типы симфонической драматургии. М., Госмузиздат, 1963 г, с.20.

3. Сочинения Ч.Ч. Валиханова. //Записки императорского русского географического общества по отделению этнографии. Спб, 1904, Том, XXIX, с. 226-227.
4. Жирмунский В.М. Тюрский георический эпос.Л., Наука, 1974, стр 642.
5. Магауин М.Кобыз и копкье. Алма-Ата, «Жазыушы» 1970, стр 4.
6. Навоий А. Насоимул-мухаббат//Асарлар.Ун беш томлик. Тошкент, 1968, XV том, 155-б.
7. История Каракалпакской АССР ( сдревнейших времен до наших дней). Ташкент, «ФАН», 1986, с.57.

## АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚҰТ-БЕРЕКЕ ҰҒЫМЫ

**Ерланова Аяулым Ерланқызы, пед.ғыл.магистрі**  
**Байтуғанова Орынай Бахытқызы**  
**Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті**  
**Павлодар қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Мақалада әдебиетіміздің бай да көркем жауһарларының бірі болып саналатын ақын-жыраулар поэзиясындағы құт-береке ұғымы қарастырылады. Ғылыми жұмыста Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет жыраулардың туындыларынан мысалдар келтіріле отырып, тақырыптың мазмұны ашылған. Зерттелініп отырған дәуірдің ерекшеліктері мен әдебиеттің ұлттық өзгешеліктері сөз етіледі.

Сонымен қатар Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Р.Бердібай сынды және т.б. ғалымдардың жыраулар поэзиясына қатысты еңбектері айтылады.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается понятие благоденствие в произведениях поэтов-жырау, которые считаются одним из богатых произведений литературы. Автор статьи анализирует работы ученых, исследующих творчество поэтов-жырау. Отмечаются специфические черты и национальное своеобразие литературы исследуемого периода. Рассматривается творчество Асан Кайгы, Казтуган, Шалкииз, Жиёмбет и др. Также отмечается вклад: Ш.Уалиханова, М.Ауезова, Р.Бердибай и других ученых в исследование творчество поэтов-жырау.

**Annotation.** This article discusses the concept of welfare in the works of singers and narrators, who are considered one of the richest works of literature.

The author of the article analyses the works of scientists who had investigated the works of the zhyrau-poets. This article considers the works of such zhyraus as Assan Kaigy, Kaztugan, Shalkiiz, Zhiembet and etc.

There is also mentioned the contribution to the literature study the works of the zhyrau-poets. of such scientists as: Sh. Valikhanateov, M. Auezov, R.Berdibai, and others.

**Тірек сөздері:** Ақын-жыраулар поэзиясы, әдебиет, құт-береке, қазақ халқы, береке, молшылық, мәдениет.

**Ключевые слова:** Поэзия певцов и сказителей, литература, благоденствие, казахский народ, достаток, изобилие, культура.

**Key words:** Poetry of singers and narrators, literature, welfare, Kazakh people, prosperity, abundance, culture.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір айтулы мұрасы, тот баспас асыл, ағынды да арнаулы арнасы – жыраулар поэзиясы. Қазақ поэзиясының ең ауыр жүгін көтерген сөз өнерінің жетекші өкілдері – ғасырлар шегінде бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұра жасады. Ақын-жыраулар келер ұрпаққа негізінен туған жер, ата қоныс, замана жайлы толғаулар қалдырды. Бұл сарын түп негізінде ежелгі әдебиет дәстүрі құт-береке, ырыс туралы ұғым жатқаны ақиқат, даусыз нәрсе. Ал, құт-береке ұғымы негізінен бізден талай ғасырлар бұрын жырланған, адамзат баласы жаратылғаннан бастап осы құтты заманды, құтты жерді іздеп келеді. «Құт» сөзі ертедегі Орхон жазба ескерткіштерінде де кездеседі («Тәңірі жарылқаушы құтты қаған болды: Күлтегін жазуы») [1, 84].

XV ғасырда өмір сүрген Асан Қайғыдан, XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау шығармаларында құт-береке ұғымы сараланып, жалғасын тапты. Қай заманда да адамзаттың арманына айналған құтты заман орнату, құтты мекенде өмір сүру. Құт-береке ұғымы – киелі мағынасы бар, тілімізде күні бүгінге дейін сақталып келген көне түркінің «құт» сөзімен байланысты. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «құт» сөзі береке, байлық, мол қазына деп көрсетіледі [2, 30]. Құт – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы қасиетті ұғым. «Құт» сөзі мағынасы терең, ол өмірлік қуат, күш батамен келетін, дәулетпен байланысты бақыт, несібе. «Құтты болсын!». Бұл сөз қазақ баласы үшін қандай маңызды, киелі, қымбат екенін айтып жатудың керектігі жоқ.

Адамның бақыты

Адамның құтты тірлігі

Бақытты қоғам

Бақытты ел

Осынау бірнеше сөзден ғана тұратын мұраттар үшін талайлар күйзеледі. Талай қырғындар өтті, талай төңкерістер болды. Иә... Талай-талай жүздеген кітаптар жазылды. Талай ғалымдар, талай ақын-жазушылар көз майын тауысты. Құт-береке рух, нұр түсінігімен біртектес, себебі бәрінің де мағынасы киелі, саналы энергия, киелі от (физикалық от емес, одан миллион есе нәзік, рухани от). Құт-береке ұғымы бізден талай ғасыр бұрын өмір сүрген Ұмай ана есімімен де байланысты. Үйдегі отбасын, бала-шағаны жаман рухтардан қорғайтын әйел тәңірі –Ұмай ана. Мәселен, «Тоныкөк» жырында:

Тәңірі Ұмай,қасиетті жер-су,

Бізді қорғайды, ойлану керек,-

деген жолдар бар [3,45].

Үйге құт-береке келтіріп отыратын Анаға тағзым ету дәстүрі «Көк түріктер» дәуірінде емес, тіпті одан миллион жылдар бұрында болғанын дәлелдейтін аңыз-эпсаналар көп.

Зат атауларына байланысты да құт-береке ұғымы айтылады. Ыдыс атасы- сақ бабаларымыздан бастап қастерленген тайқазак. Скифтер тайқазан жасап оған жылқының етін асып, аталарына ас берген, сол дәстүр қазақтарда бүгінге дейін сақталып қалған. Түркістанда Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде тұрған тайқазан скиф дәуірінен бері үзілмей келе жатқан дәстүрлеріміздің белгісі. Ариант деген патша скифтердің санын білмек болып: «Әрбір скиф бір-бір жебенің ұшын әкелсін», - деп бұйырады. Жиналған жебенің көптігі соншалық, патша жебенің ұшындағы жезді балқытып, қазан құяды. «Құт» сөзі баталарда да көп айтылады. Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздерінің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айрықша бағалы. Өйткені қанымызға сіңісті, жанымызға жұғымды, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп сілкінетін, марқайтып қанағаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер – тәрбиенің бастау бұлағы.

Жыраулар поэзиясы – әдебиеттану ғылымында, әдебиет тарихында көркемдік негіздері жөнінен де, әлеуметтік, тарихи мәні жөнінен де жан-жақты қарастырылып, жүйеге түскен сөз өнері. XV ғасырдың орта шенінен бастап қазақ халқының құрылу дәуіріндегі қилы күйді жеткізді. Асанның, Қазтуғанның, Шалкиіздің, Доспамбеттің жыр-толғауларында сол бір алыста қалған аласапыран арпалыс шақтардың тірі суреттері жатыр.

Қазақтың ұлттық әдебиетінің төл тарихы қазақтың ұлт болып қалыптасуы мен дербес мемлекет құруынан басталады, яғни XV ғасырдан бастап қазақтың төл әдебиеті қалыптасып, дамыған. Міне, осы кезеңнің әдебиетін хандық дәуір әдебиеті деп жүрміз. Қазақ хандық дәуіріндегі жасалған әдебиет ел бірлігі, ел мүддесі, халық арманын алдыңғы орынға қойған. Бұл кезеңдегі әдебиет ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазыналардан нәр алып, ежелгі әдеби дәстүрді ұстап, жаңа мазмұнда дамыған. Ерлік пен елдік, өмір, заман хақында толғаған жыраулар өмірдің өтпелілігін жырлап, ізгілік пен инабатты дәріптеген. Қоғамдық әлеуметтік мәні бар толғаулар жыраулар поэзиясының дүниетанымдық сипаты болды. Қазақ хандық дәуір әдебиетін зерттеу XIX ғасырдан басталған. Шоқан зерттеулерінде Асан қайғының қазақ хандығының негізін қалаушы болған Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болғанын сөз етеді. Оның «көшпенділер философы» деуі бүкіл жырауларға берген бағасы болса керек. Шоқан зерттеулері қазақ әдебиетін таныту жолындағы алғашқы қадам десе де болады. Шоқаннан кейін жыраулар поэзиясын жан-жақты тұрғыдан С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншалиев, М.Мағауин, Ж.Тілеков, Р.Бердібай, Н.Келімбетов, А.Байтұрсынов, Б.Абылқасымов, Б.Кенжебаев т.с.с. ғалымдар зерттеп, бірізділікке салып, ерекшеліктерін ашып берді.

Жыраулар поэзиясына құнды баға берген ғалымдарымыздың қатары мол. Солардың бірегейі кемеңгер ғалым М.Әуезов елдің намысын оятатын қуат көздері – жері, тілі, діні екенін айта келіп, жыраулар поэзиясын дәл танып: «Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі – толғау. Жыраудың мақсаты, міндеті «не болса сол көңіл ашар, «әлдене» дерлік сөзді айту емес. Ол заман сыны, мезгіл, дәуір болжалын, тарихи оқиғаның мазмұнын бағасын сөз қылады. Көбінесе жырау, әрі би болады», - деп бағалаған [4, 25].

Ғалым жыраулар өз шығармаларында заман мәселесін, тарихты, қазақ халқын күн тәртібіне қоя отырып, сол мәселелердің шешімін табуына сүбелі үлес қосқан деп ой түйеді. Белгілі ғалым Р.Бердібай: «Жыраудың философ ойшылдығы мен ғибратшылдығы дүние сырын кеңінен шолып, терең салыстырулар жасайтындығы толғаулардан айрықша көрініс береді. Мұндай жырау жеке адамдағы немесе топтарға қарап емес, биік мінбеден бүкіл халыққа арнап сөйлегендей болады», - дейді [5, 120]. Ғалымның осы пікірінен жыраудың бүкіл табиғатын көре аламыз. Бұл дегеніміз жыраулар толғаулары арқылы дүние сырына шолып, әр заманның тарихи оқиғаларына үн қосқан дегенге саяды. Бұл дәуір поэзиясы бізге ата-қоныс құт мекеннен ауа көшудің қасіретін қырық жыл қырымда ат үстінен түспеген жауынгердің жан мұратын; ел басқарған хандардың тура тартқан тұсы мен бұрылыс қате кеткен шалғайларын тағы басқа толып жатқан шындықтарын қаз қалпында жеткізді. Жыраулар поэзиясында негізінен туған жер, ата қоныспен қоштасу, құтты жер іздеуі басты сарын болғаны белгілі. Жыраулар көбінесе өзінің болжағыштық, дана көріпкерлік қасиеттері арқылы әр кезеңде белгілі бір ханның қысылғанда кеңес сұрар ақылгөй жыршысы, салауатты биі болғанын көреміз. Бұған дәлел ретінде Асан Қайғы Жәнібек тұсында, Шалкиіз би Темір тұсында, Жиембет Есім ханның тұсында, Бұхар жырау Абылай тұсында болғанын білеміз.

XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулардың қайсысын аласаңыз да, барлығы халқы үшін, еліне құтты мекен, қоныс іздеп, халқының тыныштығы үшін, сыртқы жаулармен де соғысқан. Енді сол жырауларға тоқталсақ: Асан Қайғы – аты аңызға айналған тұлға. XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғының адамдарды ынтымақ-бірлікке, достық-татулыққа шақыруы, елге жайлы қоныс іздеп, отырықшы, бейбіт тұрмыс тіршілікті аңсауы сол кездегі заман талабынан туғаны түсінікті. Асан Қайғы өмір сүрген дәуірден бұрын да, сол тұста да жаугершілік, шапқыншылық көп болғаны тарихтан белгілі. XV ғасырда Асан атамыз халқына құтты мекен іздеп, болашақ ұрпағым қиыншылық көрмесін деп, қазақ жерін аралаған екен. Асан Қайғы заманы – қазақ хандығының жаңа ғана қаз тұра бастаған шағы. Сондықтан Асан атамыз қазақтың қамын ойлап, сол кездегі мекен еткен жеріне жайылым, қонысына көңілі толмай, Ойыл мен Жем бойын тастап, керуенін теріс бетке бастап көшкен Жәнібектің саясатына қарт жырау қарсы. Асан Қайғы бабамыз халық басына ауыр іс түскен кезінде халқының жанынан табылып, түбегейлі ой айтқан. Осы ой негізінде құтты мекен іздеп, ұрпағым қиыншылық көрмесін, болашағы жарқын болып, құтты заманда өмір сүрсін деген ниетпен қазақ жерін аралаған.



Қазтуған өлеңдері туған жерге деген сүйіспеншілікпен жырланады. Қазтуған Еділ Жайық жерлерін құтты мекен жері шұрайлы шаруаға қолайлы жер екенін «жабағылы жас тайлақ, жардай атан болған жер. Жатып қалған бір тоқты, жайылып мың қой болған жер»- деп суреттесе, өзен суын «Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған» деп бейнелейді. Міне, осындай құтты мекен «Қайырлы болсын сіздерге»- деп ол халыққа береке бірлік тілейді [6,32].

Жалпы мазмұны мен әлеуметтік мағынасы жағынан Қазтуған толғаулары да Асанның өлең-аңыздары тәрізді қазақ халқының халық боп құрыла бастау тұсындағы жайлы қоныс, құтты мекен іздеу мәселелерінің сол алыс замандағы жаңғырығы. Қазтуғанның поэзиясы өзіндік мазмұнымен, өзіндік стилімен ерекшеленеді, онда классик жырауға тән дидактика мен сәуегейлік жоқ, оның есесіне мол күш қуат, бұлқыныс бар, жауынгершілік пен нәзіктік айқын аңғарылады, жауынгер болып көрінеді. Туған жерінен Еділ жағалауынан шалғайға, қазақ хандығына келген Қазтуған өзінің ата-мекеніне деген сүйіспеншілігін, сағынышын, сол жерлерді айырықша әсірелеп, суреттеу арқылы береді, туған жерін бақ пен ырыс қонған, құтты қоныс етіп көрсетеді:

Салп-салпыншақ анау үш өзен-  
Салуалы менім ордам қонған жер.  
Жабағылы жас тайлақ  
Жардай атан болған жер.  
Жатып қалып бір тоқты  
Жайылып мың қой болған жер  
Жарысы мен бойы тең,  
Жары менен сайы тең,  
Боташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай  
Балығы тайдай тулаған.  
Бақасы қойдай шулаған,-  
Қайран менің Еділім... [6, 32].

Бұл өлеңде біз адамға ең ыстық Отаны, ата-бабасының ғұмыр кешкен, өзінің туып, өскен елі, жері қымбат екенін көреміз. Сондықтан да Еділді құтты қоныс деп жырлайды.

Шалкиіз бұла өскен дала перзенті еді. Сол даланың барлық қадір-қасиетін, сыр-сипатын түгел бойына сіңірген. Шалкиіз шығармаларының ішінде оны нағыз жырау етіп көрсететін екі толғауы бар. Оның бір «Би Темірге» айтқан бірінші толғауы және «Би Темірде», яғни сапарынан тоқтатуға айтқаны. Жырау Темірді «әр ісінде тура» жұрт иесі әділ әмірші деп есептеді. Шалкиіздің ойынша Темір – жұрт тірегі, елдің береkesі, ол алыс сапардан оралғанша «артына қалған көп халқы» тозғындап кетеді: жұртқа бір лайық ие жоқ, сондықтан да жырау ханға бару парыз еместігін еске салып, құдайдың шын парызы – қарауындағы халыққа рақымды, әділетті әмір жүргізу екендігін Темірдің көзін жеткізбек болады.

Жығылғанды тұрғызсаң,  
Жылағанды уатсаң,  
Қисайғанды түзетсең,  
Тәңірінің үйі бәйтолла,  
Сұлтан ием, қарсы алдында жасапты [6,42].

XV-XVI жылдары өмір сүрген көптеген жырауларымызды алсақ, олардың көбі Жайық өзенін, Еділдің бойына сағына жырланады. Еділдің бойы құт, береке еді дейді.

Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің көрнекті өкілі Жиёмбет Бортағашұлы. Жиёмбет Еңсегей бойы Ер Есімнің Кіші жүздегі ел басқарушы бии, әскербасы батыры қызметін атқарады. Жиёмбет әсіресе 1620 жылы ойраттармен арада болған соғыста қазақтардың жауды ойсырата жеңуіне мұрындық болады. Көбіне жеңісті сәті көп болып отырғанымен де, аса тынышсыз елдің тыныштығын кетірген ауыр күрес еді.

Жыраудың «Еңсегей бойлы ер Есім» атты толғауында Жиёмбет жырау халқының қамы үшін, Есім ханға тайсалмай өзінің ішіндегі барлық сырды жайып салады.

Тал шарбаққа мал сақтап,  
Тас қалаға жан сақтап,  
Тасқан екен мына хан!  
Қайырылып хайыр қылуға  
Қылғаның жоқ ұнаған.  
Қайратым қанша қайтса да,  
Мұныға, ханым, шыдаман!  
Арқаған қарай көшермін,  
Алашыма ұран десермін [6, 61].

Жиёмбет жыраудың біздің заманымызға жеткен санаулы ғана толғауларында елдің тыныштығы үшін күрескенін көрсететін жырлар.

Қорыта келгенде, XV-XVIII ғасырлардағы жырау поэзиясы Алтын орда ыдырап, қазақ хандығының құрылған кезеңін, қазақтың таза өз тілінде туған шығармалар. Ең көне дәуір шығармаларынан бастап, жыраулар поэзиясында халқының қамы үшін, болашақ ұрпақтарының уайымсыз өмір сүруі үшін күресті. Адамзат өмірінде құтты мемлекет құру, жақсы өмір сүру арманы қуатты қозғаушы күштердің бірі болған.

XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген қай жырауымызды алсақ та, барлығының асқақ жырлары, толғауларында көшпелі халықтың бас құрап, іргесі берік болуды, берекелі өмірді аңсағанын көреміз.

#### **Әдебиеттер**

1. Келімбетов Н.Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары). Алматы: Атамұра, 2005.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7 том Қ.П.-Алматы: Ғылым, 1983.
3. Қыраубасва А. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған Алма Қыраубасва), Алматы, Ана тілі, 1991. 2-басылымы, 374 б.
4. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы. –1964. 15 том, 258 б.
5. Бердібай Р. Ғасырлар толғауы. – Алматы. 1977 – 320 б.
6. Бес ғасыр жырлайды: 15 ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. / Жауапты шығарушы М.Байділдаев – Алматы: Жазушы, 1984. – (Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты). Т.1. – 256 б.

### **ЕЛІМ ДЕП ӨТКЕН АЗАМАТ (Алаш қайраткері Тел Бұқпанұлы Жаманмұрынов)**

**Есқалиев С.А., т.ғ.к., доцент  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік  
мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа:** Мақалада қазақтың біртуар ұлдарының бірі, Алаш, қоғам қайраткері, ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысқан күрескер Тел Бұқпанұлы Жаманмұрыновтың қызметі қарастырылады. Ол Ақтөбе өңірінде дүниеге келген. Қайраткер Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің белді мүшесі болды. Алаш қозғалысына белсене қатысып, ұлт мүддесі жолында қызмет етті.

**Аннотация:** В статье рассматривается общественно-политическая деятельность Тель Букпановича Жаманмурынова. Он участвовал в национально-освободительном движении начала XX века. Выходец из Актюбинской области Т.Б. Жаманмурынов был видным представителем партии Алаш и правительства Алаш Орды.

**Annotation:** The article discusses the social and political activities of Tel Bukpanovich Zhamanmuryinov. He participated in the national liberation movement of the early 20th century. A native of Aktobe region T.B. Zhamanmuryinov was a prominent representative of the Alash Party and the Alash Orda government.

**Кілт сөздер:** Алаш қозғалысы, интеллигенция, «Қазақ» газеті, Алаш партиясы.

**Ключевые слова:** Движение Алаш, интеллигенция, газета «Казак», партия Алаш.

**Key words:** Alash Movement, intelligence, newspaper "Kazakh", Alash party.

Кезінде Алаш қозғалысының қарқынды жүруіне ерекше еңбек сіңірген, тіпте оның дүниеге келуіне атсалысқан бірқатар тұлғалардың есімдері арагидік болмаса, өз деңгейінде айтылмай да, бағаланбай да келе жатқанына өз деңгейінде назар аударуымыз қажет. Өйткені Алаш қозғалысы дегенде, көбінесе, біздің есімізге бірнеше белгілі қайраткерлер ғана түседі. Алаш қозғалысымен бірге, мәселен, оның көрнекті қайраткерлері Уалитхан Танашевтің, Жанша Сейдалиннің, Ыбрайым Жайнақовтың, Айдархан Тұрлыбаевтың, Тел Жаманмұрыновтың, Асылбек Сейтовтің, Ережеп Итбаевтің, Базарбай Маметовтың, Аспандияр Кенжинның тағы да басқалардың да ұлт пен тарих алдындағы еңбектеріне лайықты баға беру, құрмет көрсету-біздің тарихи жадымыздың беріктігі мен азаматтық адалдығымыздың айғағы болмақ. Аталған есімдердің ішінде Тел Бұқпанұлы Жаманмұрынов өзіндік орны бар тұлға.

Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, ірі Алаш, қоғам қайраткері, жаңа заманның ауылшаруашылығы істерін шеберлікпен жоғары мемлекеттік дәрежеде ұйымдастырушы Тел Бұқпанұлы Жаманмұрынов 1888 жылы Торғай облысы, Ырғыз уезінің 4 ауылында кедей малшының отбасында дүниеге келген [1,64]. Ол жастайынан ойшыл, ізденгіш, зеректігінің арқасында Аманкөл болысының 7 – ші ауылындағы бастауыш мектебін, Ырғыздағы 2 кластық орыс- қазақ училищесін тәмәмдай салып, 1907-12 жылдары Орынбордағы реалдық училищеге түсіп оқиды. Училищені табысты аяқтаған ол, оқудың ізін суытпастан 1913 жылы әуелі Петербургтің политехникалық институтына 1 жылдан соң денсаулығына байланысты Мәскеудің Петровско-Разумовский атындағы (қазіргі Тимирязев атындағы) ауылшаруашылығы академиясына ауысып, 1917 жылға дейін оқиды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, сол уақыттағы қоғамдық саяси жағдай Ресей империясының астанасында оқып жүрген Тел Жаманмұрыновтың қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Сол жылдардан бастап - ақ Т. Жаманмұрынов ұлт – азаттық қозғалысқа қатысады [2,84].

Ол 1916 жылы бірінші дүние жүзілік соғыс майданына қара жұмысқа алынған қазақтарға (Минск маңы) көмек көрсетуші арнайы топ қатарына кіреді. Тел Жаманмұрыновтың бұл қызметі туралы «Қазақ» газетінің 1916 жылғы соңғы нөмірінде Әлихан Бөкейхановтың 17 желтоқсанында Мәскеуден жазған хаты маңызды дерек болып табылады. «Онда 2 – 3 күнде мен, Мырзағазы, Тел, Мұса, Хасен бесеуміз Западный фронтқа жүреміз, онда барып қазақ жігіттерін көреміз, Земскі Союзға көмек көрсетпек боламыз. Земскі Союз қазаққа не қыл десең, соны орнына келтіреміз деп қуантып тұр. Өзге фронтқа да барармыз» - деген мәлімет келтіреді [3]. Ал кезекті 26 желтоқсанда жазған хатында майданда Ақтөбе, Қостанай облысы жігіттерінің қал – жәйімен танысып жатқанын айтады. Бұл кезде де оның серіктері Мәскеулік студенттер Тел Жаманмұрынов, Мұса Сейдалин және Халел Бекентаев жігіттерге қызмет жасауға барған еді [4].

Сөйтіп, Т.Жаманмұрынов майдандағы бұратана бөліміне көмек көрсетуге өз еркімен барған алғашқы қазақ зиялыларының бірі еді. Тел Бұқпанұлы майдандағы қарапайым жұмысшыларды елге қайтаруды ұйымдастырады. Ол туралы 1917 жылдың 27 мамыр күні шыққан «Қазақ» басылымынан мынадай мәлімет берілген «Бұлардан басқа басшылық етіп Ақтөбе жігіттерімен Тел, Жетісу жігіттерімен Біләл қайтқан хабары да басқармаға тиді» [5].

Осылайша, 1917 жылдың жазында майдандағы жұмысқа алынған жігіттердің соңынан оларға қызмет көрсету үшін барған қазақ зиялылары, қазақ тарихының азаматтық ерлікке толы бір кезеңіндегі жауапты жұмысына Тел Жаманмұрынов сияқты азамат белсенді түрде ат салысты [6,210-211].

Сондай – ақ ол 1917 жылы Орынборда құрылған «Еркін дала» ұйымының басшылығында болады. Бұл ұйымның мақсаты негізінен ағартушылық және халықтың қоғамдық саяси белсенділігін көтеру еді [7]. 1917 жылы Орынборда өткен Торғай облысы қазақтарының съезіне «құлтшыл студент» деген мәртебемен қатысады. 1917 жылы қыркүйекте Алаш партиясының өкілі ретінде бүкіл Ресейлік құрылтай жиналысына депутат болып ұсынылады[8]. 1917 жылы 20 – 25 тамыз айында Ақтөбеде өткен Торғай облысы қазақтарының 2 – съезінде хатшылық қызметін атқарады. Бұл жиында съездің демократиялық негіздегі бағдарламасы және шешімдері қабылданды[9]. 1917-1918 жылдары бірынғай Түркістан автономиясына қосылуды жақтаушылардың қатарында болады.

1917 жылдың аяғына қарай Тел Бұқпанұлы өзінің туған өлкесі Ырғыз топырағына қайтып оралып сол кезеңдердегі елдегі бастау алып жатқан буырқанған заман тіршілігіне қызу араласа кетеді. 1918 жылғы наурыз айында Ырғызда уездік атқару комитетін ұйымдастырады. Оның алғашқы төрағасы болып жаста болса сауатты жоғары, білімді ауылшаруашылығы маманы, саяси қоғамдық біліктілігі кең дәрежедегі азамат Т. Жаманмұрынов сайланады [10,407]. Сол жылдары ол уездік жер комитетінің меңгерушісі қызметінде қоса атқарады.

1921 жылы сәуір айында Қырғыз атқару орталық комитеті оны республикалық жер жөніндегі халық комиссарларының мүшесі етіп жіберіп, көп ұзамай егін шаруашылығы халық комиссарының орынбасары, кейін 1929 жылға дейін сол комиссариаттың жабдықтау, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы басқармаларының бастығы қызметтеріне тағайындайды. Сондай-ақ Тел Бұқпанұлы сол жылдары, 1927 жылдан Түркістан – Сібір темір жолын жобалау және жабдықтау шараларына белсене араласады[11,505]. 1929-1930 жылдары білікті маман Қазақ автономиялық Республикасы Статистикалық басқармасы бастығының орынбасары, республикалық мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төралқасының мүшесі болып қызмет атқарады.

Қай жерде қызмет етсе де өзіне сенген жоғары басшылықтың жергілікті халықтың оң назарында болып, көңілінен шыға білген Тел Жаманмұрыновтың жемісті қызметі оның өзінің туған өлкесі Ақтөбе топырағында жасаған еңбектерінде де жан- жақты жарқырай көрінеді. 1934-1938 жылдары Ақтөбе облыстық Советі Атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыстық жоспарлау комиссиясының төрағасы қызметтерін белсенділікпен, білгірлікпен атқара жүріп, ғылыммен де қатар айналысты. Ол Қазақстанды зерттеу қоғамының Ақтөбе бөлімшесінің мүшесі[12]. Сонымен бірге, Ақтөбе облыстық Өлкетану ұйымының ғылыми қызметкері, ауылшаруашылық секциясының жетекшісі ретінде ғылыми ізденістер жүргізді[13,158]. Туған жері Ырғыз елі үшін қолдан келген біраз еңбектерін сіңіреді. Аудандағы тұрғын халқы ежелден армандап жүрген Қасқатай, Жалаңаш, Құтикөл, Ақши плотиналарының (бөгеттері) жобаларын жасап олардың іске асуына зор еңбегін сіңіреді[14,236]. Бүгінде аталған өңірлер халқы сол еңбектің жемісін сонау қиын – қыстау жылдардан осы кездерге дейін көріп алғыстарын жаудыруда. Өңірдегі табиғаттың өзі силаған мол өзен сулары сол бөгеттердің арқасында бос даланы суландырып егіс алқабына, шурайы жайылымға айналдырып берді[15,72].

Т. Жаманмұрынов өзінің халқына, еліне деген ыстық ықыласын, мүмкіндігі келгенше көрсетер пайдасын терең ойлай жүрген азамат болды. Соның бір кепілі, 1933 – 1934 жылдары аштықтан шет жерлерге көшіп кетушілерді елге қайтару ісімен белсене айналысты[16,505]. 1936 жылы Қазақстан үкіметі оны көршілес Монғолия еліне қызметтік іс- сапарға жібергенде, ол, сол елдің баса дамыған мал шаруашылығы саласымен терең таныса зерттей жүріп, келісім бойынша сол жақтың түйелерін алдыртып, асылдандыру жұмыстарын ұйымдастырады. Сөйтіп, отанымыздағы түйе шаруашылығын дамыту жұмыстарына зор үлес қосты.

Қазақтың, сол кездегі заманның көзге көрінген басқада абзал азаматтары секілді Т. Жаманмұрыновта халқымызға төтенше душар болған аса қайғылы нәубет - «репрессиядан» құтыла алмады. Еліне, халқына көрсеткен барлық еңбегі сол кездегі басшылықтың «халық жауы» деген кесепатты жалған айыбына айналдырылып, ол 1937 жылы наурыз айында Ақтөбе облыстық партия комитетінің қаулысымен партиядан шығарылып, түрмеге қамалды. Ә.Динаев, А.Кенжин, Қ.Сармолдаев пен Тел Жаманмұрыновтан алынған тергеу жауабында Т.Рысқұлов, С.Қожановтан басқа кеңестік жүйеге қарсы келген Энвер паша мен Мұстафа Шоқаймен тығыз байланыста болып, нұсқаулар алып отырғандығын мойындағандары да келтіріледі[17,68-69].

1938 жылы КСРО жоғарғы соты әскери коллегиясының үкімімен ату жазасына кесілді. Кейін жақындарына бұл үкім ұзақ уақыт түрмеде отыру жазасымен алмастырылды деген анықтама қағаз берілсе де, ол 1944 жылы сол зұлматтың құрбаны болған. Оның есімі 1958 жылы 4 наурызында КСРО жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен толық ақталып, марқұмның асыл бейнесі халқының жүрегіне қайтып оралды.

Тел Бұқпанұлы Жаманмұрынов XX ғасырдың басында отарланған Ақтөбе өлкесінен Ресей мемлекетінің астанасына барып, жоғары білім алған қазақтың санаулы зиялыларының бірі Алаш қайраткері, Қазақ елінің

ауылшаруашылығы ісін дамытуды мемлекеттік дәрежеде дарынды ұйымдастырушы, өз ұлтының мүддесі үшін басын тігіп, жанын пайда еткен қоғам қайраткері.

#### Әдебиеттер

1. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві. Бірғыз ауданының тарихи, саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірінің шежіре деректемесі. Ақтөбе, 1992. - 64 бет.
2. Алаш қозғалысы. Құрастырушы Е.Тлешов, Д.Қазманбекұлы. Алматы, 2008, -84 бет.
3. «Қазақ» газеті. 1916. №211.
4. «Қазақ» газеті. 1916. №211.
5. «Қазақ» газеті. 1916. №231.
6. М.Қойгельдиев. Алаш қозғалысы. – Алматы, «Санат», 1995. 210-211 б.
7. «Қазақ» газеті. 1916. №236.
8. ООМА ф.1. оп. 1. Д.30.12п.
9. РГИА, ф.1291, оп.84, Д.50, 8 – 12 пп.
10. Ақтөбе энциклопедиясы. «Отандастар - полиграфия» баспаханасы. Ақтөбе, 2001.-407 бет.
11. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 3 – том. Алматы, 2001. Бас редактор Ә.Нысанбаев. -505 бет.
12. Ақт.Обл.МА. 497ф. 1 – тізбе, 79 іс.
13. Ж.С.Есеналина. Взаимодействие научных обществ Западного Казахстана и Волго – Уральского региона. Ақтөбе, 2008.- 158 бет.
14. Қ.Еламанов. Шежірелі өңір. Деректі жинақ. Ақтөбе, 2002. -236 бет.
15. Көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері – Тел Жаманмұрынов (1888 ж. 16.03.1944 ж.к.б.). Ақтөбе, 2013. 64,65,70 – 72 бб.
16. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы, 2001. 3 – том. -505 бет.
17. С.О. Смағұлова. Елім деп өткен азамат (Алаш қайраткері Тел Жаманмұрынов турасында). // «Ұзақбай Құлымбетов және Қазақстанның мемлекеттілігі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы.- Ақтөбе, 2016. 68-69 бб.

## КӨШПЕЛІЛЕР ФИЛОСОФЫ АТАНҒАН АСАНҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕР-ҰЙЫҚ ИДЕЯСЫ

**Ешнязова Айнур Чапаевна**  
**Аға оқытушы, г.ғ.магистрі**  
**Қ.Жұбанов атындағы**  
**Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**  
**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа:** Мақалада Асанқайғының қазақтардың мәдениеті тарихындағы ерекше орын алған ойшыл екені және оның толғауларында жаңа құрылып жатқан мемлекеттің негізі болып табылатын жер деген түсінікті «Жер-ұйық» деп атауы баяндалған.

**Кілт сөздер:** Мәдениет, тарих, «Жер-ұйық» ұғымы.

**Аннотация:** В статье анализируется значение труда Асана Кайгы «Жер-ұйық» в истории и культуре народа.

**Ключевые слова:** Культура, история, «Жер-ұйық».

**Annotation:** The article analyzes the significance of the work of Asan Kaygy "Jer-ұйық" in the history and culture of the people.

**Key words:** culture, history.

Асан Қайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай Ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған «көшпелілер философы» (Ш.Уәлиханов) атанған Асан Қайғы «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік-дерек береді» (М.Әуезов). Асан Қайғы хандардың басын біріктіріп, қазақ халқын, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. Шу мен Арал аралығында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан Қайғы жаңа мемлекеттің ұраншасына айналады [1]. Біріншіден, Асан Қайғы - ойшыл, оның қазақтардың мәдениеті тарихындағы алатын орны ерекше. Ол өз жыр, толғауларында жаңа құрылып жатқан мемлекеттің азаматтарын елдікке насихаттаушы - жырау. Екіншіден, Асан Қайғының өзінің кейінгілерге үлгі болғандығы, оның есімі ел жадынан әсте шықпаған. Асан Қайғы есімі иісі қазаққа белгілі, сондықтан да оның есімі аңызға айнала бастады. Есімі аңызға айналған хакімдер тарихта сирек – соның бірі – Асан қайғы. Сондықтан қазақ халқының дүниетанымы дегенде нақтылап Асан Қайғы ойшылдығын нысанаға алу шындыққа сиымды. Әрине, Қазақстан топырағында ілгеріде Қорқыт, Қашқари, Баласағұн, Иасауи т.б. ойшылдар болғаны, көпшілікке мәлім. Олар бүкіл түрік әлеміне ортақ тұлғалар және Асан Қайғы сөзсіз аты аталған хакімдердің заңды мұрагері.

Экзистенция деген латынның өмір сүру деген сөзінен шыққан. Осы мәнде экзистенцияны Асан Қайғы дүниетанымын түсіндіруде қолдануға болады. Асанның келе-келе Асан Қайғыға айналуы осы өмір сүру философиясына қатысты. Асан Қайғы өмір философиясы емес, өмір сүру философиясы туралы мәселеге ауысқан, себебі оның мақсаты айқын, ол жаңа мемлекет құру, ол үшін жер мәселесін шешу қажет болды. Асан Қайғы экзистенциясы дерексіз ойлауға негізделмеген, ол позитивті, болашаққа нық сенімі бар, саяси бағыты анықталған - ойшыл. Ол тектен-тек дала кезіп жүргені жоқ, жаңа мемлекетке жер анықтау ісінде жүр. Ел болу үшін, ең әуелі жер керектігі белгілі. *Оның қайғысы жеке басының мұңы емес, халықтың мүддесі.* Шоқан

Уәлихановтың оны дала данышпаны деп атауы әбден дұрыс, ол желмая үстінен түспеген, үнемі сапардағы адам. Ол өмір мен өлімді тек өз үйінде не ауылында отырып көріп отырмаған, ол сол өмірдің және өмір сүрудің қаншалықты ауырлығын бүкіл кең даладан көріп білген. Ойшыл болған соң, ол бар істің себебіне үңілген, сондағы оның түйгені халыққа Жерұйық керектігін айтқан. *Жерұйық деген не?* Ол халықтың бақытты тұрмысы. Ойшыл адам ешқашан бақытты болмайды және бақыттымын деп сезінбейді. Ойымызға Будданың философиясы еске түседі, ол өмір сүру азап деп, бірақ сол азаптан шығу жолдарын көрсетіп кетеді. Асан қайғыда солай жасап отыр, бірақ оның шешімі – саяси шешім. Ол адамдарға *Жерұйық идеясын* ұсынған. Бұл халық жақсы тұрмыс кешсін деген асқақ идея. Идеясыз шындыққа, тіптен нәтижеге жетуге болмайды, осыны Асан қайғы терең түсінген.

*Асан* – сөзсіз ізгілік жолындағы жан. Осы ізгілік қуаты оны қайғы-мұңға бастап әкеткен. Парасат пен ізгілік ойшылдықтың басты қасиеттері. Осы екеуін де Асан Қайғыдан табамыз. Қайғы деген ойшылдықтың болмысынан туады. Дүниеде рахат жоғын Асан Қайғы біледі. Рахат деген болашақ, яғни о дүние болмысы, осы халді жанымен сезінген Асан өзінше бақытты ғұмыр туралы ой толғаған. Ғұмыр – ақиқат, олай болса, неге, неліктен адамдар бақытты тұрмыс құрмаулары керек – деген ниет Асанның мазасын алған жетекші ой. Абай «қайғысыздың бәрі асау» - деген еді. Асан да осы жағдайды көріп, біліп өзі арасында жүр. Қайғысыз асаулар көп, ондайлар әр заманда болған және бола да бермек. Мысалға, Асанның Жәнібек ханға айтқанын келтірейін:

*Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған,  
Оймауыттай тоғай еліңнің,  
Ойына келген асын жейтұғын,  
Жемде кеңес қылмадың,  
Жемнен де елді көшірдің.  
Ойыл деген ойыңды,  
Ойылкөздің жасы еді,  
Ойылдай елді көшірдің.  
Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек отқа семірген.  
Екі семсер қолға алып,  
Ерлер жортып күн көрген  
Еділ деген қиянға,  
Еңкейіп келдің тар жерге.  
Кеңестің түбі нараду,  
Жәнібек атты жақсы хан,  
Еділ менен Жайыққа  
Кәуірге қала салдырдың,  
Ақылды белден шалдырдың,  
Көңілді жаман қалдырдың.  
Мен айтпасам, білмейсің,  
Айтқаныма көнейсің.  
Шабылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп қызарып,  
Мастанып, қызып терлейсің,  
Өзіңнен басқа хан жоқтай,  
Елеуреп неге сөйлейсің?! [2, 104-105 бб.]*

Билік басындағылардың асау келетіні ежелден белгілі әлеуметтік мінез. Асан болса сабырлылық философиясын ұсынады. Сабырлылық ізгілік пен парасаттылықтан тұрмақ. Ойшыл, ең алдымен – ізгі жан. Ізгілік халық мүддесінен туған феномен болғандықтан Асан Сәбитұлы осы ізгілік философиясын өзінің өмір сүру салтына айналдырғандықтан, халық оны жай Асан демей – Асан Қайғы деп атап кеткен.

Мемлекет жерсіз болмайды, жұртшылыққа да қажеттісі - жақсы жер. Осы жақсы жер деген түсінікті Асан Қайғы «*Жер-ұйық*» деп атаған. Халық ел болу үшін бір жерге ұюы керек, сонда мемлекет іргесі берік болмақ. Неге Асан Қайғы заманында Жер даулы мәселеге айналды дегенге келсек, осы кезде Алтын Орданың ыдырап, жаңа ұлттар қалыптасу дәуірі басталған еді, демек әр ұлт өз еншісіне жер иеленіп қалуы керек. Әзірге қолда әскер барда, жерге иелікті бекіту қажет, ол үшін Жерге мінездеме керек. Ұрпақтар өсіп-өнетін Жер, әншейін емес, жақсы Жер – ол *Жер – ұйық* болуы керек. Осы идеяны ұсынған Асан Қайғы аңызда желмаясына мініп, жер кезіп кетеді. Осы қарекет Асанды халық жадында *Асан Қайғы* деп сақтаған.

Қазақ дүниетанымында Жер деген айрықша ұғым. Жер туралы Асан Қайғының түсінігі терең. Алып империя Алтын Орда күйреді. Іштен мүмкін іріткі, мүмкін бұрынғы қыпшақ, оғыз тайпаларының этникалық санасы оянып, өздерінше ел болу талпынысы, әйтеуір тарих сахнасына Қазақ хандығы деп аталатын мемлекет енді. Бұл жаңалықтың басы, сонымен бірге кезінде өше бастаған түркі жұртының *елдігінің ренессанстық көрінісі* болатын. Халықтың жадында түркілік сана қайтадан оянды, Қазақ хандығының тілі қазақ тілі, яғни түркі тілі болды. Осы тұстағы ең көрнекті мемлекет қайраткері әрі ойшыл, *хакім Асан Қайғы* болатын.

Асан Қайғы тек ақын, жырау емес, ол би, ол Қазақ мемлекетінің негізін салған саяси қайраткер. Мемлекеттің негізі Жер болса, бұл мәселені Асаннан асып айтқан ешкім жоқ. Ол жер туралы айтып қана қоймай, жаңа ұғым қалыптастырған, ол *Жер –ұйық* ұғымы. Бұл ғажап идея. Бұл Асан Қайғының тарихи ерлігі. Қазақ тарихында бұл мәселеге Асанға тең келетін адам болмаған. Халыққа ортақ идея ұсыну, оларды бірлікке, туыстыққа шақырып, өзі осы идеяның насихатшысы болып, ғұмырын соған арнаған. Ол ұю дегенді, бүгінгі лексикаға салсақ, мемлекет болу деп тусыну керек. Сонда *Жер-Ұйық* дегеніміз қазақ мемлекетінің жетекші-идеясы. Бүгін ұлттық идея деп көп айтып жүрміз, ол *Жер –ұйық дегеніміз, осы ұлттық идеяның тарихи алғашқы формасы*. Ұю үшін Келісім, Бітім, Татулық керек, себебі қазақ хандығына енген ру, тайпалардың өздеріне тән тарихи-мәдени менталиттері бар. Ол тайпалардың қайсы бірі кезінде жеке – жеке хандық құрған. Сондықтан олардың жаңа мемлекеттің азаматтары, яғни қазақтар атанып кетуі қиындау мәселе. Осыған орай Асан Қайғы былай деген: *«Қарындасты жамандап, туысты қайдан табасың»*. Асан *«қарындас»* деп бір ел боп туысқан жұрттың азаматтарын айтып отыр. Діні бір, тілі бір, тарихы бір ру, тайпалар бір жерге ұйып жаңа ұлт болды, *оның аты қазақ этносы*. Енді осы ұлттық сананы Асан *«қарындас»*, яғни туыс деген ұғыммен бейнелеп отыр. Туысынды жамандасаң жауға жем боласың, елдігіңнен айырыласың, -дейді Асан Қайғы. Бұл ұлттық идеяның жанды жері. Осылай деп *«қарындастарына»* жақсы жер *Жер-ұйықты* іздеп кетеді Асан Қайғы. Ел жадында Асан айтты деген сөз бар. Ол әр жерге, аймаққа мінездеме берген. Мысалы, Қаратаудан өткенде айтқан екен:

Қаратау еншінің алған қосың көкек  
Бауырың қара от, ойпаң, шөбі көбек,  
Бір түйеге болмаса, төрт түлік мал,  
Қыстауға тар, жазғы шөлде не күнелтпек.  
Аты ерте қартаяр жер азғыны,  
Адам ерте қартаяр ел азғыны,  
Бетеге, көлі шағын, жусаны жоқ,  
Ебелек, көктеп, қаңбақ шөп азғына,  
Жайласа Қаратауды бір-екі ай,  
Отырса Сыр бойында ала-қыстай,  
Сонда ғана болар еді малға жайлы,  
Деді де жүре берді күн тұрыспай.

Жер тану деген жерді мәтін ретінде оқу. Асан қайғы жерді мәтін етіп «оқып» отырған. Жердің бетіндегі нәрселерді айтып, ары қарай кете берген. Шымкенттен Сайрамға келген кезде былай депті:

Ел айтпас жақын болса базарлы жер,  
Көбейтпес ел есімін мазарлы жер.

Хан мен халық арасындағы қайшылықты сезінген Асан қайғы, осы қайшылықтың болмауын қарастырып, екі жақты бітістіру, ымыраластыру қамын ойлады. Асанның осылайша жер-жерді аралап, оларға мінездеме беруіндегі мақсаты не дегенге келсек, бұл сауалға жауапты өз сөзінен табамыз, ол сөзін хан Жәнібекке арнап былай дейді: *Өзің Жәнібек, Елден асқан батырсың!*

Тіл алсақ іздеп қоныс көр.  
Жел мая мініп, жер шалсам,  
Тапқан жерге ел көшір [2, 105 б.]

Ел Асан қайғы тапқан Жер-ұйыққа көшті, сол жерде мемлекет құрылды, халық өсіп-өнді, осы аймақтағы түркі тайпалары қазақ елін қалыптастырды. Асан қайғы утопист емес, жоғарыда айтқандай, ол қазақ хандығын құрушы қоғамдық қайраткер әрі хәкім. Жер-ұйық деген утопистік идея емес, ол жаңа мемлекетті топтастырудағы жетекші тәсіл. Ол түркі тілдес ру, тайпаларды қазақтандырудағы – ұлттық идея. Ол кезде қазақ болу деген Қазақ хандығының азаматы болу деген түсінік болатын. Қазақ - азаматтық туыстықтың атауы. Асанның *«қарындас»* деп отырғаны осы азамат деген ұғым. Биік азаматтық сана нәтижесінде барып қазақ деген этнос, халық, ұлт қалыптасты. Осы істің негізгі ұйымдастырушысы – Асан Қайғы, оның Жер-ұйық идеясы. Біз Жер –ұйық Асан Қайғының ілімі дегенімізбен, оның өскен рухани ортасын, оның әсерін айтпай кетуге болмайды. XV ғасырда Сүйінішұлы, Қазтуған, Сұрғалтайұлы Сыпыра, Доспамбет жыраулар болған. Бұлар ноғайлы мен қазақтардың рухани бірлігін баянды етіп, қазақ ұлтының рухани әлемін, кеңеткен ойшылдар. Асан, Қазтуған, Сыпыра, Доспамбеттер қазақтың теңдесі жоқ жыраулары. Баяндаманы Асан қайғының мына нақыл сөздерімен аяқтағанды жөн көріп отырмын: Әділдіктің белгісі,

Біле тұрып бұрмаса.  
Ақылдың белгісі,  
Өткен істі кумаса.  
Жамандардың белгісі,  
Жауға қарсы тұрмаса.  
Залымдардың белгісі,  
Бейбіттің малын ұрласа.  
Надандардың белгісі,  
Білгеннің тілін алмаса.  
Шамаңша шалқып көре біл,  
Қабірге қалар атақ жоқ,

Тіріден даңқын болмаса [3, 185 б.]

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 1 том. «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы» Алматы, 1998 ж. – 471 б.
2. Кенжебаев Б., Сүйіншәлиев Х., Жолдасбекев М., Мағауин М., Сыдықов Қ. Ертедегі әдебиет нұсқаулары. Алматы: мектеп, 1967 ж. 104-105 бб.
3. Толысбай Кенжалы. «Асан қайғының дүниетанымы». Қызылорда, 2002 ж. 185 б.
4. Ханғали Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы «Санат», 2006 ж.
5. Сүлейменов П.М. Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы. Алматы, «Қазақ университеті», 2011 ж.
6. Мұхтар Мағауин. Қобыз сарыны. Алматы «Атамұра», 2006 ж.

## «БӘЙТЕРЕК» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТҮРКІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ ЗЕРДЕЛЕНУІ

Жазыкова Р.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада түркі және қазақ халқының әлемдік тілдік тұлғасында «бәйтерек» концептісінің маңызы туралы зерттеу жүргізіледі.

**Тірек сөздері:** концепт, әлемнің тілдік тұлғасы, ассоциативтік эксперимент.

**Аннотация.** В данной статье предпринимается попытка исследования концепта «байтерек», который является одним из базовых значений в тюркской и казахской языковой картине мира.

**Ключевые слова:** концепт, языковая картина мира, ассоциативный эксперимент.

**Annotation.** The article attempts to research the concept of «Baiterek» which is one of the basic importance in Turkic and Kazakh linguistic world image.

**Key words:** concept, linguistic world – image, free association experiment.

Түркі әлемі – адамзат өркениетінің алтын бесігі. Еуразия құрлығын ең жайлаған түркі әлемі өзінің бай мәдениетімен, терең тарихымен мақтана алады. Түбі бір түркі халықтарын этногенез, тіл, тарих, әдебиет, рухани және материалдық мәдениет, әдет-ғұрыптар, салт-сана ортақтығы біріктіреді. Бір қуанарлығы ұлы даладағы материалдық, мәдени-рухани, антропологиялық сабақтастық өз жалғасын тауып келеді. Белгілі ғалым Ә.Т.Қайдардың: «Түркітану – жержүзілік ғылым. Ол бұдан үш ғасырдай бұрын дүниеге келіп, шығыстанудың бір тармағы ретінде дамып, бүгінде жер жүзіндегі ірі мемлекеттердің баршасында қалыптасқан инсандық (гуманитарлық) ғылым саласының біріне жатады: Бұл ғылым әлемдегі 150 миллионнан астам үлкенді-кішілі 30-ға жуық түркі халықтарының тілін, ауыз әдебиетін, этнографиясы мен этнологиясын кең шеңберде зерттеп-зерделеу мақсатында дүниеге келген, сол халықтарды жан-жақты танып-білу арқылы адамзат руханиятына зор үлес қосып келе жатқан әрі көне, әрі өсімтал, өміршең ғылымдардың үлкен саласы» – деп бекер айтпаса керек [1,3]. Осыған байланысты дүниежүзіне таралған түркі халықтарының ортақ рухани әрі мәдени құндылықтарын жан-жақты зерттеу, мән-мағынасын ашу, танып-білу түркітану ғылымының өзектілігін танытады.

Әр халықтың, ұлттың білімі мен танымының бірлігі - концепт, ұғымдық жүйенің негізгі бірлігі, ол этномәдени ерекшеліктерді бірден таныта алатын тілдік бірлік. Концепт сөздің, сөз тіркесінің, тұрақты орамдардың мазмұндық формасы арқылы өзекті болады. [2,53].

Ежелгі түркі халықтарында әлемнің символдық бейнесінің негізі – Ғалам ағашы (Мировое дерево). Көне түркілердің тасқа қашалып жазылған ескерткіштерінде «төбеде көк аспан, төменде қоңыр жер жаралғанда, екі ортасында адам ұлы жаратылған» деген анықтама бар. Осы мифологиялық танымдарға сәйкес көк аспанды тіреп, жерге түсірмей тұратын мықты тіреулер болады, олар бірде – биік жартастар, тау шыңдары (Хантәңірі), енді бірде – Ғалам ағашы болған. Осындай Ғалам ағашының рөлін ұйғырларда *тәңірі терек* (көкті тіреп тұратын ағаш), якуттарда *бөлек өскен қайың ағашы*, славяндарда *емен*, енді бір елдерде сейва ағашы атқарса, қазақ халқында *бәйтерек ағашы* осындай рөлге ие болғандығын қазақ халқының мифтік аңыздарынан, қиял – ғажайып ертегілерінен байқауға болады. [3, 88].

Ежелгі түркі халықтарының мифологиясында Ғалам ағашын үш қабаттан тұратын зәулім ағаш ретінде суреттеу кең орын алған. Ол үш қабатты: аспан, жер, жер астын жалғастырып тұрады, яғни бүкіл ғаламның тағдыры осы ағашпен тікелей байланыстырылады. Зәулім ағаштың төменгі қабатында үлкен жылан жатса, ұшар басында құс патшасы қыран тұрады делінеді. Бұл аңыз қазақы мифологияда кездеседі. Бәйтерек (нақты түпкі терек, Ана-терек) әлемдік ағаш ретінде барлық үш деңгейін – аспанның тоғыз немесе жеті қабаты болып есептелетін жоғарғыны, органы, әлемнің тоғыз немесе жеті қабаты болып есептелетін төменді байланыстырады. Оның жекелеген бөліктері өзімен дербес әлемдердің бөліктерін танытады: тамыры – жерасты әлемі, ұшар басы – орталық әлем, бұтақтары мен жапырақтары – жоғарғы әлем. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларында кейіпкер жерасты әлеміне тап болады және ұзақ сапар шеккеннен кейін жыланды немесе ұшбасты айдаһарды өлтіріп, Алып Қарақұс (Самұрық) деп аталатын алып құстың балапандарына көмектесетін жерде үлкен ағашқа кездеседі. Осы құс ризашылығы ретінде кейіпкерді жер бетіне шығарады. Яғни, бәйтерек - ежелгі танымға сәйкес тылсым қасиетке ие алып ағаш.

*Бәйтерек* сөзі қазақтардың ру-тайпалық таңбалық жүйесінде қолданылады. Мәселен, рулық ұран мен қаңлы тайпасының мифтік ата-бабаларының бірі – Бәйтерек. Түркілік мифтік-дәстүрлердің әлемдік ағашы сақ-жузтарда анағұрлым жақсы сақталған. Ол ал-лук-мас немесе пай-кайын (Қайың - қатын) деп аталады.» [4].

Бәйтерек - ежелгі түркі сөзі, «бәй» - үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (нұсқалары: дарақ, дарау, дара, тарак) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Қарашай – балқар, құмық тілдерінде «терек», қырым татарларында «терек/дерек», ноғайда «терек», ұйғырда «дәрәх», өзбек тілінде «дарахт», кейде «дарақ» деп те қолданылады. Демек, «Бәйтерек» екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады. «Терек» атауының түпкі мағынасы «тірек», түркі тілдерін зерттеген К.М.Мусаев: «терек» сөзі әуелі түркі халықтары мекен еткен жерлерде көп кездесетін «терек» ағашын бейнелеп, кейін жалпы өсіп тұрған ағаштарды атау үшін қолданылған және фин-угор, тунгус - маньчжур, грузин тілдерінде баған, тірек мағынасына ауысқан» - дейді. Әрине, егер аталған пікір дәлелденсе, түркілік «тіреу», «тірек» сөзінен орыс тіліндегі «дереву» (тіреу –древ-древу-дереву) атауы да туындауы әбден мүмкін.

Қазақ тілінде «бәйтерек», «терек» атауы халық поэзиясының шығармаларында «ағаш» сөзінің толық синонимі ретінде қолданылады. Қазақтың «Қобыланды» эпосы мен Қашағанның «Адай тегі» дастанында әлемдік ағаш алтын жапырақты ағаш ретінде (алтай эпосында – алтын және күміс жапырақты), Қашаған дастанында тағы түрлі жемісті ағаш ретінде танылады. Ақтамберді жырау:

Жапанға біткен терекпін,  
Еңсемнен жел соқса да теңселмен –  
десе, Аралбай жырау:  
Мен – жапанда қалған бәйтерек,  
Жағдайсыз күні жел соғып  
Жапырағы жерге төгілген...

Келтірілген екі мысалда да авторлар жансыз, тілсіз деп қабылданатын ағаш арқылы өздерінің ішкі тебіреністерін білдірген.

Сонымен қатар, қазақ тілінде «Ата - бәйтерек, бала-жапырақ», «Мәуелі бәйтерек», «Жүз жасаған бәйтерек», «Үш бәйтерек» секілді мәтелдер мен сөз тіркестері қолданылады. Алғашқы қолданыстарда бәйтерек сөзі қорғаныш, пана, мықтылықты, үлкендікті білдірсе, келесі қолданыстарда даралықты, бірегейлікті көрсетеді.

Бәйтерек сөзінің символдық бейнесі қазіргі кезде ұлттық-әлеуметтік-мәдени ортада түрлі реңкте қолданыста. Оны анықтау үшін барынша тиімді тәжірибелік әдіс ассоциативті тәжірибе жүргізіледі, яғни респондентке стимул сөз беріліп, оның сол ұғымға берген пікірі негізінде ассоциативтік өрісті жинақтау. [5, 206]. «Ассоциативті тәжірибеден субъектінің нәр алған мәдениеті мен өмірлік тәжірибесі байқалады. Осы эксперимент нәтижесінде алынған сөздер тобы ассоциативтік өріс деп аталады. Кез келген лексикалық бірліктің ассоциативтік өрісі әлемнің тілдік бейнесімен байланысты. Сол себепті ассоциативтік өріс құрамын талдау ұлттардың дүниетанымын, психологиясын, тұрмыс тіршілігінен, салт – дәстүрінен мол ақпарат алуға жол ашады» [6, 49].

Ғалым Г.Гиздатовтың ойынша, концептіні толық түрде ассоциативтік өріс арқылы шығару мүмкін деп есептейді. Сөздің біршама толық мағынасы сол тілді тұтынушы халықтың тілдік санасында болады. Тілдік сана – тіл арқылы көрінетін ұлттық сананың бір бөлшегі, мәдениеттің ерекшелігі жайлы түсініктердің мазмұны, қандай да бір ұлттың психологиялық қоймасы.

Ассоциативтік тәжірибе барысында 345 респондент (мектептің 5-11 класс оқушылары, колледждің 1,2 – курс студенттері) тандап алынды. Респонденттердің басым көпшілігі - 95% «Бәйтерек» стимул сөзін Астананың символы «Бәйтерек» сәулет құрылысымен (монумент) байланыстырады. Бәйтерек – өмір ағашы, Бәйтерек – үлкен, алып ағаш; Бәйтерек – егемендіктің белгісі; Бәйтерек – Қазақстанның символы; Бәйтерек – қасиетті, киелі ағаш; Бәйтерек – бейбітшілік символы; Бәйтерек – ата – ана деген жауаптар берілген.

Жүргізілген тәжірибе негізінде «бәйтерек» сөзінің номинативті өрісінде көрініс берген ассоциаттарды (алынған жауаптар) оның мағынасына қиыстырсақ, онда былайша көрініс береді: бәйтерек – Астана қаласының, еліміздің, бейбітшіліктің символы, зәулім, киелі ағаш, тірек, қорған.

Еркін ассоциативті тәжірибені талдау барысында келесідей қорытындыға келдік: ассоциативтік өрістің өзегі ретінде доминанттар Астана, Қазақстан, өмір ағашы, алып ағаш, монумент деген сөздер еңсе, ал өзектің айналасында Елбасы, символ, аңыз, бейбітшілік сөздері орналасса, жақын перифериялардың бірлігі ретінде тірек, аялы алақан, өмір сөздерін алсақ, алыс периферияға биік, Самұрық, биіктік сияқты семалар енеді. «Сема-(гректің белгі) мағынаның ең кіші бөлшегі».

#### **Әдебиеттер**

1. Бектемірова С.Б., Ауесхан Р.Түркітану: қысқаша энциклопедиялық лұғат. А., Қазақ университеті, 2016
2. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. - А., Дәуір, 2011
3. Дузмағамбетов Е. «Бәйтерек» ұғымының мифологиялық астары //Ақиқат- №5, 2007
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы.- А.,2004
5. Сағанаева А.А. Особенности вербализации концепта «байтерек» в национально – культурном создании //Бюллетень КазНУ/Филология/№3 (149) 2014.
6. Мәмбетова М.Ассоциативтік эксперимент психолінгвистикадағы негізгі әдіс ретінде/Абай институтының хабаршысы. №1 (7) 2011.



## «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Исабергенова Жұлдыз Тілекқабылқызы

магистр

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ақтөбе қ., Қазақстан

**Анатпа.** Бұл мақалада М.Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясындағы мақал-мәтелдердің қолданылу ерекшеліктері туралы қарастырылады. Мақал-мәтелдер мағыналарына қарай топтастырылады.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности использования народных пословиц и поговорок в роман-эпопеи «Путь Абая».

**Annotation.** This article is devoted to the peculiarity of use the proverbs in the epic novel “The Path of Abai”.

**Тірек сөздері.** Мақал-мәтелдер, көне жанр, салт-дәстүр, өнер.

**Ключевые слова.** Пословицы и поговорки, жанр, традиции, искусство.

**Keywords.** Proverbs and sayings, ancient genre, tradition, art.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясында қолданылып отырған жанрлардың бірі –мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер дегеніміз көне жанр. Ол жазу-сызуымыз қалыптасқанға дейін тілімізде ауызша айтылып, ауызша сақталынып келсе, кейін жазу-сызу жолға қойылғаннан кейін ол біртіндеп ел аузынан жазылып алынып, қағаз бетіне түсті; баспасөз арқылы жариялана бастады [1, 103].

Мақал-мәтелдерді көп зерттеген ақын ағамыз М.Әлімбаев: «Біздің мақал-мәтелдеріміз –өткен заманның шежіресі, білім берер қайнар көзі; ақыл кеңесшіміз; жас буынның жақсы тәрбиешісі; халқымыздың рухани биік бейнесі; сарқылмас, тозбас тіл қазынасы» [2, 38], -десе, әдебиетші ғалым Б.Адамбаев: «Мақал-мәтелдер халықтың өзі қолдан жасап алған заңы, тұрмыста кездесетін әртүрлі жағдайларды түсіндіретін оқу құралы» - деп сипаттапты [3, 12].

Қазақ мақал-мәтелдерін алғаш рет толық түрде жинап бастырған адамдардың бірі –Ө.Тұрманжанов: «Мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі. Ол ғасырлар бойы халықтың ұқыптап сақтап келген еңбек тәжірибесінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан, тозбайтын, тот баспайтын, өмірлік өшпес мұрасы», -деп жазса [4, 3], халық ақыны М.Әлімбаев: «Халық мақал-мәтелдерді саф алтындай асылдығы, мірдің оғындай өткірлігі, ықшамдығы, дау тудырмас даналығы, өнеге үйреткіштігі, қиып түсер қылыштай ұйттылығы мен тапқырлығы үшін қадірлейді», - деп жазыпты [2, 18]. Сонымен мақал-мәтелдер дегеніміз әрбір халықтың көне де асыл қазынасы. Мақал-мәтелдер арқылы өзінің айтқысы келген күрделі ойын қысқа-нұсқа жеткізуге болады. Мақал-мәтелдер біздің тұрмыс-тіршілігімізбен, тарихымызбен, мәдениетімізбен, дүниетанымымызбен тікелей байланысты. Біздің мақал-мәтелдеріміз халқымыздың көп жылғы тәжірибесінен сыр шертеді. Көп ойдың түйіндісі болатын асыл қазынамыздан ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін біле аламыз. Енді осы көне жанрымыздың шығармада қалай қолданылғандығына тоқталсақ. Шығармада мақал-мәтелдер көптеп қолданылған. Бұл жазушының тіл байлығы және кейіпкерлерді сөйлетудегі ерекшелігі. Шығармада адамгершілікке, мінез-құлық, туған жер, дінге, өлімге, ерлікке, салт-дәстүрге, өнер-білімге, сөз өнерін бағалауға байланысты мақал-мәтелдер қолданылады. Эпопеядағы жазушының тіл байлығы, сөз қолдану шеберлігі, кейіпкерлердің сөйлеу тілі түгел дерлік жазушының нағыз шеберлігін айғақтайды. Енді сөз мәйегі дегендей, шығармада қолданылған мақал-мәтелдерге көшеміз. Шығармада адамгершілікке, мінез-құлық, туған жер, дінге, өлімге, ерлікке, салт-дәстүрге, өнер-білімге, сөз өнерін бағалауға байланысты мақал-мәтелдер қолданылады.

Ақыл-парасатқа байланысты мақал-мәтелдерге талдау жасау төмендегідей тұжырымдар жасауға жетелейді. Мысалы: *ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр серігі; ақыл-малға бөккен байда емес, азаппен сор кешкен жаралы, жарлы ойлыда десейші; жалғыз ақыл жақсы, бірақ екеу болса бекем болар; ашу-алды, ақыл-соңы* деген мақал – мәтелдерді шығармада ұшырастырамыз. Адам баласының ең басты құндылығы – өмір. Ал өмірдің мәні ақылмен жасалған игі істермен бағаланады. Ақылды адам өмірде көп нәрсеге қол жеткізеді. Өйткені оның бойында жігер, талап, қайрат, өнер және болашаққа деген жарқын сенім мол болады. Ақылды адамдар іздену, ойлану, көп оқу және талмай еңбектену арқылы данышпандыққа, парасатқа жетеді. Ой-өрісі кең, білімдар адамның рухы биік, адамгершілігі жоғары болады. Енді адамгершілік, ар-ұятқа көрінісін бейнелейтін мақалдарға келсек: мысалы, *жалған намыс қуған қасиет емес, ар сақтаған қасиет; арыз қолым істеді, арлы қолым ұялды; кедейлігіне қарама, кісілігіне қара; екі жарты бір бүтін болайық» кімге сенеміз? Иық сүйесіп күн көрейік!*

Шығармада өнер, білімге байланысты мақал-мәтелдер кең өріс алған. Мысалы, Абайдың ақылдылығына тәнті болған Сүйіндіктің мына сөзінен көреміз:

*-Көп жасаған білмейді, көп тоқыған біледі. Осылайша ұққаның, тоқығаның жақсы, балам!; Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ереді!; Өнерлі болсаң –ор бол;* деген халық мақалы тілімізде жиі ұшырасады.

Қазақта топырақты өлімге байланысты бірнеше аталы сөздер бар. Солардың бірнешеуі шығармада қолданылған. Мысалы: *өлім бардың малын шашар, жоқтың артын ашар; өлімнен ұят күшті; өлгеннің артынан өлмек жоқ; тірі пенде тірлігін істейді; өлімді жерде молда семіреді, өлеңді жерде өгіз семіреді; дүмше молда дін бұзар;* деген мақал – мәтелдер жазушы шеберлігімен қолданыс тапқан.

Эпопеяда кездесетін ынтымақ-бірлікке байланысты мақал-мәтелдер де бар: *жолдасын таппаған ер азады, басшысын таппаған ел азады; күйі бірдің – күні бір; сорлының сырын сор кешкен біледі!; бас жарылса бөрік ішінде; бүлінген елден бүлдіргі алма; қарға – қарғаның көзін шұққымайды*; сынды мақалдар шығармада ел іргесін тату, ынтымақты сақтаудың орнына және ел тыныштығын бұзған ел басшыларының алауыздығын суреттеуде қолданылған. Эпопеяда салт-дәстүрге байланысты қанатты сөздермен қатар мақал-мәтелдер кездеседі. Соның ішінде үйлену салтына байланысты мақал мәтелдерді көптеп кездестіреміз. Мысалы, *«Күйеу атымен күл тасы»*, *«Өлі-тірісін берген соң, өлі күйеу жатады ма?»* -деген мақал-мәтелдерді Абайға Ділдәні айттырып қойғаннан кейін, жас Абайды Майбасардың келеке етіп сөйлеуін алуға болады. Енді туыс-туған, достыққа байланысты мақал-мәтелдерге көшейік. *«Жаман дос көлеңке, күн ашықта қашып құтыла алмайсың, күн бұзылса іздеп таба алмайсың»*, *«Айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды»*, *«Ашу агадан, айып ініден»*, *«Жақсыны араз, татуды жат қылатын өсек-аяң, сыбыр-сыпсың»*, *«Екі тумақ жоқ болса да, екі өлмек те жоқ»*, *«Жауға жалынба, досқа тарылма!»* -деген мақал-мәтелдерден көп нәрсені аңғаруға болады. Бұл мақал-мәтелдердің барлығында да ел ішіндегі тартыс, байлыққа, мансапқа таласу, қазадан кейін тума-туыстардың арасындағы марқұмның байлығын бөліске салу, сонымен қатар тобықты ағайындарының арасындағы үлкен жік, ұрыс-керіске себеп болғанын көре аламыз.

*«Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды»* деген мәтел тағы бар. Осы мәтел эпопеяда былай берілген:

-Абай білгіш болса, біздің Мәніке келін одан да озған. *«Бір қазанға екі дойыр қошқардың басы симай»* жатқаны сол емес пе? деген. Мұндағы дойыр деген сөз кеселді, үлкен, кесек, озбыр мінезді адам мағынасында қолданылып тұр.

Шығармада мінез-құлыққа байланысты мақалдар да кездеседі. Адамның жат қылықтарын, бұзыққұмар, қызу қанды қасиеттерін көрсетуде *«Мың асқанға, бір тосқан»*, *«Ит ашуын тырнадан алады»* деген мақалдар айтылады. *«Ит ашуын тырнадан алады»* деген мақал ауыз әдебитінде *«таз ашуын тырнадан алады»* түрінде қолданылады. *«Жақсының жаттығы жоқ»*, *«Біреу тойын секіреді, біреу тоңып секіреді»* деген мақалдар да бар.

*«Қыл өтпестей тәттілікті бір ашуға сатпайық»* кеше осы ұрпақ қамын ойлап, үнемі достық, татулықты бізге мұра қылып кеткен Бөжей, Сүйіндік, Байдалыны ойлайық. *«Аш иттің артын сұқ ит жалайды»* деп менің қан кешіп, жын құсып жүріп тапқан жаман-жәутік тиыныма да сұқтарыңды қадайсың. *«Алтын көрсе, періште жолдан таяды»*. *«Қу бастан қуырдақтық ет алады»* дейтін қамсүйек Әбділла болатын. *«Сұлу тоқал байына ыстық»*. Бел қылғаны сонысы. Бұл Айғыздың Ұлжанмен ұрысу сөзінен келтірілген мысал. *«Күндестің күйі күндес»* дегенді сен білмей-ақ қой. Бұл шешесінің Абайға айтқан ақылы.

Эпопеяда туған жер, еңбекке байланысты *«Ел іші алтын бесік»*, *«Бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ»* *«берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле»* деген мақал-мәтелдер кездеседі. Бұл мақалдар туған жерден жыраққа кеткен Оралбай, Базаралы сияқты арыстардың тағдыр талқысынан соққы көрген өмірін суреттеуде, қарапайым халықты еңбек етуге шақыруда қолданылады.

Қазақ халқы сөз өнерін ерекше бағалаған. Ата-бабаларымыз қисынсыз жерден сөз тауып, ердің құнын бір ауыз сөзбен шешкен. Қызыл тілдің құдіреттілігі мен жақсылардың алдында жақсы сөз айтылатындығына эпопеяда көз жеткізуге болады. Ендеше тілге байланысты мақал-мәтелдерді сөз етейік.

*«Тура сөзде айып жоқ»*. Шыныңызды айтыңыз. Бірақ *«түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би»* депті ғой баяғыда. *«Қол-шорқақ, тіл-мақау»* дейтін *«Жақсы лепес, жарым ырыс»* деген мақал-мәтелдер сөзімізге дәлел бола алады.

Эпопеяда кездесетін ерлік туралы мақал-мәтелдер: *«Құнанбаймен іс біткен, істен басқа айла жоқ»*. *«Ер болсаң іске шыда»*.

-Бөжей сөзден шоши ма? Болмаса *«Сақтықта қорлық жоқ»* дей ме?

-Бұл іс, *«Еруліге-қарулы»* деген мәтелдер тілімізде жиі ұшырасады. *«Құрсаулы жаудан қорықпаған жүрегім қайыңға баранда жеңделерден қорықты»*. Бұл Абай алғаш Ділдә ауылына ұрын барғанда айтқан Жұмабайдың әзілі. Қ.Халидтің *«Тауарих Хамса»* шығармасынан алынған.

-«Көпшілік сорлы ғой. Санда да, санатта жоқ. Егесте сойыл соғар, еседе құм қабар».

*«Әйтеуір күші бардың, күйі бар болады. Бардың барлығы қарайласпай отыр ма? Бірақ қашанғы жетпек. «Ер азығы – қанағат»*.

-Ал бөріктің намысы бар, мен үшін өзіңіз бір сөз айтпадыңыз ба, сондай –дейді.

-Ер егесте нар кешуде.

-«*Шешінген судан тайынбас»* дейтін, жалаңаш батырың осылар болмаса, жатақтың мүлде сорлағаны ғой.

Эпопеяда Оралбай мен Керімбала арасындағы махаббат суреттелетін оқиғалар бар. Жастардың арасындағы сүйіспеншіліктің соңы сәтсіз аяқталып, Оралбайдың ел іргесінен қуылғаны туралы романда барынша баяндалған. Сондағы Абайдың ер қайғысын қайғырудағы мына ойы ерлік тақырыбына тамаша мысал бола алады.

*«Арыстан айға шауып мерт болғанымен, артынан жортқан баласы арыстандық етпей қоймас!»* деген мәтел уақытында орындалмаған іске, тағы басқа жағдайларға байланысты айтылады.

Мысалы: *«Игіліктің ерте кеші жоқ»* *деуге болар еді. «Соқыр көргенінен жазбас», «Көз таразы көңіл қазы»* сияқты мәтелдер кездеседі. «Отқа салып ерітсең де, алтын сірә жез болмас, аяққы салып ерітсең де, жібек шіркін боз болмас». Біз Абайдың қасиетін қорек етер жайымыз жоқ! деп бір тоқтай қалды.

«Аңдысқан ауыл болмас, есептескен ел болмас», «Таудағы тұлкіні, табандағы тазы алады», «Бағы жоқ басқа жаудыраған көз бітеді, дуасы жоқ ауызға саудыраған сөз бітеді» деген мақал-мәтелдерді Мағаш пен Қалидың сөз қығыстыруларынан кездестіре аламыз.

Сонымен қатар шағармада «Атан алты асаса тояды», «Жұт жеті ағайынды» деген мақалдар тағы бар.

Міне, мақал-мәтелге де тоқталып, эпопеяда жүздеген мақал-мәтел бар екеніне көз жеткіздік. Оларды автор шығарма кейіпкерлерінің терең ой даналығын көрсетуде шебер пайдаланған.

#### Әдебиеттер

1. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. – Алматы, 2012.
2. Әлімбаев М. Өрнекті сөз ортақ қазына. – Алматы, 1967.
3. Тозған қазды топтанған қарға жейді. Шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер. Құрастырған Б.Адамбаев. – Алматы, 1991.
4. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Құрастырған Ө.Тұрманжанов. – Алматы, 1959.

## М.ӘУЕЗОВ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Кушкимбаева А.С., PhD докторы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада М.Әуезовтің драмалық шығармаларында кейіпкер тіліндегі мақал-мәтелдердің қолданысы арқылы автордың тілдік тұлғасы ашылады.

**Кілт сөздер:** этнос, тіл, мәдениет, прецедентті мәтін, паремия

**Аннотация.** В статье в драматических произведениях М.Ауэзова, используя пословицы и поговорки героического языка, раскрывается языковая личность автора.

**Ключевые слова:** этнос, язык, культура, прецедентный текст, паремия

**Annotation.** In the article in the dramatic works of M. Auezov, using proverbs and sayings of the heroic language, the author's linguistic identity is revealed.

**Keywords:** ethnos, language, culture, precedent text, paremeiya

Мақал-мәтелдер кез келген ұлттың, халықтың шежіресі, тарихы болып табылады. Мақал-мәтелдер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенін, бастан кешкен оқиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын оқиғалармен, құбылыстармен байланысты туған сөздің тобықтай түйіні. Сонымен бірге оның мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, даналығы көрініс табады.

Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы мақал-мәтелдердің молдығы сол тілде сөйлеуші ұлттың танымдық деңгейінің тереңдігін көрсетеді. Яғни, мақал-мәтелдер халық танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттың менталитетті танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады [1, 25 б.].

Тілдік ұжым мүшелерінің дүниетанымы адамзат пен мәдениеттің даму кезеңдерінің сатысынан өткен сайын ақиқат дүниені тек логикалық-позитивтік қана емес, этикалық-моральдық, ментальдық тұрғыдан да таныта алады. Осыған сай, тілде қалыптасқан тұрақты тіркестерді – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді антропоцентристік аспектіде қарастырған еңбектер соңғы уақыттарда жедел қолға алына бастады.

Қоғамның дамуы мен заманның талабына байланысты пайда болған кәзқарастар тілге де өз әсерін тигізе бастады. Тілді құрылымдық тұрғыдан зерттеумен бірге оны антропоцентристік парадигмада қарастыратын кешенді жұмыстар жүргізіле бастады. Бұл дәстүрлі тіл біліміндегі жүргізілген зерттеу жұмыстарынан кейін, тілді жаңаша бір қырынан қарастыруды өз алдына міндет етіп қойды.

Түрлі деңгейдегі когнитивтік зерттеулер дәлелдегендей, олардың барлығына ортақ мәселе тілдік антропоцентризм, дәлірек айтқанда, тілде тілді тұтынушының танымдық тәжірибесі, мәдени білімі концептуальды түрде ғаламның тілдік бейнесі ретінде көрініс табуы екендігі анықталады [2].

Бай мұрамыздан орын алатын мақал-мәтелдер кез келген ұлттың, халықтың шежіресі, тарихы болып табылады. Мақал-мәтелдер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенін, бастан кешкен оқиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын оқиғалармен, құбылыстармен байланысты туған сөздің тобықтай түйіні. Сонымен бірге оның мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, ақыл-ойы, даналығы көрініс табады. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді [2, 9].

Прецедентті мәтіндер тұлға үшін танымдық және эмоционалдық жағынан маңызды болады. Ол көбіне ықшамдалған түрде қолданылып, прагматикалық бағытта тілдік тұлғаның мақсаттарымен, себептерімен байланысты ерекшеліктерін айқындайды. Өз шығармаларында прецедентті мәтіндерді қолдану жеке адамды тілдік тұлға ретінде сипаттайтын көрсеткіш болып табылады.

«Прецедентті мәтін» терминін алғаш ғылыми айналымға Ю. Караулов енгізген. Ғалым прецедентті мәтінді былайша сипаттайды: 1) белгілі бір тұлға үшін танымдық және эмоционалдық қатынаста маңызды; 2) тым жекелік сипаттағы, яғни осы тұлғаның айналасындағылар үшін, оның алдындағылар мен замандастары үшін де етене таныс; 3) осы тілдік тұлға дискурсында бірнеше рет қайталанатын және оларға тұлға қайта-қайта оралып отыратын мәтіндер [3, с. 216]. Яғни прецедентті мәтін дегеніміз – белгілі бір ұлттық-мәдени қауымдас өкіліне жақсы таныс, сөзжұмсамда жиі қолданылатын, әртүрлі дәйексөздер мен жалқы есімдер, шығармалар

атаулары нұсқасында қайталанып отыратын, білдіретін мәні оны құрайтын жекелеген сөздер тіл ұстанушыға контекстен тыс алынғанда да түсінікті болатын мәтіндер. Яғни ол – тілді тұтынушыларға таныс, қоғам мәдениетін бейнелейтін, кең таралған, жиі қайталанатын мәтіндер. Прецедентті мәтін адамның белгілі бір кезеңге, ұлтқа тән екенін білдіреді. Ол қоғам мүшелерінің мәдени деңгейін, тұлғаның дүниетанымын бейнелеп, оның белгілі бір ұлтқа жататындығын, нақты жеке адамның айқын сипаттамасын білдіреді. Тұлға қолданатын precedentті мәтіндерді саралау оның тілдік формада бейнеленген дүниетанушылық көзқарастары жүйесін көруге мүмкіндік береді [4, б.67].

М.Әуезов пьесаларында қолданылған precedentті мәтінді қарастырмас бұрын *precedent* терминіне берілген анықтамаға назар аударайық: «Прецедент (латын тіліндегі *praecedens* сөзі ілік септікте *praecedentis* – алдыңғы, бұдан бұрынғы, осыдан ілгері, өткен деген мағыналарда қолданылады) бұрын болған және оған ұқсас болатын келесі жағдаяттар үшін үлгі немесе анықтайтын дәлел қызметін атқаратын жағдаят» [5].

Соңғы кездері тіл біліміндегі зерттеулерде тілдің прагматикалық жағына назар аударылып, тілдің абстрактілік модельдерін емес, керісінше, олардың ерекшеліктерін нақты тілді тұтынушының тілі арқылы қарастыру тенденциясы белең алуда. Бұл айтушының немесе жазушының адресатқа, коммуникация актісінде қолданылатын сөзге қарым-қатынасының вербалдануын, сонымен қатар сол сөзбен байланысты мағыналық ассоциациялардың тілдік бейнеленуін білдіреді. Бұл ерекшеліктердің жиынтығы тілді тұтынушылардың санасында бекіп қалған сөздерді, тұжырымдарды қамтиды. Мұндай тұжырымдардың қатарына паремиялар мен афоризмдер жатады. Паремиялар – тұрақтылығымен, сөзде жиі қолданушылығымен сипатталатын кіші формадағы халықтық сөз жанры. Паремияларға мақал-мәтелдер жатады. «Мәтел – өмірдегі қандай да бір құбылысты дәл анықтайтын бейнелік айтылым, сөз орамы. Мәтел мақалға қарағанда, жалпылық өнегелік мағынасы аз, тура тұспалды білдіретін, грамматикалық жағынан аяқталған сөйлем болып табылады» [6].

М.Әуезовтің пьесаларындағы precedentті мәтіндер қатарына ең алдымен **мақал-мәтелдер** кіреді. Мысалы, «Ақан – Зайра» пьесасындағы «*Ер қайрағы егес*», «*Еп болмаса, көп болмас*», «*Көрер көзге де көр ақтарған мақтан емес*», «*Надандар тура сөзден баһра алмайды*», «*Шала молда дін бұзады*», «*Шаригат шарты өлшеу біліп, мөлшер таңуда*», «*Шектен асқанның бәрі – ысырап*», «*Жерге түскен – жетімдікі*», «*Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар*», «*Ұзын арқау, кең тұсау*», «*Ойында өрелік жоқ*» т.б. Мақал-мәтелдер микромәтін ретінде прагматикалық сипатқа ие. Дәстүрлі танымдағы мақал-мәтелдерді өзіндік бағалағыштық, құндылық көзқарастарын бейнелеу үшін контекске сай қолдану драматург тұлғасының даралық кырын ашады. Жазушы халыққа белгілі мақал-мәтелдерді өз дүниетанымын және өз идеяларын жеткізу құралына айналдырады. Мақалдағы ойды тура сол қалпында дәл сол сәттегі хал-ахуалды бейнелеу үшін қолданған, жалғау-жұрнағы өзгертілмей қолданылған мақал-мәтелдер: «*Кімнің жерін жерлесен, соның суын сулайсың*», «*Ерден кетсе де, елден кетпесін*», «*Жердің үстімен кеп, астымен қайту*», «*Бір тойда екі жар ма?*» т.б. [7]

**Нақтылау** формасында қолданылған дәстүрлі мақал-мәтелдер, яғни сол цитатадағы ойды контексте одан әрі қарай тереңдетіп, мағынасын кеңейтіп қолданған: «*Құлақпен естігенді көз көреді деген рас*», «*Мыналар ақындыққа таласпай, аударыса-аударыса өртең шығып кетіпсіз деген сияқты жарысамыз деп молданың бақшасына түсіп кетті ме, немене?*», «*Шамаңды білген де даналық деген, мен тоқтадым*», «*Қойшы әрі, құдыққа құлан жығылса, құлағында құрбақа ойнайды деп түге...* шын бір кісінің өзіме осылай дегенін мен неге естімеймін осы?». Мұндай қолданыстар адресатына бағыт, жөн сілтеп, нақты жағдайды бейнелеу арқылы мақалдағы ойды актуалдандыра түседі. Бұл турасында зерттеуші Ш.Қарсыбекова: «*Мақал-мәтелдер – қазақ этносына тән дүниетаным мен сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тағлым-тәлімінің, өркениеті мен мәдениетінің – барша болмысының айғағы*», – дейді [8]. Мұндай орнымен үйлесімді қолданылған мақал-мәтелдер көріктеуіш құрал ретінде драмалық дискурсты жандандыра түсіп, белгілі бір құбылыстың негізін дәл бейнелейді. Мысалы, «*Бәйбіше – тоқал*» драмасында: «*ішің күйсе, тұз жала*», «*құрғақ қасық ауыз жыртады*», «*үйі ішінен үй тігу*», «*жуас түйе жүндеуге жақсы*», «*сүтке тиген күшіктей*», «*ақ дегені, алғыс, қара дегені, қарғыс*», «*ортақ өгізден оңаша бұзау артық*», «*қарайын десем, жалғызым, қарғамайын десем, жалмауызым*», «*ит ұяласынан қорықпайды*», «*қол болмай, жол болмайды*», «*балта сабынан озбайды*», «*Еңлік – Кебекте*: «*қоянның бойын көріп, қалжасынан түңіл*», «*батыр болсаң, бопсаға шыда*», «*ерден кетсе де, елден кетіретер мен бе едім?*», «*иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар*» т.б. Бұл мақал-мәтелдер суреткер арқылы айтылар ойды нақты жеткізуді мақсат еткен.

Сонымен, М.Әуезов дискурсындағы мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметін былайша жіктеуге болады:

- жазушы мақал-мәтелдерді ойды нақтылау үшін қолданады: «*Ерлікті таңдап алу да, ездікті таңбалап беру де қиын*», «*кек кетпек емес*», «*Адам көркі – ақыл*»;
- болып жатқан іске, құбылысқа баға беру үшін қолданады: «*Ерлік бірден туып, көпке жетеді, бұйрық көпке арналып, бірге жетеді*», «*Өнерпаз болсаң, өр бол*»;
- мақал-мәтелдерді тәрбие құралы ретінде қолданады: «*Ой да көп, уайым да көп – ойлай берсең, ой да жоқ, уайым да жоқ – ойнай берсең*»; «*Тумамай жатып толдым деме, толмай жатып болдым деме*»;
- ойды қорытындылау үшін қолданады: «*жорық жолсыз, қан рәсуа*»; «*құн төлемей құнсыз қылу*», «*жау желкесін кеспес болар*»;
- мақал-мәтел ұлттың таным деңгейінің көрсеткіші болғандықтан, тілдік тұлғаның оны терең сезініп, жан-жақты меңгеруі – заңды құбылыс [7, р. 97]. Сондықтан мақал-мәтелдердің тілдік тұлға дискурсындағы рөлі айрықша.

**Әдебиеттер**

1. Дина, Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі [Мәтін] : Ф.ғ.к. дисс. Қолжазбасы: 10.02.02. / Б. Дина. – Алматы, 2002. – 110 б.
2. Есімова Ж. Д. Өлімге қатысты қолданылатын паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты. «Magister Dixit» - научно-педагогический журнал Восточной Сибири №3 (09). Сентябрь 2013. 12 б.
3. Караулов Ю.Н. Предисловие. Русская языковая личность и задачи ее изучения. Язык и личность. – М.: Наука, 1989. – 263 с.
4. Ермекова Ж.Б. М. Жұмбаевтің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд.... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 141 б.
5. Большая энциклопедия Кирилла и Мефодия. – 2007 // <http://www.km.ru>.
6. Википедия(свободная энциклопедия в Интернете) // <http://ru.wikipedia.org>.
7. Kushkimbayeva A.S., Tumbolova A.O. Pragmatic peculiarities of language units in M.Auezov's plays. Middle East // Journal of Scientific Research. – 2014. – № 19 (1). – P.94-100.
8. Қарсыбекова Ш. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 20 б.

## АЛТЫН ҚЫЗ ЖӘНЕ СЕЙДАЛЫ АҚЫН ЖАЙЫНДА (Қ.Жұмажанов зерттеулері негізінде)

Қанаатова Г.О.

филология манистри, аға оқытушы

Әжінияз атындағы Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институты жанындағы  
Халыққа білім беру қызметкерлерін қайта дайындау және  
олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығы  
Нүкіс қ., Қарақалпақстан

**Андатпа.** Мақалада қарақалпақ қызы Алтын мен қазақ жігіті Сейдалының өміріне қатысты кейбір деректер талданған. Автор қолда бар материалдарды салыстыру негізінде Сейдалының анық туған уақтын анықтауға әрекет етеді және ақынның дүниеге келген жері – Аралбойы екендігі жайлы тоқтамға келеді. Сондай-ақ, Сейдалымен айтысқа түскен ақын қыз Алтынның туған жылы, шыққан тегі бойынша да өз пікірлерін ортаға салады. Мақала авторы бұл фактілерді анықтауда халық аузындағы деректермен қоса, фольклортанушы ғалым Қ.Жұмажановтың зерттеу еңбектерін де негізгі тірек орнында пайдаланған. Жалпы алғанда, автор осынау екі ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы жаңа мағлұматтар ұсынған.

**Аннотация.** В данной статье анализируются некоторые источники, связанные с жизнью каракалпакской девушки Алтын кыз и казахского парня Сейдалы акына. Опираясь на имеющиеся материалы автор конкретно определяет время и место рождения Сейдалы и приходит к выводу, что он родился в Приаралье. Вместе с тем автор приводит конкретные сведения о родословной девушки Алтын и времени ее рождения. В статье, наряду с источниками народного фольклора использованы и сведения, приведенные в научных исследованиях К.Жумажанова.

**Annotation.** This article analyses some sources connected with the life of Karakalpak girl Altyn kyz and Kazakh guy Seydaly. According to available data the avtor exactly defines the time and Seydaly's lace of birth and discovers that he was born near the Aral Sea. Together with that the author submits exact data about genealogic and the time of her birth the article together with the sources of folklore the data are used from scientific researches of K.Zhumazhanov.

**Тірек сөздер:** Аралбойы, Ақтөбе регионы, казах, қарақалпақ, айтыс, халық ақындары.

**Ключевое слово:** Приаралье, Актюбинский регион, казах, каракалпак, состязание, народные поэты.

**Key words:** Near the Aralsea, Aktobe region, Kazakh, karakalpak, sontest, folk poets.

Сөз өнері – халықтың асыл қазынасы. Халықтың осындай рухани құндылықтары ішінде айтыс жанры ерекше орын иелейді. Ертеде сөз шеберлерінің көпшілігінің даңқы айтыс өнері арқылы танылған. Ал айтысты таратушылар көбінесе қисса-дастандарды жатқа айтушы, оны оқып насихаттаушы оқымысты жандар болған. Мұны қисса айту өнері өте өрістеген Сырбойы мен Бұқара каракалпақтары арасында «қиссашылар» («*қыссашылар*») десе, Аралбойы каракалпақтары ортасында «қиссахандар» («*қыссакханлар*») деп атаған. Көрнекті каракалпақ фольклоршысы Қаллы Айымбетов: «**Ауыз әдебиетінің айтыс жанрының ең көлемді түрі – ақындар айтысы болады. Ақындар айтысы қиссахандардың ең бірінші репертуары болып саналып келген. Қиссахандар қисса оқып болғаннан кейін ақындардың айтыстарынан оқып береді. Бұл айтысқа тамашаға келген жұрт өте қызығушылық танытқан**», - деп жазады [1: 52]. Сонымен бірге ғалым, «XIX ғасырдағы каракалпақ ақындарының әдебиеттің айтыс жанрында жазбағаны жоқ десек те болады» деп қорытынды шығарады [1, 52-53].

Қарақалпақ және қазақ әдебиеті тарихында өз айтыстары арқылы есімдері танымал болған айтулы сөз шеберлері қатарында Алтын кыз бен Сейдалының орны өз алдына. Халық дәстүрі бойынша айтысқа түсіп, өзін таныта алған сөз иелері ғана «ақын» атағын ийеленген. Алтын да, Сейдалы да осындай тұлғалар болғандығы айтылады. Өкінішке орай, бұл екі ақын жайлы да зерттеулер өте аз, деректер тым тапшы. 11965-жылы Алматыда басылып шыққан «Айтыс» атты жинақтың екінші кітабында «**Алтын – карақалпақ елінің атақты ақын қызы. Алтынның ақындық өнері бүкіл карақалпақ еліне және оның маңындағы қазақ еліне, Жайық, Сыр бойына жайылған. Алтынның туған жылы әзірге белгісіз**» деп көрсетілсе, ал келесі айтыскер ақын жайында «Сейдәлі – Ақтөбе облысының Табын ауданында туған, руы Табын, туған, өлген жылы жайлы әзірше дерек жоқ» деген мәлімет берілген [2: 636].

Қарақалпақ әдебиетінде айтыс жанрының даму жолдарын зерттеген ғалым К.Алламбергенов қазақ-қарақалпақ ақындарының байланыстарына да тоқтайды және бірнеше белгілі айтыстар қатарында Сейдалы мен

Алтынның айысын да келтіреді. Сонымен қатар, айтыстың болып өткен уақытын 1869-1970 жылдар шамасы екендігін белгілейді [3, 92-99]. Зерттеуші бұл ақындардың өмірбаянына байланысты деректерді анықтауда белгілі фольклортанушы ғалым Қ.Жұмажановтың материалдарына сүйенеді.

Қ.Жұмажанов «Дослықтың терең тамырлары» атты ғылыми мақаласында өзі тарапынан жиналған деректер негізінде осы зерттеуге тұғыр болған сөз шеберлерінің екеуінің де туған жылдарын, айтысқа түскен уақытын анықтауға әрекет еткен еді. Әсіресе, Сейдалы жайында біршама мағлұматтар тапқан болатын [4, 282-284]. Қ.Жұмажанов өзінің тынымсыз ізденушілігі нәтижесінде бұдан кейін де бұл мәселені тереңдей зерттеп, бірнеше мақалалар жариялады және «Қарақалпақстан» баспасынан «Сейдәлі ақын» (2000) атты монографиясын шығарды. Ал бұдан кейінгі «Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті» (2006) деген іргелі зерттеуінде болса, бұл тақырыпты кеңінен қамтып жазды және толыққанды ғылыми қорытындылар жасады [5, 70-91]. Осы жерде ескеріп өтерлік бір жәйт, «Қарақалпақ фольклоры» көптомдығының 12-томында Алтын қыз бен Сейдалының айтысы берілген болса да, олардың туған және дүниеден өткен уақыты бойынша деректердің берілмегендігі ескертілген еді [6: 240]. Шынтуайтында, көптомдықта жарияланған материалдар «Айтыс» атты жинақтағы мағлұматтарды қайталайды [2: 636].

Біз бұл мақалада негізінен Қ.Жұмажановтың ғылыми болжамдары мен қорытындыларына сүйене отырып, кейбір анықталуы тиіс болған деректерді толықтыруға әрекет еттік. Себебі, бұл жәйттер – әдебиет тарихымыздағы орны аңтаңдақ болып тұрған мәселелердің бірі екендігі анық. Сонымен қатар, аталмыш мәселенің тағы бір қыры, қазақ-қарақалпақ әдеби-мәдени байланыстарының тың беттерін ашуда жаңа ізденістерді жүзеге шығаратындығы да табиғи.

Қ.Жұмажанов Сейдалы ақынның өмірбаяны жөнінде деректер жинау барысында Алтын қыз бойынша да мағлұматтарға ие болған. Осы орында мына бір жәйтке де назар аудармақпыз. Қ.Жұмажанов, қазақ тілінің дыбыс үндестігіне сай «Сейдәлі», кейде «Сейдәли», «Сейдәлий» деп жазған ақынның атын біз жергілікті халықтың лексиконында айтылуы бойынша «Сейдалы» түрінде қолданып отырмыз. Мұның басты себебі, Қ.Жұмажановтың анықтағанындай, біріңшіден, Сейдалының қарақалпақ халқы ортасында дүниеге келуі болса, екіншіден, болашақ сөз ұстасы есімінің қарақалпақтың атақты адамдарының бірі Ешім ақұн (Ешмұхаммед Әжібайұлы) тарапынан қойылуымен де байланысты. Өйткені, Сейдалы – Ешім ақұнның Күнсұлу деген қарындасынан туылған туған жиені болған. Қарақалпақ халқының дәстүрінде дүниеге жаңа келген нәрестеге ат қою мәселесі, алдымен оның нағашы жұртынан сұралады. Сондай-ақ, зиялы топ өкілдеріне – негізінен, ұламаларға (*жоғары діни білімді кісілерге*) ат қойдырту да көп ғасырлардан бері келе жатырған бұлжымас ғұрыптардың бірі. Осынау халықтық салттан ешкім де аттап кете алмаған. Әсіресе, әйгілі Ешім ақұн тұрғанда өзге жол жоқ еді.

Сондықтан да жалпыхалықтық дәстүрлі жол – Ешім ақұнның міндетіне тиесілі болды. Сейдалы ақын Қырда, өз тумалары ортасында туғанда, оның есімі де соған сай (*бәлкім, Сейітқали*) болуы да мүмкін еді. Қ.Жұмажановтың дәлелдеп көрсеткеніндей, ол Арал жағалауында, Ақдария өзенінің сағасына жақын ауылда дүниеге келген [5: 71]. Тіпті, Ешім ақұн жиенін өзі оқытып тәрбиелеген және шынайы ұстаздық еткен. Бұл жөнінде ғалым: «Сейдәлінің нағашысы Ешім ақұн тәрбиесі жұғымды кісі болған. Ол туған жиеніне дүниаяу және ақыреттік ғылымдарды үйретіп, ой дүниесінің кеңеюіне үлкен ықпал жасаған. Оған өлең тармаған шығарып, жалғасын Сейдәліден ұластыруын талап та еткен. Ақындық өнерге кемелдену, ақындық өнерінен сабақ алу, өнер мұратының биіктігін түсінуіне жол салды», - деп жазады [5: 74]. Біз бұдан, Сейдалының Арал бойында дүниеге келгендігімен бірге, осы ортадағы ұламалардың, яғни діни сауатты жандардың тәрбиесін көргендігі жайлы мағлұматқа да ие боламыз. Қ.Жұмажанов жариялаған деректер халық аузындағы тарихи әңгімелермен де сәйкес келеді.

Ешім ақұн – ескіше терең білімді жан болуымен бірге, өте қайырымды кісі болған. Ақұн көп адамдарды бауырына тартқан. Көптеген адамдарға көмегі тиген. Ешім ақұнның кереметі мен адамгершілік істерін көрген адамдар өмірбойы ол кісіні силап өткен және осы дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа насихаттап кеткен. Сол себептен де Қырдан көшіп келіп, ақұнды паналаған жандар оның маңайына топталған. Тілге шешен, дінге бекем, достыққа берік болған Ешім ақұнды халық та, хан да құрмет еткен. Ешім ақұнның шешендік дарыны жиендеріне де өткен екен [*Ақпаратшы: Құдайберген Әбдіраманов, заңгер. Қарақалпақстан Республикасы, Қаңлықөл ауданы тұрғыны. Төлес би ұрпағы*]. Ешім ақұнның осындай зейінді ізбасарларының бірі – Сейдалы болған. Ақұнның өзінің де осы жиеніне аңсары ауып, оған шын ықыласын берген көрінеді.

Сейдалы өмірінің «Бозатау оқиғасы» аталған ұлы трагедиямен байланысты жақтарын баяндаған Қ.Жұмажанов: «Ханнан тиым көрмеген жасақтар (*түрікмен жендеттері – Г.Қ.*) қалаған орында жүгенсіздік көрсетеді. Қаладан шығып, қала сыртында отырған дихан-шаруалардың қолындағы барын тартып ала бастайды, әйел-қыздарының намысын төгеді. Ұнағандарын әйелдікке алып кете бастайды. Мұндай аласатты кезеңде Сейдәлі нағашысы Ешімнен мәңгі көз жазып қалады», - дейді [5: 74].

Аралбойы халықтары өміріндегі осы бір қайғылы оқиға XIX ғасырдың 50-жылдарының соңында жүз берген болса, ал Сейдалы мен Алтын қыздың айтысқан уақыты мұнан біраз кейінірек болған. Қ.Жұмажанов айтыстың болған уақытын «1883-жыл» деп белгілейді. Өйткені, айтыс Сейдалының тұңғыш ұлы Сейдемет дүниеге келмесінен үш жыл бұрын болған екен. Сейдемет Сейдалыұлы 1886-жылы туып, 1974-жылы 88 жасында қайтыс болған [5: 88]. Ал зерттеушіге (марқұм Қ.Жұмажановқа) осы мағлұматтарды жеткізуші Сейдалының кенже баласы Ілиястың айтуынша, ол әкесі дүниеден озғанда 30 жаста екен. Сейдалы 1928-жылы 89 жасында бақилыққа аттанған. Осы деректерге қарағанда, Сейдалы Жұмабекұлы 1839-жылы туған [5: 71].

Алтын Сейдалымен айтысқан уақытта екі мүше (мүшел) жастағы қыз екен. Сейдалы 44 жастағы жігіт ағасы болған. Осы мәліметтерді салыстыра талдаған зерттеуші «... Алтынды екі мүшел жаста деп қабылдасақ, әр мүше жасты 12 жылдан есепке жүгіндірсек – 24 жас, 2 мүшені 25 жылға сайсақ – 25 жас болып шығады» деп өз тұжырымын ұсынады [5: 88]. Шындығында да екі мүше – 25 жылға тура келеді екен. Халықтық есептеу бойынша ана құрсағындағы 9 ай да жасқа қосылып, 2 мүше (мүшел) – 1 шерекке (25 жылға) толтырылады. Солай екен, Алтын қыздың жасын анықтаудағы Қ.Жұмажановтың болжамы шындыққа қайшы емес. Сонда Алтын қыз 1858-жылы дүниеге келген болып шығады.

Алтын қыздың шыққан тегі – қарақалпақтың қабырғалы тайпасы қоладулы-қоңыраттардан екендігі жайлы деректер айтылады. Қ.Жұмажанов бұл мәселеге ғылыми анықтық кіргізіп, ақын қыздың Қаражар деген жердегі қолдаулылардан екенін дәлелдеп береді. Айтыс болып өткеннен кейін бір жылдан соң Алтын қыз атастырып қойған адамы – Тасбай есімді ауқатты кісіге ұзатылған. Ауызекі сөйлеуде «Тәкен» болуы тиіс бұл кісінің, айтыстың қолжазбасында «Жәкен» болып кеткендігі де зерттеушінің назарынан қағыс қалмаған. Алайда, ақын қыз өмірінің соңғы дәуірлері бойынша мағлұмат таба алмағандығын ескертеді [5: 88]. Әрине, сөз болып отырған деректердің өзі де әдебиеттану ғылымы үшін елеулі материал болып, бұл – көрнекті зерттеуші, жанкешті педагог Қ.Жұмажановтың соңғы қорытындылары және ақырғы аманаты еді.

Сейдалы мен Алтынның айтысы зерттеушілер тарапынан оқтын-оқтын сөз болып келмекте. Қазақ әдебиетшісі Т.Тебегенов олардың осы сөз сайысын қыз бен жігіт айтысының дәстүрлі үлгісі ретінде жоғары бағалаған [7: 282-284]. Бұл айтыстың басқа да зерттеулерге тұғыр болатыны сөзсіз. Ендігі міндет, дәстүрлі айтыс өнерін дамытушылар сапынан орын алған осынау сөз шеберлерінің өмірін мейлінше тереңдей зерттеу, әдеби орталығын анықтау, олардың шығармашылығы жайында әлі де деректер іздестіру қажет екендігіне көп болып жұмыла кірісу болып табылады.

#### **Әдебиеттер**

1. Айымбетов Қ. Қарақалпақ фольклоры. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1977. – 224 б.
2. Аникин В.П., Круглов Ю.Г. Русское народное поэтическое творчество. – Ленинград: Просвещение, 1983. – 416 с.
1. Айымбетов Қ. Халық даналығы. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1968. – 260 б.
2. Айтыс. II том. – Алматы: Жазушы, 1965. – 664 б.
3. Алламбергенов К. Қарақалпақ әдебиетінде айтыс. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1982. – 365 б.
4. Жаслар пәруазы. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1982. – 365 б.
5. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Арыс, 2006. – 256 б.
6. Қарақалпақ фольклоры. XII том. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1983. – 368 б.
7. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі (*Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы*). – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.

## **АЛУШЫ БАТЫР: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ**

**Құтлымұратов Б.Х.**

**Аға оқытушы**

**Ташкент педиатрия медицина институтының Нүкіс филиалы**

**Нүкіс қ., Қарақалпақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада XIX ғасырда жасап өткен қарақалпақ халқының ержүрек перзенті Алушы батыр Құтлыбайұлы жайлы баяндалады. Автор ел арасынан жиналған аңыздар мен баспасөзде жарық көрген зерттеу жұмыстарын жинақтай отырып, батырдың жасаған заманы, өскен орталығы жайында жаңаша пікірлер білдіреді. Мақалада Алушы батыр өмірінің жұртшылыққа белгісіз болған басқа да қырлары ашылған.

**Аннотация.** В статье описываются сведения, связанные с жизнью, жившего в XIX веке, каракалпакского полковника Алушы батыр Кутлыбай-улы. Автор обобщив сведения, взятые из народных сказаний и опубликованных в печати научно-исследовательских работ, высказывает новые мнения о времени, в котором жил и рос богатырь и открывает доселе неизвестные страницы прошлого.

**Annotation.** This article describes the data connected with the life of Karakalpak hero Alushy batyr Kutlubay-ulu who lived in XIX century. The author summarized the data taken from folk sayings and published in scientific research worlds the hero lived and opens unknown pages of the past.

**Тірек сөздер:** Хиуа хандығы, қарақалпақ, алты арыс, халық көтерілісі, батырлар.

**Ключевые слова:** Хивинское ханство, каракалпақ, шесть племен, народные восстания, богатыри.

**Key words:** Khiva Khanate, karakalpak, six tribes, folk uprisings, heroes.

Әрбір халықтың мақтан тұтып, бүкіл жұртшылық мойындаған дарабоз тұлғалары болады. Қарақалпақ халқының да осындай ерен ерлерінің бірі Алушы батыр екені еске алынады. Аты Орта Азия хандықтарының біразына әйгілі болған Алушы батыр жайлы аңыздар ел арасында әлі күнге дейін айтылып жүр. Мұның өзі де елі сүйген ерлер есімінің ешқашан ескірмейтіндігінің айқын бір дәлелі іспетті. Тарихи деректерге назар аударсақ, бұл тұлға жайлы алғашқы мәліметтер Хиуа хандығының жазбагерлері және орыс зерттеушілері тарапынан хатқа түсірілген екен. Хиуа хандығы мұрағатында сақталған жазбаларда Алушы батыр есімінің «Алаучи би», «Алаучи юзбашы» түрінде жазылып қалғандығы сол деректер бойынша жарияланған іргелі зерттеулерден аян болып отыр [4, 266]. Зерттеушілер деректердегі «Алаучи би» есімді тұлғаның қарақалпақ халқының белгілі алпауыттарының бірі, ел ағасы **Алушы батыр** екендігін алға тартады [11: 72]. Халық аузында «Майлының ұлы Алушы», «Айбалталы Алушы батыр», «Ақпышақлы Алушы», «Саятшы Алушы», «Алушы

жүзбасы», «Алты үйлі Алушы би», «Сұңқарлы Алушы би», «Қыпшақ Алушы инақ» тәрізді басқа да атақтары және лақаптарымен белгілі болған бұл атышулы тұлғаның о бастағы айтым айтып, азан шақырылып қойылғандағы есімі – Алламберген екен. Ел арасында айтылатын және хатқа түскен аңыздарда болашақ батырдың не себепті «Алушы» атанғандығы жайлы тамаша аңыз бар:

«...Бір жылдары хиуалықтар мен түрікмендер жауласып, арада жаугершілік басталады. Ол заманда Хиуа ханының тізімінде қарезімдік<sup>5</sup> батырлар және алты арыс қарақалпақтың әрбір тайпасынан шыққан батырлар есепте тұратын көрінеді. Ұрыс басталса, сол батырлар қол жиып, қан майданға шығатын болған. Соғыс басталмастан бұрын «көп қан төгілмесін» деп батырлардың жеке-жеке күш сынасуын өткеретін дәстүр бар екен. Батырлар жекпе-жекке: саны, дәрежесіне қарай шығатын болған сыңайлы. Егер, қайсы тараптың батыры өзара күш сынасауда жеңіліс тапса, солар жағы жеңуші тарапқа бас иіп, босқа қан төгілудің алдын алған.

Түрікмен шонжарларымен болған соғыста да осы дәстүр қолданылып, түрікмендер жағынан «Ала атлы» («Ала атты») лақапты батыр ортаға ортаға шығады. Ол әр иығына бір адам отырғандай тұрпатты болып, мінген аты да ерекше таңданарлық көріністе екен. Осыған қарап оны «Ала атлы батыр» деп атаса керек-ті. Жұрт оның өзінен де, мінген атынан да айбынатын көрінеді. (Әрине, олар осылай өздерінің айбынды тұр-тұлғасын жұрт алдында көрсетеді, содан кейін бесқаруды қолға алып, сайысуға өтеді –авт.).

«Ала атлы» қол алдына шығып, кезек Хиуа ханының батырларына жеткенде, мұнымен сайысуға қарақалпақтың қытай арысының бессары руынан шыққан Құлман батыр ортаға шақырылады. «Ала атлы» батыр «Һә» деуге келтірмей-ақ, Құлманның басын қағып алады. Ендігі жекпе-жекке қыпшақ арысының жағалтай руынан Байман батыр шығады. Аса тісқақты болған «Ала атлы» көзді ашып-жұмғанша, бұл батырдың да жанын жаһаннамға жібереді.

«Ер кезегі – үш» деген... Жұрт соңғы жекпе-жекке «кім шығар екен?» десіп тұрғанда, «Ала атлы» батырдың қимыл-қозғалысын байқап тұрған сарбаздардың біразы тайсалақтай бастайды. Бұл көрініске ызасы келіп, бұдан әрі тұруға шыдамы таусылған Алламберген деген жігіт ортаға суырылып шығып, қарттардан бата сұрап, рұқсат алып болып, атқосшысына «Дөненді ерттеп кел!» деп бұйырып тұрғанында, Ережеп би (қыпшақ – авт.): «Ау інім, өліміне асығып тұрсың ба? Қара атты мінбей, дөненді неге мінбекшісің?», - депті. Сол уақытта Қара оның атының сегізге шығып, күшіне толған шағы екен.

Алламбергеннің дөненді таңдағаны, ол нағашы жұртына барғанда: бір арқандаулы көк биенің құлынының анасының үстінен әрмен бір, бермен бір асырылып түсіп, секіріп өтіп жүргеніне көзі түседі. Сол сапары ол әлгі құлынды нағашыларынан «мініп» қайтқан екен. Міне, сол құлын қазір дөнен болыпты. Осы дөненге ықыласы ауған Алламберген жалау түсірілген уақытта құйғытып ортаға шығады. «Ә» деп ат салысудан-ақ түрікменнің «Ала атлы» батырының жанына жетіп барған Алламберген көз ілеспес шалттықпен оны аттан аударып түседі [Шарт бойынша аттан аударылған адам жеңілген саналған].

Атына қайта ұмтыла сала үстіне мініп үлгерген «Ала атлы» өзіне қарай тура шапқанда, Алламберген де қарсы шауып қарсылас батырдың басын қағып түсіреді. Қарап тұрған жұрт аң-таң...

«Ала атлы» батырдың басын алып, атдорбаға салып, хан алдына барғанда атышулы Алатлының басын осы бір жігіттің аларын күтпеген жұртшылық жапатармағай жабырласып, Алламбергенге ризашылық сезіммен құрмет көрсетіпті. Ал хан: «Қандай шарт қойсаңыз да орындаймын», - деп батырдың ерлігіне сүйсініп, көзіне жас алыпты. Түрікмендер [осыдан кейін] «халық қанын босқа төкпейік», - деп Хиуа ханына ұсыныс етіпті.

Міне, осы соғыстағы көрсеткен дәужүрек ерлігіне орай, бозбала Алламберген «Алушы батыр» атаныпты. Билер тобы Алушыдан «О неге, Қара атты мінбедің?» деп сұрау бергенінде, Алламберген «Құлман, Байманды алғанда абайлағаным, [Ала атлы] батырдың күші үш есеге басым екен. Аты да тегеурінді екен. Ал Қара ат қаншалықты жүйрік болғанымен, ілезде пәт алуы қиын. Сондықтан «қимылы тез, жүрісі жылдам және жеңіл» деп дөненді таңдадым. Ойлағанымдай-ақ, тақымымды қысып тап бергенімде Ала атлыға дереу жетіп барып, найзаны түйредім», - депті [9: 3].

Бүкіл Тұран ойпатында «Кімсің, Алушы батыр!» атанған жас Алламберген жеңіспен ауылына дін-аман оралған соң, ел-халқы қуанып той береді. Ақсақалдар жас батырдың алғашқы қадамына құтты болсын айтып, оң тілеу тілейді. Жұртшылық енді батырдың ханмен сөйлескенімен қызықсынып, «Хан Сізге не деді?», «Не силық берді?», «Нені уәде етті?» деген сұрауларды ізді-ізінен береді. Алушы: «Хан ием, не шартың болса да, сөзсіз орындалады», - деп айтты. Біз де соған иланып қайттық, - дейді. Көпшіліктің осындай сөздерінен кейін жас батыр ойланады.

Батырдың осыдан кейінгі әрекеті де аңызда қызықты баяндалады: ... «Алушы» атағын алған Алламберген батыр еліне қайтып, дем алып, ханның берген уәдесіне орай, Хиуаға қайта айналып келіпті. Хан алдында «Шартым сол, менің халқыма еркіндік, тәуелсіздік бер!» дегенінде, хан: «Ол шартың орынсыз болады. [Сіздердің] Хиуа ханының, дін ошағының қоластында жасағаныңыз жөн», - алдыңғы берген уәдесінен таныпты. Ханнан тұшымды жауап, төрелі пікір естімей ашуға булыққан Алушы сарай төңірегін тас-талқан етіп, ханға қыр көрсетеді, бүлік салады. Осылайша «отызында орда бұзған» батыр суыт еліне жетіп, жедел көшудің қамына кіріседі. Бұл мезетте хан да Алушының әрекетін «Батырдың бір тентектігі екен-дә» деместен, ізіне адам салып, басына ақша тігеді. Мұны білген Алушы алты үйлі жанды аяққа тұрғызып, Бұқарға қарай бет алады...» [11: 74]. Батырдың «Алты үйлі Алушы би» атанатыны осы көш себепті.

---

<sup>5</sup> **Қарезімдіктер** – Хиуа хандығында тұратын жергілікті ұлт өкілдері. Сол өлкеде жасаушы халықтар тілінде олар: *һаңқалылар, сартлар, қара сартлар, татлар, бәдіреклер* және т.б. да атаулармен аталады.



Асылы, аңыздың аты – аңыз. Шынтуайтында, бұл көш үлкен тарихи оқиғамен байланысы бар миссия. Алушы батырдың атын шығарған жәйт, негізі оның көзсіз ерліктері екендігі белгілі. Әсіресе, батырдың тарихта «Алма жеген алпыс би» деген атпен таңбаланып қалған Қаратау құрылтайын ұйымдастырушы ел ағаларының кеңесінен кейін Ерназар батыр басшылығында Хиуа хандығына қарсы шығуы, хандық әскерінің райын қайтарып, сегіз ай бойы қарсыластарына алдырмай тәуелсіз Қарақалпақ ордасының еркіндігін ұстап тұруы болды. Алайда, Хиуа тарапына өтіп кеткен діни қайраткерлер мен кейбір тиянақсыз билердің кесірінен Аралбойы өлкесінде бой көтерген **Қарақалпақ хандығы** көп ұзамай жеңіліс табады. Осыдан кейін алты арыстың ақсакалы әрі оданбасысы<sup>6</sup> Ережеп ағабидің мәслихатымен басы – Алушы инақ<sup>7</sup> және бірнеше батырлар бірі Қырға, бірі Сырға, ал енді бірі Қара Бұқарға кетіп баспаналанауға мәжбүр болады [10: 39-41; 5: 6]. Академик С.Камалов сол оқиғадан соң бассауғалап кеткендерден: қарақалпақ төрелері Серғазы сұлтан, Алланазар сұлтан және қыпшақ Алушы, Файзулла (Пайзан батыр) сынды ерлерді де атайды [7: 25]. Бұлардан басқа Қарақалпақ хандығының диуанбегі (*кеңсебасы*) лауазымын иелеп тұрған қоңырат Манатай батыр және оның інілері мен балалары, сондай-ақ, қыпшақ Таймас батыр, Сайман батыр, Шопырық батыр т.б. да көтерілістің бел ортасында жүрген ерлер сыртқа кетіп, із жасырған. Өйткені, Хиуа ханы көтеріліс бастырылған соң өзіне қарсы шыққан барша ереуілшілерді аяусыз жазалайтын. Тіпті, олардың үрім-бұтағын қалдырмай бықырт ететін. Мұны жергілікті халық тілінде «ныкпырт» немесе «тұқымқұрт ету» деп атайды.

Хиуалықтар көтеріліс басшысы Ерназар батырды ту сыртынан атып, жазым еткеннен кейін оның басшылығында Түстік Аралбойы өңірінде уақытша орнаған «Қарақалпақ хандығы» және оның ханы Зарлық төрені көпке күлкі етіп, ханның жұрағаттарын түгел қырып жіберді. Белді-белді батырлардың да біразын өлтіртті. Ерназар батырдың әйелдерін басқа билерге некелеп берді. Олардан қалған ер бала болса, бәрінің көзін құртуға бұйрық берді. Ерназар батырдың тұқымынан қыз киімін киініп, шүленқазанның астына жасырылған бір баласы ғана аман қалады. Елді ұзақ уақытқа дейін жазалаушы жасақтар кезіп, үйме-үй тіміскіленіп жүріп, көтерілісшілерді тауып, оларды дер кезінде дарға асып отырды, біреулерін құлдыққа салды, айдауға жіберді.

Осындай қауіп-қатердің алдын алған Ережеп ағаби ел қорғаны болған батырлардың бір түн ішінде көшіп кетуіне кеңес берген-тін. Алушы батырдың көші алдын Бұқардың түстік жағындағы Қаракөл маңына барып ірге тіксе, соңын ала Тауелібай өлкесіне қарай ойысады. Тауелібай – Әму мен Сыр аралығындағы кеңжазық жер болып, ол жерлерде де едәуір қарақалпақтар жасайтын. Олардың да өз батырлары мен билері, ақындары мен жыраулары – көп ғасырлар бойы елдің атын шығарып, даңқын жайып келген [2: 4]. Алушы батыр Тауелібайдың Ақсуат деп аталған өңірінен қоныс алады. Ақсуат алқабында негізінен қарақалпақтың қытай-қыпшақ елдері жасайтын. Алушының ізіне ерген бірнеше батырлар да сол араға келіп орналасады [14: 2-5]. Олардың жайласқан жері ертеде «Тоғанас жазығы» деп те аталған. Тоғанас – қарақалпақ батырларының бірінің аты. Ақсуат өңіріндегі «Тоғанастың құмы», «Тоғанастың құдығы», «Тоғанастың сайы», «Тоғанастың ойы» деген атаулар қатарына, кейін келген батырлардың атымен аталушы «Алушының ауылы», «Алушының қыры», «Алушы құдығы», «Бесбатыр», «Бәймен» деген жаңа жер-су аттары пайда болады.

Алушы батыр Ақсуатқа орналасқаннан кейін Тауелібай қарақалпақтарының белді әулеті Көккөз би ұрпақтарымен тығыз қарым-қатынас орнатады. Кезінде Хиуа хандарымен сыыспай Бұқар жұртындағы ескі қонысына оралған Көккөз би, осында екі мың үйлі қарақалпақты орналастырған болатын [6: 74]. Жергілікті халық арасында Көккөз би ұрпақтары «төлеңгіттер» деген атпен танымал болып, олар Бұқар әмірлігінің де мықты тірегі болған. Қазаяклы Көккөз би ұрпақтарының «төлеңгіт» аталуы да, хан жасағы болуымен байланысты жүзеге келгендігі айтылады [12: 177-178]. Көккөз биден тараған Жұмақай батыр, Тай батыр есімді ерлер Алушыға ерген батырлармен де тіл табысып, ел қорғаны болады. Жұртшылық арасында бұл жайында да тамаша аңыздар, тарихи хикаялар бар. Әрине, ол өз алдына әңгіме.

Зерттеушілердің көрсетуінше, Алушы батыр Тауелібайды он жеті-он сегіз жылдай жайлайды. Тура он жеті жыл болғанында, Қарақалпақ өлкесінің солтүстік-шығыс бөлегі Ресей құрамына өтіп, оңтүстік жағы Хиуа хандығы қарамағында қалады. Аймақта жаңа өкімет орнап, жұрт арқасы кеңі бастаған соң Ережеп ағаби Алушыға хабар жіберіп, елге қайтуын сұрайды. Көп ұзамай Алушы бастаған көш Тауелібайдағы бірнеше қарақалпақ ауылдарын ізіне ерте, ежелгі Дәуқара жеріне, Ақжағыс өңіріне келіп құлайды. Бұл шамамен, 1874-жылға сәйкес келеді. Көш ұланасыр тойдың үстінен шығады. Бұл той – бұрыннан-соңға қарақалпаққа дәстүр болған «көпіртой» екен. Орыс жұртымен қарым-қатынас жақсарғаннан соң Ақжағыс өңірінің атақты жер иелерінің бірі бессары Қалымбет бай Ресей ормандарынан ағаш алдыртып, ағаштан үй тұрғызумен бірге, Бозсай жылғасына тақтайдан көпір салдыруға кіріседі. Көпірді осы елге белгілі ұста – Айтым Майлы есімді ісмер бас болып, қолға алған екен және жуықта ғана бітірген екен [3: 5]. Тойды атақты қарақалпақ ақыны Бердақ шайыр басқарып, көпір салынған жаңа қонысқа «Тақтакөпір» деген атау беріп, бірнеше күн бойы өтіп жатқан бұл даңғазалы жиын Алушы батыр бастаған көштің мүшелерін де құтты қонақ ретінде қарсы алады.

Осынау жиында Алушы батыр Бердақ шайырдың ақындығына тәнті болып, бір атты ер-тұрманмен және бір жасаулы түйені сиға тартады [11: 77]. Батырдың ерлігіне сырттай қанық Бердақ шайыр сол жердің өзінде Алушы биге он екі шумақтан тұратын арнау өлең шығарып, ел ағасының бағасын алады. Бірі – батыр, бірі – ақын болған бұл тұлғалар бірі-бірімен қатар болса да, Бердақ шайыр Алушы биге «ел ағасы», «аға»,

<sup>6</sup> оданбасы – отанбасы, жұрт ағасы, бас ие.

<sup>7</sup> инақ / ынақ – сұлтансүйекті әулетке берілетін лауазым. Оның беделі құсбегі немесе бас уәзірден кем болмаған.

«биеке» деп ілтипат көрсетеді [9: 3; 13: 104]. Осылайша қос тұлға осы жерде дидарласып, сыр шергіседі. Бұл оқиғалар ел аузында әлі күнге дейін аңыз-әңгімелер түрінде айтылып келеді.

Академик С.Камалов Ерназар алакөз бастаған халық көтерілісі жөнінде «Халқы үшін шейіт кеткен батырым» және де басқа бірнеше еңбектер жазып, онда Алушы би туралы да ерекше атап өткен болса, Қарақалпақстан Жазушылар одағының төрағасы, белгілі қаламгер К.Кәримов өзінің «Ағаби» атты романында батырдың көркем бейнесін жасады [6; 7; 8: 470-473]. Мұндай игі бастамалар және де сәтті жалғасын табуда.

Қолда бар деректерге қарағанда, Алушы батырдың алты әйелінен он төрт перзент туылған. Оның бірнешеуі Қырға кеткен болса, қалғандарының ұрпақтары Аралбойы мен Арқа Бұқар жұртында: Зәрепшан өңірі және Тауелібай өлкесінде өмір сүруде. Батырдың аманат қойылған жері – Ақұн баба қорымы. Ұрпақтарының айтуынша, батырдың асыл сүйегі – ағаби Ережеп бабаның оң жағына қойылған. Қарақалпақтың ең соңғы бас биі – ағаби Ережеп баба кесенесінен сәл төменіректе Хиуа ханы – Елтезер инақтың қабірі жатыр. Соғыс кезінде суға кеткен Елтезер инақтың мүрдесін ағаби Ережеп бабаның өзі өзен жағасынан тауып, осында әкеліп жерлеген екен. Қабірі аяқасты болмауы үшін басына белгі де қойған. Әрине, бұл тарихи қорымда Аралбойы өлкесінің, қарақалпақ халқының талай-талай әзіз перзенттері және ел тұтқасы болған бірнеше батырлары, билері мәңгілік қоным тапқан [1: 5-7]. Олардың тарихын тереңдей зерттеу ісі, Алушы батыр және оның жасаған заманына байланысты жаңа бұлақтардың да көзін ашатыны күмәнсіз.

#### Әдебиеттер

1. Алыұшы бий (*қолжазба*) // Автордың дала жазыулары. – Шымбай, 2015. – 12 б.
2. Бабашев Ш. Тауелібайдың тарихы тереңде // Нұрлы жол. – Ташкент, 2005. -№93 (1280). – 4 б.
3. Бозсай бойы: Айтым Майлы // Топлаған: Арыс Аян. – Тахтакөпир, 1992. – 12 б.
4. Документы архива хивинских ханов по истории и этнографии каракалпаков. – Москва: Наука, 1961. – 540 с.
5. Камалов С. Ерназар Алакөз – халық батыры. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1999. – 28 б.
6. Камалов С. Қарақалпаки XVIII-XIX веках. – Ташкент: Фан, 1968. – 328 с.
7. Камалов С. XIX әсирде қарақалпақлардың мәмлекетшилигин тиклеген қахарман. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 2006. – 36 б.
8. Кәримов К. Ағабий. – Нөкіс: Билим, 2013. – 476 б.
9. Қанаатов Т. Алыұшы батыр // Қарақалпақстан жаслары. – Нөкіс, 1992. -№3 (664). – 4 б.
10. Қанаатов Т. Ерназар Алакөз хәм оның қошадарлары // «Ерназар Алакөздің Қарақалпақстан тарихындағы ролі» атлы республикалық илимий-теориялық конференция материаллары. – Нөкіс, 2007. – 72 б.
11. Қанаатов Т. Тауелибай тарихынан там-тум сыр. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1993. – 100 б.
12. Қарақалпақ фольклоры (*көптомлық*). – Нөкіс: Илим, 2014. – 560 б.
13. Қутлымуратов Б.Х. Бердақ шайырдың Алыұшы батыр менен дослығы хәм оған арнаған қосығы хаққында // «Классикалық әдебиет хәм жәмийетти руухый жаңалау мәселелери» атамасындағы Халықаралық илимий конференция материаллары. – Нөкіс: Илим, 2017. – 124 б.
14. Он еки баулы қыпшақ / Топлаған: Т. Ергешов. – Пирекө, 1991. – 12 б.

## ТРАДИЦИИ НЕНАСИЛИЯ В КАЗАХСКОЙ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ

Мацюк Дмитрий Анатольевич

кандидат философских наук, старший преподаватель

Актюбинский региональный гос.университет им. К.Жубанова,

г.Актобе, Казахстан

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ саяси мәдениетінің даму шеңберіндегі күш көрсетпеу құндылығына әлеуметтік-философиялық талдау жасалынады. Ұлы Жібек жолының дәуірі жүріп тұрған уақыттағы халықтардың бейбітшілікте өмір сүруінің, сонымен бірге хан билігінің қол астынан шығып, рулардың ерікті түрде қоныс аударуының, Тәуке ханның Жеті жарғы заңының ізгілендірілуінің, сонымен қоса халықтарды сталиндік жер аудару кезіндегі қазақтардың қонақжайлылық дәстүрінің мысалдары негізінде Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастың күш көрсетпеу тәжірибесінің позитивті рөлі көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** мәдениет, диалог, дәуір, құндылық.

**Annotation.** In this article the socially-philosophical analysis of value of unviolence comes true within the framework of development of the Kazakh political culture. The positive role of non-violent practice of public relations is shown in Kazakhstan on the example of peaceful existence of people within the framework of functioning of Great Silk Way, voluntarily moving on of luing-ins from under power of khans, humanizing of laws of Zhetai-Zhargi of khan of Tayke, and also traditions of Kazakh hospitality in the period of Stalin migration of people.

**Key words:** unviolence, culture, dialogue, period, value.

Обзор мирового исторического процесса показывает, что традиции ненасилия явилась неотъемлемым элементом культуры того или иного народа. От ее своевременной реализации в прошлом зависел исход решения острых социальных проблем. Не обошло стороной ее присутствие и в традиционной казахской культуре, позитивные последствия которой вызывают интерес у современных отечественных исследователей. Попытаемся выделить ключевые моменты, ставшие эталоном гуманизации общественных отношений казахского народа в прошлом.

Говоря о тюркской эпохе, важно вспомнить, что мирное (ненасильственное) существование разных по экономическому, политическому и культурному уровню развития народов было характерной особенностью функционирования знаменитого Великого Шелкового пути. Столь уникальная модель межгруппового общения

была обусловлена вполне объективными обстоятельствами – тюркские каганы были заинтересованы в мирном функционировании торговли на подвластных им трассах Великого Шелкового пути, которая приносила их казне большие финансовые вливания в виде торговых пошлин. «Но было бы несправедливо сводить значение Великого Шелкового пути в истории мировой цивилизации исключительно к торговле шелком. Его роль была значительно шире и разнообразнее, ибо по нему проходили караваны не только с различными восточными и западными товарами, но проникали и духовные ценности, религиозные идеи» [1]. Поэтому столь благоприятная ситуация способствовала одновременной интенсификации торговых потоков и активизации культурного многообразия (в виде строительства буддийских храмов, христианских церквей, мусульманских мечетей, синагог, костел и т.д.). О мирной модели торговых и культурных взаимосвязей на казахстанских трассах Великого Шелкового пути знали и за пределами Дешт-и-кипчака, что было редкостью для той неспокойной эпохи.

Параллельно в европейской культуре того времени феодалы всегда стремились насильственным путем подчинить вольные города как центры ремесла и торговли. Нередко в ходе такого подчинения, горожане, попавшие под власть феодала, были вынуждены согласиться с таким положением дел, поскольку обретение ими желанной свободы создавало бы угрозу нападения со стороны других более агрессивных феодалов.

Однако было бы ошибочно ассоциировать трассы Великого Шелкового пути с некими райскими островками, поскольку здесь создавали лишь условия для ведения свободной торговли, которая была выгодна местным землевладельцам. Наряду с этим, эксплуатация местных общинников никуда не исчезла. Как и прежде сила оружия зачастую была методом властвования элиты над всеми. К сожалению, опустошительные походы Чингисхана и его потомков на долгие десятилетия прервут благоприятную международную торговлю на казахстанском и среднеазиатском отрезках данного пути. Более того, это обстоятельство подвигло европейские страны искать новые (уже морские) пути торговли с Востоком, что в дальнейшем откроет прогрессивный в технологическом плане период Великих географических открытий, и последующую за ней кровавую эпоху колониальных захватов. Поэтому торговля на отечественных путях Великого шелкового пути рождала не просто взаимовыгодную торговлю, но и гармоничную модель цивилизованной межплеменной коммуникации, основанной на ценностях взаимоуважения, партнерства, сотрудничества, а также религиозной терпимости. Спустя почти десять веков, данные факторы не потеряли своей актуальности и в наши дни, когда современный Казахстан налаживает торгово-экономическое партнерство со многими мировыми государствами.

Следующим немаловажным элементом ненасильственной формы общественных отношений в традиционном казахском обществе явилась добровольная откочевка части родов из-под власти хана. Западные исследователи удивляются тому, что, казалось бы, в кочевом обществе, в социальной структуре которого господствует принцип власти, основанной на силе, находится место такому подлинно демократическому принципу межгрупповых отношений как массовая откочевка, облеченная форму политического протеста. Важно понимать, что «откочевка была весьма действенным способом давления на хана, поскольку убить его, особенно с пролитием крови, было оскорблением всему роду, практически религиозным преступлением. Сакральность правителя и прагматизм в виде страха перед местью со стороны представителей «золотого рода» приводил именно к этой форме протеста» [2, 85].

Ценностное содержание добровольного ухода состояло в том, что оно представляло собой форму несогласия больших групп подвластного населения с моделью властных отношений своего господина. Подобная форма протеста имела место именно в кочевом обществе, поскольку кочевники в отличие от земледельцев имели:

- во-первых, свободу передвижения в рамках определенного ареала;
- во-вторых, постоянные перекочевки снижали риск закрепощения родов, как со стороны соседей, так и со стороны собственных родоправителей;
- в-третьих, свобода передвижения открывала перед людьми возможность заселить новые земли (при одновременной опасности военного столкновения с соседями), а порой при наличии военно-технического превосходства и завоевать их.

Таким образом, добровольный уход рождал ценности кочевой демократии, в которой, в отличие от ее классической древнегреческой формы, каждый общинник выступал в роли свободного субъекта общественных отношений. Даже рабы в кочевом обществе рассматривались в качестве члена общины, пользующихся общественными благами пусть и в ограниченной форме, но при наступлении внешней угрозы становились такими же воинами, как и все население. Поэтому феномен добровольной откочевки родов из-под власти хана, невзирая на его как положительное, так и отрицательное оценивание, явился важной гуманистической вехой в развитии ненасильственной модели общественных отношений традиционного казахского общества.

Традиции ненасилия имели место также в нормах обычного права казахов. Особо ярко это можно проследить в знаменитом первом своде законов выдающегося хана Тауке. В первые во внутривнутриполитической практике казахского ханства XVII-XVIII вв. был введен так называемый штраф кун, предусматривающий его выплату за совершение убийства. То есть, «устанавливался откуп от наказаний – кун» [3].

Система уплаты куна запускала механизм, по средствам которого сила закона довлела над силой ответного насилия, при этом сила закона представлялась в качестве силы созидательной (т.е. заставления, одобренного большинством как простых общинников, так и феодалов), направленной на ограничение как массового, так и индивидуального насилия. Данное явление стало довольно таки прогрессивным новшеством в юридической практике тех времен, поскольку кун предполагал меру по предотвращению кровной мести,

грозившей в дальнейшем вылиться в крупномасштабный межродовой конфликт. Это было очень важно, поскольку урегулирование внутривидовых конфликтов было залогом стабильного внутривидового развития ханства, что во многом способствовало консолидации казахского общества перед лицом нарождающейся джунгарской угрозы.

Вместе с тем, не следует полагать, что с введением подобной меры жизнь личности становилась приоритетной, ведь кун лишь возмещал ущерб потерпевшей стороне в виде определенной уплаты (чаще всего в виде скота). Более того, за убийство знатного человека размер куна в разы превышал аналогичное же преступление в отношении простолюдина. Из чего можно сделать вполне логический вывод: данный свод законов, как и аналогичные законодательства тех времен европейских стран, в большей степени защищал права имущих слоев населения. Тем не менее, кун по своей сущности имел ценностное значение в рамках урегулирования межличностных и межгрупповых конфликтов. Именно кун заложил основы принципов гуманизации норм обычного права казахов. И если в аналогичный период в судопроизводстве Европы местные судьи были защитниками нарождающейся буржуазной системы, то в степи правосудие было делом биев, избираемых народом и пользующихся всеобщим авторитетом.

Четвертым важнейшим аспектом традиций ненасилия стали времена сталинизма, когда государственный диктат над всеми сферами жизни общества был воздвигнут в ранг должного. Эти условия породили знаменитые репрессии и депортации целых народов на территорию Казахстана. Но даже тогда не угасли ростки межнациональной дружбы.

В тех суровых условиях внутрисоциальные «проколы» и неудачи породили поиск так называемых «врагов народа». В рамках этого, сталинизм ввел политический оборот понятие «неблагонадежных народов». В связи с чем, в 30-е годы, а также в период окончания Великой Отечественной войны в Казахстан насильно переселяли ряд народов из других точек советской страны. Подобное переселение, как свидетельствуют в дальнейшем рассекреченные документы, осуществлялось антигуманным способом: людей, словно скот перевозили в грузовых вагонах, выгружали в степи и не заботились об организации соответствующих условий к проживанию. «Великая степь Центральной Азии превратилась для сотен тысяч людей в место их ссылки, заключения в концентрационные лагеря, где они, потерявшие Родину, свое человеческое имя, вместо которого приобретали «номера», становились «контингентом» [4]. К счастью, оказавшись в Казахстане, депортированное население не было лишено внимания и доброжелательности со стороны казахского народа, предоставившего помощь в питании, одежде и крове.

Не секрет, что в первые месяцы депортации находилось место отдельным фактам межнациональных трений, что было обусловлено наличием соответствующего темперамента у представителей того или иного этноса. Однако данные явления, к счастью, не сумели трансформироваться в обширный межнациональный конфликт. Возможно, это связано было с жестким государственным диктатом по недопущению гражданских беспорядков. Но с большей вероятностью здесь можно будет сказать о толерантном отношении казахского населения к пришлым этносам. Но откуда вдруг взялась данная толерантность? - спросите вы. Дело в том, что кочевники, невзирая на присущую им в определенной мере агрессивность как средство противостояния как внутренним, так и внешним угрозам, одновременно сосредотачивали в духовном ядре своей культуры традиции взаимопомощи. Именно взаимопомощь позволяла одним членам общины, при наступлении трудных социально-экономических условий (падеж скота, потеря кормильца, природные катаклизмы), выжить, благодаря оказанию помощи со стороны других ее членов. По мере уменьшения количества войн и межродовых распри феномен взаимопомощи плавно трансформировался в явление толерантности.

Гостеприимство, религиозная и межнациональная терпимость, недопущение проявления агрессии, понимания бедственного положения депортированных народов вопреки их воле рождали дальнейшее развитие культуры толерантности. Данная практика в современную эпоху глобализации породила такое явление как мультикультурализм. Но это не тот мультикультурализм, который в наши дни мы наблюдаем в Европе (примеру, когда общины алжирских мигрантов во Франции живут обособленно, не воспринимая культурные ценности местных французов) или в Азии (когда уйгурская диаспора Китая на протяжении длительного времени оказывается объектом китайской культурно-этнической ассимиляции).

Поэтому казахская толерантность дала толчки развитию казахстанского мультикультурализма. Это выразилось в таких явлениях, как совместное празднование национальных казахских праздников всеми народами Казахстана, межнациональные браки, недопущение оказания привилегий какой-либо одной нации при занятии государственно-административных должностей, развитие национально-культурных центров в рамках функционирования Ассамблеи Народа Казахстана и т.д. Поэтому, в целом, невзирая на перегибы сталинской межнациональной политики, депортация народов в Казахстан в советский период оказала определенные позитивные сдвиги: дружба народов выдержала испытание временем, позитивная модель межнационального общения позволила обогатить казахскую культуру новыми веяниями в политике и экономике. И наконец, нельзя не упомянуть важнейший факт того, что многие народы современного СНГ считают Казахстан своей второй Родиной.

Таким образом, традиции ненасилия оказался гармонично вплетенным в ткань политической культуры казахского народа. Именно благодаря ему в условиях трудных периодов своей истории казахи и их предки имели возможность выстраивать взаимоотношения с иными этнополитическими социальными общностями на основе диалога и консенсуса. Однако не следует понимать, что ценность ненасилия не всегда нуждалась в своей реализации, поскольку отечественная история была полна многочисленными внешними угрозами, внутренними

междоусобицами, а также продолжительными периодами национально-освободительных движений. Тем не менее, рациональное зерно феномена ненасилия очевидно. Во многом благодаря ему современный Казахстан демонстрирует всему миру уникальную модель выстраивания цивилизованных межэтнических и поликонфессиональных отношений. Единство в многообразии позволяет нашей республике иметь международное признание и возможность налаживания цивилизованных контактов со всем миром.

#### Литературы

1. Великий Шелковый путь // <http://www.orexca.com/rus/silkroad.shtml>
2. Масложенко Д.Н. Этнополитическая история лесостепного Притобья в средние века. Курган: Курганский гос. университет, 2008. – 168 с.
3. Социально-экономическое и политическое положение Казахского ханства в XVII – нач. XVIII вв. // <http://e-history.kz/ru/contents/view/509>
4. Сулейменова М.Ж. Актуальные проблемы насильственной депортации репрессированных социальных групп СССР в Центральный Казахстан в 30-40-е годы XX века (на примере крестьянства) // <http://www.science-education.ru/95-4567>

## «БӨГЕНБАЙ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ НҮСҚАЛАРЫ

Мурсалимова Насихат Мәзікенқызы

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

«Қолжазба және текстология» ғылыми-инновациялық бөлімінің ғылыми қызметкері  
Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада Бөгенбай батырдың Қазақ Хандығын сыртқы жаулардан қорғап қалу үшін көрсеткен ерен ерліктерін көркем баяндайтын жырлардың қолжазба нұсқалары қарастырылды.

**Аннотация.** В статье рассмотрены рукописные версии эпосов, повествующих о героизме Бөгенбай батыра как защитника казахского ханства от внешних врагов.

**Annotation.** The article deals with handwritten versions of epics which tells about the heroism of Bogenbai Batyr as a defender of the Kazakh Khanate against external enemies.

**Тірек сөз:** қолжазба, мәтін, текстология, вариант, нұсқа, батыр.

**Ключевые слова:** рукопись, текст, текстология, вариант, версия, батыр.

**Keywords:** manuscript text, epics, variant, version, dates, rare fund and others.

Бөгенбай батыр жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық жорығын ұйымдастырушылардың бірі, атақты батыр, ұлы қолбасшы болған. Қазақ жауынгерлері арасында аса көрнекті беделге ие болғандықтан халық оны «Қанжығалы қарт Бөгенбай» деп атап кеткен. Абылай ханның бас батыры болған. Бөгенбай батыр – халқының азаттығы үшін күрескен батыр.

Қанжығалы Бөгенбай жайында Бұқар, Үмбетей, Тәттіқара сынды жыраулар жыр толғап, оның ерлік істерін көкке көтеріп дәріптеген. Бүгінде «Бөгенбай батыр» жырының Орталық ғылыми кітапханада және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақтаулы тұрған он екіге жуық нұсқалары бар:

1. Бөгенбайдың бірінші жорығы (ӘӨИ, 815-бума). Жырды жазып, жинаушысы – Оспанов Қайырбай. Целиноград облысы, Ерейментау ауданында 1970 жылы хатқа түскен.

Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Еуропа цифрымен беттеліп, өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, арнайы бумаға салынған.

2. Бөгенбай батыр (ОҒК, 326-бума). Жинаушысы – Т.Ерғалиев. Мәтін бір дәптерге «Бөгенбай батыр туралы аңыз-әңгіме», «Жоңғар соғысы», «Қытаймен соғысы», «Алтай қалмақтары, ойраттармен соғысы» деп төрт тарауға бөлініп, әр бетке үш түрлі қолтаңбамен тығыз орналастырылып жазылған.

Бұл нұсқада Қанжығалы Бөгенбай батырдың XVIII ғасырда өмір сүрген Әбілмәмбет, Абылай хандармен бірге болғандығы. Елді қорғау үшін бірнеше рет қалмақ пен қытайға аттанған жорығы айтылады. Сәмеке хан тұсындағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан кейін, Бөгенбай батыр қол жинап, Әбілмәмбет ханның әмірін алып, жоңғармен соғысуға шығады. Токсанға келген Бөгенбай батыр бар күшін көрсетіп жеңіске жетеді. Осы соғыста жас Абылай да ерлігімен көзге түсіп, жауды қырғынға ұшыратады.

Қолжазба тозған және толық емес. Жинаушы нұсқаның соңында «аяғы бар» деп жазған. Жыршысы және жазылған жылы белгісіз.

Қолжазба жұқа қағазбен тысталған, жөндеуден өткізуді талап етеді.

3. Бөгенбай батыр (ОҒК, 383-бума). Жырды жинаған – Байзақов Иса. Кім тапсырғаны белгісіз. Мәтін машинкаға басылған. Қағазы сарғайған. Қолжазбада Бөгенбай батыр өлгенде Үмбетбай жыраудың Абылайға көңіл айтуы жазылған. Көлемі – 3 бет.

4. Бөгенбай батыр (ӘӨИ, 356-бума). Жыршысы – Байбатыров Мұқаш. М.Байбатыров 1899 жылы Талдықорған облысының Қапал ауданында туған. Абай атындағы опера театрында көп жылдар бойы әнші болып жұмыс істеген. Біраз жылдар ақындар айтысына қатысқан. Бұл жыр нұсқасын ол 1927 жылдан бастап айтады. Қолжазбаның бірінші бетінде «жырды Шойынбек Тастеміровтен үйренген» деп жазылған. Қолжазбаның сырты қалың ақ қағазбен қапталып, түбі тігілген. Көк сиямен қиғаш жолды қағазға жазылған. Еуропа цифрымен беттеліп, өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Нұсқа екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде: Бөгенбай батыр басқарып отырған Қанжығалы елі құрғақшылыққа ұшырайды, талай малдар, адамдар қырылатындығы. Ашаршылыққа ұшыраған ел отты жер іздеп, басқа жерге қоныс аударады. Осы кезде қалмақтың ханы Қаранай әкесінің кегін алмақ болып Қанжығалы Бөгенбай батыр еліне шабуыл жасайды. Қаранай Бөгенбайдың батыры Бексұлтанның қолынан өледі.

Екінші бөлімде Садыр төре Бөгенбайдың көп жылқысын көре алмай, оған қарсы шықпақ болады. Садыр төренің бұл ісін Құнан би жақтамайды. Садыр төре мен Құнан биге амандасуға Сарыбай келеді. Сарыбай Сары төренің қызын алатын болады. Бірақ қыз Сарыбайды ұнатпайды. Бөгенбай батыр ол қызды өзінің жақыны Ақымға алып береді.

5. Қанжығалы Бөгенбай (ОҒК, 1176-бума). Жыршысы белгісіз. Жинаушысы – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Мәтін сарғыш қағазға қоңыр сиямен араб әрпінде қара сөзбен жазылған. Жөндеуден өткен. Қалың көкала папкаға салынған. Қолжазбаның сақталуы жақсы.

Бөгенбай батырдың бұл нұсқасында Қанжығалы Бөгенбайдың ұлдары, немерелері, олардың кейбір әдеттері сөз болады. Мәтін қара сөзбен жазылған.

6. Бөгембай батыр (ӘӨИ, 692-бума). Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазба қорына 1969 жылы түскен. Сыртында «Бөгембай батыр. Жыршы Мүсәпірұлы Құсайынның аузынан жазып алып, жарыққа шығарған профессор С.Аманжолов (Кітаптан көшіріліген) 1969 ж. 158 бет.» деген жазу бар. Жыршысы – Мүсәпірұлы Құсайын. Жинаушысы – Аманжолов Сәрсен (1903-1958) Шығыс Қазақстан облысында туып-өскен. Әдебиет зерттеушісі, тілші, филология ғылымдарының докторы.

Қолжазба сары және көк кеңсе қағазына машинкамен жазылып, Еуропа цифрымен беттелген. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Бұл жырда жоғарыда көрсетілген нұсқалардағыдай Бөгенбай батырдың халықты жаудан азат ету күрестері көрсетілмейді. Бөгенбайдың халқына еңбек сіңірген, халқының алдында беделді, оның қартай бастағандығы және жауынгерлердің одан кеңес, бата алмай жорыққа шықпайтындығы туралы баяндалады. Мәселен, елде жұт болып, жылқы малы қырылып қалған шақта қалмақтың кекті батыры Қаранай «Бөгембайды өлтірмей тынбаймын» деп он тоғыз мың қолмен келгенде соғысқа батырдың өзі қатыспағанмен, оның інілері мен туыстары жауға қарсы шауып жеңіске жетеді.

Бөгенбай кеменгер болғанымен Аналықтың алдына шықпайтын болған. Ел бөгенге өкпелесе, Аналықтан кете алмайтын. Бөгенбай Шынар деген қалмақ ханының басын кескен кезде Әбілмәмбет жарым елге хан болған. Бірақ Бөгенбай оны хан деп танымайды, себебі Бөгенбай Уәлимен тату болған. Уәли көшіп, бұл өзі көше алмай қалған соң Әбілмәмбетпен қас екен. Уәли қалмақтардан қаза тауып, Әбілмәмбет жарлық шығарса да Бөгенбай бағынбапты.

7. Бөгенбай батыр (ӘӨИ, 886-бума). Жыршысы – Жағыпарұлы Алшынбай. Қорға жинап, тапсырған – Әбішев Гапур. Қолжазба қалың дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған. Қашан, қайда жазылғаны белгісіз. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Қолжазбаның бұл нұсқасы тозған, қайта өңдеуді талап етеді.

8. Бөгенбай батырдың бірінші жорығы (ОҒК, 517-бума, 2 дәптер). Бұл нұсқаны айтушы – Жадайұлы Молдажан. Оның өмірбаяны туралы нақты мәлімет жоқ. Қорға 1946 жылғы Ақмола, Көкшетау экспедициясы кезінде Жақыпбаев Бозтай жинап, тапсырған. Ол 1887 жылы Павлодар облысы, Баянауылда дүниеге келген. Көп жылдар Тіл және әдебиет институтында қызмет істеген. Ауыз әдебиетін жинаушылардың бірі.

Жырда ертеде Сығанақ қаласы Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың бас қорғаны болғаны, Сыр бойындағы қазақтардың қалмақтардан қатты соққы көргендігі, «Ақтабан шұбырындыға» ұшырағаны, қазақ пен қалмақ жауласқан кездегі Бөгенбай батырдың ерлігі туралы сипатталады. Шығарма «Бөгенбай батыр», «Бөгенбай батырдың сөзі», «Аттың сыны» деген тарауларға бөлінген.

Жырда батырлар жырына тән кейбір сарындар көрініс тапқан. Солардың бірі – «түс көру» мотиві, қиял-ғажайып ертегілердің сипаты байқалады.

Жырдың мазмұны «Бөгенбайдың бірінші жорығы» (ӘӨИ, 815-бума) нұсқасымен бірдей. Соған қарағанда аталған жыр мәтіні Жадайұлы Молдажан қолжазбасынан көшірілген болу керек. Оған себеп Молдажан жырлаған жыр мәтіні қорға 1946 жылы бұрынырақ түскен.

9. Қанжығалы қарт Бөгенбай және оның батыр інісі Ер Сарыбай (ӘӨИ, 1124-бума). Жыршысы белгісіз. «Бұл дастанды Нұржанның туған ағасы Рамазан әкесі Ақынжанның аузынан 1957 жылы жазып алған. Ал Ақынжан жырды ертерек кезде ескіше хатқа жүйрік нағашысы Ақмолдадан үйренген. Ағасы Рамазан 1987 жылы қайтыс болған соң қолжазба інісі Нұржанның қолына көшкен» деген дәптердің алғашқы бетінде жазу бар.

Мазмұны Мүсәпірұлы Құсайын (692-бума) жырлаған нұсқамен ұқсас. Жыр нұсқасы аяқталмаған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Көлемі – 66 бет. Оқушы дәптеріне қара, көк сиямен жазылған.

10. Қанжығалы Бөгенбай батыр (ОҒК, 74 Д-бума). Жырлаушысы, жинаушысы белгісіз. Қорға тапсырған – Қазанғал Байболов. Қолжазба ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде жазылған. Еуропа цифрымен беттеліп, өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Буманың артқы қаптауы ажыраған. Мәтінде көк сиялы қаламмен түзетіліп, өзгертілген жерлер көп ұшырасады. Сондай-ақ кей бетке мәтіннің мазмұнын қысқаша карандашпен араб әрпінде жазылған жерлері жиі кездеседі.

Мазмұны 886 (ӘӨИ)-бумада сақталған «Қанжығалы Бөгенбай батыр» жырымен бірдей.

11. Бөгенбай батыр (ӘӨИ, 1125-бума, 157-158 дөп.). Жыршысы белгісіз. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Көлемі – 9 бет. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Басы 157-дәптерде, соны 158-дәптерде жалғасқан.

Бөгенбай Шынар деген қалмақ ханының басын кеседі. Артынан Қаранай атты тоғыз жасар ұлы қалады. Қаранай ержетіп, қасына он тоғыз мың қол алып Бөгенбайдан кегімді аламын деп аттанады. Бөгенбай бұған түс көріп, түсінен шошып оянып Сарыбайға хабар салып, елді көтереді. Қазақ пен қалмақтың Қаранай батыры соғысады. Ол Бөгенбайды тірі берсеңдер, мен сендермен жауласпаймын, болмаса жоғалтамын түгел қырып деп қорқытады. Сонда Сарыбай тұрып қазақ соғыстан қашпайды, қорыққаннан саған кісі ұстап бере алмаймыз. Біз сенімен соғысамыз. Әуелі жекпе-жекке шығайық дейді. Қаранайға қарсы Тұманбек жекпе-жекке шығады.

12. Қанжығалы Бөгенбай батыр (ӘӨИ, 886-бума, 7-дәптер). Жыршысы белгісіз. Қорға тапсырған – Әбішов Ғапур. Дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан. Еуропа цифрымен беттелген. Қолжазбаның тозығы жетіп, түптеген жері ажыраған, сыртын тыстаған ақ қағаз жыртылған. 1, 2, 3, 161-беттер жыртылған. 1-2 беттің орны алмасып кеткен. 159-160-беттер түптеуінен ажыраған.

«Бөгенбай батыр» тарихи жырдың бұл нұсқасы жоңғар шапқыншылығы кезінде Абылай ханның сарбаздарын басқарған қанжығалы қарт Бөгенбай мен оның аталас туыстарының ерлік жорықтары баяндалады. «Бөгенбай батыр» жырдың композициясы, сюжеттік желісі классикалық жырларға ұқсамайды. Басқаша айтқанда, мұнда негізгі оқиғаға мән беріледі. Негізінен ел азаттығы жолындағы іс-әрекеттері айтылады. Оқиға қалай болса, сюжеттік желі де солай болады. Қалыптасып тұрақтанған сюжет жоқ. Оқиға өмірдің өзінен туындайды.

Батыр өмірі мен оның жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста көрсеткен ерлігін дәріптейтін бұл шығармаларды мазмұнына қарай екі тақырыпқа бөліп қарастыруға болады. Мысалы, керекулік Бозтай Жақыпбаев (Баянауыл), Т.Ерғалиевтер жинаған жыр нұсқаларында (ОҒК, ҚК: Ш.517, Ш.326) Бөгенбай батырдың жастық шағындағы және Абылай хан тұсында қалмақтармен арада өткізген жорық – жортуылдары мен ерліктері жырланады. Ал Мұқаш Байбатыров (жыршысы – өзі), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құсайын Мүсапірұлы жинаған варианттарда (ӘӨИ, ҚК: Ш.356; ОҒК, ҚК: Ш.1176; ӘӨИ, ҚК: Ш.692) Бөгенбайдың қартайып, жортуылды қойған шағы мен оның туыстарының, немере інілерінің әр алуан іс-әрекет, ерліктері бейнеленген [1].

«Бөгенбай батыр» жыры туралы С.Аманжолов «...бұл сияқты жатқа алынған сөздер қазақ елінде орасан көп. Мұның түрі де, саласы да аз емес. Бірақ олар әлі күнге зерттеліп, белгілі жолға қойылған жоқ. Зерттелу былай тұрсын, осы жылға дейін ескі халық әдебиетін құнттап ізіне түсу, жинау ісі де жөнді қолға алынбаған еді. Төңкеріске дейін бұл жұмысты бірен саран шығыс елдерін зерттеушілер ғана есіне алды. Бірақ олар оқта текте кездескенін жинап, халық ішіндегі көп байлыққа қол сұға алған жоқ. Төңкерістен соң, 1924 жылы бір рет, 1932-1933 жылдары бір рет Қазақстан Халық ағарту комиссариаты бұл мәселе жөнінде аздап желпініс жасады. Бірсыпыра азаматтар жинаған азды көпті сөздері осы екі кезеңде жиналып қалды. Бірақ мұнымен де өткен біткен жұмыс жоқ. Өйткені ел әдебиетінің ұшы қиыры жоқ көптігі барған сайын байқалып, айқындалып отыр» – дейді [2, 123].

Қазақта «Батыр бір оқтық» деген нақыл жиі айтылады. Анығында да самсаған қалың қолы, семсерлі өкшелес жол жалғатырарлары болмаған күнде бір Абылайдың да, бір Олжабайдың да, бір Ағыбайдың да жайы шамалы шығар еді. Бөгенбайдың қалған тірлігі батыр ұлан бауырларына жалғасуында. Бұл батырлық ел шауып, ауыл талап, бейбіт жұртты қанға бояп, алабөтен сойқан содырлық жасауда емес, бірлік құрып, бас біріктіріп ағайын, орта тірлігін тұтастыра ұстауда. Бөгенбай батыр туралы осындай қасиеттерді қолда бар жыр-дастандардың бәрінен де кездестіріп отырамыз [2, 118].

«Бөгенбай батыр» туралы жырды ең алғашқы нұсқасын қазақтың көрнекті ғалымы С.Аманжолов 1936 жылы Алматыда үлкен кітап қылып жарыққа шығарады. С.Аманжолов жырға жазған алғы сөзінде: «Құсайын «Бөгенбайды» екі түрлі күймен құбылтып, қызықты етіп айтады. Оның әнін ерекше жазу керек... Әңгіменің қызықтығы, сөзінің тазалығы, өлеңнің кестелігі біз көріп жүрген өлең-жырлардың көбінен артық. Бұлай бүтін, дұрыс өлең сақтай білу Құсайынның артықша адам екенін көрсетеді» [3] – деп жазады.

1991 жылы Павлодар облысы, Ертіс ауданына қарасты «Ертіс нұры» газеті, 24-сәуір, 9-10 мамырдағы санына [4, 157], «Семей таңы» газетінің 5,26 қаңтар, 9 ақпан айларындағы сандарында, және Сәрсенбі Дәуітұлы құрастыруымен 1993 жылы Алматы қаласы, «Жалын» баспасынан шыққан «Алмас қылыш» атты кітапта [5,41] жарияланған.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көрген «Бабалар сөзі» сериясының 58-томында жоғарыда көрсетілген он екі жырдың «Бөгенбай батыр» (ӘӨИ: 886) және «Бөгенбай батырдың бірінші жорығы» (Молдажан Жадайұлының нұсқасы) жарияланды. Түпнұсқа негізінде әзірлеп, баспаға дайындап, ғылыми түсініктемелерін жазған – филология ғылымдарының кандидаттары Қ.Алпысбаева мен А.Әлібекұлы. Қорыта айтқанда, «Бөгенбай батыр» жыры халқымыздың рухани тірегіне, дүниетанымдық тұғырына айналған бұл жыр әлі де зерттеуді қажет етеді. «Бөгенбай батыр» жыры – мәңгі өшпес рухы ұзақ күткен тәуелсіздігімізді баянды етуге, елрған бетімізден адаспауға жол ашатын жыр.

#### **Әдебиеттер**

1 Бабалар сөзі. – Т.29. – Астана, 2006.

2 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979.

3 Бөгенбай батыр. Құраст: С.Аманжолов. – Алматы: Қазкөркембас, 1935.

4 ӘӨИ: 1125-бума, 157, 158-дәптер. Бөгенбай батыр.

5 Алмас қылыш: Батырлар жыры (құраст. С.Дәуітұлы) – Алматы: Жалын, 1993. – Б.41-155.

## ТҮРКІ ДҮНИЕСІНЕ ОРТАҚ РУХАНИ МҰРАЛАР – ҒҰМЫР НӘРІНІҢ БҰЛАҒЫ

ӨМІРБАЕВА К.О.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, п.ғ.к.  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Ғылыми мақалада әдебиетті, өнерді, тіл байлығымызды, адамның шығармашылық, көркемдік, эстетикалық талғамдарын қалыптастырып дамытатын рухани мұрамызды оқып игеру, қалыптастыру және дамыту мәселелері туралы айтылады.

**Түйінді сөздер:** рухани мұра, түркі әлемі, әлеуметтік қоғам, әлемдік өркениет, салт-дәстүр, оқып үйрену, қалыптасу, рухани даму.

**Ключевые слова:** духовное наследие, мир турков, социальное общество, мировая цивилизация, обычаи традиции, учение и усвоение, формирование, духовное развитие.

**Key words:** Intellectual heritage, social society, turks world, world civilization, customs and traditions, doctrine and mastering, formation, intellectual development.

**Аннотация.** В научной статье рассматриваются проблемы развития формирования и усвоения научного наследия, которая охватывает литературу, искусство, языковое богатство отражающие творческие, художественные, эстетические качества человека

**Annotation.** In scientific article the problems of development, formation and mastering of scientific heritage are considered which covers literature, art, language treasure reflecting creative, art, aesthetic qualities of the person.

Мыңдаған жылдық тарихы бар түркі дүниесіне ортақ рухани мұралар қазақ халқымен бірге қалыптасып, дамып келеді. Халық даналығы, оның өткір тілі, тамаша өнері ұзақ жылдардан бері сұрыпталып жинақталған асыл қазына. Рухани мұралар мен мәдениетіміз – халықтың рухани игілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, таным-сенімі, халықтың біліктілігі, ғұмыр нәрінің бұлағы.

Рухани мұра әдебиетті, өнерді, тіл байлығымызды, адамның шығармашылық, көркемдік, эстетикалық талғамдарын қалыптастырып дамытатын рухани өмірдің барлық салаларын қамтиды. Түркі дүниесіне ортақ мұраларымыз түркі халықтарының өнімді өзегі, құрамдас бөлігі, маңызды саласы. Сондықтан оны игеру, өз алдына ғылым ретінде танып, оқып үйрену «Мен қазақпын» дейтін әрбір адамның азаматтық парызы, қасиетті борышы, тұрмыс тіршілігінің таусылмас талабы, қажеттілігі [1,117].

Қазақ халқы – этногенез жағынан алғанда, үш мың жылдан аса тарихы мен мәдениеті бар халық. Біз тарихқа VI ғасырда «түркі» деген атпен енген осы түркі халықтары мәдениетінің мұрагеріміз. Орта ғасырдағы түркілер елі, түркі жұрты X- XIV ғасырларда өзінің бай жазба тарихын жасады. Бүгінгі күні еліміз тәуелсіздік алып, ертеңіне сеніммен қол созған шақта түркі дүниесіне ортақ рухани мұраларды тануға талпынған халқымыздың талабын қанағаттандыру, оны білгісі келген адамға көмектесу, өз елін, жерін, халқын сүйген әрбір зерделі адамның борышы.

XI – XII ғасырда түркі тілі дәрежесіне жете алмай, ол тілді бірте-бірте араб графикасы жене бастады.

IX ғасырда өмір сүрген Әл-Фараби өз еңбектерін араб тілінде, араб әрпімен жазды. Араб тілі ғылым тіліне айналды. Әл-Фараби шығармалары бүкіл дүние жүзіне белгілі. Кемеңгер ғалымның «Қайырымды істер қаласының тұрғындары туралы толғаныс», «Мемлекет қайраткерлерінің мақал-мәтелдері» сияқты еңбектері қоғамдық-әлеуметтік ой тарихында елеулі із қалдырған туындылар. Әл-Фараби Аристотельдің «Метафизикасына» түсініктемелер жазып, халық игілігіне айналдырған. Ал оның өз кезінде дүниенің шартарабына жайылған «Даналық жауһарлары» атты философиялық толғанысы тұтас мыңдаған жылдар бойына Шығыс жоғары оқу орындарында қолдан түспейтін оқулық кітап болған. [2.183]

Әлемнің оқымыстылар қауымы Әл-Фарабиді адамзат ой-санасының теңдесі жоқ алыбы ретінде қастерлеп, қатты құрметтейді. Фарабиден екі ғасыр кейін өмір сүрген ғұламалар – Махмуд Қашқари мен Жүсіп Баласағұни өз шығармаларын араб әрпімен түркі тілінде жазған. Жүсіп Баласағұнидің XI ғасырда түркі тілінде жазылған «Құдатғу білігі» («Құтты білік») еңбегі дүниетану тақырыбындағы құнды, мәнді шығарма. Ол дастанның «Тіл туралы» тарауында тіл туралы көп көрегендік өсиеттер қалдырған. Мысалы: Тіл адамның даңқын асырады. Адам ол арқылы бақыт табады. Тіл адамға жапа шектіре алады. Абайламаса, басынан да айырады. Тіл-арыстан, байқа, ол босағанда жатыр. Сөзге иланғыш, ей, әміршім, ол басыңды жұтып жүрмесін. Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа. Адам екі нәрсе арқылы қартаймайды. Біріншісі – қайырымды ісі. Екіншісі – мейірімге толы сөзі.

Жүсіптің тұстасы, замандасы Махмуд Қашқаридың «Дивани лұғат әт-түрік» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты еңбегінің маңызы зор. Ол 1072 жылы жазылған. Бізге түпнұсқасы жетпеген, жалғыз көшірмесі қолға тиіп, оны Б. Аталаи деген түркі білімпазы араб тілінен түркі тіліне аударған. Бұл шығарма түркі тілдерінің бәріне тән ортақ қазына. Махмуд Қашқари түркі халықтарына ортақ мәдени мұраны дамытуда, дәстүрі мен салт-санасын қалыптастыруда үлкен үлесін қосқан ұлылардың бірі. Ол түркі даласын аралап, ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігін, еңбегі мен кәсібін танытатын тамаша өлең – жырларды, бақсы сарындарын, бесік жырларын, той бастар, естірту, жоқтау сияқты салт-дәстүр үлгілерін жинақтаған.

XVIII ғасырда сыр бойында өмір сүрген атақты ақын, асқан күйші Қорқыт атаның түркі дүниесіне ортақ қалдырған мұрасы мол. Оның анасы-оғыз, әкесі-қыпшақ болған. Оның талай дау-жанжал, талас-тартыстарды шешкен уәзір болған кездеріндегі асыл сөздерінің өзі өмірлік қазына. Қорқыт ата дастаны-әдеби мұра.

Түркі тілдес халықтардың салт-дәстүрін, Шамандықтың наным-сенімдерін зерттеген Шоқан Уәлихановтың еңбегі бір төбе. Қазақ халқының ұлы ақын - ағартушылары Абай Құнанбаев пен Ыбырай



Алтынсариннің тәрбиелік мәнді шығармалары мен ақыл-парасатты өсиеттері, теңдесі жоқ еңбектері мәңгілік әлемдік өркениеттің биігінен көрініп келеді.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» еңбегінде қазақ халқының күйлеріне терең тоқталған. 1992 жылы көрнекті әдебиетші Ақселеу Сейдімбеков «Күй шежіресі» атты еңбегінде мәдени мұра саналатын қазақ халқының ұмытылып, жоғалып бара жатқан ескі күйлері туралы сыр шертеді [3.264]. Сөйтіп түркі мәдени мұрасы жастарды батырлыққа баулыған, шешендікке үйреткен, мал өсірудің жайын үйреткен, табиғат сырларын, адамгершілік қырларын білуге баулыған. Елін, жерін сүйіп, қорғауға дәріптеген. Қазақстан жерін мекендеген халықтар қазақ халқы өзінің көп ғасырлық тарихында, ерте заманнан күні бүгінге дейін адамзат қоғамның өсуіне әлемдік өркениеттің қанатының қатаюына, түркі дүниесіне ортақ мұралардың дамуына үздік үлес қосты, оларды өз сана-салтының игі істері мен нәрлі нәтижелерімен байытты. Осындай істерді дәріптеуде қазақ халқы арасынан талай ғұлама ғалымдар, ақыл-ойдың асқан алыптары шықты. Рухани мәдениеттің тууы, өмірге келуі, дамып сабақтастық тауып сақталуы, сонымен бірге жалпы халықтық сипат алуы, кеңінен таралуы қажеттіліктен туындайды.

Қорыта келе айтарымыз рухани мұраларды игеру, солардан қуат алып қазақ халқының мәдениетін жаңа белестерге көтеру, жақсылығын жарқыратып көрсету, оның игі дәстүрлерін өз бойына дарыту бүгінгі ұрпақтың биік мұраты, абзал да асқақ мақсаты.

#### **Әдебиеттер**

1. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы: Қаржы-қаражат, 2005-196 б.
2. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы-Алматы: Білім, 1996-272 б.
3. Әбсаттар Дербісәлиев. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: Рауан, 1995-234 б.

## **ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ**

**Пангереев Абат Шамұлы**  
**филология ғылымдарының докторы, профессор**  
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**  
**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Еңбекте халықтың рухани мұралары, даланың мегаобразы Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына орай жан-жақты ашып көрсетіледі.

**Аннотация.** В работе всесторонне раскрывается народное духовное наследие и мегаобраз степи, исходя из статьи Главы государства «Семь граней Великой степи».

**Annotation.** This article widely considers the people's spiritual heritage and image of steppe, concerning the article "Seven sides of Great Steppe" of the Head of State.

Елімізде іске асырылып жатқан игілікті істердің бірі – Рухани жаңғыру мәселесінің көтерілуі. Мемлекеттік құраушы әрбір ұлттың рухани бастаулары бар. Ол рухани дүниелер сол ұлттың тарихи санасымен тікелей байланысты. Ел болам деген халықтың, биік өркениетке қол жеткізем деген ұлттың бұл құндылықтардан қол үзулеріне болмайды. Ал, осы құндылықтар фольклор атты сан ғасырлар бойы жинақталған ұлттың шығармашылық өнерінде жан-жақты көрініс тапқан. Соншама бай фольклор үлгілерін табиғаттың өзі дарытқан халықтың поэтикалық зердесіне және ұлы дала төсінде өмір кешкен тұрмыс-салтына байланысты туындаған ерекшеліктер.

Ұлы дала деген сөз – қазақтың көсілген сайын даласын көз алдына әкелетін өте орынды айтылған сөз. Әр елдің өз мемлекеті жөнінде ұстанымы бар, біреулер «күн шығыс» елі, біреулер «аспан асты» елі деп өз-өзін ұлықтап жатады. Осы тұрғыдан келгенде қазақ еліне «Ұлы дала» деген атау қай жағынан алғанда да жарасады. Өйткені өткен ғасырларда негізінен көшпенді өмір салтын ұстанған халқымыз табиғатпен кіндіктес өмір сүріп, даланы кие тұтты. Оны өзінің асыраушысы жарылқап-жаратушысы деп білді.

Қазақ үшін даладан қасиетті ештеңе жоқ. Даланың өзені мен көлі, тауы мен тасы, төбесі мен жотасы, қыры мен қыраты, бастауы мен бұлағы, сайы мен саласы, қара жолы мен қасқа жолының бәрі қазақ баласының әрбірінің көңіліне ыстық, жүрегіне жылы тиеді. Себебі атамекен, туып өскен жеріне деген перзенттік махаббат атадан қалған мұра, қанмен берілетін қасиет.

«Сезім бар менің бойымда,  
Далаға сіңіп кеткендей,  
Жақынмын жердің баурына  
Жабысып жатқан шөптердей, –

деп Сағи Жиенбаев жырлағандай ісі қазақтың бәрі бірдей дала десе елітіп, дала десе арқасы қозып тұратыны сондықтан. Өйткені дала – қазақтың рухы.

«Туған дала кеудемді желпіндіріп,  
Бәрін өзің үйреттің ертіп жүріп.  
Кең болуға талпындым өзің құсап,  
Өр болуға талпындым еркін күліп» –  
дейді тағы да Сағи.

Қазақтың кеудесіне күмбірлеген күй орнатқан, жүрегіне жауһар жыр құйған, жан дүниесіне дархандық дарытқан осы дала. Сондықтан дала мен қазақтың кіндігі бір. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында даланы «Ұлы дала» деп атауы да сол себептен деп білеміз. Ал, осы Ұлы даланың ешкім таласа алмайтын, ешкім еншілеп кете алмайтын, жеті қыры қазіргі еліміздің әл-ауқаты артқан, экономикасы алға басқан кезеңінде теңдессіз рухани мұра ретінде республикамыздың жарқын бейнесін әлемге паш ете алатындығы даусыз. Оның үстіне жеті деген санның өзі қазақ үшін киелі мағына береді. Енді осы жеті саланы тарқатып айтар болсақ алдымен жылқыны, атқа міну мәдениетінің аталғаны дұрыс, ойға қонымды. Өйткені Ұлы даланы танып білуде, кеңістікті игеруде жылқының маңызы зор. Бабаларымыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен осы ұланғайыр территорияны бізге мирас етіп қалдыруы тек жылқының күші арқылы жүзеге асты. Қазақ ат үстінде болғанда ғана айбары күшейіп, қаһары артқан. Ат қазаққа қуат берген, қанат бітірген. Ал аттан түскенде қазақ осының бәрінен айырылып қалғандай күй кешкен. Сондықтан ат тек көлік емес, серік міндетін де атқарған. Аттың осындай қасиеттерін әспеттеген халық өзінің шығармашылық өнерінде атты аспанға да ұшырып ер қанаты санаған, жер астына түсіріп батырдың айнымас дос-серігі санатында есептеген. Эпостық батырлардың өздеріне лайық ат іздеп тауып, баптап, жанжолдас етіп алғанындай, ХҮІІІ-ХІХ ғасырдың батырлары да ержете бастағанда өзінің талабынан шығатын ат тапқанша көңілдері көншімеген. Әлбетте, батырдың жас шағынан, құлын кезінен таңдап мінген жылқысына, жас балаға ат қойғандай есім беріледі. Аттың есімі ең бірінші түсіне, одан соң мінезіне, жылдамдығына, жүйріктігіне қарап қойлады. Түркі халықтарындағы жылқы киесін зерттеген С.П.Нестеров: «Аттың есімі оның өзіндік «паспорты» болып табылады, иесі мен атының арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді. Иесі үшін жылқы еңбек құралы емес, бүкіл көшпенділік өмірдің тауқыметін бірге көтеретін жан серігі, досы. Батыр мен жылқының арасындағы бауырластық, достық эпостарда айқын бейнеленген» [1.37]. Сонымен бірге жаугершіліктен бөлек қарапайым тұрмыста, шаруашылықта, сейіл құруда, өнер додасында жылқының рөлі ерекше.

«Атың барда жер таны желіп жүріп,

Асың барда ел таны беріп жүріп,—

деп ұйғарым жасаған халықтың аттың қадірін айрықша білгені осыдан көрінеді. Атты күту, баптау, жарату ісіне біздің халық ерекше көңіл бөлген. Сонымен бірге ер тұрман, ат әбзелдерін адамға да жылқыға да оңтайлы қылып жасау, оларды атқаратын қызметіне, бедер-кескініне қарай атау біржағынан халықтың ұсталық, зергерлік шеберлігін көрсетсе, екінші жағынан эстетикалық талғамын, зердесін танытады. Темірден жасалынатын осы ат әбзелдерінің өзі-ақ қазақ даласында ежелден бері металл қорытылғандығын айғақтайды. Бұл өркениеттің белгісі. Осы жөнінде көрсетілген Елбасының мақаласында «Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді» деп атап көрсетілген.

Белгілі бір зат болмаса оның атауы да болмайтыны аян. Ал, металл атаулары, металдан жасалған бұйымдар бағзы замандардан бері халықтың сөз қолданысында ұшырасып отырады. Ондай атаулар халық ауыз әдебиетінде, эпостық жырларда кезігуімен қатар біздің халқымыздың биік мәдениеті, озық өркениеті болғандығының айқын дәлелі, рухани паспорты болып табылатын Орхон-Енисей өзендерінің бойынан табылған тасқа бәдізделіп жазылған алғашқы жазба мұрамыздың мәтіндерінде де айтылады. Мәселен Күлтегін жазба ескерткіш тасында темір, темір қақпа, алтын, күміс деген атаулар бірнеше рет кездеседі. Осылайша металл өндіру, оны пайдалану тарихы көне замандардан бастау алатынына көз жеткіземіз. Сонымен бірге металл өндеудің тарихы қару-жарақпен де тікелей қатысты.

Міне, осылайша адамзаттың ішінде жылқыны алғаш қолға үйреткен, металл қорытып, қылыш соққан, найзаны темірмен ұштаған жауынгер түркі жұрты қалай пайда болды, тарих аренасына қашан шықты десек зерттеушілердің бүкіл ой аңғары Алтайға ауатыны белгілі. Бұл тұрғыда барлық зерттеулерді сүзбей-ақ Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» атты еңбегіндегі: «Қалай деген күнде де Түрік қағанаты (552-734жж) Алтайда туған ұлыс типіндегі бірлестік болған еді. Жазуда ашина тайпасы анық түрік делінген. Қағанат тарихы Орхон жазуларында сақталған»[1.258],-деп берілетін бір ғана абзацқа назар аударсақ та жеткілікті деп ойлаймыз. Ә.Қоңыратбаев сонымен бірге Орхон түріктерінің географиялық ұғымдары кең болған деп [1.256] оның ішінде Отукенді атайды. Бұл жер Орхон жазбаларында «Өтүкен-иыж түрінде таңбаланған. Жазба сюжетіне қарағанда Күлтегін бабалар жаугершіліктен дамыл алу үшін осы жерді тұрақты мекен еткен секілді. Күлтегіннің кіші жазуында: «Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді, бірақ ел тұратын жер осы Өтүкен қойнауы еді. Осы жерде отырып, табғаш халқымен тағдырластым. Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, қазынасы асыл еді» [2.28] – деп жазылғанына қарағанда түркілердің мекендеп, өсіп-өнген жері осы Өтүкен қойнауы болса керек. «Отукен қойнауында отырсаң, мәңгі елдігінді сақтайсың» [2.29] деген сүбелі ойды да осы жазбадан оқи аламыз. Бұл туралы өз еңбегінде Құдайберген Жұбанов та атап өтеді. Ғалымдар жалпы адамзаттың пайда болған жері Атлантида деп долбар жасаса, түркі жұртының отаны Алтай тауы, Өтүкен қойнауы екендігі осылайша анықтық табады. Міне осы мәселе Елбасы мақаласында «Түркі әлемінің бесігі» деп Ұлы даланың жеті қырының бірі ретінде пайымдалған. Мақалада «Ұлы жібек жолы» туралы, оның бұрынғы және қазіргі маңызы туралы, бұл жолдың экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізетіндігі туралы өте жақсы айтылған. Тарихқа көз салсақ керуен жолдарымен тек товарлар ғана емес, рухани құндылықтар да бірге келген. Ертегі, аңыз, нешеме түрлі қызғылықты сюжеттер, ән, жырлар керуенмен ілесіп бізге де келген, ал өз кезегінде біздің халықтың шығармашылық өнер түрлері керуенге еріп сырт елдерге тараған. Қазақ даласында орын тепкен жәрмеңкелер тек сауда - саттықтың ортасы емес, өнер ордасына да айналған. Ақтөбелік ғалым Беркін

Құрманбеков кітап болып шыққан «Ойыл жәрмеңкесі», «Темір жәрмеңкесі» атты зерттеу еңбектерінде жәрмеңкелердің сауда айналымы мен бірге өнер ордасы болғандығын, осы жәрмеңкелерде кердері Әбубәкір, кете Шернияз, Мұрат Мөңкеұлы, Нұрпейіс Байғаниндердің жыр толғағанын, Қазанғап, Төреш, Мөңкелердің күй төккенін, Мұхит, Қызыл, Молдабайлардың ән озырғанын жазған. Бұның бәрі кезінде өмірде болған, қазір тарихқа айналған дүниелер.

Өткен тарихты айтпай өркениет жоқ екені белгілі. Тамырсыз ағаш болмайтыны секілді тарихсыз мемлекет болмайды. Сондықтан өткенді білу, бүгінгіні бағалау, болашақты жоспарлауды мақсат еткен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаланың маңызы аса жоғары. «Алдымен экономика, содан кейін саясат» деп ел Президентінің өзі атап көрсеткендей қазіргі кезде Қазақстан экономикасы қарыштап дамыған, әлем таныған, тұрақты саясат ұстанған іргелі мемлекеттердің бірінен саналады. Ендігі кезекте құстың қос қанаты секілді материалдық құндылықпен қатар рухани құндылықтарды қатар дамыту мәселесінің көтерілуі көңіл қуантады. Бұл екеуі де ел игілігі үшін жасалынатын шаруалар. Бұл алғыр қадамдар бүгін ғана басталған жоқ бұдан бұрынғы мәдени мұра, күні кешегі рухани жаңғыру бағдарламаларының ізін басып туған игілікті қадам. Осылайша кезең-кезеңімен жалғасып жасалынып келе жатырған еліміздің тарихында алтын әріппен жазылатын бұл іргелі мәселелердің шешімін табуы үшін Елбасы бірнеше ірі жобаларды ұсынып отыр. Осы жобалардың ішінде фольклорист ретінде «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасына тоқталсам деймін.

Біздің халық тумысынан ақын халық. Табиғат аясында, оның төл баласындай өмір кешкен халыққа сол табиғаттың өзі поэтикалық зерде сыйлағандай. Осы поэтикалық зерденің қадым замандардан бері айтылып келе жатырған халықтың шығармашылық өнерін ауыздан-ауызға таратып, кейінгі ұрпаққа жалғаудағы қызметі орасан. Өткен өмірімізді сөйлетуге халықтың бай фольклорлық мұрасының мүмкіндігі мол. Себебі фольклор халықтың өмірінің айнасы, тарихи кезеңдерде болып өткен сан қилы оқиғалардың, түрлі әрекет-қимылдардың айғағы, сондықтан фольклор туындыларында ел басынан өткен өмір көшінің суреттері көрініс беріп жатады. Халықтың күн көрісі, өмір тіршілігі, арман-мұраттары, ырым-жоралғылары, салты, дәстүрі, этнографиясы, ұлттық психологиясы бәрі, бәрі осы фольклордан табылады. Сондықтан да фольклор ұшы-қиыры жоқ халықтың рухани эстетикалық қоры. Халықтың асқақ рухы да осы фольклорда. Кешегі ұлы Отан соғысы кезінде кеңес үкіметінің жауынгерлерге рух беру үшін соның алдында ғана бастыруға тиым салған Батырлар жырын қайта бастырып баспадан шығаруы осының айғағы. Айта берсек фольклор үлгілерінің өмір танытар қырлары көптеп табыла береді. Өйткені қазақтың фольклорлық мұрасы өте бай. Академик Сейіт Қасқабасовтың басшылық жасауымен Мәдени мұра бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» атты жүз томдықтың жарық көруі соның куәсі. Дегенмен жиналмай, зерттелмей жатқан фольклор үлгілері әлі көп. Оны қазір жинап баспаға ұсынбасақ жыл өткен сайын ауызша таралған фольклорлық мұраларды жинау қиынға түсетіні белгілі. Сонымен қатар қолжазба күйінде сақталған, жекелеген жидашы адамдар мен ғалымдардың жеке архивтерінде жатқан әдеби мұралар да көптеп саналатыны белгілі. Оларға «жан бітіріп», жиып, жүйелеп, бастырып шығару алдағы жоспарлы істердің бірі болуы тиіс. Осы ретте Елбасының мақалада: «Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс», – деп жазуы барынша қолдайтын ұсыныс.

Бізде халық ауыз әдебиетімен қатар музыкалық фольклор үлгілері де мол. Ақтөбе өңіріне қатысты қылып айтатын болсақ халық өнерпаздарының әндерін жинап жүрген жекелеген тұлғалар бар. Мәселен, Қызыл Тұрдығұлұлының әндерін Нұрлан Жұмағалиев, Нұрлыбек Қалауов, Молдабайдың әндерін Еркін Құрманбеков жинап, зерттеп кітап етіп шығарды. Енді бұл мәселені тереңдетіп зерттеп көне сарындарды іздеу міндеті қойылып отыр. Ол оңай шаруа емес. Мысалы қобыздың көне сарынын табу үшін оны шамандықпен қоса зерттеу керек. Осындай зерттеулер жүргізу үшін ғылыми экспедиция ұйымдастырылуы қажет. Бұл жағынан алғанда Ақтөбе облысы тың жатқан аймақ. Себебі бұрын-соңды бұл өлкеде арнайы фольклорлық экспедиция жүргізілген жоқ. Ал оның есесіне археологиялық экспедициялар жақсы жүргізілді деп айтуға болады. Соның негізінде Асанқайғының баласы деп саналатын Абат-Байтақ кесенесі, Қобыландының бейіті, Әбілхайыр хан жерленген Хан моласы зерттелді. Бірақ олар туралы аңыздар, әпсаналар, фольклорлық әңгімелер, жер-су атаулары түгел зерттелген жоқ. Осы тұрғыда тарихи да, практикалық та мәні зор «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» аталатын жобаны жүргізу күн тәртібіне қойылуы тиіс. Бұл жобаны жүргізуге осы өңірдегі ғылым мен білімнің қара шаңырағы болып табылатын жергілікті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің бұл сала бойынша білікті мамандары, ғылым докторлары бар ұжымы бастаушы бола алады. Ұлы даланың рухани мұраларын зерттеп, халыққа танытуға бұрын зердесі жетсе де, аяғы жетпейтін, пәрмені келмейтін фольклортанушыларға бұл игілікті іспен айналысатын күн енді туды деп ойлаймын.

#### **Әдебиеттер**

1. Нестеров С.П. Конь в культурах тюркоязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековья. – Новосибирск: Наука, 1990. – 362 с.
2. Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология». – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
3. Ертедегі әдебиет нұсқалары. – Алматы: Мектеп, 1967. – 207 б.

## СІБІРДІҢ АҢЫЗ АРУЫ – СҮЗГЕ ХАНЫМ

Рахимова Алтынай Рахымқызы  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада Сібір ханы Көшім ханның Еділ бойынан айттырып алған әйелі Сүзге ханымның ерлігі мен өрлігі һәм қайраткерлік тұлғасы сөз болады.

**Аннотация.** В статье говорится о подвиге и мужестве жены Сибирского хана Кошима госпоже Сузге, родом из берегов Волга, которая стала его названной женой.

**Annotation.** The article speaks about the heroism and courage of the wives of the Siberian Khan Cosima Mrs. Suzge, a native of the banks of the Volga river, which was called his wife.

**Тірек сөздері:** казах ханымдары, ержүрек ару, хандық, Көшім хан, Сүзге сұлу

**Ключевые слова:** казахские дамы, отважная леди, ханство, хан Кучум, Сузге ханым

**Key words:** kazakh lady, brave lady, khanate, khan, Kushum, Suzge khanum

*«Жауынан асқан айласы,  
Жаныңнан қымбат Әз басы.  
Ерлігін айтсам Сүзгенің,  
Аттиллаға сіңілі -  
Томиристердің жалғасы.  
Әйел боп туды демесең,  
Бір өзі дара қолбасы»*

Ербол Бейілхан: «Көшім хан – Сүзге» (поэма)

Сібірдің аңыз аруы Сүзге – XVI ғасырда өмір сүрген Сібір ханы Көшімнің соңғы әйелі. Сібірге іргелес казах байы – Сүйіндіктің қызы. Сүзге XVI ғасырдан бүгінге аңыз болып жеткен есім. Профессор Бейсембай Кенжебайұлының: «Орыстың XIX ғасырда жасаған тобольдық жазушысы, атақты «Конек-Горбунек» деген поэманың авторы, П.П.Ершов баяғы Сібір ханы Көшімнің әйелі Сүзге туралы поэма жазған екен. Сүзге ақылды, сұлу болыпты, ақын соны дәріптепті» [1, 35]– деп жазыпты күнделігіне.

Енді Көшім хан және әйелі Сүзгеге тоқталсақ,

*Дидары айдан әрі асып,  
Шұғыла таңмен таласып.  
Ақылмен елді билепті,  
Көшім мен Сүзге жарасып.  
Сүзгедегі бұл мінез,  
Дәстүрлі болып бағзыдан,  
Ақжүністерден жалғасып.  
Қыз Жібек пен Баяннан,  
Сүзгеге жеткен алмасып.*

Ғалым Мұрат Абдиров Көшім 9 әйелінен 17 ұл және көп қыздар көреді, ең үлкен әйелі Күлзипа, соңғысы Сүзге екен деп санайды. Көп әйелдерінің ішіндегі сүйкімді, сүйікті жары Сүзге сұлу еді. Ербол Бейілхан оны былайша суреттейді:

*Қазақтан екен ханымы,  
Терең болыпты танымы.  
Талайға үлгі болыпты,  
Күлзипа бәйбіше сабыры.  
Талай ақынға жыр бопты,  
Сүзгенің ерлік жалыны[3].*

Хан сарайындағы ақындар мен әншілер Сүзгенің ақылдылығын, сұлулығын, адамгершілігін, батылдығын, ерлігі мен өрлігін жоғары бағалап «*Красотой с которой могла спорить лишь утренняя звезда Шолпан*», немесе,

*Но на всей земле сибирской,  
Нет прекраснее Сузгуна, – деп те әнге қосқан.  
Адал жар болды айтулы,  
Сүзгедей сүйген қосағын.  
Ақылды қазақ қызы деп,  
Сүзгеге арнап хан Көшім,  
«Сүзге-тура» деп ат беріп,  
Жеке қалашық жасадың[3].*

Сібір тарихында Сүзгеге арналған қала салынған. Сүзге сұлуға салынған сексен сатылы сегіз сарайға солқылдақ көпірлер әкелетін Қарауыл - биіктен дарияның көзге түспейтін жері жоқ. Қамалдың астынан дария қайықпен шығатын таспен көмкерілген үңгір салынған. Қарауылдан төмен қарай баспалдақпен түсетін

сарбаздар қайықпен үш жаққа шыға алады. Қамал тұрған түбектің сырты орман айналдыра қоршалған өткелдерде садақшы сарбаздар тұрады екен деп суреттеледі.

*Аңызға толы ерлігі,  
Айтатын соны келді күн.  
Халқынның жоқтап теңдігін,  
Көрсеттің қазақ өрлігін [3].*

Сібір жылнамаларында 1582 жылы орыс әскерлері казактардың күшімен Сібір астанасы Искерді алып, Сүзге - Тұра қалашығын қоршайды. Сүзге басшылық еткен қала қорғанын Иван Гроза басқарған казактар ала алмай, 21 күндей соғысады. Кейіннен садақтың оғымен келген құпия хат арқылы Сібір әскерінің бас қолбасшысы болған Мұхаммедкүл жараланып, тұтқынға түскенін, Көшім ханның шегінгенін естіген Сүзге еріксіз шешімін өзгертіп, қараша халық қамалдан аман шығып кетсе, атаман Грозаға тірілей берілетінін білдіреді. Қала халқы мен байлығын аман құтқарған Сүзге арын да жанын да таптатапайды. Атаман Гроза қамал босағаннан кейін, бос қамалға еніп, тек ағаш түбіне сүйеніп, өзіне өзі қанжар салған Сүзгенің денесіне тап болады. Сүзгенің адуындылығы мен қайтпас қайсар мінезі міне осы тұстан көрінеді. Оны Ербол Бейілхан өзінің «Көшім хан - Сүзге» поэмасында:

*Құтқарып барлық халықты,  
Сарайда Сүзге қалыпты.  
Тәнімді кәпір сипар деп,  
Биік ағаштың түбінде,  
Иван Гроза жеткенше  
Өзіне қанжар салыпты.  
Текті боп туған қайран қыз  
Тектілік солай танытты.  
Қазақтың барлық батыры  
Ерлігін естіп Сүзгенің*

*Есінен танып қалыпты, —[3]* деп толғайды. Сүзгенің бұл ерлігі мен өрлігіне риза болған орыс әскерлері Сүзгені салтанатпен жерлейді. Қамалын артынан өртеп жібереді. Сүзгенің ерлігі бүкіл Сібірге, Ресейге, Қазақстанға тарап, Сүзгенің еліне, Көшім ханға деген адалдығы, даналықпен өрілген өрлігі аңызға айналды.

Сүзге сұлу Баян сұлу, Қыз-Жібек, Ақжүністердің қасиеттері және Гауһар, Құртқа, Бопайлардың көркі мен мінезі қоса біткен Томиристердің жалғасы. Сүзге - ұлттық сананың айнасы, ұлт символы.

«Сүзге – символ нации» - деп ақындар бекер айтпаса керек. Бодау, Байжігіт, П.Ершов «Сүзге» атты дастан жазды. 1899 жылы «Сүзге драмасы» Тобыл театрында қойылған. 1922 жылы Тобыл губерниясы Уәйс ақынның «Сүзгесін» тыңдады. Бодау жырау (1805-1922) «Сүзге ханымды» П.Ершовтан бұрын жырлаған. «Сүзгені» А.Сорокин, П.Васильев өлеңдеріне қосқан. 1896 жылы композитор И.Корнилов «Сүзге» атты музыкалық пьеса жазды. Бодау Күлзипа мен Сүзгені өзінше жырлады. Байжігіт күйшінің Сүзге атты күйі болған. Қойлыбай Бекназарұлы Сүзге биін қайықта билетті. «Су перісі», «Сүзге сұлу», «Сүзге ханым» аркада ертеке айналған. Құнанбай қажы «Сүзге ханым» дастанын сүйіп тыңдаған. Шоқан Нарқызды Сүзгеге теңеген. Атаман Қожық, Сүзгенің ұлымын десе, ал, Шоқан Нарқыз Қожықтың жалғыз батыр қызы еді деген. П.Ершовтың «Сүзгесін» Ө.Ахметов қазақ тіліне аударды. Қадыр Әлімқұлов пен Мәди Қайыңбаевтың оқырмандар назарына «Сүзге сұлу» атты тарихи драмасы ұсынылды.

Бүгінгі күні жаңаша жазылған осындай көрнекті тарихи шығарма – «Көшім хан — Сүзге» поэмасы. Тарихы Көшім-Сүзге оқиғасын орыстың ақыны Петр Ершовтың «Сүзге» поэмасын арқау еткен. Авторы – қазіргі заман әдебиетіндегі белгілі ақын — Ербол Бейілхан. Ол Сүзгені:

*Мың жылға жетер даңқың бар,*

*Зарина мен Тұмардай, [3]* —деп тамсана жырлайды. Бұл қызық сюжетке көңілі ауған сазгер И.И. Корнилов болса, 1896 жылы «Сүзге» операсын жазған болатын. Төл әдебиетімізде жазушы Шәрбану Бейсенова бұл тақырыпта өзінің «Сүзгенің соңғы күндері» прозалық шығармасын жазғаны да белгілі. Осы шығармалардың тууына негіз болған – Сүзгенің сұлулығы, қайсарлығы һәм адалдығы.

Сүзгенің Көшім ханның ең соңғы әйелі бола тұра, көп әйелдің бірі ғана болмай, Ұлы далаға ерен еңбек сіңіріп, хан жары хандық қоғамнан ойып тұрып орын алды. Қазақ Ордасы мен Сібір арасын жалғаған ұлағатты ана десек те болғандай. Бір қарағанда трагедиялық тұлға болғанымен, Сүзге табиғатына үңіле отырып оның ақылға құрылған ақық өлімі, жеке өз басын күйттемей, өзіне сенген кіші орданың қараша халқын қоршаған жаудан құтқарып, құтқару жолында айланып асырып, жанын тонатпай, тәнін қорлатпай, өзін солар үшін құрбан етуі – қасіретті өлімін қасиетті өр рухты өлімге айырбастап даңққа бөледі. Сүзге ханымның өр тағдыры, ерлік өлімі, оның айналасындағы қарашасын қиын-қыстау сәтте тастай қашпай, солардың жолында құрбан болуы – Сүзгенің қадірін соншалықты асқақтаты.

Әдебиет зерттеушісі Құлбек Ергөбек: «Сүзгенің сұлулығы аңыз. Сүзгенің ақыл–парасаты аңыз. Ал, қысқа ғана өмірі толы мұң. Мұң болғанда да еңсені езетін басылық мұң емес, оптимистік рухқа толы, кісіні қанаттандырар тәтті мұң. Мұң әдетте кермек татыса керек-ті. Ал Сүзге мұңының жөн-жосығы бөлек. Керек десеңіз, Сүзгенің мұңы өзгенің (Айталық бәйбішелердің) бақытына бергісіз. Өйткені, ол парасатты адамның мұңы. Аяулы арудың мұңы біртүрлі ақылды мұң» [4, 571] – деп бағалайды.

Қорыта келгенде, Сүзге – өзін құрбан ете жүріп хандық қоғамдағы ханшайымның алар орнын асқақ биікке көтерген тұлға. Сүзге – «Қазақ қызының» үлгісі. Сүзге – сұлулықтың символы! Сүзге – асқан парасаттылықтың эталоны.

#### Әдебиеттер

1. Б.Кенжебайұлы. Күнделіктер. 1-ші дәптер, 35-бет.
2. «Түркістан» газеті /10 тамыз, 2010.
3. Әдебиет порталы/ Ербол Бейілхан: Көшім хан - Сүзге (поэма).
4. Құлбек Ергөбек / Қарасөз Қазақ прозасы туралы ойлар /«Ел-шежіре» ҚҚ., 2013, 571 б.

## ТІЛ МЕН ЖАЗУ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада латын графикасы мен қазақ тілі емлесінің ережелері туралы баяндалған.

**Тірек сөздер:** Латын, әріп, дыбыс, жазу, емле, ереже, қазақ тілі, үндесім.

**Аннотация.** В статье говорится о латинской графике и написании правил казахского языка.

**Ключевые слова:** латинский, буква, звук, писать, написание, правило, казахский язык, сингармонизм.

**Annotation.** The article talks about the Latin script and writing the rules of the kazakh language.

**Keywords:** Latin, letter, sound, write, writing, the rule, kazakh language, harmonicism.

Тіл – ең басты ұлттық құндылығымыз, рухани байлығымыз. Осы қатарда ата-бабамыздың қандай қиын кезеңдерді бастан өткерсе де, осы кезге дейін сақтап, кейінгі ұрпағына қалдырған туған жерімізбен қатар тіл, әдебиет, мәдениет, салт-дәстүр сияқты т.б. ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық асыл құндылықтарымызды атап көрсетуге болады. Әліпби мен жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол - өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Өткен ғасыр басында қазақтың біртуар оқымыстыларының бірі Х.Досмұхамедұлы «Тілінен айрылған жұрт-жойылған жұрт» деп айтып кеткен екен[1]. Сондықтан тіл мәселесі қашанда маңыздылығын жоймайды. Барша жұртқа белгілі жай, мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деген болатын. Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндалған мақаласындағы қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы ұстанымдары мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі іс, маңызды тарихи оқиға ретінде халықтың зор ықыласына ие болды [2].

Жақсы емле болу үшін алдымен әліпбиіміз жақсы құрастырылған болуы тиіс. Сондықтан латыннегізді жаңа әліпбиіміздің ұтымды тұстарымен қатар, өз көзқарасымыз бойынша, әлі де ойланатын тұстарын көрсеткіміз келеді. Қазіргі кезде жұртшылық соңғы бекітілген әліпбиді басшылыққа алып, жазуға үйреніп жатыр[3]. Бұл әліпбиде латын әріптерін барынша қазақ тілі дыбыстарына сәйкес таңбалауға, қазақ тілінің үндесім талаптарына бейімдеуге, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын сақтауға назар аударылған. Әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі- акутта әріпүсті бір нокат алынуы. Әріпүсті нокат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Ал түрік жазуында әріп үстінде қос нокат тұрады. Бұл жазу барысында нокаттың бірі көрінбей қалса да, екіншісі көрінетіндіктен түрік ағайындар жазуының бір жетістігі деуге болады. Әліпбиімізге 34 дыбыс алынып, олар 32 әріппен таңбаланған. Оның ішінде қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонема (9 дауысты, 19 дауыссыз) және кірме сөздердегі 6 фонема (и, в, ф, һ, х, ч) бар. Әліпбиде Нһ-[х], [һ] және І-[и], [й] болып, бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар. Тіліміздегі 6 дыбыс (ә, ө, ү, ғ, ң, у) әріпүсті нокат арқылы, екі дыбыс қос әріппен (диграф) таңбаланған (Ch- [Ч], Sh-[ Ш]). Қос әріппен берілген «pasha» сияқты сөздерді «пасха», «паша», «паша» деп үш түрлі оқуға жол беретін sh(ш) диграфын сөз ішінде дәл тану да оңай бола бермейді. Сол сияқты «Асхат», «асхана» (Ashat, ashana) деген сөздерді «Ашат», «ашана» деп те әртүрлі оқуға тура келеді. Әліпбиде Іі -[и], [й] таңбасы үстінде нүктесі жоқ екен. Сонда әліпбиде 10-11 қатарда тұрған «і» және «и, й» әріптері ұқсас таңбаланған деуге болады. Бұл жағдай да жазуда қосымша қиындық келтіреді. Сонымен бірге кейбір халықаралық сөздерді жазуымыз үшін әліпбиімізде қазіргі ағылшын әліпбиіндегі әріптерді, шама келгенше, түгел қамту керек деген де пікірлер бар. Олардың айтуынша, латынның «с» әрпі арқылы жазылатын ағылшын тіліндегі жалпы жұртқа кең танылған көптеген қысқарған атаулар бар екен. Мысалы, CD –ағыл.т. Cross Dresser – a member of one sex who likes to dress as the other sex; Бұл ер адамша киінетін әйел кісі, әйел адамша киінетін ер кісі; SD – ағыл.т. South Dakota, АҚШ-тың бір штаты деген мағына береді екен[4]. CD мен SD тілде жиі ұшырасатын өз алдына бөлек-бөлек ұғымдар, басым көпшілігі IT терминдері болғандықтан, халықаралық қолданыста олардың өзгеріссіз ағылшын тіліндегі нұсқасында жүретіні аян. Сондықтан осы екі қысқарған бас әріпке қатысты басқа да мысалдарды көптеп келтіруге болады екен. Ал біздің әліпбиде «с» әрпі жоқ, оны басқа әріппен, яғни «s» әрпімен ауыстырып жазсақ, жалпы жұртқа танылған атауларды біз де, өзге де түсінбей қалады екен. Латыннегізді әліпбидің үш

нұсқасы жарияланып, оның соңғы нұсқасын бекітіп алдық. Маман ретінде, әліпбиіміздің әлі де жетілдіре түсетін тұстары бар екенін айтып жүрміз.

Бұрынғы әліпбиімізде 42 әріп болса, енді ол азайды. Бір елдің сөзі екіншісіне өтуі, яғни бір тілден екінші тілге сөз ауысуы қалыпты жағдай. Бірақ кез-келген тіл басқа тілден келген кірме сөздерді өзгертіп, өз сөзі етіп алады. Сонда басқа тілдің заңдылықтары кедергі болып, тілді бұзып тұрмайды. Ал қазақ тіліне өзгеріссіз енген өзге тіл сөздері тіліміздің лексикалық жүйесіне салмақ түсіріп, тілімізде қазақ-орыс сөздері мидай араласып, тіл мәдениетіне кері әсер етіп келеді. Тағы бір заңдылық, бір тілден екінші тілге сөз ауысса да, тіл дыбыстары ауыспауы керек. Кешегі өктемсоқ кеңестік жүйенің солақай саясаты қазақ тілі дыбыс жүйесінде жоқ орыс тілінің «ё, ю, я, в, ф, х, ч, ц, ь, ь» әріптерін әліпбиімізге еріксіз енгізгені баршаға аян. Онымен қоймай, әліпбиіміз кирилл жазуына ауыстырылып, орыс тілінен және сол арқылы басқа тілден енген өзге сөздерді де орысша қалай айтылып-жазылса, қазақ тілінде де солай қолданылуы керек деген талап қойылды. Сөйтіп тіл экологиясы сол кезеңнен бастау алып, тілімізге жат дыбыс тіркестері де еш кедергісіз еніп, тіліміз шұбарланып, ұлттық бояуы мен өзіндік реңін жоғалтып, сөзіміз де құлаққа жат әуенмен «ән салғанына» үйреніп кеттік. Тіпті «орыс сөзін жете меңгерген» халықпыз, «тіліміз де өзге сөздердің енуімен байыды» деп мақтанышпен айтып, тіліміздің табиғи дамуына қиянат жасалғанын ескермедік. Бүгінгі таңда тіліміздің өзіндік үндесім заңдылықтарына кедергі келтіріп жүрген осы артық дыбыстарды әліпбиімізден шығарып тастау туралы мәселе көтерілген кезде де бұл іске қарсы болғандар да аз болмады. Қазіргі кезде тілімізде өзге тіл сөздері көп болғаны бір басқа, ата-баба дәстүрімен жеткен табиғи дыбыстау әуеніміз де өзгере бастаған екен. Тіліміздің өзіндік бояуы өзгермеген кезеңдегі ағабуын өкілдері орыстың «кровать, бревно, стакан, стол, трактор» деген сөздерін «керует, бөрене, ыстақан, үстөл, тырақтыр» деп қазақы әндете айтса, бүгінгі ұрпақ айтылуында өзгеріссіз алынған осы сөздер «кр-бр-ст-тр» деген дауыссыздар тіркесімен құлаққа жағымсыз естілетін дәрежеге жетті. Сөйтіп, бүгінгі ұрпақ қазақтың қоңыр үнінен ажырай бастаған секілді. Бұл қоңыр үнді тек тілшілер ғана емес, ұлтжанды азаматтар әншінің әнінен, домбырашының күйінен де іздеп, дәстүрлі әуенді сағына бастады. Аға буын өз ана тілінің бабалар дәстүріне сай дұрыс айтылуын қалап, кейінгі ұрпағына аманат етіп, оқытып, үйретеді. Бірақ бұрынғы әліпбиіміз бен жазуымыз тілімізді өзгертіп барады. Сондықтан әліпбиімізді өзге тілдің артық дыбыстарынан мүмкіндігінше арылта түсу қажет болған еді. Қазіргі бекітілген жаңа әліпбиіміздегі әріп саны қазіргі жазудың талабын орындай алатындай деңгейде азайтылды.

Қазіргі кезде осы жаңа әліпбиіміз негізінде жасалған қазақ тілі емлесі ережелері талқыланып жатыр [5]. Жаңа емлеміздегі [уу], [үү], [ый], [ій] дыбыс тіркестерінің орфограммасы туралы мәселе тілші ғалымдар арасында өте қызу талқыланды. Бұл мәселе жөніндегі пікірталас профессор Қ.Жұбанов кезеңінен басталған болатын. Емледе қазақ жазуындағы уу/үү, ый/ій қосар әріптерді бұрынғыдай бір ғана «у» мен «и» таңбалары арқылы жазуды ұсынған екен. Бұлай таңбалау жазуда әріп үнемділігіне де пайдалы болғандығы айтылып келеді. Бірақ осылай таңбалау сыры дұрыс түсіндірілмей, бұл жағдай дыбыс пен әріпті шатастырып айтуға жол бергенін білеміз. Кезінде белгілі фонетика саласының ғалымы С.Мырзабеков: «Бұл екі әріп тілдің дыбыстық жүйесін бұзып, жұрттың басын қатырып болды. Оларды іштей дыбыстарға ажырату қиындығы 1983 жылы емле ережесіне: «и», «у» әріптері бар сөздер буындалғанда, келесі буын дауысты әріптен басталады және солай тасымалданады. Мысалы: бу-ын, су-ық, қу-а-қы, қи-ын, жи-ын,- дейтін тілдің табиғатына қайшы, зиянды заң қабылдауға мәжбүр етті», - деген болатын[6.52]. Ғалым Ә.Жүнісбек өз мақалаларында осы «и», «у» әріптеріне қатысты сөздерді айту-жазудағы ерекшеліктерді морфем талданым, буын талданым, тасымал талданым арқылы көрсетіп келеді[7.43]. Сондықтан емле ережесінде қосар [уу], [үү], [ый], [ій] дыбыс тіркестерінің орфограммасы туралы нақты түсінік берілген[5.10]. Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов атап көрсеткендей, қосарлап таңбаланса да, даралап таңбаланса да айтылымында еш айырма жоқтығы, жазу-сызуға қойылатын жинақылық, ықшамдылық талабына сай келетіндігінен бұл дыбыс тіркестерін дара түрде таңбалануы дәстүрге айналғандығын негізге ала отырып, қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуімен байланысты шұбалаңқылыққа ұрынбау үшін уу/үү, ый/ій қосар дыбыстардың бір ғана «у», «и» дара әріппен таңбалануының үлгісі ұсынылған. Сонымен бірге, бұл қосар дыбыстардың бір ғана «и», «у» әріптерімен жазылуы, соған байланысты, ғалым Ә.Жүнісбек көрсеткендей, туындайтын қиындықтарды болдырмаудың алдын алу үшін мектеп оқулықтарында дұрыс талдау жасалып, жүйелі түсінік берілуі керек деп ойлаймыз. Қазақ жазуында «и» мен «у» - орыс тіліндегі сөздер құрамында келетін дауысты дыбыс, қазақ тіліне кірме дыбыстар деп есептеледі. Қазақ тілінің төл сөздерінің құрамында дауысты «и», «у» дыбысы жоқ. Сондықтан осы дыбыстарды айту-жазу заңдылықтарын шатастырмай қолдану жолдарына ерекше назар аударған жөн. Ережедегі «сый», «тый» сөздері қатарына «мый» деп жазуды қосу керектігі айтылды. Сонымен бірге «и» әрпін қазіргі қазақтілді жастарымыз қосар дыбыстың таңбасы емес, қанша айтсақ та, орыс тіліндегі «и» дыбысындай дара дыбыс етіп айтуға бейімделген. Мысалы, «Әлия» деген сөзді біздің айтуымызға қарағанда, түрік ағайындар нағыз қазақы түрде дұрыс айтатындығын естіп жүрміз. Сондықтан бір әріптің өзі біраз нәрсені төңкеріп тастайтындығын ескеріп, осы әріпті оқытуға ерекше назар аударған жөн[8.65].

Латыннегізді әліпбиімізге енгізілмеген кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің жаңа емле ережелері бойынша жазылуы да реттелді. Қазақ тілі емлесінің ережесінде кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі бұрынғы жазуымыздан өзгеше екеніне назар аудару керек. Бұрын шеттілдік сөздер өзгеріссіз жазылып келсе, енді қазақ әліпбиіне икемделіп жазылады: «Ё» әрпі «ө» әрпімен таңбаланады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: манёвр-манёвр (manóvr), бруселёз-бруселёз (brúseló z), актёр-актёр (aktór), дирижёр-дирижёр (dirijór), режисёр-режисёр (rejísór), ал осы сөздерге қосымшалар қазақ тілінің заңдылығына сай жалғанады. «Ц» әрпі және «сц» әріп тіркесі «с» әрпі арқылы

жазылады: цирк-сирк(sirk), цифр-сифр (sifr), цилиндр – цилиндр (silindr), циркул-сиркул (sirkýl); дециметр-десиметр (desimetr), медицина- медисина (medisina), абзац- абзас (abzas), ал қатар келген «ц» әрпі «ts» тіркесі арқылы таңбалады: пйтса-pitsa, Нитса-Nitsa, т.б. Ал «-тч» дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі «т» әрпі түсіріліп жазылады: скош-skoch, скеш-skech, маш-mach. «Щ» әрпі төл сөздерде «shsh» әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде «sh» әрпімен таңбалады: ашшы-ashshy, тұшшы-tushshy, кешше-keshshe; училище-úchilishe, прапорщик-praporshik. «Э» әрпі «е» әрпімен жазылады: элемент-element, елеватор-elevator, епопеиа-epopeia, поетика-poetika, коефисент-koefisent. «Ю» әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін «йу» әріп тіркесімен айу, ойу, кайута, ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (ь) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін «ү» әрпімен таңбалады: парашют-парашүт (parashút), абсолют-абсолют (absalút), глюкоза-глюкоза (glúkoza), компьютер-компүтер (kompúter), тьютор-түтор(tútor). Көріп отырғандай, «ю» әрпі үш түрлі жазылады екен: 1). төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін «йу» әріп тіркесімен(аю-айу, ою-ойу, Юрмала-Иурмала) жазылады. 2). Дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (ь) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін «ү» әрпімен (парашют-парашүт, абсолют-абсолют, глюкоза-глюкоза, валюта-валүта, бюллетень-бүлетен, продюсер-продүсер, люкс-лүкс, компьютер-компүтер, тьютор-түтор,рюкзак-рүкзак, сюжет-сүжет)таңбалады. 3). «и» әрпінен кейін тұрған «ю» орнына «у» жазылады: кию-киу, кию-киу, дию-диу[5.25].

Ал жіңішкелік белгісі (ь) бар сөздерді де енді қалай жазудың жолдары көрсетіліп отыр. Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады да, жазуда жіңішкелік белгі ескерілмейді. Мысалы, «ансамбль –ансэмбл, альманах-элманах, альфа-элфа» деп жіңішкелік белгі ескерілмей оны «э» дыбысымен айтамыз. Ал «медальон-медалөн, батальон-баталөн» деген сөздерде «ө» дыбысымен айтып, осылай жазамыз. Емлемізді әлі жетілдіре түсу керек, себебі сөздеріміз аралас буынмен жазылып тұр деген пікірлер де бар. Бұл жерде де жіңішкелік белгі орны жіңішке айтылғанмен, бүкіл сөз аралас буынмен жазылады. Бұл жазылым, қанша өзгергенімізбен, орыс тілінің айтылымын сақтап тұрғанын көрсетеді. Осы мәселелерге көңіл бөліп, орфоэпияда қазақы дұрыс айтылымын сақтау керек(әлібөм, әнсэмбіл). Кейбір жағдайда мағынаға нұқсан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің орнына «и» әрпі жазылады екен(Пьер-Пиер, пьеса-пиеса).

«Е» әрпінің алдында тұрған айыру белгісі (ь) субъект, объект деген сияқты сөздерде ескерілмейді, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады. Бұл ереже де тіліміздің үндесімін сақтауға бейімделгенімен, сөз аралас буынды болып тұр. «Дж» әріп тіркесі бар сөздерде «д» әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: менеджер-менежер, джинси- жинси. Ал «-дж» әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасы өзгертін жағдайда «д» әрпі сақталып жазылады: бюджет, лоджы.

Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі, сөз ортасындағы қайталама «сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гт, дд, кк, уу» дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады деген ереже бар. Осы ережеге сәйкес класс, металл, программа, комиссар, грамматика деген сияқты сөздердегі бірдей дауыссыз дыбыстардың біреуін жазбаймыз.

Осы ережені толықтырып, араб-парсы тілдерінен келген сөздердегі қатар келген бірдей дауыссыздардың да біреуін түсіріп жазуды заңдастыру керек деп есептейміз. Мысалы, «махаббат», «ләззат» деген сөздердегі геминанттардың (бб, зз) бізге қажеті жоқ, оларды біз бір дыбыспен де айтамыз:ма-ха-бат, лә-зат [8.70].

Сөз соңындағы «-нг» әріп тіркесі «ң» әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: боулинг-боулиң, рейтинг-рейтиң. Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында «w» әрпімен басталатын кейбір сөздер «у» әрпімен жазылады: уатсап, уикипедиа.

Сонымен қазақ тілі емлесінде 77-99 параграфтар арасындағы 22 ереже кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесіне берілген екен[8.72]. Әрине, өзге сөздерді жазуға арналған ереже көп, бірақ тілдің жағдайын жеткізетін болғандықтан мұндай ережелер көптік етпейді. Осы ережелердің орфоэпиялық жағымен де байланысына ерекше мән беріп, тіліміздің үндесіміне сай айтылуына бейімдеу керек.

Күнделікті өмірде адам аттары төлқұжатта дұрыс жазылмай жүргені айтылып келеді. Кез-келген адамнан аты-жөнін жазып беруді өтінсек, олар «паспорт бойынша жазайын ба, әлде, дұрысын жазайын ба?» деп қарсы сұрақ қояды. Бұл қазіргі жазуымыздың ащы шындығы, неге латынға өтіп жатқанымыздың бір себебін танытады. Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады: Ысқақ, Ырысжан, Ырысалды, Қасен, Құсайын, Қадиша, Пазыл, т.б. Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар ауызша айтылуына сай жазылады: Айғыз, Байгелді, Бибажар, Есенғұл, т.б. [5.20].

Қазіргі қоғамымызда латын әріптерін танымайтын адам жоқ. Сондықтан алғашқы кездегі баяу оқып, асықпай жазуға шыдасақ, аз ғана уақытта көзіміз де, қолымыз да үйреніп, тез оқып-жазуға дағдыланып кетеміз. Ал емле ережелерінің түп негізі бұрынғыдан көп өзгерген жоқ. Бұрын мектепте диктант жазып, кітап оқыған адам сол дағдысымен жаңа жазуды да тез меңгереді. Демек, бәрін де жеңуге болады, тіліміздің болашағы бәрiнен де қымбат. Қорыта айтқанда, тіл мен жазу - ұлттық құндылығымыз, рухани байлығымыз, сондықтан жаңа әліпби мен оның емле ережелерін білу әр адамның парызы деп білеміз.

#### **Әдебиеттер**

1. Досмұхамедов Х. Таңдамалы. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақтар Республикасының Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет, №44(20.477).14.04.2017 ж. 1- 2 б.
3. Назарбаев Н.Ә. ҚР Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы. №637 Жарлығы. 19.01.2018 ж. Астана, Ақорда.



4. Рсалиева Н.М. Жаңа әліпбиге «с» әрпі не үшін керек? 23.10. 2018 ж. Abai.kz.
5. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері.(Жобасы). Қазақстан Республикасы, Ұлттық комиссияның отырысында таныстырылған.  
- Астана, Тіл-орталық. 27.09.2018 ж.
6. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. - Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. - 220 б.
7. Жүнісбек Ә. Жазу реформасы: кірме танбалардың оқу-әдістемелік талданымы(тіл бұзар әріптер)//«Латынға көшу: тәжірибе, проблемалар, оларды шешу жолдары» халықаралық конференция материалдары жинағы (29.03.2018). - Ақтөбе: Облыстық тілдерді дамыту басқармасы, 2018. - 42-46 б.
8. Садуақас Н.А. Латын графикасына көшу: қазақ тілі **әліпбиі мен емлесі**. (ғылыми-танымдық еңбек). - Ақтөбе: Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе ӨМУ «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2018.- 80 б.

## ТАҒДЫРЛЫ ТАРИХТЫ ТАСПАЛАҒАН ӘНДЕР

**Сайлауғазы Қастербек**  
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,**  
**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Мақалада Қытай Халық Республикасын мен Моңғолияны мекен етіп жатқан қазақтардың арасында кеңінен таралған әндердің шығу тарихы зерттеліп, зерделенеді. Ән мәтініндегі халық тағдыры мен тарихына қатысты тұстары қаралып, мысалдар негізінде дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды.

**Кілт сөз:** Ән, тарих, тағдыр, өлең, халық, қазақ, көш.

**Аннотация.** В статье осмыслено и исследовано истории песни которые широко распространенные в диаспоре казахов, которые живут в Китайской Народной республике и в Монголии. В тексте песни рассмотрена судьба и история народа и сделан вывод на основе примеров, формулирована в научной форме.

**Ключевые:** Песня, история, судьба, стихи, народ, казах, кочевая жизнь.

**Annotation** The article comprehended and investigated song stories which widespread in diaspora of Kazakh who live in the Chinese National Republic and Mongolia. In the lyrics there are destiny and history of the people and it is concluded on the basis of examples, which was formulated in the scientific form.

**keywords:** song, history, destiny, verses, people, the Kazakh, nomadic life.

Қазақтың кең даласының шығыс жақ шеті, Алтай сілемі арқылы Қытай асып, Моңғол жерінің батысын алып, Ресейге қарасты Қосағаш аумағымен айналып қосылып жатқаны бізге мәлім. Бұл шеттегі қазақтың көп шоғырын қамтитын территория. Анығында әнге айналған тағдырдың бір шеті Анадолыға дейін жеткен. Қазақ халқы Алтайды ежелден айнала қоныстанған халық екендігімізді әуелеп ұшқан ән-жырмыз да дәлелдеп беретіндей. Олай деуімізге себеп Алтайдың арғы бетінен әуелеп бүгінге жетіп, халық әніне айналып үлгерген «Ағажай», «Ой, Ғайша», «Сұлубайдың әні», «Қазын-ай» және М.Пұшатайұлының шығармашылығынан туған «Ел көшкенде», «Жаңа ауыл» қатарлы т.б ән-жырларымыздың әлі күнге дейін қалықтап халық арасында айтылып жүргендігі.

Ән де – тарихи шежіре. Ән тарихы арқылы ел тарихы мен жер тарихын, ел тағдыры мен жер тағдырын еске түсіріп, санада сақтауға болады. Әрбір әннің мәтінінде кездесетін жер, су атауларына қарап туған өлкесін, жыл атаулары немесе уақыт көрсеткіштері арқылы қай кезеңде туған ән екендігін танып білеміз. Тақырыпты талқылау барысында аталған әндер арқылы айтар ойымызға айғақ, дөп басып айтар дәлел тауып көрмекпіз.

Біз бүгін тарих толқынынан тағылым берер тарихи әндерді талдап, талқыға саламыз. Қазақ даласынан сыр шертер әні әуезді, тарихы терең, тағылымы мол әндер жетерлік. Біз тек қазіргі таңда шекара сызығының сыртында қалған қазақтардың тағдырлы әндерін талқыға салып, талдап көрсек. Тарам-тарам тарихтың куәсі болған тағдырлы әндердің бірі Қытай және Моңғол қазақтарының арасында айтылып жүрген, қарсылық жырларының қатарына жататын Бүркітбайдың «Ой, Ғайша» әні. Ән авторы Бүркітбай 1904 жылы ҚХР Алтай аймағына қарасты Көктоғай ауданында туған батыр, әнші әрі ақын болған тағдырлы тұлғалардың бірі. Оның ақындығы мен батырлығының дәлелін осы «Ой, Ғайша» әнінің мәтінінен байқауға болады.

«...Батыр болып атандым мен Бүркітбай,  
Ойладым ба болам деп дәл осындай, ой, Ғайша,  
Ел-жұртымнан айрылып кетіп барам,

Қара тұман ашылып, күн бір шықпай, ой, Ғайша-ай»,- деп зарлы әуенмен басталатын бұл ән бір жағы «жорық» жыры іспетті болса, екінші жағынан «қоштасу» әні [1, 110]. Бұл ән бір ғана Бүркітбайдың ғана зары емес бүкіл еңіреген елдің өзегін өртеген өкініші еді. Олай дейтініміз сол заманда Шыңжанды билеген КСРО ықпалында билік жүргізген Шэн Шицай (1933-1944) мен гоминьдан әскерінің қатыгездігі, Алтайдың арғы бетіндегі қазақтардың жайлы тірлігінің жайын кетіріп, мазасын қашырды. Сол тұста момын елге бағытталған айдау мен байлау басталды. Үрку мен үрей билеген халық атқа қонды. Сол бір тағдырлы тарихи кезеңнің қал-жайы осылай әнге айналды. Әке мен бала, аға мен іні қоштасу жырын қосыла айтуға мәжбүр болды. Үрей билеген ел үрке көшті.

«...Менің атым Бүркітбай,  
Сабаға құйған іркітті-ай.  
Жайын жатқан елімді,

Құйыршық келіп үркітті-ай»,- деп қайталанып отыратын «Ой, Ғайша» әнінің қайырмасы арқылы осы кезеңдегі елдің ішкі қарсылығы әнге арқау болды [1, 110]. Бұл ән сол тұстағы халықтың ішкі зары мен мұңы еді. Үріккен елдің үрейі әуелген әнге айналарын ешкім ойламады. Әннің мұңылы әуенін тыңдасаңыз қайғыдан қабырғаңыз қайысады. «Қай ғасырдағы болмасын аса маңызды оқиға мен тарихи ұмытылмас сәтті кейінгі ұрпаққа айғақ еткен де ән әуезі. Ән – қоғамның тыныс тіршілігіне дер уақытында үн қосып отыратын бұқаралық құралдың бірі, рухани қазынамыздың шежіресі. Әнде халықтың басынан кешірген тарихы таңба басқандай анық көрінеді» [2, 3]. Соның бір куәсі осы «Ой, Ғайша» әні.

«...Мен өлсем де артымда елім қалды,  
Асқар Алтай, айдын көл, жерім қалды,  
Өкінбеймін өлсем де елім үшін,

Алып берер кегімді ерім қалды»,- деп қайғысы мен жұбанышы аралас ән қалдырған Бүркітбай батыр қапияда қолға түсіп, ату жазасына кесілген еді [1, 110]. Батыр әні арқылы бар арман мұратын, өкінішін, сенімін жеткізді. Жерін еліне, кегін еріне тапсырды.Түсінгеніміз ән әлемінен адамзатқа тән құбылыстардың барлығын кездестіруге болатынын ұқтық.

Тағдырлы халықтың тарихы бір. Әуезді әні, мұңылы музыкасы ортақ. «Ой, Ғайша» әнімен тағдырлас туған, мазмұндас болып келетін тағы бір ән – «Сұлубайдың әні». Сұлубай мен Бүркітбай бір дәуірдің қыраны. Екеуі де батыр, екеуі де әнші болған. Екеуі де тағдырдың тәлкегін бірге тартқан тарландар.

«...Астымда алқоңырым желмедің ғой,  
Құдайым сұрағанды бермедің ғой.  
Талпынып қанша қанат қаққанменен,  
Қысқа жіп күрмеуіме келмедің ғой.  
Секпілтай, Шаңқан, Тұрғын-ай,

Есен бол ел-жұрт, құрбым-ай»,- деп басталатын әннің өн бойынан өксікті өкініш лебі есіп тұрады [1, 111]. Өлең өрнегіндегі «Секпілтай», «Шаңқан», «Тұрғын» қатарлы жер атаулары өлеңмен сызылған шекара шебі деп білеміз. Аталған жерлер Алтайдың күңгей сілемінде орыналасқан қазақтың жаз-жайлау, қыс-қыстауы болып отырған өлкелер. Қазіргі таңда Қытай еліне қарағанмен қазақтың ата қонысы. Ата қоныс екендігінің дәлелі өлеңнің өн бойында өріп жүрген қазақы жер атаулары. «Сұлубайдың әні» аспан асты елінің де назарында жүрген ән. Олай дейтініміз бұл әннің қытай тіліне аударылғанын интернет бетінен көзіміз шалды. Ал енді қараңыз, біз осылай ән арқылы әлемдік картаға дәлел салып, шекара шебін белгілеген халық екендігіміз аспан асты еліне аян, әлемге мәлім.

«...Түнде құмда жатушы ем,  
Жауды көрсем атушы ем.  
Жолдас мықты болғанда,

Аман-есен қайтушы ем»,- деп өзінің өзегін өртеген өкінішін өлеңмен өрнектеді [1, 111]. «Қытайды көрсем атушы ем» деген түпнұсқа жолы «Жауды көрсем атушы ем» болып аспан асты елінің қаһарына ұшырамас үшін өзгертіліп айтылуға мәжбүр болды. Бастысы жорық жолында халқы үшін мерт болған батырдың жебедей өткір сөздері өлеңге оранып , ән болып халықтады. Тал бесіктен жер бесікке дейін әнмен әрленіп, жырмен көмкерілер адам ғұмыры, және бұл тағдырдың қазақ баласына қатысы туралы ұлы Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең»,- деп толғайды. Абайдың айтқанын Сұлубай батыр мен Бүркітбай батырдың тағдыры растағандай.

«...Қолға түсіп қор болдым,

Отыз жеті жасымда-ай»,- деп жырлаған Бүркітбай, жорық жолында жау оғынан мерт болған Сұлубайдың ғұмыры әлдімен тербеліп келіп, қоштасу жыры, яғни, «Ой, Ғайша» және «Сұлубайдың әні» қатарлы жорық жырларымен жер қойнына тапсырылды. Батырлардан бізге қалған тәбәрақ осы әндер болды. Бүгінгі ұрпақ бұл әндерді қайталап айту арқылы тарихқа тағзым жасауда.

Өткен өмірдің өкінішін өзегіңе құятын тағы бір ән бар. Ол – «Ағажай» әні. Әннің шығу тарихы туралы Жәди Шәкенұлы былай баяндайды: «...Елдің Алтайдан ауған қанды көшінің бір шоғыры 1935-1940 жылдары болғанын ескерсек, әннің осы тұста туғандығы бір шама шындыққа жақындайды. Қалай болған күнде де әннің өзі айтып тұрғандай, ол Алтайдан ауған елдің сағынышты зарынан туғандығына ешкімнің таласы жоқ» [3, 53]. Бұл пікірге бізде қосыламыз. Себебін әндегі өлең шумақтары да дәлелдейді. Алтайдан ауа көшкен елдің тарихын еске салар ән былай басталады:

«Өр Алтайдан дүркіреп ел көшті ғой,  
Ақдаланың төсінен оқ есті ғой.  
Қара арғымақ сүрініп қу томарға,  
Қара нардың бұйдасын жау кесті ғой.  
Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай!  
Немесе:

Елім көшіп қаңырап жерім қалды,  
Асқар асу, шұрайлы белім қалды.  
Омырауын қарт ана жаспен жуып,  
Қарай-қарай мекенге көзі талды.  
Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай!» [4, 7].

Қара нардың бұйдасын жау кескен қатыгез жылдардың көрінісі екендігі қақ. Бұл әнді Алтайдан ауа көшкен елдің тарихқа әнмен салған мөрі десекте болады. Жарыла көшкен елдің жарымы Тибет асып, Индияны басып, Түркияға бет алған жорықтағы зар гимні. Қарай-қарай мекенге көзі талып Ховда бетіне көшкен елдің көңіл-күйі, бәрі-бәрінің қасіретін қара өлең ғана көтере білгендей. Қазақ халқының мақтаныш етер асыл мұра, рухани жәдігерліктерінің ішінде ғасырлар сүзгісінен өтіп, бүгінге жеткен көл-көсір ән қазынасы ерекше орын алатындығын көрсеткендей. Әннің құдіреттілігі де сол. Әрбір тағдырлы тарих қатыгез жылдар қайғысын қара өлеңге орап қалдырып кеткендей. «Ағажай» әні Алтайдағы елдің әнұраны десекте болады.

Қариялардың мұндана салып отыратын әндерінің бірі «Қазын-ай» әні. Бұл әнді әу баста халық әні деп білді бір қауым ел. Солай деуге де болар еді. Өйткені халық жадында халық әні ретінде сақталды. Алайда бертін келе жазушы, әрі зерттеуші Жәди Шәкенұлы ән авторын атап көрсетеді. «Қазына-ай» әнін халық әні десек қателесеміз. Жаңсақ айтылып жүрген әндеріміздің бірі «Қазына-ай». Мұны ақын Керім Елемесұлы ән жинақтарында «халық әні» деп ұсынса, енді бірде «Назым-ай» деп жаңсақ айтады. Ән ақиқатына келсек, әннің авторы Жұмақан Сабырбай ұлы. ол 1920 жылы өр Алтайда дүниеге келген. Бұл туралы Шинжияң телевизиясы қазақша каналының Жұмақан ақсақалмен жүргізген аға редактор Өнерхан Өгізбайұлының сұхбатын өз көзіммен көріп, ет құлағыммен естіген едім», - деген пікір білдіреді Жәди Шәкенұлы [3, 53] Әр туындының ақшесі болғаны абзал. Алайда халық жадында халық әні ретінде сақталған «Қазын-ай» әнінің тарихы мен тағылымы, мәні мен мазмұны терең.

«... Қара керді үкілеп міндім жәйлап,  
Жүруші едік, қазына, күліп-ойнап.  
Дәм-рыздық, айырылып осы жерден,  
Үштепсеңнен Серкерге астың мойнақ.

Қайырмасы:

Ей, қазына-ай,  
Жазғы таңның ой азын-ай,  
Үріккен аққу қонбайды,

Қайта айналып ой сазына-ай», - деп қайырмасына қайырылып қайта соғып отыратын «Қазын-ай» әнінде қайғыдан көрі мұң басым [5, 53]. «Жазғы таңның ой азын-ай» деп қызықты күндерінің артта қалып, қамшының сабындай қысқа ғұмырының жылжып аққан жыланбауыр жылдардың жетегінде кеткеніне налиды. Үзілген үкілі үмітінің түйінін «Үріккен аққу қонбайды, қайта айналып ой сазына-ай» деп түйеді. Үріксе үрейін басу үшін ұзақ уақыт кететін қазақтың кәнігі мінезінің суреті. Себебі, қазақ қарыны тойған жерге қайта айналып қона берер құзғын емес. Сондықтан да, болар ән авторының өзін үріккен аққуға теңеуі. Аққу да киелі құс. Қонған көлінен үркітсеңіз қайта оралуы екіталай. Ал ән кейіпкерінің не үшін үріккенін ән тарихына үңілсеңіз ұғарсыз.

Ал ән тарихы хақында «...Жұмақан ақсақал «Қазына-ай» әнін азаматтықтың алтын дәуірі дәл жиырма бес жасында, 1945 жылы шілдеде шығарыпты. 1944 жылы Жұмақанның үйі Жырғылты деген жерді жайлайды. Артықбайдың (Қазынаның әкесі) ауылы қанаттас жақын отырады... деп басталған әңгіме, екеуінің арасындағы махаббат туралы сыр шертеді. Онан ары қарай: «Ғашықтық азабы жанын жегідей жеген жұлымыр Жұмақан қабырғасымен кеңесіп көріп, лайықты кезде қызды алып қашу бекіміне келеді. Бұл ойын өзінің жан достары Жұнжұма мен Ахметке айтады. Олар да өздерінің сүйген қыздарымен некелене алмай жүргенін шағып, құптайды. Орайлы кезде Ахмет Бағиланы (бұл екеуі «Қасен мен Жамила» киносындағы Қасен мен Жамиланың прототиптері), Жұнжұма Шәйшөкені, Жұмақан Қазынаны алып бірлікте қашуға келіседі. Бірақ, ғашықтар сертіне жете алмай, Қазына Белдеубәйдіңұлы Дәукенге қалыңмалға ұзатылады. 1945 жылы ел Төр жайлауда отырған шілдеде Қазынаның ұзатылу тойы болады. Онда қазынаның ауылы үлкен Шіңгілдің Үштепсеңінде, Дәукеннің ауылы атақты Үшкөл жайлауының орта көлінде отырады. Ұзатылған қыз ұзаған сайын Жұмақан жүрегін мазасыздық, қимастық, сағыныш билейді. Егіледі, езіледі, домбырысын алып сары белде сарғайып таң атырады. Өзегінен жарып шыққан сағынышқа толы ыстық зар ән болып көтеріледі, «Қазына-ай» әні осылай туылады», - деп келтіреді Жәди Шәкенұлы [3, 53]. Қоңыр мұңға оранған «Қазын-ай» әні де осылай тағдырлы тарихтың куәсіне айналды. Қазақ романдарында көрініс табатын қалың мал азабының әнге айналған түрі десекте болады.

Ауыз толтырып айта берсек әнге айналған тарихымыз жетерлік. Қазақ баласының әнге айналған тарихи тағдырының жалғаса берер заңдылығының дәлеліндей, көшкен елдің тарихынан көрік беретін шетел қазақтарының әнұранына айналған «Ел көшкенде» әнін тарқатып талдай оқып, көңілге тоқып көрсек:

«Үш Ойғырдың басынан ел көшкені-ай,  
Қара бұлты Қобданың желдеткені-ай.  
Бейбіт күнде бөлініп ағайыннан-ай,  
Ойды күдік, бойды мұң мендеткені-ай.  
Немес:

...Дөңгеленген келбетің,  
Ұраңқайменен Дөрбетім.  
Ел көшкенде – жер жетім,

Мен көшкенде-ай – сен жетім» [6, 37]. Дәл сол тұстағы халықтың ойын дөп басып ақын ғана айта білгендей. Әнде «...Сай-сүйегінді сырқыратар зар бар, сағыныш бар, қимастық бар, үміт бар, күдік бар, сенім бар, жігерлендіру бар – бәрі бар бұл әнде», - дейді Ә.Қайырбеков [10, 37]. Әрине жеті ата-бабаң жатқан жерді

жетім етіп тастап кету кімге оңай тисін. Төсекте басы қосылмаса да, төскейде малы қосылған түркінің бір бұтағы Дөрбет, Уранхай ұлттарына деген қимастық бар. Себебі қиын-қыстау кезеңді бастан бірге өткізген тағдырлас халық еді.

«...Ешкім кесіп кетпейді ат кекілін-ай,  
Ата жұртым шақырды, ашты есігін-ай.  
Көшкен елге тілерім құтты қоныс-ай,  
Сен аман бол туған жер – ақ бесігім-ай!

Немесе:

...Көшуге бел байлаған,  
Көліктерін сайлаған.  
Ағайынға ақ сапар,

Ұрпақ қамын-ай ойлаған»,- деп қалған елге қайыр, жортқан елге жолың болсын деді ақын [6, 37]. Қазтуған қалған жұртына «Қайырлы болсын сіздерге, бізден бір қалған Еділ жұрт»,- десе Мұрат ақын «Көшкен елге тілерім құтты қоныс-ай, Сен аман бол туған жер-ақ бесігім-ай»,- деп жырлады. Қай уақыт болмасын тәубашыл елдің тарих толқынында түңілмейтін өткен өмір өрнегінің көрінісі. Қандай іс болмасын қайырын күткен халық.

Қай ғасырда болмасын адамзат баласының арман-мақсаты мен мұрат-мүддесі әуезді әнге айналып отырған. Сондықтан да ән мен жыр әдеби-мәдени мол мұрамыздың ішіндегі маңызы зор бір бөлшегі. Алтайдың алқабында «Ағажай» әніне арқау болған ел тағдыры Бүркітбай батырдың «Ой, Ғайша», Сұлубай серінің «Сұлубай» әнімен жалғасын тапты. Қоныс кеңітіп көшкен елдің ән мұрасы Алтайдың теріскей бетінде де белгілі деңгейде даму заңдылығын жалғастыра түсті. Соның бір тамшысы М.Пұшатайұлының әнге айналған шоқтығы биік жырлары. Тәуелсіздік таңы атқан тұста атажұртқа атбасын бұрған елге берген ақ батасындай «Ақсапар» әні, сонымен қатар тарих толқыны толғандырған тұста туған «Толғауы», әлем қазақтарының әнұранына айналған «Ел көшкенде» қатарлы әндері әуезді музыкамен қабысып халық тағдырының тарихи куәсіне айналды. Бастысы әрбір әні көшкен елдің әнұраны болды. Ақынның өзі айтқандай ойды күдік, бойды мұң мендеткен шақтың тарихи дәлелі болып жүрекке мөрленді. Осы әндерге арқау болған 1991 жылғы көшті Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көштің соңы» деп атапты. Тағдыр енді халыққа тауқыметті көшті тарту етпесін деп тілейік. Ән мен жыр тек ғана жақсылықтың жаршысы болсын.

Осылай әрбір ән тарихқа, ал тарих әнге айналып отырды. Біздің бабалар көше берді. Көшпен бірге тағдырлы тарих көшті. Сол тағдырлы тарих әнге көшті. Ән адам баласының жүрегіне көшті. Жүректен ешқайда көшпейтін сияқты. Сірә соңғы қонысы сол болар.

#### Әдебиеттер

1. Тасмағамбетов И. Алтай-Тарбағатай өңірлерінің халық әндері. – Алматы: «Атамұра», 2009. – 360 бет.
2. Қоспақов З. Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің. – Алматы, «Ғылым», 1996. – 168 бет.
3. Шәкенұлы Ж. «Ағажай» ағат айтылмаса екен. // Түркістан. – 2008. – 3 сәуір (№13).
4. Тасмағамбетов И. Алтай-Тарбағатай өңірлерінің халық әндері. – Алматы: «Атамұра», 2008. – 288 бет.
5. <http://www.matin.kz/halyk-anderi>
6. Пұшатайұлы М. Елкөшкенде. – Алматы: «Атажұрт», 2016. – 192 бет.
7. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: «Санат», 2006. – 904 бет.
8. Жәркен Б. Жұлдызтас. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 336 бет.
9. Әсемқұлов Т. Таңдамалы шығармалары. 4-том. – Алматы: «Жетісу», 2016. – 380 бет.
10. Қайырбеков Ә. Қамал бұзар қалпында көрем. // Түркістан. – 2014. – 13 мамыр.

## ИСЛАМ РУХАНИЯТЫ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ ТАРИХЫ (Ақтөбе өңірі бойынша)

Сайынов Д.А.

тарих ғылымдарының магистрі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Автор мақаласында Ақтөбе өңіріндегі дін қайраткерлерінің тарихы, ишандардың рухани-ағартушылық қызметі қарастырады. Қазақ халқының діни тұлғалары қоғамды ізгілікке, имани жолға шақырғандығы еш күмән келтірмейді.

**Тірек сөздер.** Ислам, медресе, мешіт, хазрет, молда, ишан, қожа.

**Аннотация.** Автор рассматривает религиозно-просветительскую и общественную деятельность ишанов в частности история мусульманства на территории Актюбинской области. Роль религиозных деятелей и вклад в духовной жизни казахского народа бесспорна и очевидна.

**Ключевые слова:** Ислам, медресе, мечеть, хазрет, мулла, ишан, ходжа.

**Annotation.** The author in the article studies religious and educational activity of the representatives of traditional Islam - ishan, on the territory of Aqtobe. The role of religious leaders and the contribution to the spiritual life of the Kazakh people is indisputable and obvious..

**Key words:** Islam, madrasah, mosque, hazrat, mulla, Ishan, hodja.

Қазақ даласында рухани-адамгершілік сана мен имандылықтың қалыптасуына, мешіт пен медреселердің салынуына, ондағы ағарту, сауат ашу ісін жүргізген, ұлтты бір діннің аясында біріктіруге имандылыққа шақырған діни қайраткерлердің тарихының орны ерекше. Ислам дінінің бастау алған тарихы яғни Мұхаммед Пайғамбар 613 жылы дипломатиялық және әскери жолмен бір діннің негізінде бүкіл араб руларының басын біріктірді. Оның ізбасарлары VII-VIII ғасырларда Таяу Шығыс, Орта Азия мен Солтүстік Африканы жаулап мұсылманшылдықты таратты.

Қазіргі таңда әлемнің 23%-ы немесе 1,6 млрд адам өздерін мұсылман деп санайды. Әлем бойынша мұсылмандар христиан конфессиясынан кейін екінші орынға шығып, әлемнің 35 елінде көпшілікті мұсылмандар құраса, оның 28 елінде ислам діні мемлекеттік дін болып жарияланған [1]. Қазақстан аумағына ислам діні VIII ғасырда біржола ену фактілері оңтүстік өңірден бастау алды. 751 жылы Талас маңында арабтар мен қарақытайлармен болған шешуші шайқасы үлкен рөл атқарып, көшпенді түркі халықы сенім жүйесінде өз таңдауын жасады.

Қазақ халқының арасынан шыққан діни тұлғалар мен діннің тарихын зерттеуші ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлінің келтірілген дерегі бойынша, 893 жылы Тараз шаһарында бұрынғы ғибадатхана орнында Қазақстандағы алғашқы мешіттің салынғандығы туралы келтіреді. Сонымен қатар Отырар қаласы маңындағы қалашықтарды қазған археологтардың мәліметінше Қазақстанда салынған алғашқы мешіттердің бірі, бұрын Кедер қазір Құйрықтөбе деп аталатын қалашықтың ортасында күйдірілген кірпіштен салынған мешіттің орны табылды. Арабтың тарихшысы әл-Мақдисидің Орта Азия елдеріне саяхаты барысында жинақталған деректері негізінде бұл мешітке күмбезді деген сипаттама берген [2]. «Ұстазы жоқтың ұстазы – шайтан» деген сөздер мұсылманшылдық тасаууфтағы маңызды қағидаларының бірі болып табылады [3]. Кез келген істе ұстаздың болуы – маңызды өмір әдептерінің бірі. Мұсылман адам рухани дамуға жеткісі келсе, оған тәлімгер іздеу керек екені мәлім. Сондықтан да, ғылымды меңгерген ұстаз бар жиғанын шәкіртіне мұра етіп қалдыру мұсылманшылдықтың белгісі. Ағартушылық жүргізде, балалардың діни сауаттарын арттырда дін қызметкерлердің, молдалар мен ишандардың орны ерекше. Олар бала оқытуда халық арасында аңызға айналды. Дін қызметкерлері сол өткен заманның зиялылары болып, халықтың сауатын ашты.

Кіші жүз жұртына Мүсірәлі сопының (қожа) келуімен мұсылманшылдық пен имандылық арта түсті. Әз-Тәуке хан болып сайланған соң (1680 ж.) қазақ руларындағы бүкіл би, ишан, молда, әулиелерді жинап Күлтөбеде үш жүздің басын қосып, халықты біріктіру мақсатымен құрылтай өткізді. Жиынның шешкен мәселесі – ел бірлігін сақтау, сырттан келетін жаудан қорғану, Жеті жарғыны қабылдау және үш жүзге Бас пір сайлау болды. Пірді сайлау олардың білімдерін байқау мақсатында сайыс арқылы жүргізілген. Ұлы жүз атынан Мағзомды, Орта жүзден Саид қожа (Сейтпенбет), Кіші жүзден Мүсірәлі сопы. Сайыстың нәтижесінде сайыста жігерлік танытқан және ең жасы Мүсірәлі қазақ жүздерінің Бас пірі етіп сайланады. Кейіннен ханның шешімімен пірдің шаңырағы Кіші жүздің аумағында болсын деген шешімге келген. Хан кеңесіне дейін жолымен шешілетін мәселелерді, дау-жанжалдарды реттеуде билер, даугерлер Бас пірдің алдына барып, бір мәмілеге келетін болған [4]. Мүсәрәлі қожаның қолдауымен қазақ ауылдарында мектеп, медреселер ашылды..

Мүсәрәлі қожадан кейін, XVIII ғасырдың соңында Кіші жүздің Бас пірі болып Әбужалил шайхы қызмет атқарған. Сонымен қатар қазақ руларының жеке пірлері де болған мысалы, кете, шөмекей руларының пірі болып Сейд Мұхаммед (Сейтпейбет қожа) дін, шариғат, бала оқыту мен қатар ру аралық дауларды шешіп отырған [5].

Мұсылман әлемінде діни лауазымы жоғарғы тұлғаларды «хазірет», «мұфти», «ахун» немесе «ишан» деп те атайды. Соның ішінде қазақ даласы мен Орта Азия аймағында ишандық дәстүрдің рөлі ерекше. «Ишан» парсы тілінен аударғанда «олар», «олардың қайырымдылығы», «шапағаты» деген мағынаны білдіреді. Ишандар туралы Бартольд «олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз және ізбасарлар «мүрид» мағынасында қолданылған» деген анықтама берді. Орта Азия елдерінде сопылық мектептің жетекшісін Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбардан тарайтын ұрпақты ишандар деп атайды және ишандық әкеден балаға өгіп отыратын мұра.. Мұхаммед Пайғамбардың мұрагерлерлері болып табылатын дін қайраткерлер Ақтөбе өңірінде ізгі жолды жалғастырғандығын тарих беттерінен аңғаруға болады.

Патшалы биліктің шекарасы кеңейген сайын, жергілікті ұлттарды құлдық санаға бейімдеу саясатында орыстандыру мен шоқындындыру қатар жүрді. Сондықтан бұл саясаттын астарын түсінген ишандар мен молдалар Патша үкіметінің әрекетіне қарсылық ретінде бұқара халықтың арасында мұсылмандық ұстанымды белсенді дәріптеді.

XVIII ғасырдың соңында патшалы Ресейдегі шарауалар толқулары жүрді. Саяси көзқарасына байланысты көптеген дін қызметкерлері халықты ғазуатқа шақырғандығы үшін ата қонысынан қуылды. Соның бірі Дағыстаннан Сібірге жер аударылған Қазі Ақай шайхы болатын. Пугачев көтерілісі қазақ даласына ұласып, Кіші жүздегі хандық билік шайқалды, тұрақсыздықты пайдаланған ол Ресейден асып Ақтөбе өңірінің Байұлы, Әлім, Жетіру бірлестіктері арасында қолдау табады. Жат жерден келгеніне қарамастан жергілікті халық шайхының діни біліміне тәнті болып, оны Қазақай ахун деп атап кеткен. Қазақай ахун ауылда медресе құрып, қырыққа жуық шәкірт (мүрид) тәрбиелейді. Шәкірттерінің бірі Алшын Қаражігіт пен Жанай молда. 1796 жылы Қазақай ахун дүниеден озған. Бейіті Қазіргі Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Сауқайың деген жерде жатыр [7].

Қазақайдың шәкірті Қаражігіт Бектауұлы (шамамен 1752-1835) болды. Ол туралы халық зердесінде, 1762-68 жылдары Қазақай ахунның мектебінде діни сауатын ашып, одан кейін Бұқара медресесіп бітіріп, еліне келіп медресе ашып шәкірт оқытады. 1776 жылы Орынбор генерал-губернаторының шешімімен Әлім

руанының хатшы іскері болады, әрі бала оқыту ісін одан әрі жалғастырады. 1777-1780 жылдары Қазан қаласына барып, ондағы мүфтимен қауышып, ақыл-кеңестер алған, 47 мүшеден тұратын мүфтиліктің құрамына енген. Қаражігіт Бектауұлы Кіші жүзден Бұқар медресесін бітірген және Қазан мүфтилігінің құрамына кірген бірінші діни қайраткер. 1788 жылдың 22 қыркүйегінде Ресей патшасы ІІ Екатеринаның жарлығымен Орынбор мүфтилігі құрылғанда Қаражігіт молда Мұхамбетжан Хұсайыновтан кейінгі мүфтилік дәрежеге бекітілді. Бірақ, Қаражігіт Бектауұлы Сырым Датұлы қозғалысына қатысқаны үшін оны екінші мүфтиліктен босатады. Ол сонда «Мен Алла жолына шынайы берілген адаммын. Халық деген Алланың бір аты. Сырым халықтың ұлы» деген екен. Сырым батыр көтерілісін қолдаған Қаражігіт Бектауұлының есімі сол заманның деректерінде жазылған [8].

XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген дін қызметкері Қонақбайұлы Қарағұл (шамамен 1806-1890). Ол Патшалы Ресей отаршылдығына қарсы газуат жасағандардың бірі болды. Кіші жүз аумағындағы 1847-1858 жылдар аралығында өткен ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі болды. Бейіті Шалқар ауданының аумағында Көкбұлақ деген жерде жерленген. [9].

XIX ғасырдың екінші жартысында Ақтөбе өңірінде ишандық дәстүрді дәріптеген ишандардың бірі Ықылас Досұлы. 1869 жылғы «Уақытша Ережеге» қарсы көтерілістің жетекшілерінің бірі. 1869 жылы қаңтар айында Уфаға барып, ондағы мүфтий қожа Сәлімгерей Тевкелевпен кездескен. Осы сапардан соң Ықылас ишан енгізгелі жатқан басқарудың жаңа тәртібіне патшалы билілікке ашық қарсы газуатқа шығады. Сол жылдың ақпан айында Тамды бойындағы өз ауылында Қобда-Елек бойының билерін шақырып, кеңес өткізіп, халықты ережені қабылдамауға, қару алып үкіметпен күресуге шақырады. 1869 жылдың көктемінде Ықылас ишан ел-жұртпен бірге Үстірт өңіріне қоныс аударған. 1874-1875 жылдарда Хиуа, Қожелі қалалары арқылы Парсы немесе Түркия еліне көшіп кеткен деген болжам бар [10]. Патшалық Ресейдің отарлау саясатының негізінде құрылған орыс қазақ мектептер мен приходтық мектептерде қазақ даласындағы мұсылманшылдыққа қарсы орыс мәдениеті мен православиесі дәріптеді. Өңірде отарлау саясатының ықпалына қарамастан дала сахарасында тұрғызылған мешіт, медреселер мұсылмандық білім мен мәдениеттің халық арасында қолдау тапқандығын нық көрсетеді. Көненің көзін көрген ақсақалдарының айтуынша Қазан төңкерісіне дейін өлкеде шамамен 240 мешіттің болғаны айтылады. Анықталған мұрағат деректерінде XX ғ. 20 жылдарында тіркеуге алынған 204-ке жуық мешіт, 88 православиелік шіркеу, 109 әртүрлі мінәжат үйлері болғандығын айғақтайды [11].

XIX ғасырдан мен XX ғасырдың басына дейін Ақтөбе өңірінде халықты мұсылмандыққа шақыруда аттары мәшһүр болған тұлғалар – Досжан ишан, Ишан-Ата, Шерліғұл ишан, Жетпісбай ишан, Сәтіғұл ишан, Берді ишан, Алматы ишан, Лаумағанбет ишан, Жұмағали ишан, Алдияр ишан, Ділмағамбет ишан Сары ишан, Ақ ишан, Шәкен ишан, Нұрпеке хазрет, Ахмет Халфе, Аманғали ахун, Пәтуалы ишан, және т.б. есімдерімен жалғастыруға болады. Олар діни сауаттылығымен, тақуалығыменен қатар дүниелік білімділігімен ерекшеленіп халық арасында үлкен құрметке ие болған. Сондықтан, халық «Қара молда», «Сары молда», «Ақ ишан», «Сары ишан» деп оларды құрмет атаулармен атауды әдетке айналдырды.

XX ғасырдың 20 жылдары өңірде кеңестер билігі күшеіп, дін қайраткерлердің қызметін қызыл әскер сынға алды. Жоғарыдан қабылдаған қатігез саясаты қолдамаған дін басылары қудалауға ұшырады. Қудалауға түскендердің бірі Сары ишан еді. Әбілхайыр хан ордасында қызмет жасаған Керейт Мүсірәлі шайхы Әзиздің (1856-1934) ұрпағы Қожахмет Үмбетұлы бұрынғы Қарабұтақ (Әйтеке би) ауданның жерінде өмір сүрген. Қайтыс болар шағында «Шаңғытбай қажы жатқан жерге жерлендер» деген ұрпағына өсиет қалдырған екен. Сары ишан жастайынан діни оқыған, патшалы биліктің нұсқауымен 1893 жылы Қарабұтақ ауданына келген дін қызметкері. Ыскөл, Сарыоба деген жерлерге мешіт-медресе салдырып бала оқытқан. Халық оның даналығына, діншілдігіне риза болып. Көпшілік оны құрмет тұтқандықтан Сары ишан болып аты аңызға айналған. 1912 жылы Сары ишан Ырғыз уезінің мұхтасибі болып қызметте атқарған. 1928 жылы Сары ишанның мешіті құлатылады. Кеңестің жендеттерінен тығылып, тасаланып жүрді. Қырғын тәркілеу кезінде 1929 жылы мал-мүліктері тіркеуге алынып, тәркілеуге ұшырады. кеңестердің дінге қарсы ызғарынан алыстау үшін кейін Нұраға, одан соң Нөкіске (Өзбекстан) қаласына көшеді. 1933 жылы ата қонысын аңсап еліне оралады. Имансыз қоғамның, биліктің дінге, дәстүрге қарсы озбырлық амалдарды көрген дін қайраткері өкінішпен 1934 жылы дүниеден озған [12].

Кеңестік үкметінің қабылданған конституциясының 65-бабы бойынша дін қызметкерлері, діндарлар азаматтық құқық пен еркін ойшылдықтан ажырады. Дін қызметкерлерін қоғамға қауіп төндіретін топқа, қылмыскерлерге теңестірілді. Әсіресе көпшілік мойындаған ишандар, молдалар тергеуге алынды, жеке мүліктері тәркіленді. XX ғасырдың басында халық арасында танымал болған келесі ишандар Абаниев Алекар, Айлитов Жүздібай, Ақтанов Шулан, Бітімбаев Абдулла, Баламбетов Сүлейман, Ташкенов Баймағамбет, Досмағұлов Жоламан, Дошанов Ғабдулла, Жакебаев Абдулла, Жамансарин Айнағұл, Ізтілеуов Сағидулла, Қошмухамиедов Мұхаметдин, Құлмағамбетов Айтқожа, Күйшібаев Мирман (Пірман), Наурызғалиев Ибат, Таубаев Теммағамбет(?), Сеітқазиев Дошан, Шаһмарданов Абдулхакім, Күнешұлы Нәби ишандар дін иелері деген атпен қудалануға ұшырады [13]. Сары ишанның ұлы Әбдіғани (1884 жылы Ыскөлке дүниеге келген, 1937 жылы шейт болды. Ол Самарқанд, Хиуа, Бұқар қалаларында 15 жыл жүріп жоғары діни білімге ие болған, экесінің ишандық дәстүрді жалғастырушы. Оқуын бітіргеннен кейін 1912 жылы Уфа қаласында өткен діни қайраткерлердің құрылтайына қатысып, Ырғыз уезінің солтүстік аудандарына бас имам болып тағайындалған. Әбдіғали молда 1927 жылы ұсталып жер аударылған. 1930 жылы елге оралған. 1937 жылы Шаңғытбай

қажының екі баласы ұсталып айдалғанын көрген Әбдіғани молда бүкіл діни кітаптарды әкесінің тамына көміп, діни қызметін тоқтатқан.

1937 жылы Әбдіғаниды қызыл әскер ұстап әкету туралы мынадай деректер бар: Қожахметов Әбдіғани (Әбдіғали) 1902 жылы Қарабұтақтың 18-ауылында туылған. Кәсібі ұста, малшы. 1937 жылы қыркүйектің үшінде Ақтөбе облысының УНКВД ұсталып КСРО-ң ҚК 58-1 бабы бойынша, астыртын үгіті үшін ату жазасына кесілген. 1965 жылы 19 маусымда Ақтөбе облыстық сотының шешімімен қаралған істе қылмыстық құрам анықталмағандықтан ақталған [14]. 1937-1938 жылдары дін қайраткерлері кеңес үкіметіне астыртын үгіті үшін деген жалаумен олардың кейбірі Сібір, Қазақстандағы лагерлерге, абақтыға жабылса, көпшілігі имандылығы мен сеніміне берік болғандығы үшін өкінішке орай атылып кетті.

#### Әдебиеттер

1. Амелин В.В., Денисов Д.Н., Моргунов К.А. Религия Оренбургского края: систематическое описание в 3-х томах. Том 3. – Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2016 – 3 с.
2. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қазақстан мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар (IX – XX ғғ.). – Алматы: «Аруна», 2009. 7-б.
3. <http://minbar.kz/article/show/id/9637.html>
4. Үсембаев Т. Алшын шежіресі – Қызылорда: Тұмар, 2003. 41-43 бет.
5. Досжан Хазірет: ғұмыргамалық баян. – Алматы: Дөйт-Принтхас, 2006 - 160 б. -57
6. Ибадуллаева З. Ишандар // Егемен Қазақстан. - 2008. - 11 қазан. - 5 б.
7. «Шалқар» Энциклопедия. Бас.ред. Т.Тілешов. – Шалқар, 2008. – 151 б.
8. Байдосов З. «Қаражігіт» - Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2008. 10-56 б.
9. «Шалқар» Энциклопедия. Бас.ред. Т.Тілешов. – Шалқар, 2008. – 164 б.
10. РФ ООММ (Ресей Федерациясы Орынбор Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты) 6-қор, 8-т, 8273 іс. 152 п.
11. АОММ (Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты) 13 қор, 8 тізбе, 288 іс. 3-п.
12. Р.Лиясова. Ел иесі, жер иесі. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2016. 95 б.
13. АОММ 4 қор, 1 тізбе, 12 іс. 302 п.
14. [http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/mvd\\_page/mvd\\_memorial/mObl4/mObl4\\_%D0%9A/246F57B4F4C01227E054002655122E6A](http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/mvd_page/mvd_memorial/mObl4/mObl4_%D0%9A/246F57B4F4C01227E054002655122E6A)

## “RAHMANKUL BERDİBAYEV’İN AKADEMİK ÇALIŞMALARI IŞIĞINDA NURSULTAN NAZARBAYEV’İN ‘GELECEĞE DOĞRU: MİLLİ UYANIŞ’INDAKİ MİLLİ UNSURLARIN YORUMU”

Orhan Söylemez

Prof. Dr.

Kastamonu Üniversitesi/Türkiye

Prof. Dr. Rahmankul Berdibayev ömrünün yirmi yılını Kazak ve genelde Türk folklorunu araştırmaya ayırdı. Kazak ve Türk halklarının halk edebiyatı ürünlerini, destanlarını inceledi, karşılaştırmalı çalışmalar yaptı. Bundan amacı, bütün Türk halklarının destanlarında “Türk etnogenezi”ni yani “Türk halklarının ortak köklerine” ortaya koymaktı. Bunları *Kazak Eposu*, *Sarkılmas Kazına*, *Kevser Bulak*, *Epos-El Kazınası*, *Cırşılık Destur* gibi kitaplarıyla ortaya koydu. Ödül de aldı. Şokan Velihanov ödülü kendisine verildi. Orınbek Coldıbay’ın ifadesiyle söylemek gerekirse; “Alim Rahmankul Berdibayev’in incelemelerinin bir başka yönü de, kökü bir kardeş halkların edebiyatının birbirleri ile bağlarını göstermekti.”<sup>8</sup>

Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev de 12 Nisan 2017’de çok önemli bir makale yayınladı: “Geleceğe doğru: Milli uyanış.” Önemli bir makale ve Rahmankul Berdibayev’in ömrünü adadığı davanın Devlet Başkanı tarafından somutlaştırılmış hali. Nazarbayev, makalesinde “ultık biregeylik”ten yani “milli bağımsızlık”tan bahsediyor. Aynı şekilde 23 yıl önce Columbia Üniversitesi’nde Kazakistan’ın “ultık biregeyliği” üzerine yazılmış bir doktora tezinin hikayesi bu makalenin konusunu içeriyor. Rahmankul Berdibayev’in “Ruhu yıkılmayan millet” yazısı, Nazarbayev’in makalesi kadar önemlidir. Berdibayev’in yine Manas destanından bulup çıkardığı ve en azından şimdilik Türkiye’deki literatüre girmeye çalışan “Közmanlar hakkında efsaneler” başlıklı yazısı da burada yorumlanacaktır.<sup>9</sup> “Közkananlık” kavramı olarak, Cengiz Aytmatov’un dünya edebiyatına kazandırdığı “Mankurtluk” kavramının bir başka çeşididir.

### “In the light of the academic studies of Rahmankul Berdibayev, interpretation of national elements in Nursultan Nazarbayev’s article ‘Towards the Future: National Awakening’”

Abstract

Professor Rahmankul Berdibayev dedicated twenty years of his life to the Kazakh and Turkish folklore in general. He studied folk literature products, epics of Kazakhs and Turkic peoples and made comparative studies. The purpose of this was to reveal the “Turkish ethnogenesis in the epics of all Turkish peoples, namely the common roots of the Turkish peoples. These were revealed within his books such as *Kazak Eposu*, *Sarkılmas Kazına*, *Kevser Bulak*, *Epos-El Kazınası* and *Cırşılık Destur*. He was awarded with the Şokan Velihanov prize. In the words of Orınbek Coldıbay; “Another aspect of the studies of Rahmankul Berdibayev was to show the ties of the literature of a brotherly people with each other.”

President Nursultan Nazarbayev also published a very important article on April 12, 2017: Towards the future: National awakening. An important article and the state of the case that Rahmankul Berdibayev dedicated his life. In his article, Nazarbayev speaks of “ultimately one”, that is “national independence.” Similarly, the story of a doctoral thesis written at Columbia University 23 years ago on the struggle for independence in Kazakhstan is also one of the subjects of this article. Rahmankul Berdibayev’s another article called “The nation whose soul is not destroyed is as important as Nazarbayev’s article. This article is also looked into

<sup>8</sup> Орынбек Жолдыбай. “Ұлттық Мұрат Биігінен” *Галым Мұраты*. Түркістан: ХҚТУ баспаханасы, 2004. s. 123

<sup>9</sup> Рахманқұл Бердібай. *Байқалдан Балқанға Дейін*. Алматы: Қазақстан, 1996. s. 45-51

because it carries the term “koz kaman” which he discovered the Manas epic, at least for now trying to enter the literature in Turkey and it is also a symbol for those volenterly become slave.

Almatı’da Kazak İlimler Akademisi, Edebiyat Enstitüsü, Halk Bilimi Bölümü Başkanlığı yaparken oradan ayrılıp Türkistan’a gelen ve Türk dünyasının ilk ortak üniversitesi olan Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Dil-Tarih Fakültesi, Kazak Dili ve Edebiyatı Bölümü Öğretim Üyesi olarak çalışmaya başlayan bir akademisyen. Rahmetli Berdibayev, çalıştığı dönemde bölüm başkanlığını da yürütmüştür.

Akademisyen kimliğiyle Rahmankul Berdibayev, Kazakistan’daki en yüksek ilim payesi olan “Akademik” unvanlı “Halkbilimci”lerden biridir. Gazeteci Orınbek Coldıbay’ın “Ullttık murat biyiginen” başlıklı yazısında onun hayatını ve hayatı boyunca Kazak halkı, dili, edebiyatı, kültürü, gelenek ve görenekleri, mektepleri, folkloru için verdiği mücadeleyi etraflıca anlatmaktadır.<sup>10</sup>

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Aбіşulı Nazarbayev’in “Geleceğe doğru: Manevî uyanış” başlıklı bildirisi 12 Nisan 2017’de gazetelerde yayımlandı. Başlıklar şöyle:

Kirispe (Giriş)

1. XXI. Gasırdagı ullttık sana turalı (21. Asırdaki millî şuur hakkında)

a. Baskelik kabilet (Rekabet gücü)

b. Pragmatizm (Faydacılık)

c. Ullttık biregeylikti saktav (Millî kimliğin korunması)

d. Bilimdin saltanat kuruvı (Bilimin egemen olması)

e. Kazakistanın revolutsiyalık emes, evolutsiyalık damuvı (Kazakistan’ın devrimsel değil, evrimsel gelişimi)

f. Sananın aşkıttığı (Bilinçlenme)

2. Tayav cıldardagı mindetter (Yakın gelecekte yapılması gerekenler)

a. Kazak tilin birtindep latin alfabetesine köşirüv (Kazak dilinin aşamalı olarak Latin harflerine geçirilmesi)

b. Cana gumanitarlık bilim. Kazak tilindegi 100 cana okuluk. (Yeni sosyal bilimler. Kazak dilindeki 100 yeni ders kitabı)

c. Tuvgan cerge tuvındı tik (Anavatanına bayrağını dik)

Ж.Нәжімеденов лирикасына тән ерекшелік – еркін образ жасау шеберлігі. Ақын табиғаттың тек сыртқы сұлулығын ғана жалаң суретке түсірмейді, сол сыртқы сұлулықтың ішкі мазмұнына үңіледі. Ішкі мазмұн арқылы жаратылыс пен адам жанының үйлесімін дәл тауып, суреттейді: Сәуірдің аспанында бұрқыраған,//Бір құлаш//Ақша бұлттан жыртып алам://Үнілем кеудесіне дүниенің,//Түк емес сұлулықтың сырты маған. Жүмекеннің жүрек жарды шын сыры, ақындық ұстаным, кредосы бұл. Ақын қиялының ұшқырлығына, ой өткірлігіне таң қалмай тұра алмайсың. «Сәуірдің аспанында ақша бұлттан бір құлаш жыртып алып, тылсым дүние кеудесіне үніліп тұрған» ақынды арзан сыртқы жылтыр сұлулық қанағаттандырмайды. Жалпы, осы бір-ақ шумақ арқылы үлкен бейнелі образ – лирикалық қаһарманның бейнесі жасалып тұр.

Ақынның табиғат лирикасынан жалаң, жалпылама, жадағай суреттеулерді кездестіре алмайсың. Ақын нені болса да тамаша образдық қалыпқа салып суреттейді: Тоқтай тұр, екпінді жел, баспалама,//Тілеймін тыныштықты астанама//Емізіп бұлт-емшегін Алатауға//Керіліп жатыр, әне, аспан-ана.// Жаңа ғана асқақ, паң Алатау енді «аспан-ананың емшегін еміп, алаңсыз жатқан сәби» бейнесіне түседі. Алатаудың бұл кейпіне кәміл сенесіз де. Өйткені, образ нанымды беріліп тұр. Суреткер шеберлігінің бір қыры да осы образды нанымды бере білуінде. Ақын мұнда табиғаттың ғаламат сұлулығын сырттай ғана бақылап тұрған жоқ, табиғаттың сол сұлулығын тірілтіп, жанды кейіпке енгізіп, тілдесіп, сөйлесіп тұр. Табиғат пен адамның арасындағы диалог ұлттық поэзияда ежелден қалыптасқан дәстүр. Дегенмен, Жүмекен қолданысында бейнелеудің тосын, жаңа бір тәсілі секілді әсер қалдырады. Мысалы: Бұлақ, бұлақ... бұлақ біткен//тек биіктен таралады//Алатаудың барлық даңқы//Бұлт үстінен қарғаны//Сонсоң оның Алатау боп//Тұруы ғой – бар керегі!//Ал адамдар аспаннан да//Төмен тұруды ар көреді.//

Табиғат суреттері мен өмір пәлсапасын, табиғат тағдыры мен адам тағдырын бұдан артық дәл беру мүмкін емес. Табиғат пен адам болмысының қасиеттері бірлік пен тұтастықта алынып, үлкен философиялық мәні бар түйін жасалып тұр. Ақын адами амбицияның кейде табиғи өлшем кемерінен де асып кетіп жататынын, осыдан барып адам мен табиғат арасындағы қайшылықтың келіп туындайтынын меңзейді. Академик З. Қабдолов: «Нағыз пейзаж – поэзия. Мінез! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауынан, сезіну-түйсінулерінен, көңіл-күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ», - дейді.

Жүмекен қабылдауында табиғат – поэзия. Шындық атаулыдан алшақ, абстрактылы поэзия емес, ақыл мен жүректің сарабынан өтіп, өмір шындығының өзегінен суырылып алынған тірі, жанды поэзия. Мысалы: Көк бұлақтар шаш өреді бұралап://Әрбір талын хақ нұрынан құрап ап,//Жыра кернеп, сайға құлап жыламақ//Құлағаны үшін шынды кінәлап//Ал тау жатыр бұлт арқалап тұралап//Жарты әлемді басып алған етпеттеп//Таулар сондай,//Төбелер көп, көп-көп-көп,//Бірақ менің Алатауым біреу-ақ.//

Ақын мынау өмірдегі ірілік пен ұсақтықтың, аласалық пен биіктіктің арасындағы айырмашылықты табиғат құбылыстарын көркем бейнелеу арқылы астарлап жеткізеді. Бұл жолдардағы «жыра», «сайға» құлағанын биік шыңнан көріп жылайтын «көк бұлақтар» – бес күндік тіршілігін қанағат тұтқан кәдімгі пенделер, ал «бұлт арқалап, жарты әлемді басып етбетінен жатқан» тау - өмірі аңызға айналған халық қаһарманы Бауыржан Батырдың бейнесі. Батыр тұлғасын ақын асқақ Алатауға теңеу арқылы басқалардан даралап, биіктетіп көрсетеді. Бұл – образ жасаудағы суреткер шеберлігінің айғағы.

Жүмекен Нәжімеденов – қазақ лирикасындағы адам және табиғат арасындағы тамырластықты ұлттық тұрғыда, ұлттық қалыпта жырлаған ақын. Ақын шығармашылығының жемісті арнасы – лирикадағы табиғат пен адам тіршілігінің сабақтастығына байланысты таным-түсініктерді ұлттық түйсіну мен ұлттық сана ерекшеліктері тұрғысынан көрсете білу.

Жүмекен, сондай - ақ, туысқан елдер әдебиетін насихаттауға көп еңбек сіңірді. Ол А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, В.Маяковскийдің, А.Блоктың, М.Цветаеваның, С.Есениннің шығармаларын қазақ тілінде

сөйлетті, олардың аудармаларының түпнұсқаларындағы асылы мен нәрін жоғалтпауға тырысты. Ақынның орыс тіліне аударылған «Весенние ветры» (1969), «Мое рождение» (1982), «Тебе говорю, потомок» (1986), «Солнцеворот» (1994) атты өлеңдер жинақтары басылды. 2003 жылы Санкт-Петербург қаласында орыс тіліне аударылған таңдамалы өлеңдері топтастырылған «Я есть» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы жарық көрді. Ж. Нәжімеденов аударма саласында Сағдидың «Бустан» дастанын, Түрік ақындарының өлеңдерін, А. Блоктың «Зауал» дастанын, М. Лермонтов пен В. Маяковскийдің көптеген өлеңдерін, А. Вознесенскийдің шығармалар жинағын қазақ тіліне аударды.

Қазақ поэзиясында қайталанбас үні қалған Жұмекен ақынның ұлттық көркем аударма өнерінде де өзіндік қолтаңбасы бар екені белгілі болғанымен де, бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны болмай келеді.

Жалпы, көркем тәржіма – күрделі шығармашылық өнер екені даусыз ақиқат. Поэзия, өлең – көркем сөздің сарасы болса, оның аудармасы да –көркем тәржіманың сарасы болып шығуға тиіс болса керек. Екі ақынның шығармашылық қуаты мен шеберлігі тең дәрежеде келгенде, аударма төл туындыдан еш кем соқпай, өзге тілде соншалықты табиғи, жатық болып шығады. Мәселен, Жұмекен ақынның А.Пушкиннен аударған бір ғана тармағына көз салсақ, поэтикалық аударманың өзіндік ерекшелігі мен шеберлігіне тәнті боласыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Нәжімеденов Ж. Қыран-қия. Өлеңдер, толғаулар, балладалар және поэмалар. – Алматы: Жалын, 1984. – 128 б.
2. Нәжімеденов Ж. Темірқазық: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 344 б.

## **FAIRY-TALE PROSE IN THE EPIC NOVEL “THE PATH OF ABAI”**

**Тлембаева Айнур Саламатовна**  
магистр, преподаватель

**РГУ «Военный институт Сил Воздушной обороны имени дважды  
Героя Советского Союза Т.Я.Бегельдинова» МО РК**  
г. Ақтобе, Казахстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада М.Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясындағы ертегілер мен аңыз әңгімелері туралы қарастырылып, оларға роман эпопеядан мысалдар келтіріледі.

**Аннотация.** В данной статье дается анализ роман-эпопеи «Путь Абая» и народной сказки.

**Annotation.** This article is devoted to the peculiarity of use the fairy-tale and legend plot in the epic novel “The Path of Abai”.

**Тірек сөздері.** Ертегі, аңыз, сюжет, дәстүрлі баллада.

**Ключевые слова.** Сказка, легенда, сюжет, традиционная баллада.

**Keywords.** A fairy tale, legend, plot, traditional ballad.

A fairy tale is a fictional story that may feature folkloric characters (such as fairies, goblins, elves, trolls, witches, giants, and talking animals) and enchantments, often involving a far-fetched sequence of events. The term is also used to describe something blessed with unusual happiness, as in "fairy tale ending" (a happy ending) or "fairy tale romance," though not all fairy tales end happily. Fairy tales are a genre in literature. They have their roots in the oral tradition. Fairy tales with very similar plots, characters, and motifs are found spread across many different cultures. Fairy tales also tend to take on the color of their location, through the choice of motifs, the style in which they are told, and the depiction of character and local color. [1]

So, the first literary work in life of each person is the fairy tale. The fairy tale occupies one of the most powerful places in world fiction.

The fairy tale — one of folklore genres, or literatures. Epic, mainly prosaic work of magic character, usually with the happy end. As a rule, fairy tales are designed for children.

The fairy-tale prose in romance - epic arises the interest of many readers, also it gives an artistic and fantastic appears for them. Especially, it develops educational habits of children.

This epic work shows that Abay's grandmother was the magic tale-teller. Abay learnt folklore fairy-tales from his childhood and got useful advices and education for due to kazakh literature. Cognitive folk fairy-tales were introduced to future great writer by his grandmother Zere:

His nature too had undergone a great change. He could have ridden horseback now, but felt no inclination to do so. He avoided the boys of his own age and found other friends –the best of them, his grandmother, and next his mother.

It was only that year that Abai fully realized what a wonderful story-teller his grandmother was. Her words charmed the ear and gripped the imagination.

Unable to fall asleep for pain one day during his illness, Abai had begged his grandmother to tell him a story. Old Zereh had reflected for a moment and had then begun to speak –and they were not words that she had strung together, but an endless string of pearls.

The ages are hidden from us in a haze,

And who has their secrets divined?

She began in a sing-song. The words fastened themselves in Abai's memory, and on the next occasion he had only to touch her knee and remind her:

The ages are hidden from us in a haze,

And who has their secrets divined?

This came to be his way of pleading for new stories.

Zereh knew many of them: Edil-Zhaik, Zhupar-Koriga, Kula-Mergen and other legends. Abai made her tell them to him from morning till evening, even during the journey. [2, 41]

«Before changing his last stories to such romances Baimagambet was tale teller of stories such as "Thousand and one night", and he understood that it was his beginning of reading. He told about only East and Kazakh fairy-tales, persian's composition "40 parrots", Rustem, Zhamshit, Sharken, three blind people, Seitbattal, and kazakh Zhaiyk and Zhupar reserves and Ertostik. There were Baimagambet's exclusive works».

There were many stories among the fairy tales such as "Karashor Shapkan" and about the sorrows of kazakh girls Mamyr and Enlik which are told by his grandmother. The meaning and content of the work "Botakan owagy" importantly influenced for his future life. Writer's artistic decision in this plot was so attractive. Writer not only put his attention to adults interests in his wonderful, pleasant works, also he appreciate the fantasy of children.

In the story which is written in one of the part of his first book "Kaitkanda" the author magnificiently describes the actions of a listener and great teller, there wasn't exactly content plot, but the describing was so pleasant and with the thin literature tender. Here, it is exactly improved that hard learning on fairy tales and stories told by grandmother achieved high educational quality and the given experiences continued succesfully.

**Legend** an old story handed down from the past, which may or may not be true [3, 265].

**Plot** refers to the sequence of events inside a story which affect other events through the principle of cause and effect. The causal events of a plot can be thought of as a series of sentences linked by "and so." Plots can vary from simple structures such as in a traditional ballad to complex interwoven structures sometimes referred to as an *imbroglio*. The term *plot* can serve as a verb and refer to a character planning future actions in the story [4].

The next legend plot in romance-epic is the story at the Suindik's table about the mountains around the Shyngys region and hills where Abay grew up. The plot's main hero was Abay.

Shyngys's name is the historical-toponym name. The meaning of the name is explaining by the mountain's winter. The winter was really cold, that's why from kazakh language the name translated as "shyn-real", "kys- winter". But Abay improved that it was false information. There is only historical proof that the name Shyngys was in a history. Abay agreed with such opinion in the epic. Of course, each historical time has itsown differents, for example, people of that time could foretell something by the khan highness, horde mountain, guards' ceiling:

Togzhan had come to the yurta to look after the guests. She told the servant to spread the cloth and serve the tea and herself took a place at her father's side.

"Suyundik-aga," Abai addressed his host, "why is the lone mountain over there called Karaul?"

"Who can say, my son," replied Suyundik, adding: "There was a time when the Tobiky and the Mamai were constantly at war. This name must have come down from olden times."

"You suppose that the name came from us, the Tobiky?"

"From whom else? All places here received their names from the Tobiky."

"What about Chinghis? Was there ever a man called Chinghis among the Tobiky?"

"No! You are right. How did that ridge come to be called Chinghis?" pondered Suyundik.

Adilbek was annoyed to see that his father was at a loss and hastened to the rescue.

"They say the name comes from the word 'shinkis.' The winters have always been very cold here."

"Hardly," objected Abai. "Chinghis was the name of a famous khan."

"That's true. I've heard of him –I can't quite remember what. Tell us about him, my son".

The young man related all he knew of Chinghis khan and his conquests and ventured a few gusses of his own:

"That is, probably, why the ridge is called Chinghis and its highest peak Khan. The other mountain which stands some what apart may have been the site of his camp. That, perhaps, is why it is called the Horde. And it is possible that the name Karaul, too, springs from that time." [2, 110]

According to historical materials Abays works never seemed as a simple writings, they had value meaning which was named - the truth. As a proof of it is the article written by Abay "Several words about origin or birth of kazakh people". Abay knew more information about Khan Shyngys and he has a positive point of view about him.

The excerpt from the article:

«Have kazakh people congratulated ever with birth Shyngys khan from mongols ? But it was unknown , the place of birth, it was on Shyngys mountain, on the hill "khan" Shyngys was born and was risen on the white felt by Khan. That's why the mountain took a name "Shyngys", and here it is understandable why Shyngys khan took such name. [5, 168].

So many questions were troubling your mind when you read everything , one of them What kind of literature helped Abay in writing such materials . Encyclopedia includes following materials: "... «... Here we imagine the person who knows Chinese very well, whose name was the legend name in Russia, who was East literator, the Chuvash's son N.Ya.Bichurin's - individual image , his name was well-known all over the world not for Russia ,also remember the work which was written in 1851y. contains three toms «Several informations about people who lived in the Central Asia in ancient time . If compare this work with the Abay's work, we will understand that Abay was introduced by his works. Of course Abay read chinese materisls by the translations of Bichurin , after, hisown opinions appeared about them as he was a writer too and he was a person who understdnd such talent and appreciate it" [6, 173]. Then Abay started reading another historical materials about kazakh people in russian, persian, arabic, and chinese languages. According to the historical materials we found something about Shyngys Khan: «Temudzhin (1155-1227) –the mongol's khan, He built Great Mongol Empire, great military and great State personality. Shyngys khan met more

unexperienced enemies , he used great methods in fighting and he always won, especially he didn't fair the main enemies in 1183-1204y.for the authority of government. In 1206 year he officially announced as Great Khan and his name became to Shyngyskhan[6, 610]. Abay has the poem about Shyngys Khan "What do you do with useless slave...?", where he only wrote good words about him as he never see anything bad . It is impossible don't notice writer's genealogical, ethnographical abilities, exactly only they make his compositions' plot richer and wonder readers.

#### Literature

1. <http://www.surfturk.com/mythology/fairytaleelements.html>
2. Mukhtar Auezov, «Abai zholy», –Almaty “Zhazushy”, 1989.
3. Tolkovyi slovar’ anglijskogo yazyka Oxford –Astrel’, ACT,2008.
4. [https://en.wikipedia.org/wiki/Plot\\_\(narrative\)](https://en.wikipedia.org/wiki/Plot_(narrative))
5. Abai. Eki tomdyk shygarmalar zhinagy. Ekinshi tom
6. Abai. Enciklopediya.

## МАҚАЛАДА ЖАЗУШЫ ДУЛАТ ИСАБЕКОВТЫҢ «ЕСКЕРТКІШ» ЖӘНЕ «ТАЛАХАН-186» ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ САТИРАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Төле М.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада жазушы Дулат Исабековтың «Ескерткіш» және «Талахан-186» атты әңгімелеріндегі сатираның қолданылуы туралы айтылады. Сатираның шығармадағы алатын орны, қолданылу ерекшеліктері талданады.

**Аннотация.** Данная статья описывает использование сатиры в произведениях Дулата Исабекова «Памятник» и «Талахан-186». Анализируются особенности применения и место сатиры в произведениях.

**Annotation.** This article describes the use of satire in the works of Dulat Isabekov "Monument" and "Talahan-186". The features of application and the place of satire in the works are analyzed.

**Тірек сөздері:** сатира, юмор, күлкі, ирония, образ, характер, қаламгер.

**Ключевые слова:** сатира, юмор, смех, ирония, образ, характер, писатель.

**Key words:** satire, humor, laugh, irony character (personality), writer.

Сатиралық шығармаларда әсірелеу (гротеск), гипербола (өсіру, үлкейту), тұспалдау (аллегория), юмор (достық рәуіштегі күлкі), ирония (жеңіл әжуа), сарказм (ащы мысқыл, кекесін), т.б. бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады. «Сатира мен юморға бара жолда қаламгер сезім арқылы алдымен комизмді табады мұнан соң оның күлкілі сырын ашады, одан кейін соған деген қатысын, бағасын тапқырлық көмегімен шебер де әсерлі баяндап, суреттеп береді. Яғни сатира, юмор негіздері юморлық сезім, комизм, күлкі және тапқырлық» дейді өз зерттеуінде ғалым Т.Қожакеев [1; 346].

Адам мен қоғам бойын жайлап бара жатқан бойкүйездік пен салғырттыққа, шамшылдық пен жалған намысқорлыққа қарсы сөйлеп, келеңсіз қасиеттерді ұтымды деталь, сәтті ситуациялар арқылы әжуалап, келеке кейіпті көрсете білген жазушы Дулат Исабеков шығармаларынан сатираны көптеп кездестіруге болады. Мәселен, «Ескерткіш» пен «Талахан-186» әңгімелеріндегі ащы мысқылды анық көрсеткен өзгеше образдар мен жанаша көркемдік шешімдерді бірден аңғара аламыз.

Қоғамның күлкілі жағдайын шыншылдықпен суреттеген «Ескерткіш» әңгімесінде бір орталыққа бағынудың салдарынан кешегі қой бағып, тері илеген қазақтың ұрпағы Әштен арқылы бүгінде бір шөлмек арақтың құлы болып, жүйенің дегеніне көніп, тірідей ескерткішке айналып тұрғандығын:

- *Жарайды, деді ол кереуеттің басында тұрған шалбарына қол созып. Райком үшін көндім!*

- *Бірақ, бұл жөнінде жан адам білмейтін болсын. Тіпті әйеліңізге де тіс жармаңыз.*

- *Ол не үшін болады?*

*Жігіттердің бірі оған конверт ұстата қойды. Әштен конверттің аузын ашып ішіне үңіліп қарады да, кигелі жатқан шалбарының қалтасына сұға салды. [2; 137 б].* - деген жолдардан анық ұғынамыз. Жазушы жалған намысты жалау етіп, ақша мен құлқынның қамы үшін ар мен адамдықты аттап, жалған бетперде жамылған, бір уақыт та күлкілі, енді бір уақытта жалынышты Әштеннің іс- әрекеті оқырманды күлдіртіп қана қоймай, еріксіз ойландырады.

Әлеуметтік жүгі ауыр бұл шығарма арқылы автор жалғандық пен өтірік топырағында өсіп-өнген тіршілігі азып-тоза бастаған қоғамның бар болмыс бітімін аудандық партия комитетінің секретары Жанайдаровтың жағымпаздық, қорқақтық, пайдакүнемдік пен екіжүзділікті көрсететін образы арқылы дәлелдейді:

- *Алло, -деді ол дауысын әрі шаршаған, әрі таң атпай жұмыстан басқаны ойламай отырған іскер адамның мақамына салып маңыздана...*

- *Тыңдап тұрмын! Жанайдаров! Ә-ә, сәлеметсіз бе, Тұрсын Сатанович! – оның аліндегі самарқау маңғаздығынан тұқым да қалмай, трубканың ішіне еніп кете жаздады. [2; 131 б].* – деген жолдардан жазушының Жанайдаров сынды «маңызды» адамдарды ащы мысқылмен сынап, сатираның қаруын дәл орнымен жұмсау шебергін байқаймыз.

Қарапайым еңбек адамын асқақтатып, мерейін өсіремін деп көпіріп сөйлейтін қоғамның, шындығына келгенде оны жәбірлейтін озбыр қоғам екенін қарапайым бір деталь арқылы ғана жеріне жеткізіп суреттеп

береді. Қарапайым еңбек адамын асқақтатамыз деген идеология бар болғаны көбік ауыз догма екенін, оның бүкіл болмыс бітімі, Әштен сияқты қарапайым еңбек адамын қорлау екенін ұқтырды.

Жазушының «Талахан-186» шығармасының табиғаты туралы көрнекті ақын *Т.Медетбек: Дулат Исабековтың «Талахан-186», «Ай Петри ақиқаты» шығармаларын классикалық деңгейдегі шығармалар десек түк те қателеспейміз, - дей келе - Мен өз басым осы уақытқа дейін адамдар бойын жәулап алған күйкі ұқсастықты дәл осы «Талахан – 186» шығармасындай көрсетіп берген шығарманы білмеймін.* [3; 109 б]. – деген пікір айтады.

*Егер еріншектіктен дүниежүзілік жарыс өткізілетін болса және оған ерінбей қазақтар да қатыса қалса, халықаралық қазылар алқасы бас жүлдені ойланбастан қазақтарға беретініне өз басым бәс тіге аламын.* [2; 121 б]. – деп басталатын «Талахан-186» әңгімесі оқырманды күлкіге бөлей отырып, соның ішінде адамдар арасындағы қарым-қатынасты қатал сынға алады.

Күндердің бір күнінде ауыл адамдарының бірі апанда өсіп тұрған помидорды көре қалады ғой. Бүкіл жан дүниесін, рухани болмысын, ел мен жерге деген биік махаббатын тонатып алған кілең бір күйкі адамдар, сол апандағы помидордың қалай пайда болғанына, оның қалай өскеніне, қандай сортқа жататынына бастарын ауыртып, жүйкесін тоздыртып әлекке түседі. Енді олар үшін сол өсіп шыққан помидордың сортын анықтаудан өткен үлкен мәселе, ұлағатты шаруа болмай қалады. Ақыры арты дауға ұласады:

- Сіз? .. Сіз? Қ-қ- қалай? – деді мұғалім кекештеніп.

- «Әбдешитің үйлену тойына не қосарымды білмей тұрмын», - деп деректірің қиналған кезде мен болатынмын оған айлығын өсірсеңіз қайтеді деп ақыл берген. Енді түсіндің бе? Мен айтпасам жүрер ең осы кезге шейін жүз соммен сүмеңдеп. Күнін көре алмай жүріп, «Қандала деген ел жоқ» дейді маған барым. [2; 124 б]. – деген сөздерден автордың білімсіздік, надандық, менменшілдік сияқты қасиеттерді қолдана отырып Ипатша секілді адамдардың іс-әрекетін әжуалап, болмыс-бітімін, ішкі дәрежесін, кейіпкер характерін ашып көрсетеді.

Ең сұмдығы сол тағы да бір ұсақ күйкілік дертіне бірер адам ғана емес, бүкіл ауыл шалдыққан. Міне, қасіреттің үлкені қайда жатыр! Ондай күйкі бейшаралық орын алған кезде атамекеннің тозаңын шығарып жатқан Семейдегі жарылыс та, Иран мен Ирак арасындағы қантөгіс те түк емес. Ондай кезде Пікән сияқтылар: - Әй, оттамай аузыңды жапшы-ей! Не істерге білмей жұрттың басы қатып тұрса, қайдағыны айтып қақсай бергені несі... Бұл помидордың сортын анықтай алмай тұрған Пікәннің Бектұрдың ядролық жарылыс пен қантөгіс туралы айтқан хабарына қайтарған жауабы. Автор әңгімеде адам жанының азып-тозуы осындай күйкі ұғым мен ұсақ мүддеден басталатынын сатира арқылы көрсеткісі келген.

Қорытындылай келе, Дулат Исабековтың «Ескерткіш» және «Талахан-186» әңгімелерінде әлеуметтік - философиялық мәселелердің сатира, көркем тартыс, образ болмысы арқылы көрініс табатынына көз жеткізе түсеміз.

#### **Әдебиеттер**

1. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Алматы, 1996ж. 34 бет.
2. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалары. Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2014ж. 121-137 б.
3. Темірхан Медетбек. Уақыт – заман ағыны. 3-том 109 б.
4. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2.

## **ЛАТЫН – ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ**

**Турғалиева Несібелі Турғалиевна  
«Ғибрат» оқыту орталығының ұстазы  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

Адам баласы жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет, агент т.б. арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Әліпби мен жазу - адамзат тарихындағы ұрпақтан-ұрпаққа қалдыратын құнды дүниелердің бірі. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деген болатын[1.2]. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының айтқан сөздері бірден халықтың көңілінен шығып, ықыласына ие болды. Бұл елдің болашағы, мемлекеттік тілдің келешегі үшін жазылған терең мазмұнды мақала болды. Қазір латын әліпбиіне көшудің дұрыстығын күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қазақ әліпбиі мен жазуын латын қарпіне көшіру мәселесін Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» «стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында айтып: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруге, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп атап көрсеткен еді[2.73]. Сондықтан Елбасының тікелей бастауымен латын әліпбиіне көшуге кірісіп кеттік. Бұл ісіміз дер кезінде қолға алынып отырған, ел қуана қолдап отырған бастама деп есептейміз.

Қазақ әліпбиі мен жазуы 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдауына орай латынға көшірілгені белгілі. Алғашқы латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінде 9 дауысты, 2 жарты дауысты, 18 дауыссыз дыбысты таңбалайтын 29 қаріп болды. Ал бұл әліпбиді жетілдіру ісіне үлес қосқандардың бірі жерлесіміз профессор Қ.Жұбанов еді. «Өткен ғасырдың 30-жылдарының орта тұсында латын қаріптерін қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бейімдеу жұмыстарына белсене араласқан ғалымдардың бірі профессор Қ.Жұбанов еді. Қазіргі таңда қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы әңгіме қозғалып отырса, осы мәселеге өткен ғасырдың 30-жылдарында-ақ белсене араласқан профессор Құдайберген Жұбанов ұстанымдары еріксіз ойға оралады», - дейді ғалым мұрасын зерттеуші Н.А.Садуақас[3.16]. Профессор Қ.Жұбанов ұсынған жобада 25 қаріп, бір дәйекші көрсетілген екен. Оның қазақ жазуын жетілдіру бағытындағы ғылыми ұстанымдарының маңызы зор болды. Ғалым Н.А.Садуақастың зерттеуіне қарағанда, алғашқы латынға негізделген қазақ әліпбиінде «g», «c», «n» қаріптерінің үстінде не құйрығында қосымша белгісі болса - «ғ», «ж», «ң» дыбыстары, ал қосымша белгісі болмаса, олар «г», «ш», «н» дыбыстары деп оқылды. Сондықтан Қ.Жұбанов жазу кезіндегі қиындық тудыратын қосымша белгілермен таңбаланған «ғ» дыбысын танытатын «g» қарпін - «h», ал «ж» дыбысын танытатын құйрықты «c» қарпін «белі сызылған» - «z» қаріптерімен алмастыру керек деген ұсыныс айтқан екен[4.182]. Қазақ тілінде «h» дыбысы одағай сөздерден басқа жерде жоқ болғандықтан, бұл қаріпті «ғ» дыбысын таңбалауға алуды ұсынады. Қ.Жұбанов өзі ұсынған әліпбиде дәйекші, яғни жіңішкелікті білдіретін белгі енгізуіне байланысты, «a», «o» қаріптері арқылы жуан-жіңішке «a-ә», «o-ө» егіз дауыстыларды бір «a», «o» қаріптері арқылы таңбалауға болатындығын, сондықтан «ә», «ө» дыбыстары үшін алынған қаріптердің қажетсіздігін айтады. Осындай жағдайда «ұ», «ү» дыбыстары үшін алынған латынның «u», «u» әріптерінің орнына латынның бір ғана «y» таңбасын қалдырып, екі дыбысты дәйекші арқылы ажыратып, ал латын «u» таңбасымен қазақ тіліндегі «y» дыбысын белгілеп, бұрын «y» дыбысын таңбалауға алынған «v» қарпін де әліпбиден шығаруға болатынын да көрсеткен екен[4.184].

Мемлекет басшысының қазақ жазуын латын әріптеріне көшіру туралы тапсырмасының маңызы зор. Себебі қазақ жазуын латын әріптеріне көшіру - ел болашағы, жас ұрпақтың, оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Қазіргі кезде ғылыми қауым, жалпы жұртшылық арасында қазақ тіліне, оның жазуына сай келетін латын графикалы әліпби жобаларын талқылау жұмыстары аяқталды. Елбасы Жарлығымен бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін ел арасында таныстыру жұмыстары ерекше қарқынмен жүргізілді. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып, латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондай-ақ, латын қаріптері «көру-қабылдау-тану-жазу» талаптарына да сай. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын қаріптерін қолданатын елдердің әліпбиіндегі қаріп саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады.

Дүниежүзі елдерінің 80 пайызы латын қарпін қолданады. Латын әліпбиі тек қана қазақ тіліне, қазақ жазуына қатысты. Біз ағылшынды кириллицамен жазбайтынымыз сияқты, Қазақстандағы орыс тілінің оқулығы кириллицамен жазылады. Орыс мектептеріндегі балалар орыс тілін кириллицамен, қазақ тілін латынмен оқиды. Орыс тілі қазақтар үшін шет тілі болып қалады. Латын арқылы біздің сыртқы әлеммен қатынасымыз ешқандай арамыздағы көпір орысшасыз бірден басталады. Бізде қазір барлық нәрсе орыс тілі арқылы. Шетелдік географиялық атау, адам аттары, терминдер, барлығы орысша ой арқылы келеді. Мысалы Португалия емес Португалия, Галливуд емес Холливуд, Гейне емес Нейне т.б. Ғалым Ә.Жүнісбектің айтуынша, көпшілік жұрт әліпби ауыстыру дегенді бір таңбаны екінші таңбаға алмастыра салу деп түсінеді. Қазірдің өзінде латын әліпбиіне қатысты 100-ге тарта жобаның үлгісі бар. Оны кім жасамай жатыр дейсіз? Ерінбеген адамның бәрі жоба ұсынып жатыр. Сенсеңіз, қазақ тілінде қанша дыбыс бар екендігін білмей-ақ жоба ұсынып жатқандар кездескен. Ол ол ма, әріп пен дыбысты айыра алмайтындар да бар екен.

Қазақ жазуы тарихында әр түрлі графикадағы әліпбилер қолданылса да, оның барлығында да «бір әріп бір дыбысты таңбалау керек» деген ұстаным болған. Соған орай қазақ халқының санасында ғасырлар бойы қалыптасқан «бір әріп – бір дыбыс» ұғымын өзгерте салу да оңай емес деп ойлаймыз. Бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беру, яғни диграф қолдануды ағылшын жазуының жетістігі деп қарауға болмайды. Егер бүгінгі күні жазу заңдылығын өзгерту мүмкіндігі болса, ағылшындардың өзі де диграфтан қашқан болар еді. Себебі, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымындағы жазулармен салыстырғанда, диграф оқу-жазу әрекетіне көп салмақ түсіреді. Цифрлық технология деп компьютер пернетақтасының жағдайын алға ұстап, тілдің оқу-жазу мәселелерін одан кейін қоюға болмайды. Жаңа әліпбиге диграфтарды алмау керек, ал дәйекшіні қолдану өткен кезең үшін жетістік болғанмен, қазіргі графикалық лингвистика жетістіктері «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын жақтайды. Кезінде Қ.Жұбановтың өзі ұсынған латын әліпбиінде қазақ тілі дыбыстарына алынған әріп санын

барынша үнемдеуге назар аударып, дәйекші арқылы бұрынғы әліпбидегі әріп санын азайтуға және тіліміздегі төл дыбыстардың әрқайсысына әріп-таңба беруге болатынын көрсеткенін білеміз[4.185].

Компьютердің 26 түймешесіне 42 әріпті қайтсек сыйдырамыз деп әлек болғандар да жетерлік екен[4]. Жаңа әліпбиге ауысар кезде екі әліпбиді салыстырып, бір-біріне жақын дыбысталатын қаріптерге назар аудару керек. Әліпби жасаушылардың айтуынша, ешқандай талас тудырмайтын, кирилл мен латындағы бірдей қаріптер: А, Е, І, О, К, М, Т. Баламасы анық, ешқандай талас тудырмайтын қаріптер: В, D, F, G, H, J, L, N, P, R, S, U, V, Y, Z. Қазақша дыбыстарға негізделген латынның қосымша әріптері: Ää — Әә, Ğğ — Ғғ, Іі — Ыы, Ый — Ңң, Öö — Өө, Qq — Ққ, Üü — Үү, Ww — Ұұ. Ал қажетсіз болатын қаріптер: Ц, Щ, Ъ, Ь, h, Э, Ю, Я деген пікірлер айтылып жүр.

Дүниежүзі елдерінің 80 пайызы латын қарпін қолданады. Латын әліпбиі тек қана қазақ тіліне, қазақ жазуына қатысты. Біз ағылшынды кириллицамен жазбайтынымыз сияқты, Қазақстандағы орыс тілінің оқулығы кириллицамен жазылады. Орыс мектептеріндегі балалар орыс тілін кириллицамен, қазақ тілін латынмен оқиды. Орыс тілі қазақтар үшін шет тілі болып қалады. Латын арқылы біздің сыртқы әлеммен қатынасымыз ешқандай арамыздағы көпір орысшасыз бірден басталады. Бізде қазір барлық нәрсе орыс тілі арқылы. Шетелдік географиялық атау, адам аттары, терминдер, барлығы орысша ой арқылы келеді. Мысалы Португалия емес Португалия, Галливуд емес Холливуд, Гейне емес Нaine т.б. Ғалым Ә.Жүнісбектің айтуынша, көпшілік жұрт әліпби ауыстыру дегенді бір таңбаны екінші таңбаға алмастыра салу деп түсінеді. Қазірдің өзінде латын әліпбиіне қатысты 100-ге тарта жобаның үлгісі бар. Оны кім жасамай жатыр дейсіз? Ерінбеген адамның бәрі жоба ұсынып жатыр. Сенсеңіз, қазақ тілінде қанша дыбыс бар екендігін білмей-ақ жоба ұсынып жатқандар кездескен. Ол ол ма, әріп пен дыбысты айыра алмайтындар да бар екен. Компьютердің 26 түймешесіне 42 әріпті қайтсек сыйдырамыз деп әлек болғандар да жетерлік екен. Жаңа әліпбиге ауысар кезде екі әліпбиді салыстырып, бір-біріне жақын дыбысталатын қаріптерге назар аудару керек. Әліпби жасаушылардың айтуынша, ешқандай талас тудырмайтын, кирилл мен латындағы бірдей қаріптер: А, Е, І, О, К, М, Т. Баламасы анық, ешқандай талас тудырмайтын қаріптер: В, D, F, G, H, J, L, N, P, R, S, U, V, Y, Z. Қазақша дыбыстарға негізделген латынның қосымша әріптері: Ää — Әә, Ğğ — Ғғ, Іі — Ыы, Ый — Ңң, Öö — Өө, Qq — Ққ, Üü — Үү, Ww — Ұұ. Ал қажетсіз болатын қаріптер: Ц, Щ, Ъ, Ь, h, Э, Ю, Я деген пікірлер айтылып жүр.

Қазақ жазуы тарихында әр түрлі графикадағы әліпбилер қолданылса да, оның барлығында да «бір әріп бір дыбысты таңбалау керек» деген ұстаным болған. Сондықтан қазақ халқының санасында ғасырлар бойы қалыптасқан «бір әріп – бір дыбыс» ұғымын бірден өзгерте салу дұрыс емес деп ойлаймыз. Бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беру, яғни диграф қолдануды ағылшын жазуының жетістігі не кемшілігі деп біржақты қарауға болмайды. Егер бүгінгі күні жазу заңдылығын өзгерту мүмкіндігі болса, ағылшындардың өзі де қазіргіден басқаша қарастырар еді. Себебі, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымындағы жазулармен салыстырғанда, диграф оқу-жазу әрекетіне көп салмақ түсіреді деп ойлаймыз. Қазақ жазуы тарихында болмағандықтан, бір дыбысты қос таңбамен, диграфпен, белгілеу жазуда біздің қалыптасқан әдетімізге де біршама қолайсыздықтар туғызатын еді. Себебі еуропа тілдерінен өзгешелігі қазақ(түркі) тілдері құрылымы жағынан жалғамалы (агглютинативті) тілдерге жататындықтан түбір сөзден кейін жалғанатын қосымшалары да көп болады, соған байланысты қосымшалары арқылы сөз мағынасы да, сөздің тұрқы да ұзара түседі. Ал бір дыбысты екі әріппен(диграфпен) таңбаласақ, онда сөз құрылымындағы әріп саны өсе түседі. Бұл жағдай жазуға да қосымша ауыртпалық түсірер еді. Ал еуропадағы роман, герман, славян сияқты тілдерді бір сөзбен флективті тіл, яғни сөздерінің сыртқы тұрқы қысқа келетін тіл, болып саналады. Олардың сөздері қанша өзгеріп құбылса да, тұрқы қысқа күйінде қалады. Сондықтан оларға, «бір дыбыс-екі таңба, диграф» ұстанымы оңтайлы, сондықтан бұл тілдер қосар әріпті пайдалана алады. Осыған байланысты тегі басқа ағылшын тілі мен оның жазуындағы «ерекшеліктерді» туыстығы жоқ, өзге тілдерге үлгі етуге болмайды.

Ғалым Н.А.Садуақастың пікіріне назар аударсақ, қазақ жазуы тарихында әр түрлі графикадағы әліпбилер қолданылса да, оның барлығында да «бір әріп бір дыбысты таңбалау керек» деген ұстаным болған. Сондықтан қазақ халқының санасында ғасырлар бойы қалыптасқан «бір әріп – бір дыбыс» ұғымын бірден өзгерте салу оңай емес деп көрсетеді[4]. Бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беру, яғни диграф қолдануды ағылшын жазуының жетістігі не кемшілігі деп біржақты қарауға болмайды. Егер бүгінгі күні жазу заңдылығын өзгерту мүмкіндігі болса, ағылшындардың өзі де қазіргіден басқаша қарастырар еді. Себебі, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымындағы жазулармен салыстырғанда, диграф оқу-жазу әрекетіне көп салмақ түсіреді деп ойлаймыз. Қазақ жазуы тарихында болмағандықтан, бір дыбысты қос таңбамен, диграфпен, белгілеу жазуда біздің қалыптасқан әдетімізге де біршама қолайсыздықтар туғызатын еді. Себебі еуропа тілдерінен өзгешелігі қазақ(түркі) тілдері құрылымы жағынан жалғамалы (агглютинативті) тілдерге жататындықтан түбір сөзден кейін жалғанатын қосымшалары да көп болады, соған байланысты қосымшалары арқылы сөз мағынасы да, сөздің тұрқы да ұзара түседі. Ал бір дыбысты екі әріппен(диграфпен) таңбаласақ, онда сөз құрылымындағы әріп саны өсе түседі. Бұл жағдай жазуға да қосымша ауыртпалық түсірер еді. Ал еуропадағы роман, герман, славян сияқты тілдерді бір сөзбен флективті тіл, яғни сөздерінің сыртқы тұрқы қысқа келетін тіл, болып саналады. Олардың сөздері қанша өзгеріп құбылса да, тұрқы қысқа күйінде қалады. Сондықтан оларға, «бір дыбыс-екі таңба, диграф» ұстанымы оңтайлы, сондықтан бұл тілдер қосар әріпті пайдалана алады. Осыған байланысты тегі басқа ағылшын тілі мен оның жазуындағы «ерекшеліктерді» туыстығы жоқ, өзге тілдерге үлгі етуге болмайды.

Осыған дейін әліпбидің диграф, апостроф арқылы жасалған нұсқаларымен танысып, оны өздеріміз жазып байқаған болатынбыз. Ал қазір латын негізді қазақ тілі әліпбиінің өзгертіліп бекітілген нұсқасымен



танысып жатырмыз. Ғалым Н.А.Садуақастың пікіріне назар аударсақ, әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі-апостроф орнына әріпүсті ноқат алынуы[5.143]. Әріпүсті ноқат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Бұл әліпбиіміздің жетістігі деп білеміз. Әліпбиде бұрынғысынан 32 әріп алынған. Оның ішінде кірме сөздердегі 6 дыбыс (и, в, ф, h, x, ч), және бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар, олар Н-[x], [h] және І-[и], [й], сонда барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Әліпбидегі 6 дыбыс әріпүсті ноқат арқылы (ә, ө, ү, ғ, ң, у) таңбаланған. Сонымен бірге екі дыбыс қос әріппен (диграф) таңбаланған (Ch- [Ч], Sh[ Ш]). Қазақ тілінде «Ш» дыбысы жазуда көп қолданылатындықтан, оны екі әріппен таңбалау жазуымызды қиындата түсуі мүмкін деп ойлаймыз. Кезінде профессор Қ.Жұбанов өзі ұсынған әліпбиінде «Ш» дыбысын таңбалау үшін латынның «С» әрпін қолданған екен. Әліпбидің бұрынғы нұсқасында І і -[и], [й] апострофпен берілсе, енді бұл жолы ешқандай белгісіз таңбаланған. Сонда әліпбиде 10-11 қатарда тұрған «і» және «и, й» әріптері ұқсас таңбаланған деуге болады. Бұл жағдай жазуда қиындық келтіруі мүмкін. Бұл әліпбиде латын әріптерін барынша қазақ тілі дыбыстарына сәйкес таңбалауға, қазақ тілінің үндесім талаптарына бейімдеуге, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын сақтауға назар аударылған. Дәйекші қолдану нәтижесінде тіліміздегі барлық дыбыстарды да қалдырмай таңбалау мүмкін болған. Бұл әліпби туралы ғалым Н.А.Садуақас: «Әліпбидің бұл нұсқасын талқылау барысында оның жетілдіре түсер тұсы ретінде, мүмкін болғанша, әріпүсті қосымша белгілер санын қысқарта түсу керек, қазақтың төл дыбыстарын шама келгенше жеке әріптермен таңбалауға назар аударған жөн деп білеміз», - дейді[5.144]. Себебі жазуымыздың өткен тарихында қосымша белгілер ұтымды жолдардың бірі болса да, қазіргі жаһандану заманында, көптілділік бәсекесінде, адамның тез жазуға сұранысы өскен қазіргі кезеңде, әр дыбысты таңбалауда қосымша белгілерді азайтқан дұрыс болар еді. Жалпы алғанда, әліпби талапқа сай, көңілге қонымды, жазуға ыңғайлы құрастырылған деп айтуға болады. Бұл әліпбиіміздің қазақ тілінің табиғатына сай жасалғандығының бір дәлелі ретінде кирилл жазуындағы әліпбиімізде 42 әріп болса, енді одан 8 әріп( ь, ц, щ, ь, ь, э, ю, я) қысқартылғанын атап айтуымыз керек. Әрине, әліпбиде әлі де бір-екі дыбыстың әріптерін жетілдіре түсу керек сияқты[5.144]. Кезінде Қ.Жұбанов өзі ұсынған әліпбиінде қазақ тілі дыбыстарына алынған қаріп санын барынша үнемдеу жолын көрсеткен екен[6.522]. Сондықтан оның тәжірибелеріне, пікірлеріне қазір де назар аудару керек. Қ.Жұбановтың бұл ұстанымдары қазір де маңызын жойған жоқ. Қ.Жұбанов «уу, үу, ый, йй» - қосынды дыбыстар екендігін көрсете отырып, оларды жазуда жалаң «у», «и» әріптерімен таңбалау туралы айтқан ұсынысы жазу сауаттылығын жақсарту бағытындағы сол алғашқы ізденіс кезеңі үшін маңызы болғанын жоққа шығара алмаймыз[5.144]. Осы кезге дейін жарияланған латын негізді әліпби нұсқалары бірте-бірте жетілдіріліп, оқу-жазуға ыңғайлы, көңілге қонымды сипат алып келе жатқанын да атап айту керек. Сондықтан әліпби жасаумен шұғылданып жатқан мамандарға, осы мәселемен айналысып жатқан ғалымдарға шығармашылық табыс тілеп, ел болып күтіп отырған маңызды жұмысты жоғары деңгейде атқаратынына сенеміз. Рухани жаңғыру жолдарының бірі - жаңа әліпби, сондықтан жаңадан қабылданған латын негізді қазақ әліпбиі мен жазуының талапқа сай жасалып, елдің көңілінен шығып, Мәңгі елдің игілігіне айналуына тілектеспіз[5.144].

Қорыта айтқанда, латын қарпі – өркениеттің жазуы, оқу құралы, өмір талабы. Сондықтан жаңа әліпби арқылы емлемізді дұрыстап, тіліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан талаптарына сай жазу жүйесіне көшетінімізге толық сенім білдіремін.

#### **Әдебиеттер**

1. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» .- Астана, 2017 ж. 1-2 б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан — 2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Жолдауы.- Астана, 2012 ж.
3. Садуақас Н.А. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, өмір талабы //Гуманитарлық зерттеу мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы). №26. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, 2017.–16-21 б.
4. Садуақас Н.А. Профессор Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері. Монография. – Алматы: Эверо, 2018.- 216 б.
5. Садуақас Н.А. Рухани жаңғыру жолы- жаңа әліпби// Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. «Рухани жаңғыру және байырғы түркілік руханият». Түркі жазбалары күніне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Астана, 2018.-142-152 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999.-581 б.

## **НОВОЕ ДЫХАНИЕ**

**Утельбаева Г.У., к.п.н., доцент  
АРГУ им. К.Жубанова  
г. Ақтөбе, Казахстан**

**Аннотация:** В статье рассматривается послание президента Республики Казахстан о национальном осмыслении исторического прошлого казахского народа и всего тюркского мира. Анализируются отдельные факты исторического сознания казахского народа.

**Андатпа:** Қазақстан Республикасының Президенті н. ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақ халқының тарихи санасының жекелеген фактілері талданды.

**Annotation:** The article deals with the message of the President of the Republic of Kazakhstan on the national understanding of the historical past of the Kazakh people and the Turkic world. Some facts of historical consciousness of the Kazakh people are analyzed.

Статья Н.А. Назарбаева "Семь граней Великой степи" является продолжением начатой ранее программы "Рухани Жангыру". Содержание данной статьи способствует формированию нового представления и понимания о Казахстане как о Великой, богатой историческим наследием, стране. Впервые представленная идея о модернизации общественного сознания стала реализованной в проектах "Рухани жангыру". На наш взгляд, это достаточно логичные, целенаправленные шаги, которые предпринимаются для расширения культурного, исторического и национального понимания, мироощущения граждан нашей страны.

Однако надо отметить, что данная статья, в большей степени направлена на осмысление исторического прошлого казахского народа и всего тюркского мира. Опираясь на хроникальные события и анализируя факты общечеловеческого бытия, Президент дает философско-мировоззренческое обоснование того, что представляет собой территория Казахстана с населяющими его гражданами, сегодня.

Так, в разделе «Колыбель тюркского мира» Президент пишет о том, как тюрки сумели создать своеобразный симбиоз кочевой и оседлой цивилизаций, что привело к строительству и расцвету средневековых городов, которые «стали центрами искусства, науки и мировой торговли. К примеру, средневековый Отырар дал человечеству одного из величайших умов мировой цивилизации *Абу Насра аль-Фараби*, в Туркестане жил и творил один из великих духовных лидеров тюркских народов *Кожя Ахмет Яссауи*», - отмечает Н.А. Назарбаев.

Необычным и весьма занимательным представляется факт об «исторической родине» яблок и тюльпанов, которые впервые зародились на территории Казахстана. «Именно отсюда эти скромные, но значимые для всего мира растения постепенно расселились по всем странам. И сейчас Казахстан является хранителем прародительницы всех яблонь Земли – яблони Сиверса. Именно она подарила миру один из наиболее распространенных фруктов современности. Яблоки, которые мы знаем, это генетические разновидности плодов нашего вида яблони. По древним маршрутам Шелкового пути от предгорий Заилийского Алатау на территории Казахстана оно попало в Средиземноморье и потом распространилось по всему свету (...). Собственно, здесь у нас, в Чу-Илийских горах, до сих пор можно встретить в первобытном виде жемчужины казахстанской флоры – тюльпаны Регеля. Эти прекрасные растения появились на нашей земле в полосе пустынь и предгорий Тянь-Шаня. Из казахской земли эти скромные, но необычные цветы постепенно расселились по всему свету, покорив своей красотой сердца многих народов», - отмечает Президент.

Идея Президента нацелена и на возрождение степного фольклора, музыки, древнего национального искусства.

Политологи сходятся во мнении, что Казахстан является колыбелью тюркского мира, здесь зародилась всадническая культура, были изобретены различные материальные и нематериальные ценности – все это оказало огромное влияние на развитие мировой цивилизации. Причем Президент отмечает, что вклад внесли представители разных этносов, проживающих на территории современного Казахстана, и это наша общая история. Глава государства подчеркивает, что такая всесторонняя оценка значимости казахского народа нужна не для того, чтобы показать свое величие, а чтобы объективно понять роль в глобальной истории. Также это станет основой для дальнейшей модернизации казахстанского общества уже в современных условиях и будет служить четким ориентиром развития в будущем [1].

Статья Президента «Семь граней великой степи» является дополнением к Посланию Лидера Нации и открывает новую страницу в изучении истории нашего государства. По этому поводу сказано: «В нашей истории было немало драматических моментов и трагедий, смертоносных войн и конфликтов, социально опасных экспериментов и политических катаклизмов.

Мы не вправе забывать о них. Необходимо осознать и принять свою историю во всей ее многогранности и многомерности. Вопрос не в том, чтобы показать свое величие за счет принижения роли других народов. Главное, спокойно и объективно понять нашу роль в глобальной истории, опираясь на строгие научные факты».

Масштабные задачи, поставленные Президентом перед Казахстанской общественностью и учеными, откроют новую страницу в истории нашего народа. В АОУНБ им.М.Жумабаева, в зале периодических изданий развернута выставка «Семь грани великой степи». На выставке представлен хороший анализ общей истории и культуры, и мнения известных историков и политологов по решению конкретных задач, поставленных Президентом. Эти и другие факты расширяют представление о Казахстане в целом, способствуют формированию мировоззрения молодого поколения, его уважительного отношения к Родине. Рассматриваемые Президентом аспекты не являются окончательно завершенными в своем содержании и требуют дальнейшего серьезного изучения и осмысления. И это становится гражданским долгом нынешнего и будущего поколения, так как освещаемые аспекты касаются основ человеческого мировоззрения, прошлого, настоящего и будущего казахского народа.

#### Литературы

1 <http://koreilbo.com/index.php/news-social-ru/2582-sem-granej-velikoj-stepi>

2 <http://www.aounb.kz/?p=5153&lang=ru>

## КУРС «ЭПОС НАРОДОВ МИРА»: СПЕЦИФИКА СОПОСТАВИТЕЛЬНОГО ИЗУЧЕНИЯ

Халимуллина Н.Р., доцент

Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова  
г. Актобе, Казахстан

**Андатпа.** Мақалада әлемдік әдеби үдерістердің бірлігіне сәйкес әлемдік эпостарды зерттеу бойынша элективті курстың ерекшеліктері қарастырылады. Мәдени диалогқа сәйкес мәдениетаралық коммуникация аспектісіндегі эпикалық ескерткіштерді солғастырмалы зерттеу мәселесі сөз етіледі. Элективті курс өткізудегі оқытушының дайындығы оқытудың әртүрлі әдістері мен оны студентті өз бетінше орындаудағы шығармашылық симпаттағы еңбектері арқылы жүзеге асырылады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности элективного курса по изучению мирового эпоса в русле единства мирового литературного процесса. Сопоставительное изучение эпических памятников в аспекте межкультурной коммуникации рассматривается в русле диалога культур. Подготовка преподавателя на элективном курсе осуществляется посредством различных форм обучения и в выполнении самостоятельных работ творческого характера.

**Annotation.** This paper presents peculiarities of elective course on the world epic poems as part of the unity of the world literary process. A comparative study of epic monuments in the aspect of intercultural communication is considered in the context of the dialogue of cultures. The elective course of teacher training is carried out through various forms of teaching and self study creative works.

**Тірек сөздер:** әлем халықтарының эпосы, мәдениетаралық коммуникация, әдеби білім, интегративтілік, мәдениет сәйкестігі, оқытудың түрлері мен әдістері.

**Ключевые слова:** эпос народов мира, фольклор, межкультурная коммуникация, литературное образование, интегративность, культуросообразность, формы и методы обучения

**Key words:** the epic of the peoples of the world, folklore, intercultural communication, Literary education, integrativeness, cultural congruity, forms and methods of teaching.

Жарандар, үміт үзбе дүниеден,  
Софылар ақыреттің қамын жеген.  
Мекені **Қызылжардың** аржағында,  
Бар екен жалқы жігіт бір енеден[1,116].

Қызылжар – қазіргі тарихи атауын қайтарып ала алмай отырған Петропавл қаласы. Ал, осы жерде мекен еткен қазақтар бұл қаланы әуелден Қызылжар деп атайды. Себебі, қала Есіл өзенінің биік жар қабағына орналасқан. Ол жар қабақтың топырағы қызыл болатын. Көктем сайын Есілдің суы тасығанда, лайланып, қызыл-қоңыр түске боялады. Халқымыз ешқашан қала аты мен елді мекендерді адам есімімен атамаған. Мұнда олар көбіне көп сол жердің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, есім берген. Мысалы: Ақмола, Ақтөбе, Көкшетау, Ақтау, Атырау, т.б.

«Орақты батыр» тарихи жырының оқиғасы оның орындаушысы Қалқа Жапсарбаевтың айтуынша ХҮІ ғасырда болған. Жырда тарихи фактілер мейлінше мол қолданыс тапқан деп айтуға болады, бірақ фольклорлық туынды, соның ішінде эпосқа тән мотивтерден бұл туынды мүлдем ада деп кесіп көрсете алмаймыз. Өйткені Орақты батырдың жалмауызды өлтіруге қолданған тәсілдері, дәстүрлі батырлық жырлардағы қаһармандардың жезтірнақты өлтіру сюжетіне өте ұқсас келген.

Жырдың тарихилығын дәлелдейтін бір көрініс оқиға барысында Жалайыр руының өздері тұрақтайтын қоныс таппай қазақ даласының біршама бөлігін аралап шыққаны болып табылады. Мәселен, «**Түркістанды жағалап**», «**Қызылқұмды кезеді**», сонан соң:

«Тағы екі жыл жер бопты.

**Қаратаудың етегі**» [1,119].

Бірақ Қаратауда өзбек пен қырғыздың қысымшылығына төзбестен:

«**Қаратауда тұра алмай,**

**Сырдариядан өтеді**» [1,122].

Ғалым А.Ш.Пангереев «Сондай-ақ жырдың өн-бойында Шу топонимі өте жиі қолданылады. Жалайырлар Шудың бойын біршама уақыт жағалайды. Бірақ бұл қоныстан да олар тыныштық таппайды. Жан-жақтан анталаған жау Шудың жағасындағы халыққа әлсін-әлсін сойқан салып тұрады. Нәтижесінде үздіксіз шудан ығыр болған Жалайырлар Шудан бой тасалап көшеді» дейді [3,229]. Кетіп бара жатып:

«Жұрт көшелік деседі,

Үй іргесін шешеді.

Бұл судың атын "**Шу**" қойып,

Жалайыр **Шудан** көшеді.

**Шуды** тастап жалайыр,

Үдере көшіп кетеді» [1,128].

Жыр оқиғасының шешім табар сәтінде Жалайырлар қазақтың екі өзені Қаратал мен Іленің бойынан өздері тұрақтайтын жанға жайлы, малға қолайлы мекен табады:

«Қаратал, Іле – екі су,

Өніп-өсіп жалайыр

Екі өзенде отыр ну» [1,139].

«Орақты батыр» тарихи жырында жер-су атаулары сюжет желісінің маңызды бір бөлігі ретінде жырлаушы тарапынан ерекше екіпін түсіріле жырлана отырып фольклорлық туынды табиғатының көркемдік деңгейін барынша әрлей түсуге негіз болып тұр деп толық айта аламыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 56 том. Астана, Фолиант. 2009. – 432 бет.

2. Қасқабасов С.А. Елзерде. – Алматы: Жібек жолы, 2008. 504 б.

3. Пангереев А.Ш. Жер-су атаулары және ұлттық руханият. Ақтөбе, 2018. – 314 б.

## **ЖИЕНҒАЛИ ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ «ҚАЙРАН ЕЛІМ-АЙ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ**

**Жалғабаева А.,**

**Ниязова Ғ.М., доцент, ф.ғ.к.**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**

**Ақтөбе қ., Қазақстан**

Жиенғали Тілепбергенұлының "Қазақ" газетінде, "Алашта" жарияланған туындыларында төңкеріске дейінгі қазақтың бұқарашыл интеллигенциясы ұстанған ағартушылық бағыты айқын көрініп, көркемдікпен баяндалады. Автордың айбынды позициясын, оның демократтық-ағартушылық көзқарасы 1918 жылы "Абай" журналында жарияланған "Қайран елім-ай" атты көркем әңгімесінен анық көрінеді. Бұл туралы Жиенғали "Төңкеріс кезінде ауылда мұғалім болдым. 1918 жылы Түркістан қазақтары ашаршылыққа ұшырады. Ақтөбе Орынборға қарай босып кетті. Ашаршылықтан ісіп-кеуіп, қырылып жатты. Бір қызын бір тілім нанға сатты. Ақтөбе төңірегінде мұғалім болып тұрғанда тоқ елдердегі байлардың аштарға істеген айуандық өмірінен, қыз-қатынмен алып-сатарлық еткені жайында бір әңгіме жаздым. Оным Семейде шығатын "Абай" журналында басылып шықты. Баспасөзде алғашқы шыққан сөзім сол еді. Мұны да бай-құлақтар мен саудагерлердің айуандық ызасы еріксіз жаздырып еді" [1,47].

Әңгіме – ақпан айының аласапыран ақ боранын, аязы бет қарыған Ақтөбенің үйреншікті қысқы табиғатын суреттеген сұсты пейзаждан басталатын, реалистік позицияда жазылған шығарма. "Февраль іші. Күн боран. Жер жүзі аппақ. Дүниеге жасаған ием қаһарын төккендей. Күнде де, сокқан желде де, жауған қарда да ешбір жылы жүзбен қарау жоқ. Дүние қабағын түйген – ешбір күлмейді. Темірқазықтан ескен мейірімсіз жел, соғып тұрған қызыл шұнақ боран Андағұл үйінің сиқын кетіріп тұр еді" (1,31). Автордың қаһарлы қыс көрінісін суреттеуінен-ақ оқырманның тұла бойы қалтырап, арқасын аяз қарығандай болады. Қайғылы, қанды оқиғаның хабаршысындай сұсты пейзаж көңіл құлазытады. Қаламгердің қай шығармасын алсақ та, біз одан замананың ащы лебін, халықтың ауыр тұрмысын, ұлттың ұранды жанайқайын көреміз. Ашаршылық, нәубет жылдар тақырыбы біздің әдебиетімізде кешеуілдеп жазылды. Тарихи шындыққа негізделген шығармалар,

әсіресе, еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін өз оқырманына жете бастады. Осыдан соң бізге ой еркіндігі келіп, тың шығармашылық мүмкіндіктерге жол ашылды. Дей тұрғанмен де осы бір қиын да күрделі тақырыпты арқалаған туындылардың алғашқы ұшқындары кеңес дәуірінің өзінде-ақ қылаң бере бастаған. Қазақ оқырманына таныс көрнекті жазушыларымыз Ғ.Мүсіреповтың «Шұғыла» әңгімесі, С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» повесі, С.Шаймерденовтің «Мезгіл» хикаяты, К.Қазыбаевтың «Сұрапыл» романы, М.Ысқақбайдың «Таң атарда» повесі зұлмат жылдарының суық бейнесі кеңінен көрініс тапқан шығармалар болды.

Әдебиеттің өзекті тақырыбы – заман және замандас болмысы болғандықтан, тарихи деректерді негізге ала отырып, ел тағдырын, болып жатқан өзгерістерді қазақ қаламгерлері поэзиялық, прозалық шығармаларына арқау етіп, оқырмандарға, жалпы халыққа дарытуға тырысты және де осыған орай тақырыпты толық қамти алған шығармалар көп болды. Ж. Тілепбергенұлы да «Қайран елім-ай» әңгімесіндегі қазақ қызының тағдыры арқылы халық тұрмысын кеңінен суреттеген. Әйелдер бейнесі – қазақ прозасымен бірге жасап келе жатқан бейне. Халық ауыз әдебиетін айтпай-ақ, 20-ғасыр әдебиетінің басындағы «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Шолпанның күнәсі», «Ақбілек» сияқты т.б. шығармаларда әйел образы жан-жақты ашылады. Өткен ғасырдың басындағы қаламгерлер әйел образы арқылы сол кездегі қоғамдағы келеңсіз мәселелерді көтеріп отырған. Қаламгердің «Қайран елім-ай» шығармасынан сол заманның кескінін, келбетін байқауға болады. Мысалы, Бәтиманың әкесі Андағұлдың үйі шығармада былай суреттеледі: «...Темір қазықтан соққан мейірімсіз үскірік жел, соғып тұрған қызыл шұнақ боран Андағұл үйінің сикын кетіріп тұр еді. Ішерге – тамақ, жатарға – орын жоқ, есіктің алдындағы қораның жаппасын отқа жағып қойғандықтан, есіктің босағасынан жел уілдеп, қарауытып – мұз қатып, үйді ішін сұп-суық қылып тұр еді» [2, 172]. Осы бір деталь арқылы жазушы сол заманның салқынын оқырманға сездіріп отыр. «Қораның жаппасына дейін отқа жағып қойғанының» ар жағында үлкен зобалаңның шеті көрінеді. Осындай суреттеу Б.Майлиннің «Күлпаш» әңгімесінде де кездеседі: «Үй суық, жамаулы терезенің жыртығынан кірген ызғырық шекедей шаққандай... үйдің ішін жылытуға пешке жағатын отын жоқ. Отын табылар жер де жоқ... кара судан басқа нәр татпағанына бүгін үшінші күн» [3,35]. Екі әңгіме де үйдің ішін суреттеуден басталады. Осы суреттеулер әңгіменің экспозициясы да. Үйдің жұпыны кейпін беру арқылы әңгіме қай арнада өрбитінін мәлімдеп тұр. Мұндай мысалдар әңгімеде октын-октын кездесіп отырады. Солардың бірнешеуіне тоқталсақ:

Андағұл мәсісін жамап болып киініп, қатынына:

– Әй, жылдам бол! Бәтимажанды жылы қылып киіндір! Мен ат жегіп әзірлене берейін, – деп, қатыны Салиқа көзінің жасын сүртіп қойып, мұрнын бір-екі тартып:

– Сендер келгенше біздер не күн көреміз. Мына шиттей балалар-ақ жылап мазамды алады, Қазалыдан бірдеңе алып беріп жібере көріңіз, – деді.

– Өзімнің де ойлап жүргенім сол ғой. Мына Бәтимажан жақсы орынға тап келе қойса, қайтып келіп көшіп те барармыз, Құдай осындай күнге әйтеуір тап қылды [2,173]. Бұл диалог Андағұлдың шиттей бала-шағасын аштан қалдырмау үшін қызын амалсыз ерге беріп, кейіннен өзі де сонда көшіп барар ойы бар екенін аңғартады.

Бұл шығарма туралы жазушының өзі 1931 жылғы «Жаңа әдебиет» журналының №5-6 санында былай деді: «Төңкеріс кезінде ауылда мұғалім болдым. 1918 жылы Түркістан қазақтары ашаршылыққа ұшырады. Ақтөбе, Орынборға қарай босап кетті. Ашаршылықтан ісіп кеуіп қырылып жатты. Бір қызын бір тілім нанға сатты...Ақтөбе төңірегінде мұғалім болып тұрғанда тоқ елдердегі байлардың аштарға істеген айуандық өмірінен, қыз-қатынмен алып-сатарлық еткені жайынан бір әңгіме жаздым. Оным Семейде шығатын «Абай» журналында басылып шықты. Баспасөздегі алғашқы шыққан сөзім сол еді. Мұны да бай құлақтар мен саудагерлердің айуандық ызасы еріксіз жаздырып еді»[1]. Бұл сөзіні растығын әңгіменің мына тұсынан байқауға болады:

– Аһ! – деп қойып Жұмабек мұртынан күліп. – Екі қатыннан далаға шыға алмай, һеш нәрсені білмей жүр екенсің ғой. Бес жүз сом, бір бұзаулайтын сиырға Ыбырай да бір қыз алды. Оны мен алып беріп едім, ит алпыс-ақ сом берді. Біздің пәтерге кіріп жатқаннан Ержанның Мүсіребі де ортаң қолдай бір қыз алды, одан дүние ақиратта сұрамаймын деген соң елу-ақ сом алдым.

– Қазалышының өзі біздің елді қатындандырған екен ғой, – деп Жақып күлді [2,173]. Ел арасында Жұмабек сияқты делдалдар шығып, босып келгендердің қыздарды сатып, табыс табуын суреттеп те сол заман шындығын дөп басып отырады. Тек сол жердегі адамдардың бір-бірімен тілдесуі арқылы ғана бұл оқиғалардың адамзаттық моральға қайшы екендігін көрсетіп, оқырманға түйсіндіреді. Бұдан жазушының шеберлігін байқасақ, екіншіден, сол кездегі келеңсіз жайттарға сыни көзқараспен қарайтынын көреміз. Бұл Ж.Тілепбергенұлының сөз болып отырған әңгімесі сыншыл реализм бағытында жазылған дүние екендігінің айғағы. Сонымен қатар, жоғарыдағы үзіндіден ашаршылық жылдарында қазақ қыздарының қалай саудаланғанын, дәулетті адамдардың ашыққан халықтың ауыр хәлін пайдаланып, қыздарын алып, орнына аздаған ақша беріп небір құйтырқылыққа барғанын көруге болады. Тәлкекке түскен тағы да қыз тағдыры.

– Қазалышының көбі алдымен біздің пәтерге келіп кетіп, содан соң барып бөтен жерге орналасады. Ал енді қатын керек болса, маған айт! Мен қыз алып берейін, бірақ екі қатынның тісі батып қалған шығар?

– Тісі батып екі қатын ештеңе етпес-ау, бірақ сен арзан қыз тауып бере алмайсың ғой!

– Өзің шын аласың ба? Айтшы! Мен тап бүгін тауып берейін! Поездың келетін уақыты болды. Келсе, одан да түспес деймісің? – деп Жұмабек терезеден қарады [2,176]. Қазақ қыздары ақшалы байлардың қолында кетіп жатты. «Айтшы! Мен тап бүгін тауып берейін», – деген делдалдың сөзі қазақ қыздарының бағасы соншама төмендеп, кәдуілгі зат тәрізді саудаланғанның дәлелі. Андағұл қызын Жақыпқа бір бұзаулайтын сиыр,

үш жүз сом, үш пұт тарыға береді. Жақып сынды байлар да ол қыздардың обал-сауабына қарамай үсті-үстіне алып, тарыққан халықтың қаздарын аштан өлмес үшін амалсыз сатып жатқанын пайдаланып әйел ала береді.

Бәтима – сол кездегі қазақ қыздарының жиынтық бейнесі. Өз отбасын аман алып қалу үшін үш пұт тарыға көзін жұмып танып-білмейтін адамға сатылып кете барады: «Қайғырып не қылайын, тек бұрынғы бұлғандап жігіт таңдап жүретін кездер есіме түседі. Енді бақытыма қандай кісі ұшырайды, бәріне де амалсыз кетем-ау деймін, көп болса өлім ғой, мен сатылып өлімге кеткенде, сіздер тірі қалатын болсаңыз, мен-ақ сіздердің жолына құрмалдық болайын!» – деді Бәтима [2,173]. Жұмабектің әйелі барын естігенде:

– «О баста жігіт таңдап жүрген кезіміз болды. Енді құдайым бұндай күнге тап қылды. Ағаке, сіздің үйге келіп қонақ болып жатырмыз, сізді әрі аға деймін, әрі қайын аға деймін. Қандай жерге қоссаңыз да өзіңіз білесіз», – деді [2,177]. Қаламгер Бәтима образы арқылы қазақ қыздарының өз қарақан басының ғана күйін күйіттейтін қыздар емес, өз жақындары үшін нендей қиындыққа да төзетін, жанының сірілігі мен көңтерілігін суреттейді.

Жақыптікіне барғаннан кейін Бәтима үлкен әйелдерінен көп зәбір көрсе де, бәріне төзіп бағады. Сонда да Бәтиманың Жақыпқа жағып бара жатқанын көре алмаған басқа әйелдері олардың арасына от салады. Бірде: «Ана қалап алған тоқалың, жас тоқалың, сені кәрісініп, біздерді қарғап-сілейді де жүреді. «Құдайым кәрі төбетке кез қылды! Құтқара гөр...» деп айтады», – десе, бірде: «Жас тоқалың еркелеп жатады да қояды. Жұмыс істегісі келмей біреумен қашып кетейін деп жүр...» – деп шағыстырады [2,178]. Бұларды естіген Жақып Бәтиманы ауырып төсекте жатқан жерінде сабап, үйден шығарып тастайды. Қорғансыз Бәтиманың жұбанышы өлім ғана. Жастайынан бұла өскен қыз өз отбасын аштықтан құтқару үшін әйел үстіне тиіп, сол жолда азап көріп, бағы ашылмады. Сол кездегі халық басына төнген нәубеттің ішіне жұтылып кеткен көп қыздардың бірі болды. Жазушы Бәтиманың жан тапсырар қайғылы сәтін аса шебер суреттейді. Үйге келген кісілер көрмеу үшін есі бірде кіріп, бірде шығып Бәтиманы қозы қамайтын үйге апарып тастайды. Сонда:

Бір есі кіргенде:

– «Иә, жасаған ием! Көп қиналтпай ала гөр! Осылардың қорлығынан құтқарсаң ырзамын. Өлгеніме қайғырмаймын... Өз елімде болсам, су беріп, иман айтпас па еді? Үһ! Қайран елім-ай!» – деді.

Осы сөздерден соң сөзі тоқталып, қозы күркеде жатқан қызғалдақтай есіл жас, мейірімсіз өлімнің алабарлы құрығына ілініп, қыршынынан қиылып, опасыз бұл дүниеге қош айтты.

Сол күні отарбадан Андағұл үй-ішімен түсіп, жақын жерде болғандықтан, нәрселерін сонда тастап өздері жаяулап сонда барды.

Ол уақыт Бәтиманың жас жаны көкке ұшып, мұнда кеудесі жатыр еді, – деп, әңгіме аяқталады [2,178-179]. Шығарманың шешімі кез келген оқырманды бей-жай қалдырмасы анық. Қыз тағдырының сұм заманның шалғайында кетіп, соның құрбаны болғаны қаламгердің шағын әңгімесіне арқау болды. Жан тәсілім етер алдында Бәтима «Үһ! Қайран елім-ай» деп күрсінеді. Бұны екі тарапты түсінуге болады. Біріншісі, өз жұртынан алыс кетіп, келін боп түскен жерінен қиындық көрген қыздың "егер өз елімде болсам мұндай қорлық көрмес едім" деген налуы болса, екіншісі өзі бастан кешірген тағдыр қазақ халқының сан қызының басынан түскен зауал екенін түйсініп, соған күйінуі. Сол сияқты Б.Майлин «Құлпашта» да Қазан төңкерісіне дейінгі киерге киім, ішерге тамақ таба алмай, қырылып қалған бір отбасы тағдыры арқылы сол кезеңдегі көптеген отбасындағы трагедияны суреттейді.

Ж.Тілепбергенұлы шығармаларында әр қилы тағдырлар арқылы өзі өмір сүрген қоғамды суреттейді. Ел басына төнген қандай да бір қиыншылықтың жүгі алдымен қазақ қызына түсетіні белгілі. Ашаршылық та талай қазақ қыздарының тағдырына кесірін тигізді. Жазушы бұл әңгімедегі әр түрлі оқиғалар, әр түрлі суреттеулер, әр түрлі кейіпкерлер, олардың диалогтары арқылы ашаршылықтың кесірінен тағдыр талқысына түскен қазақ қыздарының жиынтығы – Бәтиманың образын жан-жақты ашады.

#### Әдебиеттер

1 Тілепберген Ж. Кім қалай жазған. "Жаңа әдебиет" журналы. 1931. №5-6

2 Тілепбергенұлы Ж. Шығармалар. 1-том. –Алматы: Алаш, 2005.

3 Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт». – 2004. – 400 б.

## ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕР

Куштаева Майра Тулебаевна

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ақтөбе қ., Қазақстан

**Анатпа.** Мақалада эпостық жырлардағы антропонимдер - «әлемнің тілдік бейнесін» қалыптастырудағы шындық болмыстың түсінігі, бағасы сияқты прецеденттік концептілердің бейнесі ретінде көрінетін тілдік бірліктер деп қарастырылған.

**Тірек сөздері:** рецедент есімдер, әлемнің ұлттық бейнесі, концепт, символ, мәдени концепт

**Аннотация.** В статье рассматриваются антропонимы в эпических стихах – языковые единицы, представляющие собой образ прецедентных концептов, таких как понятие бытия, оценка реальности в формировании «языковой картины мира».

**Ключевые слова:** прецеденты, национальный образ мира, концепт, символ, культурный концепт



**Annotation.** The article deals with anthroponyms in epic poem-linguistic units that represent the image of precedent concept of being, the assessment of reality in the formation of the «language image of the world»

**Key words:** precedents, national image of the world, concept, symbol, cultural concept.

Ғаламның тілдегі бейнесін жан-жақты қарастырауда көркем мәтіндегі жалқы есімдерді этнолингвистикалық, лингвокогнитивтік тұрғыдан талдаудың маңызы ерекше. Қазақ эпостық жырлары нақты тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігінің энциклопедиясы ретінде сан алуан мәдени, тарихи, саяси-әлеуметтік т.б. ақпараттарға бай.

Басқа да тілдік бірліктер тәрізді ономастикалық атауларды да когнитивтік модель қалыптастырушы таңба, ақиқат дүниенің көрінісін белгілейтін нысандар, концепт деп ұғуға болады деп есептейміз. Тілдік бірліктер арқылы таңбаланған жалқы есімдер тарихи-этнографиялық, танымдық, символдық т.б. белгілермен ерекшеленеді. Қазақ эпосының тілдік ерекшелігі туралы зерттеу еңбектері болғанымен, оны антропоэзеттік аспектіде, этностың танымдық дүниесінің ұлттық сипатын қазақ тіл біліміндегі лингвомәдени, танымдық бағытта арнайы қарастыруды қажет етеді, яғни таным – мәдениет – тіл үштігінің принциптері негізінде, эпостағы мәдени-этнотанымдық мәні зор тілдік фактілер – ономастикалық атауларды концептілік құрылым тұрғысында зерделеу өзекті мәселе болып табылады.

Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесі, адами ізгіліктері мен рухани құндылықтары, қоғамның әлеуметтік сипаты, сөйлеу әдебі қағидалары, аялық білімі, жалпы этнологиялық кеңістігі туралы түсініктері ұлтымыздың қазынасы – оның тілінде, тілдік құрылымдарында көрініс тауып, сақталып, жинақталған.

Этностың ұлттық таным әлемін өз бойына сіңірген қазақ тіліндегі жалқы есімдерді жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес зерттеу қазақ ономастикасының алдына мақсат етіп қоюға болады, бұл ономастикада метатілдік теориялық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әлемді тіл арқылы танудағы жалқы есімдердің орны мен маңызын ескерсек, ономастикалық тілдік бірліктердің ментальді-когнитивтік сипаттарын айқындау қазақ тіл білімінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақ ономастикасының алғашқы даму кезеңінде қазақ тіліндегі жалқы есімдер тілдік тұрғыдан зерттеліп, қазақ онимдерінің этимологиясы, лексика-семантикалық топтары, мағынасы, топонимикалық жүйелердің аймақтық ерекшеліктері айқындалды.

Қазақ ономастикасы тарихындағы екінші кезеңде жалқы есімдердің этнолингвистикалық, лингвомәдени сипаттары, көркем мәтіндердегі қызметі, кумулятивтік қызметтері зерделене бастады. Бүгінгі таңда қарқындап дамып келе жатқан когнитивтік лингвистика тұрғысынан қазақ онимиясын бағамдай келсек, жалқы есімдердің тек тілдік сипаттарын қарастыру жеткіліксіз болып көрінеді.

Жалқы есімдердің бойындағы рухани және материалдық мәдениетті ұлттың танымдық тәжірибесімен сабақтастыра отырып, ментальді-когнитивтік түрде таңбаланғанын қарастырумен ерекшеленеді. Ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінікті жеке ономастикалық бірліктер арқылы айшықтап суреттейтін дүниенің тілдік бейнесін кең когнитивтік арнада, тұтастықта зерттеудің мәні зор.

Қазақ тіліндегі ономастикалық жүйе тілдік құрылым ретінде өзіне тән концептуалдық жүйеге де сәйкес келеді. Осындай сәйкестікке орай қоршаған болмысты ментальді түрде сипаттайтын ономастикалық концептілер «тіл-сана-ұлт» ауқымында жинақталған таным тәжірибесін мейлінше нақтылайды.

Антропонимика (кісі аттары) – тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдерді тарихи-этномәдени, әлеуметтік тұрғыдан анықтап зерттеу олардың тамырының көне түркі (қыпшақ) кезеңімен сабақтасып қана қоймай, түркі тілдерінің басқа халықтарымен мәдени-тарихи байланысын, қарым-қатынасын да деректейді.

Ономастиканың теориясы мен практикасын осы бағытпен бір байланыста қарастырған ғалым Г.Мадиеваның еңбегінде осы сабақтастық былайша көрсетілген:

- тіл қызметін іске асыратын нақты тілдік социум мүшелерінің жалқы есімдерді қабылдауы;
- тілдік тұлғаның санасындағы жалқы есімнің қызметі;
- ұжымдық санадағы жалқы есімдердің қызметі;
- жалқы есімдердегі ұлттық танымда бекітілуінің әдісін сипаттау;
- жалқы есімдердің инварианттары мен варианттылығын анықтау;
- тілдік санада ұлттық когнитивтік қорды құрайтын өзекті жалқы есімдерді анықтау;
- жалқы есімдер жүйесінің ұлттық қорының негізгі элементтері мен стереотиптерін жіктеу;
- жалқы есімдер мен мифтік танымның байланысы, т.б.[1,28-29].

Осымен байланысты «Қазақ ономастикасы. Жетістіктері мен болашағы» атты осы саладағы зерттеу нәтижелерін қорытып, болашағын бағдарлаған Т.Жанұзақов пен Қ.Рысбергенованың еңбегінде антропонимияның әлеуметтанымдық зерттеу нысанын былайша анықтаған: «Тіліміздегі антропонимдік жүйенің қалыптасып дамуы мен қызмет аясының жалпы мәселелерін теориялық әрі әдіснамалық тұрғыдан зерттеудің жалпы мәселелері; антропонимдерді тұтас бір жүйе ретінде зерттеу; кісі аттарын әлеуметтік-қоғамдық, тарихи категория ретінде қарастыру; кісі аттарының пайда болу, жойылу заңдылықтарындағы тарихи-әлеуметтік жағдайлардың себеп-салдарын анықтау; антропонимдер жүйесіндегі халықаралық, ұлттық

ерекшеліктерді, олардың өзара байланыс-бірлігін зерттеу;... » [2, 43-44]. Демек, қазақ халқында ат қою ұлттық тарихымен, рухани мәдени өмірмен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ал, ұлттық тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүр деген ұғымдар мәдениетпен байланысты.

Мәдениет дегеніміз адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі.

Мәдени сөздер өздерінің даму барысында өзара қарым-қатынаста болады. Қандай да бір мәдени концептіні танып-білуде біз міндетті түрде санамыздағы соған жақын басқа да концептілерді қатыстырамыз. Бұдан концептілердің белгілі бір жүйеде құрылатыны көрінеді. Бұл жүйеде зерттелетін концептілік жұп (концептуальные пары) «басқарушы қызметте» болады, ал қалған концептілер оған бағынады. Бір жұбы негізгі элемент ретінде ерекшеленетін, қалған қосымша тілдік бірліктерді біріктіретін мұндай концептілердің реттелген жүйесін *өріс теориясы* (теория поля) көмегімен анықтау, сипаттау қолайлы.

Кез келген мәдени концепт адам санасында өріс ретінде қолданылады. Бұл өрістің элементтері олардың алғашқы мағынасының негізінде бірігеді. Концептілік өріске тілдік бірліктің енуі оның семантикалық құрылымында өрістің барлық элементтеріне ортақ болып табылатын концептілік мағынаның болуымен анықталады. Өрістің түп негізі (ядерного) элементіне сол концептілік мағына негізгі тірек болса, олардың меншікті, негізгі мағыналары дамиды қосымша элементтеріне таянып болады. Сөйтсе де, өрістің негізгі элементінен туындаған алғашқы ментальдық түсінік басқа да элементтерде түрліше дәрежеде көріне алады.

Дүниенің концептуалды (объективті, ғылыми) бейнесі – адамды қоршаған объективтік шындық. Ол танымға тәуелсіз өмір сүргендіктен, ақиқат шындықтың символдық мәнімен пара-пар келеді. Дүниенің тілдік бейнесі – сол концептуалды бейненің ажырамас құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Ғалам моделінде дүниенің реалды бейнесі толық көрініс таппағанмен, жалпы немесе маңызды басты белгілері ғана көрініс беруі мүмкін. Ал дүниенің тілдік бейнесі ақпараттық көлемі жағынан ауқымды әрі кең, құрылымы жағынан да күрделі. Өйткені дүниенің тілдік бейнесінде тілдік (вербалды) және тілдік емес ақпараттардың сан алуандығы мен молдығы да әртүрлі контексте қамтылады.

Белгілі бір тарихи оқиғалар мен жағдайлар, көптеген адамның өміріне ықпал еткен құбылыстардың нәтижесі және осындай жағдайларда тарихта орын қалдырған тұлғалардың символдық фигура болып құрылады. Мысалы қазақтың эпостық жырларындағы Қобланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын батыр – қазақ халқының батырлығының, Қыз Жібек, Құртқа, Баян сұлу – сұлулықтың символдық бейнелеріне айналған. «Батыр», «сұлулық» символдар - концептілік сипатқа ие біздің дүниетанымымыздағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивтік бірліктер.

«Қобыланды батыр» жырындағы Құртқа прецедентті есімінің этномәдени, әлеуметтанымдық астары, бізінше проф. Т.Қоңыратбаевтың еңбегінде ашылады: «...ол Көктім Аймақ елінің қызы. Дәл осы тұста бұл антропонимнің этникалық сипаты да байқалады. Біріншіден, Көктім Аймақ түркімен елі. Сол елден шыққан *Құртқа* жылқы таниды, оның бабын да жетік біледі. *Құртқа* табиғатына тән бұл ерекшелікті жыр бекер қамтымаса керек. Екіншіден, *Құртқа* атауының Сефевилер династиясына енген түркімендер тобы «қызылбас» деп аталғаны мәлім. Қызылбастардың құрамына күрт тайпасының жекеленген тармақтары да енген. *Құртқа* атауын осы «күрт» этнонимінен тудыруға да негіз бар» [3,205].

Прецедентті есімдер - «әлемнің тілдік бейнесін» қалыптастыруда шындық болмыстың түсінігі, бағасы сияқты прецеденттік концептілердің бейнесі ретінде көрінетін тілдік бірліктер. Жалпыадамзатқа түсінікті атаулармен (Наполеон, Дон-Жуан, т.б.) қатар, тек қана сол ұлтқа ғана тән атаулардың (мысалы, орыс халқының тарихында Петр I, Пушкин, т.б.) болады. Бұл орайда қазақ халқындағы Қобланды, Алпамыс, Қыз Жібек, Баян сұлу, Қарабай, Сарыбай, Құртқа, т.б. есімдер ұлттың бейнесін, менталитетін көрсетеді. Нақты айтар болсақ, «... прецедент есімдер әлемнің ұлттық бейнесін көрсететін, өмірдің шындық бейнесін халық санасында қалыптастыратын және дамытатын бірден-бір маңызды құрал болып абылады» [4,37].

Ғаламның тілдік бейнесіндегі «батырлық» концептісі сол қазақ эпостарындағы Қобланды, Алпамыс бейнесінен көрініс береді. Эпос қаһармандарының бітім-болмысы, жауға аттану сапары, салған сұрапыл соғыстары, немесе оның астындағы сәйгүлігінің мифтік сипатта көрінуі, алған жарының керемет ақылдылығы, болжағыштығы, батырға деген қамқорлығы алдымен жырлаушының, кейіннен жырды орындаушының халықтың арман-аңсарынан алған кестелі тілінің өрнегі деп есептеуге болады. [5,37].

Эпикалық жырлардың ерекшелігін танытатын батырлық сипаты халық қиялының шексіздігін танытады. Мұнда халық өз кейіпкерінің бойына барлық қаһармандық қасиеттерді үйіп-төгіп береді. Себебі, эпостағы батыр бейнесі – халық қажеттілігінен туған типтік образ.

«Батырлық» концептісінің когнитивтік моделі: 1. Батыр – ел қорғаны. *Қорған болып туғанмын Туғаннан-ақ халқыма* («Қобыланды батыр» жыры). 2. Батыр – сенгіш. Адам бойында ерлікпен қоса асыл қасиеттер – әділдік шыншылдық болатындықтан да батыр аталады. Батырдың шыншылдығы оның өзін қоршағандардың да шыншыл болатындығы туралы ой қалыптастырады. Сондықтан оның айналасындағы айла ойлағандарға сеніп қалатын сәттері болады. *Осы сөзбен қу келтір Алдап ұрды ақылын. Сөзбенен бойын балқытты Алтамыстай батырдың* («Алпамыс батыр» жыры). 3. Жырда батырлар қару-жарақтары мен киімін бейнелеуде де әлеуметтік ерекшеліктер айқын көрініс табады. Бұлар «батырлық» концептісін бейнелейтін құрылымдық элементі ретінде қатысады. *Шоқпар. Найза. Берен. Ақберен. Садақ. Қалқан. Сауым, т.б.*

Қорыта айтқанда, когнитивтік және лингвомәдени аспектіде «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағидаға сәйкес ұлттық антропонимдер жүйесін тіл біліміндегі антропоэкеттік парадигма шеңберінде анықтауға негіз болады. Осымен байланысты мәдени-әлеуметтік таңба ретіндегі қазақ антропонимдерінің мазмұндық негізі

мифтік, фольклорлық, паремиологиялық, фразеологиялық, тарихи, көркем мәтіндік жүйеде дәйектеледі. Ұлттық ономастикондық жүйенің оның ішінде антропонимдер де өзіндік ерекшелігі оның белгілі бір ұлттық тілге емес, ол қандай мәдени ортада да қалыптасқанына байланысты екенін қазақ антропонимдерінің лингвомәдени, лингвотанымдық, этномәдени, әлеуметтанымдық сабақтастықта зерттеуге болатындығы анық.

#### Әдебиеттер

1. Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. - Алматы, 2003.
2. Жанұзақов Т., Рысбергенова Қ. Қазақ ономастикасы. Жетістіктері мен болашағы. – Алматы, 2004. – 43-44 б.
3. Қоңыратбай Т. Эпос пен этнос. Алматы: Ғылым, 2000.
4. Мажитаева Ш.М., Рахымберлина С.Ә., Рапишева Ж.Д. Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі прецедент есімдердің табиғаты // Қарағанды университетінің Хабаршысы, № 1(73) 2014 Серия Филология
5. Пангереев А.Ш. Топонимдердің Қобланды батыр тұлғасын анықтаудағы қызметі // [Хабаршы.Л.Н.Гумилев](#) атындағы Еуразия ұлттық университеті. №5 (120) 2017. 121 б.

## Т.ҚАЖЫБАЕВТЫҢ «АРАН» ПОВЕСІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Қияқова Раушан, Бекенбаева Роза

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті  
Көкшетау қ., Қазақстан

**Андатпа.** Бұл мақаланы жазу барысында Қ.Жұмалиевтің, Т.Қоңыровтың және т.б. ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, сөз зергері Т.Қажыбаевтың шығармасындағы теңеулерді жұмсау шеберлігіне тоқталдық.

**Аннотация.** В процессе написания этой статьи использовав труды Т.Конырова, К.Жумалиева и других ученых, мы остановились на мастерстве использования сравнений в произведениях Т.Кажыбаева.

**Annotation.** In the process of writing this article, using the works of T.Konyrov, K.Zhumaliev and other scientists, we focused on the skill of using comparisons in the works of T.Kazhybaev.

**Тірек сөздер:** теңеу, тұрақты теңеулер, образ, антонимдік теңеу, болымсыз теңеу, жалаң теңеу, эпитетті теңеу, фразалық теңеу, окказионал теңеу.

**Ключевые слова:** сравнения, постоянные сравнения, образ, антонимическое сравнение, простое сравнение, эпитетное сравнение, фразовое сравнение, окказиональное сравнение.

**Key words:** comparisons, constant comparisons, image, antonymic comparison, simple comparison, epithetical comparison, phrase comparison, occasional comparison.

Теңеулерге қатысты анықтама ғалымдардың еңбектерінде бір-біріне ұқсас болғанымен, әрқайсысында өзіндік қайталанбас тұстары бар. Теңеулерді зерттеп, олардың жалпыхалықтық қолданысқа еніп, халықтың сүзгісінен өткенін саралап, арнайы еңбек жазған «Тұрақты теңеулер сөздігінің» авторы Т.Қоңыровтың пікірін басшылыққа алуды жөн көрдік. «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [1, 387].

Ал әдебиеттанушы ғалым Қ.Жұмалиев болса: «Белгісіз нәрсені, жұртқа мәлім белгілі нәрселермен салыстыру арқылы көзге елестетуді», – теңеу дейді [2, 272].

Қ.Жұмалиев теңеулердің жасалу жолдарына тоқтала келіп, оны орыс тіл біліміндегі теңеулердің жасалу жолдарымен салыстырады. Орыс тілінде де теңеу ұғымының бар екендігін айтады. Орыс тіліндегі теңеулер "как", "точно", "будто", "подобно", "что" арқылы жасалатыны тәрізді, қазақ тілінде де кейбір теңеулер секілді, сияқты деген сөздер арқылы жасалады.

Алайда, әр тілдің өзіндік ерекшелігіне сай теңеулердің жасалу жолдарында да айырмашылық кездеседі. Мысалы, орыс тіліндегі теңеулер творительный падеж арқылы жасалса, әдебиеттану ғылымында теңеудің өзіне тән белгілі жұрнақтары арқылы жасалады.

Қ.Жұмалиев қазақ теңеулерінің жасалуының 3 түрлі тәсілін көрсетеді. Олар:

- 1) –дай, –дей, –тай, –тей, –дайын, –дейін, –тайын, –тейін жұрнақтары арқылы;
- 2) –ша, –ше жұрнағы арқылы;
- 3) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті тұлғалары.

Алайда бұл үш тәсіл теңеулердің барлық жасалу жолдарын қамти алмайды. Т.Қоңыров өз еңбегінде теңеулердің жоғарыдағы 3 жасалу жолымен қоса, тағы 7 жасалу жолы бар екендігін анықтаған болатын.

- 1) шығыс септігі жалғауы арқылы (–нан, –нен, –дан, –ден, –тан, –тен);
- 2) бейне сөзінің көмегімен;
- 3) тең сөзінің көмегімен;
- 4) ұқсас сөзінің көмегімен;
- 5) параллелизм тәсілі көмегімен;
- 6) аралас тәсілдің көмегімен;
- 7) қосалқы тәсілдер көмегімен [1, 391].

Осылардың ішінде ең өнімдісі – бастапқы сегізі. Қалған екеуі бұлардан гөрі сирек қолданылады.

Теңеулер – әр этностың ұлттық ерекшелігін танытатын лингвистика мен әдебиет теориясында қолданылатын категория. Көркемдегіш құралдың бірі саналатын теңеулер қазақтың фольклорында да, жазба әдебиетінде де кеңінен орын алып, адам портретін жасауда, табиғат көріністерін суреттеуде ұтымды стильдік тәсіл ретінде қолданылып келеді.

Б.В.Томашевский теңеулердің семантикалық структурасын белгілеу үшін мынадай терминдерді ұсынып отыр: предмет, образ және белгі. Ғалым **теңеудің предмети** деп теңеудің сипатталушы мүшесін; **теңеудің образы** деп теңеудің сипаттаушы мүшесін; **теңеудің белгісі** деп предмет пен образға ортақ қасиетті атайды.

«Қазақ теңеулерінің ең қомақты лексика-семантикалық топтарының бірі – тұрақты теңеулер. Тұрақты теңеулер – ежелден қалыптасып, тілге әбден сіңісіп кеткен образдық конструкциялар». Мысалы: жын ұрғандай болу, ит пен мысық сияқты, торғайдай тозу, өрт сөндіргендей т.б. [1, 430]. Лексика-грамматикалық табиғатына қарай тұрақты теңеулер екі топқа жіктеледі:

1) есім тұрақты теңеулердің образдары зат есім,сын есім, үстеуден жасалады. Мысалы: Төсектің бас жағында **бес биенің сабасындай** қара қоңыр өнді қартаң әйел отыр (С.Мұқанов). Мұндағы «бес биенің сабасындай» – образ, «әйел» – предмет, «төсектің бас жағында отыр» – белгі.

2) етістікті тұрақты теңеулер – тұрақты теңеуге образ болып, тек етістіктің есімше формасы ғана қолданылады да, басқа формаларында мұндай икемділік болмайды. Етістікті тұрақты теңеулердің образы міндетті түрде көп компонентті болып келеді. Мысалы: От басына таяуырақ, ұзынша сақалын сипап қойып, **жағына пышақ жанығандай** болып Мүсірәлінің өзі отыр. Мәтіндегі «жағына пышақ жаныды» деген тұлға фразеологизмге жатады. Демек, бұл – фразалық теңеу. Осы орайда М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев еңбегіндегі «Өздерінің бейнелі құрылысы жағынан фразеологизм әр алуан болып келеді. Онда тұрақты эпитет, тұрақты теңеу, тұрақты әсірелеу сияқты поэтикалық тіл үлгілерінің белгілері бар» деген ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, фразеологизмге –дай жұрнағы жалғануы арқылы жасалған теңеуді көріп отырмыз [3, 83].

1-мәтін. ...«Әй, Жәкесі, ендігі жемегенің қара судың құрты еді», – деп мұны қыжыртқан. Сонда кемпірі балық толы табақты дастарханнан ала жөнеліп, күресінге атып жіберіп еді-ау. Содан әлгі құртыннан ұшынып аузы-басыма ұшық шықты деп марқұм кемпірі мұны өле-өлгенше жазғырғаны да есінде. Е-бейбақ-ай, өгіз бұзаулады десе илана қалатын аңқау неме біреу бірдеңе десе бас шұлғып **балаша** сене беретін еді-ау[5, 105].

Мұндағы образ – «балаша» теңеуі. Белгі – «сене беру». Теңеудің синтаксистік құрылымына қарай жалаң теңеу. Жасалу жолы – **синтетикалық тәсіл**.

Теңеулер семантика-стилистикалық сипатына қарай антонимдік теңеу деп бөлінеді. «**Антонимдік теңеу** дегеніміз – теңеу предметтерінің арасындағы сапалық айырмашылықтың суреті бір-біріне қарама-қарсы екі заттың немесе құбылыстың образ болып қолданылуы». Мысалы: Жомарт **аш қасқырдай** алаңдап келеді, ал **тойған қозыдай** монтилып Жанат отыр (Ғ.Мүсірепов) [1, 459].

2-мәтін. Содан бері жыл жарым уақыт **аспан жерге түсіп, жер аспанға шыққандай** тас-талқан болды да қалды емес пе мына дүние. Артелі тоз-тоз болды. Ел басқарады деген Сәліктің өзі Түмен асып кетті қатын-баласын шұбыртып. Елге үлгі көрсеткісі келді ме, бар малын ортаға алғаш салған да өзі еді. Жұрттан да соны талап етіп, дігірлеп отырып алды емес пе. Біреулер Сәлік соқасын жексе, бірдене білетін шығар деп жалғыз сиырын жетелеп әкеліп артель соқасына жексе, енді бірі заңнан үркіп, барын беріп жатыр емес пе [5, 99]. «Аспан жерге түсіп, жер аспанға шыққандай» – образ, «тас-талқан болды» – белгі, «дүние» – предмет.

«Аспан жерге түсіп, жер аспанға шыққандай» тұлғасы – окказионал теңеу. Оған дәлел сөздіктегі беріліп отырған қолданыс:

**АСПАН АЙНАЛЫП ЖЕРГЕ ТҮСКЕНДЕЙ**. Адамның ұлыған дауысынан Баянда аспан айналып жерге түскендей (І.Жансүгіров) [1, 356].

Жалпыхалықтық қолданыста «аспан айналып жерге түскендей» деп жұмсалады, ал Т.Қажыбаев «Аран» атты шығармасында аталмыш теңеуді «аспан жерге түсіп, жер аспанға шыққандай» деп өзгертіп барып қолданған. Аталмыш теңеу **қосалқы тәсілдердің көмегімен және -дай жұрнағының жалғануы арқылы** жасалған.

3-мәтін. Аштық зобалаңына ұшыраған қыр елі жөңкіліп Сібірге қарай сырғи жөнелгенде Ресей мен Қазақстанның жол айырығындай ұрымтал тұста отырған шағын Шақалақ **шілдің қиындай** тоз-тозы шығып, аранын ашқан зұлмат нәубеттің топанды тасқыны астында қалып мерт болар санаулы сәттің иек астында тұрғандығын аңғара қоймаған марғау күйде еді [5, 99].

«Шілдің қиындай» – тұрақты теңеу. Оның дәлелі ретінде теңеудің сөздікте берілген түсініктемесін келтіріп отырмыз:

ШЛ. зат. Құр тұқымдасына жататын, кекілікке ұқсас, сұрғылт түсті кішкентай құс.

**ШІЛДІҢ (БОҒЫНДАЙ, ҚИЫНДАЙ, ҚҰМАЛАҒЫНДАЙ)**. Қарусыз келген бозбалалар шілдің қиындай быт-шыт болып, бет-бетіне қашты (С.Жүнісов, Жапанда) [4, 367]. Жасалу жолы – **аралас тәсіл (аналитико-синтетикалық)**.

4-мәтін. Кенжеш атасын аттандырып салғанымен үйге еруге батылы жетпегендей сыртта әрнені бір түртінектеп жүріп алған... Таңмен талас абыр-сабыр күйге түсіп, тірлік үшін тырбаңдасқан жұртшылық жұтатып кеткен жұттан жүні жығылып, сіңірі үзілген **арық-тұрақтай** тұралып қалған. Басында көпшілік үшін ұжымдаса жүріп еңбек етіп ел болайық дескен ұшпақты ұранның күлі көкке ұшып, бекемдесіп бел буысқандардың белі сынып, берекесі қашқан. Қазір **аранды эпжыландай** сумандаған аштықтан қалай құтылсам екен деген жеке бастың әуресі әуелеп кеткен [5, 100].

АРЫҚ-ТҰРАҚТАЙ сын есімінің сөздікте берілген мағынасы – «кем-кетік, жарлы жақыбай тәрізді»[4, 683].

Мәтіндегі «Арық-тұрақтай», «әпжыландай» деген қолданыстар тұрақты теңеулерге жатады.

Ғалым Р.Сыздықтың пікірінше, арық-тұрық, арық-тұрақ деген қос сөздер бір мағынадағы сөздер. «Мұндай бір мағынадағы сөздердің қатар келуі тілімізде жиі кездесетін құбылыс. Тұрық сөзі негізінен тұрқы деген тұлғада жұмсалып, бір нәрсенің, көбінесе адам, жан-жануар сияқты тірі жан иесінің тік және көлденең қалпындағы көрінісі»[6,46]. Бұл тұрақты теңеулер синтетикалық тәсіл арқылы жасалған.

«Әбжыландай сумандау» теңеуі Бұхар жыраудың шығармашылығында кездеседі. Сөздікте берілген шығармадан үзінді соның айқын дәлелі:

Ұрғашының жақсысы,

Әбжыландай сумандап,

Боз жорғадай бұлғады, (Бұхар жырау) [6,11].

Жазушы Т.Қажыбаев шығармасында кездесетін «аранды әбжыландай» деген теңеу семантика-стистикалық сипатына қарай эпитетті теңеуге жатады. «Эпитетті теңеу – образ не предметке, не белгіге көркем анықтауыш ретінде қолданылады». Мысалы: Әбілқайыр жауар бұлттай ашулы қайтты (І.Есенберлин) [1, 441].

Әбжыланның жыланнан қандай ерекшелігі бар? Ғалым Р.Сыздықтың пікіріне сүйенетін болсақ, аба, ап якутша «ашы дәм, суда өсетін улы шөптің тамыры» және «сиқыр, арбау» деген мағына беретіндігін айтып, әбжыланның ең бастапқы мәні – «улы жылан» деп этимологиясына тоқталады.

5-мәтін. Кенжештің ойын Сәлік үйінің алдындағы күресінде қанды қасап таласқа түскен ауыл иттерінің ию-кию даңғаза шуы бөліп еді. Ол қолына іліккен таяғын басынан асыра бұлғалақтай айғайлап, солай қарай **жын соққандай** жүгіре жөнелді... Көкжалдан тұрқы **қысқалау** демесең шомбал бітімі **бөлектеу** жырық құлақ, жалғыз көз төбет тайсалмай келіп шарт та шұрт айқасып кеткен. Шәу-шәу етіскен былайғы топ манадан бері тұмсық батыра алмай жүрген өлексеге тап берісіп, туталақай ала жөнеліскен [5, 101].

«Жын соққандай жүгіру» деген теңеу функционалды стильдердің бірі публицистикалық стиль, көркем әдебиет стильдерінде, ауызекі сөйлеу тілінің ауызша формасында жиі жұмсалады. Бұл теңеу сөздікте қолданылмағанымен, «жын соққандай теңселу» теңеуі тұрақты теңеулер қатарынан орын алған. Мысалы:

Абжыландай толғанып,

Бұралып кетіп барады,

Жын соққандай теңселіп (Батырлар жыры) [1, 318].

Осы теңеуге ұқсас «жын қаққандай жабысу», «жын ойнағындай ызыңдау», «жын ұрғандай (бұркылдау, жұлқыну, сандалу)» деген теңеулер қолданылады. Олардың барлығы тұрақты теңеулерге жатады. Демек, біз осы теңеулер типтеп автор тарапынан қолданысқа ие болған «жын соққандай жүгіруді» де тұрақты теңеулер қатарына жатқызып отырмыз.

Жазушының шеберлігі образды сомдауда бір ғана көркемдегіш құралды – теңеуді түрліше құбылтып жұмсағандығында. Келесі теңеу теориялық тұрғыдан әбден дәлелденген синтаксистік құрылымына қарай болымсыз теңеу деп аталады. Оған жоғарыдағы мәтіннен берілген мына сөйлем дәлел бола алады: Көкжалдан тұрқы **қысқалау** демесең, шомбал бітімі **бөлектеу**, жырық құлақ, жалғыз көз төбет тайсалмай келіп шарт та шұрт айқасып кеткен.

«Болымсыз теңеу – бір затты екінші затқа теңегенде, болымсыз мағына анықталады. Бұл теңеуге негіз болатын нәрсе – болымсыздық мағына емес, бір зат пен екінші заттың бір-біріне ұқсас яки ұқсас еместігі негізінде жасалады» [1, 401].

6-мәтін. «Иманды болғыр пақырлар, жеткен жерлерің осы болғаны да. Тірілерінде жарылқамаған Алла ахиретте жарылқар деймісің. Тым болмаса жүздерің де жасырынбай қалды-ау. Ит тірлік-ай, мұсылман ғұрпымен беттеріңді де жасыра алмадым-ау. Қарайғаннан қорқып...**Ит болдым ғой**. Кешіріндер, пақырларым, кешіріндер...» [5, 107].

«Ит болу» – образ, «қарайғаннан қорқу» – белгі.

Жазушы Т.Қажыбаев шығармасында эмоционалды-экспрессивті сипатына қарай атрибуттық жағымсыз мәнді эмоционалды теңеуді де ұтымды қолдана білген.

«Атрибуттық эмоционалды теңеу дегеніміз – эмоционалды-экспрессивті екпін теңеудің образына түседі де, образ әрқилы эпитеттер арқылы сипатталып, оның әр түрлі қасиеттері гиперболалық әдіспен әсірелей көрсетіледі» [1, 466]. Контекстегі «ит болу» образы «иттей» деген мағынада айтылып тұрғандығы айқын көрініп тұр.

Көркем шығармаларда, тілімізде ит үй жануары жағымды және жағымсыз эмоцияны білдіру үшін қолданылып келеді. Жағымсыз эмоцияны білдіргенде итке ең жаман, нашар деген заттар мен құбылыстар теңеледі. Мысалы: ит адам, ит өмір, ит мінез, иттің баласы, иттен туған, иттей жұлмалау, иттей ырылдасу, иттің етінен жек көремін т.б. Тілімізде итке қатысты мына сияқты тұрақты теңеулер бар: қанға тойған ит сияқты, түйеге жармасқан иттей, сүтке тиген ұры иттей т.б. Жасалу жолының өзі ерекше. Ол – **қосалқы тәсілдер**.

7-мәтін. Кенжештің бар күшін жұмсап қатты жұлқылағаннан ба, Көбейдің сірескен сүлдесі бері аунап түскен. Күлкілдеген беті **қымызы сарқылған сабадай** қырыс-тырыс шалбарланып, көгілжім тартып қалыпты. Бақшиған жансыз көздері мына азапты дүниемен мәңгілікке қоштасқан мүсәпір жанның халінен хабардар етіп жатса да, Кенжештің таңертенгісін ғана тірі жатқан ерінің жан тәсілім етіп, о дүниеге жүріп кеткеніне сенгісі жоқ еді [5, 110].

Осы мәтінде авторға ғана тән окказионал теңеу бар. Ол – «күлкілдеген беті қымызы сарқылған сабадай». Мұндағы образ – «қымызы сарқылған сабадай», «беті» – предмет, «қырыс-тырыс шалбарланып, көгілжім тартып қалыпты» – белгі.

Ал сөздікте «қымызы жоқ сабадай» деген теңеудің мағынасы берілген.

**ҚЫМЫЗЫ ЖОҚ САБАДАЙ.** бейн. Қаңсыған, мән-мазмұны, мәртебесінен айырылған. Мысалы:

Кеше әулие, бүгін жың, бәрі мансұқ,

**Қымызы жоқ сабадай** қалған қаңсып.

Бабалардың дәстүрі, қасиеті

Бара жатыр алыстап, тұман басып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ) [4, 563].

Біздіңше, Т.Қажыбаев дайын теңеуді қолданбай контекст қажет ететін тың окказионал теңеуді таңдаған.

Автор «қымызы сарқылған сабадай» теңеуі арқылы аштықтан әбден титықтаған, дүниеден өткен адамның бет-әлпетін суреттеп отыр. Осындай мүшкіл халді көрсету үшін қолданылған теңеу қазақы танымның негізінде ғана жасалатынына күмәніміз жоқ.

Жазушы Т.Қажыбаев бір зат пен екінші затты салыстыра қолдануда стилистикалық тәсіл, таным құралы теңеуді түрлендіріп қолдануының басты себебі бар. Ол – образ жасауда оның көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтіп, сол салыстырып отырған затты жаңа, тың қырынан оқырманына халқының танымына сәйкес, қымыз, саба сияқты мәдени лексиканы ұтымды қолдану арқылы жеткізуді мақсат еткен.

#### **Әдебиеттер**

1. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. –480 б.

2. Жұмалиев Қ. шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007. – 272 б.

3. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1974.– 191 б.

4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

5. Қажыбаев Т. Қанкешу: Повестер. – Ақмола, 1995. – 226 б.

6. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 410 б.

## **А.АЛТАЙДЫҢ «БАЛАҚ БАУ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ МӘДЕНИ ЛЕКСИКА**

**Қияқова Р.Ж.**

**филология ғылымдарының кандидаты, доцент**

**Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті**

**Көкшетау қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Бұл мақалада жазушы А.Алтайдың «Балақ бау» атты әңгімесіндегі этномәдени лексика қарастырылады. Мақаланы жазу барысында Ә.Қайдардың, Б.Қалиевтың, Т.Жанұзақ еңбектері, сол сияқты бірнеше сөздіктер басшылыққа алынды. Сонымен қатар ұлттық болмысты танытатын этнофразеологизмдер, топонимдер, олардың этимологиясы анықталды.

**Аннотация.** В статье рассматривается этнокультурная лексика использованная в рассказе «Балак бау» писателя А.Алтая. При анализе этнокультурной лексики использовали научные труды А.Кайдара, Б.Калиева, Т.Жанұзака и другие лингвистические словари. Также в статье рассматриваются этнофразеологизмы, топонимы определяющий национальный менталитет казахского народа.

**Annotation.** This article is about the ethno cultural vocabulary used in the story “Balak bau” written by the writer A. Altai. The scientific works of A. Kaliev B. Kaydarov were used while analyzing ethno cultural vocabulary. The article also discusses ethno phraseological units that determine the national mentality of the Kazakh people.

**Тірек сөздер:** мәдени лексика, топоним, этномәдени ақпарат, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, этнофразеологизм.

**Ключевые слова:** культурная лексика, топоним, этнокультурная информация, лингвокультурология, этнолингвистика, этнофразеологизм

**Key words:** cultural vocabulary, toponym, ethnocultural information, linguoculturology, ethno-linguistics, etnofrazeologizm.

Жазушы Асқар Алтайға талай кездесулерде: «Шоқтығы биік шығармаңыз қайсы?», – деген сұрақ сөз зергерлері мен оқырман тарапынан жиі қойылса керек.

«Жазушы үшін «шоқтығы биік шығарма» деген бола ма екен... Оны оқырман бағалайтын еді ғой, әлбетте, нағыз есті оқырман... роман жанры – ұлы тау сілемі... Ал әңгіме осы ұлы сілемнің бір қойнау-қолатында өз түтінін түтеткен ұры қыстау сияқты, хикаятымыз ұлы таудың терең шатқалын мекендеген бір пұшпақ әлем секілді. Демек, әр жанрдың шоқтығы биік шығармалары – тереңі түпсіз әңгімелері, қатпары қалың хикаяттары, соқпағы сонарлы романдары бар. Оларды бірінен-бірі артық санау – ағаттық», – дейді көркем шығармаларға әділ бағасын беруге тырысқан автор [1].

Асқар Алтайдың «Қыр мен қала хикаялары» атты тұңғыш жинағы 1998 жылы баспадан шығады. Кейін «Алтай новелласы», «Казино», «Киллер сауысқан» жинақтары, «Нарық нақыштары» және «Қызыл бөлтірік» атты ұжымдық жинақтарда прозалық шығармалары жарық көреді. Оның 1997 жылы шыққан «Қызыл бөлтірік» деген еңбегі (повестер мен әңгімелер) Халықаралық Сорос қорының бас жүлдесін, грантын жеңіп алған. Сондай-ақ дарынды жазушының мынадай марапаттары бар: Ол – Қазақстан жазушылар одағы Жастар

арасындағы прозашылар форумының, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Т.Әбдірайым: «Көзқарақты оқырман оның әр шығармасын асыға күтеді. Солай болуы заңды да! Өйткені Асқар Алтай қазақтың шұрайлы тіліне жөргегінен жарыған жазушы», – дейді [1].

А.Байтұрсынов «Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады» демекші, сөзді өнер, сөзді күдірет деп таныған кез келген жазушы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан материалдық мәдениетке қатысты лексиканы ұтымды қолданады. Тілдің коммуникативтік, информативтік, волюнтаривтік қызметінен басқа этномәдени ақпаратты жинаушы, сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші қызметі де бар. Қазақ тіл ғылымында ұлт пен тілдің тұтастығын, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын тануға негізделген салалар дамып келе жатыр. Олар: когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. Тіл ғылымының бұл салалары ұлттық болмыс, ұлттық сана, ұлттық рухты танып білуге негізделген.

Олай болса, этнолингвистика нені нысан етеді деген мәселеге тоқталсақ.

Этнолингвистика деген термин екі компоненттен тұрады. Бірінші компоненті – халық, екінші компоненті тіл білімі деген мағынада жұмсалған. Бұл термин тіл біліміндегі бір бағытты білдіреді. «... Неғұрлым кең мағынада этнолингвистика лингвистикалық әдістердің көмегімен ұлт мәдениетінің, халық психологиясы мен мифологиясының мазмұнын зерттейтін кешенді ғылым ретінде танылады. Этнолингвистика – инсанның болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихы жадында сақталып, тілі арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүрлі тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы» [2,45].

Біздер, оқырмандар, Асқар Алтайдың қазаққа жақын кәсіптің бірі саятшылық, құсбегілік өнердің қыр-сыры мол екенін «Балақ бау» деген әңгімесінен аңғардық. «Адам жаны – жұмбақ ... адам тәні – салмақ. Саятшылықты көзбен көріп, көңілмен сезіну қажет. Ол – кәсіп емес, ол – өнер. Өнердің ішінде де өрені. Өзегін өртенсе де, өрең жетпес, қырандай кірпияз өнер. Өнердің серісі, толғаулы торысы. Ал сері жанын қай заманда да халқынан басқа түсінбеген... Ербол өмірі де сондай» [3,110].

А.Алтайдың «Киллер сауысқан» әңгімесінде де саятшылық тақырыбы қозғалады. «Текті құстардың барлығы – қыран құстар екені белгілі. Халқымыз жоламаған өнер – сауысқанмен саятшылық құру. Бұл – обал да, зауалы да ауыр, сұмдық іс» деп ұлы бабаларымыз тыйым салған деген ой әңгімеде тарқатылады. Саятшылық өнердегі осындай есте жүрер жайлардан хабардар болғанымыз да жөн.

Құсбегілердің жазылмаған заңдылығы бар. Балапан құсты күту, баптау, қыран құстың мінезіне бойлау, аң-құсқа салу сияқты асқан шеберлікті қажет ететін кәсіп. Құсбегілер үшін табиғаттың тылсым күші, жыл мезгілінің небір кезеңдері қан сонар, ұзақ сонар, келте сонар туралы да түсінік, терең мағлұматтары болғаны абзал. Екінің біріне құсбегілік өнердің дарымайтындығын, жас құсбегіге қазақ халқының «Тырнағы толымды, тұмсығы қанды қыран баптаған құсбегі болсын!» деп беретін бата-тілектерінің де жөні бөлектігін А.Алтай кейіпкерлері арқылы оқырманға жеткізеді. «Осыдан үш жыл бұрын кешегі Нарынқол жақта қайтыс болған ағайын: Қартайып қалдым. Бұрынғыдай денсаулығым жоқ. Немеренің құсқа деген құштарлығы бар екен. Өз тұқымымнан ондай ешкімді байқай алмадым!.. Қайсарына тарту еттім!», – деп, өзі бірге еріп келіп, Есбол мен немересін бір айдай құсбегіліктің сырына қанықтырған» [3;116]. Содан соң автор бүркіттің төмендегідей мінезінің өзгешелігін танытатын эпизоттарды сомдайды, олар:

«...Мінезі мінді: қарт пен баладан басқаны бөтенсіп өскен. Тамақты тандап жейтін кірпияз. Ашуланшақ. Шатақ. Жемі келіспесе, лоқсып құсып тастайтын да, қатты ауырып қалатын. Ондайда күтім керек. ...Ақжағалың текті қыран екен. Қыранның қикар мінездісі – бекзаттықтың белгісі» [3;116]. Десе де, текті қыран тұқымы, бекзат құс қанша қолға үйретілсе де, түз тағысының тыныштығын бұзып, кетуін кетірсе, оқыс мінез көрсетуден аянбайды екен. «Бүркіт сізді қызғанды ма, мекенін қызғанды ма, әлде көгін қызғанды ма, әйтеуір біздің жолдасымызды қатты жаралап тастады. Екі көзі көрмей қалуы мүмкін...» [3;119]. Сол сияқты осы әңгімедегі ұлттық болмысты, дүниетанымды тағы басқа қасиеттерді танытатын этнофразеологизмдердің өрілуіне негіз болған тілдік деректерге тоқталуымызға болады. Олар: жасын сорғалата айызын қандыру, аузы аққа тию, аузы аққа ілігу, көз қырын салмау, тіл қату, мұзға отырғызу, жер соқтырып кету, көзінің ұшымен қарау, үнсіз тілін тістеу, қаны басына шабу, сай сүйегін сырқыратып шырылдау, қас пен көздің арасында т.б. Демек, бұл этнофразеологизмдер бір ұлтқа ғана тән. Олар сол ұлттың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мәдениетіне байланысты кездесетін фразеологизмдер деп қарастырылып жүр. Және әңгімеге өзек болған төрт қырлы келген сегіз өрме, тағалы табан, жез таңдай қамшы, жылан қамшының тілі, қамшымен көміп-көміп жіберу, тамұққа түскендей, селеудей селдір, өмілдіріктеп алған (өткен-кеткенін өмілдіріктеп алған), бөбегін әлдилеген бесік жыры, балақ бау, сақина, қыран қоясы (қоясымен қоса қан құсу), арулап көму, білеудей білезік, мүйіздей қатып қалған қайыс балақ бау сақина, жебедей зулау сияқты мәдени лексикалар «жөргегінен ана тіліне жарыған» жазушыға тән іспетті.

Әңгіменің атауы – «Балақ бау» аллитерациялық үндесімге негізделген. Қазақтың танымында «балақ бау» лексемасының астарында үлкен сыр, философия жатыр. Біріншіден, құсбегілер «Балақ бауынан айырылған құс – бағынан айырылған құс. Тегінен айырылып, тұғырынан таяды» деп астарласа, екіншіден, ИЕСІН ұмытпай жүрсін деген ниетпен көк қыранын кейде иесі тіршіліктің қиын-қыстау сәтінде, өмірінің түрлі иірімдерінде балақ бау сақинасымен ұшырып жіберетін болған.

Мәтінге сүйенсек: «Мұның ойына Ербол құрдасы мәңгі оралғы болған. Қайтып оралмады... Соғыстан оралды, «ол жақтан» оралмады ... бір-ақ күнде ғайып болды. ...Ербол сонда Қарабасты (қыран) балақ бау сақинасымен жіберген екен. Иесін ұмытпай жүрсін деген ғой... Қайтып келем деп ойлаған-ау, бейшара!...»

Құсбегілер балақ баудың сырын осылай ұғынған.

Енді А.Алтай қолданысындағы кейбір мәдени лексикаларға тоқталып өтсек.

**Балақ бау.** Саят құстардың (бүркіт, қаршыға, ителгі) аяқтарына тағылатын қайыс бау.

Балақ бауды кейде құсбегілер білезік бау деп те атайды. Ол – құстың екі жіліншігіне (балағына) бірдей тағылатын бау. Мұны кейде ел ішінде бірде балақ бау, бірде білезік бау, бірде құстың «аяқ бауы» деп те атайды. Балақ баудың іші – жұмсақ киіз, оның ішінде – ұлпа тері, ал сырты былғары немесе жұмсақ иленген қайыстан жасалады. Киіз бен қайыс қабатталып тігіледі. Ені екі елідей, ұзыны жіліншікті бір орап түйіліседі. Түйіліскен екі ұшын біріктіріп, шолақ аяқ бау тағылады. Демек, құс аяғының әр жіліншігіне балақ бау мен шолақ аяқ бау тағылады да, ол баулар құс аяғында ұдайы тұрады.

Қазақ тілінде «балақ» лексемасының жұмсалыу аясы кең екендігін сөздікте берілген мына мысалдардан көруімізге болады.

Қанды **балақ**. Қанқұмар, жауыз.

Мұз **балақ**. Поэт. Алғыр, қырын.

Сары **балақ**. Аңға көп түсіп машыққан, бабына келген алғыр қыран.

Шынжыр **балақ**, шұбар төс.Билеп-төстеуші, би-болыс, шонжар [4,71].

Балақбау зат.этн. Біреудің қыран құсын қалап, сұрап аларда беретін кәде. Жай қалау емес, **балақбауы** деп ат ұсынып, атан өгіз жетектеп те келеді құсқа қызыққандар [5, 87].

Әңгімедегі «**жез таңдай қамшы**» деген лексеманың қолданылуына назар аударсақ.

«Жылқы да иесінің ығына жығыла жез таңдай қамшыға қарап қояды. Қайтсін есті жануар! Тәніне жылан қамшы тілін тигізбеуге үйренген ғой. Иесінің анда- санда ашуға мінетінінен сыралғы». Олай болса, автордың «жез таңдай қамшы» деп не себепті қолданғандығы оқырманға мәнмәтіннен белгілі болып тұр.

Тіліміздің байлығы бір «жез» тұлғасының басқа сөздермен тіркесіп жұмсалыуынан аңғарылады. Олар: **жез бұйдалы** (әдемі, әсем бұйдасы бар) [7, 50];

**Жез қанат** (қанаты әдемі, сұлу);

**Жез мойын** (иілген ұзын мойын, әдемі мойын);

**Жез шудалы** (жылтыр сары шудасы бар);

**Жез кірпік** (кірпігі тікелей, өрімдей жас);

**Жез тұяқ** (құстардың аяғына аң терісінен әр саусаққа киілетін, білезікке бекітілген аяққап) [6,265];

Бүркіт қасқыр немесе түлкіге түскен кезде, құстың саусақтары абайсызда жыртқыштың аузына түсіп қалады. Біз аламыз аң саусақты қыршып тастайды. Сол себепті шеберлер бүркітке жезден немесе темірден тұяқ жасап кигізеді. Соған сай оны құсбегілер «жезтұяқ» деп атайды. Қозғалыста қиындау болса да, аңмен арпалысқанда бүркіт жарақаттанбайды.

**Жез киік** (сұлу, мүсінді), **жез аяқ** (қыдырымпаз, жүрдек) [7, 50];

**Жез таңдай** (суырып салма шешен, әнші [7, 50].

**Қоя1 зат.** жеген ас қорытылмай қалатын ауру.

**Қоя2 зат.** Оралған ақ киізден, сүйек не талдан жасалып, қыранның ішкі құрылысын қыл-қыбырдан тазалау үшін берілетін жасанды нәрсе. Қыранға жегізетін қоя екінші, не үшінші күні қыранның ішіндегі қыл - қыбырын алып, құстың аузынан түседі [5,368].

Басқа да еңбектерден «қоя»тұлғасының қолданылуы туралы мәліметтер келтірсек болады.

– Бүркіттің ішінде шірімей қалған ас қалдығын түсіруге бола ма?

– Неге болмасын! Бүркіттің ішінде тек тамақ қалдығы емес, жүн-жұрқа, қыл-қыбыр тоқтап қалуы мүмкін. Бүркіттің ішін тазалау үшін, жылқының жалы, қамыстың үлдірігі сияқты жұмсақ заттарды жіпке байлап жұтқызу керек. Сонда ол астың қалдығын төмен айдайды. Мұны құсбегілер құстың «қоясын түсіру» деп атайды [8,93].

**Тамұқ**, зат. 1. діни ұғым бойынша күнәкар адамға (о дүниеде) азап көрсететін жер. 2. Ауыс.Ауыр азап, михнат, бейнет [9,579].

**Өмілдірік.** Ер-тоқым әбзелдерінің бірі. Ер жылжып кетпес үшін аттың кеудесіне кигізеді. Оны қазақ шеберлері қатты құрым теріден немесе қалың былғарыдан жасап, қайып тіккен. Құйма әшекей заттармен безендірген. Кейбір өмілдіріктердің астына киіз, шұға салыған. Дәстүрлі қазақ қоғамында өмілдірік секілді ат әбзелдері ер адамдарға арналып жасалғанда, күміс қақталған темір құймалармен көмкерілсе, әйелдің ат әбзелдеріне әшекей молынан салынған. Бүркеншіктермен күмістелген, алтындалған, кейде шашақталған бау тағылып, асыл тастар орнатылған. Өмілдірікпен қатар өзге де ер-тұрман әбзелдері оюы мен әшекейі біркелкі болып, өзара үйлесіп тұруы үшін барлығын бір шебер жасаған [10];

**Сақина** 2. Дөңгелек, шеңбер. Сақина құстың аяғына салынады [9,109];

**Қайыс** зат. Ер-тұрман әбзелдері мен әр түрлі қажетті заттар жасау үшін арнайы өңделген мал терісі. Қайыс сиыр, түйе терісінен жасалады. Ашытқы жағу не химиялық жолмен өңдеу арқылы немесе механикалық жолмен жаншылып иленген тері [11,109].

**Жебе** ат. Бұрынғы кезде металдың орнына кейде сүйек жебе қолданылған. ир. зат. Садақ оғының масағы. Садақтың шығуына байланысты өте ертеде жасалған. Жебені алғашқыда өте берік шақпақ тастан кейін қола, темірден жасаған. Қарудың кең тараған түрі [11,89].

Құсбегілердің пайымдауынша, ұзақ сонар болсын, келте сонар болсын аң аулауға шыққан құс атаулы үнемі бабында болу үшін, құсқа арналған құралдарды қас шебер жасағаны дұрыс. А.Алтайдың «Балақ бау» атты әңгімесінде кездеспесе де, енді басқа шығармаларында жұмсалған ата кәсіпке тән этномәдени лексикаға



жататын, профессор Р.Сыздықова айтпақшы, атауларды сөйлетіп көрсек. Олар: томаға, биялай, құсаяқ, саптыаяқ немесе жемаяқ, тұғыр, жем қалта.

**Томаға** дегеніміз – асқан шеберлікті қажет ететін, жұмсақ былғарыдан құсқа арнайы тігілетін бас киім. Оюлы, өрнекті, әдемі, ең бастысы ыңғайлы, ерекше пішілген томағаны құсбегілер бір бестінің құнынан төмен бағаламаған. Ол бүркіттің екі көзін ешбір жерде саңылау қалмастай жауып тұруға лайықталып жасалатын болған. Томаға міндетті түрде бала-шаға, маңындағы жан-жануарларды бүріп тастамауы үшін кигізілген. Томағашылар бас киім құстың басын қажамауына, қыспауына ерекше мән берген. Әрі көзіне жайлы болуы үшін алдымен қалың былғары ұлтаннан үлгісін жасаған. Тамақ бау, айдар бау сияқты бас киімнің бөлшектері тұтас, кейде бөлек-бөлек пішілген.

**Биялай.** Бүркітті оң қолға отырғызғанда, ол дұрыс, орнықты отыруы үшін, әрі бүркітшінің қолын жарақаттамауы үшін арнайы тігілетін қолғап. Қолғаптың жеңшесі кең, ұзын болады, себебі ол жеңнің сыртынан киюге арналған. Биялайдың іші – кигіз, ал сырты жұмсақ иленген терімен қапталады. Құсбегілер теріні де таңдай білген. Тау ешкісінің терісі, еліктің, сиырдың терісі ең қолайлысы деп есептелген.

Келесі қажетті, құралдың бірі – **тұғыр**. Тұғыр – құсқа арналған міндетті құрал-жабдықтың бірі. Оның ұзындығы екі қарыс сүйем, ені бір сүйем, ал биіктігі екі сүйем болады. Сапалы ағаштан төрт немесе үш сирақты, орнықты, жатаған етіп жасалатын құсты қондыратын орын.

**Құсқа жем беретін ыдыс атаулары – саптыаяқ, құсаяқ, жемаяқ, жем саптыаяқ.** Аталуы түрліше болғанмен, қызметі бір. Құсаяқ жеңіл, жұқа, шұңғыл, әдемі жонылады, Сыйымдылығы 2-2,5 литр болады. Формасы: бір жағы сопақшалау келеді, екінші жағына ұстауға ыңғайлы қылып бір тұтамдай сап жасалады. Көшкенде байлап қоюға ыңғайлы болатындай сабына қайыс бау өткізіледі.

**Жем қалта.** Құсбегіге қажетті басты құрал-жабдықтың бірі. Жем қалтада үйрек, кекілік, қоянның бөкесі, кейде қалтадан қойдың толарсағы да табылып қалады. Құсты қажет болғанда шақыру мақсатында қолданады. Жем қалтаның тігілуіне, көлеміне, ішкі қапталдарына мән берген. Ішіне жылтыр, жұмыр етіп сүйектен жасалған құстың көмейіне жүгіртетін түтікше сияқты құралды да салған [10].

Әңгімеде бұдан басқа да көпшілікке белгілі Хан Тәңірі, Алатау, Түрген шатқалы, Қараштың құзы, Батыс Украина, Тұрысбеков, Шорманов, Қарабас қыран, Ақжағал бүркіт сияқты т.б. антропоним, топонимдер бар. Олардың этимологиясы да түрлі ақпаратты аңғарып, «білім көкжиегі» атты әлеміңізді кеңейте алады. Енді әңгімедегі топонимдерге тоқталсақ.

Жазушының әңгімесінде Нарынқол деген топоним қолданылған. Ғалым Т.Жанұзақтың еңбегінде төмендегідей ой түйінделеді: «Нарынқол – өзен, су, Райымбек ауданы, Алматы облысы. Атаудың бірінші сыңарындағы нарын сөзін монғол тіліндегі нарийан «жіңішке», ал екінші сыңарындағы қол «өзен» деген уәжге сүйеніп келген едік. Қытай ескерткіштеріндегі үйсін тіліне тән сөздерді талдап оқыған синолог Я.Бичурин мына төмендегі сөздерді үйсіндерге тән деп дәлелдеген. Олар: Дагань, Тархан, Чаян, Бури, ақа, жосы, Нарын, Темір, Талас, Қарқара т.б. Райымбек ауданындағы Темірлік, Нарынқол, Қарқара, Ақсай, Талас атауларының сақталып, бұл күнге жетуі ғаламат құбылыс екені сөзсіз. Якут тілінде нарын «жіңішке», «нәзік» деген мәнде болса, Нарын (құмы) Еділ-Орал өзендері аралығында, Сырдарияның жоғары ағысының да, Нарын өзені, Қырғыз Республикасында да Нарын тауы, Тувада Нарын өзені, Өзбекстанның Наманган облысында Нарын деген атаулардың барын білеміз. Ал Нарын сөзінің құммен байланысты болуын, яғни «адыр-бұдырлы, дөңесті құмдардың созылып жатқан тізбектерін» Нарын деуді жиі ұшыратамыз. Ал Нарынқол атауының екінші сыңарындағы қол – «өзен», «өзеншік», «өзен тарамы», «сай» мағынасында көне түркі тілінде атап айтқанда. Мойын Чор ескерткішінде көрініс тапқаны белгілі. Демек, Нарынқол «жіңішке өзен» мәніндегі ерте заманнан келе жатқан атау деп білеміз» [12,153]. Келесі топониміміз – «Хан тәңірі». «Хан тәңірі – Тянь-Шаньның ортақ бөлігінде орналасқан биік шың. Е.Қойшыбаев «Көне түркі тайпаларының бірі тува түркілері де қазіргі Саян тауын Хантәңірі – «аспан тау» деп атаған» деп жазады. Атаудың екінші құрамындағы сөз көне түркі тілінде көк аспан, құдай, монғол тілінде тэнэр – «көк», «аспан» мағыналарын білдірген» [12, 204]. Демек, жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, Хан тәңірі атауы – аспанмен таласқан, көкке тірелген биік тау деген мағынада қойылған сияқты. Алатау Хан Тәңірі шыңынан басталып, аяғы Шымкентке дейін созылып жатқан асқар биік, заңғар тау. Түркілер ежелгі заманнан-ақ биік шыңды, басында мәңгілік мұз бен аппақ қар жататын тауларды Алатау деп атағаны Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Тянь-Шань Алатауы атауларынан белгілі. Осы Атаулардағы ала сөзінің төркіні, қазіргі қазақ тіліндегі «ақ пен көктің аралас келген түсіне қатысты емес» деген пікірді ғалым Е.Қойшыбаев келтіреді. Бұған қарағанда «ұлы, аса зор, биік тау» деген мағынаға ие екені байқалады.

Сол сияқты «Түрген» сөзінің этимологиясы аталмыш еңбекте: «Түрген сөзінің түркі, монғол тілдеріне ортақ екенін көптеген тілдер материалдарынан анық байқаймыз. Мәселен, монғол тілінде түргэн – «тез, жылдам, шапшаң», тува тілінде дүрген – «тез, жылдам», якут, алтай тілдерінде түргэн «шапшаң», – деп көрсетілген [12,195].

«Қараш» тауына байланысты: «Еңбекші қазақ ауданындағы биік тау. Жоңғар қалмақтарымен болған соғыстарда қазақ қолын бастаған Ұлы жүздің шапырашты тайпасынан шыққан атақты Қараш батыр құрметіне қойылған атау. Бұл маңда кейде Үлкен Қараш, Кіші Қараш, кейде Қараш-Қараш таулары немесе Үшқараш деп ерекшеленіп айтылады», – деген мағлұматтарды оқуға болады [12,114].

Бүгінгі күннің көкейтесті мәселесін қозғайтын А.Алтайдың «Балақ бау» деген әңгімесінде «саятшылық, құсбегілік басына сор болған» Ерболдың тағдыры суреттеледі. Жетімдіктің, жоқшылықтың тауқыметі жүрегін сыздатса да, өмірге құштар, мойымайтын кейіпкер кейбір пысықай надандардың аркасында бір күнде ғайып болған. Автор ойының түп қазығы мынау тәрізді: «Тағдырыңды болжап өмірге сәуегейси алмайсың. Өмір деген

мына Алатау болса, тағдыр – сол таудың құздарынан құлаған көшкін. Көшкін кейде жолындағыны тамырымен қоса қопарып, жуып-шайып кетеді. Мың адамның тағдыры да, бір адамның тағдыры да көшкінге ұқсас. Көшкіннің қауіптілігі де осында ... Көшкінге кезіге көрме, тосқауыл бола алмайсың» [3,108].

Жазушы, менің ойымша, тау көшкіні сияқтылардан сақтану керек деген философиямен әңгімесін көмкерген болуы керек.

Ерболдың тағдыры... Тау көшкіні...

Қазақтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары, бір сөзбен айтқанда, ұлттық ерекшеліктері, әлбетте, сол этностың шығармалары арқылы белгілі болады. Авторды сөйлетсек, тіпті олар, этностық ерекшеліктер, «әр жанрдың шоқтығы биік шығармалары – тереңі түпсіз әңгімелері» арқылы да танылады.

#### **Әдебиеттер**

1. <http://writers.kz/journals>
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері.–Алматы, Ана тілі, 1998. – 303 б.
3. Асқар А. Қыр мен қала хикаялары. – Алматы, Санат, 1998. – 192 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. II Т. Б - Г– Алматы:Ғылым,1976.– 695 б.
5. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі.ҮІ Т. Ж–Д. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. ІҮ Т. Ж – К. – Алматы: Ғылым, 1979. – 672 б.
8. Юсупов М. Құстар әлемі. – Алматы, Санат, 1998. – 190 б.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. П–Т.–Алматы: Ғылым, 1985. ҮІІІ Т. – 591 б.
10. <http://kk.m.wikipedia.org>.
11. Құралұлы А. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 392 б.
12. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. – Алматы: Дайк-пресс, 2007. - 524б.

## **ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫН ҚЫСҚАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ**

**Макешова Ж.М.**

**ф.ғ.к., доцент**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Мақалада құжат айналымын қысқартудың әдіс-тәсілдері айтылады

**Аннотация.** В статье рассматриваются способы и методы упрощения документооборота.

**Annotation.** This article discusses ways and methods to simplify documentation.

**Тірек сөздер:** мұрағат, құжат айналымы, деректеме,тіркеу,хаттау, сараптама.

**Ключевые слова:** архив, докуметооборот, реквизиты, регистрация, редактирование, документ, экспертиза.

**Keywords:** archive, documentation, requisites, registration, editing, document, examination.

Ұйымдар мен мекемелерде құжаттардың жүргізілуі тәртібінде және өңделу процесінде бірыңғайлық болуы құжаттау жұмысын жетілдіреді. Сондықтан, осындай мақсатпен құжаттардың негізгі түрлерінің жүргізілуі мен өңделуінің үлгі-схемасы жасалады және басшылықпен бекітіледі. Ұйымнан шыққан құжаттар жөнелтілген жеріне тез арада жетуге тиіс, сондай-ақ іске қажеттілігі жоқ құжаттардың қайтып оралуын тоқтататын аралық инстанциялар болмауы құжат айналымы жұмысын жақсартады.

Мекемедегі кеңселік бөлімдер құжаттаманы ретке салудың, құжаттар санын қысқартудың басты бағыты құжаттардың бір ізге келтірілген нысандарының салалық табельдерін жасайды. Бұл табельдер қолданылатын құжат нысандарының құрамын және оларды пайдаланудың регламентін қатаң түрде белгілейді. Сонымен бірге, құжаттың нақты көлемінің кішірейтілуі мен қағаздың үнемделуі де құжаттар айналымын қысқартуға көмектеседі. Мысалы: тексттің көлемін а басылу ережелерін қолдану арқылы азайту, оны айқын құрылымдық бөліктерге бөліп, бөліктер аралығында бір-біріне өтуге қатысты сөздерге орын бермеу арқылы текстті 5% қысқартуға болады.

Құжаттардың орындалуын бақылаудың жақсы жолға қойылуында, олардың көшірмелерін жасау мен көбейтуді ұйымдастыруда құжаттар айналымын қысқартудың резервтері бар және олар ұйымдағы құжаттармен жұмыс істеу жолдарын жақсартады. Сонымен бірге, басқару аппаратында қызметтердің айқын бөлісуі және оның құжаттар негізінде бекітілуі құжаттар айналымын нәтижелі ұйымдастырудың шарты болып табылады. Құжаттар айналымына құжаттармен жұмыс істеудің: корреспонденцияны қабылдау, өңдеу, бөлу, беру, жөнелту және айналымдағы құжаттар санының есебін жүргізу, құжаттарды тіркеу және орындалуын бақылау тәрізді негізгі кезендері енеді. Мекемеге не ұйымға келіп түсетін, яғни қабылданатын құжаттар алғашқы өңдеуден өтеді, жақсылап қаралып, тіркеледі, мекеме не ұйым басшысы қарап, тексеріп, орындаушыға табыс етеді. Құжаттар салынған конвертті құжаттама басқармасының қызметкері ашады. Алынған құжатта оның бірінші бетінің төменгі жағындағы ашық орынға оң жақтан тіркеу штампасы соғылады.

Сыртқы ұйымдарға жөнелтілетін құжаттар сұрыпталады, оралып-түйіліп және пошта арқылу жөнелту үшін хатталады, сонан соң байланыс бөлімшесіне табыс етіледі. Құжатты жөнелтуші -құжаттаманы басқару қызметкері олардың хатталу дұрыстылығын, т.б. тексеріп алуы керек. Дұрыс хатталмаған құжаттар

орындаушыға қайтадан тапсырылады. Құрылымдық бөлімшелер арасында құжаттарды табыс ету бөлімше басшысы немесе құжаттаманы басқару үшін жауапты адамдар арқылы жүзеге асырылады. Құжаттарды тиісті белгі соғылған соң табыс етеді. Орындалған құжаттар құрылымдық бөлімшелерге табыс етіледі.

Ұйым ішінде жасалатын, жоғарғы органдардан келіп түсетін, сондай-ақ жеке адамдардан келіп түсетін барлық құжаттарға тіркеу жүргізілуі керек. Құжаттар ұйымдарда бір рет қана тіркеледі, яғни, келіп түскен құжаттар - сол түскен күні, ал жасалатындары - қол қойылған немесе бекітілген күні тіркеледі. Құжатты тіркеу оның атына, мазмұнына байланысты құжаттар топтары шеңберінде жүргізіледі. Мысалы: негізгі қызмет жөніндегі құжаттар - бұйрықтар, жоғарғы ұйым бұйрықтары, адам құрамы жөніндегі бұйрықтар, тексеру актілері, алқаның шешімдері, кәсіпорын есептері т.б. құжаттар бөлек тіркеледі.

Тіркелуге тиісті мәліметтердің негізгі құрымы:

1. Құжаттың авторы
2. Атауы
3. Мерзімі және индексі
4. Құжаттың келіп түскен күні
5. Қысқаша мазмұны: атау, бұрыштама
6. Орындалу мерзімі
7. Орындалғаны туралы белгі
8. Істің нөмірі

*В.Салагаев:* «Іс қағаздарын жүргізу – мемлекеттік стандарттарға сәйкес құжаттар мен іс қағаздарын жасау және солармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, атап айтқанда құжаттардың жүру барысына, іздестіруге және сақтауға жағдай жасау қызметі.» - дейді. [1.50]

Құжаттар туындаған күнінен бастап ведомстволық мұрағатқа өткізілгенге дейін өздерінің туындаған, яғни пайда болған сонан соң іс болып қалыптастырылған жерінде сақталады. Құрылымдық бөлімше басшылары мен құжаттамаға жауапты қызметкерлер құжаттардың дұрыс сақталуын қамтамасыз етеді, яғни істер жұмыс кабинеттерінде арнайы кілтпен жабылатын шкафтар мен сейфтерде сақталады.

Ұйым құжаттары санын есептеу белгіленген уақыт бойынша мекемелер мен ұйымдарда жүргізіліп отырады. Құжаттардың жеке-жеке құрылымдық бөлімшелері бойынша немесе құжаттар топтары бойынша есеп жүргізіледі. Азаматтардың арыз, ұсыныстары, өтініштері мен шағымдары бөлек есепке алынады. Есептің өлшемі ретінде әр дана, оның ішінде машинкаға басылған және көбейтілген даналар алынады.

Құжаттардың есебін жүргізудің нәтижелерін құжаттаманы басқару қызметі қорытындылап, құжаттармен жұмыс жүргізуді жетілдіру жөніндегі шараларды белгілеу үшін ұйымның басшылығына табыс етіледі.

Мекемелерде тіркелетін барлық құжаттардың орындалуы, оның ішінде ішкі өкімдік құжаттардың орындалуы бақыланып отыруы тиісті. Орындалуын бақылауға алған құжаттардың бірінші парағының сол жақ жиегіндегі ашық орынға мемлекеттік соңғы стандартқа сәйкес бақылау жөніндегі белгі қойылады. Бақылауды құжаттаманы басқару қызметі, басшылар, жауапты орындаушылар жүргізеді. Ұйымдық-өкімдік құжаттардың орындалуын бақылауды басшылықтың тапсыруы бойынша арнаулы бөлімше немесе құжаттаманы басқару қызметінің қызметкері жүзеге асырады.

Басқа құжаттар жүйелері, мысалы: жоспарлық, материалдық-техникалық жабдықтау, т.б. жөніндегі құжаттарының орындалуын бақылау тиісті құрылымдық бөлімшелерден жүргізіледі. Құжаттардың орындалуын бақылау қызметі мынадай операциялар жүргізеді: бақылаудағы құжаттардың картотекаларын қалыптастырады, орындалатын мерзімі туралы орындаушы бөлімшеге хабарлап ескертеді, құжат карточкасына орындалу нәтижелері жазылады, басшының нұсқауы бойынша, орындалған құжаттардың картотекаларын қалыптастырады. Орындалу барысын тексеру оның мерзімі аяқталғанға дейінгі барлық кезеңде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: келесі жылдардың тапсырмалары - жылына кемінде бір рет, осы жылдың алдағы айларының тапсырмалары - айына бір рет, үстіміздегі айдың тапсырмалары - әрбір он күн сайын, мерзім аяқталуға бес күн қалғанда бір рет тексеріледі. Құжаттаманы басқару қызметі құжаттардың басшы белгілерін мерзімінде орындалуының барысы мен нәтижелері туралы деректерді ескеріп, тұжырымдайды, ол айына кемінде бір рет жүргізілуі тиіс.

Ұйымдар өз қызметінде пайда болған тұрақты сақталатын құжаттардың іріктелуін, есебін, сақталуын, сапалы өңделуін, пайдалануын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының Бас мұрағат басқармасы мен оның жер жердегі органдары белгілеген ережелерді ұстана отырып, осы құжаттарды мемлекеттік сақтауға дер кезінде өткізуді ұйымдастырады. Тұрақты және ұзақ мерзімді құжаттарды сақтау үшін ұйымдарда ведомстволық мұрағаттар құрылады. Шағын ұйымдарда мұрағат үшін тиісінше қосымша ақы төленетін жауапты адамдар тағайындалады. Тұрақты және ұзақ сақталудағы аяқталған істер екі жыл бойы құрылымдық бөлімшелерде ұсталады да содан кейін ведомстволық мұрағатқа өткізіледі.

Л.Дүйсенбекова: «Кәсіпорынның іс қағаздарын жүргізуге жауапты адамы немесе бөлімшесі құжаттама саласындағы мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілерді қадағалап отыруы тиіс. Қолданыстағы нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе, жаңа құқықтық актілер мен стандарттар қабылданса, іс қағаздарын жүргізуде сол құжаттарға сәйкес шараларды дер кезінде қолға алған жөн» - дейді. [2.56]

Құжаттарды ведомстволық мұрағатқа тапсыру ісі:

**Құжаттардың құндылығын сарапқа салуды; істерді ресімдеуді;** істердің тізімдемесін жасауды; құжаттар мен істерді жоюға беру туралы актілер жасауды қамтиды. Іс жүргізілетін жыл аяқталғаннан кейін құжаттаманы басқару қызметінің қызметкерлері сарапшы комиссиямен бірлесе отырып, ведомстволық

мұрағаттың әдістемелік басшылығымен ведомстволық мұрағатқа өткізу үшін тұрақты және ұзақ сақталатын құжаттарды (10 жылдан астам) іріктеп алады және сақталу мерзімі өткен істерді жою үшін бөліп алады.

Ұйымның тұрақты жұмыс істейтін сарапшы комиссиясы немесе орталық сарапшы комиссиясы (СК, ОСК) басшы қызметкерлерінің бірінің төрағалық етуімен негізгі құрылым бөлімшелерінің білікті мамандардан құрылады. СК, ОСК құрамына мұрағаттың меңгерушісі немесе мұрағат үшін жауапты адам және мұрағаттар мен құжаттаманы мемлекеттік басқарудың тиісті органымен келісу бойынша мемлекеттік мұрағаттың өкілі енгізілуі тиіс.

Сарапшы комиссиялары өз жұмысын типтік ереже негізінде жасалған сарапшы комиссиялар туралы ережелерге сәйкес ұйымдастырады. Сарапшы комиссиялар кеңесші органдар болып табылады. Олардың шешімдерін ұйымдардың басшылары бекітеді. Құжаттардың құндылығын сарапқа салу тұрақты сақталатын істерді әр парағы бойынша қарап және «ОСК», «СК» деген белгі соғып, істер мен тізбелердің номенклатурасы негізінде жүргізіледі.

Сақталу мерзімі біткен құжаттар осы құжаттар мен істердің жою үшін бөліп алынғаны туралы актілерге қосылады. Олар істердің тізімдемесімен бір мезгілде сарапшы комиссияның мәжілістерінде қаралады да ұйымның басшысы тарапынан бекітіледі, содан соң жоюға арнап бөлінген істер екінші қайталама шикізат дайындау жөніндегі ұйымдарға тапсырылады.

Мұрағатта тұрақты сақталатын және адамдар құрамы жөніндегі істер толық ресімделуі тиіс. Ол: істердің тігілуін немесе түптелуін, істегі парақтардың нөмірленуін, істің куәландырылған парағын толтыруды, қажет жағдайда құжаттардың ішкі тізімдемесін жасауды, істер мұқабасының реквизиттерін ресімдеуді көздейді. Мұрағатта тұрақты және ұзақ уақыт сақталатын істердің мұқабасы белгіленген нысанда ресімделеді. Мұқабдағы істер тақырыптарының тігілген құжаттардың мазмұнына сәйкестігі тексеріледі. Қажетті жағдайда істердің тақырыбына қосымша мәліметтер енгізіледі: бұйрықтардың, хаттамалардың нөмірлері қойылады, есеп берудің түрлері мен нысандары және т.б. көрсетіледі.

Мұқабдағы көрсетілген мерзім істің басталған және аяқталған жылына сәйкес келуге тиіс. Істер қалыптасқан жылдан анағұрлым бұрынғы жылдардың құжаттары бар істе көрсетілген мерзім астына «жылдардағы құжаттар бар» деп жазылады.

Бірнеше томнан тұратын істердің мұқабаларында әр томдағы құжаттардың ең бастапқы және ең соңғы мерзімі көрсетіледі. Дәл күнтізбелік мерзімі белгілегенде күні, айы және жылы қойылады. Күні мен жылы араб цифрларымен көрсетіледі, ал айдың аты сөзбен жазылады. Мерзімі цифрлармен қысқартып жазуға рұқсат етіледі. Мұқабдағы тізімдеме бойынша істің нөмірі қойылады және ведомстволық мұрағат бойынша тізімде мен нөмірі көрсетіледі.

Ұйымның (құрылымдық бөлімшенің) атауы өзгерген кезде істегі құжаттар қамтыған кезеңнің ішінде немесе істі басқа ұйымға (құрылымдық бөлімшеге) беру кезінде мұқабға осы ұйымның құрылымдық бөлімшенің жаңа атауы жазылады.

Мұрағатта тұрақты және ұзақ уақыт сақталатын істердің мұқабаларына жазуларды ұзақ өшпейтін сиямен жазылуы тиіс.

Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері іріктеп алған және ресімделген істерге ведомстволық мұрағаттың қадағалауымен тұрақты сақталатын жеке құрам жөніндегі істерге және де бір тектес істерге (тақырыбы бойынша ғылыми есептер, және тергеу істері, ұтымды амал ұсыныстар т.б.) бөлек тізімдеме жасалады.

Құрылымдық бөлімшелер әзірлеген тізімдемелер бойынша құжаттар ведомстволық мұрағатқа өткізіледі. Онда құрылымдық бөлімшелердің тізімдемелері негізінде ұйым істерінің жиынтық тізімдемесі жасалады.

Т.Нұрғалиева: «Іс қағаздарының негізгі қызметтерінің бірі — қоғамдық сана, оның ішінде құқықтық сана қалыптастыру. Кез келген іс қағазының заңдық күші бар, кез келген іс қағазындағы мәлімет заңдық күші бар құжаттар негізінде беріледі» - дейді [3.40].

Құжаттардың дұрыс жүргізілуі (қабылдау, тіркеу, жөнелту, рәсімдеу, мұрағатқа тапсыру, т.с.с) ұйымның жұмысын жақсартады және оның қоғамдағы жұмысының нәтижесін көрсетеді.

#### **Әдебиеттер**

1. Салагаев, Валерий Георгиевич. Іс қағаздарын жүргізу: Оқу құралы = Составление деловых бумаг: Учеб. пособие / В. Салагаев, Б. Шалабай. - Алматы: Раритет, 2000. - 208 б. - (Деловая книга Казахстана)
2. Л.Дүйсенбекова. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. Алматы 2004 ж.
3. Т.Нұрғалиева. Іс қағаздарын жүргізу. Алматы. 2008 ж.
4. Іс жүргізу=Делопроизводство: Сөздік-анықтамалық. - Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. - 224 б.

## **АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ДАМУ ТАРИХЫ (1991-2018 ЖЖ.)**

**Мәден А.Т.,**

**тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы**

**Нуруллаева А.Р.**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы Ақтөбе қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы талданады. Авторлар өткен ғасырдың соңғы онжылдығындағы қаланың әлеуметтік-экономикалық даму сипатын айқындай келе, архив құжаттары, статистикалық және т.б. материалдар негізінде шаһардың қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тенденцияларын зерттейді. Қаланың қазіргі дамуына ықпал етіп отырған факторларды айқындап береді.

**Түйінді сөздер:** қала, әлеуметтік өмір, экономика, мәдениет, этнодемография, урбанизация, агломерация.

**Аннотация.** В статье анализируется социально-экономическое и культурное развитие города Актөбе за годы независимости. Определяя характер социально-экономического развития города последних десятилетий прошлого века, авторы на основе архивных документов, статистических и др. материалов исследуют тенденции социально-экономического и культурного развития города в настоящее время. Выявлены факторы, способствующие современному развитию города.

**Ключевые слова:** город, экономика, культура, этнодемография, урбанизация, агломерация.

**Annotation.** The article analyzes the socio-economic and cultural development of the city of Aktobe over the years of independence. Determining the character of the socio-economic development of the city of the last decades of the last century, the authors, on the basis of archival documents, statistical and other materials, investigate the trends of the socio-economic and cultural development of the city at present. The factors contributing to the modern development of the city are revealed.

**Keywords:** city, economy, culture, ethno-demography, urbanization, agglomeration.

Ақтөбе қаласына үстіміздегі 2019 жылы 150 жыл толғалы отыр. Тарихтан білетініміздей, біздің шаһарымыз патшалық Ресей үкіметінің осы аймақты отарлау барысында жергілікті халықтың қарсылықтарын басу мақсатында 1869 жылы әскери бекініс ретінде құрылған болатын.

Ақтөбе қаласы қазіргі таңда еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан қарқынды дамып отырған шаһарлардың бірі. Қалада 2018 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 476 967 адам тұрады [1, 36 б.]. Осы тұрғындарының саны бойынша Ақтөбе қаласы республикадағы Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды қалаларынан кейінгі бесінші орынды иеленіп отыр. Қаланың урбандалу үдерісі айтарлықтай қарқынмен жалғасуда. Тұрғындар санының артуына көші-қон үдерістері де ықпал етуде. Дегенмен, бүгінде қала халқы санының ұлғаюын негізінен табиғи өсім құрап отыр.

Тәуелсіздік жылдары Ақтөбе қаласы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы жағынан үлкен жетістіктерге жетті. Дегенмен, 1991 жылғы КСРО-ның ыдырауы мен бұрынғы одақтас республикалар арасындағы экономикалық байланыстардың үзілуінен туындаған әлеуметтік-экономикалық қиындықтардан қашып құтыла алмады. Осы қиын жылдары Ақтөбе қаласы тарихының жаңа кезеңі басталды. Өткен ғасырдың 90-жылдары бүкіл еліміздегідей қалада кәсіпорындар мен тұрғын үйлерді жекешелендіру, баға саясатын реттеу, экономиканы нарықтық бағытқа көшіру, заманауи қаржы және банк жүйесін құру сынды шаралар қолға алынды. Жоғарыда атап өткен, республикалар арасындағы байланыстың үзілуінен қала аумағындағы кәсіпорындарға құрал-жабдықтар, қосалқы бөлшектер, бірқатар шикізат түрлері жетіспеді. Тауармен айырбас жасау өсті, кәсіпорындардың қарызы ұлғайды. Қала экономикасындағы дағдарыстық жағдай күннен күнге ушыға түсті, көптеген кәсіпорындар тоқтап қалды. Кәсіпорындарға жұмысшыларына жалақы төлеу қиынға түсті, атқарушы билік зейнеткерлерге, студенттерге, аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік төлемді уақытылы төлей алмады, инфляция күшейді, халық тұтынатын тауарлар, әсіресе, азық-түлік жетіспеді.

Жоғарыда аталған көріністерді архив құжаттары да дәлелдейді. Мәселен, 1992 жылдың сәуір-мамыр айларының өзінде қала кәсіпорындары мен мекемелерінің жұмысшыларына жалақы бойынша «Тұранбанк» акционерлік банкінің Пролетарь бөлімшесі – 50 млн. рубль, «Тұранбанк» акционерлік банкінің басқармасы – 24 млн. рубль, Қазақ акционерлік коммерциялық банкінің әлеуметтік дамуды несиелеу басқармасы – 5,9 млн. рубль, акционерлік-коммерциялық Агропромбанк басқармасы – 5 млн. рубль қарыз болған. Жалақы бойынша төленбеген қарыздар басқа да коммерциялық банктерде барлығы айтылады [2, 216 п.]. Мұндай жағдайдың ақша айналымы мен қолма-қол ақшаны төлеудегі жүйесіздіктен де туындағаны сөзсіз.

Қазақстанның рубль зонасынан шығып, 1993 жылы қарашада ұлттық валютасы теңгені енгізуі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және банктік өзара есептесудегі жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік жасады. 1996 жылы шығынға ұшыраған кәсіпорындар мен ұйымдар облыстағы барлық кәсіпорындардың 34 %-ін құрады және олардың шығын көлемі 658,8 млн. теңгеге тең болды. 6 кәсіпорын жұмысын толық тоқтатса, 50 кәсіпорын – жартылай ғана жұмыс істеп тұрды, жұмыссыздардың қатары артты. Сонымен бір мезгілде энергетикалық дағдарыс та орын алды [3, 634 б.].

1990 жылдардың соңына қарай қаладағы әлеуметтік-экономикалық ахуал тұрақтала бастады. Өнеркәсіп саласы ес жиып, нақты өнім өндіру көлемі артты. Бұл жағдайға қала экономикасына шетелдік капиталдың тартылуы, кейбір ірі кәсіпорындардың шетелдік инвесторлар басқаруына берілуі ықпал етті. Қаланы электр қуатымен қамтамасыз етуге де көңіл бөлініп, электр желілері жаңартылды. Ақтөбе қаласындағы жылу және энергетика станцияларына Жаңажолдың ілеспе газын беру халыққа, әлеуметтік және өнеркәсіптік инфрақұрылымға қажетті жылу мен электр қуатына төлем тарифін айтарлықтай төмендетуге, аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді [3, 635 б.]. Экономикалық салада шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға күш салынды. Бірге-бірге олардың экономикалық даму мен қала бюджетін қалыптастыруда үлесі артты.

Қала экономикасының жақсаруы тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Кәсіпорын жұмысшылары, бюджеттік сала қызметкерлері жалақыларын уақытылы ала бастады, барлық әлеуметтік төлемдер мерзімінде төлене бастады. Аз қамтылған және көп балалы отбасыларға, мүгедектерге, ардегерлерге қайырымдылық көмек көрсетілді. Кейінгі жылдары оған шағын және орта кәсіп иелерінің қатысуы дәстүрге айналды.

1997-2001 жылдар аралығында қалада 250 мың шаршы метрден аса тұрғын үй пайдалануға берілді. 2100 отбасы тұрғын үй жағдайларын жақсартты, оның ішінде, әлеуметтік сала жұмыскерлерінің 580 аса отбасына және соғыс ардагерлеріне үй берілді [3, 637 б.].

Қаладағы білім беру және мәдениет саласының да жағдайы жақсарды. 1990 жылдардың басынан білім беру және мәдениет саласының қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қолға алынды. Оларға қала шетіндегі Заречный, Оңтүстік-Батыс аудандарынан жер учаскелері берілді, коммуналдық төлемдерден босату мәселесі қарастырылды, басқа да жеңілдіктер жасалды [2, 265 п.; 4, 1 п.].

1991-2018 жылдар аралығында қаладағы мектептер саны екі есеге көбейді. 1992-1993 оқу жылы қарсаңында шаһарымызда жалпы білім беретін 40 мектеп болып, оларда 37397 оқушы білім алса [5, 60 п.], қазір таңда 78 мектеп білім беріп келеді. 2017-2018 оқу жылының басында Ақтөбе қаласындағы барлық білім беру мекемелерінің желісі 145 ұйымды құрады. 2017 жылдың өзінде мемлекеттік білім беру ұйымдарының 8 бірлікке көбейгендігін атап өткен жөн. Осы жылы білім беру саласын қаржыландыру көлемі 19 млрд теңгені құрады. Бұл саланы қаржыландыру көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 8 %-ке өсті (2016 жылы 17,6 млрд теңге) [6]. Қалада мектеп жасындағы балалар санының артуына орай жаңа мектептер салу ісі жалғасын табады. Оның үстіне, бала саны көп және ғимараты ескі мектептер мәселесін шешу де кезек күттірмейтін мәселе. Қазірдің өзінде, қаладағы тұрғындар көп шоғырланған аудандарда орналасқан №9, №21 және №27 мектептерді кеңейту мақсатында негізгі ғимараттарына жанама құрылыстар жүргізіліп жатыр.

2000 жыл елімізде мәдениетті қолдау жылы деп жарияланғандығы белгілі. Осы жылы Ақтөбе қаласында Ә.Молдағұлова атындағы мемориальдық музей ашылып, Әбілқайыр ханға, генерал Ж.Кереевке ескерткіштер қойылды. 2001 жыл қарсаңында Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрының ғимаратына жасалған күрделі жөндеу аяқталды. Төрт кәсіби ұжым – камералық хор, «Қайратты қазақ» халық аспаптары, классикалық музыка ансамблдері және «Аққу» би ансамблі құрылды. Ақтөбе облысының этномәдени және фольклорлық құндылықтарын жинақтау жұмыстары басталды. «Көкжар» жәрмеңкесінің сауда орындары, «Абат-Байтақ» кешені сынды мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. 2000 жылдың соңында мәдениет және өнер саласының 15 үздік қызметкеріне 15 пәтер бөлінді [3, 637 б.].

Бүгінгі таңда қалада 19 мәдениет мекемесі бар, оларда 899 адамды қамтыған 48 үйірме жұмыс істейді. Қалалықтардың мәдени демалысын ұйымдастыру мақсатында 2017 жылы 1222 мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылды, оған 600 мыңнан астам азамат қатысты. 2017 жылы жалпы мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласына – 702 млн. теңгелік қаражат бөлінген [6]. Мәдениет саласы бойынша игеріліп жатқан қаржы көлемі жыл сайын артып келеді. Өйткені, қалада жаңа мәдениет нысандары, жаңа ескерткіштер көптеп ашылууда. Үстіміздегі жылдың өзінде қаланың 150 жылдық мерейтойын тойлау аясында Бөкенбай батырға, Есет батырға, Ақтөбе Кеңесінің бірінші төрағасы В.Зинченкоға арналған ескерткіштер ашылады. Одан басқа қала бойынша 20 шағын сәулет ескерткіштерін тұрғызу жоспарлануда.

Жалпы бүгінгі күні қала аумағы бойынша 70-тен астам тарихи-мәдени және сәулет ескерткіші мемлекеттік қорғауға алынған. Олардың ішінде, Түйетөбе мен Бекқұл әулие кесенесі жергілікті маңызы бар ескерткіштер қатарында, «Қазақстанның киелі жерлері географиясына» еніп отыр. Қала аумағында сақ-сармат, ғұн, көшпелі түркілер, Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірлеріне тиесілі көне қорымдар көп. Сондай-ақ, қазір қаланың ішінде, яғни Сүт зауыты ауданында қоршаулы тұрған қорымда қоғам қайраткері, ағартушы-демократ Бақытжан Қаратаев (1860-1934 жж.) пен халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің (1860-1945 жж.) зираты бар [7].

Еліміз тәуелсіздік алуымен халқымыздың рухани құндылықтарын түгендеу, дәріптеу жұмыстары басталды. Бұл бағытта қала көшелері атауларының қайта қаралып, оларды өзгерту жұмыстарының қолға алынғандығын атап өткен жөн. Алғашқылардың бірі болып қаладағы орталық көше – Киров көшесінің атауы өзгертіліп, Есет батырдың есімі берілді [2, 235 п.; 8]. Жалпы, 1991 жылдан бері 189 көшеге атау берілсе, 2005 жылдан бері 140 көше жаңа атауға ие болған. Оған қоса, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Ақтөбе қаласындағы 81 көшесі мен 9 аумағына ұлттық атау беріліп, 25 көшенің атауы жаңартылды [9]. Бұл жұмыстардың жалғаса берігіндігі сөзсіз. Себебі, қала шетінде құрылған жаңа аудандарда атауы жоқ көшелер баршылық.

Қала көшелерін абаттандыру және сәулеттік келбетін келтіру жұмыстары да жақсы жолға қойылып келеді. 2017 жылы 1,2 млн данадан астам ағаштар мен шіліктер отырғызылды. Қалаға эстетикалық әр беру үшін қала аумағындағы гүлзарларалаңы 41,9 мың шаршы метрге, газондар алаңы 136,7 мың шаршы метрге дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ Абай даңғылы бойындағы скверде «Раушан гүлі аллеясын» жасау үшін бірінші рет көпжылдық раушан гүлдері өсірілді.

Қаланың келбетін жақсарту үшін соңғы жылдары үйлердің және басқа ғимараттардың сәулеттік-колористикалық әрлендірілуіне, қасбеттерінің декоративтік жарықтандырылуына көп көңіл бөлінуде. Қазіргі заманғы стильде 40 үй безендіріліп, сырланды, оның ішінде 14 үйдің бүйір жақ қабырғаларына графиттер салынды. Әбілқайыр хан және Ә.Молдағұлова даңғылдары, Бөкенбай батыр көшесі бойындағы орталық магистральдарда декоративті ультра жарықтандыру пайда болды. Қаланың көшелері мен даңғылдарында «Сүйікті қалам — Ақтөбе», «100 теңге» монетасы, «Қазақ халқына мың алғыс» стелласы, басқа да түрлі композициялар секілді әртүрлі бағыттағы шағын сәулеттік нысандар қойылды. Жалпы, 2017 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына - 7,4 млрд. теңге қаражат бөлінген.

Соңғы жылдары бойы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының оң динамикасы сақталып келеді. Экономикалық даму көрсеткіштерін сараласақ, өндірістік өнеркәсіптік өнім көлемі 2018 жылдың 1 қаңтарына 523,9 млрд теңгені, физикалық көлем индексі 107,9 %-ті құрады. Негізгі капиталға инвестиция көлемі 2017

жылы 146,1 млрд теңгеге тең болды. 2017 жылы қалалық бюджеттің кіріс бөлігі 100,6 %-ке орындалды, яғни болжамдағы 31,5 млрд теңгенің орнына 31,7 млрд теңге түсті. Қалалық бюджеттің шығыс бөлігі 77,8 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша бюджеттің игерілу деңгейі – 98,1 %. 2017 жылдың қорытындысы бойынша 45 мың бірлік шағын және орта кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Өткен жылмен салыстырғанда өсім қарқыны - 104,4 %-ті құрайды [6].

Халық санының жылдам өсуіне байланысты үкімет қаланың әлеуметтік-экономикалық даму жобасын әзірледі. Ақтөбе қаласының миллион халқы бар мәртебесін алу үшін бағытталған бас жобасын ретке келтіру жұмыстары да жүріп жатыр. Жобаны жүзеге асыру 2011 жыл мен 2040 жыл аралығына есептеліп отыр. 2000-шы жылдардан бастап қала аумағында 30 астам жаңа аудан пайда болды [10]. 2012 жылдан бастап 5 мөлтек ауданнан құралған, тұрғындар саны болашақта 260 мың адамға жетуі мүмкін Нұр Ақтөбе ауданының құрылысы жүріп жатыр [11].

Қала халқы санының артуына Ақтөбе агломерациясын дамытуға бағытталған іс-шаралардың жүзеге асырылуы да оң әсерін тигізетін болады. Жалпы «агломерация» - латын тілінен келген сөз. Ол «топтану», «шоғырлану» деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл сөз «экономикалық, мәдени және тұрмыстық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты елді мекендердің (әсіресе, қалалардың) шағын аумаққа топтануы, шоғырлануы» деген мағынаны білдіреді екен. Агломерация көбіне жеке ірі қаланың (ядроның) төңірегінде қалыптасады. Оның аумағында өнеркәсіп, инфрақұрылым, ғылым мен білім беру ісінің салалары, мәдениет, ауыл шаруашылығы – барлық сала қатар дамиды. Агломерация орталығындағы ірі қала, яғни ядро айналасындағы елді мекендердің дамуына үлкен ықпалын тигізеді [12].

Республиканың батысында 2020 жылға дейінгі өңірлерді дамытудың бірыңғай Бағдарламасына сәйкесті Ақтөбе агломерациясы облыс орталығы – Ақтөбе қаласының айналасында қалыптасатын болады. Ақтөбе агломерациясы аумағы құрамына 70 елді мекен кіретін облыстың 6 ауданы (Алға, Қарғалы, Қобда, Мәртөк, Хромтау, Мұғалжар аудандары) мен Ақтөбе қаласын қамтиды, оның ішінде 2 шағын қала (Алға, Қандыағаш) және Хромтау моноқаласы бар. Агломерацияның жалпы аумағы 4,8 мың шаршы шақырымды құрайды, аумақта 596,5 мың адам немесе облыс халқының 72,5 %-ті тұрады [13]. Оның үстіне осы Ақтөбе қаласының қарқынды урбанизациясын реттеу мақсатымен Ақтөбе қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы [14] жасакталған және қазіргі таңда жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарлама қала өмірінің барлық салаларын қамтыған, экономика, әлеуметтік даму, инженерлік инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, т.б. бағыттар бойынша нақты жоспарлар құрылып, оған қол жеткізу тетіктері айқындалған.

Сонымен қорытынды жасасақ, қазіргі таңда Ақтөбе қаласы экономикасы қарыштап дамып отырған еліміздегі ірі шаһарлардың бірі. Қала экономикасының дамуына оның географиялық орналасуы, көпсалалы өнеркәсібінің болуы ықпал етіп отыр. Ақтөбе қазірдің өзінде білім беру, ғылыми және мәдени орталыққа айналды. 5 жоғары оқу орындары түрлі білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындау үстінде. Соңғы жылдары қалада ірі ғылыми және мәдени шаралар жиі ұйымдастырылып келеді. Қала халқының саны жыл сайын өсіп жатыр. Тұрғындар санының артуы негізінен табиғи өсім есебінен қамтамасыз етілуде.

#### **Әдебиеттер**

1. Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы. 01.2018 / Ақпараттық-талдамалы журнал: Ақтөбе облысының Статистика департаменті. Ақтөбе, 2018.-94 б.
2. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві (АОМА). 715-қор, 1-тізбе, 3-іс.
3. История Актюбинской области. Ақтөбе, 2006.-698 с.
4. АОМА. 715-қор, 1-тізбе, 8-іс.
5. АОМА. 715-қор, 1-тізбе, 9-іс.
6. Қала әкімі І.С.Испановтың «қаланың 2017 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2018 жылға арналған міндеттер туралы» есебінің тезистері // <http://akt.gov.kz>
7. Ақтөбенің киелі орындары // «Ақтөбе» газеті, 8 қараша 2018 ж.
8. Султанғалиева Г.И., Кобенова Г.И. Улицы города Ақтөбе: история и современность. Ақтөбе, 2007.
9. Тәуелсіздік шарапаты // «Ақтөбе» газеті, 26 қазан 2016 ж.
10. Алишбаева А. Как не заблудиться в новых районах Ақтөбе // <http://www.diapazon.kz>. 05.12.2012
11. «Нұр-Ақтөбе» — болашақтың қаласы // «Ақтөбе» газеті, 13 желтоқсан 2012 ж.
12. Ақтөбе агломерациясы орталығында қуатты индустрия болуы тиіс! // «Ақтөбе» газеті, 13 ақпан 2014 ж.
13. Ақтөбе агломерациясын дамыту туралы анықтама // <http://aktobe.gov.kz>
14. Ақтөбе қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы (2016 жыл 11 қаңтардағы №412 Ақтөбе қаласының мәслихаты шешімімен бекітілген) // <http://akt.gov.kz>

## **АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ӘДЕБИ ДӘСТҮР, АҚЫНДЫҚ МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІ**

**Обаева Гүлнара Садуақасқызы**

**PhD докторант**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**

**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымындағы ақындық мектеп, әдеби дәстүр мәселесінің теориясы және осы ұғымның аясында Ақтөбелік ақындар шығармашылығын зерттеу мәселесі қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматривается теория литературной традиции, история исследования проблемы поэтической школы в казахской литературоведении и исследование творчества актобинских поэтов в контексте данной концепции.

**Annotation.** The article discusses the theory of literary tradition, the history of the study of the problem of the poetic school in Kazakh literature and the study of the creativity of Aktobe poets in the context of this concept.

**Тірек сөздер.** Әдеби дәстүр, ақындық мектеп, поэтика, аймақтық әдебиеттану, ақындық орта, шығармашылық, өлең.

**Ключевые слова.** Литературные традиции, поэзия, поэтика, краеведческие исследования, поэтическая среда, творчество, поэзия.

**Keywords.** Literary traditions, poetry, poetics, local history studies, poetic environment, creativity, poetry.

XX ғасырдың екінші жартысы қазақ поэзиясының ең бір шоқтығы биік кезеңі. Бұл кезеңде поэзия әлеміне ұлттық өнердің ұлы құбылыстары болып танылған кесек ойлы, кең тынысты таза ұлттық, таза табиғи ақындар келді. Кеңестік дәуірдегі соцреализмнің солақай саясатының салқыны белгілі бір межеде бұларға да тиді. Бірақ бұлардың құдіреттілігі сол – бұл кезеңдегі ақындар шоғыры қазақ өлеңіндегі табиғилық пен ұлттық сипатты сақтап қана қойған жоқ, сонымен бірге ұлттық поэзияны әр қайсысы өз қырынан байытты, өсірді, биікке көтерді, өздері де мәңгілікке сол биіктікте қалды.

Қанды майданға әкелері қатысып, балалық шақтары тыл тағдырымен сабақтасқан, елдегі жетім-жесірлерді көздерімен көрген, сол тағдырды өздері де тартқан ақындар толқыны соғыс пен бейбітшілік тақырыбына қалам тарта келді. Өлеңдерінде баланың – жетім, ананың – жесір қалуын, майданнан оралмаған әкені күткен бала сағынышын жырлаған буын 60-жылдары әдебиетке жаңа бір леп әкелді. Олардың қатарында Жүмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаев, Өтежан Нұрғалиев т.б ақындар бар. Бұл ұрпақ өкілдерінің соғыс тауқыметін, соғыс қасыретін көруі, оларды жырлауы әр түрлі. Тақырыптапты бір болғанмен, лирика тілінде сөйлету тәсілі әр алауан.

XX ғасырдың екінші жартысындағы ақындық поэзияда да дәстүр жалғастығы сақталды. Бұл жылдар – қазақ әдебиетіне жаңа есімдерді алып келумен қатар, рухани және әлеуметтік өміріміздің, қоғамымыздың өз уақытына лайық шындығын ашуда, поэтикалық формалар /түрді/ мен образды, бейнелеу құралдарын барынша терең дамытуда, қазақ әдебиеті үшін жаңа бір күрделі кезең болды. Поэзиядағы үлкен құбылысқа айналды. Ұлы М.Әуезов сөзімен айтқанда «жыл келгендей жаңалық сездіре келген» Т.Молдағалиев, С.Жиенбаев, Ө.Нұрғалиев, Қ.Мырзалиев, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, М.Шаханов, т.б. ақындар әдебиет есігін өзіндік үнімен, өзіне лайық даусымен батыл еніп, еркін ашты.

Қазақ елінің барлық аймақтарындағыдай, сонау жыраулардан басталатын сөз өнерінің сиқырлы да сүбелі дәстүрі біздің Ақтөбе өңіріне де тән. Бес ғасырлық қазақ әдебиетінің бастауындағы Асан қайғылар «**Ойыл көздің жасы еді...**» деп **тебіреніп**, осы өңірде өткені де тарихтан мәлім. Ал Қыз Жібек, Айман-Шолпан жырынан басталған батыстың дәстүрлі поэзиясы сұлу жыр боп төгіліп, рухы мәңгі өлмейтін Шернияз, Ақпан ақындар сарынымен үндесіп жалғасады.

«Кешегі Ноғайлы заманында қазақ-ноғай айрылып, ел күңіреніп: Қазақ-ноғай айрылды, //Қазақ сартқа қайрылды, — дейтін тарихтың айтулы кезеңдерінде Қарға бойлы Қазтуған жыраудың, Асан Қайғының, Шеркұттының мекені болып, дүбірлі тарихын жырмен жазды, мындаған жол жырды санамызға сіңіріп, қанымыз бен қасиетімізге дарытқан құт мекен деп білемін. Ай ортақ, Күн ортақ, қара жанап ортақ, еліңнен шыққан ер ортақ, данадан қалған сөз ортақ» деген айтулы жырау Алмас Алматовтың пікірі осы Ақтөбе өңірі туралы айтылған [1]. Олай болса, бұл өлке —Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді, Үмбетей мекен етіп, ат шалдырған, орда көшіп, нар шөккен қасиетті орын. Қаракыпшақ Қобыланды батырдың қылша мойны талша қиылып түскен жер, ұлтым деген ұлдың жау шебінде жан кешуі бұл өлкенің арғысы түркі, берісі қазақ елі үшін қаншалықты қымбат екенін айғақтайды. Сол жыраулық өнердің абызы Нұрпейіс Байғанин осы өлкедегі жыраулық өнер мен ақындық дәстүрдің құт-киесіндей қазақ әдебиетінде нық орнын алды.

«XX ғасыр Ақтөбеге бір өңір ғана емес, бір ұлттың да тақиясына тар келмейтін талантты ұл-қыздарды сыйлады. Олар қазақ әдебиетінің шаңырағына бір-бір уық болып қадалып, оның көкжиегін кеңейтіп, топырағын құнарландырды» [2]. XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінің алғашқы уығын қалаған қаламгерлердің қатарында болған Бернияз Күлеев, Жиенғали Тілепбергенов сияқты арыстардың артынан Ақтөбе өңірінде талай санлақтар әдебиеттің желісін үзбей бүгінгі күнге дейін жалғастырып келді. Қазір де Ақтөбеде үлкен әдеби орта бар, қалыптасқан әдеби дәстүр бар. Тіпті өзіндік мектеп қалыптасты деп айтуға батылымыз жетеді.

Бұған дейінге жылдар аралығы қазақ лирикасының дамуына аса қолайлы болмағаны белгілі. Дәл осы аралықта, яғни 1956 жылы «Жеке адамға табынушылық және оның зардаптарын жою туралы» қаулының жариялануы, әдебиет пен өнерде жаңа бір бағыттың белең алуына ұласты. Шығармашылықта еркіндік, біршама көзқарас бостандығы қалыптаса бастады, ой өрнегінде табиғилық байқала бастады. Әсіресе, бұрын тұсаулы аттай ғұмырды басынан кешірген поэзияның шоқтықты жанры – лирикаға қанат біте бастады. Жаңадан қуат ала бастаған лирика қазақ әдебиетінің көгіне самғап ұшып, көктемде оралған құстай өз айдынына қонып, аққу қанатын қомдай жүзді.

Міне, осы бір лирикадағы жаңа тыныс біздің өңірімізден шыққан ақындар шығармашылығынан анық байқалды. Әрине, қазақтың кең даласында киелі жерлер аз емес. Солардың бірі біздің облысымыздағы Жарқамыс аймағы. Бір ғана осы өлкеден түлеп ұшқан лириканың сырбаз Сағиы (Сағи Жиенбаев), «өзі де, өлеңі де қалыпқа сыймай кеткен» Өтежаны (Ө.Нұрғалиев), қазақ өлеңіне қазақ даласындай дархан боз бояуын қосқан Есенбай Дүйсенбайұлы, шындықты айтуда батылдығымен ерекшеленіп тұратын Сәбит Баймолдиндардың шығуы көп ойға жетелейді. Соның бірі - поэзиядағы ақындық дәстүр, ақындық орта. Әрине, қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиеттанушы ғалымдардың пікір қайшылығын туғызып, бір ізге түспей келе жатқан



мәселелердің бірі - аймақтық әдебиеттану, ақындық орта, ақындық мектеп мәселесі. Жалпы, әлемдік әдебиеттануда ақындық мектептер мәселесі зерттеліп, біраз бірізге түскен. Мысалы, классицизм кезеңіндегі С.Т.Кольридж, Р.Саути негізін қалаған «Көл» мектебі, XX ғасырдың ортасындағы американдық ақындар қалыптастырған ««Нью-Йорк» ақындық мектебі» сияқты әдеби мектептер шетел әдебиеттану ғылымында біршама зерттеліп, өз бағасын алған. Орыс әдебиеттануында да бұл мәселе біршама қиындықтарға тап бола отырып, теориялық тұрғыда бүгінде мойындалды («Орал ақындық мектебі», «Смоленск ақындық мектебі», «Петербург ақындық мектебі» т.б.). Кеңес заманы «ақындық мектеп» ұғымынан ат тонын ала қашқанын осы орыс әдебиеттануының мысалдарынан байқадық. Оның себебін анықтауда профессор В.С.Баевскийдің «Смоленскілік Сократ» деген мақаласындағы мына ойлардан жауап тапқандай болды: «Критики тех первых постсталинских лет вообще не могли принять мысль о возможности каких-либо школ в единой поэзии социалистического реализма» [3].

Ал өзіміздің қазақ әдебиеттану ғылымында ақындық мектеп, ақындық орта жайында алғаш айтқан Мұхтар Әуезов болатын. Өзінің «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында ғалым Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім төртеуін Абайдың толық мағынадағы шәкірттері деп көрсетеді: «..Дәліл айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады»[4]. Әуезовтің Абай және оның айналасындағылар туралы пікірлері қазақ әдебиеттануындағы ақындық орта, ақындық мектеп туралы алғашқы гипотеза болатын. Алайда осы гипотезаның теорияға айналдыру жолында еңбек етіп, ғылыми зерттеу жазған Қайым Мұхамедханов қудаланып, сотталды. Оның «Абайдың ақындық мектебі» деген кандидаттық диссертациясы үлкен дауға ұласты. Осы пікірталаста профессор Б.Кенжебаев Қ.Мұхаммедхановты қолдап, оң пікір білдіргені белгілі. Осы мәселеге Е.Ысмайылов та өзінің «Ақындар» атты еңбегінде «ақындық орта», «ақындық мектеп» туралы айта келіп, Ы.Алтынсариннің маңайына топтасқан ақындық мектеп туралы атап көрсетеді. Кейін ғалым Б.А.Ердембеков 2009 жылы «Абайдың әдеби ортасы және ақындық мектебі» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Осы екі аралықта ақындық мектеп туралы өз еңбектерінде арнайы зерттеу нысаны қып алмаса да, атап өткен ғалымдар бірсыпыра. Жалпы, қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік әдеби дәстүрімен ерекшеленетін ақындық мектептердің болғаны сөзсіз.

Ең алдымен, бұл мәселенің теориялық тарихына шолу жасап өтуіміздің бір себебі – аймақтық әдебиеттану аясында осы ақындық мектеп мәселесін тереңірек қарап, зерттеу. Жоғарыда тілге тиек етіп өткен бір ғана Жарқамыс өңірінен түлеп ұшқан ақындардың шығармашылығына шолу жасаудың өзі көп нәрсеге жетелейді. Б.Ердембековтің «Абай мектебі деген ұғымды екі мағынада алып қарастыру бар. Бірі - кең мағына, яғни Абайдан кейінгі қазақ поэзиясы өкілдерінің дені ақынның әдебиеттегі дәстүрін ұстанушылар, демек поэзия жолындағы шәкірттері. Екінші - мектеп ұғымы тар, әрі нақты мағынада. Бұл тұрғыдан келгенде Абаймен күнделікті қарым-қатынаста болған, ақынның алдын көріп, тәрбиесін алған ақын шәкірттерге қатысты айтылады» деген пікіріне сүйене отырып, Ақтөбенің Жарқамыс өңірінен шыққан айтулы төрт ақынның шығармашылық ғұмырына шолу жасау барысында осы өңірдегі ақындық дәстүрдің абызы Нұрпейіс салған сара жол әрі қарай поэзия мен прозада қатар өріліп, өз алдына бір әдеби дәстүрдің іргесін орнықтырды деп айта аламыз.

Осы ақындардың ішіндегі жасы жағынан да, ақындық тәжірибесі жағынан да үлкені – Сағи Жиенбаев. Өзінің 40 жылдық шығармашылық қызметінде Сағи Жиенбаев айрықша ақындық үнімен танылды. Дүние құбылыстарын барынша кемел де келісті бейнелейтін шебер дәрежесіне көтерілді. Ол - нәзік сезімді ақын, поэзия зергері және ақындардың әлденеше буынының ұстазы. Өз тұстастары Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев секілді Сағи да өмірде де, өлеңде де ерте есейген ұрпақтың өкілі. Сол кездегі поэзия көгінде жарқырай көрінген жас ақындарға көңілі толған ұлы Әуезов ризашылықпен «Сағи Жиенбаевтың бірқатар өлеңдерін оқыдым. Оларда толып жатқан образ, көп шындық, біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар. Ал поэзияға керек нәрсе – осы шыншылдық» деп бағалаған.

Ақын қазақ поэзиясының екінші тынысы ашылған 60-жылдары жыр додасының дулы ортасында болды. Ойып тұрып өз орнын белгіледі. Сезімтал лириканың сирек құбылыстарының біріне айналды. Қазақ поэзиясын Сағи лирикасыңыз елестету мүмкін болмай қалды. Сағи поэзиясы арқылы Қазақстанның қиыр түкпіріндегі ешқайда құймайтын кішкентай Жем өзені сонау Ақ жайық пен Атырауға ақ толқын жамыратып, Сырмен сырласып, Ертіске еркелеп, Көкше көріністерімен жалғасады. «Қарақалпақ жерінде», «Қарақұм оттарына» көз тігіп, «Ыстықкөл самалына» құшақ ашып, «Кавказ дәптерінен», «Ақеділге» асады. Туған жерге арналған өлеңдері сәбилік сезім өмірінің ақырына дейін Сағи суреткерлігінің жібек желісі, алтын арқауы.

О, туған жер, барымның  
Сәттілері сенікі  
Балы болса жанымның,  
Тәттілері сенікі  
Жүрегімде жыр болса,  
Наздылары сенікі.  
Көкейімде күй болса,  
Саздылары сенікі.

Осы өңірден шыққан келесі бір саңлақ ақын, 60-жылдарда әдебиетке жаңалық болып енген, өзінің талантты шығармаларымен қазақ поэзиясының жаңа бетін, өзгеше өрімін қалыптастырған және философиялық лириканың қарымды иесі Өтежан Нұрғалиев:

«Мені ұятқа қалдырма ел алдында,

Жүрегімнен шыққан сөз-алғашқы сөз» - дегенді айта келді. Өзі де, сөзі де бөлек ақынның қалам қарымы сол кездегі әдеби қауымның жадында сақталып, жатталып, кейінгілерге де, замандастарына да үлгі болғаны сөзсіз. Өтежанның шығармаларында ауыл адамдарының, Жем өңірі тұрғындарының бастан кешірген кейбір оқиғалары суреттеліп, өтіп кеткен заман суреттері көз алдыға қайта келеді. Өтежан Нұрғалиев поэзиясы өзінің даралығымен, соны құбылыстарға толы жаңашылдығымен, батылдығымен ерекшеленіп, қазақ әдебиетінде өзіндік орын алады.

Ақын – дала перзенті. Қазақ даласының тауларын да, көлдерін де, теңіздерін де перзенттік махаббатымен сүюші. Өтежан ақынның өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманның романтикалық ойлау өлшемі – кең даладағы гүлдерді де, көлдерді де тауларын да – бәрін де тұтастай, егіздей өріп, өрнектеп жырлау. «Бақыт тосып ал, достар!» өлеңіндегі лирикалық қаһарманның елжіреген көңілінен төгілген жыр тармақтары байтақ Отанының барлық болмысын жанарына, жүрегіне сыйғыза жырлаған ақын дүниетанымын аңғартады:

...Туған далам, байтақ далам, кең алып.

Жыл түнінде жатырсың сен дем алып.

Әр сайыңа қашқан уақыт қамалып,

Әр төбеңе шығып жатыр жаңалық!

...Жер шарына тете туған бір алып,

Келесің сен күн мен айдан нұр алып.

Уа, туған жер, жасалдың сен шыныда

Өзіміздің тәнімізден құралып!..

Жарқамыс кезеңіндегі ақын өлеңдері алғашқы тәжірибелері болғанның өзінде керемет көркемдік кестелерімен ерекшеленеді. Ақынның бұл кезеңдегі шығармашылығы тұнғанымен махаббат лирикасы, соның ішінде туған жерге деген сүйіспеншілік деп бөлек айтар едік. Қазақ – кең даланың ауасымен тыныстаған, үнемі кеңістікті ғана мекендеуді мұрат тұтқан халық. Даланың өсімдіктері де, түні де, алаулаған күні де, көшпелілердің мәңгілік рахатты тұрағы ауылы да – бәрі де ақындар жырларының арқауы. Өтежан ақын да даланың ғажайып сырлы романтикалық бояулы келбетін, жаңға жайлы әсерін өз өлеңдерінде тебіреністі жолдармен бейнелей жырлайды.

С.Баймолдин – 1966-1988 жылдар аралығында оннан астам үлкенді-кішілі жыр жинақтарын шығарған танымал ақындардың бірі. Сәбит өз өлеңдерінде өзге замандас ақындарға қарағанда шындықты айтуда батылдық танытқан, ақиқатты айту ақынның міндеті деп, сол жауапкершілігін сезіне білген ақын. Ақынның жырларында мінез бар. «Туған елді сүйіндер» атты жырындағы:

Атамекен. Ой ғып ойлап күнін әр,

Жыр ғып тербеп, тебіренеді тұрып Ар.

Бізде кім бар, туған елден басқа, осы

Туған елдің бізден басқа кімі бар?

Жылдар келер жыл артынан тиеліп,

Үй тігілер үй артынан үй еріп.

Үйретейік сүюді де балаға,

Өзіміз де келістіріп сүйелік! – деген үзінді шумақтар ақынның туған елін ыстық жүрекпен, шынайы сезіммен сүйетінінің айғағындай. «Туған елдің бізден басқа кімі бар?» – қандай қарапайым, әрі қандай жүрекке жылы сөз. Айғайлап айтпаса да, санаға сіңіріп тұр. Елін, халқын жүрекпен емес, тілімен, қаламының ұшымен сүйетін адам аузынан мұндай шынайы сөз шықпайды.

Жарқамыстық ақындардың бірегейі Есенбай Дүйсенбай да сонау 1971 жылы жарық көрген ең алғашқы «Бозала таң мен бозторғай» атты өлеңдер жинағы арқылы әдебиет әлеміне алшандай енген ақындардың бірі. Шап-шағын кітап болса да әдебиет әлемін елең еткізді. Бұл туралы Сағи Жиенбаевтың: «...Жетпісінші жылдардың басында Есенбайдың «Бозала таң мен бозторғай» атты жұп-жұқа кітабы жарық көрді. Кітаптың шағындығы сондай, мұқабасына аты зорға сыйған еді» дегені дебар. Шағын болса да бұл кітап туралы жылы лебіздер баспасөз беттерінде толастамапты: Сағи Жиенбаев, Аян Нысаналин, Сәбит Баймолдин, Дәуітәлі Стамбеков, Өмірбай Сәуірбаев, Хасенхан Талғаров, Кеңесжан Шалқаров, Жанболат Аупаев, т.б. Осылайша Сағи, Сәбит ағаларының ізімен, сол дәстүрмен өлең өлкесіне өзіндік сөз саптауымен, өзгеше сурет, образды ойымен енген ақын туралы Аян Нысаналин: «...Есенбай Дүйсенбаев өзінің «Бозала таң, бозторғайымен» әдебиетке жаңа есім қосылғанын, поэзияда периферия жоқ екенін дәлелдей келді» деп жазыпты. «Тіпті кейін Есағанның пәленбай жылдық шығармашылық өнербаянын талдағандар да осы алғашқы жинаққа бір соқпай өтпейтін болды. Оның куәсі, мысалы, мақалалардың атаулары: «Боз даланың бозторғайы» (С.Жиенбаев), «Боз жусанды даланың бозжорғасы» (Ф.Оңғарсынова), «Бозала таңның боз жаңбыры» (Р.Ниязбеков), «Бозаңдағы бозторғай» (Ғ.Жайлыбай)...»[5]. «Боз» деген қазақы түс Есенбай ақынның қаламынан айрықша бояумен көмкеріліп, аса бір жылы мағынамен кеңейіп, туған жердің, дархан даланың символындай боп өрнектеле түсті.

...Өзіңсіз күндер оза ма,

Отырмын тағы ой толғай:

Таңымның аты — Бозала,  
Торғайдың аты — Бозторғай.

Қалыпты басқа сөз құрып,  
Даланың аты — Боздала,  
Жігіттің аты — Бозжігіт,  
Баланың аты — Бозбала.

Шулардан шаршап тозғанда,  
Жайлауға барсам өзім мен,  
Жорғаның аты — Бозжорға,  
Күйдің де аты — Бозінген.

*Осылайша жалғасатын Есенбай ақынның өлеңдері тұма бұлақтай тылсым, даланың өзіндей сыршыл.*

Сағи: «Есенбай ешқандай қоспасы жоқ, табиғаттың аузынан түсе қалған ақын. Әр өлеңінен көктемгі даланың жұпар иісі келеді. Дүниені сезінуі бөлек, оны өзгеге де сезіндіре біледі. Мен Есенбай өлеңдерінен Жем бойында өзім көрмеген керемет суреттерді көргендей болам. Сол суреттердің ішінде жүргендей сезінем. Оның өлеңдерінде жалған дыбыс, жасанды бояу болмайды. Бәрі де өмірдегідей, табиғи қалыпта» деген екен.

Бұл – осы ақындар шығармашылығындағы бір ғана тақырыптық ортақтық. Әрине, бұл жерде біз осы аталған өлеңдердің өзіндегі стиль, көркемдік, өлеңдік құрылым, өлшем т.б. критерийлерді сөз еткен жоқпыз. Оның бәрі үлкен еңбектің ауқымында. Біздің айтқымыз келіп отырғаны, бір өңірден шыққан, заманы бір ақындардың әдебиет көгінде бірінен соң бірі қатар қалықтап және нық қонақтауының сыры әрде ме деген ой. Сондықтан да ақындық мектеп, ақындық орта-сынды теориялық ұғымдардың мәні мен тарихынан сыр тартып көрдік. Болашақта осы үдеден қарап, осы ақындар шығармашылығындағы бірнеше межелік жүкті, яғни шығармашылықтарындағы басты сарындар, негізгі оқиғалық желілер, олардың лексикалық құрамы мен берілу, баяндау тәсілдері, жасалу әдістері, сөз қолданыс, өлеңдік құрылым, өлшем, түр, жанрлық құрам т.б. айқындасақ, кең мағынасындағы әдеби мектеп, нақтылы әдеби дәстүр аясында қарауға әбден сұранып тұр.

#### Әдебиеттер

1. Алматы А. Ақтөбе – ежелден жыраулар мекені // <http://www.aktobegazeti.kz>
2. Бабажанұлы Б. Ақтөбенің ақтангерлері // <https://adebiportal.kz>
3. Баевский В. Смоленский Соқрат. – Смоленск: Траст-Имаком, 1996г.
4. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы <http://abai-inst.kz>
5. Ашықбаев Е. Есенбай әуендерінің әлемі // [aktobegazeti.kz](http://aktobegazeti.kz)

## «АРҚАЛЫҚ БАТЫР» ЖЫРЫ ЖӘНЕ ТОПОНИМДЕР

Жұмашай РАҚЫШ

филология ғылымдарының кандидаты

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

«Қолжазба және текстология» ғылыми-инновациялық бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері

**Андатпа.** Мақала авторы «Арқалық батыр» тарихи жырының түрлі нұсқаларындағы топонимдер мен жер-су атауларын беру тәсілдеріндегі мәтіндік айырымдар арқылы зерделейді.

**Аннотация.** Автор статьи исследует текстологические различия в способах передачи географического названия и топонимов в различных вариантах исторического эпоса «Арқалық батыр».

**Annotation.** The author of the article investigates textual differences in the ways of transfer of a geographical name and toponyms in different versions of the historical epic “Arkalyk Batyr”.

**Тірек сөздері:** эпос, тарихи жыр, топонимдер, нұсқалық өзгешеліктер, мотив.

**Ключевые слова:** эпос, исторический эпос, топонимы, текстологические различия, мотив.

**Key words:** epic, historical epic, toponyms, textual differences, motive.

Топонимдерді қандай да бір жер-су атауларының географиялық және тарихи мәнінен хабар беретін белгі ретінде қабылдау қалыптасқан. Қазақ ономастикасы мен этнотопонимикасын Еркебай Қойшыбаев, Әйтім Әбдірахманов, Телғожа Жанұзақ, Гүлмира Мадиева, Қыздархан Рысбергел, Бердібек Бияров, т.б. зерттеген [1]. Қазақ фольклорындағы топонимдердің қызметі жөнінде Қажым Жұмалиев, Мәлік Ғабдуллин, Әуелбек Қоңыратбаев, Рахманқұл Бердібаев, Сейіт Қасқабасов, Шәкір Ыбыраев, Ақселеу Сейдімбеков, Бақытжан Әзібаева, Тынысбек Қоңыратбаев, т.б. еңбектерінде жан-жақты қамтылған [2]. Фольклорлық шығармадағы топонимдердің қолдану аясы, топонимдік мотивтер, жер-су атауларының шындыққа қатысы филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Пангереевтің ғылыми еңбектерінде арнайы қарастырылды [3].

«Арқалық батыр» жыры Шыңжаң өлкесінде Алтай-Тарбағатай аймағының қазақтары арасында, Қазақстан жерінде де кең таралған фольклорлық туынды. Шығарманы халық ақыны Иса Байзақов, Саяділ Керімбеков, жыршы Ертай Құлсариев, Ержан Ахметов, Сұлтан Мәжитұлы, Сағидолла Нұралин т.б. жырлаған. Жыр оқиғасы негізінде көрнекті драматург Жұмат Шанин пьеса жазып, оны 1924 жылы Семей қаласында сахналаған.

Жыр Арқалық батырдың Шыңжаңға қараған Алтай аймағындағы он екі абақ керей елін билеген Әжі төре Көгедайұлы мен дүрбіт шонжарларымен қақтығыстарына, ерлікке толы күреспен өткен өмір жолына құрылған.

1960 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы, бірінші кітабында эпостанушы Мәлике Ғұмарова «Бұрын зерттелмеген жырлар» тарауында «Арқалық батыр» жырының Ертай Құлсариев, Ержан Ахметов, Қабыш Мұсайынов, Дәуітхан Ибраимов нұсқалары туралы қысқаша ғылыми мағлұмат берген [4, 461-465]. Жырдың Ержан Ахметов нұсқасы 1961 жылы «Батырлар жырының» екінші томында [5], 1977 жылы «Ақсауыт» жинағында жарыққа шықты [6]. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының» 3-томында жыр нұсқалары туралы мағлұматтар берілді [7, 48-55]. Сондай-ақ, жыр С.Садырбаев, Е.Жақыпов, Б.Уахатов, Т.Сыдықов, З.Сейітжанов т.б. еңбектерінде зерттеу нысанына айналды [8]. Сонымен қатар Советхан Тлеубаев филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған «Арқалық батыр» жырының нұсқалары» атты диссертациялық еңбегінде жырдың барлық нұсқаларын қарастырып, өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін талдап, тарихи және көркемдік негіздерін зерделеді [9]. 2007 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының Қытайдағы қазақ фольклорына арналған 27-томында «Арқалық батыр» жырының Жұмажан Әбілғазыұлы нұсқасы [10, 9-113], ал сол серияның 61-томында Ержан Ахметов, Ертай Құлсариев, Сағидолла Нұралин нұсқалары жарияланды [11, 232-408], 27-томға енген мәтінге ғылыми түсініктемені филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосан [10, 302-304], 61-томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктемелерді фольклортанушы Тоғжан Әкімова жазды [11, 366-370].

Зерттеуші Мәлике Ғұмарова: «Бұл жыр басында тарихи адамның атына байланысты шығып, бара-бара эпосқа айналып, өзінің алғашқы мазмұнынан әлдеқайда өзгеріп, дамыған жайын танытады» десе [4, 465], фольклортанушы Бекмұрат Уақатов жырды: «Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресін бейнелейтін белгілі тарихи жырлардың бірі» деп есептейді, Арқалық батырды «шамамен XVIII ғасырдың екінші жартысында болған адам» деп жазған [12, 165-166].

Академик Рымғали Нұрғали Жұмат Шанин пьесасының туу, жазылу тарихына, уақытына көз жүгіртіп, автордың өзі де шығармаға арқау болған оқиға желісін Ержан Ахметов ақынның аузынан естігенін айтқанына тоқтала келіп, сирек қолжазбалар қорындағы фольклорлық туындыларды өзара салыстыра отырып, Е.Құлсариев нұсқасы Жұмат Шанин трагедиясы негізінде жасалуы мүмкін деген қорытындыға келеді [13, 38]. Бұл пікірдің негізсіз еместігіне Е.Құлсариевтің жыр нұсқасын Иса Байзақовтың, Саяділ Керімбековтің айтуынан жазып алғаны туралы мәлімет дәлел бола алады [7, 48]. Жетісу жыр мектебінің ірі өкілі Ертай Құлсариев сонымен қатар Жамбыл Жабаевтың жыр-дастандарын да кейінгі ұрпаққа жеткізуші екені көзі қарақты оқырманға аян.

Тарихшы Нәбижан Мұхаметқанұлы «Тарихи зерттеулер: шежірелік деректер» атты еңбегінде Әбілпейізұлы Көгедай өлгеннен кейін оның баласы Ажы 1826 жылы Чин патшалығының бекітуімен әке тағына отырғанын тарихи құжаттарға сүйене келіп дәлелдейді [14, 112]. Осыған қарағанда фольклорлық шығармада аты аталатын Ажы төре мен Арқалық батырдың өмір сүрген уақыты XIX ғасырдың екінші жартысына дәл келетінін тарихи жырларды зерттеген Сейілбек Сәкенов те қуаттайды [15, 327].

Тарихи жырдың баяндау стилі, табиғат көріністерінің шынайы суреттелуі шығарманың бергі дәуірде туғанынан хабар беретін белгілердің бірі деуге болады. Тарихта болған оқиғаның көркем шындыққа айналған үлгісі екенін елдің шығыс өлкесіндегі топонимдердің шығарма өн бойында көптеп кездесуінен танылады.

Жырдың Жұмажан Әбілғазыұлы нұсқасында Арқалық Әжі төренің алдауымен көршілес ұраңқай, дүрбіттерден барымта алады. Әжі төре манжу-монғол хандарының қысымына шыдамай Арқалықты өз қолымен ұстап береді. Арқалық Қобда түрмесінің ауыр азабын шегеді. Түрмені бұзып шығып, хан сарайына ойран салады. Туған еліне оралған Арқалық антын бұзған Әжі төренің ордасын шабады.

«Қыстағы Әжі төре *Мұқыртайға*, Сортаң жер ашылауыт жайлы малға», «Бойынан *Ылыстының* түнделетіп, Төренің ауылына түсте келдім», «*Күйгенқора* бойынан тізгін тартып, Артынан көк атпенен кетті жүріп», «Арқалық, мекен жерің *Қарасауыр*», «Батырлар жүріп келед дамыл таппай, Келеді *Сарытоғай* суын өрлей», «Қайтамыз *Ақкеріштен* жылқыны алып», «*Алтайдың* әрбір түрлі асуы бар, Кетпейді қысы-жазы басынан қар», «Сайланған қару алып өңшең батыр, Жетіпті дәл сол күні *Қызылқұмға*», «Жеріне *Бұғы* деген көз жіберсем, Бір қылаң ши шетінде көрінеді», «Аяғы *Қара Ермістің* мидай тақыр», «Дем алдым *Бұрылтоғайға* жалғыз барып», «Басында *Шарықтының* жалғыз керіш, Сол болған Арқалыққа бір бекініс», «Арқалық жүріп кетті *Сарқамысқа*» [10, 9-113].

«Он сегіз» атты дастанда Қожыр елінен жылқы алуға Ажы төренің әмірімен Боқы батыр бастаған бес жүз кісі аттанады. Арқалық бастаған топ Боқының ел шабуға бара жатқанын естіп, оған қарсылық білдіреді. Бірбеткей Боқы алған бетінен қайтпайды. Осылайша себепсіз көп қан төгіледі, қапыда қаза болған он сегіз жігітті бір жерге қояды. Алтай тауының күнгейіндегі «*Қожыр-Сауыр*» дейтін өңірде болған оқиға баяндалатын шығармада Арқалық батыр бейнесі эпизодтық деңгейде болғанмен, оның кісілік келбеті нақты көрініс береді [16, 201-302].

Жырдың Ержан Ахметов нұсқасында Арқалық пен төрт серігі Әжі төренің тапсырмасымен ұраңқайға барымтаға барады. Бес жылқышының ұйықтап жатқанының үстінен түскен Арқалық серіктерімен жүз жиырма жылқыны байқатпай бөліп алып кетіп бара жатқанда Жұбай Арқалыққа: «Төреге күшпен алдық дейсің бе?» – деп қалжыңдайды. Сонда Арқалық кейін қайтып, жылқышыларды оятып, біреуін сойылмен ұрып, жылқы алып бара жатқанын білдіреді. Жұбай мен Арқалық алпыс қуғыншымен соғысып, оның алтауын өлтіреді. Үлкен олжамен келгенде төртеуіне бір қотыр бие берген Әжі төре қалмақтарға Арқалықты серіктерімен ұстап беруге келеседі. Өзеннің арғы жағында тұратын нағашысының үйіне барған Арқалықты Әжі төренің тыңшысы байқап

қалады. Арқалық нағашыларына зияны тимес үшін қарсылықсыз беріледі. Ежен хан бұларды зынданға салуды бұйырады. Ежен ханның қызы зындандағы тұтқындарды іздеп келеді. Арқалық пен жолдастары жатқан зынданға Жәнібектің киесі – көк бөрі кіріп келгенде Арқалықтың аяқ-қолындағы кісені сынып түседі. Қоңқамен кездесіп, атын, үш күндік азығын, от жағатын шақпағын беріп, аттандырады. Жолда шайқас үстінде Жұбай өледі. Арқалық Қоңқаның ақылымен төремен табысады. Оқиға Арқалықтың атынан әңгімеленеді [11, 232-296].

Ержан Ахметов нұсқасында топонимдік атаулар мынадай болып келеді: *Алтай, Шарықты, Қызылқұм, Саршоқы, Нарынқара тауы, Күйгенқора, Шірікши, Ертіс (Қара Ертіс), Қыран, Бурылтоғай, Қиялы, Үргеті мен Тасқия асу, Ақбұлақ суы, Алтайдың Айыркезең асуы, Қобда, Ақбұршақ, Айырқиік, Құмкеріш, Төленті, Сарыжон, Тасқия, Сұранишы, Қарабастау, Тасжарған, Саршоқы, Мойнақ, Қараөзенге, Айыркезең, Құмдыбұлақ, Бурылтоғай, Қиялы, Қыран мен Шемірішек, Сауыр тау, Аюлы, Сайқан тау, тасты Тоспа, Қытай жақ.*

Сағидолла Нұралин нұсқасында Абақ керейде қарақас руынан Арқалық батырды Әжі төре жіберіп, дүрбіттен есе алғызады. Әжі төре Арқалықты дүрбітке ұстап беріп, мал төлеп өз басын сақтап қалады. Арқалық дүрбіттердің ламасы – кәрі Шолтымның зынданында жатқанда сол елдің Балжын деген қызы Арқалықты босатады. Ол күні дүрбіттер Шаған деген мейрамын тойлап жатады, ауылдың кәрі-жасы түгел мас болып, тұтқын жатқан күрке де қарауылсыз қалады. Арқалықтың жолдасы Жұбай деген мерген Алтай бас Қайырты деген өзеннің суына кетеді. Назардың ұлы Арқалықтың портреті осы нұсқада сипатталады. Ұзақ сапардан оралған батырдың туыстары өзі жоқта ауыр жағдайға түседі. Арқалық батыр елге келген соң Әжі төреден Жұбайға құн, өзіне есе сұрап, ақыры сол кездегі Абақ Керейдің шешен биі Бейсембінің айтқан тоқтамы бойынша төреден тиісті есесін алып бітіседі [11, 297-352]. Жыршы ел ақсақалдарының аузындағы өмірде болған оқиға негізінде жырлағаны көрінеді, өзінің жыр жөніндегі түсініктемесінде де осы жайт анық айтылған [17, 2].

Жырдың Сағидолла Нұралин нұсқасында «Сүмбе» топонимінің төркіні жөнінде ақпарат айтылады:

*«Алтайдың орталығы Сары Сүмбе,  
Шағанның астанасы сол бір күнде.  
Мұңғылдың Сүмбе деген мешіті екен,  
Өзгермей сол атаумен кеткен мүлде».*

Жырдың осы нұсқасында еліміздің Шығыс өлкесіндегі жер-су атаулары, оронимдер мен ойконимдер молынан ұшырасады, кейіпкердің жорық жолдары тәптіштеп көрсетіледі:

*Сауырдың теріскейін өрлей жүрді,  
Көксүннің тұмсығына көлбей жүрді.  
Бетке алып Мұқыртайдың аяқ жағын,  
Тасы көп тау ішінде енбей жүрді.  
Батысын Үлүңгірдің баса жүрді,  
Мойнынан Үшқараның аса жүрді.  
Ертіске келіп түсіп Ақаралдан,  
Тумадан өзен бұлақ тата жүрді.  
«Сөз бар зой ескі аңызда әр түрлі кеп,  
Албаты айтылмаған бәрі де тек.  
Қазір де Сауырдағы бір қуысты,  
Атайды сол Қоңқаның үңгірі деп».*

*Алтай, Қобда, Тарбағатай, Сары Сүмбе, Ақшағыл, Ертіс, Күрті, Көктоғай, тау Күректі, Қалба, Сауыр тауы, Ласты, Қайырты, Салбырты, Сауыр, Сайқан, Ақшағыл, Бүгел, Қараөзек, Күректі, Үш ашық, Сайқын бұлақ, Қу үй, Таршат, Сарбұлақ, Мәздің сайы, Көке бұлақ, Шабырты, Қара Ертіс, Шаңырақтың қызыл тауы, Қандығатай, Қаратас, Шемірішекті, Таралаң, Шұңқыр, Қалғұтан, Ақши, Қаба, Қарасаз, Мойылты, Бұқасойған, Үштас, Белтерек* деген топонимдер аталады.

Арқалық батырдың тарихилығын дәлелдеу мақсатында жыршы оның қайда қашан өмір сүргенін нақтылай түседі:

*«Арқалық болған адам ертеректе,  
Өтіпті жүз елу жыл мөлшер етсе.  
Керейдің кәрілері айтып еді,  
Бейімі тұр Қаба бойы Белтеректе».*

Ал Ертай Құлсариев нұсқасында Орманбеттен шыққан хан Әжінің Ақжал, Көкжал деген екі тұлпарының бірін торғауыт Мәлік ханның батыры дүрбіт Дінгел алып кетеді. Арқалық үш жолдасымен Үрімжі қаласына барып, Көкжал тұлпарды ұрлап алады. Жұбай торғауыттан басқа да кегін алмай кетпейтінін айтып, қалғандары соны мақұл көреді. Сөйтіп төртеуі жаудың үш мың жылқысынан айдап әкетеді, Арқалық Дінгел батырды өлтіреді. Сондарынан келген қуғыншылардан *Аюлы*да бой тасалаған батыр жолда атын төрт аюға жегізеді. Арқалықты Қараш деген уәзір торғауыт Дудуға ұстап береді. Арқалық жолдастарымен Әжі мен би, уәзірлерінің бәрін өлтіріп, Жұбай Орманбет еліне, ал қалмақ досы Еділ *Үрімжі*ге хан болады. Арқалық тұтқында қашуға көмектескен Мәлік ханның қызы Бикешті алады [11, 353-408]. Мұнда Аюлы мен Үрімжі топонимдері ғана сөз болады, жыршы Алматы облысының тұрғыны болғандықтан Шығыс өңірдің топонимдерін көп сөз етпегенін аңғарамыз.

Арқалық батыр жөніндегі жырлар, шығармалар жинақталған үштомдық жинақ бір-екі жыл көлемінде қолымызға тиді, жинақты Ұлан Бапай құрастырған. Үштомдық жинақтың 1-томына жырдың Ержан Ахметов,

Асқар Тотанайұлы, Иса Байзақов, Солтан Мәжит нұсқасы, Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасы жинақталған [18], 2-томына «Арқалық батыр» жырының Кәп Құмарұлы, Асқар Тотанайұлы, Ыбырай Мұсаұлы мен Жұмажан Әбілғазыұлы нұсқасы, «Арқалық батыр» пьесасы мен киносценарийі [19], 3-томына Ертай Құлсариев, Сағидолла Нұралин, Абылай Түгелбаев, Монғолия қазақтарының нұсқасы, Мырзабек Нәсіпханұлының 16 көріністі «Арқалық батыр» драмасы, «Арқалық батыр» алты перделі, тарихи драма пьесасы, Рымғали Нұрғалиев, Тоғжан Әкімова, Сұлтанғали Садырбаев, Оспан Набиұлы, Советхан Тілеубаев зерттеулері енген [20]. Осы үштомдық жинақтың М.О.Әуезов мұражай-үйі ғылыми-мәдени орталығында 2016 жылдың 5 мамырында өткен тұсаукесер рәсімінде де айтқанбыз, құрастырушы фольклорлық туындыларды бір бөлек, авторлық көркем шығармаларды өз алдына топтап, зерттеу еңбектерді жеке алып, басылымның шарттары мен талаптарына сай дайындаса құба-құп болар еді. Келешекте ұлттық батырларымызға арналған жинақтар ғылыми қағидаларға орай дайындалса деген үлкен үмітіміз бар. Шығыс Қазақстан өңірінің эпсаналарын Бақытжан Келгембаева [21], сол күншығыс аймақ топонимдерін Гүлмира Мадиева, Бердібек Бияров тілдік тұрғыда қарастырған [22]. «Арқалық батыр» жыры тарихи жыр болғандықтан, шығармада тарихи нақтылық сақталған. Бұл әсіресе топонимдердің түрлі нұсқаларда көп өзгеріске ұшырамағанын байқатады, негізінен Алтай аймағының топонимдері ғана жиі қолданысқа түскен. Біз бұл мақалада «Арқалық батыр» тарихи жырының түрлі нұсқаларындағы топонимдердің қолданыс ерекшелігін тілге тиек етумен шектелдік.

#### Әдебиеттер

1. Әбдірахманов Ә. Қазақстан этнотопонимикасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 127 б.; Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Астана: ІС-Сервис, 2006. – 400 б.; Рысбергген Қ. Қазақ топонимикасының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. – Алматы, 2010.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1958. – 402 б.; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972; Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология. – Алматы, 1987; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982; Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.; Сейдімбеков А. Күй шежіре. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.; Әзібаева Б. Қазақ дастандары. – Алматы, 2009. – 386 б.; Қоңыратбаев Т. Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 2000. – 268 б.; т. б.
3. Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: NOBEL, 2014. – 465 б. /385-442 б.
4. Батырлар жыры. 2-том. – Алматы, 1961. – 408 б.
5. Ақсауыт. Батырлық жырлар. 2-том. – Алматы, 1977.
6. Ғұмарова М. Бұрын зерттелмеген жырлар // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1- кітап. Қазақ халқының ауыз әдебиеті / Жалпы ред. басқ. М.О.Әуезов. – Алматы: Қазақ КСР ҒА-ның баспасы, 1960. – 429-500 б.
7. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 3-том. Тарихи жырлар. – Алматы: Ғылым, 1981. – 220 б.
8. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1976. – 151 б.; Уахатов Б. Арқалық батыр // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 177-180 б.; Сыдықов Т. Қазақтың тарихи жырлары және бүгінгі ғылым // Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 130-176 б./ 160-162 б.; Сейітжанов З. Тарихи эпос. – Алматы: Ғылым, 1994. – 365 б.
9. Тлеубаев С. «Арқалық батыр» жырының нұсқалары: 10.01.09 – Фольклортану: Филол.ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007.
10. Бабалар сөзі: Жүзтомдық (Қытайдағы қазақ фольклоры). Т.27: Тарихи жырлар /Жауапты ред. С.Қосан. Құраст.: С.Қосан, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы).– Астана: Фолиант, 2006. – 350 б.
11. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.61:Тарихи жырлар / Жауапты ред.С.Қосан. Құраст.: Т.Әкімова (жауапты шығарушы), Т.Әлібеков, С.Қосан, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 448 б.
12. Уахатов Б. Арқалық батыр // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 177-180 б.
13. Нұрғалиев Р. Талант тағдыры. Драматургия, театр мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1969. – 128 б.
14. Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: шежірелік деректер. – Алматы: Жалын, 1994. – 144 б.
15. Сәженов С. Тарихи жырлар және өмір шындығы // Халық әдебиетіндегі тарих көріністері. Қазақ фольклорының тарихилығы. 1-том. Монография. – Алматы: НВ Принт, 2016. – 182-337 б.
16. Бабалар сөзі: Жүзтомдық (Қытайдағы қазақ фольклоры). Т. 28: Тарихи жырлар /Жауапты ред. С.Қосан. Құраст.: С.Қосан, А.Ақан (жауапты шығарушы), О.Егеубаев.– Астана: Фолиант, 2006. – 373 б.
17. ҚР БҒМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 330-бума.
18. Арқалық батыр. Үштомдық. 1-том. – Алматы: Үш қыян, 2007.
19. Арқалық батыр. Үштомдық. 2-том. –Астана: Фолиант, 2013.
20. Арқалық батыр. Үштомдық. 3-том. – Алматы: Palitra Press, 2016.
21. Келгембаева Б.Б. Шығыс Қазақстан өңірінің эпсаналары: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты: (10.01.09) /Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті. – Астана, 2000. – 30 б.
22. Мадиева Г., Сапашев О., Бияров Б., Алимхан А., Смаилова А. Топонимическое пространство Восточного Казахстана // <https://kitar.kz>; Бияров Б., Әлімхан А., Келгембаева Б., Құсманова Г. Шығыс Қазақстан топонимикасы // <https://kitar.kz>; Мадиева Г.Б. Гидронимия восточного Казахстана. Кандидатская диссертация (филология) – Алма-Ата, 1990; Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2012. – 252 б.

## Б.МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тажигулова А.К.

Магистр, оқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ақтөбе қ., Қазақстан

**Андатпа.** В статье рассматриваются проблемы литературной ономастики, представлен анализ употребления имен собственных на материале произведений Б.Майлина

**Аннотация.** Бұл мақалада Б.Майлиннің шығармаларындағы жалқы есімдердің қолданысына жасалған талдауы және әдеби ономастикасының мәселелері қарастырылған.

**Annotation.** This article discusses the analysis of proper names which are given in the work of B.Maylin and the problems of literary onomastics.

**Тірек сөздері.** Көркем шығарма, ономастика, жалқы есім, әдеби ономастика, этнография.

**Ключевые слова.** Литературное произведение, ономастика, собственные имена, литературная ономастика, этнография.

**Key words.** Literary work, onomastics, proper names, literary onomastics, ethnographic.

Көркем туындылардағы жалқы есімдерді қарастыратын, соңғы онжылдықта қарқынды дамып келе жатқан поэтикалық ономастика саласы өзге салалардан өзіндік қызықты да, күрделі сипатымен ерекшеленеді. Шығармалардағы жалқы есімдерді зерттеушілердің еңбектерінде әдеби мәтіндерде қолданыс тапқан онимдік лексиканың түрлері ғана емес, әдеби онимдердің қалыптасуы мен олардың автор туындыларының стиліне әсері, сондай-ақ жалқы есімдердің функционалдық сипаты сынды мәселелер бой көрсетеді. Бұл тұрғыдан келгенде поэтикалық ономастика әдебиеттанумен тығыз байланысты. Көркем шығармалардағы жалқы есімдерді жүйелі түрде зерттеу автордың ойы мен шығарма жанрының ерекшелігін танып, сипатын ашуға мүмкіндік береді. Көркем туындылардағы поэтонимдердің жоғары мәнін тілшілер де, әдебиетшілер де жоққа шығармайды. Әдеби онимдерді талдау жұмысы әдебиет пен тіл ғылымының табиғатын тереңдей тану мақсатында ғана емес, тарихи, мәдени, этнографиялық мазмұндағы мәліметтердің толығымен де ұштасады. Поэтонимдер ерекше лексикалық категория ретінде белгілі бір автордың стильдік ерекшелігін тануға жол ашатындықтан лингвистикалық мәселелерімен тығыз байланысқан.

Ономастика мәселелері алғаш қарастырыла бастаған кезеңнен бері көркем туындылардағы жалқы есім мәселелері В.Н.Михайлов, Э.Б.Магазаник, Л.Н.Андреева, Н.В.Ботвина, В.М.Цыбикова т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Әдеби шығармалардағы онимдік лексика, оның ішінде, әсіресе жиі қолданыс табатын антропонимдер, топонимдер, зоонимдер мен эргонимдерді зерделеген ізденістер жарық көрді. Әдеби ономастика мәселелерімен шұғылданушылар көбіне әдеби есімдерді қалыптастырудың қағидалары, онимдік лексиканың көркем шығарманың стильдік ерекшеліктеріне әсері, онимдік құрылымдардың функционалдық сипаты сияқты мәселелерді қарастырған. Әдеби ономастика зерттеушілері жалқы есімдерді тілдің құрамдас бөлігі, әрі аса маңызды қарым-қатынас құралы ретінде дәйектеп отыр.

Көркем шығармаларға лингвистикалық талдау жасауда ерекше рөл атқаратын әдеби ономастикон – өзіндік сипаты бар лексикалық категория ретінде автордың стилін, көзқарасын, шығармашылық ұстанымдарын айғақтайды, әрі туындының идеялық-көркемдік ойы туралы қосымша деректерді тануға ықпал етеді. Мысалы Б.Майлин поэзиясындағы Мырқымбай есімі – өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы қазақ кедейінің типтік бейнесін жасауда ұтымды қоланылған. Қоғамдағы қазан төңкерісінен кейінгі тұтас бір өтпелі кезеңдегі ауыл жұртының өмірінде болған өзгерістерді, оның ой-санасы, іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі мен болмыс-бітімі арқылы суреттелген жиынтық бейне «Мырқымбай» деген қазақы үлгімен жасалған, қарапайым халық санасына жақын есім арқылы көрініс тапқан. «Мырқымбай» антропонимінің иесі ақынның көптеген өлең-поэмаларында бірде басты, бірде қосымша кейіпкер ретінде көрінеді. Мырқымбай туралы кейіннен автордың өзі былай жазады: «Мырқымбай отағасына келейік. ...30-жылдан бергі жазғандарымның ішінде «Мырқымбай» деген ат кездеспесе, одан маған да, оқушыларға да келетін кемшілік жоқ-ау деймін. 30-жылға шейін партия ұранын қолына ұстап, бай-қулаққа шабуыл салып келген Мырқымбайды колхоздасу дәуірінде бой бұғып қалды ма деп күмәндануға онша орын жоқ. Мен Мырқымбайды ауыл іскерлерінің ішіндегі үлгілі, жігерлісі ғып көрсетуге тырысып жүруші ем.... Кеңес үкіметі орнасымен бірден жүз процент сана-сезімі толып, іскер болып кету Мырқымбайға ауыр еді. Бірақ соңғы жылдары мен жазған Мырқымбай іскер пішінін алған секілді. Оған ауылдың сөзі куә, ауыл өмірінде бірсыпыра жерлерде колхозшылар бірін-бірі еркелетіп, сүйкімді атпен атайын дегенде «Әй, Мырқымбайым-ау» дейді екен. Бұл «сүйгенін сипадым дейдінің» кебі ғой. Мұны не үшін айтып отырмын. Мұны айтып отырғаным - Мырқымбай бұрынғы жігерін, іскерлігін үдетпесе, кеміткен жоқ. Мырқымбай колхозшы көпшілігінің ішінен шыққан үлгілі іскердің пішіні».

Бейімбеттің поэзиялық шығармаларындағы сол кездегі қазақ кедейлерінің болмыс-бітімі, қоғамдағы тіршілік-тынысы Мырқымбайдың жиынтық бейнесі арқылы көпшілік оқырманның көңілінен шықты десек, бұл бейненің қалыптасуына, әр алуан туындылардағы кейіпкерлердің бір образға жинақталуына бір есімнің қайталанып келіп отыруы негіз болған.

Бейімбет – қазақ поэзиясына ой мен сезімді баяндау, суреттеусіз-ақ айтып жеткізудің өлең-диалог түрін енгізген ақын. Сұрақ пен жауапқа ғана құрылған "Ыбыраймыз, Ыбыраймын" деген өлеңіндегі екі-үш сөзден ғана тұратын диалог арқылы төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі қазақ аулындағы өзгерісті,

адамдардың ой-санасын, психологиясын ашып көрсеткен. Өлеңде бірде-бір артық элемент жоқ, суреткер бір ғана кейіпкерге сұрақ қою арқылы, оның Ыбырай деген есіміне -мыз, -мын қосымшаларын жалғау арқылы сол кезеңнің әлеуметтік мінездемесінің табиғатын танытқан. Жалқы есімге жіктік жалғауының I жағында тұрған қосымшаларды қосу арқылы өлеңнің мазмұнын ашып, түрлендірген. «Өлеңдегі маңызды әлеуметтік мазмұн оның ойнақы, қызықты болып шығуы да, сайып келгенде, сол қосымшаларының мысқыл, ажуа тудыратын мағыналарына байланысты. Б.Майлин антропонимді тұлғалық жағынан түрлендіру жолымен өлеңге ерекше соны сипат беріп, құбылтқан. Ақынның шеберлігі, тапқырлығы өз оқырманын қайран қалдырады:

Кеше:

- - Уа, кімсіз? ,
- - Ыбыраймыз.
- - Жаймысыз?
- - Жаймыз.
- - Уа, қайдан келесіз?
- - Сайлаудан келеміз.
- - Елге ойран сап,
- - Ойнаудан келеміз.

Бүгін:

- - Уа, кімсің?
- - Ыбыраймын.
- - Жаймысың?
- - Жаймын.
- - Қайдан келесің?
- - Соттан келемін.
- - Соттан емес-ау,
- - Оттан келемін

Бейімбет Майлин Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүргенде «Садақ» атты қолжазба журналында жарық көрген алғашқы прозалық туындысы «Шұғаның белгісіндегі» жалқы есімдердің қолданысы туындының сюжеттік желісіне арқау болған. Шығарма екі атты жолаушының әңгімесінен басталады:

- «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма, - дедім.

- Жоқ, әшейін бір обашық, - деді. Кейін қалып бара жатқан соң тағы тебініп қатарласып:

- Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау, - деді.

- Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім, - дедім.

- Білмессіз... сіздер жассыздар ғой, - деді. Маған қарағанда өзі недәуір көпті көрген үлкен адам болып көтеріліп қойды.

- Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау, - деді.

Жолдасымның бұл сөзінен мен Шұғаға ынтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

- Шұғаның әңгімесін айтсаңыз қайтеді, жол қысқарсын, - дедім.

- Айтайын, - деді»

Әңгіме желісінде «Шұғаның белгісі» деген жер атауынан антропонимге айналған Шұға сөзі есім иесі туралы оқиғаға ұласады. «Өзі де Шұға десе Шұға еді-ау» деген сөздерден кейіпкердің «атына заты сай» екенін байқауға болады. Қазақ тілінің сөздігінде :«Шұға – майда түкті, биязы жүн мата. Шұға фабрикаларында ұзындығы 4-5 см-ден қысқа келетін жүн пайдаланылады», - деген түсінік беріледі . Көрнекті суреткер жазушының қазақ прозасының алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде танылған туындысының бас қаһарманына тұлғалық жағынан осы ықшам келген, айтуға жеңіл, кейіпкердің биязы табиғатына жақын есімді таңдап алуының өзінен астарлы сыр байқалғандай.

С.Қирабаев: «Жазушының суреттеуінде, Шұға – мейлінше адал, терең сезімнің адамы. Бір сөзді, махаббатына берік. ...Әбдірахманның жолдасы, екі ғашықтың сырына қанық Қасым оқиға шындығын, кейіпкерлердің күйініш-сүйінішін, сезім көріністерін, әңгімесін толық күйінде жеткізуші қызметін атқарады. Соның сезінуімен жазушы Шұғаны, оның сұлулығын, ақылдылығын, тұрақтылығын, аянышты өлімін суреттеп, «Ай, Шұға десе, Шұға еді-ау!» деген сөзге қайта-қайта оралады. Шығарманың лирикалық сипаттарын да осы сыршылдық белгілейді», - дейді.

Адам есімдері аса жиі қолданылатын тілдік бірліктер ретінде қоғамдық ортадағы, адамзат өміріндегі келеңсіз, тұрпайы құбылыстарды келеке ету мақсатында жазылатын сықақты шығармаларда маңызды қолданысқа ие болады. Белгілі жазушы, журналист Балғабек Қыдырбекұлының сықақ әңгімесіндегі жалқы есімдер қолданысына тоқталайық. Жазушының «Оқыған адам» әңгімесіндегі бас кейіпкердің Үрей есімі оның табиғатын танытып, мінезін сомдауға бағытталған. «Үрей - тырбиған арық кісі. Әсіресе, оның құтын қашырып тұратын қалқандай екі құлағы. Үріккен тананың құлағынша ол қалқиып тұрғандықтан көлеңке жағына тұрсаңыз одан күн көрінгендей. Өзінің арық болғандығынан ба, көзі де аларып тұрады. Дүниеде құдай көздің нұрын алмасын деңіз, егер көзіңізден нұр тайса, басқа он екі мүшеніздің саулығы түк емес. Сол Үрейдің көзінің нұры жоқ болғандықтан Накыш неге екені белгісіз соның жүзінен аштан өлген адамның бейнесін көргендей болушы еді».



Шығарма кейіпкері Үрейдің мінез-құлқы А.П.Чеховтың «Человек в футляре» шығармасындағы Беликовке ұқсайды: «Да вот, недалеко искать, месяца два назад умер у нас в городе некий Беликов, учитель греческого языка, мой товарищ. ...Он был замечателен тем, что всегда, даже в очень хорошую погоду, выходил в калошах и с зонтиком и непременно в теплом пальто на вате. И зонтик у него был в чехле, и часы в чехле из серой замши, и когда вынимал перочинный нож, чтобы починить карандаш, то и нож у него был в чехольчике; и лицо, казалось, тоже был в чехле, так как он все время прятал его в поднятый воротник». Автор туындының бас қаһарманының мінезін Беликовке ұқсастығын Үрейдің әйелі Нақыштың нағашысының баласының сөздері арқылы жеткізген: «- Әке, құндақтаулы адам! – деп тағы күліп жіберді. Сөйтсе Үрейдің далада күн шығып тұрғанда сулық киіп келгенін айтып тұр екен». Кейіпкер бейнесі оның сәуле ауруынан қорқып теледидардың даусын естілер-естілмес етіп тыңдауы, теледидарды атом сәулесінен жасырыну мақсатында сейсепке оранып көруі, түнде есікпен біреу-міреу еніп кетер деп, есікке жіп байлап, оған ыдыс-аяқтарды байлауы, баланың даусын естігісі келмеуі т.б. қылықтары арқылы ғана емес, кейіпкердің «Үрей» деген соны есімі арқылы да ашыла түскен.

Әдеби ономастика соңғы уақытта жан-жақты қарастырыла бастаған маңызды сала ретінде көрініс тауып отыр. Көркем шығармалардағы әдеби ономастикон - өзіндік сипаты бар лексикалық категория ретінде авторлардың стилін, көзқарасын, шығармашылық ұстанымдарын айғақтайды, әрі туындының мазмұны мен идеясын ашуға ықпал етеді.

#### Әдебиеттер

1. Майлин Б. Тұңғыш құрбан.- Алматы: Рауан, 1994.- 254 б.
2. [kk.convdocs.org](http://kk.convdocs.org)
3. Майлин Б. Шұғаның белгісі. Повестер мен әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1974.- 608 б.
4. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Жанұзақ Т.- Алматы: Дайк-Пресс, 1999.- 776 б.
5. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: Қысқаша очерк: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы.- Алматы: Білім, 1998.- 224 б.
6. Қыдырбекұлы Б. Ақпа құлақ. Сықақ әңгімелер, фелетондар, очерктер.- Алматы: Жазушы, 1978.- 437 б.
7. Чехов А.П. Избранные сочинения в двух томах.- Алма-Ата: Жазушы. Т.2. Рассказы и повести.

## ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ДІНИ-МИФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Тектігүл Ж.О. филол.ғ.д., профессор  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада діни-мифологиялық сипаттағы топонимдік атаулардың кейбір тарихи ерекшеліктері қазақ және туыстас түркі тілдерінің материалдары негізінде салыстырыла қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые исторические особенности религиозно-мифологических топонимов казахского языка.

**Annotation.** The article presents some of the historical features on the religious and mythological mythoponyms in Kazakh language.

**Кілт сөздер:** культ, миф, мифотопоним, дін, Құдай.

**Ключевые слова:** культ, миф, мифотопоним, религия, Бог.

**Key words:** cult, myth, mythoponym, religious, God.

Адамның мифопоэтикалық санасының маңызды ерекшеліктерінің қатарына есім (атау) мен затты тең құбылыс ретінде қарастыруын жатқызуға болады. Атау немесе есім заттың жұмбақ мәнінің көрінісі деп түсінілсе, заттың атын білу сол затқа үстемдік ету деп танылды. Ал заттың атын дыбыстап, өз атымен дауыстап айту — сол затты жасау, тірілту, бүлдіру немесе құрту, иелену дегенді білдіретін болған. Соған қарағанда белгілі бір затқа берілетін атау мифологиялық сана үшін әлемнің ең басты құпияларының бірі ретінде танылған. Заттарға кім ат берген? Кісі есімдері нені білдіреді? Дыбыстар атауларды қалай құрастырады? Неге аталған есімдерді басқа атаулар емес, «осы дыбыстар» білдіріп тұр? Кісі есімінің адам тағдырына ықпалы қандай? Атаулардың мифологиялық философиясының атаулары осындай болып келеді. Мұсылман мифологиясында зат атауларын Құдай өзінің жердегі орынбасары ретінде жасаған бірінші адам және Аллахтағы бірінші пайғамбар Адам белгілеген.

«Кез келген атау белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың ұғымдық мәні (денотат) болып табылады. Осы ұғымдық мән арқылы мазмұндық мәнге ден қоюға болады. Жаратылыс пен құбылыстың ұғымдық мәнін (атауын) білмей тұрып, оның мазмұндық мәнін тануға ұмтылу, көп жағдайда қайда барарыңды білмей тұрып жолға шыққандай күй кешіреді. Рас, қантты тұз деп атағанмен, қант өзінің тәттілік қасиетін жоймайтыны белгілі. Дегенмен, атау арқылы белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың мазмұндық мәнін танып-түсінуге жол ашылады, бағдар айқындалады. Мұндай ойдың жосығы әрі қарай қаузалар болса, онда форма мен мазмұн, сезім мен сана, түйсік пен таным, пайымдау (созерцание) мен парықтау сияқты философиялық категорияларға ұласып кетеді. Бұл ретте де атау атаулының таным жолындағы аса мәнді баспалдақ екеніне күмән болмаса керек»[1, 8].

Ат беру, атау дегеніміз – «сол затты істеу, жасап шығару» деген мифологиялық түсінік славян тілдеріндегі үндіевропалық *dhe* - түбірінің тарихында көрініс тапты. Аталған түбір сыңары «ат беруші(қоюшы)»

мағынасын беруші тіркесім құрамына еніп(оның грекше сәйкесімі thetes), ежелгі үндіевропалықтар байланыстырған «затты атаушы, әрі жасаушысы» деген ұғымды білдірген; атаславян тілінде оған \*de түбірі сәйкес келеді.

Ендеше әлем моделі алуан түрлі таңбалар бейнесінде жүзеге асырылады. Мифопэтикалық сана үшін олардың бірде-біреуі (таңбалар) толықтай тәуелсіз емес, өйткені олар өзара ұйымдастырылған біртұтас әмбебап жүйеге бағындырылған. Мысалы, мифоантропонимдер табиғатын анықтап, түсіндіруде оларды адамның ойлау ерекшеліктерінен бастап, сол қоғамның мінез-құлқымен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі мифоантропонимдердің де, мифотопонимдердің де ойлаудың ерекше түрі – мифопэтиканың нәтижесі екендігін дәлелдейді. Олай болса, қазақтың ұлттық дүниетанымы – сол халықтың мифологиясымен, яғни олардың діни наным-сенімдері мен философиясымен тығыз астасып жатқан ерекше құбылыс.

Осындай қазақ дүниетанымы мен мифопэтикалық ойлауының символикасы қазақ гидронимдеріндегі архетиптік есімдерде айқын көрініс тапқан. Өйткені халықтық аңыздар мен мифтер бізді ертедегі қарабайыр адамдардың ойлау жүйесіне барлау жасауға көмектесіп қана қоймай, көптеген халықтардың мифологиясындағы суға қатысты, яғни су өмірдің, жаратылыстың қайнар көзі екендігін айқындайтын діни наным-сенімдерінің маңыздылығын бейнелейді. Мұндай идеяның, яғни бір индивидуумда екі бастаманың көрініс табуын, немесе «жасау» мен «құнарлылық» идеяларының бірлігін қасиетті жер-су (ыдук йер-суб) культінің іздері сақталып қалған қазіргі Жайық, Ырғыз, Қазығұрт, Жерұйық т.б. атауларынан айқын көруге болады.

Әрбір дүниенің өзіндік құдайы бар: аспанның Тәңірі – аспан құдайы, Ұмай – құнарлылық пен жер- судың құдайы, Ерлік (Еркілік//*Erklig*) – жерасты әлемінің құдайы. Орта әлем құдайын түркі халықтары ««ыдук Йер-Суб»» сөзбе-сөз «қасиетті Жер-Су» деп атаған. Түркі тілдес халықтардың мифологиясындағы Жер-Су – 17 жоғары рухтың – «қасиетті Жер-Су» мейірімді құдайлары Тәңір және Ұмаймен бірге түріктердің желеп-жебеушісі, қорғаушысы қатарына жатады. Бұлар туралы Орхон-Енисей жазуларында кездеседі: «Түркі халқы өлмейді», «Аспан, Ұмай және Жер-Су бізге жеңіс сыйлады» [2, 39].

Ал «Жер-Су» сөзімен тіркесте қолданылатын «удук» сөзі «қасиетті» мағынасында Орхон-Енисей және ескі ұйғыр ескерткіштеріндегі топонимдер құрамында да кездеседі: «*Ыдук бау kidirima*». «Киелі кілт артында (батыста); *Тамаг ыдук башда сунуидіміз* «Біз Тамаг қасиетті басында шайқастық»; Түрк ыдук йәрі «қасиетті түркі жері»; *Ыдук йәр- суб* «Қасиетті Отан» («Жер-су»); *өз йарим ыдук* «Менің қасиетті (туған) жерім»; *Ыдук Ötükän* (мекен атауы).

Мұндағы *ыдук* сөзін Қазақстан, Ресей, Башқұртстан аймақтарын басып өтетін Жайық топонимінің құрамынан кездестіреміз. Ә. Нұрмағанбетов «алтай, аладаг тілдерінде «*йайық*» сөзі қазақ тілінде «*су тасу, сел, тасқын*» деген мағынаға сәйкес келетінін, әрі осы сөздің сәл ғана дыбыстық өзгерістермен «*дажыг*» түрінде де кездесетінін ескерте отырып, «Жайық» өзенінің аты оның тасыған кездегі көрінісіне байланысты берілген» деген қорытындыға келсе» [3, 18], кейбір ғалымдар *Есік* көлінің этимологиясын «ыдук -*iduq*» сөзімен байланыстыра отырып, көл суының тұнық қаракөк, қыста қатпайтындығына орай халық оны «көне түркі тілінің «ыстық, ыссы» («қасиетті, киелі» деген мағынаны білдіреді) сөзімен атаған» деген пікірге саяды» [4, 78].

Н.А. Алексеев «*Дьайык* – аспанда өмір сүретін құдай әйел(богиня). Үлген(Өлген) құдайы (башқ. *Үлгән*, сөзбе-сөз. «өлген» немесе *оло* сөзінен «аға», «ұлы» және хан) оның (Дьайык құдайына) жерге түсіп, «барлық адамды жамандық пен зұлымдықтан қорғауын және бәріне тіршілік сыйлауын» бұйырды. Шамандар бұл құдайды Үлгенге (Өлгенге) құрбандықтарымен аспанға «көтерілу» кезінде көмекке шақыратын болған [5, 31]» дейді. А. В. Анохин *жайык* (дьяйык / яик) лексемасының мағынасын: рух-делдал, рух-аспан тұрғыны және «Ульгеннің бір бөлшегі» [6, 12] деп түсіндіреді. *Жайык* (дьяйык / яик) – ақ рухтар мен адамдар арасындағы рух-делдал, отбасы мен малдың жебеушісі [7, 85]. Жоғарғы Үлген құдайына құрбандық шалу рәсімін орындау кезінде шаман оны құрбандық жануарымен бірге аспанға алып баратын атақты *Жайықты* шақырған. *Жайықтың* қатысуынсыз шаман аспанға көтеріле алмайды [6, 13]. Сонымен «*Дьяйык* құдайы адамдар мен Үлген(Өлген) арасындағы «делдал» қызметін атқарған. *Дьяйык* бейнесі – алтай-кижи алтайлықтардың әрбір отбасының баспанасында сақталған. Оны көздің орнына көгілдір түймелер тігіліп, аяғына ақ лента байланған ақ қоян терісі түрінде жасаған» [5, 31]. А.Л. Сагалаевтың этнографиялық материалдарынан көріп отырғанымыздай, алтайлықтар *Яик* бейнесін қоянның бейнесінде бейнелеп, оны ақ матадан тіккен. Кумандықтар *Аба Дьяйықты* қасиет тұтқан. *Аба Дьяйык* атауы кумандықтарда аюмен байланысты [7, 48].

Хакастар ақ аспан құдайларын "дьяяглар" деп атаған болса, тувалар үшін *Jajik* барлық тайгадағы аңдардың «қожайыны» (азі) ретінде саналып, аңшылар оны қатты қадірлеген [8, 248].

Башқұрт топонимдерін зерттеуші Г.Х. Бухарова «аналогия бойынша *Йәйгә ыйык ~ Йәй ыйык ~ Йайык*, яғни «Йәйге(құдайға) бағышталған». (Йәй(жаз құдайына бағышталған) – бұл қоян немесе басқа тотемдік жануар деп болжауға болады. Өйткені башқұрт эпосының мәтінінде оним семантикалық дамуға ұшыраған. Онда Жайық судың көзін ашушы, судың құдайы ретіндегі адам бейнесінде көрінген. Бірақ сөздің архетиптік ішкі формасы сол қалпында: \*Йәйгә ыйык – Йәй ыйык – Йәйык – Яйык, «Йәйге (Тәңірі) бағышталған // Тәңірге жолданған, арналған» [9, 1051] деп көрсетеді. Мұндағы «ақ рух», «ақ аспан құдайы» секілді тіркестерге қатысты айта кететін жайт, қазақтар бүгінгі күнге дейін Жайық өзенін «Ақ Жайық» деп атаса, алтайлықтар да Яик құдайына құлшылық етіп, оны *Ақ Йайык* (Ақ Жайық) дейді. Қалай болғанда да, бұл жерде аталған топониммен (Жайық// *Йайык*) тіркесіп келетін «ақ» эпитетінің «қасиетті, киелі» ұғымында жұмсалып тұрғаны куман туғызбайтындай. Олай болса, тіл – халық өмірі мен болмысының, тұрмыс- тіршілігінің айқын көрінісі деп есептесек, топонимдер де этностың дүниетанымымен, тарихымен, мәдениетімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, «біріншіден, топонимдерде белгілі бір мөлшерде бұған дейін өмір сүрген халықтың өзін

қоршаған шындық жайындағы таным нәтижесі сақталып қалса, екіншіден, «...жалқы есім – мифологиялық сананың феномені, үшіншіден, «...жалқы есімдердің семантикалық мағыналарын егжей-тегжейлі зерттеу аталған дәуірдің санасын мифологиялық аспектіде зерттеу болып табылады...» [10, 608-609].

#### **Әдебиеттер**

1. Сейдімбек А. Есімдер де ел байлығы. Егемен Қазақстан. - 2006. - 22 желтоқсан (№316-317).
2. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951.
3. Нұрмағамбетов Ә. Жер-судың аты – тарихтың хағы. Алматы, 1984.
4. Қазақтар (құраст. Марта Брилл Олкотт). Астана: «Шаңырақ Медиа», 2011.
5. Алексеев Н. А. Шаманизм тюркоязычных народов Сибири. Новосибирск: Наука, 1984. 233 с.
6. Анохин А. В. Материалы по шаманству у алтайцев. М.-Л.: Российская Академия Наук, 1924. 248 с.
7. Сағалаев А. М. Урало-Алтайская мифология: Символ и архетип. Новосибирск: Наука. Сиб. отд.-е, 1991. 115 с.
8. Потапов Л. П. Алтайский шаманизм. Л.: Наука, 1991. 320 с.
9. Бухарова Г.Х. Следы культа ыдук йер-суб у тюркских народов в башкирской топонимии. Вестник Башкирского университета. 2016. Т. 21. №4. 1048-1055.
10. Якобсон Р. Роль лингвистических показаний в сравнительной мифологии//VII Международный конгресс антропологических и этнографических наук. Т.5. –1970.С. –608-619.

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АТАУЛАР ҮНДЕСТІГІ**

**Ұлықпанова Әлия Жолдасқалиқызы,  
Магистр, аға оқытушы, «Жұбановтану» ҒЗО-ның жетекшісі  
Женісова Балауса Қайыркүлқызы,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Анатпа.** Қазақ халқы өздері өмір сүрген жерге атау берген уақытта, сол елді мекенге кез-келген атауды бере салмаған. Бұған қазақ жерінде орналасқан елді мекендер мен тау-тасты, өзен-сулы жерлердің аталуы дәлел бола алады. Бұл үрдіс қазақ халқына ғана емес, жалпы түркі тектес халықтардың көпшілігіне тән. Мақалада қазақ және түрік әдебиетінде кездесетін ономастикалық атаулар сыры туралы сөз болады, екі елдің поэзиясындағы ономастикалық дәстүр жайы талданады.

**Аннотация.** Когда казахи давали название местам в которых жили, они не использовали названий не соответствующих этому месту. Обязательно, чтобы названия земли ассоциировались с определенными легендами, астрономией, мифами, историями или историческими личностями, хранящимися в памяти народа. Изучение сохранившихся десятизначных имен, связанных с этими именами, не было бы преувеличенным вопросом сегодняшнего дня. В ономастические имена являются символическим.

**Annotation.** At the time the Kazakh people gave their names to the place where they lived, they did not give any name to the village. It is obligatory that the names of the land are associated with certain legends, astronomy, myths, stories, or historical personalities that are kept in the nation's memory. This process is characteristic not only for the Kazakh people, but also for the majority of Turkic peoples. The article discusses the secrets of onomastic names in the works of Kazakh and Turkish poets, analyzes the onomastic traditions of the poetry of the two countries.

**Тірек сөздер.** Түрік әдебиеті, ономастика, топонимика, түрік поэзиясы.

**Ключевые слова.** Ономастика, топонимика, турецкая литература, турецкая поэзия.

**Key Words.** Symphony, toponymy, turkish literature, turkish poetry.

Қазақ – қашан да ата қонысын қастерлеп, салт-дәстүрі мен мәдениетін берік ұстанған халық. Ата-бабамыз ежелгі заманнан әр атаудың өзіндік ерекшелігі мен мән-мағынасына баса назар аударып отырған. Халқымыздың «ат қою» өнері қашан да бағаланып, дараланып тұрады. Жер-суға немесе кісі аттарын қоюда халқымыз ерекше көрегендік танытқан.

Ономастика – грек тілінен аударғанда «атаулар беретін өнер» деген ұғымды білдіретіндігі баршамызға мәлім. Жалқы есімдер жайын тексеретін ономастикалық атаулар – өз ішінде антропонимика және топонимика деп аталатын екі салаға бөлінеді. Антропонимиканың зерттеу нысанасы – кісі аттары болса, ал топонимика – географиялық атауларды зерттеу объектісі етіп қарастырылады [1, 106 б.].

Е.Қойшыбаев ономастика ілімін үш салаға бөліп көрсетеді: «1. Топонимика – жер бетіндегі объектілердің тілдік құрамын, мән мағыналарын қарастыратын ілім; 2. Антропонимика – адам аттарының шығу тарихын қарастыратын ілім; 3. Этнонимика – ру, тайпа, ел аттарының шығу тарихын, құралу, ыдырау процестерін қарастыратын ілім» [2, 7-8.].

Антропонимика ғылымының бөлімдеріне: адамның аты-жөні, лақап аты, әке аттары, бүркеншік аты, кісінің шын аты, этноантропонимдер. Тіліміздегі есімдерінің шығуы, пайда болу тарихы да сан қилы. Есімдер атадан балаға мұра болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып ұзақ ғасырлар бойы өмір сүреді. Есімдер арқылы еліміздің өткен тарихын, салт-дәстүрін, сенім-нанымын, тіл мен дінің және сонымен бірге көне сөздік құрамын біліп, толық мәлімет алуымызға мүмкіндігіміз мол. Мысалы: Әбілқайыр, Абылай, Қабанбай, Әлия және т. б.

Топонимика – ономастиканың жер-су мен елді мекен атауларының шығуы және пайда болу тарихын, мағынасын, таралу аймағын, қазіргі жәй-күйін, грамматикалық және фонетикалық пішінін, жазылуын және екінші бір тілге аударылуын зерттейтін, саралайтын үлкен бөлігі. Топонимдер – мағынасына, жасалу жолына, этимологиясына қарай негізгі үш бағыт бойынша зерттеледі. Зерттелетін аймақтың көлемі мен мөлшеріне

қарай: макротопонимдер (тау, ойпаттар, мұздықтар және т. б.), мезотопонимдер (жеке таулар, теңіздер және т. б.), микротопонимдер (өзен, көл, тұрақ және т. б.) болып бөлінеді.

Топонимика саласын зерттеуші Е.Қойшыбаев Қазақстан территориясындағы топонимдердің құрамын, құрылымын, компоненттердің тіркесуін және тілдік бітімін ескере отырып, келесідей бес түрлі қабаттарды атап көрсетеді: «1) ежелгі тілдер элементтерін сақтап келе жатқан тым көне қабаттар (санскрит, үнді-иран тілдері элементтері: *тал, ар, бал, сар, гар, кан* және *-ын, -ін, -үн* қосымша түрлері); 2) шартты түрдегі түркі-монғол тіл бірлестігі элементтерін сақтап келе жатқан көне қабаттар (*ал, ала, бала, қар, шар, чар, көк, бай, тоғай* және *-ас, -ес, -аш* қосымша түрлері); 3) түркі тіл қабаттары немесе түркі тілдер семьясы құрамының ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (*й-шыл, ч-шыл, ж-шыл, дь-шыл* тілдер және *-ты, -сы* қосымша түрлері); 4) осы күнгі түркі тілдері ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (қазақ, қырғыз, алтай, қарақалпақ, башқұрт, ұйғыр, түркімен, әзербайжан, өзбек және т.б.); 5) орыс тілі негізіндегі топонимикалық қабаттамалар, яғни, Э.М.Мурзаев айтуынша, «ең үстіңгі қабат» [2, 24 б.].

Қазақ атауларының шығуына байланысты әр түрлі аңыздар, мифтер, хикаяттар бар. Ондай дүниелер топонимдік атауларға деген қызығушылықты арттырып, терең зерттеуге жол ашады. Сонымен қатар, қазақтың батырлық, ғашықтық, тұрмыс-салт және т.б. секілді жырларында да топонимдік атаулар көп кездеседі. Ол туралы А.Ш.Пангереев: «Тақырыптық және сюжеттік мазмұнына қарай топонимдік әпсаналарды ішкі жіктелуіне орай тарихи-мекендік және утопиялық деп екіге бөлуге болады», - десе, тағы бір пікірінде: «Топонимдік хикаяттың жер-суға байланысты аңыздық прозаның басқа түрлерінен ерекшелігі – ол елдің бәріне түсінікті болады және таралу ареалы да кең» [3], - дей отырып топонимдік аңыздар мен әпсаналардың танымалдығына тоқтала кетеді.

Қазақ онамастикалық атауларын түбі бір туысқан түркі тілдерімен салғастыра, салыстыра зерттеу – бүгінгі күннің басты мәселесі. Түркі тілдерінің ішіндегі түрік тілінің шоқтығы биік әрі қазақ атауларымен ұқсастық пен үндестік көп. Оған төмендегі атаулар дәлел бола алады: Ұлытау, Балашоқы, Итшоқы, Келіншектас, Тышқанқұм; түрік тілінде: Mehmetbeyobasi, Ahmetdağı, Ahmetpınarı, Mehmetağa, Ahmetbeyler, Mehmetalan, Karamehmet, Ahmettepesi, Ahmetyeri, Mehmetçavuş және т.б.

Атаулар сырындағы ерекшеліктерді екі елдің ақындарының сөз саптаулары мен маржандай жыр түйдектерінен де байқай аламыз. «Поэзия – өте күрделі құбылыс. Дарынды жеке тұлғаның дүниетанымы, рухани және интеллектуалдық әлемінің қайнауынан келіп туындайтын танымдық, этикалық, эстетикалық тылсым дүние. Поэзиялық шығарманың жанры мен түрі де бір күнде туып, даралана салатын осал дүние емес» [4, 28 б.].

Қазақтың кез-келген перзенті өз туған жерінің патриоты. Ал ақын жанды, нәзік жүректі жандар терең толғаныс пен асқан сезімнің иелері. Өз жерін, елін жырға қоспаған ақын кемде-кем шығар. Бойына өнердің өресі дарыған әр жан өзінің туған елі мен жерінен шабыт алып, топырағында аунап өскен даласын елемей өтпесі анық. Ал сөз өнері осы керемет құбылысты сөзбен өрнектеп, кестелі айшықтармен келістіре отырып жеткізген. Бауырлас түрік және қазақ ақындарының жырларындағы туған еліне, жеріне деген махаббаттарына тоқтала кетсек. Екі ұлттың поэзиясындағы топонимикалық атауларға тоқтала кетсек.

Түріктің дүлдiл ақыны Нусейiн Ниһал Атсыз (1905-1975) асқақтаған Алтай тауын:

*Тырнап ашқың келсе егер ащы шындық жарасын,*

*Бұл кітапты қолға алсаң, барлығына қанасың.*

*Кәрі Алтайдың шыңына күнмен бірге шығасың,*

*Ұлы Түрік елінің даналығын ұғасың [5], -*

деп жырға қосса, қазақ ақыны Мұқағали Мақатаев:

*Құсыңды бер, ұшқышым, Шығысыма,*

*Сәлем берем Алтайда туысыма.*

*Шығысыма, тарт менің ырысыма!*

*Сірә да, Клондайк, Аляскалар,*

*Толар ма екен Алтайдың уысына?! [6], -* дей келе, өр Алтайдың бақыт пен шаттықтың, ырыс-берекенің ордасы екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Бұл арада «Алтай» – баурайына түрі мен тегіне қарамастан бар бауырлас халықты жиған Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлке. «Таудың ұзындығы – 2000 км» [7].

Қазақ және түрік ақындарының моншақтай тізілген жыр жолдарында жиі берілетін тағы бір қасиетті өлке – Тұран деп аталады. Белгілі шайыр, түрік мәдениеттанушысы және ойшылы *Мехмет Эмин ЙҰРДАКУЛ* (1869–1944) барша түркі халықтарына ортақ осы Тұран ойпаты туралы:

*Сен қаласаң, Дунайдың бастауынан,*

*Біз қараймыз Қытайдың асқарынан.*

*Алтай, Қыпшақ, Сібір мен Әзірбайжан,*

*Хиуа, Газна, Хорезм, Бұхара бар,*

*Ұлы Тұран елінің мәңгі өштес бастары бар [5], –*

деп жырға қосса, қазақтың *Мағжан Жұмабаевтай* жыр жампозы:

*Тұранның тарихы бар отты желдей,*

*Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.*

*Тұранның жері менен суы да жат,*

*Теңіздей терең, ауыр ой бергендей. [8.]*, - дей келе, Тұран ойпатының түркі халықтары үшін аса маңызды аймақ екенін айқын көрсеткен. Бұл арадағы екі ақынның жыр қаламына өзек болған *Тұран* – Тұран тақтасында орналасқан Орталық Азиядағы кең жазық аумақ, ойпат [6].

Екі елдің ақындарының жыр жолдарын салыстыра отырып байқайтынымыз, екі елдің де онамастикасына ортақ жер-су атауларының көп екендігін және ол бауырлас халықтардың поэзиясында кеңінен бейнеленгендігіне көзіміз жетеді. Қазақ және түрік ұлтының ақындары өз жеріне, жазира даласына, тау-тасы мен, мөлдір тұнық көлдеріне деген өзекжарды тілектерін жалынды жырлары арқылы жеткізуге тырысқан. Ақындардың өлеңінен асқан патриоттық сезім мен өзінің туып өскен сайын даласына деген ыстық махаббатты, терең мақтанышты байқай аламыз. Қырықтан астам жыр жинағының авторы, түріктің *Фазыл Хүсню Дагларджа* (1914-2008) деген алып ақыны өзінің өсіп-өнген Стамбулы туралы:

*Стамбулда біз де тұрдық, күл мейілің,*

*Бүкіл дүние секілді еді Стамбул,*

*Мырзаға да, құлға да,*

*Енді анау ресторанда мен-дағы*

*Болдым десең-сенбеңіз. [5.]*, -

десе, қазақтың ақиық ақыны *Мұқағали Мақатаев* өзінің сүйікті Алматысы туралы:

*Аралап жердің жүзін шарласа да,*

*Алматым – жүрегімде әрқашанда.*

*Арылмас Алатаудан ән қашанда,*

*Аспанның жұлдызына самғасам да [6, 78-],* -

деп, өзінің ару қаласын жырға қосқан екен.

Әрине, бұл арада екі елдің ең ерекше, рухани дем беретін, көркем қаласы Алматы мен Стамбулды білмейтін жан жоқ десек те болады. Екі автор да туған қалалары туралы тебіреніспен толғаған. Алматы мен Стамбул қалаларының да ұқсас тұстары өте көп.

Сонымен қатар, қазақ және түрік ақынары өз туған жерінің тау-тасын жырлаумен қатар, өзге ел мен жердің де кереметін көре біліп, кестелі жырлармен айшықтаған.

Түріктің танымал ақыны, жазушы, драматург және қоғам қайраткері *Назым Хикмет Ран* (1902–1963):

*Сапар шектім түсіммен сол,*

*Еуразия, Африканы шарладым,*

*Америка шақырмады – бармадым.*

*Теңіз, Дала, Тау адамын сүйдім мен, сүйіп өту – арманым. [5.]*, -

деп, өзге елдерге құрметін білдіреді.

Заманауи түрік поэзиясының белді өкілдерінің бірі– *Әли АҚБАШ*:

*Сонау Алматыдан Жамбыл, Шымкентке дейін*

*Сапар шеккенім ойымда,*

*Таусылмас жолдар бойында.*

*Көз ұшында күміс ұшқындар жылтылдап ұшады,*

*Мазарлар төбесінде жарты күміс ай секілді*

*пыр-пырлап ұшады. [5.]*, -

дей келе, қазақ даласының кереметін, қалаларының қасиетін жырға қосады.

Әлем әдебиетінде әдеби байланыс, әдеби үзеңгелестік, рухани алмасулар – әбден қалыптасқан өзіндік бір заңдылық, ойып тұрып орын алған тарих. Осы әдеби байланыстың бір тамыры – қазақ және түрік ақындарының ономастикалық атауларды жыр шумақтарында сәтті қолдана білгендіктерінде де жатқандай.

Қорыта келгенде, түп тамыры бір түркі жұртының екі перзенті Қазақ пен Түрік ұлтының рухани, мәдени, әдеби байланыстың жалғасы ономастикалық атаулармен де байланысты демекпіз. Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден байқайтынымыз, екі ұлтқа да бірдей географиялық аймақ пен бірдей жер-су атауларының, бірдей тарихи оқиғалар мен наным-сенімнің ықпалы зор. Қазақ және түрік поэзиясының өзара үндестігінің, соның ішінде онамастикасының байланысының жоғарғы дәрежеде екенін мойындап, екі ел арасындағы татулық пен бірлікті одан әрі күшейтіп, әдеби және мәдени байланыстарымызды тереңірек талдап, тани түсуімізге зор мүмкіндіктер ашуымыз қажет.

#### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы / Бас редактор Нысанбаев Ә. Алматы.–1998 жыл.
2. *Қойшыбаев Е.* Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985.
3. Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе, 2014 ж.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 бет.
5. Түрік поэзиясы. Бас редакторы Жақыпов Б. Ө. – Алматы, 2012. – 400 бет.
6. Мақатаев М. Өмір – өзен. Алматы: Паритет, 2005. – 288 б.
7. [www.wikipedia.org](http://www.wikipedia.org)
8. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. 1989. – 448 б.

#### IV. ЕЛТАНУ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТИ

##### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӘРІСТЕР: ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ

Абдоллаев Н.А., тарих ғ., док., проф.  
Алпысбай Динара Мырзағалиқызы  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аннотация:** Бұл мақалада Ақтөбе облысында орын алған көші-қон үрдістерін шындық бетіне шығарып, зерделеп, әрі миграцияланудың арқасында пайда болған корей диаспорасының саяси-әлеуметтік жақтарын қарастыру.

**Түйінді сөздер:** кәріс диаспорасы, әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жапон бодандары, қайта өрлеу феномені.

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются социально-политические аспекты корейской диаспоры, возникшие в результате миграции и изучения миграционных процессов в Актубинской области.

**Ключевые слова:** корейская диаспора, социально-экономические проблемы, японские колонии, феномен возрождения.

**Annotation:** In this article, we consider the political and social aspects of the Korean diaspora, which have arisen as a result of migration and the study of migration processes in Aktobe region.

**Key words:** Korean diaspora, social and economic problems, Japanese colonies, phenomenon of extirpation.

КСРО-ның Ресей мемлекеттілігінің құрылымына ерікті түрде кіргеніне бір жарым ғасыр бойы корейлер ұлттық тарихтың барлық оқиғаларына қатысқан: жаңа отанның Қиыр Шығыстағы шөл даласының аумағының экономикалық дамуын үйрену, оның шекараларын қорғау; православиелік руханиятты, ғасырлық славян мәдениетінің дәстүрлерін түсіну; орыс тілінде білімін меңгеру; қоғамдағы орыс тіліндегі әртүрлі әлеуметтік топтардың қосылуы; қайғылы тарихи кезеңдерде елінің басқа халықтарымен бірге кешу. Әрине, прогрессивті колонизациялау қозғалысында корейлер Ресейдің алыс қиыр аймағына өтіп кеткен жалғыз адамдар емес еді. Бірақ көрші мемлекеттің қытайлықтар да, жапондықтар да полиэтникалық кеңістігіне интеграциялаудың осындай белсенді ниеті болмады [1].

Құқықтық мәртебесін алудың маңыздылығын мойындаған корейлер, ресейлік азаматтығына ауысу кезінде православтық руханиятты жаппай және саналы түрде қабылдады [2]. Қиыр Шығыста ресейліктермен бейбітшілік пен тату көршілік туралы келісімімен ресейліктермен республикалық маңызы бар жоспар: Корейлер өздерінің жаңа Отанында 50 жылдық өмір сүруін атап өту. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы халық көршілерінің тарихындағы осы маңызды оқиғалардың орындалуына жол бермеді.

Кеңестік дәуірдегі қара кезеңде зорлық-зомбылық депортацияларында корейлер өздерінің өмір сүру кеңістігін тастап кетуге мәжбүр болған халықтардың қайғылы кезеңдерін «ашты». 1937 жылы тарихта кәрістердің есімі кездейсоқ емес, ежелгі халықтық нанымдарына байланысты қорқынышты 8 бақытсыздық: су тасқыны, өрттер, соғыстар, азаматтық дау-дамай, өзендердің, ауыз су көздерін құрғауы, құрғақшылық, аяздың күшеюі.

XX ғасырдың 30-шы жылдарында елімізді толығымен қабылдаған тыңшылық әрекеттер шекаралас аудандардың тұрғындары үшін өте ауыр салдары болды. Сол уақытта басып шығарылған танымал тақырыптар неміс, жапон және басқа агенттердің қастық әрекеттері туралы болды.

1937 жылғы 21 тамыздағы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және Орталық Комитеттің ВКП (б) 1428-326 қаулысы «Қиыр Шығыстағы аумақтардың шекаралас өңірлерінде орналасқан Корей халқының шығарылуы туралы» Сталин және В.Молотовтың қол қойған актісі, бұл уақытқа байланысты табиғи құбылыстардың бірі болды. Соның ізімен-ақ Алматы мен Ташкенттің маңында тек қана кәрістерді Кеңес Одағына қоныстандыру үшін ғана емес, көшіп-қонысшылардың басқа жерлерге қашуына жол бермеу және оларды қоныс аудару жөніндегі шараларды әзірлеу туралы телефонограмма хабарламалары жедел түрде жіберілді. «Жапондықтардың кәрістермен байланыс орнату ықтимал әрекеттерін болдырмау үшін» ғаламдық аппараттар мен агенттерді күшейтуге ерекше талаптар қойылды [3]. Сол жылдың 11-ші қыркүйегінде И.Сталин Қиыр Шығыстың аумағына басшылық жасаған болатын: «Кәрістерді шығарып жіберу - өте маңызды мәселе ... Біз көшіру кестесін дәл орындауға қатаң шаралар қабылдауды ұсынамыз...Осы іске қарсылық көрсеткен адамдар олар қандай болса да, дереу қамауға алып және шамамен жазалау ...» [4].

КСРО халықтарының депортациялау проблемаларының танымал зерттеушісі Н.Ф.Бугаидың пікірімен анти-конституциялық, адамгершілікке қарсы іс-әрекеттің жаппай негіздемесінің үгіт насихаты бұл: тыңшылықтың көрінісі, кеңестік биліктің негіздерін бұзу, елдің қорғанысы және т.б. Мұндай айыптауларды дәлелдеу үшін қадағалау белсенді пайдаланылып, «сенімсіз элементтерді» анықтауға мүмкіндік берді. Тоталитарлық режим елдегі жағдайды нығайта отырып, мемлекеттің тағдыры мен оның азаматтары туралы өз идеяларына ие болды. Басқарудағы күштің бақылаусыз қолданылуы, қарсы күрес көбінесе ойдан шығарылған жаулар, ксенофобияны жоғарылатып қана қоймай, бірақ сөзсіз мемлекеттің шынайы мүдделеріне қайшы әрекеттерге әкелді. Кәрістердің және басқалардың мәжбүрлі көшіруі шекаралас аудандардан шыққан ұлт өкілдері бастапқыда бұл аудандарды «сенімсіз» деп «тазартуға» кірісті. Зорлық-зомбылықтың басталуына дейін

корейлер тұратын ауылдар арасындағы қарым-қатынас үзілді. Оларға теміржол арқылы билеттерді сатып алып, саяхатқа шығуға рұқсат етілмеді.

Бұдан басқа, Қиыр Шығыстың аумағынан Қазақстан мен Орталық Азияның аз халыққа қоныс аударатын кәрістерді қоныстандырудың экономикалық тиімділігі туралы Сталиннің пікірлері маңызды болды: бұл жерлерді игеру және елде күріш өсіру аймағын кеңейту. Бірақ, сонымен бірге, көшіп-қонысшылардың өлімге әкелетіні және өмір сүру әрекеттерінің маңызды факторларына әсер етуі туралы әңгіме болған жоқ:

- халықты негізгі санитарлық-гигиеналық жағдайға жарамсыз және медициналық көмексіз ұзын жол эшелондарына тасымалдау;

- ұзақ өмір сүруге байланысты климаттық жағдайлардың күрт өзгеруі;

- қоныс аудару орындарында қолайлы тұрғын үйдің болмауы;

- үйреншікті шаруашылықпен айналысу мүмкіндігінің болмауы;

- көлемде депортацияланған халыққа үлкен медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудағы қиындықтар;

- корей оқушылары мен студенттерін ана тілінде оқыту мүмкіндігінің болмауы.

Осыған байланысты, Кәріс халқының Орта Азия мен Қазақстанға Қиыр Шығыстағы дәстүрлі елді мекендерден мәжбүрлеп депортациялауы сенімсіз, күдікті, алдын-ала айыпталушы адамдарды жазалаудың мемлекеттік шарасы ретінде жаппай саяси қуғын-сүргін түріне жатқызылуы керек.

Халықтың қарқынды көші-қон ағымы, соның ішінде зорлық-зомбылық, елдегі соғыс алдындағы демографиялық ахуалда көрініс табуы КСРО-да тұратын халықтардың саны мен орналасуындағы жаһандық өзгерістерге ұшыратты. 1938 жылғы халық санағы қазір көптеген тарихшылар мен демографтардың арасында күдік келтіруде: бұл сталиндік геноцидтің ауқымын жасыруға мәжбүр болды. Сонымен қатар жарияланған қайтыс болғандар саны өте үлкен: әрбір мың корейден 42 адам қайтыс болды. «Қиыр Шығыс Экспресінде» қайтыс болғандар саны туралы мүлдем сөз қозғалмады. «Ұлттың әкесі», И.В.Намның болжауы бойынша 1922 жылы Қиыр Шығыс республикасы жойылғаннан кейін корейлерді депортациялау мәселесін зерттеді. Содан кейін ұлттық-мәдени ұйымдар, соның ішінде корей тілі туралы материалдар Сталиннің арнайы қалтасына түсті. [5]

Тамыз шешімі қабылданғаннан кейін 2 ай өткен соң, КСРО және КОКП Орталық Комитеті (б) ПМ комиссары Н.И. Ежов Қиыр Шығыстағы аумағындағы ЮНКВД-нің ақпарат негізінде Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы В.М. Молотовқа осы кең ауқымды саяси іс-қимылдың нәтижелері туралы баяндады: «1937 жылдың 25 қазанында Қиыр Шығыс аймағынан кәрістерді шығару аяқталды. Корейлерде небәрі 124 эшелоны шығарылды, соның ішінде 36 442 отбасы - 171 781 адам ... Өзбек ССР-не - 16272 отбасы, 76525 адам, Қазақ КСР-не 20170 отбасы - 95256 адам». [6] Егер орташа алғанда поезд тағайындалған пунктке кем дегенде 25 күн ішінде кірсе, онда «жауапты миссияны» іске асыру қарқыны таңқаларлық емес. [7]. Орынбор 1930-шы жылдардың соңында корейлерді депортациялау орны емес еді, ал Қазақ КСР-ның көрші облыстары - Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарына «еркін жүріп-тұру құқығынсыз арнайы қоныстанушылар» мәртебесін қабылдауға мәжбүр болған ондаған мың мәжбүрлі қоныс аударған адамдар орналастырылды. Заманауи ғылыми әдебиеттерде бұл терминді анықтауда бірлігі жоқ. Бір жағынан, арнайы қоныстанған бірнеше этностық топтар үшін жібере тарту саясатын жүргізді, бірақ корей халқының статусы ресми түрде «әкімшілік қуғын-сүргін» деп анықталды. Екінші жағынан, сотталмаған мемлекеттік ықпал етудің ұқсас нысандары еңбек әлеуетін күштеп мәжбүрлеп пайдалануды, НКВД-нің қатаң қадағалау жүйесін, азаматтық құқықтар ауқымына қоныс аударуға арналған шектеулер болды. Атап айтқанда, мұндай қорлайтын акт корейлерді қазіргі Қызыл Армияға шақырудан бас тартуынан болды [8]. Ақтөбе облысы кәрістерді 1 165 адам (379 шаруашылық) көлемінде қоныс аудару жоспарын бекітті. 1938 жылғы 10 ақпанда олар Қарабұтақ ауданының алты ауылында (қазір Айтеке би ауданы) - 70 шаруа қожалығына Интернационал-3, 45 - Туше-Арық, 80-і Бөгетсай ауылы, 57-Шіліктісай, 77 -Красный Октябрь, 50 -і 20 лет Октября колхозына бөлінді. 1938 жылы 26 сәуірді корейлік көшіп келушілердің «сенімсіздігі» туралы ескере отырып, Қазақстан Компартиясы Ақтөбе облыстық комитетінің бюросы облыстық прокуратура мен облыстық НКВД әкімшілігіне «тракторларды, сепкіштерді және өртеу алаңдарын өртеуде кінәлі деп танылған диверсиялар мен дұшпандық элементтерді қатаң жауапкершілікке тарту туралы шешуші шаралар қабылдау» туралы қаулы қабылданды. 1938 жылы қоныс аударылған корейлер жаппай қуғын-сүргінге, жапондық агенттермен қарым-қатынасқа, саботажға және т.б. жағдайларға байланысты жаппай репрессияға ұшырады. Ақтөбе облыстық мұрағатының мәліметтеріне сәйкес 125 адам сотталды, оның ішінде 119 (95,2%) адам өлім жазасына кесілді. Олардың ішінде Ан Сан Суним, колхоз төрағасы және тракторшы Ким Трофим, музыка пәнінің мұғалім Кан Ин Сам және қарапайым жұмысшы Ким Ен Гин, есепші Ким Алексей Яковлевич және ағаш ұстасы Ким Да Ен және тағы басқалар бар. Кейінірек олар 80-ші жылдардың аяғында және 90- жылдардың басында ақталып, қайта қалпына келтірілді. Қазақстанның билік орындары қоныс аударылған корейлерді қоныстандыру жөнінде нақты шаралар қабылдаған деп тану қажет. Осылайша, Қазақстан Компартиясы Ақтөбе облыстық комитетінің және Президиумының шешімі бойынша 1938 жылғы 25 мамырдағы жұмысшылар депутаттарының облыстық атқарушы комитеті Ярмухамедовский совхозының малынан корейлік ұжым шаруашылықтарына, жеке қоныс аударған корейлерге, ауыл шаруашылық банкінен несиені алу арқылы 4000 ірі қара малға беруді бұйырды.

Қазақстан Компартиясы Ақтөбе облыстық комитетінің 1938 жылғы 20 шілдедегі отырысында «Корейлік колхозшыларға арналған елді мекендердің құрылысы барысы туралы» Интернационал, Бөгетсай, Миялы, Красный Октябрь, 20 лет Октября жерлерді бөлуді ұйғарғанымен, олардың көпшілігі судың жетіспеушілігінен

ауыл шаруашылығында пайдалану үшін жарамсыз болып шықты. 1939 жылғы 22 сәуірде Қазақстан Компартиясы Бюросы және Атқару комитетінің Президиумы кәрістердің қоныс аударуын аяқтау мақсаттары үшін 235 жаңа нысан, оның ішінде 204 тұрғын үй, 440 орындық үш мектеп, екі акушерлік және акушерлік орталыққа Халық Комиссарларының Кеңесі миллион рубль көлемінде қаржы бөлуді мақұлдады. Сонымен қатар, Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесінің шеңберінде Қазақстан Компартиясы Ақтөбе облыстық комитетінің 1939 жылғы 14 мамырдағы Бюросы «арнайы ұлттық мектептер мен арнайы әдеттегі кеңселер бұл мектептерде жұмыс істеп жүрген буржуаздық ұлтшылдықтар балаларға қарсы буржуаздық ұлтшылдықты, антисемитизмнің әсерін тигізетін орталықтарға зиян келтіреді» деген мақсатпен 1938 жылғы 13 сәуірдегі № 353 «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» қаулысын жүзеге асыруды көздеді. Сонымен қатар, әдеттегі кеңестік мектептерде арнайы ұлттық мектептерді қайта ұйымдастыру, сондай-ақ қарапайым мектептердегі арнайы ұлттық филиалдарды жою туралы шешім қабылданды. Бұл шешім корей ұлтының балалары өздерінің ана тілін біле алмайтындығына әкелді. Тек 1953 жылы Орталық комитет хатшылығы Қазақстан Коммунистік партиясы кейбір мектептерде кәріс ұлты студенттерінің корей тілі мен әдебиетін оқып үйрену туралы шешім қабылдады (1953 жылғы 26 желтоқсандағы № 34). Сонымен қатар, Кореядағы барлық пәндер бойынша тапсырма орынсыз деп танылды (Білім министрлігінің 1958 жылғы 15 мамырдағы шешімі). 1954 жылға дейін барлық кәрістер ерекше қоныс аударушылар ретінде өмір сүріп, құжаттары болмады және елді мекеннен кете алмады. Бұл Қазақстандағы кәріс диаспорасының өмір сүруінің қиын кезеңі болып, ол қоныс аударғандардың ұрпақтары үшін Қазақстан Отанға айналды. Ал егер, 30-шы жылдардағы қорқынышты аштықтан тірі қалған қазақ халқының қолдауы мен көмегі болмаса, кәрістердің тағдыры өте қайғылы болуы мүмкін [9]. Ким Ман Сам өзінің естеліктерінде былай деп жазған: «Қазақтардың дастарханы мен жаны олардың далалары сияқты шексіз болды». Қазақстан кәрістері мұны әрдайым есіне алады. Қиындықтар корейлердің руыхын сындыра алмады. Олар тек қана аман қалмай, сонымен бірге біздің еліміздің экономикасын көтерген адамдардың қатарында болды. Н.Ә.Назарбаевтың сөздері: «Корейлер - тарихтың шаңына айналмай, олар ұлттық құндылықтарын жоғалтпай ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін сақтап қалды. Кәрістердің Қазақстанға келуімен өте тығыз жұмыс жасайтын достар тапты». Бұл жерге Ақтөбе облысының корей диаспорасына жатқызуға болады. Корейлер Ақтөбе жерінде жұмыс істемеген өнеркәсібі болмады. Олардың көпшілігі мемлекеттік наградалармен және құрметті атақтармен марапатталып, біздің өңіріміздің мақтанышы болып табылады. Олардың ішінде: құрметті Қазақ КСР энергетигі Анатолий Серафимович Чиковани, темір жол көлігінің құрметті қызметкері Ким Марс Терентьевич, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген инноваторы Ким Петр Петрович, еңбегі сіңген механик Югаи Дык Ман, қоғамдық денсаулық сақтау қызметкері Ким Ангелина Яковлевна, үздік ағартушы Ким Борис Андреевич, журналист Хан Николай Васильевич, партияның қызметкері Ан Геннадий Иванович, психологиялық неврологиялық мектеп-интернатының директоры Пан Клавдия Владимировна («Жыл адамы-2004», Ақтөбе қаласы), полковник Нью Юлиан Апполонович, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ проректоры Цхай Константин Валентинович («Жыл адамы-2006», Ақтөбе қаласы), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагерлер кеңесі төрағасы Ким Леонид Ананьевич, «РОКОС» компаниясының бас директоры Аркадий Ни және т.б.

#### **Әдебиеттер**

1. Арсеньев В. Китайцы в Уссурийском крае. М.: Изд-во «Крафт +», 2004; Ларин А.Г. Китайцы в России вчера и сегодня. Исторический очерк. М.: Муравей, 2003.
2. Петров А.И. Распространение православия среди корейцев Дальнего Востока России в 1860-1917 гг. //Православие и корейцы. М.: Издательская группа ООК, 2014. С.356-362.
3. Бугай Н.Ф. Социальная натурализация и этническая мобилизация (Опыт российских корейцев) М., 1998 С. 214-215.
4. Лубянка. Сталин и Главное управление Госбезопасности НКВД. 1937-1938. Документы. М., 2004.С. 351-352.
5. Нам И.В. Культурно-национальная автономия в России: опыт Дальневосточной республики //Трагедия великой державы: национальный вопрос и распад Советского Союза. М.: Изд-во «Социально-политическая мысль», 2005. С. 184;
6. Бугай Н.Ф. Выселение советских корейцев с Дальнего Востока //Вопросы истории. 1994. № 6. В Постановлении СНК и ЦК КП (б) Казахстана «О расселении и хозяйственном устройстве переселенцев корейцев» от 3 марта 1938 года указано 20 530 семей. См. ГААО (Государственный архив Актюбинской области). Ф. 85. Оп.1. Д.1003. Л. 30.
7. Полевые материалы автора (ПМА), 1992. Информатор Ким П.И., 1914 г.р.
8. Бердинских В.А. Спецпоселенцы: политическая ссылка народов Советской России: фотодокументы. Научный проект «Репрессированные народы». Киров: Кировская областная типография, 2003. С. 18.
9. Цхай К.В. Депортация и обустройство корейцев в Актюбинской области. - Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2014. С 83-88

## **АДАМҒА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

**Аймукатова А.Т.**

**аға оқытушы**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Анатпа.** Бұл мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі адамға байланысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық негізі салыстырмалы түрде қарастырылады. Салыстырмалы зерттеу барысында адамға байланысты



мақал-мәтелдер аудармасымен бірге мағыналары екі тілде көрсетіледі. Адамға қатысты туыс емес қос тіл мақалдары сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрып, дүниетанымына сай сөздермен жеткізіліп тұр.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются сравнительно пословицы на тему человека английского и казахского языков. Во время сравнительного исследования пословицы на тему человека даны с переводом и выявляются их значения. Пословицы на тему человека неродных языков связаны в основном с бытовой жизнью, сознанием, традициями, мировоззрением.

**Annotation.** This article discusses comparatively the proverbs of man of English and Kazakh. While investigating comparatively the proverbs of man are given with translation and contents. The proverbs of man of two languages are especially connected with everyday life, conscience, traditions, world view.

**Тірек сөздері.** Мақал-мәтел, халық, адам, манера, әдет-ғұрып.

**Ключевые слова.** Пословицы и поговорки, народ, человек, манера, традиция.

**Key words.** Proverbs and sayings, people, man, manners, traditions.

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», - деп ұлы Абай, «Адам ірілігі бір сипат емес, ішкі-тысқы сан сипат қасиетімен құралады», деп М. Әуезов айтқандай, адамның сан алуан қадір-қасиеті мақал-мәтелдерден өзіндік орын алған. Зерттеу барысында екі тілде де осы тақырып аясына жататын тұрақты тіркестердің саны жағынан әлдеқайда көптігі байқалды. Мұның сыры – адамның қоғамдағы шешуші күш екендігінде жатса керек. Ағылшын тілінде халық арасында жиі қолданылатын «Manners maketh man», «Manners make the man» (с.с.а.: Адамды адам ететін оның әдептілігі) тұлғасы ықшам, алайда мәні зор тілдік орам, орта ғасырда орын алған қағида, дәстүрлерге, заман талабына байланысты қалыптасқан. Зерттеу деректеріне қарағанда бұл мақал өз бастауын XIV ғасырдан алады. Орта ғасырларда Англияда әртүрлі сәнсалтанаттар көп өткізілетін болған. Крепостнойға бостандық беруден бастап, дворяндық атақ беруге дейін көпшіліктің арасында өтетін, осы құрметке орай үлкен салтанатты жиындар, әр түрлі рәсімдер ұйымдастырылатын. Мұның бәрі адамдардың көпшілік арасында өзін-өзі ұстай білуіне, белгілі ережелерді сақтауына алып келді. Осы кезеңдерде Англияда әдептілік (манера), өзін-өзі мәдениетті ұстау ережелері қалыптасып, бұл ережелерді ұстануға үлкен көңіл бөлінетін болды. Барлық уақытта, барлық жерде сыпайы, мәдениетті болу талап етіле бастады. Қонақты қақпадан қарсы алу, кетерінде сыпайылықпен, әдептілікпен шығарып салу, балаларды жас кезінен бастап этикаға, мәдениетті түрде жүріп-тұруға үйретуге ерекше көңіл бөлінетін болды. Жас ханымдардың асықпай, кербез жүруі, отырғанда қолдарын тізесінің үстіне қойып, тік отыруы мәдениеттіліктің негізгі шарттарының бірі саналатын. Сондай-ақ, этикет ережелерін қамтитын арнайы жинақтар шығарыла бастады (Boke of Curtasye). Тамақ ішу, сөйлеу, жүріп-тұру, көп арасында өзін-өзі ұстау т.б. этикеті қалыптасты және олардың орындалуы қатаң талап етілетін болды. Уақыт өте келе осы ұстанымдардың бірқатары жалпыхалықтық мақал-мәтелге айналып, кеңінен қолданыс тапты. Мысалы: *Manners maketh a man* (с.с.а.: Адамды адам ететін оның әдептілігі); *In chamber among ladies bright, Hold thy tongue and spend thy sight* (с.с.а.: Әсем ханымдармен бір бөлмеде отырғанда тіліңе ие бол және бақылап қарап отыр); *If thou sit by a worthier man Than thyself art one, Suffer him first to touch the meat* (с.с.а.: Егер өзіңнен салауаттырақ адаммен дастархандас болсаң, содан үлгі ал) т.б.

Оксфорд Нью колледжінің (New College, Oxford) негізін салушы William Wickham 1380 жылы *Manners maketh man* (с.с.а.: Адамды адам ететін оның әдептілігі) мақалын колледждің ұраны етіп таңдап алып, тіпті бұл сөздерді тасқа ойып жаздыртып қойған. Бұл ұранды ұстану, жақсы әдеп сақтау әрбір студенттен қатаң талап етілген. Екі жылдан соң Винчестер колледжі (Winchester Colledge) де осы ранды таңдады.

*He bears misery best who hides it most.*

*Қас бекзаттың белгісі*

*Қайғысын жұртқа білгізбес;*

*Аққу құсқа оқ тисе,*

*Қанатын суға тигізбес.*

*Ер жігітке оқ тисе,*

*Қиналғанын білдірмес.*

Ағылшын мақалы “қайғыны жасырған жақсы көтереді” десе, қазақ мақалы “адамнан қас бекзат, нағыз ер жігіт, ал құстан аққу құс қиналғанын білдірмейді,” – дейді. Қазақ – батыр, ер жігітті қадірлеген, үлгі тұтқан халық. Қазақ үшін ер жігіт екі сөйлемейтін, сөз берсе, қайтсе де соны орындайтын, еш қиындықтан қаймықпайтын, жүрек жұтқан, ер жүрек жігіт. Сонымен қатар, қазақ – киеге үлкен мән берген халық. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырымын жасау, адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі, ал тиісті жөн-жоралғының жасалмауы киенің қаһарын туғызады деп түсінген, яғни “киенің ашуы, қаһары - кесір”. Сондықтан да, шаман дініндегі халықтар дүниедегі жамандық пен жақсылықты киелі жан-жануарлар мен қасиетті заттардың қастерленбеуімен, содан барып туатын реніш, ашудың киесімен байланыстырды. Демек, тақуалық құлық, белгілі ырым-жорамалдардың мүлтіксіз орындалуы қажет, ал сол әдет-ғұрыптың орындалмауы күнә, діндарлықты бұзу болып саналып, кесір-кесапатқа душар етеді деп ұқты. Осындай киелі құстардың бірі – аққу, қазақ халқы оның киесінен қорқып атпаған, оны құстың сұлтаны деп есептеген. Мақалдағы аққу құс пен ер жігіттің қатар тілге ілініп, үлгі етілуінің төркіні осында жатыр.

Ағылшындар да аққуды киелі құс деп есептейді. Тіптен Британия аралдарында аққу корольдің қорғауына алынған. Бұл жөнінде ел арасында мынадай әңгіме бар. Көптеген жылдар бұрын ағылшын королі ұзақ сапардан еліне қайтып келе жатып, ұзақ жолдан шаршаған серілерін тынықтырып алу мақсатында Кипр аралына зәкір

=Она остановилась, чтобы поговорить с соседкой.= Как видно из анализа этих предложений, они не иллюстрируют приведенное правило, т.к. здесь присутствуют два глагола различной семантики, ибо во втором предложении глагол to stop не фазисный глагол, а глагол движения. Описание употребления фазисных глаголов такие находят отражение в учебном пособии А.Ф.Родионова [3; 103].

Автором отмечается, что на употребление герундия или инфинитива после фазисного глагола влияют структурные, семантические и стилистические факторы. Так, для того, чтобы избежать употребления сразу двух инфинитивов отдается предпочтение сочетанию "фазисный глагол + герундий": *I know where to start looking.* И наоборот, если фазисный глагол оканчивается на -ing, то последующий второй компонент может быть выражен только инфинитивом: *She had to stop, for she was starting to cry.* Автором, кроме того, дается правило, что в отрицательных повелительных предложениях наиболее часто употребляется герундий: *Now don't start laughing again.* И, как, наконец, указывает А.Ф.Родионов, за глаголами со значением "знать" и "понимать" обычно следует инфинитив: *She'd been weeping for some time and I began to understand her.*

Но анализ фактического материала показывает, что после фазисного глагола возможны варианты случаи употребления как герундия, так и инфинитива. Кроме того, ни в одном учебном пособии не уделяется внимание употреблению в качестве второго компонента существительного и совершенно игнорируется тот факт, что фазисные глаголы могут находиться в нулевой позиции.

Все вышеизложенное дает нам право сделать вывод о том, что описание употребления фазисных глаголов, имеющееся в литературе, является неполным и все случаи параллельного употребления инфинитива, герундия, существительного, а также нулевой позиции, следующих за фазисными глаголами, не раскрываются.

#### **Литературы**

1. Давыденко Л.Н. Значение фазисности в контексте. // Значение и его варьирование в тексте. Сб.науч.тр. – Волгоград: ВГПИ им. А.С.Серафимовича, 1987. – С. 71-84.
2. Каушанская В.Л., Ковнер Р.Л. и др. Грамматика английского языка. – Л.: Просвещение, 1973. – 319 с.
3. Rodionov A.F. Variants in Current English Grammar. – М.:Высшая школа, 1981. – 215 с.

## **ОРЫС АУДИТОРИЯЛАРЫНДА ҚАТЫСЫМДЫҚ БАҒЫТТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Есенова Г.С.**

**Филология магистрі**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Аннотация.** В статье рассматриваются виды упражнений и их роль в изучении казахского языка. Сегодня использования различных видов упражнений очень важно для развития коммуникативной деятельности учащиеся в обучении казахскому языку.

**Annotation.** In the article there are types of exercises and their role in learning Kazakh language. Nowadays, the usage of exercises is very important to develop pupil' activity in teaching Kazakh language.

Тілді оқыту барысында үйренушінің сөйлеу тілін қатысымдық тұрғыдан дамыту процесі олардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, пікірлесуіне мүмкіндік жасайды, пәнге деген қызығушылығын артады. Қатысымдық бағыт тілді оқытуда тілдік қарым-қатынасты сөйлесім әрекеттері арқылы жүзеге асыруды көздейді. Сөйлесім әрекетін қалыптастыруға бағытталған коммуникативтік жаттығулар жүйесі тіл үйренушінің білімі мен біліктілігін арттырады.

Мемлекеттің әлем кеңістігінде басқа елдермен тең тұрып, өркениетті ел ретінде танымал болып, халықтың әлеуметтік жағдайы, білімі мен ғылымы, өнері, мәдениеті дүниежүзі мемлекеттерімен теңесуі үшін болашақ оқу еңбегіндегі ой дербестігін оқу әрекетін жандандыра отырып, өз мамандығының ерекшеліктерін түсініп тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын, саналы ұрпақ тәрбиелеуде тілінің маңызы ерекше. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жаңа заман талаптарына сай оқыту технологиясын жетілдіру талаптары қойылып отырғаны анық. Соған орай педагог мамандар оқытудың әлемдік жетістіктеріне барлау жасап, оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеп, оқу үрдісінде тәжірибе жүзінде сынап келеді. Оқыту саласында әлемдік деңгейде танылған озат оқыту технологиялары қазіргі мектепте, жоғары оқу орындарында кеңінен қолдау тауып, жан-жақты пайдаланылып келеді.

Елбасы Н. Назарбаев: «Мемлекеттік тіл - бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан және ол елдің барша азаматтарын біріктіру тиіс», - деген болатын /1.1-2/. Демек, тілді үйрену барша Қазақстан азаматтарына талап етіледі. Бұны Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының 4- бабында былай делінген: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру- Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» /2.7-10/. Сөйтіп, тілді үйрену, оқу барша қазақстандықтардың парызы. Олай болса, орта мектептерде міндетті оқу пәні ретінде қолданылатын қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері бар. Яғни, қазақ тілін өзге тілді дәрісханаларда оқыту мәселесі ерте басталғанымен, оның қалыптасу кезеңінде түрлі жағдайларды өткені де білінеді. Бұл жылдары көптеген тіл үйрету де, қиындықтар да, жетістіктер де болды. Осы жайлар туралы ғалым-әдіскер Қ. Қадашева былай деп түйін жасайды: «Тіліміздің мемлекеттік дәреже алуымен байланысты қазір практикалық тұрғыдан да, теориялық тұрғыда да біраз нәтижелерге жеткеніміз де айтылады. Алайда, қоғамның дамуына сай бұл мәселе іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңғыртып отыру қажет екені ешбір дау туғызбайды» /3.79/. Автор бұл жерде жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесін ұсынады, анықтамасын береді де, мына төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін санамалап көрсетеді:

1. Жаңаша жаңғыртып оқытуда тіл үйренуші өзінің тілді үйренудегі әрекетінің негізін белгілей алады және оның жоғары таным уәждемесі қалыптасады;

2. Тіл үйренуші сабаққа белсенді қатысып, нәтижесіне өзі жеткен түсінігі қанат бітіреді;

3. Тіл үйренушіні өзім үйренемін деген пікірге әкелу, жеткізу, оқытушының үйренушімен қарым-қатынасынан туу керек;

4. Тіл үйренуші де тіл үйренуге құлшыныс болады;

5. Сабақта қолайлы эмоционалдық фон, әсерлік тудыру тіл үйренушіге жақсы уәждеме тудырады;

6. Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда мәселелік оқыту, проблемалық сөйлеу, жағдаяттық тапсырмаларға да орын беріледі;

7. Жаңаша жаңғыртып оқыту проблемалық оқытуды қайталау емес, ол тілді оқытуды нәтижелі шығармашылық деңгейге көтеру.

Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда тіл үйренуші өз еркімен, саналы түрде, өзіндік әрекетімен, зорлықсыз тілді өзі үйренеді. Бұндай оқыту кезінде де жаттығулар, яғни жаңаша жаңғыртып оқыту жаттығулары орындатылатынын, олардың орындалу жолы, тәртібі, орындау жылдамдығы да ескерілетінін айтады.

Ал, К.Жақсылықова қазақ тілінің жеке дидактикалық ерекшелігін ескере отырып, оны оқытудың дидактикалық негізін айқындауда мынадай мәселелерді қарастыру керектігін көрсетеді:

I. Қазақ тілін оқытудың негізгі принциптерін қарастыру;

II. Қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру критерийін қарастыру;

III. Орыс бөліміндегі қазақ тілін оқыту жағдайын және оның сапасын арттыру шараларын анықтау;

IV. Қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру процесін жүзеге асыру процедурасын белгілеу /4. 38/.

Демек, аталған шараларды жүзеге асыру барысында жаттығу жұмыстары орындалатыны айқын жай.

Ғалым Н.Құрманова сөз тіркесін оқыту әдістемесінің лингводидактикалық аспектілерін тану барысында оқыту әдістемесінің мынадай принциптеріне басшылық рөл атқаратындығын көрсетеді: белсенділік принцип; сөйлеу қызметінің негізгі түрлерінің өзара байланысын көздеу принципі; тәрбиелеп оқыту принципі; ұғындыру принципі (принцип доступности); индивидуалдық принципі; интерсивтік принцип; коммуникативтік принцип; комплекстілік пен дифференциалдылық принципі; концентрлік принципі; минималдық принципі; көрнекілік принципі; ғылымилылық принципі; меңгерудің мығымдылығы принципі; синтаксистік негізділік принципі; жүйелілік принципі; саналылық принципі /5.76-77/.

Тіл үйретуде, яғни жаттығулар орындату барысында жоғарыда сөз тіркесі туралы лингвистикалық мәліметтерді дидактикалық тұрғыдан шешудің қажеттілігі туралы айтылғандар тілдің басқа деңгейлерін оқыту кезеңінде де ескерілетіндігін атап кетеді. Демек, аталған принциптер жаттығулар орындату барысында да негізге алынады.

Аталған принциптертерді негізге алып, сабақ барысында орындалатын жаттығу жұмыстары орындалу сипатына, студенттің орындау қызметіне, орындау тәсіліне, тақырыптың қамтылуына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Осындай жаттығулар орындау, орындату барысында оқытудың дидактикалық принциптері ескеріледі. Яғни жаттығу жұмыстарының басты мақсаты – білімнің сапалы да, тиынақты берілуін қамтамасыз ету, жаттығуларды іріктеп беру.

Жаттығу іріктеу – сипаты, міндеті, дидактикалық талаптары анықталғаннан кейінгі басты мәселелердің бірі.

Қ.Сарбасова жаттығу іріктеуде мынадай талаптар ескерілуі тиіс дейді:

1. Жаттығудың өтілген тақырыпты пысықтауға, бекітуге бағытталуы;
2. Жаттығу кездейсоқ болмай, белгілі бір ретпен келуі, жүйелі ұсынылуы;
3. Жаттығу оқушының қызығуын, ынтасын арттырарлық болуы;
4. Өз беттерінше жұмыс істеуге дағыландыру;
5. Шығармашылық сипаттағы жаттығулардың (түсіну сезімі арқылы) болуы;

Ә.Исабаев: «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» атты көмекші оқу құралында қазақ тілі материалдарының өзіндік белгілері жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы дәлелденеді,- дейді.

Сондай-ақ Ә.Исабаев қазақ тілі бойынша дайын материалды талдау әдісі деген тақырып берген. Онда бұл әдіс белгілі бір тақырыпқа таңдалған дидактикалық материалдарды талдау негізінде жүзеге асырылады дей келе, мұндай жаттығулардың мәтіндері оқулықтан, жаттығулар жинағынан және көркем әдебиеттерден алынады дейді. Яғни дайын материалды талдау төмендегідей тәртіппен орындалады. Оқушылар оқулық пен класс дәптерлерін парта үстіне алып, жаңа өтілген материал бетін табады. Бұл тақырыпты екі оқушы дауыстап оқиды. Сонан соң тақырыптың ерекшеліктерін айтып түсіндіреді және анықтамасын шығарады. Дайын материалды талдау түсіндірмелі жаттығулар бойынша өткізіледі. Жаттығуды ауызша талдауға мынадай талаптар қойылады,- дейді. Олар:

- а) оқытылып отырған материалдың өзіндік белгілері көп болмауы тиіс;
- ә) тақырыптың анықтамасы сөйлем жағынан ықшам болуы қажет;
- б) орындалатын жаттығудың мақсаты күрделі болмауы қажет;
- в) жаттықтырылатын материалдан оқушылардың жалпы түсінігі болуы абзал /6.91-92/.

Өзіндік ерекшелігіне байланысты таңдалған жаттығулардың орындалу шарты ауысып отыратындығын, яғни бір жұмыс тәсілі екіншісімен өзгертілетін айта келе, тілдік материалдың түрін өзгерту әдісін іске асыруда, оның құрылымдық элементтері рөлінің ерекшелігін ескертеді.

Оларды былайша санамалап көрсетеді:

1. Жаттығуды орындаудың шарты белгіленеді;
2. Жаттығудың шарты мен мәтін берілген сөйлемдерді оқушылар дауыстап оқып шығады;
3. Жаттығуды ауызша не жазбаша орындаудың тәсілі іске асырылады /6.103/.

Ф.Оразбаева жазылым әрекеті ұғымын түсіндіруде оның әдістемелік ерекшелігіне тоқтала кете, былайша түйіндеген: «Жазылымның әдістемелік ерекшелігі- графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту. Жазылым процесін тез әрі сауатты үйренудің ұтымды тәсілдерін пайдалану» /7. 112/.

Сонымен бірге қазақ тілін сауатты үйрету үшін, оқушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлау маңыздылығын ерекше мән береді. Ондай жазба жұмыстарына мыналарды жатқызған: Жазбаша жаттығулар; Қысқа мәтіндер; Жүйелі жазба жұмыстары; Жазбаша бақылау жұмыстары; Диктанттың түрлері; Жазбаша ойындар; Іс қағаздарының үлгілері.

Сабақта үйретілген жаңа сөздерді оқушылар/студенттер ұмытып қалмау үшін және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақта жаңадан өткен материалды бекіту кезінде жаттығудың әртүрлі әдістері қолданылады, соларға мыналарды жатқызуға болады: Жеке сөздердің дұрыс оқылу үлгісін күні бұрын магнитофон лентасына жазып, қайта-қайта тыңдату; жеке оқушыларға оқыту; хормен қайталап оқыту; жаңа сөздерді контексте оқыту, сөйлеу, әңгімелесу дағдыларын қалыптастыру; жаңа сөздерді қатыстырып сурет бойынша сөйлем, сөйлемдерден қысқаша әңгіме құрастыру; сол жаңа сөздердің атын білдіретін сурет, аппликация, модель немесе заттардың өзін көрсетіп, аттарын атау; карточка бойынша оқушылардың өздігінен жұмыс істету, т.с.с.

Жалпы жаттығу жұмыстарын орындатып, тілдік немесе грамматикалық тақырыптарды үйретуде оқытушы мен үйренушінің ескеретін жұмыс түрлері көптеп саналады. Қазақ тіліне байланысты таңдалған материалдардың көлемі мен жүйесіне қарай білім беруде, жаттығулар орындатуда оқытушы білім беру әдістерінің ең құнды, ең тиімді түрлерін пайдалануға тырысады. Сондықтан қазақ тілінен теориялық білім беруде, соның ішінде жаттығулар орындату барысында оқытушылар дидактикалық принциптер мен әдістемелік заңдылықтарды басшылыққа алады. Тіл үйренушілерге қазақ тілінен тиянақты білім беруде, жаттығулар жұмысын жүргізу барысында сүйенілетін жалпы дидактикалық принциптер мыналар: ғылыми принцип, жүйелі принцип, саналылық пен белсенділік принципі, теорияны практикамен байланыстыру принципі және жеке студенттердің психикалық ерекшеліктерін ескеру принципі және т.б.

Сондай-ақ жаттығу іріктеу мен оны орындату тәсілдерін белгілеуде мынадай дидактикалық талаптар ескерілуі тиіс:

- 1) берілген жаттығу оқушылардың белсенді жұмыс істеуіне мүмкіндік жасауы;
- 2) жаттығу үйренуші (оқушы не студент) шама-шарқына лайықты ескерілуі керек;
- 3) көру және есту қаншалықты қатыстырылуы ескерілуі.

Тілдік мәлімет беру, жаттығулар орындату кезінде оқытушы аталған принциптерді бір-бірімен шебер қиюластырып, ұштастыра білуі тиіс.

Жаттығулар орындау барысында жұмыс кешенді түрде жүргізіледі. Жаттығуды орындауда тілдік қатынасқа байланысты іске асатын әрекеттер (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) кешенді түрде жүргізіледі, яғни жүзеге асырылады.

Ғалымдар пікірін саралай, талдай келе тілді үйретуде жаттығулар атқаратын қызметі ерекше екендігі айқын көрінеді. Профессор Н. Оралбаеваның «Жаттығулар жеңілден басталып, бірте-бірте күрделенуі тиіс», - деген пікірімен салмақтай келе, тіл үйренуде, дидактикалық принциптері ескерілген жаттығуларды орындату - тиянақты білім берудің алғы шарты.

#### **Әдебиеттер**

1. «Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық» Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінен. Егемен Қазақстан, 25 қазан 2006. №260-263 (25516).
2. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы. Алматы, 1997, 11 шілде.
3. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Мұрагер, 2005.- 176 б.
4. Жақсылықова К. Қазақ тілін сапалы оқытудың кейбір лингвистикалық аспектілері // жинақта. Алматы, 1997.
5. Құрманова Н. Қазақ тілін сапалы оқытудың кейбір лингвистикалық аспектілері // жинақта. Алматы, 1997.
6. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері (Көмекші оқу құралы).- Алматы: Қазақ университеті, 1993.- 60 б.
7. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. Алматы, 2005.

## **МӘДЕНИЕТТІ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ РЕАЛИЯ АУДАРМАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Жетесова Жанар Алмасқызы**

**Педагогика және психология магистрі**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**

**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Берілген мақалада мәдениетті жаңғыртуда өзіндік орны бар реалиялар мен оларды аудару мәселелері қарастырылған.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается вопрос о реалии, который имеет значительную роль в модернизации культуры и проблемы их перевода.

**Annotation.** This article is about realia, which has a significant role in the modernization of culture and the problems of their translation.

**Тірек сөздер.** Реалия, мәдениет, транскрипция, лексика калька жасау.

**Ключевые слова.** Реалия, культура, транскрипция, лексика, калькирование.

**Key words.** Realia, culture, transcription, lexis, loan translation.

Қазіргі қазақ қоғамындағы ерекше маңызды сипатқа ие болған ұлттық мүдделі мақсаттың бірі халық рухын, оның өзегі – мәдениетті жаңғырту. Мәдениеттің таңбалық негізі тіл арқылы көрінеді. Себебі, тіл тек коммуникативтік құрал ғана емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Халықтың экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өміріне, адамдардың өндірістік қызметіне байланысты туған өзгерістердің барлығы ең алдымен сөздік құрамға әсерін тигізеді. Қоғамның тарихи дамуында болған барлық үрдіс лексикада өзінің ізін қалдырып отырады. Көптеген заттар мен құбылыстар, ұғымдар мен түсініктер өте көне замандардан белгілі, ал оларды білдіретін сөздер күні бүгінге дейін үнемі қолданылып келеді. Керісінше, бірқатар заттар мен құбылыстардың, ұғымдардың ескіріп, өмірден кетуіне байланысты оларды білдіретін сөздер көнеріп сирек қолданылады. Сонымен бірге, сөздік құрам жаңа сөздердің есебінен де толығып отырады. Бірақ, жаңа туған сөздер бірден кең тарап, жаппай қолданысқа түсе бермейді. Бір халықтың ұлттық мәдениетіне сәйкес сипаттарды, айырымдарды атайтын сөздерді аудару аудармашының лингвотникалық құзіретінің жан-жақты болуын талап етеді.

Осы ретте, Г.Д.Томахин «нақыш» (лат. Color – түс) сөзі өнертанудан әдебиеттану терминологиясына енген және «белгілі бір нәрсенің өзіндік ерекшеліктері, ерекшеліктер жиынтығы» деген мағыналарға ие болады дейді [1, 5]. Реалияларды зерттеу тақырыбы ретінде қарастырған ғалымдардың қатарынан В.С.Виноградов, Г.Д.Томахин, А.А.Реформатский, А.Д.Швейцер, И.Левый, С.Влахов, С.Флорин және тағы басқаларды көре аламыз. «Реалия» сөзі – латын тілінен алынған, «заттық», «нақты» деген мағынаны білдіреді. Филологияда реалияны екі жақты ұғынады: 1) белгілі бір халықтың тарихы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігіне қатысты зат, түсінік, құбылыс, 2) осы зат, түсінік, құбылысты білдіретін сөз ретінде, сонымен бірге осы сөздерден тұратын сөз тіркестері [2, 68].

Аударматанудың теориялық және практикалық мәселелері талданатын еңбектердің барлығында да екінші тілде мағыналық – ұғымдық көлемі жағынан сәйкес келмейтін, сол себепті аударылуы қиындық келтіретін, болмаса тәржімалағанда суреттеу, түсіндіру, жақын-жуық етіп аударуды қажет ететін сөздер тобы баламасыз лексика деген терминмен белгіленеді. Баламасыз лексика – халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын атаулар, реалиялар. Ғалымдардың көрсетуінше, баламасыз лексика дегеніміз – белгілі бір мәдениет пен тілде жоқ түсініктерді атауда қолданылатын сөздер. Зерттеуші А. Федоров баламасыз лексиканың қатарына ғылыми-техникалық терминдерді де жатқызады [3, 206].

Баламасыз лексика – көркем шығарманың тақырыбына, мазмұнына байланысты бір халықтың мәдени-тұрмыстық тіршілігіндегі ұғымдар мен түсініктердің, заттардың атаулары, адамдардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастар мен діни, саяси көзқарастарға қатысты терминдер, стандартты қалыптар. Мұндай лексикалық бірліктер, сөздер мен сөз тіркестері сөздіктерге тіркелмейді, тіркелген жағдайда да суреттеу, жақын-жуық аудару амалымен жүзеге асырылады. Лексикографиялық рәсімделмегендігі өзге тілдегі мәдени-ұлттық ерекшеліктерге тән атауларды аудару мүмкін емес деген пікір тудырмайды, дәл, тұрақты лексикалық сәйкестігі көрсетілмегенімен де, аударма мәтіндерге жүргізілген талдау көркем әдебиеттегі реалий атауларын эстетикалық қызметке ұқсас келтірмейтіндей дәрежеде қазақшалауға болатынын дәлелдейді.

Баламасыз лексика қатарына күнделікті тұрмыс – тіршіліктегі реалиялармен қоса, мемлекеттік – саяси құрылым, халықтың өндірістік және мәдени өмірінің түрлі салаларына қатысты атауларды алып қарастырар болсақ, әрбір халықтың реалияларының саны көп екендігін аңғаруға болады. Мәдениет пен тілдерді салыстырғанда, реалиялардың өзіндік ерекшеліктері төмендегідей болады:

1. Реалия тек бір тілдік ұжымға ғана тиесілі, келесіде жоқ болады (Amer. Drug store, Yellow Pages);
2. Реалия екі тілдік ұжымда да бар болғанымен, бір тілде арнайы етіп белгіленбейді (Amer. Clover leaf – қазақ тілінде: клевер жапырағы іспеттес жол торабы);
3. Әртүрлі қоғамда түрлі реалиялар ұқсас қызметтер атқарады (Amer. Hot dog – қазақша: тоқаш, soda foundation – қазақша: балмұздақ кафесі);
4. Ұқсас реалиялардың қызметтері әртүрлі болады. Мәселен, cuckoo's call, яғни «көкектің көкілдегені» халықтың ұғымында түрлі қызмет атқарады. Ағылшындардың түсінігінде, қыз баланың күйеуге шығуына қанша уақыт қалғандығын білдірсе, қазақтардың ұғымында орыс халқының әсерінің негізінде өмір сүрудің қанша уақытқа созылатындығын анықтау мағынасында ұғынылады.
5. Тілдің басқа сөздерімен салыстырғанда реалиялардың өзіндік ерекшелігі заттық мазмұнының сипаты болып табылады, яғни реалиямен беріліп отырған заттың, түсініктің, құбылыстың халықпен байланысымен бірге, уақыттың тарихи бөлігімен байланыстылығында. Осыған орай, реалиялар ұлттық және тарихи нақышқа ие болады. Ұлттық нақыштағы реалияларға мысал ретінде жергілікті жердің көрікті жерлер атауларын жатқызуға болады. Мәселен, Cabildo – Кабильдо (Жаңа Орлеандағы испан генерал-губернаторының бұрынғы резиденциясы), Alcatraz – Алькатраз (Сан-Франциско маңындағы аралда орналасқан түрме атауы). Ол замандар бойында ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады да, осының нәтижесінде негізгі сөздік қорды әр ұрпақтың өкілдерінің пайдалана отырып, қатынас жасауына мүмкіндік туады [4, 6].

Көркем әдебиеттегі реалия атауларының бір тобының контекстке ұлттық-мәдени ұғымды атаумен қатар, айрықша стильдік қызметі қанықты болады. Мәтінді аудару барысында реалияның ұғымдық көлемінен гөрі, стильдік реңкінің басымдылығын, стильдік қызметін даралап көрсету міндеті туады. Транслитерацияланған, транскрипцияланған сөз бейтарап стильдік реңкті, ұғымды жалпы атайды. Сондықтан, стильдік реңкте бояуды көрсету үшін транслитерациялау, транскрипциялау, суреттеп, түсіндіруден гөрі мағынасы жуық түсетін, стильдік бояуы бар сәйкестікті іздестіру қажет.

Реалияларды аударудың бірнеше тәсілдері бар:

1. Транслитерация (графемалар деңгейінде аударма жасау: Lincoln – Линкольн) және транскрипция (фонемалар деңгейінде аударма жасау: драг-стор, брейн-дрейн);
2. Калька жасау;
3. Суреттеме аударма (сogoner – зорлық өліммен өлгендердің өлімін тергеуші);
4. Жуықтама, баламалық аударма (drugstore - дәріхана);
5. Трансформациялық аударма тәсілі [5, 75].

T. Нүсіпбайдың «Kazakh traditions and ways» кітабында салт-дәстүр туралы жалпы мағлұмат ағылшын тілінде беріледі. Аудармашы – Б. Ақшалава. Кітаптағы мәтіндерді саралай отырып, оларда кездесетін реалияларды, аударылу ерекшеліктері мен тәсілдерін қарастыралық.

Қазақ халқының бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлері көп. Соның бірі – ұзақ күткен бала табу барысында тойланатын «Жарыс Қазан» тойы.

Zharys Kasan is a celebration in behalf of a long-expected and desired baby. Children have always been highly prized by the Kazakhs. Kazakhs have always been known as a very generous people. For example, when an expected guest came to the house, the host would often butcher the only horse he owned in honor of the visitor. The same practice might be followed if the household was blessed with a child.

Zharys Kasan was a celebration in honor of a pregnant woman in the hopes that her delivery would be successful. When a young woman began her labor, neighboring women would stretch a black and white lasso for the woman to hang upon. All nearby women would help as they could in the delivery process. They would also do their best to ease the pain of the expectant mother. They might also set a juniper branch on fire to drive any evil away. They would also implore the god of motherhood, Bebatima, to be present. Women outside of the yurt would also circle around the structure with pestles to express their sympathy and solidarity for the woman in labor.

Other women would be busy cooking. The mother-in-law would be especially happy on that day, and she would open her special trunk where she had saved special meats and other foods. A Kasan is a large cast-iron pot. During Zharys Kasan, many pots (or Kasan) would be set up in a row, fired, and filled with boiling meat to celebrate the new birth. They would then be called Kasans of “sincere good wishes”. A gift, or Suinshi, would be given by the happy father to the initial bearer of the good news that a son or daughter had been born. If a son had been born, the bearer of good news would say “Zhilkishi”, which means “horseman”. If a daughter was born, “Kestegoi”, a term describing needlework, would be announced.

During the feast, suinshi are also requested from both the mother –in-law and father-in-law of the new mother. If they did not respond quickly, the gift-seeker could snatch the head-dress off of their heads: but nobody would get offended. The woman selected by the family to become the new baby’s Godmother would bring “Kalja”, a special fat meat for the new mother who usually hadn’t eaten for a long period. The Godmother’s Kasan would also be boiling, and she would bear responsibility for the impending “shildekhana”, or the celebration of a new baby. In their turn, parents of the new baby gave presents to the Godmother. Later in life the baby would be expected to respect his or her Godmother as he/she would his parents. The Godmother would invite the new mother and her baby to her house to be a guest and would dress the child in his or her first clothes, the “Itkoilek” after forty days. The “Itkoilek” was made from soft cloth, and the hem was tucked, signifying the wish of long life for the baby [6, 4].

Мәтіннен Zharys Kasan – Жарыс қазан, Bebatima – Бибәтима, yurt – киіз үй, Kasan – қазан, Suinshi – сүйінші, Zhilkishi – жылқышы, Kestegoi – Кестегөй, Kalja – қалжа, shildekhana – шілдеhana, Itkoilek – иткөйлек сынды реалиялар іріктелініп алынды. Бұл реалиялардың барлығы дерлік транскрипция тәсілімен аударылған. Дегенмен, yurt сөзі орыс тіліндегі юрта – yurta сөзімен берілген. Қазақ халқының реалиясы бола отырып, киіз үй сөзі кеңес дәуірінде юрта деп аударылып, осылайша сөздікке енгендіктен аудармашы мәтінде бұл сөзді жалпыға таныс сөзбен аударған. Сонымен бірге, аудармашы әрбір реалияны түсіндірме тәсілімен жеткізген. Мәселен, the god of motherhood, Bebatima – Бибатима аналарды қорғаушы құдай; “Kalja”, a special fat meat for the new mother who usually hadn’t eaten for a long period – қалжа, бірнеше уақыт бойы тамақ ішпеген жаңа босанған әйелге берілетін семіз ет; “shildekhana” or the celebration of a new baby – шілдеhana немесе жаңа туылған балаға арналған той.

Өзге тілден қазақ тіліне аударма жасау – ұзақ мерзім бойында жүргізіліп келген, дәстүрлі әдіс-тәсілдері, аударудың бағыт-бағдарлары қалыптасқан байырғы үрдіс. Ал соңғы кезеңде, керісінше, қазақ тілінен өзге сан алуан тілдерге – еуропалық және шығыс тілдеріне аудару ісі – тіларалық коммуникацияның, халықтар мәдениеті байланыстарының жаңа бетбұрысы болып отыр. Қазақ тіліндегі классикалық шығармаларды, шешендік сөздерді, макал-мәтелдерді, ресми мәтіндерді, публицистикалық стиль үлгілерін ағылшын, француз, неміс, араб, түрік, парсы, қытай тілдеріне дәнекер тілдің көмегімен, тікелей аударудың тәжірибесі байқалуда. Лексико-грамматикалық құрылымы қазақ тілінің жалғамалылық сипатынан, сөздік құрамынан басқа тілдерге аудару ісінің тәжірибесін жоғары деңгейде қалыптастырудағы орыс тілінен қазақшаланған бай аударма қорының тіліне қатысты тұжырымдар, ұсыныстар айту, байырғы тәжірибені теориялық тұрғыдан қорыту елеулі үлес қосады. Бұл тұрғыда, әсіресе, ұлттық-мәдени нышаны бар, төл, ұлттық мәдениеттің белгілері сақталған және жинақталған тілдік бірліктерді салыстыру маңызды.

Қорыта келгенде, реалиялар белгілі бір тілдің лексикалық жүйесінің өзіндік ерекшелікке ие және күрделі категориясы болып табылады. Баламасы жоқ сөздердің маңызды тобы ретінде реалиялар елтанушылық ақпараттар «иесі» және «сақтаушысы» ретінде жүреді. Осы арқылы олардың көркем аудармадағы маңызды рөлі айқындалады. Реалияларды аудару аудармашыға біршама қиындықтар тудырады. Себебі, олар аудармашының игерген білімінің бір бөлігі болып табылады. Белгілі бір халықтың ұлттық мәдениетіне сәйкес сипаттарды,

айырымдарды атайтын сөздерді – реалияларды аудару аудармашының лингвоэтикалық күзіретінің жан-жақты болуын талап етеді.

#### Әдебиеттер

1. Г.Д.Томахин «Реалии-американизмы», М.: Высшая школа, 1988. – 239 с.
2. А. А.Реформатский «Введение в языкознание», Москва, 1967. – 380 с.
3. А.В.Федоров «Основы общей теории перевода», СПб.: Филология три, 2002. – 416 с.
4. А.Алдашева «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер», Алматы, 1998. – 270 б.
5. Е.В.Бреус «Основы теории и практики перевода с английского языка на русский», Москва, 2001. – 103 с.
6. Т.Nusipbai “Kazakh traditions and ways”, Almaty: Dyke-Press, 2002. – 128 p.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Жетписбаева Орынша Багиевна**  
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік**  
**мемлекеттік университеті**  
**Ақтөбе қ., Қазақстан**

**Андатпа:** Мақалада студенттердің тілін дамыту мәселелері қарастырылған. Сөз – тілдің ерекше бірлігі. Тілді игертуге арналған тапсырмалар студенттің белсенді ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

**Аннотация:** В статье рассматриваются вопросы развития речи студентов. Слово-особая единица языка. Задания по развитию речи способствуют активизации мыслительной деятельности студентов.

**Annotation:** The article deals with the development of students' speech. Word is a specific language unit. Speech development tasks contribute to the students' mental activity.

**Кілт сөздер:** сөйлеу дағдылары, тілдік қатынас, сөздік қор, тілдесім, жаттығулар, шығармашылық белсенділік, ақпарат, жетілдіру

**Ключевые слова:** навыки речи, речевая деятельность, словарный запас, коммуникация, упражнение, творческая активность, информация, совершенствовать.

**Key words:** speech skills, speech activity, vocabulary, communication, task, creative activity, information, to improve.

Жоғары білімді жетілдіру мәселелері соңғы жылдары педагогикалық зерттеулердің жалпы бағытында ерекше орын алып отыр. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қалыптастыру – заман талабы. Тіл дамыту жұмыстары – студенттердің қатысымдық қызметін ұйымдастырудың басты бөлігі болып саналатыны сөзсіз. Қазақ тілі сабақтарында студенттердің тілін дамыту, сөздік қорын толықтыру – пәннің алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі екені белгілі. Тіл дамыту барысында шығармашылық тапсырмалар орындату жұмыстары тілдің барлық жақтарын қамтиды және төмендегідей шығармашылық жаттығулар орындалады: мәтінді оқып шығу, негізгі ойын анықтау, сұрақтар құрастыру, ситуациялық жағдайлар бойынша ой бөлісу, тақырып бойынша қосымша ақпарат жинау, мәтін бойынша ойды сурет немесе мимика, жест арқылы жеткізу, берілген тірек сөздер арқылы кейіпкерді суреттеу, диалог құрастыру, келісу, қостау, полемикалық диалог үлгілерін беру, шағын әңгіме, шығарма, өлең, жұмбақ, құрау, шығарма жазу, оқылған мәтінге жоспар құру, конспект жазу, реферат дайындау, сөйлемдерге сөзжұмбақ, ребус немесе сканворд құрастыру және т.б.

«Оқушының сөйлеу дағдылары – сөзді ауызекі сөйлеуден немесе жазу жұмысында орнымен қолдана алатындай дағдылар жүйесінен, сұраққа қысқа да, толық та жауап құрастыруынан, оқыған немесе көрген жайларын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағдысынан, шығарма жазу, жоспар, конспект, реферат жазу дағдыларынан құралады» [1]. Қай тілде болмасын сөйлеу үшін әуелі айтылған ойға қатысты сөздерді білу керек, содан кейін сөздердің тілдік грамматикалық жүйесі бойынша қолдану заңдылығын білу қажет. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің алға қойған басты міндеттердің бірі – студенттердің жалпы сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын, ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту болып табылатыны белгілі.

«Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістерінің бірі – әдістемелік жағынан ойластырылған, сипаты, түрі, мақсаты, орындалу тәртібі жағынан алуан түрлі жаттығулар жүйесі. Қазақ тілі бойынша жаттығу деп грамматиканың теориялық курсынан алған білімін бекіту мақсатымен немесе сөйлеу, мәнерлеп оқу, дұрыс жазу дағдыларын меңгеру мақсатымен оқушының белгілі бір түрдегі оқу тапсырмасын орындалуын айтады. Қазақ тілінен жаттығуды орындағанда оқушылар тілге белсенді байқау жүргізеді, тілдік фактілерге талдау жасайды, сөйтіп, өз шамасында қорытындылайды, жинақтайды. Бұл амалдардың бәрі арнаулы таңдап алынған, екшеліп сұрыпталған материалға жүргізіледі» [2]. Оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрі, яғни оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым бір-бірімен тығыз байланыста болатынын, сонымен қатар әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екенін білеміз. Жаңа педагогикалық технология студенттердің сабақ барысында лексикасын дамытуға тікелей әсер етеді. Жаңа сөздер мен терминдерді игертудің басты міндеттерінің бірі – студенттердің алған білімдері негізінде өз бетінше ізденуге бейімдеу, берілген тапсырмаларды жүйелі түрде орындау. «Тіл – адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін, сөйлесуін қамтамасыз ете келіп, тілде қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Тілдік қатынас – тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу, яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді» [3]. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, әдет-ғұрыптарымен, өмір сүру салтымен, жанашылдығымен қатар қалыптасып, дамып келеді.



Сонымен қатар, жаңа сөздердің пайда болуы технологиялардың дамуымен байланысты. Тіл ұстартуға байланысты жұмыс түрлері қазіргі қазақ әдеби тіл нормасымен дұрыс сөйлеп, дұрыс жазу дағдыларын жетілдіруді көздейді. Оқушының тілі әр түрлі жағдайларға байланысты үздіксіз дамып, жетіліп отырады. Қазақ тілі лексикасын меңгерудің маңыздылығы – әрбір лексикалық категорияны түсіндіру арқылы лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны қатар қойып салыстыру болып табылады, яғни лексикалық мағынаны ашуға көмектесумен бірге, студенттердің грамматикалық ұғымдарды дұрыс айырып, сөздердің қолданылу аясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Тіл ұстарту тапсырмаларының басты түрлерінің бірі болып сабақ барысында жүргізілетін сөздік жұмысы. Оқылатын мәтін бойынша жаңа сөздің мағынасын түсіндіру, аудару, айтылу, жазылу нормасын меңгерту әр практикалық сабақта жоспарланып отырады. Қазақ тілі – тілінің сапасы мен мағыналық маңызы жағынан үлкен дәрежеде дамыған тілдердің қатарында екені сөзсіз. Ал, қазақ тілін өзге тілді аудиторияда игерту кезінде сөздің мағынасына айырықша көңіл бөлу қажет. Студенттің тілін ұстарту, лексикалық қорын байыту – жүйелі процесс. Сабақ барысында сөздік жұмысын ұйымдастыру аса маңызды, өйткені сөздіктерді пайдалануға үйрету, жаттықтыру тіл үйренушінің сөздік қорын байытуға ықпал етеді. Әдіскер А.Айғабылов лексиканы оқушының маңызы туралы: «Тіліміздегі сөздің қай-қайсысы да өзімізді қоршаған объективті шындықтың тіліміздегі нақтылы сәулесі болып есептеледі. Егер бір зат туралы ойлайтын болсақ, оның сөз түрінде белгілер жиынтығы еске түседі. Сондықтан да осы заттар туралы ұғымның сәулеленуі, атауы болып келеді. Қандай ұғым болсын сөз немесе сөз тіркесі арқылы беріледі. Сөз – қоғамдық құбылыс. Ол қашан да қоғамдасқан, бірлесіп еңбек ететін, тіршілік-тынысы бір-бірінен үздіксіз қатынаста болатын адамдардың қажетін өтей жүріп, бір халыққа түгел түсінікті, ортақ күйде ғана өмір сүреді», - дейді [4,4]. Сөйлеу барысында лексикалық қор маңыздылығы жөнінде айтсақ, лексиканы игертудің ерекшеліктерін лингводидактикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеу қажет екенін түсінеміз. Студенттердің қазақша сөйлеу мәдениеті дұрыс қалыптастырылуында, сөйлеу тілінің жүйелі дамуында, қазақ тілінің ойлау жүйесіне тигізетін ықпалын бағалай білуде, қазақ тілінің лексикасын толық меңгерудің алатын орны ерекше.

Белгілі ғалым И.А.Зимняя тілдің атқаратын қызметіне мынадай анықтама береді: «Речевая деятельность – процесс активного, целенаправленного, опосредованного языком и обуславливаемого ситуацией взаимодействия людей между собой» [5,78]. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын аудиторияларда лексикалық ұғымдардың мағынасын толық түсіндіруге ерекше көңіл бөлу қажет. сабақ барысында сөздің тура, ауыспалы, контекстік мағыналары, омоним, синоним, антоним, көп мағыналығы т.б. туралы ұғымдар қалыптастыру барысында сөздік қорын толықтырып, содан кейін ғана игерілген сөздерді синтаксистік құрылымдарға енгізудің түрлі жолдарын меңгерту мүмкін болады. Бір сөздің бірнеше мағына бере алатындығы, омонимдігі т.б. қасиеттерін таныту арқылы аз сөздің көп қызметін танытуға болады. Соның нәтижесінде бірнеше сөздің қолданылу аясы анықталып, түрлі ситуациялардағы сөздің қолданыс аясы ашыла түседі.

Сөйлемде сөздің лексикалық мағынасы тура да, ауыспалы да, синтаксистік қызметіне байланысты да болып келуі мүмкін. Сөз – тілдің ерекше бірлігі. Сөзде бірнеше мағына болады Тіл дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру – студенттердің белсенді ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Тілдің сөздік құрамындағы басты нәрсе негізгі сөздік қор. Қазақ тілі лексикасын меңгерту барысында студенттің тілін ұстарту, ойлауын жетілдіруде оқытушы әңгіме, мәтін, диалог, тапсырма, жаттығуларда кездесетін жаңа сөздің мағынасын, аудармасын, қолдану ерекшеліктерін түсіндіру қажет. Ондай сөздер ғылым мен техника салаларындағы нақты құбылыстарды, заттарды, фактілерді атайтын, дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздер, оның ішінде қоғамдық-саяси лексика болуы мүмкін, басқа тілден енген сөздер, неологизмдер, қолданылудан шығып қалған сөздер, тарихи сөздер, архаизм, историзмдер, көркем шығармаларда кездесетін диалектизмдер мен қарапайым сөздер жиі кездеседі. Тілдің негізгі-сөздік қор. Үнемі толықтыру нәтижесінде тілдің сөздік құрамы молая береді, өйткені ескіріп, қолданыстан шығып қалатын сөздің саны көп болады. Солай бола тұрса да тілдің сөздік қоры бүкіл мағынасымен сақталады және тілдің сөздің құрамының негізі ретінде қолданылады. Тілдің сөздік құраммен тілдегі сөздің бәрі де жатады.

Сөздікпен жұмыс жасай білу – студенттің өз бетінше білім алуына толық мүмкіндік береді, өзіне қажетті сөздің мағынасын анықтап, дағдыларын қалыптастырады. Қазақ тілі сабағында студенттерге қойылатын талап – байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ал байланыстырып сөйлеу дегеніміз – студенттердің бұрын қабылдаған алуан түрлі сөйлеу шеберлігі мен дағдыларының, соның ішінде орфографиялық және пунктуациялық жағынан дұрыс, интонация жағынан әсерлі, тартымды тұрғыда іскерліктер мен дағдылардың жинақталған түрде қолданылған айту формасы. Сөйлеудің бейнелі, көрікті, сезімге әсерлі және логикалық байланыстырып айту мен жазуға бірдей қатысты. Бұл процесс сөздік жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Практикалық сабақтарда жана тақырыпты өту кезінде студенттерді сөздікпен жұмыс істей білуге бейімдеу қажет. Сөздердің шығу тарихын, сөз мағыналарын сөздіктерді қолдана отырып игерту студенттердің сабаққа деген ынтасын арттырады. Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының құралы болса, адамдар тіл арқылы қарым-қатынас жасау үшін алдымен сөзді, сонан соң сөздерді қалай қолдануды білуі шарт. Тіл сабақтарында сөздікпен жұмыс жасау дегеніміз бір сөздің немесе терминнің мағынасын түсіну ғана емес, сонымен қатар сол ұғымның айтылу, жазылу нормасын да айқындап, өз бетінше сөйлемде қолдануға дағдыларындыру болып табылады. Сөздікті пайдалана отырып, қажетті ақпарат ала білу – студенттің сөздік қорын байытудағы негізгі әдіс-тәсіл. Сөздікпен жұмыс тіл үйренушінің ойлау қабілетін, тілін дамытуға көп септігін тигізетіні бізге мәлім.

Тіл дамыту мен ұстарту барысында жаңа сөздермен, терминдермен жұмыс жасау үшін студент берілген тапсырманы орындауға дайын болу керек, өз бетінше сөздік қорын жетілдіруге жан-жақты әрекет жасауы тиіс, өзіндік жеке даму деңгейін көтеруге ұмтылуы қажет. Берілген тапсырмалар мен жаттығуларды толық

орындап болған кезде ғана жұмыстың нәтижесін көруге болады. Студенттердің танымдық жан-жақты жетілдіруде лексикалық қорды толықтырудың маңызы ерекше. Студентке тілді толық меңгеру үшін өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жүйелі қалыптастыру қажет. Өз бетімен жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы студенттің білік, дағдылары қалыптасады, тілге деген сүйіспеншілігі, қызығушылығы, құрметі артады және жан-жақты ойлау, шығармашылық қабілеті дамиды, қосымша ақпаратпен жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

#### **Әдебиеттер**

- 1.Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Алматы, 1995.-120 бет
- 2.А.Әбілқаев, З.Бейсенбайқызы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, 2009.
3. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы:2005
4. Айғабылова А.Қазақ тілінің лексикологиясы.-Алматы, 2007.-66 б.
- 5.Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке.-М.Просвещение, 1978.

## **РЕАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТА «ТРУД» В НЕМЕЦКИХ ПОСЛОВИЦАХ**

**Кушкарлова Г.**

**канд.филол.наук, доцент**

**Актюбинский региональный государственный**

**университет имени К.Жубанова**

**г. Ақтобе, Казахстан**

**Андатпа.** Мақала неміс мақал-мәтелдеріндегі "еңбек" тұжырымдамасының сипаттамасына арналған. Концепт-тілдік және мәдени білімі бар менталдық бірлік және әлем суретін сипаттау бірлігі болып табылады. Тіл мәдениеттің айнасы болып табылады, тек нақты әлемді, адам өмірінің нақты жағдайларын ғана емес, халықтың қоғамдық сана-сезімін, оның ділін, ұлттық сипатын, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, құндылықтар жүйесін, әлемнің пайымын бейнелейді. Кез келген халықтың фразеологиясы осы тілде сөйлейтін ұлттың тарихымен, мәдениетімен, дәстүрлерімен және әдебиетімен тығыз байланысты.

**Аннотация.** Статья посвящена описанию концепта «труд» в немецких пословицах. Концепт – ментальная единица, содержащая языковые и культурные знания, и является единицей описания картины мира. Язык является зеркалом культуры, отражает не только реальный мир, реальные условия жизни человека, но и общественное самосознание народа, его менталитет, национальный характер, традиции, обычаи, систему ценностей, видение мира. Фразеология любого народа неразрывно связана с историей, культурой, традициями и литературой нации, говорящей на данном языке.

**Annotation.** The article describes the concept of "work" in German Proverbs. The concept is a mental unit containing linguistic and cultural knowledge, and is a unit of description of the picture of the world. Language is a mirror of culture, reflects not only the real world, the real conditions of human life, but also the social consciousness of the people, their mentality, national character, traditions, customs, system of values, vision of the world. The phraseology of any nation is inextricably linked with the history, culture, traditions and literature of the nation speaking that language.

**Тірек сөздер:** концепт, фразеология, менталдық бірлік, әлем суретін сипаттау бірліктері, халықтың өзін-өзі тануы, менталитет, ұлттық сипат.

**Ключевые слова:** концепт, фразеология, ментальная единица, единицы описания картины мира, самосознание народа, менталитет, национальный характер.

**Key words:** concept, phraseology, mental unit, units of description of the world picture, self-consciousness of the people, mentality, national character.

В языковой и речевой идиоматике, то есть в том слое, который является национально специфичным, воплощается система ценностей, общественная мораль языкового этноса, а также его отношение к миру, к людям, к другим народам. Мироззрение человека обуславливается его физическим опытом и духовной деятельностью. При этом формируется культурная картина мира, имеющая тесную связь с языковой картиной.

В лингвистике появление картины мира закономерно обусловлено ее решительным поворотом к проблеме "человек в языке" во всем ее многообразии и сложности. Если термин "картина мира" начал использоваться в лингвистике сравнительно недавно, то мысль о существовании особого языкового мироззрения была сформулирована В.Гумбольдтом еще в начале XIX в. [1]. Изучение языковой картины мира тесно связано с вопросом о соотношении языка и мышления, языка и действительности, инвариантного идиоматического в процессе отображения действительности как сложного процесса интерпретации мира человеком.

К проблематике картины мира авторы относят взаимоотношение концептуальной и языковой картин мира, их сходство и различие, роль лексических и грамматических средств в формировании языковой картины мира [2].

Языковая картина мира отражает способ речевосстановительной деятельности, характерный для той или иной эпохи, с её духовными, культурными и национальными ценностями.

Единицей описания картины мира является концепт – ментальная единица, содержащая языковые и культурные знания, представления, оценки. В когнитивной науке концепт рассматривается как ментальная единица, которая постоянно переживает изменения: в его сферу могут входить все новые фоновые концепты, может меняться стандартный набор ситуации, и еще более подвижным является оценочный компонент в содержании.

Концепт включает понятие, но не исчерпывается только им, а охватывает всё содержание слова: и денотативное, и коннотативное, отражающее представления носителей данной культуры о явлении, стоящем за словом во всем многообразии его ассоциативных связей. Он вбирает в себя значение многих лексических единиц. В концептах аккумулируется культурный уровень каждой языковой личности, а сам концепт реализуется не только в слове, но и в словосочетании, высказывании. В таком случае ядро концепта составляет совокупная языковая и речевая семантика слов.

Наличие концептов в языке любого народа привлекает внимание, потому что данные исследования могут помочь в изучении культуры самого народа и его истории.

Dwelling. Originally osn. the type of East Slavic dwelling was a semi-dugout with log or frame walls, in the north — a ground log house, in the 10–13th centuries. which became the dominant form of construction. At the same time, two-chamber dwellings appeared, divided into a hut and an entrance hall. By the 17th century. Three-chamber houses spread, which had a hut, a crate and an entrance hall between them. By the 18-19 centuries regional variants of the Russian izba have developed.

Of great importance was the decoration of the interior of the house - carving and painting on wood (shelves, benches, spinning wheels), patterned and embroidered fabrics (towels in a red corner, rugs, etc.).

Clothes Traditional Russian clothing was sewn from homespun linen, hemp and woolen fabrics.

The main men's clothing is trousers and a tunic-shaped (without seams on the shoulders) shirt, tied with a belt, initially with a slit in the middle of the gate; OK. 15-16 centuries. the type of a shirt with a slit on the left was formed, called the Russian shirt, in contrast to the Ukrainian and Belarusian ones, which retained a straight cut. [2, 121]

Their local options have developed in women's clothing. The ancient type of Russian women's costume, like other Eastern European peoples, was a long shirt tied with a belt and unstitched skirt. In the 16th century a new type of women's clothing appears - a sundress. Initially, a sundress was called top men's swinging clothes, then this name was

transferred to women's sleeveless outerwear - first in the costume of noble women and townspeople, then - northern and central Russian peasant women.

Food. The basis of traditional Russian food was cereals, from which they baked bread and cooked porridge. Ritual and festive dishes (loaf, kulich, pancakes, kutya, etc.) and drinks (beer, kvass) had bread and cereal basis. Traditionally, legumes (in the main peas) were traditionally attributed to grain food, among which vegetables were cabbage and turnips. Meat consumption was limited, especially under the influence of religious prohibitions: the use of many species of game, grazing animals, etc. was condemned to food. Fish food was especially widespread among residents of the coasts of large rivers and sowing of the seas. The peoples of the North and Siberia were perceived and special methods of cooking fish: freezing (sliced), pickling, drying (yukola). From the culture of the Turkic peoples, new flour dishes penetrated into Russian cuisine - soup (salamat, burda), dough, fried in butter (donuts, chips, brushwood, etc.). One of Ch. Russian dishes in Siberia steel dumplings.

Religion and holidays. The traditional religion of the Russians is Orthodoxy (see Art. Religions). Russian calendar rituals are associated with church holidays. The most developed rites of the winter solstice, timed to coincide with Christmas (December 25 on the Julian calendar) and Baptism (January 6), and the end of winter (Maslenitsa, Cheese week) preceding Lent. Christmas time was accompanied by caroling, making ritual cookies, starting from Vasiliev's day (January 1) - divinations and disguise. On Shrovetide they also laughed, rode in a sleigh, from the mountains, on a swing, baked pancakes and fritters, on the last day they organized a procession with a stuffed Shrovetide, which they burned or torn to pieces. And the Christmas and Shrovetide rites, condemned by the church, culminated in the rites of purification at Baptism and on the Last Sunday. [3, 18]

Spring rites - the feast of the Forty Martyrs (Magpie, March 9), the Annunciation (March 25), the day of St. Georgy (Egory Veshny, April 23) and others - accompanied by singing of spring songs, etc. For Easter, they prepared ritual food; house-walks with ritual songs (footbird), games, youth meetings were resumed, round dances began from that day, from the eighth day of Easter (St. Thomas, Red Hill) - weddings. The rites of the summer solstice fell on the Trinity preceding it or the next week or on Ivanov's day (Ivana Kupala, June 24). Trinity rituals were accompanied by rituals with birch trees or branches, mermaid rituals, rituals of "expelling a mermaid" with the destruction of a doll (Mermaids), Kupala's rituals with dousing with water, divinations, and rituals with a doll (Kupala or Kostroma). Summer holidays ended on Petrov day (June 29). In the spring (before Maslenitsa and after Easter), in the summer (before the Trinity) and at the beginning of winter (before the day of St. Dmitry Solunsky, October 26), special memorial days were held (Parent Saturdays).

Folk art. Russian folk art goes back to the art of Ancient Russia, which absorbed the artistic traditions of the ancient Slavs, Turks, Finno-Ugrians, Scandinavians, Byzantium, the Romanesque art of Western Europe, the East.

Among the universally developed types of Russian folk art are patterned weaving and embroidery. They were exclusively female occupation, the art of weavers and embroiderers was considered one of the hallmarks of a good housewife. Geometrical ornament with plant vegetation (various tree variants), zoomorphic (roosters, peacocks, double-headed birds, horses, lions, deer, etc.) and anthropomorphic (frontal female figure, horseman, etc.) was popular. [4, 86]

A special type of Russian textile art is the weaving of lace, known to the Russians from the 17th century. From the 18th century a great role in its development is played by monastic and patrimonial workshops. For Russian lace 17 - early. 18th century geometric patterns were characterized by rhombuses, triangles, zigzag stripes, then the lace pattern is complicated. Lacework is preserved in the Vologda, Lipetsk (especially in Yeletsky district), Kirovskaya (Sovetsk, former settlement of Kukarka Vyatka province),

Wood carving is one of the most traditional types of Russian art. Few wooden products from the pre-Mongol period (mainly from the Novgorod excavations) have come down to us indicate the highest development of wooden carving. The most famous column from Novgorod, covered with a complex wicker and zoomorphic ornament. The ancient tradition of wooden carving has been preserved in peasant art in decorating huts, utensils (crocker, spinning wheels, rollers, baby cradles, sleighs, etc.). [5]

The culture of each people of Russia is unique, and together they represent an amazing puzzle that will be inferior if you remove some of it.

#### **Bibliography**

1. Russian: Historical and Ethnographic Atlas. Farming Peasant dwelling. Peasant clothes. (Mid XIX - early twentieth century). M., 1967;
2. Russians. M., 1999; Russian North. Ethnic history and folk culture of the XII – XX century / Ed. ed. I.Vlasov. M., 2001.
3. Russian: Historical and Ethnographic Atlas. From the history of Russian folk dwelling and costume (decoration of peasant houses and clothing). Mid XIX - early twentieth century. M., 1970;
4. Zelenin DK East Slavic ethnography. M., 1991;
5. <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/312168>

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ҰҒЫМДА БЕЙНЕЛЕНУІ**

**Окасова Гулжанат Жексенбаевна**  
**оқытушы, магистр**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік Университеті**  
**Ақтөбе, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің мағыналық ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, идиома мен фразеологиялық бірліктер ара жігі ажыратылып қарастырылған.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются особенности значения фразеологических единиц. Также, рассматривались различия идиом и фразеологических единиц.

**Annotation.** This article discusses the meanings of English phraseological units. As well as, the differences of idioms and phraseological units are considered.

**Тірек сөздері.** Фразеология, ұғым, идиома, эмоциялық манера, тұрақты тіркестер.

**Ключевые слова.** Фразеология, понятие, идиома, эмоциональная манера, устойчивые выражения.

**Key words.** Phraseology, conception, idiom, emotional manners, set expressions.

Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер әр түрлі жолдармен жасалады. Соның бірі - "and" немесе "or" жалғаулығы арқылы байланысқан екі сөздің қатарласып келуі. Оған мысал мына төмендегі тіркестер:

*For good and all - үзілді-кесілді;*

*To pick and choose - талғампаз болу;*

*By and large - жалпылай алғанда;*

*By fair means or foul - берсең-қолыңнан, бермесең - жолыңнан;*

*By fits and starts - оқта-текте, анда-санда;*

*By guess and by God — көз мөлшермен/ жалпы нобаймен;*

*By leaps and bounds - дем арасында / күн сайын, сағат сайын;*

*By right or wrong - алдап-сұлдап жатып, анау деп, мынау деп жатып;*

*By trial and error - талай қателесіп жатып / шекесіне талай тиген соң;*

*Stuff and nonsense - жоқтан өзге / бос сөз;*

*The ways and means - жөн-жоба / тәсіл-тәртіп, ақша, нұл.*

Тіркеске эмфазалық (сөздің эмоциялық мәнері) екпін мынадай тәсілдердің көмегімен беріледі:

**а. бір сөзді екі рет қайталау арқылы**

*by and by - бірте-бірте, әстін-әстін;*

*on and on — ілгері, алға;*

*out and out - барып тұрған, нағыз. айтары жоқ;*

*through and through — бүге-шегесіне дейін. түп түрғымен;*

*turn and turn again - кезек-кезек*

**ә. аллитерация (бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталанып келуі) арқылы**

*cool, calm and collected – сабырл, салмақты және салиқалы;*

*the part and parcel of sth - бір нәрсенің ажыратуға болмайтын құрамдас бөлігі;*

*rough and ready - шала-нұла /қалай болса солай /тисе -терекке, тимесе-бұтаққа;*

*safe and sound — дін аман / бауыры бүтін, басы есен;*

*spick and span - I. ине-жіптен жаңа шыққан /су жаңа /иыққа бір ілінбеген; II. айнадай жалтыраған /тап-тұйнақтай /мұнтаздай жалтыраған.*

**б. ұйқастың көмегімен**

*by hook or by crook - су ишсем де, суан ишсем де / қайткен күнде де;*

*fair and square — қара қылды қас жары, бетің бар, жүзің бар демей;*

*wear and tear - тепкі, тауқымет, өмірдің ыстық-суығы.*

**в. мағынасы қарама-қарсы сөздерді тіркестіру арқылы.**

*for love or money — қайткен күнде де;*

*rain or shine - ыстыққа да, суыққа да қарамастан;*

*ups and downs — жетістіктер мен жеңілістер;*

*the long and short of it - ұзын сөздің қысқасы;*

*to be at sixes and sevens - әуре-сарсаңға түсу / әбігер болу.*

Ағылшын идиомдарының көпшілігі грамматикалық еркіндікті қалайтын ауызекі тілден шыққан. Бұл еркіндік бір сөз табынан екінші сөз табын жасап алуға мүмкіндік беріп, тілдің баюына үлкен септігін тигізді. Мысалы, сын есім мен зат есімнің етістікке, үстеу мен демеуліктің - зат есімге, демеуліктің етістіктің қызметін атқарып, етістіктің зат есімге айналып кететін кездері үйреншікті құбылыс.

Ағылшын тіліндегі идиомдардың келесі бір ерекшелігі – **э л л и п с (сөйлемнің бір мүшесін алып тастап ықшамдап айту).**

*dressed up to the nines – мұздай киінген.*

*takes a cake — бұрын-соңды болып көрмеген.*

*left, right, and center — жан-жақтан, тұс-тұстан.*

*a fish out of water – бөтен, өгей ортада тұрған адам*

*had seen better days — тозығы жеткен, уақыты өткен.*

Тағы бір лексикалық ерекшелігі – тұрақты тіркестердің құрамындағы **архаизмдер**. Мысалы, мына тіркестердегі: *rank and file, to leave in the lurch, to be at one's beck and call - to chop and change –file, lurch, heck, chop* деген **көнерген сөздер** қазір тілдің басқа еш белдеулерінде көрініс бермейді.

Фразеология теориясының негізін қалаушы – швейцар ғалымы Шарль Балли. Ол сөз тіркестерін ең алғаш ғылыми тұрғыдан жүйелеп, лингвистикаға “phraseologie” деген термин енгізген. 1909 жылы жазған “Француз

стилистикасы” деген еңбегінде Ш.Балли тілдегі тіркестерді 1. еркін тіркестер және 2. фразеологиялық бірліктер деп екіге бөлген. Ол фразеологиялық бірліктерді компоненттері өзіндік дербес мағынасынан айырылған, бәрі бірігіп тұтас бір-ақ мағына беретін тіркестер деп сипаттайды. Баллидің бұл тұжырымдары кейіннен лингвистикада фразеологиялық тұтастықтарды атап көрсетуге, фразеологизм мен сөздің ара жігін ажыратуға теориялық негіз болды [1, 25-27].

Британ және әміркен лингвистикасында фразеология теориясын арнайы зерттеген еңбек аз. Бар еңбектердің өзінде фразеологиялық тіркес белгілерін анықтау принциптері, фразеологизмдік тіркес пен сөздің ара қатысы, фразеологизмдердің варианттылығы, фразеологияны зерттеу әдістері сияқты іргелі мәселелер қаралмайды. Бұл елдердің ғалымдары фразеологияның жеке пән ретінде орнығуы туралы да сөз қозғамады. Сондықтан да, ағылшын тілтанымында әлі күнге дейін ғылымның бұл саласына атау берілмеген. “Фразеология” деген терминнің де британ және әміркен лингвистикасында жолы болмады. Бұл елдерде фразеология мәселелері семантика мен грамматикаға байланысты еңбектерде қаралады және идиомдық (фразеологиялық) сөздіктердің алғы сөздерінде айтылады. Фразеология аумағына келгенде ағылшын тілді ғалымдардың көзқарасы әртүрлі. Бұл зерттеу нысанының өте күрделі екендігіне және ағылшын тілінде ап-айқын еркін тіркестің – тұрақты тіркеске, тұрақты тіркестің еркін тіркеске айналып кете бару құбылысының жиілігін көрсетеді.

Логан П. Смит “Фразеология английского языка” атты еңбекте ағылшын тілінде “идиом” деген термин гректің “idiotism” деген сөзі арқылы енгенін айта келіп, фразеологиялық бірліктерді “...логика заңын да, грамматика ережелерін де бұзатын тілдік аномалия” деп түсіндіреді. Әміркендік ғалым Ч. Хоккет “идиом” деген терминді біздің түсінігіміздегі идиомға он қайнаса сорпасы қосылмайтын лексикографиялық және синтаксистік құбылыстар үшін қолданады. У.Чейф идиомдар өзіндік лайықты бағасын ала алмай жүрген маргиналдық сала болса да, кеңінен тараған фактор, демек, олардың маңыздылығына күмән келтіруге болмайды дейді. Ал Ф. Хаузхолдер бойынша, идиом- “сөйлем құру үшін қажетті негізгі бірлік”. У.Вейнрих идиомға құрамында контекстуалды астарлы мағына туындататын, кем дегенде екі компоненттен тұратын фразеологиялық бірлік деген анықтама береді. У.Вейнрих те, жоғарыда аты аталған ғалымдардай идиомды – идиом деп танытатын негізгі қасиет – мағынасының құрамындағы жеке компоненттерден айқындала алмайтындығы дейді.

Әдетте, фразеологизмнің категориялық белгісі – тұрақтылық пен идиомдылық деп танылады. Г.Суит идиомдылықтың нышаны идиом мағынасының құрамындағы сөздерге қатысы жоқ жеке факт болуында дейді. И.Бар-Хиллел идиомдылық пен семантиканың күрделенуін айтады.

Фразеологизмдерге құрылымдық тұрғыдан қарауды жақтаушылар фразеологизмнің категориялық белгісі-тұрақтылық деп есептейді. Мысалы, А.Маккейдің пікірі бойынша, фразеологизмдердің басқа тіл единицаларынан ерекшелігі – даяр күйінде қолдануында. Бұл пікірталас тудыратын көзқарас, себебі тіл-тілде даяр күйінде қолданыла тұра, фразеологизм боп табылмайтын тіркестерді көптеп кездестіруге болады.

А.Хилли [Healy], К.Пайк [Pike], У.Вейнрих [Weinreich], Ч.Хоккет [Hockett:] идиомдылық деп даяр күйінде қолдану қасиеті мен семантикалық күрделілікті түсінеді.

Дей тұрғанмен, бұл елдерде мақалдарды зерттеуге байланысты еңбектер біршама. Орыс және қазақ ғалымдарының мақалдары фразеологияның нысанына жатқыза-жатқызбау жайындағы пікір сайысы жылдардан жылдарға ұласса, Ұлыбритания мен АҚШ-та мақалдарды дәстүрлі түрде фольклордың құрамдас бөлігіне жатқызады.

Орыс тіл білімін алатын болсақ, фразеологизмдерді зерттеумен Ф. И.Буслаев, Е.Д. Поливанов, А.А. Потебня, Ф. Ф. Фортунатов, А.А. Шахматов, А.В. Щерба айналысқан. Бұл ғалымдардың ісін В.В.Виноградов, Б.Ф. Ларин, А.И. Смирницкий жалғастырды. Бүгінгі таңның өзекті мәселелерін Н.Н. Амосованың, В.Л.Архангельскийдің, А.В.Кунииннің, И.И. Чернышеваның, В.Телияның, В.П. Жуковтың және т.б. ғалымдардың еңбектері қозғайды.

Орыс зерттеушілерінің ішінен А.И.Смирницкий идиомдылық дегенді семастикалық бүтіндік, В.П. Жуков мағыналық тұтастық деп анықтайды. В.Л. Архангельский мен В.Г. Гак идиомдылық пен фразеологизмнің тұтас мағынасының құрамындағы жеке сөздердің мағынасына сәйкес келмеуі, Н.Н.Амосова фразеологизмдерді құрайтын бөлшектердің бірігіп, семантикалық тұтастыққа айналып кетуі, А.Д. Райхштейн “... отсутствие регулярного соотношения между структурой выражения и структурой содержания” деп түсіндіреді.

В.П.Жуков идиомдылық сөзді фразеологизмнің лексикалық конституентіне айналдырып жіберген деактуализацияның нәтижесі дейді. Фразеологизм пайда болу барысында сөздің өз мағынасын жоғалтуы десемантизация деп аталады. Десемантизация- деактуализацияның бір бөлігі. Десемантизация мен деактуализация біркелкі жүрмейді, сондықтан әр бөлек фразеологизмге әр түрлі деңгейдегі идиомдылық тән.

Фразеологияны дербес лингвистикалық пән ретінде оқыту мәселесін орыс ғалымы Е.Д. Поливанов көтерді. Бұл мәселені және де ағылшын фразеологиясына қатысты барлық мәселелерді А.В.Кунин “Английская фразеология”, “Фразеология современного английского языка” деген еңбектерінде жан-жақты қарастырды. Аталмыш еңбектерде А.В.Кунин қазіргі ағылшын тілінің фразеологиялық қорына жалпы сипаттама беріп, оның өзіндік ерекшеліктерін ашты; ағылшын фразеологиясы теориясының хал-ахуалымен таныстырды. Ғалым фразеологиялық тұрақтылық, семантикалық құрылым, компоненттік құрам, модельдік мәселелерін терең талдап, фразеологизмдердің этимологиясын, құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге көп көңіл бөлді.

А.В.Кунин фразеологияны: идиоматика, идеофразематика және фразеоматика деп үш тарауға бөледі. Бұлай жіктеу фразеологизмдер мағынасының қаншалықты күрделі екендігіне байланысты. Бұл классификация академик В.Виноградов ұсынған жіктеу жүйесіне сүйеніп, оны толықтыра түседі. А.В. Кунин идиоматикаға құрамындағы сөздер әуел бастағы негізгі лексикалық мағынасынан түгелдей не жартылай айрылып, бәрі жиылып бір ғана ұғымды түйдегімен бірақ білдіретін оралымдарды жатқызады. Бұл тұжырым бойынша идиоматикаға *to raise Cain, still in swaddling clothes* сынды тіркестер мысал бола алады. Ғалым идеофразеоматика тарауына идеофразеоматикалық бірліктер, яғни бірінші фразеоматикалық нұсқасындағы компоненттері бастапқы дәлме-дәл, бірақ күрделіленген мағынада, екінші идиоматикалық нұсқасы түгелдей туынды мағынадағы тіркестерді енгізеді. Идеофразематизмдер – бірде тура, бірде туынды мағынасында айтылатын тұрақты тіркестер. Мысалы, “the boiling point” деген тіркестің байлаулы мағынасы “қайнау температурасы”, туынды мағынасы – “қатты ашуланған адамның өзін-өзі ұстай алмай қалуы”. Мұнда о бастағы байлаулы мағына түрлі себептермен туынды мағынаға ие болған. Фразеоматика- идиом емес, бірақ мағынасы күрделіленген фразеологиялық тіркес.

Орыс ғалымдарының дені фразеологизмдерді еркін сөз тіркестерінен ажыратарда семантикалық критерийге сүйеніп, фразеологизмдердің профессор А.В. Кунин ұсынған критерийін негізге алады. А.В.Кунин фразеологизмдерді құрылым- семантикалық болмысына қарай төрт класқа бөледі. Құрылым-семантикалық модель дегеніміз – семантикалық ақпарат пен грамматикалық құрылымның арасындағы сәйкестік.

1. Номинативті фразеологизмдер. Номинативті фразеологизмдер айналамыздағы заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттің атын атайды. Мысалы: *great and small* – хан да, қара да; *wear and tear of time* – тағдыр тауқыметі; *fair and square* – бетің бар, жүзің бар демей.

2. Номинативті-коммуникативті фразеологизмдер. Бұлардың кейбірі – сөз тіркесі (номинативті), кейбірі сөйлем пішіндес (коммуникативті) боп келеді; кейбірі ырықсыз етіске айналып кетеді: *to blow sky high* – бұлқан-талқан болу; *to give the sack* – орнынан алу.

3. Одағай мәндес фразеологизмдер. *By George!* – Қан!; *By heaven!* – Әттеген-ау!; *By Jove!* – Сауған алғыр!; *Lord forbid!* – Құдай сақтасын.

4. Коммуникативті фразеологизмдер. Ғалым бұларға мақал-мәтелдерді жатқызады:

*Once bitten, twice shy; Misfortunes come on horseback, and go away on foot; So many countries, so many customs.* А.В.Кунин – мақал-мәтелдерді фразеологияның аясына жатқызатын көзқарастың өкілі [2, 265]. Фразеологияның тағы бір категориалды белгісі – тұрақтылық. Тұрақтылыққа негіз болатын инварианттылық, яғни айналысында қандай өзгерістер болып жатса да, фразеологизмді құрайтын бөлшектердің өзгермейтіндігі. Инварианттылықтың мынадай түрлері бар: қолдану тұрақтылығы, құрылымдық тұрақтылық, семантикалық тұрақтылық, лексикалық тұрақтылық, ситаксистік тұрақтылық. Демек, фразеологиялық тұрақтылық – оған тән түрлі микротұрақтылықтардың жиынтығы. Фразеологизмнің жетекші категориалды белгісі идиомдылық деп санап, оны фразеологиялық тұрақтылықтың даму шарты деп түсіну керек. А.С.Смирницкий ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестерді фразеологиялық бірліктер және идиомдар екіге бөледі. Ғалымның тұжырымдауынша, фразеологиялық бірлік – ауыспалы, бейнелі мағынасы жоқ немесе оны жоғалтқан “to get up”, “to fall in love” сияқты стилі бейтарап оралым; ал идиомның стильдік бояуы қанық болады, ол – метафораланған тұрақты сөз тіркесі. А.С.Смирницкий құрамындағы атауыш сөздердің санына қарап фразеологизмдерді біртағанды, екітағанды және көптағанды деп топтайды. Біртағанды фразеологизм дегеніміз бір немесе бірнеше көмекші сөздердің бір атауыш сөзбен тіркесуі арқылы жасалған фразеологизм деп тұжырымдайды. Ғалым “фразеологизмділік белгілі бір фразеологизмнің белгілі бір сөзге эквивалент бола алу қасиетіне байланысты” дейді. Ал, Н.Н.Амосова фразеологизмнің фразема және идиома атты екі түрі бар, мақал-мәтелдер сияқты толық предикативті құрылымдар фразеологизмге жатпайды дейді. А.С.Смирницкий мен Н.Н.Амосова фразеологизмдерді тар аумақта қарастырады, бірақ қазіргі әлемдік лингвистикада фразеологизмдер кең аумақты қамтиды деген көзқарас басымырақ. А.В. Кунин фразеологияны кең аумақты ғылым деп танып, оның нысанына мағынасы күрделіленген барлық тұрақты сөз тіркестері кіреді деген пікірде [3, 20].

Қазақ топырағында фразеологизмдердің теориялық және практикалық мәселелерін – Ә.Қайдаров, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, С.Исабеков, Г.Смағұлова, С. Сәтенова зерттеуде; стильдік ерекшелігін – М. Серғалиев, Ғ.Құсимова, Г. Боранбаева, көркем шығармада қолданылуын – Х. Қожақметова, Б.Шалабай, М. Жәнібеков; аударылуын – А.Алдашева, Ә.Айтбаев. Айтжанова зерттеп, фразеологизмдерді тақырыптық, мағыналық, тұрғыдан топтастырумен – Р.Жайсақова, А.Елешова; шет тілі фразеологизмдерін қазақ фразеологизмдерімен салғастыра талдау мәселелерімен П.Дәулетова, М.Әбдіғалиева, М.Арғынғазина айналысып жүр. Соңғы жылдары салғастырмалы-типологиялық тұрғыдағы М.А.Сыздықованың “Сопоставительно-типологический анализ фразеологических единиц глаголов речи” (на материале английского и казахского языков), Ж.К. Өмірәлиеваның “Национально-культурная специфика конвенциональных фразеологизмов с соматизмами” (на материале, русского, казахского и английского языков), М.Р.Есімжанованың “Межъязыковые фразеологические соответствия” (на материале английского, русского и казахского языков) атты еңбектері қорғалды. Сондай-ақ, отандық салғастырмалы фразеология соңғы жылдары М.Р. Есімжанованың “Краткий англо-русско-казахский фразеологический словарь” деген лексикографиялық еңбегімен толықты.

#### Әдебиеттер

1. Ш.Балли. Француз стилистикасы. М.: Наука., 1909. 25-27с.
2. Кунин А.В. Англо - русский фразеологический словарь. Т.1 - II. -М.: Советская энциклопедия, 1967. 265с.
3. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. -Л.: ЛГУ, 1963. 20с

## ТІЛДІК ЕМЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚИТУ

Сақтағанова М.Ж., аға оқытушы  
А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті  
Түркістан қ., Қазақстан  
Сатылханова Г.А., аға оқытушы, магистр  
Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа:** Мақалада ағылшын тілін тілдік емес университеттерде оқытудың негізгі мәселелері мен міндеттері талқыланады. Оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі әдістері мен принциптері келтірілген. Сондай-ақ, академиялық және сыныптан тыс үдерістер кезінде де шет тілін меңгеруге студенттердің ынталылығын қалыптастыру жолдары қарастырылады, себебі кез келген танымдық процесс шет тіл мәдениетін үйренуге деген ұмтылысқа негізделген.

**Кілт сөздер:** мәселелер, тапсырмалар, әдістер, мотивация, оқу үдерісі, ағылшын тілі.

**Аннотация.** В статье рассматриваются основные проблемы и задачи в процессе обучения английскому языку в неязыковых вузах. Приведены основные методы и принципы организации учебного процесса. Так же рассматриваются способы формирования мотивации студентов к овладению иностранным языком как во время учебного, так и внеучебного процесса, поскольку любой познавательный процесс основывается на желании познания иноязычной культуры.

**Ключевые слова:** проблемы, задачи, методы, мотивация, процесс обучения, английский язык.

**Abstract.** In the article, the author discusses the main challenges in learning of a foreign language (English) in non-linguistic institutions. The basic methods and principles of the organization of educational process, the motivation, which is directly related to the efficiency of learning, methods of forming the students' motivation for mastering foreign language during school and extracurricular process are considered. They know any learning process is based on the desire of the students to get some new knowledge of foreign language and foreign culture.

**Key words:** problems, tasks, aims, methods, motivation, process of learning, English language.

Тілдік емес жоғарғы оқу орындарында шет тіліне оқыту алдымен шет тіліне оқытудың тарихы мен оны оқытудың тәсілдерін ескере отырып барынша тиімді және ыңғайлы ғылыми әдістемелік іс әрекеттерді іздеуді қарастырады. Дегенмен бұл оқыту үрдісін жалпы әлемдік аренада сонымен қатар кәсіби білім беру аясында болып жатқан кең контексте қарастыру қажет, себебі жаңалаудың және жүзеге асырудың қажеттілігі жоғары білім беру жүйесінің қоғамның әлеуметтік экономикалық мұқтаждықтарға қатысты екені белгілі.

Қоғамда ағылшын тілін білу еңбек нарықында маманның табыстылығы пен бәсекеге қабілеттілігінің ажырамас шарттары туралы пікірлер мен қорытындылардың қалыптасып қойғандығы айқын. Шет тілін кәсіби мақсатта қолдана білу әсіресе әлемдік нарықпен тікелей байланыста болатын инженер, дәрігер мамандарына қажет. Сәйкесінше, әлемдік нарық жағдайы және еліміздің әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануға ұмтылуы осы шешімнің жай қабылдануынан оны толықтай іске асыруға жетелейді. Ал, іс жүзінде әлемдік нарыққа шығуға көп жағдайда ағылшын тілін толық игермегендік кедергі келтіреді. Қазіргі уақыттың талабына сай ағылшын тілі екінші пән ретінде емес кәсіби іс әрекетке қажетті құрал ретінде қарастырылуы керек.

Жалпы айтқанда, ағылшын тілін білуге үлкен талап қойылып отыр. Сондықтан тіл үйренудегі бірнеше құзіреттіліктерді айтсақ, лингвистикалық немесе тілдік құзіреттілік оқытылатын тілді меңгеру туралы жүйені әр түрлі деңгейде - фонетикалық, лексикалық, сөз құрамы және сөз тудыру, морфологиялық, жәй және күрделі сөйлемдер деңгейінде сонымен қатар стилистикалық деңгейде қарастырады [6, 3]. Үйренуші шет тілінің жүйесі туралы біліп, барлық морфологиялық және синтаксистік өзгерістерді іс жүзінде қолдана алатын болса оның лингвистикалық құзіреттілігі бар деген сөз. Дегенмен, тәжірибеде, мысалы техникалық жоғары оқу орнына немесе шет тілінен басқа мамандыққа түскен студенттер негізгі шеттілдік білімі, дағды мен білігі жеткіліксіз болып келеді. Өкінішке орай бұл тенденция барлық институттарға, оның ішінде тілдік емес бағыттағы бакалавр мен магистрлерді дайындайтын оқу орындарына тән. Тілдік дағды мен білігі мықты қалыптастырылмаған студенттер үшін сөйлеу тілінің дағдысы, терминологиялық база, мәнерлеп оқу және басқа да коммуникативтік, тілдік және мәдениаралық құзіреттіліктер мүмкін емес. Осы аталған мәселелерге, тілдік емес мамандықтарға оған бөлінген сағаттардың аздығына қарамастан, ағылшын тілін оқытудың барынша тиімді жолдары қарастырылуда. Мысалы, біздің университетте, студенттерді алғашқы сабақтарда тест әдісімен ағылшын тілі білімінің деңгейін анықтап барып, сол бойынша топқа бөліп оқыту жүйесі жолға қойылған. Бұл бір бағдарлама аясында бастапқы білім деңгейі бар студент үшін де, жетілдірілген деңгейдегі студент үшін де ағылшын тілін барынша тиімді оқытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [4,11].

Студенттердің өзіндік жұмыстары шет тілін оқытуда маңызды рөл атқарады. Университетімізде вариативті компонент болып табылатын кәсіби ағылшын тілі сабақтары да жүргізіледі, яғни кейбір жоғары деңгейлі білімі бар топтарда ағылшын тілінен практикалық сабақтар алғашқы жылдардан-ақ басталады. Мұндай сабақтарда проблемалық сұрақтарды, дайындық профиліне қатысты және осы мәселелерді жоғарырақ, кәсіби деңгейде талқылау жүзеге асады [4]. Сондықтан берілген міндеттердің бірін шешуде оқу материалының ауқымды бөлігі аудиториядан тыс орындалатын осы студенттердің өзіндік жұмыстарына жүктеледі. Сонымен бірге, шет тілін меңгеруде жеткіліксіз мотивация да үлкен әсер етеді. Мотивация оқытудың тиімділігіне тығыз байланысты. Кез келген танымдық үрдіс шет тілдік мәдениетті білуге ұмтылумен негізделеді. Шет тілін үйренуге деген төмен мотивация көбінесе оны орта білім беру деңгейінде болымсыз оқыту тәжірибесінен деп есептеледі. Жоғары оқу орнына келген студенттер шет тілін өздерінің болашақ мамандықтарының аясында қолданатынына кәсіби болашағын көрмей тұрғандықтан көзін жеткізе алмайды. Шет тілін үйренудің төмен мотивациясы оның оқу, өндірістік және шынайы өмір жағдайларында тілдің қолданысының шектелуіне де

байланысты. Осы жерде жоғары оқу орындары мен мамандық даярлайтын және шет тілдері кафедралары үшін халықаралық білім және зерттеу байланыстары, бірлескен халықаралық проекттер, академиялық алмасулар және басқа да іс шаралар кеңінен ұйымдастырылып келеді [2].

Студенттер мотивациясын көтерудің тағы бір тиімді тәсілдерінің бірі кафедралар ұйымдастыратын әр түрлі проекттер, фестивальдар, театр, ғылыми практикалық конференциялар. Бұл іс шаралар студенттердің шет тілін үйренуге тек мотивациясын арттырып қана қоймай, сонымен бірге олардың коммуникативті дағдыларын, командада жұмыс істеуін және басқа да маманға қажетті құзіреттіліктерге бейімдейді. Айта кету керек, сабақтан тыс жүретін мұндай іс шаралардың барлығы дайындыққа көп уақытты талап етеді. Тіпті аз ғана тілдік байқауға қатысудың өзі жүлделі орын алған жағдайда студентке аз да болса нәтижеге жеткенін сезіндіреді. Нәтиже мен қызығушылық ағылшын тілімен үйлесе келіп, мотивацияны жетілдіреді. Әсіресе бұл өсу студенттердің сол іс шаралардағы топтық жұмыстарда анық байқалады. Бірлескен жұмыста, мысалы, байқаудың шарттары кезінде тапсырманы бірлесіп бастауға жетелеп, белгілі бір тілдік құбылыстарды игерудегі қажеттіліктің пайда болғаны аңғарылады [1].

Университетімізде жылда студенттердің ғылыми теориялық конференцияларын ұйымдастыру үрдіске айналған. Биылғы оқу жылында, мысалы, желтоқсан айында студенттердің 27-ші ғылыми теориялық конференциясы өтті, барлық жұмыстар ағылшын тілінде қорғалды. Тіл үйренушілер үшін бұл да үлкен жетістік. Тыңдаушылар мен қатысушылар тақырыптары бойынша қызу талқылаулар жүргізіп, өз пікірлерін ортаға салды [1]. Ағылшын тілін оқыту мәселелері, жалпы және жоғарғы білім беру жүйесінде, әрине, кешенді және жүйелі шешуді қажет етеді. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін және кәсіби ағылшын тілін оқыту тәжірибелері интенсивті тәсілдер мен оқыту технологияларының енуіне, шынайы коммуникативті жағдаяттарға барынша жақын кәсіби және академиялық бағыттарына байланысты аудиториялық сағаттардың көбеюі, магистратураның, бакалавриаттың кіші және жоғары курстар арасындағы орнын басатын тілдік дайындықтың қамтамасыз етілуі туралы қажеттіліктің туындап отырғанын көрсетеді. Қай мамандық болмасын шет тілін оқыту терең зерттеуді, кәсіби кафедралармен тығыз байланысты және жалпы тілдік дайындық жүйесін модернизациялауды қажет етеді.

#### **Әдебиеттер**

1. Аксенова Н. В., Шепетовский Д. В. Организация внеаудиторной работы студентов как мотивация к изучению английского языка в техническом ВУЗе // Молодой ученый. -2014, №7.
2. Батунова И. В. Современные педагогические технологии на уроках иностранного языка как важное условие повышения качества образовательного процесса. // IV Международная научно-практическая конференция: Научные перспективы XXI века. Достижения и перспективы нового столетия – Новосибирск: Международный научный институт «EDUCATIO», 2014.
3. Боброва Т. О. Современные подходы в формировании лингвистической, коммуникативной и межъязыковой компетенций в обучении иностранному языку в вузе [Электронный ресурс]. – URL: <http://cprsob.ru/load/21-1-0-91>
4. К.А.Жанатаев, А.Касымбекова. Некоторые подходы использования речевых ситуаций на уроке английского языка – Изденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы // Высшая школа Казахстана. – А. – 2013, №.1.
5. Похолков Ю. П. Подходы к формированию национальной доктрины инженерного образования России в условиях новой индустриализации // Инженерное образование. – Томск, 2012, № 9.

## **РЕЧЕВОЙ АКТ КАК ПОКАЗАТЕЛЬ ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ**

**Сулейменова Замзагуль Есеновна**  
кандидат филологических наук,

**Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова**  
г. Ақтобе, Казахстан

**Аңдатпа.** Сөйлеу актісінде халықтардың ұлттық мәдениетінің ерекшеліктері көрсетіледі. Фондық білім ұлттың мәдениетімен, дәстүрімен, өмірімен байланысты. Осы компоненттер прагмалингвистика үшін өзекті мәселе болып табылады. Олар сөздіктерде көрсетілмейді, халықтың тілдік санасында ғана қалыптасады. Әрбір ұлттың тіл арқылы білдірілетін дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бар.

**Аннотация.** В речевых актах проявляются особенности национальной культуры народов. Фоновые знания связываются с культурой, традициями, жизнью нации, с практикой использования вещи, со спецификой социального устройства общества. Именно эти компоненты, представляющие наибольший интерес для прагмалингвистики, носят, как правило, имплицитный характер, не отражены в словарях и существуют в языковом сознании носителей языка. У каждого народа есть свои традиции и обычаи, которые выражаются языковыми средствами.

**Annotation.** The speech acts reflect features of the national culture. Background knowledge is associated with culture, traditions, life of the nation, with the practice of using things, with the specifics of the social structure of society. These components are of most interest to pragmalinguistics, they are not reflected in the dictionaries and exist in the linguistic consciousness of native speakers. Every nation has its own traditions and customs, which are expressed by linguistic means.

Эмоциональная, оценочная или стилистическая окраска языковой единицы понимается в языкознании как коннотация. Коннотация, в более широком понимании представляет собой любой компонент, который дополняет как денотативное, так и грамматическое содержание, придавая ей экспрессивную функцию на основе сведений, соотносимых с мировоззренческим культурно-историческим знанием говорящих на данном языке, с эмоциональным или ценностным отношением говорящего и обозначаемому, условиями речи, сферой языковой



деятельности. В более узком понимании, коннотация есть компонент значения, смысла языковой единицы, выступающей во вторичной для нее функции наименования, дополняющий в речи ее объективное значение ассоциативно-образным представлением об обозначаемой реалии на основе осознания внутренней формы наименования, т.е. признаков, соотносимых с буквальным смыслом слова, мотивировавших переосмысление данного выражения [34]. Таким образом, коннотативный компонент отражает действительность, содержит отражение отношения, оценки субъектом явлений действительности.

В.Н.Телия связывает экспрессивность значимых единиц языка с прагматикой речи. Экспрессивность представляет собой (в общем случае) отображение в содержании языковых сущностей эмотивного отношения субъекта речи к элементам внешнего или внутреннего мира человека, вызываемого в нем при их обозначении. А экспрессивная функция языковых единиц заключается в их способности выражать такого рода субъективную модельность [51, 203]. С экспрессивностью ученый связывает следующие виды субъективной модельности: положительное или отрицательное чисто эмоциональное отношение к обозначаемому, квалификативно-оценочное отношение к обозначенному, социальные реакции. Общим у этих видов субъективной модельности является то, что они наслаиваются на объективное содержание языковых единиц.

Т.А. ван Дейк понимает прагматику как неотъемлемый компонент лингвистической теории, обладающий статусом, сопоставимым со статусом синтаксиса и семантики [59]. Прагматика выявляет системные свойства использования высказываний в качестве особого типа социальных действий, т.е. речевых или иллокутивных актов. По мнению В.Я. Шабеса, каждое слово представляет собой вербально оформленный фрагмент когнитивного компонента, взаимодействующий с данным словом в речемыслительной деятельности, но вербально не выраженное. В.Я.Шабес определяет "фоновое знание" как фрагмент когнитивного компонента следующим образом: "в отличие от невербального опыта фоновые знания определяются в каждом конкретном случае относительно данного текста по формально-семантическому критерию невыраженности (невербализованности). Эта невербализованность фоновых знаний ни в коей мере не означает их невербализуемости, т.е. того, что данные фоновые знания не могут быть выражены в речи; в подавляющем большинстве речевых актов фоновые знания принципиально выразимы средствами данного же естественного языка" [84,13].

Фоновые знания связываются с культурой, традициями, бытом, религией нации, с практикой использования вещи, со спецификой социального устройства общества. Именно эти компоненты, представляющие наибольший интерес для прагмалингвистики, носят, как правило, имплицитный характер, не отражены в словарях и существуют в языковом сознании носителей языка.

В основе речевого действия лежит речевая интенция, или коммуникативное намерение говорящего.

Речевой акт, как известно учитывает кто говорит, что говорит, кому говорит и какие языковые средства он использует, в какой обстановке и с каким эффектом он говорит. Все эти факторы влияют на формирование высказывания и на его интерпретацию слушающим.

Исходя из замечания о том, что язык представляет собой "главную форму выражения и существования национальной культуры" [124, 12] считаем, что в речевых актах проявляются особенности национальной культуры. Как отмечает Б.Х.Хасанов, "национально-культурная специфика речевого поведения народа выражается и в его речевом этикете" [125, 159].

Появление у слова нового лексико-семантического варианта в свете коммуникативно-прагматической парадигмы рассматривается как результат прагматической вариативности слова. Под прагматической вариативностью слова понимается изменение значения слова в зависимости от ситуации общения, национального, возрастного статуса говорящих. "Одна и та же лексема по-разному реализуется в однотипных ситуациях представителями различных слоев носителей языка. В результате употребления слова в не типичной для него ситуации (контексте) носителей иного социолекта (языка определенной социoproфессиональной группы) оно приобретает новый оттенок значения, который затем оформляется в отдельный лексико-семантический вариант слова" [61, 9].

"Новый оттенок значения", приобретаемый словом в результате его употребления в ситуации, контексте, называется в нашей работе прагматическим компонентом.

Речевая деятельность, как и другие виды деятельности, регулируется определенными правилами. "Нормы речевого поведения, хотя и входят (или должны входить) в систему воспитания, относятся к сфере молчаливого соглашения между коммуникативно обязанными членами общества. ... Одной из задач функциональной лексикологии является изучение тех черт контекстов употребления слов, которые закодированы на уровне системы, т.е. на уровне их лексического значения" [61, 59].

Рассмотрим проявление национальной культуры на примере глаголов, выражающих эмоциональное состояние радости: *куан-*, *мэз бол-*, *радоваться*, (*sich*) *freuen* и словосочетания *to be glad*.

Глагол *куан-*, выражающий радость, может использоваться не только для выражения искренней радости. В следующей ситуации говорящий выражает свою оценку косвенно, желая стимулировать адресата к разговору о его жене. Интенция говорящего заключена в сообщении неприятной весты. Говорящий злорадствует тому, что жена соседа так поступила. Женщина хочет подчеркнуть, что она дома, занимается хозяйством, а соседка все бросила. В контексте глагол *куан* приобретает прагматический компонент *осуждение*:

"Таңертең басы зеңіп, ұйқыдан кеш ояңған Елеусіз үй ішінің қаңырап бос қалғанына таңырқап, есік алдына шығып, аңырайып айналасына қарап тұр еді. Анадайда кір жуып отырған көрші әйел басын көтеріп, шүйінші сұраған кісідей:

- Қатының бар баласын ертіп, азанғы автобуспен әкесінің үйіне кеткен! – деп *қуана* айқайлады (Сәрсенбаев О. Уәде).

Интенция говорящего в следующем контексте заключается в сообщении неприятной новости. Из контекста видно, что он радуется тому, что у соседа пожар. Проявляется компонент *зависть*:

"- Мәссаған! Мыналардың отырысын кара. Дәнеден хабары жоқ қой түге!

- Не болды? – деп Тоқсейіт алдында жаюлы жатқан дастарханнан аттап өтті.

- Не болушы еді?... Сенің қора – қопсың өртеніп жатыр да! - деп анау тіпті *қуана* хабарлағандай көрінді" (Сәрсенбаев О. Уәде).

В следующей ситуации идет разговор между друзьями – молодым Демежаном и пожилым мудрым Ли-шансы. Интенция говорящего заключена в подведении итогов своей жизни. Ли-шансы дает позитивную оценку прожитой жизни, он посвятил борьбе за справедливость сорок лет своей жизни:

Адам болып жаралған соң, құр ішкен-жегенге *мәз болмай*, белгілі бір идеялар үшін алысқанға жететін не бар бұл тірлікте? – восклицает Ли-шансы. Он не сожалеет о прошедшем, *мәз бол* приобретает прагматический компонент *довольствоваться*:

" – Соның қырық жылын азаттық жолындағы күреске арнаған екенмін. Адам болып жаралған соң, құр ішкен-жегенге *мәз болмай*, белгілі бір идеялар үшін алысқанға жететін не бар бұл тірлікте?" (Жүмаділов Қ. Тағдыр).

В следующих контекстах глагол *радоваться* приобретает прагматический компонент *упрек* усиливаемый словами *бесстыдница, с досадой, заставили меня плакать*:

"С первым пароходом поплыли они; как с душой рассталась я с ними, он тоже печален был и все уговаривал меня – ехала бы я в Астрахань-то. А Варвара *радовалась*, даже не хотела скрыть радость свою, *бесстыдница...*" (Гончаров И.А. Обрыв).

" – Погодите *радоваться*, сударыня; успеете! – заговорил *с досадой* Пигасов.

- Недостаточно сказать с видом превосходства острое словцо: надобно доказать, опровергнуть... Мы отбились от предмета спора" (Т-14).

В следующей ситуации глагол (*sich*) *freuen* приобретает прагматический компонент *гордость*:

"- Ich glaube, die kleine Ärztin *hat sich wirklich gefreut*, Niebuhr aus Ditmarschen wiederzusehen; ich habe ihre Näharbeit auf meinem Kopf nicht einmal gespürt ..." (Kannt H. Der Aufenthalt).

В следующем контексте интенция говорящего "You're *glad* that she's gone off with him, aren't you?" – заключается в обвинении, упреке. *To be glad* приобретает прагматический компонент упрек:

"-You never liked her. You never liked Hugh. - Hugh was a shit! Valeria was a slag! - You're *glad* that she's gone off with him, aren't you?

- *Glad?* Why on earth should I *be glad* that she's nicked my man?" (Manby C. Second Prize).

Как показал анализ, самым частотным прагматическим компонентом в казахском, русском, немецком и английском языках оказался компонент *гордость*. Часто встречающимися оказались компоненты *упрек, притворство* и *облегчение*. Таким образом, в речевых актах в зависимости от ситуации глаголы приобретают различные оттенки значений. Также в речевых актах используются идиоматизированные глагольные словосочетания со значением 'радоваться', в которых наиболее ярко проявляется национальная культура.

#### Литературы

1. Большой энциклопедический словарь. Языкознание / Гл. ред. В.Н.Ярцева. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998.

2. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. - М.: Школа "Языки русской культуры", 1996. - 288 с.

3. Дейк ван Т.А. Контекст и познание. Фреймы знаний и понимание речевых актов // Язык. Познание. Коммуникации. - М.: Прогресс, 1989. - С.12-41.

4. Шабес В.Я. Событие и текст. - М.: Высшая школа, 1989. - 175 с.

5. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). - М.: Изд.РУДН, 1997. - 331 с.

6. Хасанов Б.Х. Казахско-русское художественно-литературное двуязычие. - Алма-Ата: Рауан, 1990. - 191 с.

7. Заботкина В.И. Новая лексика современного английского языка. - М.: высшая школа, 1989. – 126 с.

## КОМПЛИМЕНТТІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Тайпакова Алмагуль Руқызы  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Анатпа.** Берілген мақалада комплимент қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі лингвомәдени сөз әдебі ретінде қарастырылады, сонымен бірге комплимент білдіру қағидалары, жасалу түрлері мен қолданыстағы тілдік тәсілдер баяндалған.

**Аннотация.** В статье рассматривается комплимент в качестве речевого акта с точки зрения его объекта и цели в зависимости от гендера казахской, русской и английской лингвокультурах, также рассматриваются принципы оформления комплимента, принципы его формальности, используемые языковые средства.

**Annotation.** The article considers a compliment as a speech act in terms of its object and purpose, depending on the gender of the Kazakh, Russian and English lingual culture, it also considers principles of compliment design, the principles of its formality, and used language means.

**Тірек сөздері.** Сөз әдебі, комплимент, ұлттық мінез, ойлау тәсілі, тілдік фактор.

**Ключевые слова.** Речевой этикет, комплимент, национальный характер, образ мышления, языковой фактор.

**Key words.** Speech etiquette, compliment, national character, way of thinking, language factor.

Халық әдебиетінің астарында әркез сыйластық, сыпайылық, құрметтеу, ардақтау секілді асыл қасиеттер жинақталған. Қандай да болмасын ұлттың сөз әдебі өзінің өне бойында ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, ұлттық дәстүр, ұлттық діл, ұлттық психологияның қанық бояуын толыққанды ашып көрсететін код іспеттес. Сөз әдебінің қоғам және жеке адамдарға белгілі бір деңгейде әсер етуі ұлттық болмыстың қаймағын бұзбай, бар бояуының қанық сақталып, тіл арқылы айқындалуындағы орны ерекше. Сонымен бірге сөз әдебінің ережелері мен қолданыс аясын меңгеру арқылы халықтар арасындағы сыйластық пен сенімнің тереңдей түсуіне қол жеткізе аламыз. Американдық тіл ғалымы Эдвард Сепир кезінде: “Бір қоғамдық топтың тарихи мұрасы, оның ұзақ мерзімдік қоғамдық ғұрып-әдетінің жемісі”, – деп атап өткен.

Тіл тазалығы-қоғамның салт-санасының сақталуын, ұлттық құндылықты дұрыс пайдалануды білдіреді. Тіл дегеніміз қай халықтың болса да өткен не қазіргі таңдағы ғана тағдыры емес, келешегі де. Сол себепті, табиғаттың тек адам баласына ғана сыйлаған құдіретті құралы-тілдің қоғам өмірінде атқаратын қызметін қарапайым ғана сипаттап беру мүмкін емес. Тіл тәрбиесіне қатысты екі мәселені атап кетуге болады: біріншіден оған қоғамның дұрыс көзқарасы мен тұрақты қамқорлығы қажет, екіншіден жас ұрпақ үшін шебер тілді тәлімгерлер қажет. Тілдің қоғамдағы қызметіне келсек, ол әрқилы. Ең басты функциясы-қарым-қатынас құралы қызметін атқаруы. Көркем әдеби шығарма арқылы рухани өмірімізге ерекше ләззат сыйлайтын да тіл. Тілдің тағы бір тамаша қызметі тек өзара ғана емес, басқа да ұлт өкілдерімен, көрші халықтармен қарым-қатынас жасауға тікелей байланысты. Бұл оның қоғамдық қызметінің, қолданыс шеңберінің кеңеюіне тікелей байланысты әлеуметтік құбылыстың бірі-көптілділік [1, 15].

Қазіргі таңда көптілділік әлемдегі мемлекеттердің көпшілігінде кең тараған құбылыс. Көптілділік біздің көп ұлтты еліміздің халықтарының тіліне де тән. Жан-жақты дамыған, көп тілді меңгерген және бәсекеге қабілетті жас маманды дайындау-қазіргі заман талабы. Біздің мемлекетімізде 125-ке жуық ұлт өкілдері өмір сүреді. Сол себепті, қоғамымыз осы ұлт өкілдерінің мәдениеті тоғысқан, көптілді, жан-жақты дамуға мүмкіндігі бар қоғам деп айтуға болады. Кез келген тілді толыққанды меңгеріп, тамырына терең бойлау үшін сол елдің ұлттық және мәдени ерекшеліктерін, айшықты өрнектерін дөп басып жеткізетін сөз әдебінің алуан түрлі формаларын жан-жақты меңгеру қажет.

Тіл біліміндегі сөз әдебін, соның ішінде маңызды тармағы- комплименттерді жан-жақты әрі кешенді түрде зерттеу-бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Комплимент тіл құрылысының маңызды бір бөлігі ретінде белгілі бір тілдің мәдени мазмұндарын бейнелеп бере алады. Әр халықтың өзіндік қалыптасқан салт-дәстүрі болатыны белгілі, осыған орай комплименттерді қолдану мен қабылдау арасында да бірқатар айырмашылықтар болады. Тіпті кейбір комплименттердің дұрыс деп қолданылуы олардың бірқатар өзге ұлт өкілдерінің қабылдауында ақылға қонымсыз болып көрінуі де ықтимал. Мысалы; ағылшын тілінде кеңінен қолданылатын: “Wow, you are so beautiful today!” деген бір ауыз сөз әйел затының сыртқы келбетін мадақтаған жағымды құбылыс деп саналады, ал шығыс мәдениетінің өкілдері үшін еркектердің әйел затының сыртқы келбетін сырт көзге мақтауы бір түрлі оғаш қылық саналады, түрлі күдікті ойлар мен ыңғайсыздық тудыруы мүмкін.

Қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде комплименттерді қолдануда біршама айырмашылықтар бар, бұл белгілі дәрежеде осы үш түрлі мәдениеттегі өздеріне тән құндылықтарды, көзқарасы мен ойлау тәсілін бейнелейді. Кейбір сөздіктерде «комплимент–біреуге құрмет көрсету немесе жағымпаздануға ұмтылу», деген анықтама беріледі [2]. Комплимент тілдік қарым-қатынас барысында туындайды, ол төмендегідей үш түрлі ерекшелікке ие: ең алдымен, бір тараптың мақтап-марапаттаған әрекетін білдіреді, ал тыңдаушы тарап осы мадақтауға сәйкесті жауап қайтарып жатады. Былайша айтқанда, сұхбаттасушылар өзара әңгімелесу барысында қолданған мадақтау мен оған сәйкесті қайтарылған жауап «жұптастырылған құрылымға» [3, 362]. жатқызылады. Екіншіден, бұл түрдегі алмаспалы тілдік қарым-қатынас әрекеті барысында бір тараптың мадақтап-марапаттауы сол тараптың белгілі бір ойын білдіреді, мәселен, жалаң сәлемдесу қарсы жаққа көңіл бөлгендікті, шабыттандыруды, немесе қарсы жақпен аралығын жақындата түскісі келетін ниетті айқындайды. Үшіншіден, қабылдаушы тараптың қайтаратын жауабы сол адамның қоғамдық-мәдени ортасына қарай айырықшаланады.

Жалпы алғанда, не батыс мәдениеті, не шығыс мәдениеті болсын, адамдар көбінесе жеке адамның сыртқы келбеті, өзіне тән заттары, қабілеті, жетістігі немесе мінез-құлқына қатысты комплимент білдіреді. Мәселен, қазақ тілінде- «Жайнап тұрсың!», «Құлпырып кетіпсіз!»; орыс тілінде- «Хорошо выглядите», «Ты сегодня прекрасно выглядишь!»; ағылшын тілінде- «You are looking so lovely», «You have excellent taste», «I’ve never seen you looking so gorgeous» [4, 20]. Нақтылай кетер болсақ, осы аталған халықтар мәдениетінде қолданылатын комплименттер нысандарының өзіндік негіздері болады. Батыс елдеріндегі адамдар арасында әдетте діни сенім, денсаулық жағдайы және жасы, әйелдердің сыртқы кейпі, өзіне тән

заттары, қабілеті секілді мазмұнда мадақталып жатады. Орыс халқында сырт келбетке қатысты комплименттер әйел адамдарға да, ер адамдарға да жиі қолданылады, көбінесе нақты бір ерекшелікке бағытталмай, сұхбаттасушыға құрмет көрсету немесе жақсы лебіз білдіру мақсатында қолданылады. Ал қазақ халқында әйел затының сыртқы келбетін мадақтау көбінесе әйелдер ортасында кездеседі, ал ерлерде әйел затының сыртқы келбетін мадақтау өте сирек айтылады.

Қазақ мәдениетінде “ер мен әйелге әртекті қарау” идеясының ықпалы әлі де сақталған, оның үстіне, қазақ мәдениетінде өзінің отбасы мүшелерін сырт адамдарға отбасын немесе жеке басын мадақтау қазақ мәдениетіндегі “кішіпейілділік” қағидасына кереғар келеді. Мәселен, ұзақ өмір сүрген қарт адамға оның денсаулығының әлі тың екендігін айтып, комплимент арнағыңыз келсе: «Сексен жасқа келсеңізде әлі рухыңыз мықты екен, қартайсаңызда қайратыңыз қайтпаған екен», «Асыл семсер тозбас» дегендей мадақтау сөздер айтылады. Осы мысалдар арқылы қазақ мәдениетінде үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеу дәстүрі әлі де сақталғанын байқауға болады. Орыс халқы мәдениетінде де қарт адамдарды мадақтағанда “қарт” деген сөздің мағынасында ізеттілік пен сыйластық жатыр, мәселен: «Время Вас не берет.», «Вы не меняетесь. Сколько уж лет я Вас знаю», «Никто не обладает таким величественным видом, как Вы». Ал ағылшын тілі мәдениетінде, кәрі «old» деген сөз керексіз, жарамсыз деген мағынаны білдіреді, сондықтан қарттарды мадақтағанда үнемі оларды әлі жас көрінесіз, әлі асқақ, жігерлі екенсіз деп мадақтайды, мысалы, “You are really spring chicken, always full of energy! (Сіз әлі жас, жігерлі екенсіз!) т.б. [5, 78].

Қазақ мәдениетінде комплименттерге қайтарылатын жауап негізінен мақтаудан тайсақтау және мақтаудан бас тарту түрінде болады. Батыс елдерінің назарында, мақтаудан бас тарту, өзін төмен ұстау тәсілі арқылы мадақтауға жауап қайтару, бір жасандылықтың бейнесі есептеледі, өйткені олар шығыс мәдениетінде бұл түрдегі жауап қату тәсілінің қалыпты жағдай екендігін түсінбейді. Шығыс мәдениетінде, адамдар тым кішіпейіл қарапайымдылықпен өз отбасын бағалайды, егер де өз баласын басқа адамдар: «Ұлыңның оқу үлгерімі қандай жақсы!» деп мадақтаса, көбінесе «Қайдағы, күнде ойыннан қолы босамай, мүлдем сабаққа көңіл бөлмейді» - деп, сыйпайы жауап қайырып жатады.

Ұлттық этикет номенклатурасында ең жоғарғы орындардың бірінде тұрған комплименттерді дұрыс қолдана білу-аударма процесінде жиі кездесетін қиындықтар шырмауынан сәтті шыға білуге көп көмектеседі. Сөз әдеби-белгілі бір елдің менталитетінің ерекше айшықтарын таныта алатын, ұлттық бояуын қанық көрсете білетін ақпарат құралы. Қазіргі қоғам бүкіл әлемдік жаһандану көшіне ілесіп, ұлттар арасындағы қарым-қатынас күн сайын нығайып, аясы кеңейе түсуде. Комплименттердің тілдегі қолданыс аясы туралы айтқанда, біз ортақтыққа ұмтылуымыз керек, әр халықтың мәдениетіндегі өзіне тән сөз орамдары мен коммуникациялық құрылымдарды тереңірек ұғыну арқылы біз халықтарды байланыстыратын көпірді нығайтуға өз үлесімізді қосамыз, комплименттерді дұрыс қолданып және үн қату арқылы өзара табысты қарым-қатынас орната аламыз.

#### Әдебиеттер

1. Тілдерді дамытудың 2001-2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2002. 172б.
2. БАС – Словарь современного русского литературного языка: В 17-ти томах. – М.; Л., 1950-65, 5:1262с.
3. Қазақстан Республикасының білім жөніндегі заңы. – Алматы, 1999. 362б.
4. Brown P., Levinson S. Politeness: Some Universals in Language Usage. – Cambridge: Cambridge Univ. Press, 1987. 203р.
5. Kecskes I. Intercultural impoliteness // Journal of Pragmatics. – 2015. 78р.

## ДИСКУРСТЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тәшпенова Құралай Елібайқызы  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада «дискурстық құзіреттілік» туралы бірнеше көзқарастар келтірілген. Біздің заманымызда құзіреттілікті қалыптастыру мен дамытудың маңыздылығы – мобильді байланыс болып саналады.

**Тірек сөздер:** дискурс, коммуникативтік құзіреттілік, дискурстық құзіреттілік, мобильді оқыту.

**Аннотация.** В статье представлены несколько точек зрения на понятия «дискурсивная компетенция». Изучается важность формирования и развития компетенции в условиях современной мобильной среды общения.

**Ключевые слова:** дискурс, коммуникативная компетенция, дискурсивная компетенция, мобильное обучение.

**Annotation.** The paper studies different points of view on discourse competence. The importance of the development of the competence in contemporary mobile sphere is analyzed.

**Key words:** discourse, communicative competence, discourse competence, mobile learning.

«Құзіреттілік» терминін алғаш рет Фердинанд Де Соссюр өз еңбектерінде қолданып, адамның тілді үйрету әрекетіне қатысты мағынада түсіндіріп, ғылыми тұжырымдама жасаған болатын. Қазіргі тіл оқыту стандартына сай құзіреттілік – адамның белгілі бір ортада әрекет етуге дайындығы және қабілеттілігі. Ол академиялық білімнің өкілі ретінде «белсенді», «әлеуметтік бейімделген» тұлғаға айналдырады, өз кезегінде тұлғаны ақпарат алмасу мақсатында қарым-қатынасқа түсіп қана қоймай, қоғамда әлеуметтенуге, сол қоғамды өзгерту мақсатында оған әсер ете алатын тұлғаға айналуына көмектеседі [1, 2].

Тілтанушы ғалымдар кез келген тілді жетік үйрену грамматикалық және лексикалық іскерліктерді қалыптастырумен ғана емес, сонымен бірге оны әртүрлі жағдайларда қолдануға қажетті құзіреттілікті қалыптастырумен тығыз байланысты екенін дәлелдеді, соған сәйкес ғылымға «коммуникативтік құзіреттілік»

терминін енгізді. Ал коммуникативтік құзыреттілік өз кезегінде шынайы қарым-қатынас жағдайында аса қажет болатын бірнеше құрамдас бөліктерге бөлінеді.

Коммуникативтік құзыреттілік термині ғылыми айналысқа алғаш рет Н.Хомский зерттеуі арқылы енді, кей зерттеулерде тілдік құзыреттілік деп аталады. Коммуникативтік құзыреттілік түсінігіне белгілі бір әлеуметтегі қарым-қатынаста коммуникативтік құралдардың барлығын түрлі деңгейдегі мақсатқа сай толыққанды пайдалана білу енеді. Сонымен қатар коммуникативтік құзыреттілік түсінігі: «нақты бір этносқа тән әлеуметтік әрекеттесу нормасына сай келетін, сөз тәртібі мен сөйлеу әрекетін тиімді құру қабілеті», - деп те анықталады. Коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы сөйлеудің қызметтік базисіне және әмбебап-заттық кілтке, яғни ақыл тіліне негізделіп отырып, алғашқы вербалды тілдің дамуына жағдай жасайды. Вербалды тіл дискурста игеріледі, дамиды, жетіледі. Дискурста әлеуметтік және дискурстық тәжірибелерді меңгере отырып, әр тілдік тұлға белгілі бір деңгейде дискурстық құзыреттілікке қол жеткізеді. Дискурстық құзыреттілік терминін онтопсихология ғылымы бойынша зерттеу жүргізуші ғалым К.Седов ұсынады. Оның пайымдауынша, дискурстық құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның тиімді және нәтижелі дискурстық әрекетті жүзеге асыру дағдысының қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі. Қарапайым тілмен айтсақ, тілдік құзыреттілікке бір тілді меңгеру, нақты айтсақ, жазу, сөйлеу, оқу, оқығанын түсіну т.с.с. жатса, коммуникативтік құзыреттілікке тек жазу, оқу, оқығанын түсіну ғана емес, бұған қоса, тілдің тілдік-мәдени құзыреттілікке ие бірліктерінің мәнін білу, функционалдық стильді толық меңгеру жатады. Ал дискурстық құзыреттілікке осы коммуникативтік құзыреттілікті коммуникативтік жағдаятқа сай дұрыс қолдана білу деңгейі енеді. Дискурстық құзыреттілік дискурстық әрекетті тиімді және нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік десек, дискурстық әрекеттің өзін және дискурстық тәртіп түсінігін анықтап алуымыз керек. Дискурстық әрекет – сөйлеу әрекетінің саналы әрі мақсатты түрде біртұтас сөз туындысын түзуге бағытталған сөйлеу әрекетінің бір түрі. Ал дискурстық тәртіп түсінігінің мәніне сөйлеу әрекетін түзудегі саналылық пен мақсаттылықпен қоса, үнемі бақылауға көне бермейтін, аяқ астынан немесе кенеттен, еріктен тыс сөйлеу жатады. Дискурстық тәртіп дискурстық әрекетке қарағанда кеңірек түсініледі. Дискурстық құзыреттілікке дискурстық тәртіп пен әрекеттен бөлек, дискурстық ойлау да енеді. Дискурстық ойлау – сөзбен ойлаудың ерекше түрі, ол дискурсты түзу мен дискурсты қабылдау үдерісін қамтамасыз етеді [2,138-144]. Осы айтылғандарды мына мысал-мәтінмен түсіндіріп көрейік: Хан бір күні түс көреді, түсінде оның тістері түгелдей түсіп қалыпты. Түсінен үрейленген хан түс жорушыны шақырып, өзінің түсін баяндап, неге жоритынын сұрайды. Түс жорушы былай жорыпты: «Хан ием, сіз туматуыстарыңыздың, жақындарыңыздың бәрі өліп жалғыз қаласыз». Хан ашуланып: «Егер менің жақындарымның бәрі өлетін болса, менің жалғыз өзіме мына өмірдің не керегі бар?», - деп қамығып, түс жорушыны жүз күнге абақтыға қаматыпты. Сонан соң екінші түс жорушыны шақырып, оған да өз түсін баяндап, жоруын талап етеді. Ол ханға: «Хан ием, сіз өз жақындарыңызға қарағанда ұзақ жасайды екенсіз», - деп жауап беріпті. Хан оған жүз ділде беріпті.

Түс жорушылардың екеуінің де айтқан әңгімесінің төркіні бірдей. Бірақ алғашқы түс жорушының дискурстық құзыреттілігі екіншісінің дискурстық құзыреттілігіне қарағанда төмен болды. Оның дискурстық әрекеті (берген жауабы) нәтижесіз болды, өз сөзі өзінің басына бәле әкелді. Оның құзыреттілігінің төмендігі қабылдаушының (ханның) дискурстық ойлау деңгейіне әсер ететін жайттарды, атап айтқанда, әлеуметтік статусын, әлеуметтік және дискурстық тәжірибесін, дискурстық құзыреттілігін, дискурстық жанр нормасын (қазақ дискурсында жанға ауыр тиетін сөздерді жұмсартып айту нормасы бар) ескермеуден туындап отыр. Екінші түс жорушының дискурстық құзыреттілігі жақсы деңгейде, себебі дискурстық әрекеті (жорыған сөзі) оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сонда дискурстық құзыреттілік дискурстық әрекетке сай түзілетін дискурстық тәртіппен сабақтасып танылады, оның құзыреттілік деңгейін анықтауда сөз түзуші ғана емес, оның түзген сөзінің қабылдаушы тарапынан қалай түсініліп, оған сай қандай дискурстық әрекет пен тәртіп жасалатынымен анықталады. Дискурстық әрекетке қол жеткізу коммуникативтік құзыреттіліктің толық қалыптасқан жағдайында ғана мүмкін болады. Бұрынғы ата-бабамыздың астарлы сөз сөйлеп, оған астарлы сөзбен жауап бере білуі, әзілі жарасып, әдемі де сыпайы қалжыңдасуы олардың қаймағы бұзылмаған құзыреттіліктерінің жоғары болағанын танытады. Бұлардың сипаты қазақ тіліндегі «жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады», «аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «басқа пәле тілден», «жақсы адам тауып айтады, жаман адам қауып айтады», «тілі майда» т.с.с. тіркестерде сақталған. Заманның қарқынды өзгерісі адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынаста сөзді ұғу, аталы сөзге тоқталу мәселелерінің босансығанын көрсетеді. Бірақ әр адамның кәсіби саласына қажетті құзыреттілігінің жоғары болуын еңбек нарығындағы бәсекелестік талап етіп отыр. Сондықтан әр маманның өзінің дискурстық құзыреттілігін жетілдіру қажеттілігі туындайды, соған сай филологтар үшін дискурстық құзыреттілікті ұштау әдіс-тәсілдерін жасау міндеті туады.

Демек, тілді меңгертуде міндетті түрде тіл үйренушінің жан-жақты қабілетін жетілдіруге бейімдейтін (тілдесу, оқу, сөйлесім, қатысым) құзыреттіліктердің түрлі деңгейі болатыны анықталды. Тілдік құзыреттілік жоғары деңгейде қалыптасса, тұлғаның кәсіби деңгейі де арта түседі.

Тіл үйретуге қатысты әдістемелік әдебиеттерде коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктері – тілдік құзыреттілік пен дискурстық құзыреттіліктің жоғары деңгейін қалыптастырып, дамыту тіл меңгертудің басты мақсаты ретінде көрсетіледі. Тілді қатысым арқылы меңгертуде дискурстық құзыреттілікті қамтамасыз ету – ерекше назар аударылатын мәселе. Дискурстық құзыреттілік дегеніміз диалог барысын нәтижелі жүргізуі, түрлі жағдаяттарда түрлі сөйлеу моделін, формалдарды қолдана білуі болып табылады. Диалогтық дискурстар арқылы инофонның диалогқа кіру, оған белсенді араласу мен оны жүргізе білу, оны дұрыс аяқтай білу сияқты

дағдысы мен машығын дамытып жетілдіріп, сол негізде оның дискурстық құзыреттілігін де қалыптастыруға болады. Дискурстық құзыреттілік – прагматикалық мәнмәтінге жауап беретін сөйлеуді тудыратын және қабылдау қабілеттігін білдіретін оқу үдерісінің маңызды элементі болып табылады. Ол ақпараттық-коммуникативтік, танымдық және рефлексті қызметтің сипатын көрсетеді және сөйлеу қызметінің жетістігіне – коммуникацияға, интеракцияға, өзара қатынасқа әсер етеді. Тіл меңгеру саласындағы дискурстық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесінің бір жағынан мәдениетаралық коммуникация үшін маңыздылығы зор. Дискурстық құзыреттілік дискурста кіретін, оның құрамындағы мәтіндердің әртүрлі болуын қамтамасыз ететін фактор. Мазмұны мен түрі жағынан аяқталған және біртұтас құрылым ретінде мәтін нақты бір тақырыпқа негізделетін және қатысым актісін көрсететін, оның құрамында игерілетін лексикалық-грамматикалық материал болатын және белгілі бір тілде сөйлеушілердің сөйлеу коммуникациясының үлгісі ретінде қарастырылатын сөйлеу бірлігі тұрғысынан алынады. Дәлірек айтсақ, мәтін, ең алдымен, белгілі бір ақпаратты жеткізуші құрал және нақты тілдік материалдың қолданылу үлгісі болып табылады. Ал қазіргі кезеңде бұл функциялар оқытудың коммуникативтік мақсаттарына сай келе бермейді, себебі қатысым актісінде негізгі нәрсе – мәтіннің мазмұны және оның тілдік формасы емес, сөйлеуші-коммуниканттардың коммуникативтік мақсаттарының болуы және олардың орындалуы. Бұл жағдайда мәтін осы (коммуникативтік) мақсатқа жетудің құралы қызметін атқарады, ал құралды мақсаттан бөліп қарастыруға болмайтындығы анық. Коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас компоненттерінің бірі ретіндегі дискурстық құзыреттілікті қалыптастыру, дамытудың өзіне тән жолдары мен шарттары бар екені байқалды. Мәдениетаралық тілдесімді жүзеге асыруда дискурсты ұйымдастыру, жағдаяттарды, проблемаларды анықтап, коммуникативтік мақсатқа жетудің құралдарын белгілеудің, қатысымға байланысты инофондардың әрқайсысының мәртебесі, функциясын көрсетудің, сондай-ақ ресми және бейресми түрдегі диалогтық тілдесім әрекетін ұйымдастырудың жолдары қарастырылды.

Бүгінгі таңда тілдік білім берудегі алдыңғы қатарлы педагогикалық бағыт – бұл мемлекеттік стандарттармен бекітілген жеке тұлғаға бағдарланған көзқарас. Жаһандық мақсат - лингвистикалық тұлғаны және екінші тілдік тұлғаны дамыту (И.И.Халева) [3]. Қайталама лингвистикалық тұлғаның үлгісі деңгейлі ұйымға және I (әлемнің лингвистикалық бейнесін қалыптастыру деңгейі) және II тезаурусқа ие (әлемнің тұжырымдамалық бейнесі қалыптасқан деңгей). Ең күрделі міндет - II тезаурустың қалыптасуы, өйткені бұл деңгейде коммуникатордың басқа мәдени қоғамдастыққа жататын және басқа құндылық жүйесімен басқаратын сұхбаттасушының мотивтерін түсінуге және тануға қабілеті туралы айтылады [4]. Демек, екінші лингвист адам мәдениет диалогына дайындық пен қабілетке ие болуы керек, ал мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында сөйлеу қызметін жүзеге асыру үшін адам өз өмірінің және тілдік тәжірибесінің нәтижесінде дамытылған құзыреттерді қолданады. Құзыреттілік - тілдік коммуникацияны дамыту үшін қажетті білім, дағдылар, қабілеттер және тәжірибе жинағы.

«Жалпы еуропалық шет тілін білудің негіздері» бөлімінде берілген классификацияға сәйкес талқыланатын дискурстық құзіреттілік (немесе құзіретілік дискурсы) өз кезегінде коммуникативтік құзіреттілік бөлігі болып табылатын прагматикалық құзіреттілік компоненті болып табылады [5, 117].

Зерттеушілер ұсынатын дискурстық құзіреттілік анықтамаларын егжей-тегжейлі қарастырайық. Мысалы, Яроцкая келесі анықтаманы береді: «Дискурстық құзіреттілік мәдени-ерекшелік дискурстарын құру мен түсіндіруге арналған стратегияларға ие болуды білдіреді» [6, 65]. Аталған анықтамаға сүйенсек, дискурстық құзіреттілік тілді меңгеру, мәтіндерді құру және түсінуді ғана емес, мәдени факторларды білу мүмкіндігін де туғызады деген сөз. Стаценко А.С. мен Ю.С.Басков тағы бір мынадай анықтама ұсынады: «Дискурстық құзіреттіліктің сөздік мақсаттар мен тапсырмаларға сәйкестігі, [7, 33] басқаша айтқанда, адресат тиімді қарым-қатынас орнатуға, лингвистикалық және тілден тыс құралдарды пайдалана отырып, белгіленген прагматикалық мақсатқа қол жеткізуге тиіс».

Ресейлік және шетелдік зерттеушілер Ресейдің «Тюнинг Ресей» аясында біліктіліктердің ортақ анықтамаларын жасау үшін бірге жұмыс істеген. Бұл жоба Ресейдің және Еуропаның көптеген университет өкілдерінің басын қосқан. Жобаның сарапшыларының негізгі міндеті Болон процесінің принциптеріне сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын дамыту болды. Жұмыс топтарының қатысушылары бірнеше бағыт бойынша білім беру мақсаттарын айқын және қысқа тұжырымдады. Тілдік білім беру бағдарламалары үшін дискурстық құзыреттілік бөлігі болып табылатын бітірушілердің білімі мен дағдылар тізімі жасалды. Дискурстық құзіреттілік үшін келесі тұжырым сай: «тілдік жағдай және контексттің мақсаттарына сәйкес мәтіндерді құруға және өз тілін өзгертуге қабілетті» [8, 134]. Дискурстық құзіреттілік ұғымына байланысты әртүрлі көзқарастарды қарай отыра, мынадай қорытынды жасауға болады, барлық зерттеушілердің бірауыздан жасаған пікіріне сәйкес, дискурстық құзіреттілік мәтінді құруға және түсіндіруге арналған белгілі бір стратегияларды қолдану мүмкіндігін, сонымен қатар зерттелген тілдегі ойларды логикалық түрде тұжырымдау қабілетін білдіреді.

Қазіргі заманғы ақпараттық-мобильдік орталардың (компьютерлік пен желілік технологияларды және дидактикалық құралдарды пайдалануға негізделген ақпараттық-мобильдік технологиялар: форумдар мен чаттар, web-порталдар, электронды конференциялар мен дискуссиялар, интернет сайттары; лазерлі компакт-дисктер, сонымен қоса оларға Интернет арқылы кіру мүмкіндігі; видеоконференциялар; кабельді ТВ, электронды пошта, т.б.) дискурсы өз ерекшелігіне ие, сондықтан дискурстық құзіреттілікті қалыптастыру және дамыту мобильді (виртуалды) байланыспен ұсынылатын жаңа дискурс жанрларымен тығыз байланысты болуы керек.

Қазіргі заманғы технологиялар, оның ішінде мобильді технологиялар, коммуникативтік құзиреттіліктің дамуына өз ықпалын тигізеді. Мобильді оқытуды зерттеушілер барған сайын қосалқы ретінде ғана емес, аналог ретінде қарастырады. Электрондық пошта, блог, форум, мессенджер секілді виртуалды дискурстың қазіргі заманғы құбылыстары студенттердің коммуникативтік дағдыларын дамытуға оң әсерін тигізеді, әр түрлі елдер мен мәдениет өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыруға көмектеседі [9]. Ресейлік зерттеушілер А.В.Пушкин, С.Коровин және Н.Гуров шет тілдерін оқыту үдерісіне блогтардың әсері туралы зерттеу нәтижелерін ұсынды. Зерттеудің нәтижесіне орай, оқытушы мен білім алушының өзара әрекеттесуінің бұл түрі блог ретінде, үлкен жетістік, мысалы, оқу дағдыларын дамытуы. Оқытушы білім алушыларға қызықты бола білетін және тілді меңгеру деңгейлеріне сай келетін негізгі мақсаттарына байланысты мәтіндер мен тапсырмаларды таңдап алады. Студенттер кез-келген уақытта қажетті материалдарға қол жеткізе алады, олардың сөздік қоры артып, олар қажет коммуникативтік дағдыларды дамытады. Блог - қашықтықтан және дәстүрлі оқыту үшін әмбебап құрал [10].

Шет тілін меңгерудегі дискурстық құзиреттілік, ең алдымен, алдыңғы кезеңдерде басты мақсаттардың бірі деп санаймыз. Белсенді оқыту және мобильді оқытуды біртіндеп интеграциялау арқылы студенттер өздерін кез келген жерде және кез келген уақытта дамыту мүмкіндігіне ие. Дискурстық құзиреттілік - зерттеудің маңызды нысаны бола алады, себебі шет тілдерін оқыту саласында қазіргі заманғы білім берудегі тіл үйренудің барлық сатыларында студенттер арасында осы құзиреттілікті қалыптастыру және дамыту маңызды орынға шығуы тиіс.

#### **Әдебиеттер**

1. Сафонова В.В. Культуроведение в системе современного языкового образования иностранных языки в школе. – 1990. – №6.
2. Седов К.Ф. Онтотсихоллингвистика. – Москва: Лабиринт, 2008. 138-144 -бб.
3. Халеева И.И. Вторичная языковая личность как реципиент инофонного текста// Язык-система. Язык-текст. Язык-способность. – М.:1995. - стр.277-286.
4. Гальскова Н. Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика/ Н.Д.Гальскова, Н.И.Гез. – 3-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – стр.65-72.
5. Общеевропейские компетенция владения иностранным языком: Изучение, обучение, оценка. – М.: ООО «Типография Сарма», 2005. – стр. 248.
6. Яроцкая Л.В. Иностранный язык и становление профессиональной личности: монография, 2016. – стр.65.
7. Стаценко А.С., Басков Ю.С. Лингвокультурная компетенция: приемы формирования на занятиях по иностранному языку в неязыковом вузе: Монография. – М.:Прометей, 2015.- стр. 33.
8. Тюнинг Россия. На пути сопоставимости программ высшего образования: Информационный обзор под ред. Дюкарев И., Караваева Е., Демчук А., Бенейтоне П., Гонсалес Х., Вагенар Р. – 2014.- стр.134.
9. Погосян В.А. Дискурсивная компетенция: Вестник Герценовского университета, 2011. – стр.76-77.
10. Korovina S, Pushkina A, Gurova N. Online Blogs in Process of Development of Students Reading Skills // ERD 2016.The European Proceedings of Social & Behavioural Sciences EpsSBS. Volume XVIII.- published by the Future Academy, 2016-298-305p.

## **ЗАИМСТВОВАНИЯ РУССКИХ СЛОВ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ КАК ОДИН ИЗ ФАКТОРОВ ИНТЕГРИРОВАННОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ПЛОДОТВОРНЫХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ НАЦИЙ**

**Темиррашева Шара Женисовна  
старший преподаватель**

**Военный институт Сил Воздушной Обороны  
имени дважды Героя Советского Союза Т.Я. Бегельдинова  
г. Актобе, Казахстан**

**Андатпа.** Мақалада орыс тілінде ресейлік тілде сөйлейтіндермен тікелей байланыс тұрғысында қарыз алу мәселелері қарастырылады. Ағылшын тілінде тілдік қарыз алу үрдісіндегі негізгі тарихи жолдар көрсетіледі. Тарихи оқиғаларды дамыту барысында тілдік базаны дамытудың өзектілігі анықталды. Ағылшын тілі, кез келген басқа тілден артық, шетелдік сөйлеушілермен тікелей байланыста тұру үшін шетел сөздерін қабылдауға мүмкіндік алды.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы заимствования в английском языке русской лексики в условиях непосредственного контакта с иноязычными носителями. Отражаются основные исторические пути в процессе языковых заимствований в английском языке. Определяется актуальность развития языковой базы в ходе развития исторических событий. Английский язык больше чем какой-либо другой язык имел возможность заимствовать иностранные слова в условиях прямого непосредственного контакта с иноязычными носителями.

**Annotation.** The article deals with the issues of borrowing Russian in the Russian language in the context of direct contact with foreign speakers. The main historical paths in the process of language borrowing in the English language are reflected. The urgency of the development of the language base in the course of the development of historical events is determined. English, more than any other language, had the opportunity to borrow foreign words in terms of direct contact with foreign speakers.

**Кілт сөздер:** қарыз алу, көптілділік, лексикографиялық құрамы, лексика, этимология, шет тілдерінің спикерлері

**Ключевые слова:** заимствование, полиязычие, лексикографический состав, словарь, этимология, иноязычные носители.

**Key words:** borrowing, multilingual, lexicographic composition, dictionary, etymology, foreign language speakers.

Сходства и различия в лексикографическом составе английского и русского языков давно интересовали лингвистов и немало концепций было выдвинуто о взаимной интерференции языковой базы в английском языке равно как и в русском. Замечено, большинство русских слов в английском языке звучат как заимствованные. Какие же первые шаги были во заимствовании русских слов?

Некоторые слова, как например, *мамонт* и *соболь*, можно легко предположить, что были они связаны с более близкими и одинаковыми языковыми понятиями и звучанием. Другие изначально были специфичны только для русской культуры, но могут применяться к аналогичным западным концепциям, таким как ссылка в отношении, например, какого-нибудь американского политика, вынужденно уезжающего из Вашингтона, в округ – допустим Колумбия, на его дачу. Список известных русских слов в их первоначальных значениях, а затем и соответствующих к ним аннотации, если таковые имеются, довольно часто встречаются в англо-русских словарях зарубежных издательств. Эти слова используются также в случае делового обращения, например, к элитной когорте, или к мелкому бюрократу. Изучение истоков слова в научных кругах пользовалось значительной популярностью и в прошлом, и рассуждения об этимологии, были традиционными компонентами словарной статьи, они часто обсуждались довольно горячо, хотя «любители, которые еще в 1900 году, заполнили страницы популярных журналов своими предположениями о происхождении слов, понятия не имели, что они должны были использовать в свое время некоторые слова только для чтения, а не для написания слов или ежедневного употребления. В современных публикациях словари этимологии, похоже, менее привлекательны. В соответствии с опросами, проведенные известным лингвистом Дубровиным М.И., замечено, что обычно в большей мере ищут информацию о значении слов, их правописании, произношении и использовании, чем его этимологию. В ответ на потенциальные потребности пользователей, общие одноязычные словари включают только краткую этимологию, но обширные ссылки были ограничены почти исключительно историческими словарями, исходя из предположения, что будет актуально для современной истории английского языка [2, с. 4 -5].

В процессе заимствования двух языков - английского и русского, английский язык больше чем какой-либо другой язык имел возможность заимствовать иностранные слова в условиях прямого непосредственного контакта с иноязычными носителями: сначала в средние века от сменявших друг друга на Британских островах иноземных захватчиков, а позже в условиях торговой экспансии и колонизаторской активности самих англичан. В области словарного состава английский язык претерпел на протяжении более чем тысячелетней своей истории весьма значительные изменения.

История заимствования русских слов в английском языке, однако, представляют большой интерес для металексикографов или лексикографических исследователей, которые изучают различные аспекты словарей и процесс создания словаря. Этимологические ссылки любого слова, заимствованного из русского языка, безусловно, являются важными: это показатель иностранного элемента в английском лексиконе. Именно русские заимствования, записанные в словарях английского языка, и фокусируют внимание на сходствах и различиях в их лексикографическом описании. Поскольку термин «заимствование» относится к различным типам лексических заимствований, нужно упомянуть и семантические заимствования и важно подчеркнуть, что в этой статье рассматриваются только заимствованные слова общепотребительного значения. Говоря о заимствованиях, следует упомянуть, что если отслеживать происхождение русских слов в английском языке, то можно видеть четкие вехи основных событий истории русского языка в английском языке. Любой, кто интересуется истоками английских слов, знает, что они происходят из множества разных языков, включая такие известные, как латинский, французский, испанский, немецкий, итальянский или японский и некоторых менее известных языков, такие как суахили, косоа или кечуа.

Иноязычные лексические единицы присутствуют практически в каждой сфере жизни, и большинство из них были относительно хорошо описаны в специализированной литературе. Интересно, что русские слова не имели популярности и большого внимания. Изученных архивных этимологических документов по русизмам мало, и они, как правило, часто концентрируются на одном аспекте процесса заимствования. Тем не менее, интерес изучения заимствования русских слов в английском языке, присутствует, изучаются заимствования из русского языка и упоминаются в истории английского языка, но утверждается, и часто подчеркивается, что слова эти употребляются редко и незначительно. Эти русскоязычные слова используются в некоторых случаях довольно широко, как в печатных источниках, так и в лексикографических изданиях. Основные исследовательские работы, проведенные в ходе анализа номеров журналов и газет местных изданий, (1598-1600) показали определенное количество русских лексических заимствований, чьи первые экземпляры сохраняются, начиная на период с 1550-2000 годов. Присутствуют слова исключения, происхождение которых представляет определенную проблему для исследования этимологии слова [3, с. 110-116].

Следует отметить, что в 17 столетии число русскоязычных людей несколько снизилось, по-видимому, из-за прерывистого отношения между британскими и российскими судами (в первую очередь казни Карла I, что привело к снижению английского влияния на Россию). Но в XVIII веке в английском языке появилось больше новых русских слов, главным образом во время правления Петра Великого, когда особенно интенсивно стали укрепляться контакты России с Западом. Количество русских слов значительно увеличилось также в XIX веке, что можно объяснить огромным и разнообразными интересами к России и ко всему русскому. Жесткая политическая ситуация (Крымская война, восстание декабристов, еврейские погромы), рост нигилизма и коммунистической идеологии, научные открытия, а также развитие русской литературы должны рассматриваться как способствующие факторы к возрождению интереса, а значит и ускоренному



заимствованию русских слов и идиом в английском языке [4, с. 20-21]. Большинство кредитов было переведено на английский язык в 20 веке, и было выявлено, что распределение заимствований русских слов в английском языке 20-го века довольно равномерно, за исключением резкого роста в 1920-х годах, но это и понятно - революция, как уникальный социальный фактор и ее последствия) и 1960-е годы (запуск первого спутника и разработка космонавтики). Характерно, что к концу века интерес к русским словам уменьшается. 1980-е годы привели к двум ключевым словам десятилетия, которые вошли в историю это - перестройка и гласность, с тех пор никаких других заимствований не было, так более широко употребительны, кроме вышеназванных, которые все также остаются отчетливо узнаваемыми.

На этом этапе необходимо подчеркнуть, что многие из заимствований являются в настоящий момент архаизмами, их статус в современном английском не имеет значения, поскольку мы рассматриваем вопрос на предмет с точки зрения лексикографической практики. Наш исследовательский материал базируется на содержании англо-русского словаря Мюллера (1995 год) [5, с. 1 -116]. Слова русского происхождения трактуются как:

1. Прямые заимствования и косвенные заимствования, т. е. либо генетический источник, либо один из основных исторических источников с русского языка, независимо от генетического источника (Например, *armiak* [Russ. армейский, татарского происхождения]. Кафтан, сотканный из верблюжьих волос татарами. Простой кафтан или верхняя одежда, сделанная из армий или аналогичного материала, которую носили крестьяне);

2. (Например. *kvass* [= F. *vas* = G. *kevass*, <Russ. *kvass*, напиток, так называемый.]. Обычный квас сделан из настойки из ржаной муки или теста или другой муки или хлеба с дрожжами);

3. Слова, описывающие европейскую и азиатскую реалии, но не этимологизированные (Например, *sastrugi* - термин, употребляемый в Сибири для флютингов работает параллельно направлению воздушных потоков, а теперь иногда используется на английском языке);

4. Слова неопределенного происхождения, т.е. скрытые, неизвестные или этимологизированные неопределенным образом (например, *arba*, - арба, тележка, колесная машина. Телега, и одновременно убежище от солнечных лучей, управляемое волами или коровами, используется на северо-западе и Центральной Азии, Индии, Турции и России). На волне различных общественно-политических движений возникли новые термины, которые очень быстро оказались в английском языке: *Decembrist* (декабрист), *narodnik* (народник),  *nihilism* (нигилизм) и даже *intelligentsia* (интеллигенция). Отражая довольно специфические явления, молниеносно сменявшие друг друга реалии, эти слова исчезали так же быстро, как и появлялись. Сегодня встретить их можно разве что на страницах исторической или художественной литературы.

В заключение хочется отметить, что, безусловно, вклад русского языка в английский словарный запас не так уж и мал, по сравнению с другими европейскими языками, но даже и этот небольшой список очень хорошо отражает самобытность русского народа, его традиции и особенности жизни.

#### Литературы

1. Алексеев М.П. Английский язык в России и русский язык в Англии. М.: 1974., вып.9. 72-75 с.
2. Дубровин М.И. Иллюстрационный сборник идиом на пяти языках. М.: РОСМЭН, 2012. 20-21 с.
3. Патохин А.И. Англо-русский, русско-английский словарь исключений, заимствований и «трудных» слов английского языка. М.: Карева, 2003. 110-116 с.
4. Дубровин М.И. Иллюстрационный сборник идиом на пяти языках. М.: РОСМЭН, 2012. 20-21 с.
5. Мюллер В.К. Англо-Русский словарь. М.: Русский язык, 1995. 1-116 с.

## ҮЙ-ЖАЙҒА, ОТБАСЫНА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Темиралина Гүлжайнар Қанатқызы  
Ағылшын пәні мұғалімі  
№ 61 жалпы білім беретін орта мектеп  
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі үй және отбасына байланысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық негізі салыстырмалы түрде қарастырылады. Салыстырмалы зерттеу барысында гендерге байланысты мақал-мәтелдер аудармасымен бірге мағыналары екі тілде көрсетіледі. Үй және отбасына қатысты туыс емес қос тіл мақалдары сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрып, дүниетанымына сай сөздермен жеткізіліп тұр.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются сравнительно пословицы на тему семьи и дом английского и казахского языков. Во время сравнительного исследования пословицы на тему семьи и дом даны с переводом и выявляются их значения. Пословицы на тему семьи и дом неродных языков связаны в основном с бытовой жизнью, сознанием, традициями, мировоззрением.

**Annotation.** This article discusses comparatively the proverbs of house and family of English and Kazakh. While investigating comparatively the proverbs of house and family are given with translation and contents. The proverbs of house and family of two languages are especially connected with everyday life, conscience, traditions, world view.

**Тірек сөздері.** Мақал-мәтел, халық, зерттеу деректері, ежелгі ағылшын, әдет-ғұрып.

**Ключевые слова.** Пословицы и поговорки, народ, источники, старый английский, традиция.

**Key words.** Proverbs and sayings, people, investigations, Ancient English, traditions.

Қай халық болмасын, адамзат үшін үйдің алатын орны ерекше. Зерттеу барысында осы тақырып аясына жататын ММ-дердің екі тілде де көптеп кездесетіндігі байқалды. Мысалы, ағылшындар “*My house is my castle*” (с.с.а.: Өз үйім – қорғаным) десе, қазақ халқы “*Өз үйім – өлең төсегім*”, “*Ата үйім – алтын бесік, Кірсем-шықсам синалар*” деп, оған бейнелі түрде ерекше сипат береді.

Зерттеу деректері аталмыш ағылшын мақалының ауыз екі тіл мен әдеби шығармаларында ғана емес, баспасөз беттері мен заң туралы құжаттарда да жиі қолданылатындығын көрсетті. Мысалы: “An English man’s home is not only his castle. It is usually his single biggest investment and a benchmark for his personal worth and significance in life” (West Sussex Gazette, 3 December 1992). Қазақша мағынасы: “Ағылшынның үйі – оның қорғаны ғана емес. Бұл оның бір ең үлкен инвестициясы және жеке басының байлығы мен өмірдегі орнының белгісі”.

“An English man’s home is his castle. How safe is yours?” Қазақшасы: “Ағылшынның үйі – оның қорғаны. Сіздікі қаншалықты мықты?” (Leaflet for premium Security, 1992) т.б.

Ағылшын мақал-мәтелдерін арнайы жинақтап зерттеуші Рэй бұл мақалды ағылшындардың жер туралы заңымен байланысты қалыптасқан болуы керек деген болжамды ұсынады. Англияның жер туралы заңы бірнеше ғасырдан бері ағылшындардың өз үйіне деген құқығын қатаң қорғаумен келеді. Ағылшын заңгерлері ешкімге, тіпті корольдің өзіне бұл заңды бұзуға жол бермеген. Осындай заңгерлердің бірі Эдуард Коук: “The house of everyone is to him as his castle and fortress, as well for his defense against injury and violence as for his repose (Өркімнің өз үйі оның жамандық пен зорлықтан қорғаны қорғаны және қамалы),” дейді. Сондай-ақ, ғылыми зерттеулерге сүйенсек, бұл мақалдың Шекспир заманынан бұрынырақ қолданыста болған. Ғалым Арчер Тэйлор 1965 жылы аталмыш бейнелі тіркестің дамуын Томас Фуллэрден бастап (1642) Джек Кероуак (1957) заманына дейінгі даму үрдісін зерттей келе, Т. Фуллэрдің “Sermons” атты еңбегінде бұл тілдік бірлікті заңмен байланысты контексте, ал Джек Кероуактың “On the Road” еңбегінде үйге байланысты қолданғанын көрсеткен. Бұл жоғарыдағы Рэйдің пікірінің дұрыстығын дәлелдей түседі. Яғни “*My house is my castle*” (с.с.а.: Өз үйім – қорғаным) мақалы бастапқыда заңға байланысты шыққанмен, уақыт өте келе үйге байланысты қолданылатын болған.

Мақалдың құрамы мен құрылымы да ғасырлар желісімен бірге өзгеріске түскендігі байқалады, яғни тілдік орамның *A man’s house* бөлігі *An English man’s house* болып өзгерген. Зерттеуші Пит мақалдың соңғы үлгіде қолданылуын 1763 жылдармен байланыстырғанымен, оның жазбаша нұсқасы тек Джеймс (James) пен Хорас Смиттің (Horace Smith) 1813 жылы жазылған “Horace in London” (Хорас Лондонда) еңбегіндегі “An English man’s house was his castle till now, but castles are now and then taken” [1, 130] деген жолдардан кездестіреміз.

